

А 2007
449к

МУХТАР
ӘҮЕЗОВ

МУХТАР
ӘУЕЗОВ

ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАР
АЛТЫ
ТОМДЫҚ



ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ
ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ

Алматы — 1956

МУХТАР
ӘУЕЗОВ

ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАР
БЕСІНШІ
ТОМ



ӘНГІМЕЛЕР
МЕН
ПЬЕСАЛАР

КАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ
ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ

Алматы — 1958

ӨНДІМЕЛЕР

ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ КҮНІ

С. қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасатын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар. Даланың көңілсіз ұзақ жолында қажып келе жатқан керуенге Арқалық алыстан көрініп дәмелендіріп тұрады. Жолдың аузында созылып жатқан көлденеңі он шақырымдай, бірақ ұзыны тәуір болғанмен еңсіз кереге сықылды жалғыз жал. Не бауыр, не сыртында ықтыратын жер жоқ. Арқалық жадағай жалғыз болған соң, қыс күнінде жел терісінен соқса да, оңынан соқса да панасы болмайды. Қыстың басынан екі жағын қар алып, жұмыртқадай қылып тегістеп тастайды.

Сондықтан өзге жер ашық болып тұрғанда Арқалықтың бауыры көбінесе бораннан босамайтын. Алыстан қарағанда да Арқалық бұдыры жоқ жалаңаш. Көруге аса көңілсіз.

Жыл сайын қыс басынап қарлы болып, малға панасы жоқ болғандықтан бауырын жайлаған ел малын өлтіріп, өзге ел аман отырғанда шолақ жұттың құрығынан құтылмайтын. Сондықтан бауырынан мекен қылған ел көбінесе кедей болатын. Бұл жерді мекен қылған ел ерте күннен аталарының қонысы болғандықтан және басқа ірге аударарлық жайлы жер жоқтықтан, «құдайына жылап» отыра беретін. Бұлардың жалғыз-ақ медеу қылатыны — Арқалықтың егіндігі еді. Бауыр сыртының шымы тұтас көделі жер болғандықтан, үй басының салған бірлі-жарымды жер егіні тәуір болып шығып, ұзақ қысқа қорек қылатыны сол болушы еді.

Арқалықтың бұл айтылған жайлары оңтүстік жақты

жайлаған Уақпен көршілес 3-4 болыс елге белгілі болатын. Бұған себеп: Арқалықтың, сырт елдердің қалаға қатынасын қара жолының үстінде болғандығы. Өткен-кеткен керуен ұзақ жолда не көлігі талып шалдығып, не өзі шаршап қажып келе жатқанда қадаулы қоналқалық, не түстіктік жері Арқалық болады.

Арқалықтың жол асатын кезеңі — Күшікпай кезеңі деп аталады. Күшікпай Арқалықты қыстайтын бес-алты ауылдың атасы. Өзі батыр болған адам дейді. Дәл қара жолдың аузында, Арқалықтың бір кішілеу биігінің басында тастан үйген оба секілді жалғыз мола бар. Сол мола Күшікпай батырдыкі. Кезең де сол себепті Күшікпай атымен аталған.

Күшікпайдың кім екендігін, басынан қандай дәурен кешкендігін әрі-бері өтіп жүрген керуеннің көбі білуші еді. Оларға білдіретін заманның шежіресі, дәурені өтіп, кедейлік басқан көңілсіз салқын өмірге түскен кәрілер болатын. Бұдан соңғы білдірушілердің көбі өткен-кеткен керуенге көп сөйлесіп дағдыланған ауыл иесі болған соң, алдынан ешкім шықпай, жаман әдеттеніп, өтірікшілеу болған адамдар болатын. Бұлардың көбі әңгіме айтудан бұрын азырақ шарт керек қылушы еді. Алдымен күндізгі мазасыз суық пен қар басқан көңілсіз, елсіз даладан құтылған болу керек. Өнбейтін азын-аулақ малдың сонынан жүріп, әрі іш пыстырып, әрі қыйнаған бейнеттен серпіліп, күн бата үйіне келуіне керек. Екінші, көлігіне, өзіне азық сұрап шығын шығаратын жат керуен жоқ болу керек. Сол кезде үйінде бірлі-жарым көңілі сүйетін, сыйлайтын қонағы болуы тиіс. Ақсақал мал қоралап болып жайланып, шайын ішіп, қазан аспаның аузында кейде жылтылдап, кейде лапылдап жанып жатқан отты көріп, бұрқылдап қайнап жатқан еттің исі мұрнына келіп отырғанда серпіліп әңгіме бастайтын.

Жолдан қажып келіп, тынығып жантайып жатқан салбыранқы, күнгірт пішінді жолаушылар бастарын көтерсе де жарым-жартылап қалғый отырып әңгіме тыңдаушы еді.

Міне осындай көңілді жайдың бірінде, өткен күндердің көп әңгімесін еске түсіріп отырып әңгімелі ақсақал, сөз арасында Күшікпайдың тарихын сөйлеуші еді.

«Күшікпай батыр» жыйырма бір жасында дүние салған екен.

Ерте күннен жортуылға аттанып көп батырларының

арасында, бұғанасы қатпағандығына қарамай талай қыйын қыйнау тапқыштық ақыл, қажымайтын қайрат, ерлік көрсеткен. Осындай өнерінің арқасында ерте күннен батыр атын алған екен. Соңғы жылдарда көздеген мақсат қолбасшылық болып, аяғында оған да жетіп, егескен елінен кегін алып, егер қылып жүргенде шешек шығыпты. Шешек ауыр болып төсекте қозғала алмай көп уақыт жатып қалған. Сол кезде Күшікпай ауырып жатыр дегенді естіп, талайдап өшін ала алмай жүрген Уақтың бір батыры жауының жанын ауыртпақ болып белдеуде байлаулы тұрған қызылбесті деген атын тал түсте тартып алып кетіпті. Пәленше атынды алып кетті деген ағайынның жетімсіген сөзін естігенде жаны шыдамай, ауруымен алысып, жылқыдан ат алғызып, жалапаш етіне бір шекпенді кие салып, жауының артынан қуып кетіпті. Батырды мұқаттым деп үйіне келіп жаңа жайланып жауы отырғанда, Күшікпай атын ойнақтатып, найзасын түйілтіп, өрт сөндіргендей болып зәрін шашып жетіп келген. Сол бетімен ауылдағы самсаған сар қолға соғысамын, қан төгемін деп әлек салған. Бірақ жыйылған елдің ішіндегі басты адамдар Уақтың баласы бірін-бірі өлтіріп арандаспасын деп шапаң айыбымен Күшікпайдың атын қайырыпты.

Батыр еліне қайта қайтқанда ауруы мендей бастап, атқа әрең жүріп, осы күні бейіті тұрған биіктің басына келгенде мұршасы құрып, найзасын тіреп аттан түсіпті. Сонан соң басын оңға қаратуға ғана шамасы келіп жан-тәслім қылған. Артынан ағайын-туғаны жылап барса, шешегінің ауыздарын шекпен қажап, қотырының суы шекпеннің сыртына шып-шып шығып кеткен екен дейді. Батырдың көп мұратына жете алмай, жас күнінде қуаты қайнап, долданып өлгендігінен мольсы тұрған биіктің бауырынан боран, ызғар айықпайтын болған екен деп бағанағы көрі әңгімесін тоқтатушы еді.

Бұл әңгімені айтушы адамдар, Күшікпайдың кім екенін танытқанда, өзінің сол батырдың ұрпағы екендігін көңіліне бірталай қанағат қылып, бойы көтеріліп, көңілі күңгірт өмірдің уайымынан бірталай сергіп қалушы еді...

Финуар айының аяқ кезі. Күн батуға тақап қалған мезгіл. Күнбатыс, батуға айналған күннің қызғылт сәулесімен нұрланып қызыл торғынның түсіндей боялып тұр. Күнге жақын тұрған ұзынша жұқалаң бұлттардың түсі қалың өртке қызған темірдей қып-қызыл. Төбеге жақын тұрған алысырақ бұлттардың бір-бір жағы ғана жұқа-

лаң қызылға боялған, асыл нұрдың буын ғана жалатқандай. Қызғылт сәулесін дүниеге жайып тұрған күн шарасымен тұтас көрініп тұр. Аспан ашық. Берірек тұрған азғана ала шұбар бұлттар кең жиһанның жүзіне перде болған жоқ. Күні бойы тыныш болған жел Күшікпайдың баурында ғана ызғырықтап, жаңада жауған көбік қарды жаяу борасындағып тұр. Күннің қызыл сәулесі даланы да, тауды да өз өңіне кіргізген. Күнбатыс жақтан бораған ұсақ қар да күн астынан қызғылттанып көрінеді!

Жоғарыда айтылған, Күшікпайдан асатын қара жолдың үстінде Арқалықты бетіне алып, қала жақтан бір пар атты келе жатыр. Жайлақ сары шапаға биіктеп салған жеңіл жүгі бар, жақсы киінген екі жігіт. Шәреу еті бар, екі қоңыр ат қажығандығын білдірмей, көшір божы қаққан сайын ығыса жөнеліп, сар желіп келе жатыр.

Жолаушының бірінің торғын тысты жаңа тымағы бар. Қалың киімнің сыртынан киген сұр түсті шекпен, жағасы қара барқыт. Байпағының қонышын барқытпен көмкерген жаңа қара етігі бар. Алғашқы көрген жерден-ақ мынау мырза екен дегізгендей.

Бұл жігіттің жасы отыз шамасында. Орта бойлы, дөңгелек денелі, қысқалау мұрынды, шокша сақалды, сұрғылт беті дөңгелек жалпақтау. Суық қарайтын қыйсық біткен кішілеу өткір көзінде және түксиген қабағында өзгеше қаталдық бар. Кішкене мұрны көз-қабағына үйлеспейді. Бұл адамның күлгендегі пішіні құмарлыққа көп салынғандығын білдіріп тұрады.

Бұл жігіт Ж. ның болысы Ақан мырза. Қалаға қазынаньң алымын салуға барып жұмыстарын түгел бітіріп, үйіне қайтып келе жатқан беті. Қасындағы Қалтай ерте күннен жанынан тастамайтын жолдасы. Ақан болыс болғаннан бері қарай атшабар қылып, бұрынғысынан да қатал ұстайтын. Қалтай аса пысық, сөзге ұста, қалжыңқой, әсіресе Ақанның түндегі жүрісіне өте ыңғайлы, әрі жылпос, әрі тілді ер жігіт еді.

Ақан күні бойы жолда көп сөйлемей бір нәрсені қаладып ойлағандай болып отырды. Бірақ, түпсіз терең ойдың түйінін шеше алмай отырған кісінің пішініне түскенмен, Ақанның ойы қай жерде жүретіні белгілі еді. Ол көбінесе осындай қадалып ойлағанда, қыялында бір сұлу әйелдің суретін тауып алып, соған пәлендей деп сөйлесіп, әзіллесем, сондай қылып құшақтасам, сүйсем деп соны ермек қылушы еді. Қалтай мырзасының не ойлайтынын біл-

се де, ерте күннен жалтаң болып өскендіктен ашуланып кала ма деп, қорғалақтап, жанын ауыртатын сөздерді мұндай күйде айтпайтын. Сондықтан Ақан үндемегенде, о да үндемей отырады.

Жолаушылар күні бойы тоңбай келсе де, кешке жақын күн суытыңқырап, Күшікпай бауырының ызғырығы қаттайған соң, тоңазый бастады.

Божы ұстап отырған Қалтай бетін укалап, кішкене қозғалып Ақанға қарап: — батыр-ау, мына Күшікпай мені өлтірген шешек осы Ж. қаласы дей ме? Немене бір емес, екі емес ызғырықтайды та тұрады,—деп күлді. Ақан да түсі жадыранқырап келіп аз сергісіп қалды. Біраз уақыт өткен соң тағы да үндемей күші бойғы әдетпен тұнжыраса бастады.

Осылай алыс жолдан жалығып, тоңып, ығы кетіп қырындап келе жатқан жолаушыларға Күшікпай кезеңінің түбінде бір жіңішке қара сызық секілденіп Қанайдың жалғыз қорасы көрінілі. Ұзақ жол қажытқан жолаушылар осы болымсыз кішкене сызыққа қарап қоналқаға келетін үйінің әртүрлі көңілсіз жайларын есіне түсірді. Бұрынғыдан да тұнжырады. Көңілсіздік молайды.

Қанайдың қорасы керуен қасына келгенге шейін жан иесінің мәкені екендігін білдірмейді. Иесіз ашырап ұмытылып қалған бірдеме секілді. Қорадан жарты шақырымдай жерде басы қара қожалақ болған кішкене төбешіктің үстінде томпайып жатқан бір үлкен кісінің, бір баланың бейіті бар. Жолаушылар өтіп бара жатып әлгі бейіттерге қарап, ауыздары күбірлеп, тоңған қолдарын көтеріп, беттерін сыйпап бата қылды. Күшікпайдың басынан сырғыған боран жаңада шыққан бейітті қармен көміп, қараушының көзінен тез жасырудың қарекетін істеп жатыр. Иесінің дүниеге келгенін сездіретін ақырғы белгісі, томпайған бейіт аз уақытта жоғалмақ, із бітпек. Таудан аса соққан жел, бейіт тұрған төбешіктің басында әсіресе қатты ызғырықтанады; бейіттің тау жағынан топырағын ұшырып, екінші жағына жалданған қармен басып жатыр. Аз уақытта бейітті түгелімен қар көмгендей кейде себелеп, сырғып өтіп жатқан ұсақ қар.

Өзінің мейрімсіз, ырзасыз, бірақ еркін бір куә екендігін білдіріп тұр. Бейіттен жарты шақырымдай жерде тұрған ескі кішкене қора да бейіт секілді мүләйім пішінденген, тозығы әбден жетіп ескіргенін төбесі де сездіреді. Қыры кетіп жұмырланған бұрыш-бұрышында үйіліп қал-

ған қорда топырақ, қораның онсыз да аласа бойын жермен жер қылып тұр. Жан-жағына үйілген қар, басынан бір күрелмегендіктен қораның үстіне шығып біржолата басып алған. Аз күнде қораны көзден жоғалтуға айналған.

Бұл күйден аمانырақ болған есіктің ғана алды. Кішкене тар күресіні бар. Қыстау айналасының әлгіндей пішінінің үстіне теріскей жақ бұрышындағы бір қораның төбесі ортасына түсіп, таудан аса соққан боран әлгі тесіктің үстінде ақ түтекпеніп, біресе түтін секілденіп ұйтқып, біресе қыпыршықтанған ұсақ қарын ішке себездеп төгіп, қораның ішін толтыруға тырысып жатыр. Тау жақтағы пішен қораның ішінде бір-екі шошақтай ғана тапталған аз пішен бар. Бұнда сауырсын жотасының бәрі қар болған бір арық қызыл торпақ және екі-үш жамап тоқты тұр.

Қораның сыртынан білініп тұрған осы секілді көңілсіз күйін көрген адам «бишара, мынау қандай сорлының қорасы» екен деп, еріксіз айтқандай. Мұны ойлаған адам үйге кіріп қораны мекен қылған адамдарды көргенде әлгі ойының шындығына көзі жетуші еді.

Күндізгі біз көрген жолаушылар күн батып, қой қоралаған мезгілде осы қораның алдына келіп тоқтады. Шанадан түсіп, үстерінің қарын сілкіп болған Ақан мырза қораның сыйқын көріп көңілсізденіп:

— Қалтай, осы үйге қайдан әкелдің? Кісі отырарлық жері де бар деймісің, басқа үйлердің біріне бармай...— деді.

Қалтай атты доғарып жатып:

— Үндеме, неге әкелгенімді кейін білерсің,— деді.

Құлағына жайлы хабар тиген соң, Ақан үйге кіруге асыға бастады. Аты доғарылды. Енді қонақтар қараңғы қораның ішіне кіріп, қабырғаны сыйпалап жүріп, есікті тауып алып үйге кірді.

Үй ауызүй, төрүй ретінде салған екі бөлмелі екен. Бірақ ауыздағы бөлме затында үйге арналып салынса да, қазіргі калпында үйліктен шығып, әрі шошала, әрі қораның міндетін атқарып тұр. Үйліктің белгісі терезенің жалғыз ойнегін жапсырып қойған тесіктен және жылтылдап от шығып жатқан бір бұрыштағы кішкене қазанаспадан ғана білінеді. Іші қараңғы. Бұрыш-бұрышында аяздаған қар, қабырғасы қара балшықпен сыланған, кір. Төбесіне жапқан сырғауыл қарайған, түгел ыстанған, қап-қара. Терезе жақтағы бір бұрышында жаңа туған бір қо-

зы және арқасына киіз танып қойған бір арық қызыл торпақ тұр. Төр үйдің іші бұдан гөрі аз көңілдірек. Көп тұрғандықтан май болып, кірлеп, қарайып кеткен кішкене тар тесіктен кіргенде оң жақ бұрышта ешбір сәнсіз, ретсіз үйіле салған үлкен пеш бар. Одан жоғары бояуы көшіңкіреген ағаш төсек. Үстінде іждиһатты қолмен жыйылған сұрғылт түсті көнеғоздау екі-үш көрпе, жастық. Есікке қарсы төрде, кішкене жұқаяқтың үстінде екі ескі сандық, үйдің қалған жерінде бөтен ешнәрсе жоқ. Төр дегені екі-үш кез ғана жерге жайылған ескі құрым киіз. Бұл үйдің қабырғасы көп жылдардан бері сыланбағандықтан әр жерінен қара балшығы шығып, кір болып қожалақтанып тұр. Пештің өнебойы не күйе немесе қожалақ болып кей жерлерінің кәрнезі сынған, о да тозығы жеткендігін білдіреді. Оңтүстікке қараған, бір-екі көзі жамаулы кішкене терезеге тау желі гуілдеп соғып, әржеріндегі тесігінен тыстағы суық, бу болып кіріп тұр. Көздерінің бәрін қырау басқан, аппақ. Пештің қырында тұрған кішкентай жалаңбас лампаның жалпылдап жанған болымсыз жарығы үй ішінің қараңғылығын зорға жеңіп, азғана елпілдеп күңгірт-қызғылт сәулесін түсіреді.

Бұл үйдің барлық жаны үш-ақ әйел. Пештің жанында біріне-бірі тығылып бүрісіп отыр. Әйелдердің біреуі сексеннен асқан, кәрілігі әбден жеткен кемпір, екіншісі қырықтың шамасындағы әйел, үшіншісі он үш жастағы қыз. Кемпірдің жасы қартайып, қуаты азайғандығы шын болса да, бетінде ерекше бір қайрат білінеді; еркек пішіндес кесек. Үлкен, жалпақ маңдайлы, қошқар тұмсықтау келген үлкен мұрынды. Тақырлау сұйық қабақтың астынан көрінген кішкене өткір көздері қажыған салқын жанармен жалтылдайды. Маңдайы мен екі ұртына түскен қатпары, қалың терең ажымдары өмірінің талай қайғы, талай бейнетіне куә. Бұл кемпір осы үйдің қазіргі қожасы. Ана әйелдің біреуі келіні, біреуі сол келіннен туған немере қызы. Келіннің пішінінде не жақсылығына, не жаманшылығына айғақ болған орасан белгі жоқ, орта пішінді, орташа жаратылған адам тәрізді... Бірақ бұның пішінінде де өзгеден бөтен бір жаттық бар. Қадағалап қараған кісіге ол көрінетін. Тұңғыйық кара көздері бір қараған жерден аумамай ылғый жансыздықпен қарап тұрғанына көзі түскен адам бишараның кім екенін айырушы еді. Ол жана арада екі көзінен айрылған су қараңғы еді. Бұл екі әйелге ермек, жұбаныш болып отырған жас қыз.

Ол сыпайы нәзік болып өскен Ғазиза, жіңішке, сұнғақ бойлы, азғана секпілі бар, дөңгелек ақ-сұр жүзді. Ғазиза көрген көзге алғашқы жерден-ақ сүйкімділігін сездіретін уыз жас. Жалғыз-ақ ұяң, жұмсақ қарайтын қара көзінде және ылғый шытыңған, кірбеңдеген қабағында қалың уайымның салған ізі бар. Пішіні мұңды, жүдеу. Жас басына орнаған қайғы, жүрегін жеген дерт сыртына шығып тұр.

Бұл баланың қайғы, уайымы не? Уайымы осы үйдегі үш әйелге ортақ болған жесірлік, жетімдік. Бұлардың басынан тағдырдың дауылы жаңада ғана соғып өткен. Қораның алдындағы жас бейіттер, сол дауылдың салдарынан туған. Бұл әйелдердің қуаныш қызығы да, үміт қорғаны да сол суық қабырға өліктермен бірге көмілген. Ол қабырда жатқан Ғазизаның әкесі Жақып және жаны туысқан жалғыз кішкене бауыры Мұқаш. Осы бүгінгі кештен бір ай бұрын әкесі мен бауыры қабат жығылып сүзек болды. Ғазизаның ағам өлсе күнім не болады деп, күндіз-түні бірдей, тыным алмай құдайға құпия сыбырлап, оңаша жерлерде тыста жүріп өксіп-өксіп жылағаны, кемпір әжесінің мойнына бұршағын салып ата-бабасының аруағына жалбарынғаны себеп болмай екеуі де өлген.

Иесіз қорада қуатсыз, қорғансыз үш әйел құлазып зарлап қалғанда, маңайынан жыйылған көрші-қоланшы ғазиздерінің сүйегін суық қабырға бергенін ойлағанда, әрқашан Ғазизаның жүрегі шаншып, өңі қашып, көзінен ыстық жасы тамшылап кетуші еді.

Бұл бала жасынан ағасының жалғыздығын, ағайындарының достығы жоқ қаттылығын ойлап, сыртына шығарып ешкімге айтпаса да, сол әкесіне жаны ашып тілеуін тілеумен өскен. Ол көңілді болған уақытта бұл да көңілденіп, қуанып отырушы еді. Жасынан сезімді бала ұғымымен әкесінің жалғыздығын, шаруасының нашарлығын ұғып, соған қолынан келгенше көмек қылғысы келіп тұратынын сезген соң, үй іші де түгелімен Ғазизаны әлпештеуші еді. Бұрын әкесі тартатын ауыр қалдың бәрі бұл күнде Ғазизаның өз басына түскен. Еркек істейтін шаруаның бәрін өзі істейтін болып, әлі келгенше үйінің барлық шаруасын ұстап тұрған өзі. Соңғы аз уақыттан бері бұл қызметінің үстіне тағы үй ішіндегі бар жұмыс масыл болып мойнына мінді. Бұрын тыстағы шаруасына да көмегі тиіп, үйдегі барлық шаруаны жайлап отырған шешесі жыйырма күннен бері көзінен айрылып, соқыр болды. Жакыптың тірі кезінде көзі анда-санда ауырып

қалып «шөп түсті», «көзауру болдым», «желге асқынып кетті» деп жүре беруші еді. Жақып өліп көп жылаған соң, сол көзі аз күнде су қараңғы болды. Үй ішінің қайғысы бұрынғысынан да асты, жетім-жесірге ес болып отырған кемпір, басынан қара тұман айықпай үсті-үстіне қайғы жауып қабат қаза көрген соң құдайға, тағдырға нанған көңілмен бір уақыт шын жалбарынып, назаланып: «құдай-ау, не күнә сұмдығымнан осындай қазаға душар қылдың? Не жазығым бар еді,» — деп мөңіреу дүниеге сұрақ қоюшы еді. Ауыр өксікпен күрсініп, кеудесін жарған уайымның жалынына ешкімнен жауап қайтпайтынын білсе де, анда-саңда дауыстап айтып отырушы еді.

Ғазиза да екі шешесімен қосылып, жүректерін жеген қайғыларын сыртына шығарып, сөйлескенде бұрынғы өткен күндерін сағынушы еді. Кемпір оны да еске түсіріп: «Ол күн де бір дәурен екен ғой, Жақып тірі тұрғанда кімнен кем, кімнен қор едім! — деп аһ ұрып алып: ендігіні айтсаңшы, тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетіп отырған,» — деп үнсіз жылайтын.

Күндегі әдет пен белгілі уайымның соңында бишара әйелдер отырғанда ауыз үйдің есігі ашылды. Үшеуі бірдей «бұл кім» десіп есікке қарағанда бұлар отырған үйдің де есігі ашылып, үйге түлкі тымақ, жақсы киімдер киінген екі қонақ кіріп келді.

Ғазизаның соқыр шешесі Ғазизаны түртіп, қонақтың кім екенін сұрады. Ғазиза қонақтар келген жердегі таңданған пішінмен ақырын: «Білмеймін, танымаймын!» деді. Қонақтар киімдерінің қалған қарын қағып, төрге шығып отырған соң, асжаулық әкелгізді. Ақан құран оқыды. Артынан Ақан да, Қалтай да үй ішіне амандасып кемпірге қарап: — Құдай ісі, сыпайшылық, ақырының қайырын берсін! — деп жайлап көңіл айтты.

Үй іші қонақтар алғашқы келгенде таңданғандары болса да, артынан пішіндерін, қалыптарын көрген соң, жетімдік халдеріне мүмкін болған дәрежеде көңілденіңкіреп, жадырап, шамаларынша серги бастады. Еркектері өлгеннен бері, қалған әйелдердің уайымынан босаған шағы осы бөтен кісілер келгенде ғана болатын. Одан басқа уақытта үшеуі үйде оңаша отырғанда жетімдік, жалғыздық та, қорғансыздық, сорлылық та көздеріне айқын көрініп, көңілдерін мұң мен зардан айықтырмаушы еді. Сол ретпен қазіргі қонақтар келгенде де қабақтары жадыраған себептері осы еді.

Қонақтар шай ішіп жайланып болды. Кемпір ауыл ақсақалы басты еркектерше қонақтармен әрнәрсе жайынан жақсы сөйлесіп отырды. Кемпірдің байсалды сөзімен қонақтарын құрметтегісі келіп отырғанын, ықласын және қайратты жүзін байқаған соң, Ақан да әрнәрсенің жайынан сөйлесуге жалықпайтын сыяктанып отырды. Басында қала жайынан, ел жайынан қысқа-қысқа хабарлар айтып отырған Қалтай еді. Шай артынан екі қонақ көбінесе кемпір сөзіне құлақ салып отырды. Кемпір қонағы бір елдің болысы болған соң, оның үстіне сөзінің салмағы бар жуан ауылдың баласы болған соң, екінші әрлі-берлі өткенде бірде болмаса бірде сөзім, ісім түсер деп өзінің баласы өлгеннен бергі жайын білдіріп қояды ойлады.

Осы ойымен өзінің жай-күйін айта бастады. Кемпірдің әңгімесі шешен ұғымды тілмен ұзақ айтылды. Даусын біресе тиісті жерде қатайтып, өнін ажарландырып, біресе ақырындап келіп аяғын сыбырлап жеке-жеке айтып, ұғымды қылып, барынша көңіл іждиһатпен айтты. Әңгімесіндегі сөзінің көбі өлер алдындағы қоштасып отырып айтқан сөзге немесе үлкен маркабат күткен кісінің жаны қысылған уақыттағы үміт, тілек қылып айтқан сөзге ұқсады. Ақанға қарап қабағындағы кірбеңі жадырап сөз бастады:

— Қарағым, біздің хал-жайымыздың шет жағасын көріп, біліп отырсың ғой,— деп тағдырдың барлық суығына, азабына шыдаған, шыныққан қайратты, сабырлы пішінмен күрсініп алды.— Біз жетім-жесір қалған панасыз бишарамыз. Барлық дүниенің тауқыметін арқалап қалған жас балам анау. Мен болсам сарнаған тілімнен басқа түгім қалмаған, қайратым қайтқан, бір аяғым көрде, бір аяғым жерде тұрған қуарған бір кемпірмін. Екі көзін алып құдайым мүгедек қылып қойған келінім анау. Өзіне күтүші керек қылып отырған ол бір сорлы.

Әрі өтіп, бері өтіп жүргенде сондайлық бишаралар еді-ау деп, есіне ала жүрсін деп айтып қояйын деп отырмын. Күндердің күні болып жадап-жүдеп, біреуден зорлық, біреуден қорлық көріп отырған үстіне келсең көзіңнің қырын саларсың. Жайымды айтып қояйын, ең болмаса жылы сөзінді айтарсың. Бөтен елдің жұмысына не сөз айтам демессің. Сендердің сөздерінді тастай алатын Уақтың баласы жоқ қой. Бұл арада отырған елде адам секілді адам бар ма? Ұрғашы секілді жыбырлаған ұсақ. Қорыққанына ғана жауап беріп, қорықса ғана айтқаның-

ды істейтін сұмдар емес пе? Міне менің Жақыбым өлгеніне екі ай болды. Біреуі туысқан болып, бишара, жайың қалай, шаруаң не күйде деп есіктеп қарады ма екен. Қайта үйімізге келсе шетінен тысырайып, жуалымсып келеді. Ылғый жетім-жесір деп қызығып апталап бір нәрсемізді аузына түсіріп алғысы кеп тұрады. Ұялмағырлар ұялмастан бізді жегісі келіп тұрады. Мен сорлы, балам өлгеннен бері солардан көрген зорлығымды айтайып деп отырмын.

Жақып өлді. Одан бір жұма кейін жығылғанның үстіне жұдырық деп Мұқашым өлді. Күндіз-түні жылауда болып есеңгіреп отырғанымызда енді бұл үйдің еркектері кетті, ылғи ұрғашы үй болып отыра алмайды. Дүниесін бөліп аламыз, қатындарды әрқайсымыз қолды-қолымызға аламыз, деп балаларымның бет топырағы жасырылмай жатып суық сөз жүргізді ғой; баламның тірі күнінде ағайын ішінде жақын көріп бауырына тартып, қолына түскен азын-аулағының жартысын жырып беріп жүрген жар дегенде жалғыз сенген Смағұл не қылды. Жақып өлгенде бата оқушыларға мен қойымды сойғамын деп Мұқашым қысылып жатқанда, даладан ет таусылса сойып аламыз ба деп жүрген жалғыз ту қойымды әкетті ғой. Мына келінім қайнағаның бұл не қылғаны деп жылап кісі салса, шаруаға ие болатын кісіміп қоқақтамасын, одан да Жақыпты жоқтауын қойсын, малға ие болам деп жүр ме өзі! — деп айтады дейді.

Менің балам тірі болғанда соның тіршілігінен аужал алып телміріп отырушы еді. Балақтағы биттің басқа шыққанын көрмеймісің. Бұлар үшін қарағым не көрмеді дей келіп, қабағын көтеріп күрсініп алып, сол тірі болса маңына келе алар ма еді? Бәрінің де боғын жуып, жақсысын асырып, жаманын жасырып адам секілді қылып, осы ауылды адам қатарына қосқан сол емес пе еді. Жоқтығына қарамай үйін базар, түзін той қылып думан қылып отырудан босаушы ма еді. Момындығы биязы, сыпайылығы қандай еді, топырағың торқа болғыр, қарағым.

Мына жамандардың ішінде оның тырнағына татыйтыны бар ма? Жақыбым осы жолы ауырғанда солардың кеселінен ауырған жоқ па? Менің қайнымның мылжың Дүйсен деген баласы бар ғой. Қатынша жыбырлағаннан басқа істейтін адам сыяқты бір мінезі, бір ісі жоқ. Жаннан асқан дүние қоныз. Үйіне бір қонақ қонса соған асқан бір жілікке жаны шығып тыжырынып отырады. Үйіне қонақ қонған күні қатынына тыныштық жоқ. Етті көп

асасың, мені құртасың деп. Соның үйіне қыс басында Шұбар адырдың көп ұрыларының біреуі келеді. Мылжың «тамағым жоқ, жатқызатын жерім жоқ» деп түн ішінде, боранда қуып жіберген. Ежелден Уақты кісі ғұрлым көрмейтін, екі сөздің бірінде «шауып алам, айып алам», деп тұратын, құдай мерейін үстем қылып жаратқан елдің баласы шыдасын ба? Өлмесең ома қап деп далаға тентіретіп жіберген соң, сол түнде келіп қорасын талқан қылып жарып, 4-5 семіз қойын, малына мініп отырған екі атын алып кеткен. Соған өзі іздеп баруға қорқып, барсам тағы атымды алып қояды деп, Жақыпқа келді ғой. Сенімен ол елдің басты кісілері таныс, сөзінді тастамайды. Менің малымды көрінеу қоя беріп отырамысың, деп асылып отырып алды. Жер-жебіріне жетіп ұрсып: құдай сүйер қылығың жоқ. Қазан бұзар үй тентексің. Кісі ығысатын айбының жоқ, неменесіне жуансыйсың? Бір күн болмаса бір күн керек ағайыннан жалғыз жәлігіңді аяйсың. Жуан болсаң, мықты болсаң осы Арқалықтың түбінде өткен-кеткен біреумен ырылдасып неменеге отырсың. Дүниенің астын-үстіне аударып, сенің болысыңнан оның ұрысы жуан болып отырған Тобықтыға сенің жол үстінде тұрған жаман лашығың жүк болып па? Өтпес жарлық, бойға қорлық екенін әлі күнге неге білмейсің? — деп жерден алып, жерге салды. Аяғында мойнына су құйылып: «өзіңнен басқа сенерім жоқ» деген соң әлгі иттің малын іздеп кеткені ғой. Табандаған жыйырма күн жүріп табанынан таусылып бармаған кісі қоймай, аяғында бар малын алып келді. Ұрысы жуан ауыл екен. Басында елдің кісілерінің сөзіне көнбей Дүйсен мылжынның ызасы жеткен деп қасарып болмапты. Сонан соң елдің басшы адамдары мұнымен құда бол, әйтпесе малың тимейді деген соң мылжынның бір 9-10-дағы қызын ұры ауылдың соқтадай бір азаматына бермек болып, сөз байлап малын алып қайтыпты. Сол ұрымен осы күнде бал жаласқан құда болып отыр. Жақып сол жолда суық өтіп, өңі қашып қу шүберектей болып келді. Артынан немене екі-үш күн өткен соң қатты жығылып, төсек тартып жатып қалды. Аяғы мінекей мынау болды. Жә, сол мылжын осы күнде не істеп отыр де.

Менің балам қолының қысқалығына қарамай анаған да, мынаған да араласып, ертенді-кеш қарап отырмай сауда қылатын еді ғой. Біреуден аткөпір қылып алып, біреуге аткөпір қылып беріп жүретін. Кімге не беріп жү-

ретінің білеміз бе? Қарағым, кейде сыр қылып, не істеп жүрсін деп саудасының жайын сұрағанда күліп: апа, соны не қыласыз, мен тірі болсам аштан өліп, көштен қалам деймісіз, деп жүре беруші еді. Бүгін басыма күн туған соң, біліп отырмын ғой. Әйтпесе ішкен-жегеннен басқаны біліп пе едік. Жалғыз-ақ өлетінінен бір күн бұрын қолына қағаз, қарындаш алып, есеп-қыйсабын жазды. Қағазының есеп-қыйсабын көрсеткенімде жұрттың айтуынша бересісіне қарай аласысы да бар екен. Балам дүние салып жүре берді. Қалғанын есептеп отырып қақ жартысын өзінің жабдығы мен бересісіне жараттым. Осы күнде қолымызда қалғаны он шақты тұяқ, 2-3 қана ірі қара бар. Елдегі аласысын бұл күнде іздеп алар бізде дәрмен жоқ.

Сонда жұртқа беретін бересісін есепке алып төлегенде өз елімнің Мәрден деген пұшығына бермек үш қараның сомасындай борышы бар екен. Әлгі құрғыр ойымыздан шығып кетіпті. Он шақты күн болды, сол келіп малын сұрап жүр. Біздің қолымызда қалып отырған азын-аулақ малы анау. Одан берейік десек шұбырып кеткелі біз отырмыз. Қарағымның мойнына қарыз ғып өзі жыйнаған азын-аулағын өзінің сауабынан аяйын деп отырғаным жоқ. Жалғыз-ақ дүниесі құрғырдың тарлығы жалтаң көз қылып өлтіріп барады. Елден баламның аласысын жыйып алғанша деп сөйлесем, жай-жапсарымды айтсам пұшық тоқтайтұғын. Бірақ соны маған сөйлеттірмей, әлгі Дүйсен деген мылжың бар, тағы толып жүрген Бөріала секілді туыскандарымыз бәрі бас қосыпты. Сөйлескен сөзі мынау: Мәрден Тобықтының жуан ауылының кісісі, ол ақысын сіңіртпейді. Және ол Жақыптың үйінің жай-күйін біліп отыр. Оларды жылатып ешнәрсе алмайды, түбінде осының пәлесі бізге түседі. Басы аман, малы түгел Жақыптың отына күйетін жақыны деп бізді ұстайды. Біз бұдан басымызды амандап құтылмасақ болмайды дейді. Соған жасап отырған айласы не деші. Қарағым, айтуға ауыз бармайтын сұмдық. Тышқанның өлгені, мысықтың ойнағаны деп, ендігісі қалған көзімнің қарашығы жалғыз Ғазизамды жылатпақ, быйыл мұның қатыны өлген, Ғазизаны соған берейік деп айтады дейді. Кеселдердің осы сөзін естігенде, мына отырған балам зарлап қоя берді.— Осы сөзді айтқанда кемпір маңайындағы жауыздықтың бәрін айқын көріп, өздерінің сол жауыздықтың қолында бір ойыншық болып отырғанын көріп, ызамен көзінің жасы сорғалап ағып кетті.

Ақан мен Қалтай бұл әңгіме айтылып отырғанда жайланып, шынтақтап жантайып жатып, анда-санда көздерін Ғазизаға жіберіп қойып қадағалап қарап отырды. Кемпірдің сөзін жалықпай тыңдап отырса да Ғазизаға қарай қалған пішіндерінде: көңілдегі бір аландық пен іштеріне жасырынған жат ойдың белгісі көрініп тұр. Ғазиза анда-санда ауыз үйге шығып отты қаластырып және басқа әртүрлі ұсақ шаруаларды қағыстырып келіп отырды. Қонақтар алғашқы келгендегі кейіс Ғазизаның қабағынан әлі жадыраған жоқ. Жалғыз-ақ айрықша сыпайылығы және үндемей жүріп биязылықпен істеген істері, ішіндегі сырын сыртына шығармай жасырыңқырап отырды.

Кемпір қызарған көзін сүртіп, әңгімесін қайта қозғады. Ендігі даусы ашулы қатаң келді: — Кешегі баламнан қалған жалғыз көзім бұл жылаған соң, бізде не тағат тұрады. Мұны жылатқан соң қуарған қу өмірдің не бағасы бар. Сол сөзді айтқызып отырған сұмдарды қарғадым, ұрыстым. Одан басқа біздің қолымызда не тұр? Жыластық, аяғында сонымен қойдық. Міне екі-үш күн болды сол пұшық әлі күнге кеткен жоқ дейді. Енді әлгі мылжынның қатыны жеңге болып жүрсе керек. Менің қарағым келіп айтады дейді: «Шешелеріне жаның ашыса Мәрденге барғаның жөн емес пе? Сен жігіт болып осы үйіңнің жұмысын басқарып отыра аламысың, онан да өзің біреуге сүйенген болсаң, сен сүйенгенге шешелерің де сүйенеді ғой»,— деп айтады дейді. Сөзінің қыршанқысын қарасаңшы. Мен сонда баламды бір пұшыққа бермек пе екем. Қатынының, мылжынның өзінің де ойы менің балам көнсе пұшыққа жетектетіп қоя бермек болса керек. Қасиет болар ма оларда, кәпірістан болмаса ойласайшы. Менің үйім осы ауылдың үлкен үйі. Бүгін сол қара шаңырағының құруға айналып отырғаны мынау. Құрымағанда кім қалды. Бұл үйдің жайын ойласа тұмсығы тасқа тиетіндей болған жоқ па! Ендігі қалған біз, қалқыйып: баламның ізін жоғалтпаймын. Орын сақтап, құранын үзбейміз десек, соны ұқпайды. Ұқса да өзінің құлқыны үшін осы айтқанынды істетпеймін деп анталап қолымыздағы азын-аулаққа көзі тұнып, соны бөліп алуға асығады. Әлгі менің баламды ана пұшыққа беріп жібермек болып жүргендегі ойы не деші. Қарағым, бүгінгі дүниеге ие болып, қалқыйып осы азын-аулақ шаруаны ұстап отырған Ғазиза ғой. Осыны бірдеме қылып, көзден таса қылсам, мына кемпір мен ана көзінен айрылып отырған қатын ша-

руаны ұстай алмайды, мұнан соң бар малымен, дүниесімен өз қолыма тиеді ғой дейді.

Менің баламның жылағаны оларға не керек, Жақыптың аруағы ырза болмай күңіренгені не керек, қу құлқынын ырза қылса болады. Мінекей «қас жаманы қасындағысын қарақтайды» деген осы. Көрер көзге моп-момын, мүп-мүләйім боп жүрсе де ол мылжынның іші осындай Кеудесі толған, борсып жатқан бықсыма арамдық. Артынан есіттік-ау, қарағым, тағы: «баласы баруға ырза болса болады» деп айтады дейді. «Ол ырза болса, қатындарға сөз салмай баланы миңгестіріп қашырып жібереміз» деп. Мінекей, қарағым, осы айтылып отырған дұшпанның дұшпандығын ойлағанда онсыз қаңғырып отырған басымыз дал болады. Дүниенің барлық таршылығын ойлағанда ойымыз онға, санымыз санға бөлінеді. Осылардың осы қорлығын ойлағанда осы жерде де өле қалғым келеді.

Кемпірдің көзінен тағы да жас моншақтап домалап алдына түседі.

— Құдайдың менің өз басымнан, менің ұрпағымнан аяған қазасы бар ма. Жасымда шешем өліп, өгей шешенің қолында қалып жетімдіктің зарын өзім тартып едім. Сонан өмірім жылаудан, күйіктен арылған емес. Енді қартайып төрімнен көрім жуық болғанда құдайдан ертеңді-кеш тілейтінім — Жақыбымның жаманатын естіртпе, осының алдында ал деп тілеуші едім. Ол тілегім де істелмеді, — деп көзінен бетіне аққан жасын жеңімен сүртіп, мұрнын сіңбіріп, — тілеуі құрыған сорлы мен, бұл күйік, бұл дертті көргенше шірісем едім, — деп сөзін тоқтатты.

Кемпір барлық мұң мен шерін айтып отырғанда бір қалып, бір пішінмен тыңдап отырған Ақан әңгіме біткен соң басын көтеріп алып, кемпірді жұбатпақ үшін аз сөз айтты. Сөзін шала естірлік қылып ақырын айтқан соң ұғымсыз бірдеме болды. Сезімді адамның жүрегін жаныштырып тіксіндіретін, жұртты мінезінен жирендіретін, түңілтетін көрнеу жауыздықтар, ауыр халдер Ақанға көп әсер бере қойған жоқ. Жалғыз-ақ сол әңгіменің ішінде болып қорлық көруші, ыза шегуші, қайраты, қуаты жоқ сорлы кемпірдің өзі айтқандығы азғана жүрегінің тыныштық, сезімсіз қалпын бұрғандай болып отырды. Бірақ күндегі өмірінде бұл секілді талай жауыздықтарды көріп, өзі де сондайлардың ішінде болып жүргендіктен мына естіп отырған сөзінің бәрі кеңіліне тағы, таңқаларлық тамашасы жоқ. Оқып кеткен сабағы

секілді болды. Кемпір бәрін айтып жылап, қызы мен келіні ішінен тынып қайғы жұтып отырған күйін ойлағанда азырақ сілкінгендей болып «осыған жанашырлық-ақ-ау!» деп жүрегін зорлықпен жұмсатайын десе де, аздан соң сезімсіз салқын қалпына қайта барып отырды. Бұл адамның іші жақсы сезімге жат болып кеткен бір күңгірт дүние, жалған. Өз басына келген болмаса, бөтен кісінің басына келген ауыртпалық пәле болып көрінбейді. Оның тартқан қасіреті көңіліне қонбайды, сезіміне сіңбейді, тіпті ұғылмайды. Себебі: бұл сағатта кемпірдің жүзіндегі қалың уайым, жүрегінде қандай толқын барлығын көрсетіп тұр. Әңгімесін аузымен тоқтатса да көңілінде соның аяғын тағы да созып түкпірлеп ойлап, қайғының қабат-қабат шыңына ақылмен кіріп отыр. Бұл уақытта ойлап отырғаны өтіп кеткен күн емес, алдында келе жатқан күннің жайы. Кемпір келешекте көзі керетін ауыртпалықтың, қайғының бәрін де көз алдына анықтап келтіріп, ішінен осының бәрін көретінім рас, осындай азап, қасірет тартатыным шын деп бас иіп отыр. Бірақ адамның жүрегін пішінінен таныйтын кісі болса кемпірдің жүзіндегі халді көргенде, еріксіз бұл адамды көңілімен құрметтегендей еді. Дауылдың қара бұлтындай болып әдейі басына арналып келе жатқан қайғы-қасіретті көріп соның алдынан айласыз, әлсіз күйде өзінің отырғанын біліп тұрса да, кемпірдің жүзінде үлкен сабыр бар. Күйін-пісіп жасығандықтан белгі жоқ. Сыбаған ажар, қажымаған қайрат, кең салқын ерлік бар.

Ақан Ғазизаға алғашқы кезде көп қарауынан әлі күнге талған жоқ. Кемпірдің көзі өзінен ауғанда оның көзі тек Ғазизада болып отырды. Көңіліне орнаған ойын қараған сайын мағналандырып Ғазизаға білдірмек те, бірақ көңілі бұзылып жаманшылықтың бетін көрмеген Ғазиза ол қарасты ұғуға шорқақ болды. Ол өз пішінімен ешнәрсенің пішінін берген жоқ. Ақан көп қарағанда ол қымсынып, қысылыңқырап, биязылығын сақтауды ғана ойлады, біраздан соң ас пісті. Кемпірдің сыйламақ боп салғызған тәтті, дәмді, тәуір еті қонақтардың алдына келді.

Бірталай уақыт өтті. Қонақтар тамағын ішіп жайланып, біраз отырған соң жатуға ыңғайланып тысқа шығуға айналды.

Кемпір қонақтарды әуелдегі көрген, құрметтеген көңілмен Ғазизаға: **қарағым, қонақтардың атына шөп кө-**

рек кой. Өзің шам алып, бірге шығып шөп алатын жерін көрсетіп бер,— деді. Ғазиза бұрын ойына ешнәрсе келмесе де Ақанның көп қарағандығынан сол арада сескеніп, біраз үндемей тұрды, аяғында шықпасына болмайтын болған соң шешесінің сөзіне зорға көніп, қонақтардың артынан бұ да шықты.

Ақан Ғазизаның үйінде отырғандағы ажарынан үміттенерлік ешнәрсе көрмеген соң тысқа шыққанда Қалтайға сыбырлап, жасырын бірталай сөз айтты. Қалтай басын изеп, сөзін мақұлдады. Ғазиза бұл оқыйғаны көрген жоқ. Артынан біраздан соң Ақан қораның ішіндегі бір есіктің аузында қалып, Қалтай мен Ғазиза шам ұстап, пішен қораның ішіне кірді. Пішен қораның бұл жері қораның ішінен қатынасатын, жанала желініп жүрген кішкене үңгір еді. Барлық кеңдігі бір-ақ кісі сыйғандай, төбесі аласа бір қуыс. Ғазиза шам ұстап ауызда тұрды. Қалтай пішен қораның ішіне кіре салысымен шөпке қарамай, үлкен жұмысы ол емес, басқа нәрсе екенін сездіріп, өңі өзгеріп өтірік күліп, қуланып, әдепсіз мінезге түсіп, ойындағы дайындап алған сөздерін сөйлей бастады. Ғазизаның алдында сескенген ойы, Қалтайдың не айтпағын сезіп, қатты ашуланып, бір жағынан намыстанғандай болып сөзінің аяғын бітіртпестен:

— Сенің ойыңдағы сұмдығыңды білмей тұрмын ба? Аулақ жүр. Мен сенің мазақ қылатын кісің емеспін,— деп лампаны жерге қойып жөнеле берді. Қалтай күтпеген сөзді естігенде басындағы күліп тұрған пішінін жыя алмай, оның үстіне аңырайып ап-таң болып, ойына ешнәрсе келмей біраз тұрып қалды. Ғазиза сол бетімен жүгіріп, екінші қораның есігінен шыға бергенде есік алдында екеуінің де сөзін естіп тұрған Ақан ұстай алды. Ғазизаның әуелде үрейі ұшып кетіп, есін жыйып алғанша Ақан көтеріп қораның қуысына алып келді. Қалтай шамлы өшіріп жіберіп қораның ішіне қарай кетіп қалды. Дүниені қараңғылық басты.

Ғазизаның үрейі ұшып, жүрегі тулап, есі шыққандай болып, сезімнің бәрі жоғалып, жалғыз-ақ құтылсам-ау дегенді ойлап қайта-қайта қатты жұлқынып ұмтылды. Сезімі жоқ қатты ұстаған мықты қол рақым ойлап жібермеді. Еріксіз өз еркіне көндірді. Жалғыз-ақ қараңғы қуыста жалынған, жалбарынған, біресе есі кетіп, жүрегі жаншылып үзіп-үзіп жылаған дыбыстар келеді. Сезімі жоқ жауыз қара күштің қылған күнәсі, зұлымдығына

қатты жер, суық балшық, өзендей қап-қараңғы дүние куә болды.

Қалтай алғашқы бетімен тоқтай алмай қақпаны ашып тысқа шықты. Жел күндізгісінен қатайған, күн алай-түлей қатты борап тұр. Қалтай күресінге таман шығып еді, гүілдеп, екпіндеп соққан қатты жел дедектегі, бетіне ұсақ қар себелеп ығып кетірген соң қайтадан қораға кірді. Алдынан еңтігіп, беті дуылдап қызарып, жаңа болған құмарлықтан бұзылған түрмен Ақан шыға келді. Екеуі де сөйлескен жоқ. Бірақ көңілдегі істерін айтыспай-ақ ұғысты.

Ғазиза зорлықтан босағанда есі ауыцқырап көңіліне дүние дүниелігін жоғалтқандай, өзінен алыстап бара жатқандай болып көрінді. Бұл сезім бұл уақытқа шейін көңіліне келмеген аса жат бір суық сезім. Биіктен тайғанап құлап келе жатқандағы сезімдей біртүрлі шолақ, ұғымсыз. Не қыларын білмей өксіп-өксіп жылап отырып қалды. Бірталай отырып, ештеп есі кіре бастағандай болды. Бірақ, есі кірген сайын ойына келген нәрсе өзгеше суық түрде. Әуелі әжесі өлгеннен бергі басына түскен ауыр хал түгелімен көз алдынан тез елестеп өтті. Ақырында соқыр болып мүгедектеңіп отырған шешесі, қартайып қайратынан айрылып кемқор болып отырған кемпір әжесі есіне түсті. Басында бір ойына келген нәрсе — шешелеріне барлық көрген қорлығын айтып, жылап зартап жату еді. Артынан әлгілердің әлсіздігін ойлағанда іші құсаға толып, жас жүрегі жаншылып бұл күнге шейін көрмеген азабын тартты. Жас күнінен бір үйдің түгелімен еркелетіп алақанына салған баласы. Еш уақытта қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқытқан емес. Жүрегінде ар, ұят та, жігер, намыс та бірге өскен. Кедейшілігінен, қорғансыздығынан басқа міні жоқ салмақты, таза, тәрбиелі бала. Бұл күнде сот не көріп отыр.

Әжесі өлгеннен бергі, ә құдай, біреудің зорлығын, қорлығын көрсетпе, деп тілеген ұыз тілегі қайда кетті? Бұрынғы бейнет, бишаралық былай тұрсын, мынау көрген мазақ па, не? Осынша қорлау, рәсуәлау не? Әуелден бергі қазаны көруіне осы қаршалай жас баланың не жазығы болып еді? Бүгінгі өмір бойында құлағы естімеген зорлық, зұлымдықты көруге не жазық қылып еді? Қандай арамдық, не бұзық күлкі болып еді? Ешбіріне жауап жоқ. Бірақ қайда жүрсе де артынан көлеңкесіндей қалмай жүрген бір сорлылық, бір жылау.

Осы айтылған сөздің бәріп Ғазиза мұндайлық толық қылып ойламаса да әрқайсысын көңіл мен жүрек аралап өтті. Осыны ойлаған сайын жүрегін ыза керней бастады. Көңілдегі күшті намыс сілкініп ойнағандай болды: барша басынан кешірген жетімдікке, бейнетке, жалғыздыққа, қорлық, мазаққа түгелімен қарсылық ойлады. Өмірінде сыртына шықпаған ашу, ыза, намыс барлық еркін билеп дуылдап басына бір-ақ шықты.

Қорлық, мазақ көрген Ғазизаның көзінен дүниенің барлық қызығы кетті. Жастығына лайық болған үміт-қыялдың бәрі де ойын басқан қараңғылыққа батты, көңіліндегі өмір сүрем деген оттың ақырғы жалыны сөпді.

Ғазизаның көңлін бұл қыял кернеген сайып үйге кіру керексіз бола бастады. Көңілінде қалған таусыншақ сезімнің ойлатқаны: енді үйге кіріп қайтемін, үйде мен көретін не қызық қалды. Бишара болған шешелерім ақырғы қайғымды көрмей-ақ, білмей-ақ қойсын. Қайғылы бір сыр көрге бірге алып кетсін дегендей болып тысқа шықты. Күн әуелгі қалпынша ақ түтек боп борап тұр. Біресе өкіріп, біресе гүілдеп, құтырынып, ұйтқып соққан катты жел Ғазизаға «жүр, жүр» дегендей болып дедететіп алып жүріп кетті. Ғазиза кетіп бара жатып ойланып артына қарап, бишаралықтың кебінін киген кішкене ескі қорасын көрді. Ұйтқып аспанға ұшқан ұсақ қар жүрген сайын көзінен ол қораны жасырып барады. Үстінен үскіріп соққан катты жел қарды айналасына төгіп, оны да көмбекші. Бишаралық, есіздіктің таңбасы басылған ескі лашықтың ішінде Ғазизаның балалығы, еркелігі және қайғысы, қасіреті қалды. О да бірге көмілмек. Барлық жүрегіне жылы жақындары, нәзік қылып өсірген ұясы қалды. Ғазиза енді суық, қатал табиғаттың еркінде, өмірдің ақырғы қалған жанары қай жерде, қай уақытта сөнері белгісіз. Суық жел жұқа киімнің ішіне кіріп, кеулеп ығын кетіріп жауратып, ықтыра бастады. Ғазизаның көңілінде қалған ойдың ең ақырғы бұйрығы әкесі мен бауырының бейітіне барып, екеуінің арасында отырып зарлау. Дүниеде жетім болып жалғыз қалғандағы басынан кешірген қасіретін шығару, азабын, дертін айту. Ғазиза бейітті бетіне алып «а, құдай, ендігі бар тілегім осы, ағамның басына жеткіз» деп жүріп кетті.

Біз Ғазизаны шығарып салып үйдегі әңгімеге келейік. Ақан әуелгі бетінде тысқа шығып өзгелерден бұрын үйге кіріп жатып қалды. Бірақ тыста болған әңгіменің

немен тынарын білмей, біресе күдіктеніп қорқып, біресе азын-аулақ өкінгендей болып тынышсызданып қорғалақтап жатты. Ғазиза келетін уақыт болды. Бірақ көп уақыт өтсе де келген жоқ. Аздан соң кемпір де, келін де «Ғазиза қайда жүр» деп таңқалыңқырап жатты, аяғында тысқа шығуға айналды. Сол уақытта атты суарып келіп, шөбін салып жайлап болған Қалтай да үйге кірді. Үйдегілер түгелімен «Ғазиза қайда?» деп сұрап қоя берді. Қалтай саспаған, сезігі жоқ пішінмен: бағана кетіп еді ғой, келмеді ме?— деді. Кемпір де, келіні де тынышсыздана бастады. Қалтай бұл жұмыстан өз бастарын арашалап қоймақ болып, әуелдегі айта бастаған сөзінің жөнін баптап ұқтырып, бұл бір пәленің боларын білгендей алдын ала дайындап алған сөздерін сенімді қылып айтып шықты: «Мен шөп сұраған соң құдықтың қайда екенін білмей соны сұрадым. Балаңыз көрсетейін деп қорадан бірталай жер ертіп шықты. Күн қатты боран болып суық болған соң, тоңып қалар дедім де құдықтың бетін біліп алып үйге қайтарып жіберіп едім. Әлде сонда қораны таба алмай адасып кетті ме!»— деп аналардан бұрын сезіктенгендей, тынышсызданғандай пішінге мінді.

Кемпір мен соқыр катын шошып: «Қарағым-ай!» — десіп,— үсіп кетер ме екен. Құдай-ай, тағы неге ұшыраттың» — деп киініп тысқа шығуға айналды.

Ақан да басын көтеріп Қалтайға: — ТЫСҚА ШЫҚ, айналаны қара, айғайлап дыбыста, тез бар!— деді. Әлсіз, кем-кетік әйелдер бірінің артынан бірі ұстап, өндері бұрылғыдан да жаман бұзылып, құдайына қайта-қайта сыйғынып, Қалтайдың артынан ере шықты.

Түтеп тұрған боран Қалтайдың сөзін шынға шығармақ болып түтеп тұр. Есік пен төрдей жердегі қарайған бұлдырап жөнді көрінбейді, ұйтқып келіп бетке жабысқан майда қар көзді ашкызбайды.

Кемпір күннің түрін көріп назалы дауыспен: — Құдай тағы төбемнен ұрайын деген екенсің ғой, қарағым, адасты ғой. Ұшып өлді ғой. Аруақтарым қолдай гөр. Аксары бас!— деп баласын шақырып, айғайлай бастады. Келіні де бар тілеуі қызы болып қорқып тұрды. Қалтай қорадан ат алып мініп шығып, қайта-қайта айқайлап шаба жөнелді. Аз жерге бармастан қарасы өшіп боранмен араласып көрінбей кетті. Айғайлаған даусы аз-ақ жерге естіліп, аздан соң о да үзілді.

Әйелдер де дауыстың естілмейтінін білген соң, ішінен зор қауіпке түсіп зарлап тұрды. Бұлардың бар дәрмені айғай болғандықтан қайта-қайта айғайласып еді. Көп уақыт өтті.

— Е, тәңірі, жоқ болды. Өлді!— деп әйелдер зар салып, дауыс айтып үйге кірді.

Бұрынғы қайғының бәрінен жаңа қайғы күшті болды. Өлді деуге көңілдері қыймай, келер деген үмітті көбірек медеу қылайын десе де, көңілге кіріп қалған қорқыныш жүректерін билеп әкетіп отырды. Терезеге түтеп соққан қатты жел бір қалпынан ауған жоқ.

Бірталай уақыт өткен соң дүсірлетіп Қалтай келді. Бірақ, үйге жалғыз кіріп келген жерде-ақ енді ешнәрсенің болмағанына көздері жете бастады. Қалтай:— өзім адасып кетіп, ауылды әрең таптым. Еш жерде жоқ!— деді.

Әйелдер сол түні таң атқанша шам жағып ұйқтамай отырып, құдайдан тілек тіледі, сыйынды, жылады. Бірақ ешбір көмек берген жоқ. Шыдай алмай, зар қаққан сорлыларға қыстың ұзақ түні жылдай болып созылды. Ақырында таң атты.

Қонақтар ерте қамданып, жүруге ыңғайланып жатты, таңертең де қарап ешнәрсе таба алмаған Қалтай, маңайындағы ағайындарына хабар берген, тұрып алып тез қамданған соң Ақан кемпірдің қақсаған зарына шыдай алмай аттарын дайындап жүріп кетті. Жыйылған ағайындары көп іздемей-ақ жас бейіттің арасында өлік болып қалған Ғазизаның сүйегін тауып алды. Үстіндегі онсыз да жұқа киімдері әржерге шашылып қапты. Ғазизаның шашы азырақ дудыраған. Денесінің жартысын қар басқан, әкесінің бейітіне жабысып қасіретті өмірдің ақырғы қуатын сол жерде берген екен. Өлер сағатына шейін қабағын басқан қайғы бұл уақытта да жадыраған ізі қалған жоқ. Балалық жүзінде: менде жазық жоқ. Мен тазамын!— деген ашық тазалықтың белгісі, қайғы-қасіреттен сейілген жас баланың ажары бар.

Ол ғазаптан, қайғыдан, жауыз зұлымдықтан құтылған.

ҚАСЕННІҢ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

(Психологиялық очерк)

Ойпыр-ай, не деген, не деген биік! Көріп пе ем осыны бұрын, көрмеп пе ем? Не қылған қап-қара? Неліктен жап-жалаңаш... Бұ қай тау, жаным-ау... Қандайлық қап-қараңғы дүние! Түп бе, ала-көлеңке ме, әлде не?.. Не қылған құлазыған жалғыздық!.. Қайдан, қалайша кеп қалдым осында?!

Тау зорайып, пішіні суып аспандап барады. Аяғының астына қарай алар емес... Салған сайын тіктеніп шаншыла түседі. Астында өлусіреген бір жаман ат... Аяғын жылжыта алмайды. Қалтырап тұрғандай. Сондай халде өзі. Төменгі жағы көз алдында құлазып, шаншылып тас құзға айналып барады! Аржағы?! Қарай алмай көзін жұма берген сыяқты. Қап-қара боп, азнап ашылып бара жатыр. Тұнжыраған түпсіз қара қуыс... Ажал исі аңкыйды.

Қапсағай қара қойнын ашқан өлім бе?..

— Өлдім-ау... Қеттім-ау!.. Бітті деген осы ма? Бұлқынып қалды, бірдеме тарс етті...

Жәмиланың даусын есітті. Ашулы ащы екен... Сонда да майдай тиді. «Уһ!» деп көзін ашты.

Есікті екінші рет тарс еткізіп жауып қалып:— Құртар болдың ғой әбден түге... Құдай құртқан немелер! Құрттың ғой бізді де әбден!— деп келе жатқан анық Жәмила, өзінің қатыны!

Аяздай соғып ұшқындап келсе де, бұл жаңағы жалғыздық емес... Қара құз ажал емес... Жер... Ол да емес-ау... Тіпті өзінің үйі... Өз төсегі... Тірі... бар!..

— Жәмиламысын? Уһ! Жәмила-ай!

— Немене?! Неге күрсіндіңіз?

Даусы шошынғандай шұғыл өзгеріп, қасына жетіп кеп:

— Бір жеріңіз ауырып жатыр ма?— деді.

Қасен көзін бір жұмып, бір ашып дүниесін әбден күндегі өзінікі қып қайта тауып алмақ боп үндемей жатты. Енді бойын жыя бастағанда Жәмиланың ашуын да, күндегі шарт-шұрттың бірі шығар деп, серпіп тастамақ еді. Бірін бірі жақсы білгеннен туған дағдылы есен. Ертеңді, кешкі саясат!.. «Мен өліп, тірілсем де өстіп қарсы болар едің-ау» деген сыяқты, көңілдің алыс түкпірінде жатқан, әншейінде өзіне де жат бір кемпір наз... Сондықтан үн қатпауын бұлдаңқырайды. Тіпті мекірене түсті.

— Япыр-ау, айтсаңызшы, ауырып қалдыңыз ба? Әлде кешегі ішкеннен бе екен? «Градус» әкелейін бе? Көп ішіп пе едіңіз?

Жәмиланың даусы әбден жылынды. Ендігісінің бәр-бәрі күндегі машықты, бас-аяғы мәлім — тіпті қолымен ұстап, шымшып көруге болатын өз өмірі... Сабасына түсе кетті.

— Жоқ, ауру емес... Бірақ керегі не, өліп тірілгендей болдым...

— Е, немене жаным-ау, айтсаңызшы жайын?!

— Бір түсі!— деп шын-ақ өз жайын, барлық тірлігін сыйпап, сауырын ұстап байқамақ болғандай боп Жәмилаға қолын созды. Бірақ сыйпай бергенде шошайып тұрған мықын сүйегіне қолы тиіп сұлық түсіп қалды.

«Шіркін, өкпе-бауыр, жалың қапты-ау!» — дегендей болды ішінен.— Мәлім, мәлім».

— Е, со ма? Құдай-ай тіпті!— дей сала-ақ Жәмила түсі сұрланып, даусы қатайып әуелгі ашуын қайта шақыра:

— Анау қатынды көрдіңіз бе, үлкен табақты плитадан құлатып сындырып қойғанын!

— Өй, қай үлкен табак?! Блюда ма, энеукүнгі төменгі базардан алған ба?!

— Е, сол емес пе? Ішім күйіп барады тіпті. Талайдан қолға түсіре алмай жүріп, жаңа ғана таптым ба десем!..

— Ой, құдай ұрсын, құдай ұрғыр!.. Әй, мазаны кетірді-ау, осылар-ақ!.. Сағат не?..

Жәмила түйілген бетімен:

— Жеті! — деді.

— Уақыт бар екен, ұйқым бұзылғаны-ай! — деп қырын жатқан бойында қабағын жоғары көтеріп Жәмилаға қарады. Түсі сұрланып, ерте түскен ажымдары айқынданып, бет сүйектері де шодырайып, көп күйкі арық, қара қатышың бірі бопты. Шаруа қылам деп басын ескі сұр шәлімен де орап апты... Ірге жаққа қарай аунап түсті. Алдында төсектің қырына келіп отырған Жәмила бұл мінезге мұқалмай-ақ тұрып, жүріп кетті.

Ауыздағы үйден: ұзақ, күрік-күрік жөтеліп, кәртен үнмен ыңыранып, алқынған дауыс келді... Көңілсіздеу жүріспен тырп-тырп басқан аяқ даусы да естілді... Бірақ анда-санда естілген сөздері жасқаншақ. Еркек даусы күбір-күбір етсе, екінші жағынан әйел даусы сыбырайды.

Қасен ойында:

— Ия, бұл солар! — дейді. Сонымен қатар көз алдынан үздік-үздік көріністер өтті, 18-інші жыл. Ақтың тұсы. Ояздық комитеттің бастығы боп жүріп ауырып ауылға келдім... Жазылғанымда ат шаптырам, той қылам деп әлек болға-а-н! 20-шы жыл қызылдың қолынан аман шықты деп қатын-қалаш тойын жасап, айтқан малын сойып таратты-ау, осы қатын!

Одан бері де жыл сайын келуіме қарсы, бірде қасқа жорға ат, бірде құлагер ат, пай-пай, бірде ақ жал атты жаратып қойып жүрді-ау!..

Жаз сайын ел үстіндегі қоналқадан басқа, дәл өзінен 30-40 қозы жеп, шығындатып кетуші ең-ау... Байғұстар қолынан келгенін істепті-ау өзі... Ей, бірақ қазекеңдікінің көбі сатымсақ та ғой. Орайын да алған шығар! Бәсе, соны айт. 17-жылдарда 30 қой, 10 қара, а бертін... бертін?..

Тіпті елдің ру басы, атқамінерлері осыны салып, өзін атқа мінерім қып қоқайтып ап, волисполком сайлауында, кооператив сайлауында, сот, тергеуші жұмыстарының тұсында менің ықпалымды пайдаланбап па еді?.. Ел ішінде, іс басында жүрген жігіттердің өздеріне жазған хаттарымыздың өзі де талай материал болар еді-ау!.. Елдің ішінен шыққан кедей, еңбекші, байға қарсы дегендер болса, үстінен құс ұшыртып, астынан ит жүгіртіп сотты қып, әлекке салып, есін жыйғызбай партиясынан айдатқан күндер де болды-ау...

...Түу, со кездегі кеңес үкіметі не деген жайлы деймін-ау! Бұл байғұстар онда тыраштаған еді... Не беріп едің

дер ме едің? Бермесем де арқамды қайтесің?.. Бірақ тірлігінді қуаныш етіп, саған ішкізіп, жегізгеніне мәз болып, қас-қабағыңа қарап-ақ тұрушы еді-ау шіркін, Жәмила? Құдай кәне!..

— Шай дайын, тұрмаймысыз?.. Бірақ наны құрғыр тағы жетпейді,— деп бағанағы тері тарамысы жыйырылып, бас терісі салбыраған күйде тағы дыбыс берді Жәмила. Тұрып кішкентай, тар, төргі үйден ауыз бөлмеге шықты. Өзі көрші пәтершімен ортақтау бөлме.

Қарсы бөлмеде тұратын орыс семьясы осы үйді басып өтеді... Не амал?.. Енді түрі мынау аузы-мұрнынан шығып жатыр.

Ешнәрсеге қарамай, үн қатпай шығып кетті. Жазғы-тұрымның кезі. Алматыда быйылғы көктемде сирек болған ашық, жарқыраған күн екен... Тау көрінді... Үлкен Алматы биігіне көз тоқтады.

Қасеннің туып-өскен жері Алматы да, Жетісу да емес. Таусыз бірыңғай, жазық далалы жер. Болса азмаз адыр ғана бар. Сондықтан ол мынадай аспан құшқан, бұлтқа араласқан, қыйын асқар үлкен шыңдардың сырын ұқпайды.

Сұлу-ақ шығар, бірақ жат, таныс емес, көңілді көп қозғамайтын әлдеқандай өзі алыс, өзі суық бір сұлулық. Сондайлық ұлы тау бүгін бір ерекше болып құбылған екен. Әсіресе бұлттар тамаша. Қарағайлы белдеуге шейін төмендеп кеп, таумен ұласып, түткен жүн, ия мақтадай боп түтеленіп, будақ-будақ боп кетеді. Солардың кейде үстіңгі жағынан, кейде арасынан көкшіл-қоңыр тастар, қарлы шошақ шоқылар немесе сирек, алабарқын тау арқалары көрінеді... Бір бұлт, бір қар, бір тас боп бауырласып кетеді. Қамалған көп қалың шыңның ортасында әсіресе Қасеннің көзін көп тартатын үлкен Алматы биігі. Бұның да төсіне бұлттай, будай шудасы оралып жатыр. Барлық Алатау тобының ортасынан бөліп шығарып «мынаны көрші» дегендей қып өздері де айнала иін тіресе тұра қалып, ортасындағы оқшаулау жалғыз биігін тамашалағандай.

Дәл шошақ басында аздаған қары бар. Онысы, Орта Азияның сырмалы, шошақ, ақ тақиясындай. Тау үш қырлы, нағыз сонау бір суреттерде көрген пирамиттердей... Бірақ талай-талай мың пирамиттің бір жерге қосылып жасаған ескерткіші сыяқты. Бағанағы, түсіндегі биік құз

да осы сыяқты. Үлкен Алматы биігі онан сайын алыстап, суың түсті.

Тіпті ол емес-ау... Үлкен, берік, алып бойымен бұны басатындай боп, төне түскен сыяқты... Күйкі, әлсіз шатқаяқтаған жалғыздық ойына тағы бір көрініс, тағы бір геңсеу елес етті.

Көп заманнан бері бұның ойына шырмауықтай оралып, қаиратымен қажап өтіп, лебімен жаныштай кетіп отыратын бір сұрақ бар емес пе?

Ол құрылып келе жатқан социализм жайы... Бүгінде бұған да ол бар нәрсе. Болмыс, ақыйқат, айнала... Ол да осы биіктей қырланып, соқталанып, граниттей қашалып, кең, алып іргесін орнатып, өсіп келеді...

Қасен тілесін-тілемесін, танысын-танымасын... ол жеңіп, бөксеріп алды. Өрлеп, зор кеудемен асып барады.

— Солай ма, солай емес пе? Мен құрушыларының санында бармын ба, жоқпын ба? Ай, жоқпын-ау... Сондықтан маған алыстан қарайды, суық қарайды-ау... Шіміркентпейді, тітіреткендей... Мейірлі емес, қорқытады. Басатындай-ау... Құрушысына солай көрінер ме еді?

Үлкен Алматы биігі сол күйдің елесіндей... Бүгін ерекше бір мағна, мазмұн тапқандай... Қасен ойына бұл жанданғандай да, жазалайтындай да көрініп кетті... Және не не ойы, не сезімі, не қылығы болса да соған мәлім... Сонадан көріп тұр. Не қылса, бар қыймыл қозғалысымен бұл соған барып сүйкене, мәлімдене кететін сыяқты. Тайып кетті.

Ауыз бөлмеге қайта кіргенде алдында Жәмила тұр екен. Қолында үлкен табақтың сынығы... Жүзі ұшқындап тұтанған.

— Қарашы міне!— деп екі қолына екі сынықты алып созып,— мына флитэдән түсіріп...

Қасеннің ойынан бірталай нәрселер жылдамдата жортып өтті.

— «Флитә» деп сөйлейді-ау! Айтар ма еді әлгі тілшілерге! Қазақта «х» жоқ, «ф» жоқ дейтін немелерге! Рас-ау бұл бірақ қыз күнінде «Мұхаммадия», «Сыбатылғазиндерді» қажалақтап еді-ау. Бозбала боп жалына жазған хатымның біріне:

Болыр бір фәрәдәң,
Юз фәрә бижай!

— деп, аяғына «бәнті Фазил» деп те қол қойып еді-ау... Енді оқыған кісім боп сыйыр жорғалап тұрғанын көрмеймісің?

— «Ой, флитең» бар босың! — деп, көзі аға-жеңгесіне түсті.

Бұдан жаңағыдай үй шыққанда, төмендеп қорғалақтап құдайына жазып отырған аға-жеңге қас-қабағын жыбыр еткізіп, жалтаң ете қап, жоғары қарасып еді...

Қасен шұғылынан томсарып жіберіп, төргі үйге қарай басып келе жатып:

— Сендер де құртар болдыңдар-ау! — деп, жеңгесінің жолда жатқан кебісіп аяғымен теуіп жіберіп, төргі үйдің есігін нығымен қағып жібере кіріп кетті.

Қатты тепкен кебіс тарсылдай барып екінші бұрыштағы темір төсекке соқты... Үстіне простыня жамылып жатқан жас жігіт ояна, басын көтеріп:

— Бұ немене, безобразие? Қойшы, Жәмила, тіпті сендер де, не боп кеткенсіңдер? — деді. Шала оянып естіп жатыр екен... Жаңа шығайын деген мұрт шала тебіндеп, түк есебінде қылтанақ берген. Өңі қызарыңқыраған сұлуша. Қатты, таза ұйқыдан маужырай тұрған ашық, бала жүзі бар. Қабағын түйе сөйлейді... Бұл — Сәлім, Қасеннің інісі, жас студент.

Аз да болса демесінді естігенде үлкен ағасының үні шығып:

— Құдай қара бастырған мынау, қара басып! — деп қатынына тұжырына қарап ап, — тіпті сол түңіліктеі табақты қағып түсірер ме? Жау қуып келе ме екен? Ашуланбай қайтсін келін! — дегенде, Сәлім киіне беріп:

— Жә, қоя-ақ қойыңдар... Түсіп кетті де! Қайтуші еді? — деді.

— Қандай табақ екенін білемісің сен өзің? — деп Жәмила тепсініп барып еді.

— Маған десе алтын табақ болсын...

— Қыс бойы төменгі базардан аңдып жүргенімді қайтейін!

— Ну что же?

— Жә, немене сен тіпті закон айтып қоймайсың?

— Ол закон емес, жөн...

— Жөнің өзіңе, сен де ұстат болайын деп пе едің?

— Немене иығынан түспейсің?..

Сол кезде көрші бөлменің есігі ашылып Анна Ивановна шықты. Жасы отызға жетер-жетпес шамада...

Кеңсеге, қызметіне баратын қалпында келті. Таза, жақсы киінген. Қырыққан шашында аздаған қоңыр бұйрасы бар. Бойшаң... Үлкен, ашық көк көздерінде сұлулық та, мейрімділік те бар... Барлық жарастықты, сүйкімді жүзі үлкен мінезділікпен, кең толғаулылық сабырлықты білдіреді.

Жәмиланың қолында табақ сынықтары әлі жүр еді:

— Жәмила, мынау ма сынған табақ? Рас, аяныш екен... Бірақ кате ғой, бола береді... Мен де өз нәрселерімнің талайын оқыс сындырып аламын да жүрем!— деп жеңсеге бұрылып қарап, халдерін ұғып алып:

— Бәйбіше байқамаған ғой, көресіз бе, о кісіге де өте ыңғайсыз боп отыр ғой!— деп Жәмилаға қайта қарап:— Жәмила, бірақ мұндай табақ көп, табылады!..— деді.

— Жоқ, табылмайды. Қыстай кезгем...

— Табылады, Жәмила... Мен осы жақында-ақ көргем, тіпті магазинде де болып қалады...

— Тастаңыз оны, Анна Ивановна, оның ашуланбайтын күні болмайды.

— Тіпті менің сыншым боп апсың-ау, сен өзің! — деп Жәмила табақтың сынығын шылдыр еткізіп тастай берді.— Қарашы бұны!..

— Ой, қойшы тілеуің берсін... Мазаны алмай...

Анна Ивановна өзінен өзі ыңғайсызданып, тұрарын да, кетерін де білмей, ебін таба алмай барып, аяғында Сәлімге:

— Сәлім, сен қойсаңшы немене? Ол үлкен... Несіне қанын бұзасың!— дегенде екі жақ та кішкене толастай бастады... Сол уақытта іле-шала Сәлімге:

— Оқыдың ба, кешегі кітапты... Одан да соны айт!

— Оқыдым... Бітірдім. Да, жақсы кітап екен... Горькийдің жазуы қандай жақсы еді... Сондайлық мол қалпымен соншалық қона кетеді...

— Ия, сондай жүдеу балалығын қандай саналы, ғибратты дәріс есебінде берген.

Екеуінің бұл сөздерін өтіп бара жатып Қасен есіте кетті...

— Ия, кітап... Ойдан шығару... Сырлау... Соны да мыжушылар бар-ау әлі! Маған тіпті бір алты қырдың астында қалғандай-ау өзі... Қайда, қайда! Қашан да қашан боп сырғып кетіпті-ау сірә... Е, барса барсын... Өмір кітабы да жетеді... Ананы әлгіңдей мылжың орыс қатыны

мен аңқау бала жем қылсын... Шіркін-ай, бүгін бір ег табу керек еді... Бәрінен де соны айтсаңшы! — деп аттап түсті. Кеңсесіне кетті... Сәлім түнде оқып бітірген кітабының әсерінен үзіле алмай.

— А, оның атасы сыяқты кісілер әлі де бүгінде де бар. Тіпті мен айтайын сізге, нақ осы біздің Жәмилаларда да соның бұйымы бар...

— Қой сен Жәмиланы, оны ренжітпе! Қателесесін. Ол баба басқа... Ол тіпті басқа жағдайдың адамы...

— Мен бәрібір таныдым. Ол менің танысым. Соған осы Жәмила виноват.

— Сен кітапты жақсы оқыйды екенсің, мен тағы берем.

— Беріңіз, менің сауатсыздығымды жойыңыз.

— Немене, әйтпесе сен студент!.. Әлі тіпті Горькийді де жақсы білмейсің!..

— Үндемеңіз, Анна Ивановна! Мен тіпті ұялам!.. Одан да ақырын-ақырын бере беріңіз!..— дегенде Анна Ивановна портфелін қолтығына қысып, басып үндемей ініп, жүріп кетті...

* * *

Қасен қақпадан шығып, жоғары тауға қарай аяңдады. Кеңсе өлкелік шаруа орнының бірі, сол жоғарғы жақта болатын. Кешең шығып қалған екен. Бұл сыяқты кешігіп шыққан қызметкерлер еркегі, әйелі бар көше бойында асығып басып, сарп ұрады. Бірақ Қасен жегінге мезі болған, қырсау тартқан аттай сылбыр, сараң басады. Алдында үлкен Алматы биігі кім екенін танып, бейілі қандай екенін ұғып тұрған сыяқты. Үндемейді. Сазарып, қатайып біледі де қояды.

Бір-екі квартал өткенде, бұның көшесін көлденең кесіп, өзінше басып, Қасымқан кетіп барады екен.

— А-ай, тұра тұр!

Қасымқан көрді де тосып тұра қап:

— Бол, бас аяғыңды... Немене, ілгері басқан аяғың кейін кетіп?

— Ой, бар босын, ілгері басушы ма еді?— деп қол беріп ап: — немене, жем іліне ме? Ет-мет білген жерің бар ма?

— Ия, Жәмила шіркіннің күйі кетіп тұр ма? Орта құрсақсың ғой тегі, ә!— деп күлді.

— Орта құрсақ деген де бір дәурен емес пе?

— Қу құлқын ет керек қын тұр-ау...

— Қүлесің ғой. Бірдемең бар ма еді? Етің болса литровканы өзім ала қайтайын. Ғайнижамалға хабар қылшы... Ішіп ұрайып, өлер болдым!..

Қасымқан күліп:

— Айтарсың! Ет көрмегеніме тап міне жеті күн болды... Құрыдық қой, ойбай-ау. Көз ашылар күн бар ма, жоқ па? Паектен хабар білдің бе?

— Паегі бар босын. Біздікі бір жетісіп тұрған паек пе? Шіркін-ай, қазы араласқан қой етін бүйірім шыға бір жемей-ақ кеткенім бе?— деп Қасен қабағын түйіп алды.

— Енді энеугідей бірдеменің ретін табайық та!

— Естіген ештемең бар ма?— деп дәмелене қарады да:— ай, мына құрыған көктемде не табылады дейсін!— деді.

Қасымқан: — бәсе, «елдің тісін-тісіне қоятын» шағы болушы еді ғой, жайшылықтың өзінде құрыған кез ғой... Ол емес қатыныма бір аяқкіім, бір жазғы пальто-лік бірдеме табарың бар ма? Қадрсын ғой. Ештеңе ора-лар ма екен?

— Ойбай, өзім де сендеймін. Өзім орналастырған иттің талайына құлаққағыс қып ем. Уәде қылса да бірақ еншәрсе түспей жүр.

Қасымқан жолдасының тартпа мінезіне сеніңкіремеген пішінмен:

— Қасен, шын айтам!

— Е, мен шын айтпай не ғып келем?

— Шіркін, еруліге-қарулы... Қыстыкүнгі сары ботинканың орайын бір қайырсаңшы. Сен үшін тап месткомның аузынан-ақ қағып әкеліп ем ғой, жанды ортаға сап жүріп... Бұлдыратып жүріп Нейманның да резолюциясын соқтырып ем... Сондай бір еңбек қылдың ба?— деп қалжың-шыны аралас күліп Қасенді арқаға қақты...

Қасен дым опша жібі қойған жоқ. Сары ботинка болса бойға сіңіп тараған.

— Бір орайын мен де табармын. Ер мойнында қыл арқан шірір деймісің?— деп қыркылжын түлкідей ұзақ сонарға сала берді.

Қасымқан күдер үзе бастап:

— Со ма бар тапқаның?

Қасен сары ботинканың жайын есіне алды. Ол аржағида бұның Қасымқанға әперген костюмдік бір отрезі-

нің орайы болатын, «бұлдыратқанға неге көпейін» деп ішінен өзінің алық-берік есебін ойлап алып:

— Мені қағыстырғанмен мардымды бірдене шығар деймісің? Одан да Қазқрайсоюздың председателіне трикотаж кепті дейді. Екеуміз бірігіп Сәлменовты айналдырайық!— деді Қасымқан, одан да түңіліңкіреп:

— Әкесінің пұлын бергендей болушы еді, кім біледі... Сондағы бастық қызметкерлердің бәрін айналдырып жүріп, алдымен өзіне сықап алады...

— Тойымсыз-ақ шығар?! Біздің қатын: әйтеуір еркек-ұрғашының бірде-бір киімі сыңар емес: не түстісі болса да, қос-қостан дейді ғой...

— Пәлі, бағасы жазылған қағаздары алынбаған костюмнің өзі үшеу деседі.

Қасен күйініп те, қызғанып та:

— Шіркін, соны айтсаңшы! — деді де бағанадан бері пұл мен жемді әңгіме қылғандарына өзіне өзі қанағаттана алмай:

— Жә, жай қалай өзі, түзелетін бе, не естіп білдің?— деді...

Бұл соңғы күйді Қасымқан да түсінді. Бұрын о да кісілік ойлаушының бірі болған. Шұғылынан түсін өзгерте қойып, мүләйім тартып:

— Түзелер ме екен, кім біледі? Аз дәме бар ғой... Бірақ зор қыйындыққа тіреліп тұрғанымыз да бар деп барлай сөйлеп, Қасенге қарады. Қасен де жазылған жоқ. Бірақ томсарып салбыраған боп:

— Кім біледі, әлде түзелерміз! Ақтабан шұбырындыдан да оңалыпты ғой,— деп күрсінген болды.

— Ия, қолдан келгенді аянбайтын сыяқты!— деп анау да жүдеген тәрізденіп:

— Осындайда біз мынау, қазы-қарта деп жүрген!— деп қарқ-қарқ күлді. Қасен Қасымқанды көргенде айнаға қарағандай болатын. Бірақ одан гөрі өзі қу құйрықтау, шүңеттеу... Ананың жаңағы күлкісі бұған өздеріне күлу, күлгенде бір нахалдық сезбестікпен өз перделерін жырта келген күлкі сыяқтанды.

— Көп үшін мен өзі үшін бар. Бір кездегі «адамшылық үшін» мен «басым үшін» бар, бұрын осылардың екі аралары бірқатар алшақ сыяқты болушы еді. Осы күні Қасенге тіпті таразының екі басындай, қарға адымындай-ақ боп қалған сыяқты. Дүниенің екі басы сыяқта-

нып тұрса да бірінен біріне минут араламай-ақ секіре салатын бопты...

Соның бірі жаңағы. Осындайдың үстінде ұстап қалғанда ол аз да болса қысылшаң тартып қалады. Қасымқанның күлкісі ыңғайсыз тиді.

— Күлеміз-ау... Әлде не боп барамыз? Түзесейік те одан да!— деп Қасымқанның түріне қаралы. Екеуі біраз қарасып тұрды да қоса күлісті, ұғысты... Мына соңғы әңгішесін бір тілдің ұшы...

— Әлбетте, әлбетте!— деп мышаның қолын қысты да, асығып адымдай жөнелді Қасымқан. Қасен кеңсеге келді. Қызметкерлердің көпшілігі келіп, орнап қалған екен. Кеңсенің коридорын, үлкен бөлмесін басып өтіп келе жатып, оңды-солды қалпағын көтеріп:

— А, Иван Семенович! Здорово, Николай Петрович! Марк Аронович, друг! Қайырлы таңертең, Зинаида Николаевна!— деп бәріне де ақсыя жымыйып салмақпен жүріп өтті.

Жолшыбай көзі түскен еді. Бастық бұдан бұрын кеп қапты. Ыңғайсыз. Жөткіріп, түсін томсырайтып жіберді. Портфельден бір көп қағаз алды. Орнына отырмастан бастық алдына келді. Көзіне пенсиясын киіп ат жағын тістеніп, сұрланып алған. Айыл-тұрманын тартып, барлық нервісін шоқтай жыйып апты. Іс соңына ғана үңілген. Қынжылғаны қызмет жайы, түн ұйқысын сол-ақ төрт бөлген кісідей қабағын түйіп асығыстап тұрған сыяқты.

— Шіркін, қазақтың ұйымсыз маманына, америка адамының ішкілігін тапқан екен-ау,— дегізгендей-ақ.

Сырт қалпы: пай-пай, осы бастықтардың алды уақытыңды көп алады. Ісіміз тез шешілмей бөгеліп, қарқын содан шабандайды дегендей боп ауыздығын шайнап, жер сүзіп тұр. Бастық алдына бұдан бұрын кеп іс басқарушы араласқан екен: — Мынау әлгі строительство туралы совнарком қаулысының жоспары... Мына біреу шығыс облысынан келіп отырған тығыз телеграмма. Жауабын тез беруіңіз керек... Мынау кешегі коллегия қаулысы... Танысып қол қоюыңыз керек. Облыс-облысқа жібереміз!..— деп созбалап барады.

Арасында көзілдірікті, қасқабас бухгалтер салмақты салқын пішінмен:

— Жолдас Жарасбаев! Мен банкдегі совещаниеге тез баруым керек!..— деді.

— Қай мәселе туралы,— деп бастық қаулыдан басын көтере бергенде, Қасен де басын иіп амандасып қалды... Бухгалтер: — строителъствоның сметасын сонда тағы талқыламақ. Түсінік беремін...

— Бар... Тез бар! Талас! Шатақ шығарып қысқартып жүрмесін.— Осындай бөгеулер Қасенге ширет тигізбей тұр. Бірақ бастық қазақ. Өзі кең мінезді жігіт. Қасен әр кезде кеңседен тыс жерде де кеңесіп қояды. Еті үйренген. Сондықтан қарап тұрмас үшін, столдың бір жағынан отырып, іс басқарушы баяндап отырған мәселелердің бірталайына:

— Е, ол былай шығар! Рас, ол анау ғой! — деп сұрамаса да сұғыла кетіп отырады. Іс басқарушыны білмейтін кісі қып, қаққылап та қояды. Соның бәрінде өзі өткелік кеңсенің немен тыныс алатынын бұлжытпай білген, бұның жалғыз өзі емес, барлық тарау тармақтары, облыстарының істері — бәрі де Қасеннің балықтай жүзген мәлім көлі сыяқты. Солай боп көрінуі керек.

Құр қазақ емес. Кеңсесінің кара кыртысын айналдырған маман қазақ! Және осы кеңсенің тілек-талабы бұның да бар мұрат-максаты болған шын бейілді, қамқор қазақ... Міне Жарасбаев көзіне Қасен осылай боп көрінуді тілейді...

Тегінде Жарасбаев бұл кеңсеге жаңарақта келген қызметкер. Бұрын үлкен орындарға бастық боп жүрсе де түбі көп оқымаған. Мынау кеңсе де тегі көп маман жыйылған. Ауыр, мол шаруаның орны, ісінің қыя басқан жері мамандық білімді керек етеді.

Оның бәріне құр бақ көтерген большевик, әзірленген, тағаланған деймісін? Әрі-беріден соң бұның басып катырып, өзінің қақпайына алып кетеді мамандар... Одан да мен көп істің ұшық тетігін білетін кісі боп отырып, мыналардың ақаулы жерлерін айта жүрейін. Сонда менің мамандығым бәрінен керек «мамандық» болады деген есебі болатын...

Жарасбаев басында бірталай уақыт бұнымен өте ұзақ сөйлесіп, айтарлығының көбін естіген. Бірақ әлденеден соңғы кездерде сол әңгімелері сирей келіп бітуге айналды...

Оны Қасен, Жарасбаевтың сақтығы: «қазаққа жақындасып кетті деп жала жабады деген қорқақтығы» деп байлады. Анығында бұның әңгімелері соңғы кезде ылғый қайталақтап бір ізін қайта-қайта баса беретін боп еді.

Әлденеше рет айналып кеп соға беретін:

— Бұл кеңсегің мамандары көбінесе сөз айдайды. Жұмыс істеп отырған бірі де болмайды. Айтатыны ылғи гәтер, тамақ жайы. Аңсағандары басқа бір жаққа орайып тауып бұлды боп кету. Әйтеуір шын бейілімен жұмыс істейтін бір жан жоқ!— Сөздің көбі осы еді.

Өшірет өзіне жетті. Жарасбаев іс басқарушыға бірнеше тиімді, қысқа тапсырмалар беріп:

— Жә, сіз не айтасыз?— деді.

— Мен коренизация ретінде мынау үш кісінің тізімін әкеп ем. Шығыс облыс пен Қарағанды, Ақтөбеде біздің система қазақ қызметкеріңіз отыр. Өздерін кадр секторына жіберіп, солар арқылы коренизацияны осы облыстарда... нетпесек... Ылғи бюрократ маман өздері іс істемейді... Оның үстіне арасына қазақ қызметкерлерінің тұмсығын батырмай... енді бір решительный бет бермесек, екпінді кіріспесек...— дей бергенде Жарасбаев:

— Бұлар сізге таныс адамдар ғой?— деді.

— Е, жайларың тіпті жақсы білем... Рекомендовать етем.

— Мамандықтары бар ма?

— Бұрын кооперативте, шаруа орындарында...

— Білімдері қандай?

— Қай білімін айтасыз?

— Жалпы білімі, іс жүзінде ысылғандық... Жалпы әзірлігі.

— Е, бәрі де егде адамдар... Неге ысылмасын?

Жарасбаев Қасеннің бетіне кадалыңқырай карап:

— Осы сіздің қолыңызға түсетін адамның барлығы «егде», «егде» бола беретіні несі?— деді.

— Жастар жағының бәрі тұрақтамайды... Бүгін кіріп, ертең оқуға, не басқа бір жеңіл іске секіріп кете береді...

— Сіз біздің жас маман, жас екпінді қызметкер дегендердің барын анықтап еске алмайсыз ба, қалай?— деді де күлді. Қасен қысылыңқырап үркектеп қап:

— Е, неге?

— Ендеше осы әр жерге ұсынып жүрген адамдарыңыздың ішінде бірде-бір маман қазақ бар ма? Оның өзі тегі жоқ емес пе?

— Жоқ дейсіз бе?— Бұның шұқшыйған түрін көріп Қасен: — Бар болғанмен жоқтың қасы ғой!..

— Біздің мамандықтап дәл өзің білетін талай инженерді атап берейін бе?!

— Біздің қолымызға түспейді солар.

— Айтыңызшы, ал бітірген түспесін. Соны ізден барып білейін деген талабы бар ма біздің кадр бөліміміздің?

— Қайдап іздейік?

— Бітірген түспесе, бітіргелі жүрген, бір жыл, екі жылда бітіретін Ташкент, Қазан, Мәскеу, Ленинградта біздің мамандықтың неше студенті бар? Оны абайлап көрдіңіз бе?

— Оны ескерейін деп ойланып жүр ем!..

— Олай болса нешеуін біз өз стипендиямызға алдық екен? Оны білесіз бе? Маман кадрын жасаудың бір үлкен жолы осы екенін шала ойлағансыз ба, қалай?— Қасен тоқтап қалды.

— Кәне нешеу?

— Біле алмадым! — деді Қасен.

— Ендеше мен айтайын. 10 қазақ студенті біздің стипендияда. Қеше тағы төртеуін кіргізуге бұйрық бердім...

Қасен бойын қайта жыйыңқырап ап:

— Жақсы, жақсы екен... Бірақ енді ол түбегейлі алыстағы кадр ғой... Мен бүгінгі коренизациямен...

— Жарайды... Ал біз бұ сөзді бастағалы көп болды. Оның үстіне крайкомның, жалпы үкіметтің берген бетін білесіз...

— Ия-ия, со ғой тығызы...

— Бәсе, кәнеки айтып беріңізші маған! Алысты қояйық, осы жылы біздің кеңсе қанша процент қазақыланды?

Қасен мүдіріңкіреп қап маңдайын қасып:

— Процентін дәл айта алмаймын...

— Ендеше неше қазақ алдыңыз?

— Он шақты боп қалды..

— E-eh-e! Жүз елу қызметкерден 10 шақты боп қалды... Оның ішінде әлгі мен алғызған хат тасушы, уборщица, көшірлер де бар... Солай ма?

— Е, солар... солар да бар.

— Жоқ, жолдас! — Енді Жарасбаевтың даусында сыз біліне бастады.— Бұл қарқын емес... Бюрократтық. Ат мініп, түйе жетелеп келмейді...— Енді 10 күн срок, 30 процентке жеткізіңіз қазақ қызметкерлерінің сапын.

— Мамансыз болмайтын кеңсе ғой біздікі!

— Сіз қай инженер едіңіз?.. Жүз елудің бәрі инженер ме?.

— Әйтседе білімсіз...

— Тегі оқыған буын жалғыз біздің буын емес. Арттан өскен, өсіп келе жатқан қалың күшті буын бар екенін, ойлай жүріңіз... Ондай мәдени накопление болмаса біздің бесжылдықтар бос сөз болар еді. Істі сыйыр құймышақтатпай шамаңыз бар болса қарқын табыңыз! — Телефонды ұстап: — подстанцияны! — деді.

Жарасбаев сонымен біраз тосып отырғанда, Қасен:

— Мыналарды қайтейік?— деді.

— Оларды маған жіберіңіз. Менімен сөйлессін!

Қасен тайқып кетті де... Тағы артына бұрыла беріп:

— Осы істің өндімеуіне сіз мені кінәлағандайсыз ба, қалай?— деп артына біраз кінәмшылданып қарады...

— Онда мағна жоқ. Кім жауапты дегенді тексеріп жатқан ешкім жоқ әзір... Мәселе істің, істің жауапты іс болғандығында! — деді де телефонға, — подстанция! Совнарком хатшысы! — деп тоқтады.

— Бұл бар кеңсенің жеңе алмай келе жатқан қыйыншылығы ғой...

— Олай болса алдымда мынадай-мынадай қыйыншылық, бөгет тұр деп бірде-бір баяндама неге жасамайсыз? Коллегияда, менің алдымда осы мәселені неге бір рет қоймайсыз?

— Онда мен тіпті түк жұмыс істемеген болам да!

— Жоқ, тіпті жапа-жалғыз істеп жүрген сіз ғана боласыз. Өйткені менің бірде-бір жәрдемімді сұраған емесіз... А, нәтижеде он кісі!..

Қасен тұрып-тұрып шығып кетті, бірақ арқасына аздап суық кіргендей болды.

Жарасбаев бұның көз алдында осы арада шұғылынан өсе жөнелгендей. Бұрын мұндай деп ойлаған емес... — Қандай зілді сөйлейді!.. Мықты, нығыз ғой, бәтір-ау!..

Е, қойшы, бүйткізіп отырғанның бәрі билет пен орын ғой!.. Мен жүрейінші сен болған жерде... Көрер едің бәлем! — деді ішінен. Бірақ солай деуін десе де, қазіргі халінде өзін бір мықты жуан айғыр сауырлап айдап тастаған саяқ аттай сезді... Ішінен әлденеге кіжіне түсіп терезеге қарады. Үлкен Алматы биігі қарап тұр... Кеудесінде бұйраланып, будақтап ұйысқан бұлт шудасы... Күрсініп маңына қарады... Бұның столына үлкен маманның бірі келеді екен. Аузында папиросы, сіреңке сұра-

ды... Шығыз... Көзінде үлкен мүйізді көзілдірік. Қасен сіріңкесін беріп жатып:

— Айтыңызшы пожалуыста, Алексей Николаевич, Жарасбаев кеңсені қазақыландыр деп тығыз срок, қатал бұйрық берді... Кімді қояйын?..

— Кісі жасап үйреніңіз. Соғыңыз балға, төс ап. E-еhe!

— Бәсе... Ең болмаса соларын үйретсе екен!

— Күйремеңіз ондайға... Сезбеуге тырысыңыз. Мен сізді түсінем ғой... Халіңізді түсінем... Не істейсіз? — деп темекісін будақтата тұтатып ап:

— Онан да (ертең демалысқа қарсы) бір пулке жасайық, қалайсыз...

— Жарайды... Жалғыз-ақ ана орынбасарды қоса шақырайық...

— Біреуі ол болса болсын!— деп маман күліп Қасенді арқаға қағып: —бастық жағын тәуір көресіз-ау, ә, Қасен Нұрбаиш!— деді.

— Мен қазақ бастығына онша құмар емеспін, орыстар ничево. Олар жай отырыста ұлықтығын ұмыта да отыра алады... Және сөйлесе отырайық! Біраз... Түсінесіз бе?

— Жарайды!— деп маман кетіп қалды. Қағазына енді ғана аз уақыт қарай беріп еді, бір үлкен нәрсе ойына сап ете түсті...

Салып месткомға келді.

— Жолдас Сергеев!— Көзінде көзілдірігі бар ісшіл адам пішіндес жастау жігіт қағазынан басын көтеріп, бұған қарады.

— Кеше азық-түлік карточкасын үлестірдіңдер ме! Менің мәселемді Жарасбаев сендерге тапсырып еді ғой...

— Ия, үлестірдік.

— Мен қай категориядамын?

— Екінші!

— Сіз мазақ қыласыз ба? Менің толып жатқан асырап-сақтайтындарым бар... Мынаумен тіршілік ете алмаймын деп айтқаным қайда? Істей алмаймын бүйтетін болсаңдар, міне айтқаным!

— Тоқтаңыз, сіз мәселені неге бұнша шұғыл қоясыз?

— Ия, сізге жақсы!.. Майдалап қоюға...

— Ғапу етіңіз, мен өзім үшіншідемін, сізден төмен...

— Маған оның бәрібір...

Қасеп бұл жерде оныздан алмаспын дегендей боп танау қағып:

— Бұл — қазақ қызметкеріне жағдай бермегендік... Сырғытудың әдісі..

— Енді сізді екіншіден әрі қай жерге қояйық, айтсаңызшы!

— Бірінші қайда, кім алады?

— Ол он-ақ орын, анық. Анық үлкен маман мен коллегия мүшелеріне де жетпей қалды ғой.

— Маған керегі жоқ. Тыңдағым да келмейді!— деп ата жөнелді. Сол бетімен үлкен кеңсепің асты-үстің шарлап жүріп, әр жерде шанжау-шанжау отырған қазақ қызметкерлерінен:

— Сендер қай категория? Сен қайсысы? Қалай болды? Міне саған қазақыландыру! Ал келтірші енді кісіңі... Бірде-бір қазақ біріншіге кірмепті... Және мынау местком барып тұрған шовинист. Айтыңдар осыны!— деп ұйымсыз қызметкерлерге осылайша соғып, ұйым мүшелерінің ішіндегі бір жас жігітке келіп:

— Шырағым Қәрім-ау, ойлашы, біз тіпті мал үшін емес, ар үшін дейтін қызметкеріміз қазақтың... Оны өздерің білесің... Ішін ұрайын тап мен сол бес-он қадақ ұнның. Мәселе негізде ғой... Біріншіде бір қазақ жоқ. Біз қалайша тартпақпыз қазақ қызметкерлерін? Кімді шақырсақ та әуелі шартыңыз, жағдайыңызды айт деп қоя беретінің білесің.

— Бірінші мамандардікі, коллегия мүшелеріңікі ғой... Маман қазақ боса бір сәрі...

— Бар маманға жетіп отыр ма бәрібір. Рас, жеткенінше соларға-ақ берейік. Біздікі не? Солар жесе жесін, бірақ ісімізді істеп берсінші. Мына бесжылдықтың үлкен құрылыстарын осыларға істетіп, Қазақстанды индустриялайықшы. Сол қуанышы да жетеді, ал тіпті...

Жас жігіт күліп:

— Ай, ағай, оларды бір америка маманынша қарама-саңызшы. Бәрі де советтің маманы ғой... бәлпектемейік.

— Жоқ, сонда да мен өзім солай сөйлейтін адаммын, шырағым. Саяси бағытты өзін түзей берерсің. Біз қазақша, өз ауылымыз ғой... Олар болса қонақ. Қазақ боп таласу керек емес. Көтере берейік.

— Ендеше не дау бар?

— Бірақ сонда алғанда ынсап болсын дейім. 95 процентті солар алса, бірер орынды қазаққа деп қоя тұрайық та. Ертең маман шыға қалмай ма?— деп көп-ақ жағалап еді. Жас жігіт күр күле берді. Қызбады да...

Ішінде ит өліп жатса да Қасен бұл жігітке келгендегі алғашқы маскасын бұзбастан:

— Жарайды, енді бұйырғаны болар... Мен де нервімді бұзбай-ақ қояйын... Құрсын сол месткомның шовинисті де, бәрі де...— деп шығып кетті. Орнына қайтты. Ішінен бұл мәселені әлі қалдырмақшы емес... Бүгінгі құбылыстарының ішінде жаңағы соңғы өзгерісі өте бір сирек қолданып жіберетін мінезі еді...

Орнына кеп отыра бере тағы үлкен Алматы биігін көрді... Граниттей қашалған... «Мәлім... мәлім!» дегендей боп шыдап қарап тұр.

Енді біраз қағаздарға қарай беріп еді... Қасына жақындай бере біреу сәлем берді. Басын көтерсе бағанағы Жарасбаевқа ұсынған үш қызметкерінің бірі Аманбай екен... Ұзын бойлы, шұбар. Басында пұшпақ бөркі, аяғында ұзын қоныш, биік өкше орыс етігі... мұрты ұзын. Баяғы бір земстволар көзінің қалдығы. Көзге жылы ұшырай кетті. Қол алысып отырғанның кейін:

— Арызыңды Жарасбаевтың өзіне бердім... Сөйлестім... Айттым!

— Жарасбаев кім еді?

— Осындағы үлкен жігіттің бірі емес пе? Осы кеңсенің бастығы...

— Е, мен соны барып біліп жүр деймісің, Қасеке-ау?

— Рас-ау... Бұл күнде қазақ ұлығынан көп неме бар ма десеңші? Ия, өзі сөйлеспек... Шаруа орнында істегем, көп істегем де... Алғызсын, әне коренизация деп жүр ғой түге... Істерсін...

Аманбай қомданып ап:

— Е, істейміз... Земствода, одан кооперативте де істегенім бар.

— Бәсе...

— Дақ осы жылы келгенде, мал совхозының іс басқарушысы боп екі жыл істеп келем...

— Тіпті жақсы... Уай оның қай совхоз, жақын ба еді?

— Е, мына «Жылға» совхозы.

Қасен етбеттеп жылжый түсіп, Аманбайдың нығына қолын тигізіп:

— Бәрекезде... Өй, бірдеңе табарың бар ма, жарықтығым! Еттен қурап өлер болдық...

Анау күліп:

— Кешелер кісі боп сұрай алмап едім. О жағын қалай еді, Қасеке-ау?

— Сұрама ойбай... Қызыл көрінсе шұрқырай түскелі, қолында өлгелі отырмыз, Қасымқан екеуміз де. Бар ма бірдеңе... Аз-мұз сорпа ішіп, дүниені бір еске алайық!

Аманбай айналасына қарап ап, қазақ көрінбеген соң батылданып:

— Бары бар еді... Бір қара...— деп үнденкіремей отырып:— бір азғана реті бар. Онысын кейін айтармын, жығатын жер бар ма еді? — дегенде Қасен күліп жіберіп:

— Ойбай, о құрғыр табылады ғой... Ана Қасымқанның пәтері бар... Тіпті біздікі де жарайды. Іс бола ма өзі?

— Өзіңмен ақылдасам ғой... Бір реті бар еді дедім ғой...

— Қашан болады?

— Сөйлескен соң бүгін де боса бәрібір!— деп біраз отырды да.— Ия, іс қалай? Ецбек жанатын ба? Оңалатынбыз ба? Қалай өзі?

— Ой, іс болушы ма еді? Оңалмақтың ауылы алыс, шырағым!— деп салды да артынан Аманбайға қарап ап, көптен көрмегенін, одан бері де талай өзгеріс тууы мүмкін екендігін еске алып:

— Ол әншейін сөз ғой... Тырмысып жатыр ғой... Неге болмасын!

— Бұның қайсысы шының?

— Осы ғой шыным... Аштықта кейде қалжырай салған боламыз!— деп Аманбаймен бірге күліп:

— Рас айтам-ау... Шынында да бұл біздің ақылымыз бен шамамыз жетпей қалған, бойымыздан асып, ұлғайып алған үлкен іс болды ғой...

— Ал мынаны не дейік?

— Бұл бір уақытша қыйыншылық қой... Түзеледі!— деп Қасен бұл әңгімені тұжырды да,— енді әлгіні іс қылайық... Өзің тіпті сол совхоздан қол үзбе. Және тіпті орайына қара да сол Қарағандыға бармай-ақ осы араның өзінде қал... Білдің бе? Жарасбаевқа соны айт. Менің ақылым осы... Тағы сөйлесерміз... Кешке кездесетін болдық қой!— деді.

Аманбай қоштасып жүре берді... Сол кетісімен Жәмила кіріп келді. Аяқтағы ботинканың бәрі батпақ-батпақ... Маңдайынан, екі қасының арасын жара екі ажым түсіпті... Бүгін тіпті айқынданып тұр. Өңі кашып, қуарған... Қасеннің қасындағы орындыққа кеп отыра кетті...

* * *

— Е, немене, жаным? Тіпті өрт сөндірген кісідейсің ғой?— деді Қасен. Өлкелік үлкен кеңсенің таза жарық үйлері бұның тар, кір, ніс-қоңыс, бит араласқан пәтеріндей емес. Стол, орындықтар да істің, еңбектің таза орны. Бұның үй ішіндегі аспабына ұқсамайды. Сол сыяқты Қасеннің айналасында отырған есепші, хатшы, ең аяғы машина басқыш әйелдер болса да шетінен таза киінген. Бас-аяқтары күтімді. Пішіндері, саналы еңбекке берілгендей мағналы, ісшіл. Қиімдері ерекше үлгілі, таза. Олар да базар мен қазан-ошақ арасында сарп ұрып жүріп, жүнжіп шөгіп, қартайып бара жатқан Жәмила емес. Қысқасы салыстырудың барлығы да Қасен мен Жәмилаға жайлы емес.

Соның бәрінің үстіне Жәмиланың ендігі, мына келіп отырған түрі... Жазғытұрымғы күн мен желдің салдарынан беті-қолы да жарылып, қара-қошқылдана бастапты... Күн түсіп тұрған жарық бөлме ол таңбаларын да ашып берді...

Бір кезде Қасен кеңселерге бастық болып, аяқты кердең басатын мықты да, нығыз да болған. Ол күнде әйелін үйінде күтіп ұстайтын. Кеңседе қызмет қылатын әйелдерге Қасеннің көзқарасы біржолата басқа болатын.

Енді уақыт бұл жағынан да Қасенді қағып өткен... Жәмиласы да, өзі де қырға барса мырза, қалада жүрсе төресымақ болған болса, қазір ол ерке күйден ажырап, әлдеқандай бір жаққа қағылып, қақас қалып бара жатыр...

Үлкен Алматы биігі анау тұр... Бұған жылы қарамайды... Үлкен кеңсе мінекей! Бұ да Қасен деп онша елбіремейді, елемейді... Әншейін жабайы көптің бірі.

Өзіне-өзі жаны ашығандай. Жәмиланы аяғандай... Бөтен дүниедегі өздерін, өгей баладай көрді. Соны сезген сайын барлық сыртқы әлемге ызалана, жауша қарады. Қарақан қара бастың қамы мен күйігі кернеді... Жәмиланың халін ерекше ұғынғысы кеп:

— Немене, бірдеңе керек пе еді? Шаршапсың ғой өзің! — деді.

Алғашқы сөзіне үндемей томсара қарап қалған Жәмила енді кішкене жадыраңқырап:

— Қазторгте шолки, тағы жібек тоқымалар беріп жатыр екен. Ақшам да болмады. Сонда да өшіретіне күн ұзын тұрып ем, дәл жақындап қалғанымда бітіп қалды, құрып қалғыры! — деді.

— Бәсе, сөйтпей тұра ма? Бұдан бірдеме алып болушы ма еді? Содан дәме қылып жүргенің!..

— Енді қайтесін, тоқыма киімнен дәнемем жоқ.

— Тұра тұршы сен, Сәлменге хат жазайын. Қазқрай-союзға сондай нәрсе кепті... Трикотаж!— деп қағаз алып Қасен Сәлменге хат жазуға кірісті.

Жәмила дәмеленіп қалды.

Қасен кішкене запискаға қайдағысын айтып, қатты қысылған кісі боп бедел сала жазды да, Жәмилаға ақша беріп жөнелтуге айналды. Жәмила қағазды алып, картоп, оны-мұны салған сумкасын жерден алып тұра беріп:

— Айтпақшы әлгі Сәлімнің мінезін білдің бе бүгін?— деп қайта қарады. Таңертеңгі үй ішінің күрең қабағында, інісінің бірдеңе деп жатқанын құлағы шалып еді. Бірақ қызмет уақыты жақындап қап елемей кеткен. Енді өзінің де есіне түсті:

— Бәсе, немене сол? Не былшылдап жатты таңертең! — дегенде, Жәмила қайта отырып:

— Анау үйдегілерге болысып, солардың сөзін сөйлеген болады. Солардың көзіңше маған тіпті бұртаң-бұртаң етіп ашуланғансыйды...— Қасен ашулана бастап сызданып:

— Е, сенде не ақысы бар оның? Қайдан тапқан ол өнерді?

— Қайдан білейін... кісімсіп кетіпті тіпті. «Өздерің неменесің» деп сөйлейді... сөзінің бәрін.

Қасен осыған ұқсаған мінездердің белгілерін быйыл інісінен әр жерде сезіңкіреген сыяқты еді. Енді айналадағы бұған бөтен дүние бұның үй ішіне де қолын созбақшы... Сол Сәлім пішінінде сыншы боп, қатайып өсіп келеді... Бұрынғы үлгіше үлкен аға боп өсиет айтып:

— Бір үйдің іші, бір әкенің баласы боп, әсіресе жалғасып, септесіп әралуаң жолмен жүрсек те, бір ниетке қызмет етейік!— деген сыяқты сөздің бәрін айта-айта тауысқан.

Сәлім үндемейді де өзіңше қыйқыйып, басқа боп қашандан өсіп барады... Енді бұны қарашы міне...

— Қалжырамасын білдің бе? Айдап тастармын ондай сөзін қоймаса ... Қара мұны, мойныма мініп отырып, енді менің сыншым болғышын! Ауызға ұрып жібер өйте-тін болса!

— Өзіңіз де айтып қойыңыз... Өзіндей оқудағы жігіттер осы талай нәрсе табады. Бұның бірде-бір септігі тимейді. Бір нәрсені сен де мектебіңнен әкеп бер десем өре тұра келеді.

— Адыра қал, белсенді, таза комсомол ғой...

— Мен дүниеқор емеспін дейді. Ауыздағыны жырып беріп отырған біз дүниеқоңыз боппыз. «Стипендия береді мектеп, сонан басқаны алуға қақым жоқ... Оқып жүріп одан басқаны аларлық еңбек істегенім жоқ!» — дейді.

— Жаңашылын бұның... Тапқан адамшылығым сол дейді ғой! Тұра тұрсын мен көрейін оны...

Жәмила бұған ырза болды... Шамасы келсе күйеуін бүгін тәуір тамақпен ырза қылмақ ниетті ойлап еді, бірақ ет жоқ...

— Бірдеңе азық табылатын жер бар ма екен, білдіңіз бе?

Қасен де Жәмила ойының бетін ұғынып:

— Үндеме! Бірдененің басы қайырылатын түрі бар. Кейін айтам... Ана нәрсені алып көр! — деп қағазына қарады!

Жәмила Крайсоюзға беттеп жөнеліп кетті.

* * *

Қасен бірен-саран қағазды енді қолына алып, асты-үстің аударып қарап, оқый қоймай, көзімен ғана жортып еді, қасына Семенов келді...

Ол — партиячейка хатшысы. Қасен біледі. Қымтанып, ісшіл түске міне қойып қамданып алды.

Семенов Қасеннің қасына отыра бере:

— Жолдас Жарасбаев та және партиячейка да біздегі коренизация ісін өнімсіз деп табады... Істеріңіз қалай? Не белгілегеніңіз бар?

Қасен күрсініп ап, қысылып жүрген кісі боп:

— Біз осыны барды салып-ақ ойланып отырмыз... Крайком қаулысы анау! Аппаратымыздың әлі тым құрмаса 10 проценті қазақыланбай жатқаны мынау. Тіпті нанды босқа жеп отырғандаймыз, жолдас Семенов... Ко-

реинизацияға өзгені айтсақ та тіпті мен бюрократша қарай алмаймын ғой... Біз қазақтан шыққан кеңес қызметкері... Шып пейілімен жұмыс ететін мал үшін емес, ар үшін қызмет ететін адамдар олай қарау мүмкін емес қой.

— Ия, әрине, тиімдісін айтыңыз. Дәл істі айтсаңызшы...

Қасен жөткіріп жөнделе беріп:

— Ия, ия, әрине! — дей беріп терезеге қарады... Үлкен Алматы биігі сыздана қарап тұр... «жорт, жорта тұр!» дегендей.

— Ия, әрине іс керек. Бірақ білесін бе, жолдас Семенов? Біздің партия, үкіметтің өзі де біледі... Қазақ қызметкері, әсіресе кеңседе дұрыстап істей аларлық үлкен қызметкер табылуы өте қыйын.

— Төменнен тарту керек. Үйрету керек. Аз уақытта маманданады. Тіпті болмаса бухгалтерліктің, ұйыстырушының, аздаған мамандықтың курстары бар, соларға кісі жіберіп оқыту керек. Орыс қызметкерлеріне қазақ тілін білуді шарт ету керек. Араларында тіл оқу жұмысын ретке бастырсын. Ол өз міндеттері, бірақ соны істеуді де сіз бақылау керек... Осылардан не істедіңіз?

Қасен басында сасыңқырап қалып еді. Өйткені жаңағыдай жасты алып оқытып, төменнен өсіру сыяқты істер мұның ойламаған шаралары. Бірақ бір ырғалып оңалып ап, мыз бақпастан:

— Осы айтқаныңыздың бәрі біздің белгілеп отырған шарамыз. Тіпті партиячейканын ойына да жақсы келген екен... Бірақ бұл күнге дейін жәрдемшім болмады, білесіз. Енді партия жәрдемдесе әрине... Енді тырысып көрейік.

— Бұл шараларға сіз әлдеқашан кіріскен болуыңыз керек?

— Енді, жолдас Семенов, осыдан былай біз де партияны үнемі құлақтандырып, білдіріп тұрайын деп, өзім де бүгін сізге барғалы отыр ем.

— Сонда істеген шараныз қайсы?

— Әзірше бір жағына маман қазақ дайындау ниетіндеміз ғой. Сондықтан... — деп жөткіріп ап, — он студентке стипендия... тағы төрт студентке стипендия...

— Ол белгілі, ол Жарасбаев жолдастың қатысуымен істелген.

— Ия, ия,— деп бұлдырата,— рас, жолдас Жарасбаев біледі,— деп сонда да өз жағына ойыстыра кеп:— одан бері де жергілікті облыстық аппараттарға кісілер ұсынып отырмыз. Осы араға да бірен-сараптап алған болып жатырмыз. Енді партияның беті бұл мәселеде ашық... Іс болады. Бірақ осы жөнде барымызды салып, бірімізге біріміз жәрдемдесіп партияның тапсыруын орындаймыз.

Семенов сөздің бұл түрін қысқартпақ болып:

— Жолдас, енді бұл күнге шейінгінің бәрі бос сөз болған. Қай жолмен қандай шара істемек боласыз, сол туралы нақ тұрақты жоспар жасаңыз. Екінші әрбір он күнде осы жөнінде, барлық істеп келе жатқан ісіңіз жөнінде бізді де хабарландырып тұрыңыз! — деп жүріп кетті. Қасен қалбақтап:

— Құп-құп... Пәлі, тіпті жақсы болды мұнысыз... Жақсы! — деп Семенов бөлмеден кеткенше алғыс айтып, дән ырза болған кісі боп қалды.

* * *

Сәлім таңертең Жәмиламен қағысқаннан кейін сабаққа — вузға кеткен еді. Күндегі сабақ бар, комсомол ячейкасының нағрузкесі, профком тапсырмалары бар — соның бәрі бұның уақытын лық толтыратын. Коридорда, сабақ-сабақ арасында, столовойда, кешкі жынылыстар арасында немесе студенттер общежитисінде бітіп, тынып қалатын міндеттері де болады.

Дені сау, қайраты, екпіні мол. Жалғыз-ақ ұйқысы қанып тұрса болды. Пенжекті желбегей салып, шашын бұдырата сілкіп тастап айнымайтып, аумайтын көңілді пішінмен істерін істейді. Ісі бар, сөзі бар адамдарды кез келген жерде ұстап алып, біріне жұмыс тапсырып, біреуіне жөн үйретіп, біреуімен дауласып қалып... Елгезек қажымас, қайтпас шабушының міндетін ада қылады.

Бүгін күн де сондай тынымсыз, сансыз көп міндеттің күні еді. Қажыдым демес еді. Бірақ уақыт, уақыттың қысқалығы, еңбек күнінің шолақтығы қажытады. Арасында сабақ.

Осындайдың бәрінің ортасында жүріп үйдегі тұрмысы, аға-жеңгесі және ана қырдан келген туыстарының халі, мінездері дегеннің бәрі бұны бүгінге шейін көп шұғылдандырмап еді.

Кеш келеді... Төсегінің қасына орындық әкеп соған

лампаһы ҡойып, ауыз үйде ҡитап оқыйды. Күндіз болса сабаҡ бітісімен столовойдан тамаҡ ишіп, вуз айналасында жүріп калады... Кейде общежитиедегі жолдастарға да қона кетеді.

Бірақ Сәлім енді бала емес. Өзі менгеріп жүрген істердің ішінде талай үлкеннің қолынан келмейтін қыйындары да бар.

Ол әлі кеңседе істеп көрген жоқ. Бірақ кеңсеге керек ұйыстырғыштық ішкілік, екпінімен өсіп кететін тапқыштық бәрі де бұнда көп. Әсіресе осының бәрінің үстіне өз-өзіне сену күшті. Қай нәрсені алса да жалтақтамай, іркілмей маңдайымен жара қыймылдайды, батыл кіріседі. Өз ішінен: кеңседе істеп көрмесем де бір бюрократтан кем істемеймін деген сенімі ілесе жүреді.

Қырдағы аға-жеңгелері келгелі 15 күндей болып еді. Оларды шақыртып қасына алдырудан Қасен қашқалақтаған-ды. Бірақ Сәлім алыста жатқан ауру-сырқау жайларын ұғып, Қасеннен адрестерін ептеп алып, хат жазып жіберген. «Келіндер, бірге көреміз» деген. Оларды бұл жете білмейді. Бірақ балалық күнінен шалалау сақталып қалған бір елес — аға-жеңгесі Қасеннен қатты қайымығатын. Сонымен бірге оны төбелеріне көтере күтетін. Жүрісін, тірлігін медеу қылатын. Елге Қасендер келеді десе алдын ала:

— Қасен, Қасен, төрем... Төрем келеді! — десіп ауыл, ауданға да мақтан ететін... Сол аға-жеңгенің қолында қырда өскен Сәлім 10—11 жасына шейін Қасенді аналарынан да бетер аспандата, сағымдандыра түсінетін.

Өзгеде жоқ аға, ерекше аға бұнда бар. Ол Сәлімді оқытады, өзге бала көрмегенді бұл көреді... Ағасы ел ішінің үлкендеріне бай-бәйбіше, үлкен қарияларына құрметті аға.

Қатын-қалаш арасында Жәмила да бір ертегі болатын. Киімі бөлек, қалпы басқа.... Қызықтырады. Бірақ құлаш жетпес алыста. Әншейінде ауылда көптің бірі боп, құба төбел боп жүретін аға-жеңгесі, Қасендер келгенде қойылаып, айбаттанып кететін.

Қасеннің елге келуі жырдай еді... Сәлім басында осының шұғыласына мас болумей өсті. Ағасының қасына отырып, қыдырса жанына еріп, немесе көптің көзінше кейде Жәмиланың алдына отырып та калады... Сынамайтын, талғамайтын күшінде бұл жайлар Сәлімнің еркін алған хал болатын.

Содап алған қалтаға кен оқпн бастағанда да, талай жылдар Қасеннің ығында жүрді. Сынап қарап көрген емес. Міні бар шығар деп әсіресе ойламаған. Осыдан екі жыл бұрынға шейін болған күйі осылай еді.

Сол бұрынғы тексермеген, сынамаған балалық түсініктерінің көбіне соңғы екі жыл жарықшақ кіргізе бастады. Екі жылда да Сәлім ағасыныңкіне емес общезитиеде тұрған. Сол уақытта вуздың екі жылдық сабағын оқыды. Быйыл үшіншіге шықпак.

Қыс оқуда, жаз колхоз, совхозда практикала болып жүрді. Мамандық білімін ауылдағы көп жапалыкпен байланыстырып, тәжірибемен өсті. Ағасыныңкіне екі жыл ішінде ұзағырақ көп тұрғаны осы соңғы бір ай еді. Жазға салым общезитиенің отыны азайып, тұрмыс қыйындап, оқуға бөгет шыққан соң келген еді.

Және ертерек кездегі балалық шағының естегілері де бұрынғы ескі ұясы сыяқты болған орынға тартқан-ды.

Бұл бір уақытша, өзіне есеп бермей бой ұра кеткен сезім. Бірақ осы соңғы бір ай, әсіресе қырдағы үлкен аға мен жеңге келгеннен бергі 15 күн Сәлімге Қасен мен Жәmilаны шындап таныта бастаған.

Бүгін таңертеңгі оқыйға сыяқтылар осының алдында да бір-екі рет болып өткен. Әрқайсысының кезінде Сәлім: «не болған өздеріне?» деген сыяқты бірқалыпты сұрақ қоятып.

Онысы Жәmilаға әншейін бір күнкіл есепті, оны да, Қасенді де ойландырмайды. Екеуіне де дарымайды. Бірақ Сәлімнің өзі үшін осы болымсыз сұрау емес! Күннен күнге ішінде өсіп, ұлғайып кернеп келе жатқан сұрау. Көбінесе сыртына шығарылып айтылумен қатар, өз ішіне өз-өзіне берген сұрау да сыяқты.

Плитадан құлаған табақ жайы емес. Сондай боп құлап күйреп бара жатқан «аға-жеңге» дүниесіне, ескінің дүниесіне қарап тұрып, еті тіксініп, жатырқап тұрып берген сұрақ. Сәлім үшін алыста қалған, жат мағнасыз нәрсіз күйкі бір дүние бар тәрізді.

Сондықтан да бүгінгі қақтығу оған, үй ішінің ғана жыбыры емес. Екі бетке шығып қалған, екі жағаның адамының көз қарастары сыяқты.

Қасен кеткеннің артынан, көп кешікпей вузға қарай Сәлім де кетті. Бірақ бүгінгі көңліңде жол бойы ескеріп қарауында алдынан ылғи ағасы Қасен көлденеңдейді де тұрады.

Еріксіз соны тексеріп, сынап өтті. Енді бұрынғы балалық сағымның бәрі кеткен. Көз алдында Қасен біртіндеп-біртіндеп тонала бастады.

— Оқыған десем... бұрын білгіш көрсем... Жаңылыс! Ешбір жайдан бірде-бір іргелі тұтас білімі жоқ. Оның үстіне ешуақытта кітап қарастырмайды. Ілгері баспаса кейін кетпекші емес пе еді? Онан соң Маркс, Ленин жүйесін, диалектиканы оқып па? Ол кездегі оқуда бұлар жоқ. Оны бүгін ғана білуге болады... Ол, жүйе жөніндегі наландығы. Және тіпті жалғыз жүйе ме екен?

Бұрын атақты, «көпшіл, қамқор, ақ жүрек» деген бірдеме-бірдеме сөздер Сәлімнің есіне түсті. Осыны елде Қасенді жағалаған атқамінерлер айтатын еді. Үзік-үзігі есінде қапты.

— Е, бұрын кім үшін, не жайда атақты болдың?... Мәлім! А, қазірде атакты деген ат үйлессе — атакты врачанамысың? Бұрын аға-жеңге, іні, немере... Ауыл айналага да боса «жақсы кісі» атанам деген талабы бар сыяқты еді. Бүгінде плита мен қазан-ошақ. Индегі суыр!.. Қарақан кара бастың, жаман құлқынның «санашылы». Айналаның ұлы жапалық, алып туындыларының бәріне таңертеңгі шай, түстегі — тамақ, сатып алған табақ, чулки, бұйым тұрғысынан карайсын... Осының бірде-бірі туралы наразы болсаң, астау тепкілейсің, ә? Социализмді қарғап-сілейсің!

Басқан сайып өз сыны дөп тиіп жатқанын сезеді. Әрбір талдауы Қасен мен Жәмиланы жаныштап, ұрып жатқан сыяқты. Бізалана ойланады, аяғы шапшаң басылып кетіпті, жұдырығы түйілген, қабағы да түксиңкіреп қалыпты.

Жалғыз Қасендер емес... Бұл өзінің де кейбір артқы күнін шенеу... Осы күнге шейін сынамай, талғамай, әлдепеден «тәуір еді-ау» деп жүрген балалық дәуірі, Қасеннің ығында өткен дәуірі бар емес пе? Соның жылтырауық қабығын енді өз қолымен сындырып, аямай лактырып келе жатыр...

... Жылтырауық қабық бәрі де!.. Оның аржағы, шыны, дарашылдық... Мещандық. Ескі дүниенің «социализм құрылысына қарсы бол! — деп тастап кеткен құнсыз қайшылығы.

— Социалық құнсыз болғаның сондай жақсы болар ма қайта? Сені көріп «қыймайтын ескім мынау ма?» дсу

үшін! «Сол күнгі тарихың, кісің осы ма?» — деп нұсқап көрсетіп жиреніп торығу үшін де болса керек шығарсың сен әлде!..

— «Ей қалшы арман!»..— деп қолын сілтеп қалды... Вузға жеткен екен. Қолындағы тезистері есіне түсті.

Бүгін физматтың балаларымен полит бой!

Рас, осы ойлардың казіргі мәселе үшін керекі де боп қалар. Адам санасын қайта түзету... Жаңғырту. Қалдықтармен алысу! Тұра тұр.

13-ші аудиторияға келді.

Екі топ та жыйналған екен. Бір топтың мықтап сенген комсомолының бірі Сәлім.

Мәжіліс басталды, мәселе жазулы тұр. Тақырып та сұрақтары да тіркелген. Қызылға бояп үлкен жазумен асықпатып қойған тақырып: «Біздің партияның ұйымдас-тыру негізіндегі жаңалықтар» дейді.

Сұрақтарға алғаш жауап беріп өтетін физмат тобы. Орталарынан ең әуелі Сәлімнің өзі құрбылас бір комсомол шықты. Ұзын қара шашып ортасынан жара қайырған. Ашаң сұрғылт жүзі бар. Өзіне өзі сене сөйлейді, тақырыптың негізгі мәселесі етіп — «политотдел» жайын баян етеді...

Кездескен екі топтың оқушылары қағаз-қарындаштарын қолына алып кейбірі қысқа-қысқа белгілер жасайды. Тегіс зор ықласпен тыңдайды. Бәсеке жарыс емес. Қызба-таластың да ажары емес. Білмек, ұғынбақ, көптеп отырып тереңдеп түсінбек, ғылымның көп инесімен құдық қазбақ.

Алғашқы студенттің артынан сол топтың екінші, үшінші адамдары шықты. Бірінің бірі кемдіктерін толтырды...

Сұраққа кезек берілді. Сәлім сұрақ берген жоқ... жолдастар негізінде көп қателескен жоқ. Бірақ оқығандары көп нәрсе емес. Молырақ, тереңірек әзірлене алмаған. Сондықтан әрбір негізгі жайларды қорытып тұжырып айтқан жерлерінде тиімді дәл қып тұжыра алмайды. Астың-үстін кете береді. Кейде шұбалаң, ұғымсыздау! Кейде тым шолақ, жеткіліксіз.

Өз тобының кейбірі «полит бой» дегеннің сыртқы түріне бой ұрып, аналардың жанағымдай олқылықтарына күліңкіреп, кіжініңкірей түскені байқалып еді... Қасында отырған біреуіне Сәлім:

— Бұл маңызды оқу деп біл... Балуан күрестіріп отырғамыз жоқ,— деп қойды...

Сұрақтардың ішінде бұлар тобының бір баласы:

— Политотдел күшті ме, райком күшті ме? — деген бір сөзді сұққанда бұл уақытқа шейін салмақпен төмсарып отырған топ ду күлді. Алғашқы баяндамашы күле тұра жауап бермек болып еді, бірақ жауабы: шын сол күштілік, салмақтарын салыстыру бетімен кетті. Мәжіліс тәртібі бұзылып, әр жерден жапыр-жұпыр сөз шығып сұрақ беруші, бірен-саран дау айтушылар да болып қалды.

Алғашқыны екінші, одан үшінші жолдастар түзейміз деп кірісті. Бәрі де репликаға жауап беріп немесе алғашқының бетімен кетіп мәселе жаңылыс түсініктерге қарай шалқыды.

Осы кезде Сәлім сөз сұрап ап:

— Жолдастар, олай емес! — дегенде екі жақ та қайта тынды. — Сұрақты қайсысы күшті деп қою да кате... Оған: анау әлсіз, мынау күшті деп жауап беру де теріс... Бұл — болыс күшті ме, би күшті ме, — деген есепті. Екеуін екі бөлек жақ қып түсінуге болмайды. Бұл екеуі менің ойымша диалектикалық бірлікте, — деп сол пікірін бір дәлелдеді.

Екі топ та осының алдында азғана ала жарқын болған қалпынан кетіп, бұрынғы ісіл-ыштымақты, тізелес топтың күйін қайта тапты.

Содан әрі Сәлім баяндамаларға сын бере отырып: «политотделді» партияның, үкіметтің неге жасағанын толықтырып айтып кетті. Тыңдаушылар аздан соң, тауып айтқан жерлеріне, тиімді пікірлеріне сүйсініп күліп, жалдырап қат отыратын болды. Бара-бара екі топ екенін де, жігін де ұмытқандай болды.

Сәлім оқып зерттеп алған мәліметтерін түгелдеп кеп ең аяғында: «Политотделдің тағы бір зор міндеті — ауыл мен қала арасындағы айырмашылықты жою еді ғой. Соны жойғанда салт-сана, мәдени жолдағы тәрбиені өсіріп отырып, адам санасындағы ескі қалдықтарды күртү. Ол қалдықтар қалала бір көп болса, ауыл-поселкеде онан да көп, онан да әрі ыеше алуан. Партияның тартуға алатын үлкен ауыр участогі ауыл түсініктері. Соны сол сонан алыс көмбедеп тартатын міндетті, сенімді тартушының бірі осы «политотдел» болу керек деп білемен! — деді.

Сәлім пікірлері, сөздері ішкі қалпымен, сыртқы түрімен де топқа әсерлі, көрнекті боп сезілді. Жыйылыс

тарап, жолдастарымен сөйлесіп шығып келе жатқанда, сөз арасында Сәлім:

— Бағанағыны толық пайдалана алмадым-ау... Керек еді-ау! — деп іштей есіне алып өтті.

* * *

Түс ауа Жәмила үйге қайтты. Күн ыстық, көше шап, пәтері қала ортасынап қашық, шетке жақын. Танертеннен сарп ұрып базарда, ширет-ширетте қақтығып жүріп қажыған. Оның үстіне Қасеннің запискасымен Крайсоюзге барып, күні бойы зарығып Сәлменовты күтті. Барған кезі 12 шамасы еді. Бірен-сарап кісіден сұрағанда: «баскарманың жыйылысы», «сонда отыр» деген. Ондай жыйылыстың ұзактау болатынын Жәмила қайдап білсін. Көріп, жолығып кетпек боп, тұрып қалды. Жыйылыс созыла берді... Бір сағат, біржарым сағат өтті. Тастап кетейін десе бір-ақ есіктің аржағында жап-жақын жерде Сәлменов отыр. Береме, бермей ме? Бірақ қалайда ол бір мүмкіншілік. Шолки, трикотажд ала қалса, ол да бір кіріс. Қызмет қылмайды. Табар табысы жоқ. Үйші боп киіну, ішіп-жеу, тұрмысын дұрыстау жалғыз Қасеннің ғана міндеті емес. Жәмила да бірдеме тауып, оны-мұны кіргізу керек. Өзінде аяққа оралар бала жоқ. Сондықтан әр күні осындайдап, не ширеттеп, не базардан бірер бұйым, бірер азық тауып қайтса тыныштықты сонда ғана алатын.

Күйеуінде кеңседен алатын жалақыдан басқа сырт табыс жоқ. Әр кезде ақша аздығы да арқаларына бата жүреді. Сол себепті үйішінде пұл жағы тыйынға шейін санаулы. Бар нәрсесінде есеп. Жыйынып-терініп кеп андасанда амалсыз керек болған бір нәрсені, айында бірлі-жарымды ғана ала алады. Мысалы, бағана плитадан құлаған үлкен табақ, әттең соның күйігі-ай! Бұл халдер Жәмиланы ширеттен ширетке, кеңседен кеңсеге, таныстан-танысқа айдайтын қуғыншының бірі. Үзіп-жұлып алып қалу. Қасен екеуінің тілінше: «орайын қағыстыру». Сонымен Сәлменов сыяқтыларды айналдырып жабыса, жалына тілек қылып арзанға алып қалу — Жәмила қарекетінің ең зоры.

Бұл есепке ол әбден ысылған. Кейде кеңседен емініп алып, ертеңінде базарға ұстап бағалы етіп сатуға болады. «Орайын қағыстыру, есебін табу» жөнінде тегінде Жәмила да, Қасен де ұяла қоймайтын болған.

Кей күндері екі жерде екі пәрсенің орайы кеп қалып ширет бөгейтін болғанда, Жәмила ширетте тұрған өзге қатын-қалаштың шарай тобын алдап, жақауратып, ұрланып ширетсіз кіріп кетуді де талап етеді. Бұнысы кейде іске асқанмен, кейде ұсталып қалса артисше байқамаған, білмеген, тіл ұқпаған надан меңіреу бола қалып құбылуды ойлайды. Кей ширетте омырау, қара құрық керек. Біреуді біреу баспалап, итермелеп, сығылысып кактығып жатады. Жәмила ондайда қақас қалып, еседен айрыла қоймайды. Өтірік айтып, ұятсыздық қылса да тырмысып, тіс-тырнағымен жабысып көреді. Сондай-сондай мінездері көптің көзіне түсіп қалып, тентектігі білініп, екі-үш ширетте жұдырық жеп қалғаны да бар.

Әсіресе бір ұйғыр әйелінің бұны көпке әйгілеп, кіналап алып, шуылдап боқтап, ұрсып жатқан көп қатынның көзінше кеудеден «ыңқ» дегізіп бір ұрғаны әлі есінен кетпейді... Бірақ оған шыдап, оған көнбесе, тамар жоқ. Өздігінен дүние келе ме? Осымен кейде алдайды да, кейде қымқырып ұрлап жібереді. Кейде ұялатын жерде ұяла алмай жуан мойынмен көтере кетіп, қайта оңалып алады. Тағы сондайын істейді... Бұл жөнде Қасен екеуі үндемей ұғысалды. Үндесетін де немене бар? Бір тілек — бір білек. Қас-қабак, ыңғай-шырай осындайда ұғыстырмаса неме керек? Қысқасы Жәмилада жаңағы күйлер — соңғы жылдардың моралі, мінезі болған. Нәтижеде «болыр бір фәрләдән, юз фәрлә биіжайді» көрсен енді көрсер ең!..

— Үйде обед те дайын емес... Япыр-ай, шыкпады-ау!.. Тоссам ба, тоспасам ба?.. Тоспасам шолки, флатие!.. Құрғыр-ай түге... Не ғып қадалып қалып еді!.. — Бәрібір кете алмады.

Ақыры Жәмиланы сарғайта-сарғайта кеп бір заманда шыққан еді Сәлменов. Бірақ шыққаны бар босын. Амандасқан, жәй-күйін сұрастырған, қалжақтаған боп келіп, Сәлменов:

— Әлі баға қойылған жоқ. Өзім хабар етейін! — деді...

Жәмила қынжылып:

— Апыр-ай, сонша күтіп ем... Бір есебін табарсыз деп ем? — деп қадалып көріп еді, Сәлменов кете беріп:

— Шын айтам, әзір ешкімге де сатылмайды! — деп тұжыра жөнелді... Жәмила артында қала беріп ең соңғы рет:

— Осыдан құр қалдырсаңыз енді қыйын-ақ...

— Жарар... жарар!

Сонда да ұзап қалған Сәлменовты қуалап айтқан сөзі:

— Ең болмаса Рахилаға алған сыбағаныңдың жарымын! — деп қала берді. Анау үндеген жоқ. Үйге келе жатып шаршап, шалығып Алматының көшесі мен пәтердің алыстығын қарғап-сілейді... Тізесі бүгіліп, кеудесі еңкіштеніп өрге таман асыға басып келе жатқанда аяғы біресе калың майда топыраққа бүрк беріп кіріп кетеді. Немесе тас жайған жердің шодырайып тұрған шошақ тасына қақтығып кетеді. Желіп келе жатып томашаға сүрінген арық аттай тапыр-тұпыр етіп күрс беріп, жығылуға айналып қалады. Жұлын тұтасы үзіліп кете жаздағандай болады.

— Ой, адыра қал, адыра қалғыр қу немесі! — деп әлденеге кіжініп, тістеніп ап, зәрін шашады. Маңдайынан өткен ыстық күнді де қарғайды. Сонымен күйіне-бүліне үйге жетті. Қызметтен қайтқан Қасен теріс қарап бүктүсіп, ас күтіп жатыр. Үйге келгенде ол ауыз үйден сызданып, қабағын қарс жауып түйіліп өткен. Аға-жеңге үйді сыпырып, тазалап, күйбең-күйбең бірдеме істеген боп жүр екен. Олармен сөйлескен жоқ. Барлығын сезбей, елемей өтті. Жәмила келгенде аға-жеңге жалтаң етіп, пішініне қарап жіберіп, именген көздерін қайта төмен салып еді.

Келін түйіліп томсарып жүріп примус жақты. Қайнаға таңертең келіннен есіткен қатаң сөздерді амалсыздан жұтып, бойына сіңірген еді. Енді ұрысқан кісідей үнемі түнеріп отырудың бабын таба алмады. Дәнекер де, тетіктің бәрі де келін қолында көрінеді. Ол тағы бар.

Қасен болса бұлар келгенде алғашқы күн біраз сөйлескен болды да, артынан әңгімелесуді де қойды. Соңғы он күн ішінде бір ауыз жауап та қатқан жоқ. Сонымен келіннен жылырақ шырай күткен дәмемен:

— Қарағым, келін,— деп жанынан бағанағы табақтың сынғандарын алып шығып,— мен мына табақты әлі де іске жарайды деп тұрмын... Өзі үш-ақ бөлінген екен. Міне қыбы мынау! — деп Жәмиланың түсіне қарады. Жәмила ескі жарасын еске алып, тұтанып тұр екен.

— Өзің ертең біраз ақша берсең, мен өзім базарға апарып, бір-екі жерден мыс шегемен ұстаттыра қойсам деп...

— Енді алдап-сулап ақша қағыстырайын дедіңдер ме? — деп теріс айналып өз-өзіне сөйлеген боп тұлан тұтып жүріп Жәмила:

— Сендейлер бес тыйындық нәрсені он тыйын деп,

арасынан пайда қағыстырады. Ендігі ойлаған есептерін со ғой... Жырып жемеген күнің болушы ма еді түге! — деп есікті тарс еткізіп жауып шыға жөнелді. Қарсы алдынан дәл осы кезде Сәлім кіріп келе жатыр еді. Ол аңырып, жол беріп тұрып, Жәмила шыққан соң үйге кірді.

Түсі жалдырап жайнаған, ашық. Көлеңкесіз көңілді күйде. Бұл жол бойы Алматыдағы көктем күн мен табиғатқа ерекше бір сүйсініп тамашалай келіп еді.

Жас, сау денесі бұлтсыз ашық шағырмақ күнге де еміренеді. Әлі шаң баспаған, ашық жасыл түске боялған ұсақ, жас жапыраққа да түшіркенеді. Зәулім биік сұлу теректерді өрлей бітіп, жамырап қаулаған уыз жапырақтар көше бойына қарағанда тіп-тік жапырақ жардай. Миуәлі жасыл таудай көрінеді... Неткен сұлулық. Аяқ астында, басы қарлы биіктерден аққан мөлдір сулы тас бұлақтар ойнайды. Арық емес, ақын айтқан мұз бұлақ. Еріксіз күйге, жырға тартады. Өрік, алма, сирень ағаштарының ерте шыққан, ақ түсті ақшыл, қызғылт түсті... көкшіл-қызғылт түсті гүлдері көрініп қалады. Кейбір түптерде, саяда отырып үзілте шыйратып сыңғырлап толғап қалған бұлбұл үндері жара жөпеледі.

— Қалай біздің көктем?.. Өзгесікі емес, анық даусыз біздің көктем! — деп Сәлім бір омырау екпін, ағып сезді...

Жүргінші аз, шаңсыз көшемен келе жатып кеудесі толғанша дем тартады... Неше алуан әдемі иістердің жібек талдай ағымдары үзіле-үзіле келіп ішіне енеді. Осындай күймен кеп есікті ашып жібергенде, алдынан таңертеңгі Жәмила тағы атқуылдай шықты. Төрге қарай баса беріп үлкен жеңгесіне қарап:

— Жеңеше, пемене, әлі қоймай жүр ме? — деді.

— Қалкам, кенжем, тіліңді тыңдаушы ма еді! Жәмилаға қой десенші, әдейі ме? — дегенде күйеуі бұның сөзін бөліп:

— Мына табақты жамауға болады ғой... Ақша берсен жаматайын деп едім... Мені ақша ұрламақсың дейді! — деп басын шайқап күрсініп, — бөтеннен де естимін деген сөзім емес еді! Өз туған келінімнен... алақанға сап аялаған Жәмиладан, амалын бар ма?..

— Туған келін, кешегі мына кенжемнен, төремнен бетер көрген балам, бауырым деген Жәмила! — деп жеңге кемсендеп жылап жіберіп, көзін жеңімен сүрте отырып, —

кұрып қал дейді, ұры дейді. Мені былай қойшы, сақалды басымен мынаған!..

Сәлім бұл екеуінің халін ұғып, жайларын түсінді. Түсінеді, бірақ бұл бір орыннан тіпті тапжылмаған, қаймағы бұзылмаған жабайы дүние... Өткен ғасыр... Сәлімге жала-сы жоқ. Бұнымен бір ортағы жоқ, алыс ескілік.

— Сіздер әлі баяғының соңында. Ол орыннан жұрттың бәрі кеткен... Қайда кеткенін өздері білмесе де, бұлар да! — деп төргі үй жақты көрсетіп, — әлдеқайда өзге болған. Ә, сендер баяғыны айтасың...

Ана екеуі түсінген жоқ... Аға, Сәлімге қарай еңбектеп сыбыр араластыра сөйлеп:

— Сәлім, жөнін түсіндірші. Әлде ақша, тамағы жоқ па екен? Азғана асына ортақ болып, жұттай тиіп отырма екеміз? Жөндерін айтпайды. Тіл қаппайды... Сол шығар әлде?

— Жоқ, ол емес, екеуден екеуі паектері жақсы. Запастары мол... Бос жылана береді, — деп Сәлім нығап сөйлеп, — сендердің маңайлағандарыңды сүймейді. Тамақтарынан бөліп тастап, осы ауыз үйге ішкізіп отырғаны бейілінің дұрыстығынан деймісін?

— Рас... рас! — деп, аға басын изей бергенде Жәмила қайта кірді. Мынау тына қойды. Бірақ Жәмила бұрынғысынша әлі тұтанып жүр екен.

— Жұмыс қылуға жарайды... Іздегендері қу құлқыны ғой. Неге еңбегіне жалынбайды... Тағы кеп масыл боп, жұттай қысып... — дегенде Сәлім мырс беріп, мысқылдай күлді:

— Немене, Жәмила? Ауырлап жүрсіндер, батып жүр, ә?

Жәмила ереуілдей қоя берді.

— Ал, ие, батып жүр. Не демек боласың?..

— Тамағыма ортақ болды... Шығынға батырды дейсің, солай ма?

— Солай дегенде қайтпекші ең? Біз емей сен шығындап отырған шығарсың.

— Қалай құтылудың амалы табылады дейсің, солай емес пе? — дегенде Жәмила шатынап ашуланып айғаймен сөйлеп:

— Тәйт сандалмай, сен менің сыншым боп отырсың ғой, жетіскен немемсіп!

— Қандай азғансың, қандай кіп-кішкене боп, ұсақ боп кеткенсіндер?

арасынан найда қағыстырады. Ендігі ойлаған есептерін со ғой... Жырып жемеген күнің болушы ма еді түге! — деп есікті тарс еткізіп жауып шыға жөнелді. Қарсы алдынан дәл осы кезде Сәлім кіріп келе жатыр еді. Ол аңырып, жол беріп тұрып, Жәмила шыққан соң үйге кірді.

Түсі жалдырап жайнаған, ашық. Көленкесіз көңілді күйде. Бұл жол бойы Алматыдағы көктем күн мен табиғатқа ерекше бір сүйсініп тамашалай келіп еді.

Жас, сау денесі бұлтсыз ашық шағырмақ күнге де еміреспеді. Әлі шаң баспаған, ашық жасыл түске боялған ұсақ, жас жапыраққа да түшіркенеді. Зәулім биік сұлу теректерді өрлей бітіп, жамырап қаулаған уыз жапырақтар көше бойына қарағанда тіп-тік жапырақ жардай. Миуәлі жасыл таудай көрінеді... Неткен сұлулық. Аяқ астында, басы қарлы биіктерден аққан мөлдір сулы тас бұлақтар ойнайды. Арық емес, ақын айтқан мұз бұлақ. Еріксіз күйге, жырға тартады. Өрік, алма, сирень ағаштарының ерте шыққан, ақ түсті ақшыл, қызғылт түсті... көкшіл-қызғылт түсті гүлдері көрініп қалады. Кейбір түптерде, саяда отырып үзілте шығратып сыңғырлап толғап қалған бұлбұл үндері жара жөпеледі.

— Қалай біздің көктем?.. Өзгенікі емес, анық даусыз біздің көктем! — деп Сәлім бір омырау екпін, ағыш сезді...

Жүргінші аз, шаңсыз көшемен келе жатып кеудесі толғанша дем тартады... Неше алуан әдемі иістердің жібек талдай ағымдары үзіле-үзіле келіп ішіне енеді. Осындай күймен кеп есікті ашып жібергенде, алдынан таңертеңгі Жәмила тағы атқуылдай шықты. Төрге қарай баса беріп үлкен жеңгесіне қарап:

— Жеңеше, пемене, әлі қоймай жүр ме? — деді.

— Қалкам, кенжем, тіліңді тыңдаушы ма еді! Жәмилаға қой десеңші, әдейі ме? — дегенде күйеуі бұның сөзін бөліп:

— Мына табақты жамауға болады ғой... Ақша берсен жаматайын деп едім... Мені ақша ұрламақсың дейді! — деп басын шайқап күрсініп, — бөтеннен де естимін деген сөзім емес еді! Өз туған келінімнен... алақанға сап аялаған Жәмиладан, амалын бар ма?..

— Туған келін, кешегі мына кенжемнен, төремнен бетер көрген балам, бауырым деген Жәмила! — деп жеңге кемсендеп жылап жіберіп, көзін жеңімен сүрте отырып, —

құрып қал дейді, ұры дейді. Мені былай қойшы, сақалды басымен мынаған!..

Сәлім бұл екеуінің халін ұғып, жайларын түсінді. Түсінеді, бірақ бұл бір орыннан тіпті тапжылмаған, қаймағы бұзылмаған жабайы дүние... Өткен ғасыр... Сәлімге жала-сы жоқ. Бұнымен бір ортағы жоқ, алыс ескілік.

— Сіздер әлі баяғының соңында. Ол орыннан жұрттың бәрі кеткен... Қайда кеткенін өздері білмесе де, бұлар да! — деп төргі үй жақты көрсетіп, — әлдеқайда өзге болған. Ә, сендер баяғыны айтасың...

Ана екеуі түсінген жоқ... Аға, Сәлімге қарай еңбектеп сыбыр араластыра сөйлеп:

— Сәлім, жөнін түсіндірші. Әлде ақша, тамағы жоқ па екен? Азғана асына ортақ болып, жұттай тиіп отырма екеміз? Жөндерін айтпайды. Тіл қаппайды... Сол шығар әлде?

— Жоқ, ол емес, екеуден екеуі паектері жақсы. Запастары мол... Бос жылана береді, — деп Сәлім нығайтпай сөйлеп, — сендердің маңайлағандарыңды сүймейді. Тамақтарынан бөліп тастап, осы ауыз үйге ішкізіп отырғаны бейілінің дұрыстығынан деймісің?

— Рас... рас! — деп, аға басын изей бергенде Жәмила қайта кірді. Мынау тына қойды. Бірақ Жәмила бұрынғысынша әлі тұтанып жүр екен.

— Жұмыс қылуға жарайды... Іздегендері қу құлқыны ғой. Неге еңбегіне жалынбайды... Тағы кеп масыл боп, жұттай қысып... — дегенде Сәлім мырс беріп, мысқылдай күлді:

— Немене, Жәмила? Ауырлап жүрсіндер, батып жүр, ә?

Жәмила ереуілдей қоя берді.

— Ал, ие, батып жүр. Не демек боласың?..

— Тамағыма ортақ болды... Шығынға батырды дейсің, солай ма?

— Солай дегенде қайтпекші ең? Біз емей сен шығындап отырған шығарсың.

— Қалай құтылудың амалы табылады дейсің, солай емес пе? — дегенде Жәмила шатынап ашуланып айғаймен сөйлеп:

— Тәйт сандалмай, сен менің сыншым боп отырсың ғой. жетіскен немемсіп!

— Қандай азғансың, қандай кіп-кішкене боп, ұсақ боп кеткенсіңдер?

— Сын сенің не теңің? Қолыңнан бірдене келсе сына-саңшы! Өзің масыл боп отырып.

— Қой, олай деме, масыл емеспін саған!

— Масыл емеспін? Ендеше неге кеп жүрсің?

— Сенің бірдемеңмен пайдалану енді маған ар, біле-сің бе?

— Ойбой, жетіліпті ғой!— дей бергенде төргі үйден Қасен атып шықты. Қанын ішіне тартып ежірейіп алған, Сәлімге тіксініп:

— Сен не сандырақтап жүрсің әй, осы, кісімсіп?

— Мен сандырақтаудан аманмын. Біз сандырақтамаймыз тегінде, жөнді айтамыз! — деп салмақпен жауап беріп ағасына қарады. Қымсыну жоқ, үлкен нығыз сабыр бар бойында, тең көрмегендей... Қасен осыны түсініп бір-қатар үн қата алмай, қалшылдап, көзін алартып тұрып, аяғында жұлқынып жұдырығын түйіп қап, сөз таба алмай тұтығып:

— Үйтетін болсаң аулақ кет менен! — деді. Әншейінде өзге жерде шығара алмайтын ызасы қазірде барынша сыртқа қарай керней жөнеліп еді.

Сәлім түк селт етпей:

— Тіпті жақсы, мен өзім де кеткелі отырмын... Бірге болуым өзі де мүмкін емес!..— Қасен бұрынғысынан да булығып сөз таба алмай:

— Мойныма мініп отырып! — деді.

Сонда Сәлім атып тұрып:

— Өтірік! Жәмила айтсын оны. Тым болмаса сен айтпасаңшы... Бұ күнде сендердің есең кетіп отырған жоқ менде... Жалған айтпа... Бірақ бітті, болды енді. Ақмақ болғам мен! — деп қайтадан сабырлы салқын күйіне кеп,— бірақ жақсы болды енді бұл... білдім. Таныдым бәрін де! — деп төсегін жыйнастыра бастады.

Қасен ішінен:

— Мынау қайтейін деп жүр! — деп енді есі кіріп қорқақтай бастағанда, бағанадан ыңғайсызданып отырған аға:

— Қарақтарым, қойсандаршы, бір ата-ананың баласы едік қой,— дей бергенде Сәлім:

— Сөз шығын қылмаңыз... бітті... Халас! — деп кепкесін басына киіп алды. Менсінбеу Қасенді қайта қоздырды. «Өлсем де енді бәлем-ай» дегендей.

— Алған тәрбие-тәлімін!.. Болдым-жеттім деген адамшылығың осы ғой! Құнсыз!

— Тәрбие-тәлімге соқтықпа. Ол сіздің бойыңыздан жоғарырақ! — деп, Сәлім сұрланып қатайып алды...

Қасен өз ішінде інісіне арналған терең түкпірдің жаулығын, қарсылығын сезді. Енді оған біз сұққандай бірдеме айтпақ, істемек боп қарманып еді, көңіліне бір ой жарқ ете түсті. Қайтадан тепсініп:

— Жетілген, асқан неме екесің ғой, ендеше... — деп сұқ қолымен аға-жеңгесін нұсқап тұрып, — ендеше алып кет мыналарды менен... Мен жақсы туысқан болмай-ақ қоям ешқайсыңа. Болғам... тойғам, жетті! — деді.

Аға-жеңге жылап жіберді. Екеуі де Сәлімге жалынып:

— Қарағым Сәлім, кенжем, сен қойсаңшы... Не деген сұмдық? — дегенде Сәлім оларға ашуланды:

— Қой, немене жылайсыңдар... Сорлысыңдар ғой сендер де. Сондықтан жылайсыңдар ғой ас үшін!

Қасен тістеніп кекетіп:

— Сондықтан жылайсын?

Сәлім аға-жеңгеге:

— Кім босандар да өлтірмеймін мен. Жыламаңдар, қыйын қылам, дейді ғой! — деп көңілденіп көтеріліп, — ешнәрсе етпейді. Большевик жеңбейтін қыйындық жоқ! — деп жөнеле берді де, аға-жеңгеге:

— Мен мыналарды апарып тастаймын да қайтып келем... Алып кетем сендерді. Азаматтық құқықтарың жойылған адам емессің. Еңбек қыла білуші едіңдер ғой, күнелтесің, өлмессіңдер! — деп жүріп кетті.

Сәлім айтқанын істеп, сол күні кешке аға-жеңгені алып кетті. Қасен төргі үйде жатып, олардың қамданып жыйналып жүргенін сезіп еді. Кетіп бара жатқанын да есітті. Бірақ белгі бермеді, ауыз үйге шықпады. Жәмила бұны ұйқтап жатқан кісі етіп қойды. Сонымен аналар әбден кетіп болған соң қабағы жаңа ғана жадырап Жәмила кірді. Қасен қабағы түйіліп қынжылған кісі боп:

— Немене? — дегенде Жәмила ырзалығын жасыра алмай күлімсіреп:

— Кетті! — деді.

— Барсын... Бірақ мыналарға обалдау болды ма, немене? Сәлімге ерегісіп істеп отырмын!

— Өлде маған... көрсін енді мойнына міндет алып! Пәтері жоқ. Азық-түлік, ыдыс-аяғы тағы жоқ! — деп күліп жіберіп: — енді қайтер екен! — деп алып, жеңген кісі боп сүйсініп жайрандай бастады.

Қасен оны да жақтырмаған қабақ жасап, өз ішінен тағы екі жарылып:

— Қойшы сен де!.. Қыласыны кімге қылдым деп отырсын! — деп күрсініп алды. — Ойпыр-ай, бұл уақыт деген қалай-қалай өзгеріп барады... Бір үйдің іші деген біз емес пе ек? — дегенде даусы да трагедиялы үнмен бәсеңдеп, сыбырға таман айналып, — жазығы да жоқ еді! — деді.

— Сіздің жаныңыз ашылды да отырады. Бірақ баяғыдан ақжүрек бола-бола не таптық! Еңбегіңді білген бірдебірі бар ма? Мойнымызға миңгізіп, адам қылған Сәлімнің мінезі мынау емес пе? — деді...

«Ақжүрек» деген сөзді бұрыннан Қасен жайынан ауылдың жағынғыш атқамінерлерінен есітіп алып, Жәмила әрқашан бұлдап сөйлейтін. Бұрын ел ішінде, қалалы жерде де бұл сөзді өздерінің даусыз меншікті сыбағасы сыяқты айтып, машық қылғанды. Рас, соңғы бірнеше жыл бойында Қасен туралы бұл сөзді ешкімнен есіте қоймайды. Бірақ сонда да үй іштерінде, өз араларында ол сөз әлі тірі еді. Сүйретіліп келе жатушы еді.

Қасен тұрып киініп жатып, әлі де қабағын түйіп, жүз деген жүзбен:

— «Ақжүрек!.. Ия «ақжүрек»... Жақсылықты істе-істе, бірақ ешкімнен алғыс алма, игілігін көрме! Жақсылығыңмен пайдалана отырып өзіңді «әй, кәпір» атандырсын! — деп, әбден киініп ап, — біздің бұл хал солай болды ғой, Жәмила! — деді...

— Жарайды, тойдық енді... Болды... Қажыйтын уақытымыз болмады ма тіпті, өкінбейік! — деп Жәмила Қасенді нығал, басын изеді.

Қасен біраз тұрып ішінен: «енді шыға келейін, осыған тіпті дән ырзамын ғой құдай кәнеки!» — деп жымыйды да алғашқыдай баяу дауыспен, салмақтап тұрып:

— Дұрыс... Сенікі рас, — деп келді де артынан шапшаңдатып, — енді бұдан былай қарамызды осылар көрмейтін болсын. Жоламасын! — деді. Үйден шықты. Есікті артымен жаба бере:

— Қуып жіберсем де... Біраз жайсыз іс істесем де, сол үшін қынжылдым-ақ қой!.. Өз-өзіме самокритика жасамадым ба? — деп есік алдына шыға берді. Көз алдына үлкен Алматы биігі тағы сап етті. Әлденеден бетіне оттай басылған сыяқтанды... Токтаңқырап басын изеп, өз-өзінен күбірлеңкіреп:

«Осыным расым еді, батыр-екесі!..» дегендей боп тағы қарады. Жауапта тұрған кісідей.

«Әй бірақ анау жалғартатын емес сыяқты».

Тау қазір түсі көкшілденіп, көлеңкеленіп сұп-суық боп апты. Ашумен қабағы да түйіліп, беті де ажымданып кеткендей ме, немене?

«Алдарсын, алдарсын!» — дегендей боп ашулы мысқылмен басын шалқайта салып, көзін сығырайта, сүзілте қарап қалған сыяқты.

Қасен қалбаң-құлбаң етіп қап:

— Апыр-ау, бұ не пәле? Бар қоймамды ашып, абройымды айрандай төгеді де тұрады осы бір неме?— деп қолын сілкіп қап жөнеле берді. Сол кезде арт жағынан Жәмила дауыстады:

— Әлгі бір айтқанға барасыз ба? Мен не істейін? Не қылатынын айтпадыңыз ғой? — деді.

Қасен:

— Ия, рас-ау,— деп айналаға қарап алды. Қора ішінде, көшеде де көзге түсетін ешкім жоқ. Бірақ сонда да күдіктеніп Жәмилаға қарай бір басып,— өзің бері таман келші, бері түсші? — деді. Жәмила қасына келді.

— Мен бара берейін. Басын қайыру керек. Сен, қазір қараңғы түскен соң қабыңды, ыдысыңды алып Қасымқандікіне келе ғой. Өзің басы-қасында бол.

— Е, үйтпесе араласып та керек емес. Қасымқанның қатынының мінезі мәлім ғой... Бұлдыратып жүріп бірдемені артық қағыстырып алмаса, оның бойына ас та батпайды! — деп қала барды.

Қасымқандікіне Қасен келгенде, Аманбай да сонда отыр екен. Басқа бөтен кісі жоқ... Екеуінің ортасында жаңа басталған бір литр. Болымсыздау закускамен бір-екі рет тастап апты... Қасенді екеуі де орнынан тұрып, оқырана қарсы алды. Қасымқан кұйып жіберіп:

— Бой жылт! — деп күліп ап, ұсынып та қалды.

Қасен шешініп столға жақындап кеп арақты алмай тұрып:

— Бұл иттің закускасы қайда? — деді де, аналармен қоса күліп,— мен қуырдақ, жылы-жұмсақ, деп келдім. Тамағымды ісіретін болсаңдар ішпеймін,— деп Аманбайға қарады.

Қасымқан:

— Оның бір мәні боп тұр. Ақылдасайық деп сені күтіп отырмыз.

— Қайда өзі?..

— Алыс емес, — деп Қасымқан іркелеңдеп, — әуелі шешіп алайық, — деді.

Қасен шыдамсызданып:

— Ал? — деді де, екеуіне кезек-кезек қарады.

Аманбай шырайланып күліп:

— Апырай, өзі, басымыз бір жақсы қосылған екен. Ішін ұрып, артын көре жатармыз... Баяғыша бір отырып, бұрынғыны бір еске алсақ не егер екен? — деді.

Қасымқан әлі де құлай қоймай:

— Жоқ, жөнін айт. Әуелі сөзді пісіріп алайық! — деді.

Қасен бұның көбін қысыр кеңес көріп:

— Қайда өзі, сонысын айтыңдаршы? — дегенде Қасымқан тоқмейіл жүзбен, салмақпен:

— Тұр ғой... Ұқпайды екесің ғой, — деді.

Аманбай Қасенмен стопканы қағыстырып ап, арақты тастап жіберді:

— Бағана айтармын деп ем ғой, енді оның мәні былай! — деп сөзге кірісті. — Өзі бұл, ана мен істеген совхоздың аты. Жақсы маңдай ат еді. Түнеукүні осыдан екі ай бұрын мертікпе неме аяғы ісіп, жегіннен шығып қалды. Мал дәрігері әрі қарап, бері қарап ауруын таба алмады. Оған қазақтың кәрі ақсақ дейтіні осы болады. Жазылмайды деп өзін біраз майлап та жіберіп, бұлдыраттым да, кем-кетік деген қағазды бір жасаттым. Содан кейін бұны қазақ оташысы жақсы жазады. Емге берейік деп бір сенімді қазақтың қолына беріп, табан екі ай бақтырып ем. Осы жолы жолшыбай келе жатып со жерінен атты алдым да, бір қағаз да түсіріп алдым. Жазылмады... кем-кетік дегізіп.

Қасен дәмеленіп көңілденіп ап:

— Семізбе өзі? — дегенде Қасымқан:

— Бір еліге дау жоқ! — деді.

Қасен бұны естігенде бөтелкеден бірді өзі құйып тағы қағысып жіберді де, Аманбайға қарап: — Ия, айта бер! — деді.

— Сонымен бұл жағының бәрі жақсы. Ал ендігі бір бөгеп тұрған нәрсе — сол аттың бұрынғы жайын білетін бір қазақ жұмысшы бар еді, совхозда істейтін. Өзі әлгі ударник. Мені қалаға әкеле жатқан сол еді. Жолшыбай көріп келді... «Сауығыпты, жазылыпты... доктор түк танымайды екен-ау!» — деп ылғи сонымен ұрсып келді... Сойса екі елі қазы түсер еді-ау деп біраз жағалатып, тұспал-

дап көріп ем...— Түу, мына аттың жоғында тор қасқа атты сойған кісі мал бетін көре ме?! — деп атқып-атқып түседі.

Қасымқан шыдамсызданып:

— Аяғы жазылмайды, доктордыкі рас... Ертең ақсағы тағы шығады. Қазақ оташысы да жаза алмады деп ауызға ұрмайсың ба?

— Айттым, айттым ғой оны. Әйтседе ол жағын көп бойлап ашқам жоқ... Түбінде онымен дауласам ба. Күндердің күнінде сүйеу болатын жерлерді әдейі ашқам жоқ. Қасен күліп жіберіп:

— Дұрыс, дұрыс бәсе! Сөйтетінің бар еді ғой! Тәйрі, ашық ауыз қазаққа бой беріп! — деді.

— Қағаздардың жайын тіпті сөз қылғам жоқ...

Қасымқан да сүйсініп:

— Тіпті жақсы! — деді.

— Ал енді не сөзі бар бұлай болғанда! — деп Қасен ана екеуіне көз қысып, түрегеп тұрып сұқ қолымен өз кеңірдегін бауыздаған белгі жасап, — жығатын керек... мақан, мақан кушайты! — деді, Қасымқан әлі де күдігінен арыла алмай:

— Ұрлыққа ұсап жүрмесе? Заң жаман ғой өзі! — дегенде Қасен:

— Жарайды, бір атпен біз советті байытпай-ақ қояйық. Өзгені қойып, тіпті дәл өзімізден келген талай малдың, талай бір орайы шығар... Жық айда, ішін ұрып енді! — деп байлай сөйледі...

Анау екеуі үндекіремей отырды. Қасен аз тұрып тағы қозғап.

— Ал әлгі жұмысшы қайда? Бөгет енді со ғана ғой! Өзін сілейте бір тойғызып, қолға қондырып алайық та. Содан басқа не бөгеті бар? — деді де әңгімені тездегіп шешу жағына шықты.

Аманбай:

— Тағы мына Қасымқанның бөгелендеп отырғаны. Бағана күндіз сол жұмысшы осында келіп, аттың тұрғанын көріп кетіпті.

— Ия, сонысы қауіп боп тұр! — деді Қасымқан.

Қасен оған да бой бермеді... Ақыры бұған ішіңкіреп алған Аманбай қосылды. Қорқа-қорқа, шегіншектей-шегіншектей отырса да аяғында Қасымқан да көнді. Сонымен түн бола бергенде тор қасқа жығылды... Қасымқан-

ның қатыны мен Жәмила соның айналасында, бір қадам шықпай, біріне-бірі сенбей күйбеңдеп жүр.

Үйде үш жігіт бір литр құлатып тастап, жас еттің тұзды қуырдағын ортаға алып, екінші литрге кірісіп отыр. Тілдері де, бейілі де шешіліп алған.

Баяғының 18-ші, 19-шы жылдың естегілеріне кірісіп, көп-көп нәрселерді кезіп шарлап айтысып келген бір кезде Қасен төсін керіп.

— Біз тарихи іс істеген адамбыз. Осы отырған үшеуіміздің де тарихта орнымыз! — дей бергенде бірнеше бөтен аяқтардың дыбысы сарт-сұрт етіп бұлар отырған үйдің есігіне келіп қалды.

Қасымқан сасқанынан қалбалақтап стол астына қарай арақты ала жөнелді.

Сөйткенше болмады, үш-төрт әскери адам кіріп келді. Қастарында манағы Аманбай айтқан жұмысшы. Ол бұдан бұрын торқасқа ат жаңа бауыздалып терісі сыдырылып жатқанда бір келіп сығалап көріп кеткен еді.

Дауласар, айтар сөз жоқ... Сонда да Қасен:

— Біз кадр... кадр.... Өлкелік мекеме... жауапты қызметкер! — дей беріп еді, келгендер қараған жоқ. Үшеуін, және екі қатынды алып далаға саусылдатып айдап шықты. Уроға қарай алып жөнелді.

Ай жарық екен. Бір көшеден айнала бере Қасеннің тағы көзі шалды. Үлкен Алматы биігі қарап тұр. Енді тіпті суық, тіпті алыс... Ол граниттей қашалған. Соншалық күшті. Ол тағы жеңді... Жеңді!..

БІЛЕККЕ БІЛЕК¹

I

— Сен тағын, тағын бастадың ба?! Қанша үрмет қысам да бармай-ақ қойдың ғой, жүдә! Сен албасты! Секеңдеген шайтан. Қараңғы үйге жалғыз өзінді қамап қояйын ба шылай... Көзінді бозартып! — деп Макпал біраз қабағын түйіп, өтірік ашуланған боп қарап тұрды. Сөздері әсер ететін емес. Тамсанды да аяғын екі-үш басып: — қараң қағыр қоясың ба, жоқ па? Тұр ғой міне мыналар адамша тып-тыныш. Әлде жын ұрды ма сені түге?.. — Соңғы сөзге келген Макпалдың даусы шацк етіп, қатты шығып, жұдырығы да түйіліп, бар бойымен үңіліп тұра қалды. Және үзілген, шұғыл тоқтаған үні де, бүгіле тұрған бойы да, қадала қараған көзі де түгелімен нық қойылған сұрақ таңбасын көрсеткендей. Ашық, қатты сұрақ. Жауапты тілейді. Үнсіздік созылған сайын жауаптың қажеттігі білініп барады.

... Бірақ, жауап та, үн де жоқ. Боларлық мүмкіншілік те азырақ. Өйткені, бұл сыяқты «қабырғасынан қойылған» мәселеге айыпкер де, жауапты да... бөрте лақ. Ол Макпалмен түсінісудің орнына мәселені бұрынғысынан да шиеленістіріп жіберді. Қойлар тұрған оттыққа шығып, жаңа салған көк бедені басып тұрғанын аз деп білсе керек. Макпал түйіліп келгенде, ол оттық бойынлағы бар бедені таптай барып, бұрын жактағы козылардың алдына тұра қалып, құйыршығын шыбжындатып, арт жағы талтақтап, мықшындай бастады. Қалпы: «жөнімді ай-

¹ Бұл әңгіменің ішінде Оңтүстік Қазақстанның басқа қазақ тілінен гәрі басқашарақ тіл ерекшеліктері әдейі колданылған. М. Ә.

тайыншы...» — деген кісі сыяқты еді. Бірақ, қылығы тіпті бөрте лаққа да кешпейтін қылық болды. Мақпал енді ашулана тамсанып, сонынан қозғалғаны сол-ақ еді, анау қозылардың тұмсығына шашырата сигектей жөнелді...

— Өй, тілеуің күрсып, өлде маған... Секеңдеген албасты — деп Мақпал жағаласып кеп шап етіп, мықынынан ұстай алды... Бөрте лақ әлі өзін айыпты деген сөзді тыңтағысы кетпейді. Ұстағанға қарсылық білдіріп «бақ» етті. Оттық үстінен кетіп болғанша, толып жатқан мейіздей-мейіздей кішкене құмалақтарын ытқытуға да үлгіріп қалды.

Мақпал оны сауырынан ұстап көтерген бойында:

— Қарғағайын десең жалғыз, қарғамайын десең жалмауыз... Наяты... Неткен бүліксін сен... Құлай ұрып?! — деп оң қолының жұдырығын ұратындай түйіп келіп еді... Бірақ пішінін сол секундте шұғыл өзгертіп, лақтың басына таман апарған жұдырығын жазып жіберді. Анасы ұрсып жатса да өз бетімен былдырлаған баладай боп, лақтың аузы әлі күнге бедесін шайнап жүр екен. Түк дарымапты...

Мақпал оның шапшаңдап жатқан аузын еркелете қысып, аз ғаяа сілкіп тұрып:

— Албасты сен... Албасты... Білдің бе? — делі де, өз сөзіне күліп қойды. Көңлінде ұрғашы лағын «албасты» деді, енді келіп, басқа соған жалғас біраз теңеулердің шумағын таркатқандай...

Мысалы, лағы өзге алты қойдың ішінде қыз есепті... Аналар сонда алты момын ұлдай. Мынау солардың сонында тентек, нолжың кішкене қыздай... Етегін ашып, басқа секіретінін кайтерсін...

— Өй... сарамас! — деп алдына өңгерген бойында лақтың тырсыйып тұрған ішін сыйпалы... Қазір күз. Өзі бойшаң, күйлі лақ... Бұазына не бедесін тентектің! — деп енді бүйірінен еркелете қағып қойып, қораның екінші бұрышындағы кішкене шарбақтан асыра түсіріп жіберді.

— Жәйің осы... Осы... Бұдан артық қаяққа апарам сені? Оттығың бар. Бөдең әне! — деп ішінен:

«Байлап қойсам ба екен, жүдә?.. Бірақ оралып, бұны қалады-ау, тылыршыған қараңқағыр...» — деп, зілсіз қарғанып, әзірше ешбір байлау жасамай, қарала сыйырға қарай қозғалды. Көктемде сүт фермасы тарап, Сәрсеп пен Мақпалдың колхозға істеген еңбектері үшін осы сыйыр берілген. Жаясы тақтайдай, үсті құрулы төсек сыяқ-

ты төрт бақ голландка сыйыр бүгінгі күніне наразылық айта алмайды.

Тұсына Мақпал келгенде ол имек мүйіздерін бұрып карап, амандық білдіріп, үн қатқандай боп, ыңыранып қойды. Тұмсығы мен аузы тоқтық, күйлілік белгісімен бусанып тұр.

Мақпал сауырын сыйпап алдына барып карап:

— Жемің азайып қапты-ау! — деп барып екі күшак пішен әкеліп оттыққа салып жатып:

— Мынау пішен, мынау топан... Араласса жақсы болады...— деген кезде Мақпал талайдан бірінші рет, өз-өзіне: — осыларға шылай сөз қатып жүретінім не екен? Мәмілеге келетіндей, жүдә. Біреу естісе күліп жүрер ме? — деді. Бірақ көңлінде мына тұрған малы шынымен бұның тіл қатып, жәй-күйін өздерінен сұрап, біліп тұруды керек ететін сыяқты...

— Бұ қалайша?..

Оның жауабын Мақпал таратып айтпайды... Бірақ ол солай.

— Жақып та әнеүгі келгенде: «Е, карала сыйыр, қалайсың?» — деді ғой! (Жақып Мақпалдың комсомол бауыры! Ол аудан кіндігінде) «Навай жыз» де колхозшы орыс қатынының бәрі сыйырымен абысындай әңгімелеспеші ме еді, түге?.. Осындайларды ойлай жүре Мақпал қарала сыйырдың астын тазалады... Содан қойларына ауысты. Бұлардың саны алтау. Үшеуі ірі, үшеуі быйылғы қозы. Анығында Мақпалдың өз еңбегі үшін тиген осы үш саулық еді. Бәрі тегіс қоздаған. Қозылары міне, аман, күйлі. Сыйыр, Мақпалдың күйеуі — Сәрсенге берілген. Ол осы «Екпін» колхозының ұстасы... Қазір Сәрсен дүкенінде.

Бөрте лақ па?.. Ол туралы Сәрсен мен Мақпал кейде үй іші боп отырып дауласып та қояды. Сәрсен оның түбін өзіне тартады.

— О сыйыр мынан табылды. Бұ болмаса қаяқтан әкелер ең сен.

— Сыйырынды қолына берейін, тағы бірнеше лақ қыймайсың ба өзің?..— деп Мақпал күліп, лақты өз табысым дейді.

Қарала сыйырдың сүті бары колхозға мәлім екені рас. Бірақ ол әуелі күтумен, екінші ұқсата білумен табылған. Екі қарын май алыпты жаздай. Бір қарнына киінген және үнемдеп жырмалап отырып, осы лақты сатып алған Мақ-

пал!.. Сөйтіп «бір атаның қызы», үшінші түліктің басы боп, Мақпал қорасына о да кірген. Жаңада келген. Өзі осы кішкене, таза қораның кенжесі... Ол ерке, тәйтiк бомай кім болсын?..

Мақпал шелекпен су әкелді... Алдымен лағын, содан соң козыларын суарды... Бөрте лақтың сілкіне пысқыра тұрып, су бетіндегі өз сәулесіне карап көзін ежірейтіп, сүзбекке камданып, мүйізін төсеп байқауына шейін Мақпал танып, ұғып тұрады. Ыстық, бәрі де ыстық... Әсіресе қылығы мол, осы лағы ыстық...

— Әй, сөйтсе де тентек, жүдә. Қозылардың жемін былғады... Тұра тұр... Мен Сәрсенге барайын...— деп Мақпал қорасындағы шаруасын бітірген соң, дүкенге қарай кетті...

Жасы қырыққа жана ілінген Сәрсен қасындағы бала ұстасына көрік бастырып, «Екпін» колхозына он тоғызыншы плүгті камдап жатыр. Соның құрсауына жарайтын, ұзын сом темірді отқа қыздырып ап, сол қызған басын жалпайта ұрып жатыр екен.

Сәрсен колхоздың ең қадірлі мүшесінің бірі. Бұрын қақтың пышак-шақлақ соғып жүрген өнері аз ұстасы еді. Ол күнде қол арапқа қакқан кішкене төс пен қазан отының басына орнатқан қолкөрік бұны тұсаған да, өсірмеген. Құрал жыйнап алар қауқары да болмаған. Өнімі — қырықтық, пышак, тағы бай баласына тартуға апаратын кездік... Осындай шұқыма еді. «Екпін» колхозына дүкен ашытырып, сонда бұл күнде өзі істеп, енді колхоз кірісін де молайтып, өзі де үлкен тұр тауып отыр. Быйыл көктемнен бері колхозға осымен тоғызыншы плүг кіргізеді. Бұрынғы колхоз плүгі он еді. Сәрсен мен колхоз бастығы көр-жердің бәрін жыйып ап жоқтан-бардан құрап, тышпан міне тоғызыншы плүгті қоскалы жатыр... Плүг қана емес, ол бұл күнде лобогрейка, шөп машинасы, тіпті молотилканың да сынған, бүлінгенін түзей алады. Дүкен іші толған сайлы құрал... Көрші заводтан сатып алған бормашинна (темір тескіш) ол да тұр мұнда...

Мақпал алғаш келген бойында Сәрсенді жұмысынан бөлмейін деп толасын күтіп, үндемей қарап тұр еді. Арт жағынан колхоз бастығы Асылбектің үні шықты... Ол Сәрсенге сәлем бере кіріп:

— Сәрсен, мынау соңғы плүг қой осы! — дегенде Сәрсен салқындап, қарауытып қалған сом темірді көрік астына қайта апарып, көміп қойып:

— Ия, осы...— деп маңдайының терін сүртті...

— Ендеше бұдан соң, осы шананы бір қолға аса деймін.

— Білем. Рас... Қыс жақын. Шананы да быт-шыт қып көзін жойған былтырғы колхоз бастығы, пәдері пәлет!..

— Әйтеуір екеуміз жоқтап-барлап құрап, одан да мал тұрғызайық колхозға, өтірік белсенді деген неден болатын дейсіз, сондайдаң болат та қызы... жүдә!..

— Мынадан көп шана жасаймыз. Бірақ, осы бір шаналар иттей ауыр, жүдә...

— Табанының қалыңдығы жүк көтеруге жақсы. Енді... өгіздеріміз бар ғой шүкір, қосатын... — деп колхоз бастығы шапаның көп мінін көре алмады...

— Өгіз де жануар... Аямасқа болмайт та, бастық. Табанында дауым жоқ. Бірақ бұл шапаның сүйегі ауыр... О ос ана шабак, қанат, кепіл бәрінің ауырлығынан... Оны мен бүйтіп қоймаймын. Жийшкертем.— Колхоз бастығы түсінді. Ол Сәрсеннің білетініне сенеді. Содан енді дүкен жаққа орала бергенде бастық әңгімесін бастады. Көзін Мақпалға қадай сөйледі...

— Жә, сіздерге мен енді бір жаңалық әм айтайын.— Мақпал бір жайсыз бола ма деп тіксініп қап еді.

— Ауданда малды жақсылап өсірушілердің-екпінділердің сүлеті — сыязы болат. Соған біздің колхоздан кісі керек. Біз ауыл кеңесі, колхоз басқармасы боп соған Мақпал барсын! — дедік,— деп, біраз тұрды да, үндемей тұрған тыңдаушыларына тағы қарап,— өзіне бүгін, қазір жүру керек,— деп бітірді. Мақпал:

— Е, малды кім күтеді?..— дей беріп еді, Сәрсен араласып:

— Малды күтеміз, күтіледі... Бар. Келимеге келетін жер ме екен бұ? Күттің малыңды, мақтан сенікі... Мінеки енді сыязда қайқайып отыратын сен...

— Бәрекелді, жақсы айттыңыз... Рас, мақтан сенікі енді, Мақпал! — деп бастық Мақпалды арқаға қақты.

— Қалай күт, қалай сақта дейт, өзің барып, өз құлағыңмен естіп-естіп қанып қайтасын...

— Е, барам, несі бар... Сен күтсең болат! — деп Мақпал өз байлауын жасады.

— Өзің мұнда неге кеп ең? Естіп кеп пе ең, жүдә? — деп Мақпал шаруасын Сәрсен енді ғана сұрады.

— Әгі лақ, қойдың ақырына шығып жемін былғап.

жүдә, маза бермейт. Сосан ана ақырын биіктеп шыға алмайтын. бірлеме қып бер дегелі кеп ем.

— Е, қып берем... Ал ендеше жүріңдер, бұны жолға камдайық! — деп Сәрсен колхоз бастығы мен Мақпалды ертіп, үйге қарай аяқласты.

Колхоз бастығы мыналардай екі мығым мүшелерін көңілдендіргісі кеп:

— «Бір сыйырың, бес қойың бар, құлаққа жазам!» — деп қандай кіжіндеп ет, кешелер белсенділер. Міне енді үкімет әдейі «көбейт-көбейт малды» деп отыр, бұндай мал өзгеле де табылат қой. Мен әсіресе Мақпалдың малға деген ниетін, жүдә, жақсы көрем... — деді.

— Бар малымыз. Күтеміз өзін! — деп Сәрсен Мақпалға қарап: — бар да аудан, облыс, Алматы бәрін көріп қайт. Жібене берсе жүре бер. Алаң әм болма. Тамағымыз тоқ, көзге шұқығым міне, жалқау-лодырды. Қазір орта қазан қатық түр үйімде... Еңбек еттік колхозға... Таптық міне, қәйт дейсің... Солай ма, қатын?!

Мақпал күліп бетіне қарап:

— Солай! — дейді...

II

Бүгін, аудан кіндігі Ванновка ерекше жанланған. Аудандық атқару комитет, райком, жер бөлімдерінің алды — кірген-шыққан көп адам. Бұның ішінде үлкен дөңгелек ақ жаулықты әйелдер. Бөрік, тымақ, тондар, шолақ кара пенжактер киген көбейген... Колхозшылар... Колхозшылар ішінде де көпшілігі қатардан шығып, осы жолда бәйгеден келгендер. Әрқайсысы өзді-өзі колхозының жарысын алақтап шығыпты...

Әлгі кеңселердің көшелері де колхоз көрмесіне айналғанлай.

Бұл мал күткен, малға ықлас берген бейілдің көрмесі. Әр колхоз көлігін, көлігіне жасаған күтімін сарапқа салады... Сондықтан жегіп келген аттарында да сын бар.

Міне екі қоныр арғымақ. Жасыт бояумен жаңада бояған қобди арбаға парлап жегіліпті...

Өңдері жып-жылтып. Сауырындары төңкерген тегенедей. Баптылық, күтімділік арқасында құлын мүшелерін қайта тауыпты... Бұл өз-өзіне сенімді — тоқ, нығыз «Возрождение» колхозы.

Мынау тұрған бір күрес, бір қызыл көк «Таулық» кол-

хозының көлігі. Бастарын шұлғып тастап тұрғын мәстекі; жуан сінділі төртбак, қаражон аттар да ешкімнен олқымын демейді.

Көше бойлары ылғый осылай пар-пар. Окта-текте, бірін-саран бастықтар мінген, құнанша күзелген салт аттар көрінеді.

Түс ауғап кез. Күздің ашық шағырмақ күні. Алатаудың иығына қарай созылып қалбеп бабалы.

Қазір слет ашылу керек. Аталған сағат жетті... Ауданның бір топ қызметкері клубқа кірді.

Бұлар райком секретары, атқару комитет председателі, комсомол ұйымының секретары, политотдел орынбасары... Бүгінгі мәжілістің бастық баянтамашылары...

Клубтың залына кіре бере-ақ райком секретары күрсініп басын шайкалы Әлі залға алам жоқ. Бірақ болмағаны да тәуір екен. Өйткені бұл клуб қонақ түсіруге тіпті әзір емес.

— Бәсе, осылай шығапсың деп әдейі ерте шығып ем... Қарапшы тым құрмаса бірте-бір ұран да жоқ,— деп секретарь айнала қаралы. Клуб залы шынында алғаш қараған көзге алжа-алжа, салақ катынның үйіндей.

Ең әуелі көзіне залдың ортасына таман әкеп құрылған қазақы ақ шымылдық түседі. Бұл, ақ делінеді. Бірақ шынында бүгін емес бұрын, бір кезте солдай болыпты. Қазір кірден, ыстан, тозығы жеткендіктен ол сап-сары боп кеткен. Өзі анық қазақ шымыллығы. Өйткені, жоғарғы қас, төменгі етектерінің бетіне бір заманла қызыл жіппен машина кестесі, ирек шыймайы салыныпты... Бұл күнде сол жисктерінің кей-кей жерлері боршаланып, жыртылып салбырап тұрғаны да бар... Осы шымылдықтың қасына тақай бере жаңағы азаматтар клуб басқармасын күлкі етісті.

— Экранлы қарасаншы!.. Ал, ақшаны сойып алады...— деп атқару комитет председателі шымылдықтың бір шетін қағып, әрі сахнаға қарай өтті...

Қалғандар тездетіп шымылдықты шыйыршықтап, жыйнап жатыр. Залға ұзын-ұзын орындықтар. Олардың көбі тіпті сахнадан алыс тұр.

— Жакындатайық, көтерейік! — деп кішкене бойлы райком секретары біреуін ырғап көріп еді, көнетін емес. Шегелеулі екен. Тілдесе сахна өзі жақындасын... Ауданның ылғый бастық жігіттері асыға, қосыла жүріп залды өздері тәртіпке сала бастады.

Колхозшылар жыйылғанша орындықтар реттеліп, алдындағы бос орындар толтырылып, баскарма столына қызыл жабылып, шам да реттеліп қалды. Клуб қамсыздығы енді анықталды. Бұл жер үлкен мәжілістің осында болатынына хабарланбапты. Хабар беретін жер бөлім бастығы бүгін ауырып қапты..

Бұндай сәтсіздік қайда болса да болатын шығар дейкіші... Бірақ сонда да, клуб залы үлкен кең орын бола тұрса да әлі өзіне арналған бір ықласты, бір мәдени қолдың араласқанын көрмеген сыяқты. Оның белгілерін енді қабырғалар баян етеді. Екі-үш жерде көсемдердің суреті бар болса да, қатарларында сол суреттердің бойындай қағазға шыймайлай жазған жазулар ұран орнына әлдеқандай сығандардың фокус ойындары болатынын баян етеді.

Қабырғалардың тағы бір көзге ілінетін үлкен жазуы (ол тұп-тура ақ қабырғаның өзіне жазылған) 2 сом, 3 сом, 4.5 деп қойған сомалар... Бұл тұста қабырғаны бухгалтердің кітапшасы дерсін... Осы сомдардың ең төрінде, алдыңғы орындар қатарында, болмаса тіпті музыканшылар орнының қатарында, жоғарғы есептердің жыйнағы сыяктанып, бір қысқа сөз тұр. Ол «бірен» дейді... Ауданның колхоздарын, колхозшыларын, аудан кіндігін хатта Ванновканың көшесін де еліртіп, сілкініп жүрген колхозшылар слетінен мына клуб хабарсыз. Сондықтан оның қабырғалары да меніреу...

Бірақ «клубтың басы ауырып тұр екен» деп өмір қарай ма? Тамір, түбірлері колхоздарға нық орналасқан, арқаларында нық табыстары бар «екпінді мал өсіруші» деп аталған слетіні колхозшылар әсіресе қарар ма?

Олар, бестен, оннан жыйыла-жыйыла залды лық толтырды. Осылардың орта кеудесінде, үлкен жаулығын оранып, кара бархит бешпетін киіп Мақпал да кеп кірді... Жанында ауылкенең, колхоз бастығы сыяқты таныстары бар.

— Кімдер жыйналған екен? Әнеу алда бір қатын. Мына біреу терезе жанында екі қатын... Е, артта да бір-екеуі бар екен ғой... — Мақпал алдымен осыларды шолып алды. Оған әрі колхоздан келген таныс еркектерді де байқады... Алда, қызыл стол маңайында қырынған, жымпыя киінген, тегіс әйел бетті боп алған, өншең бір көселер жүр. Бұрын Мақпал бұндайлардың бір көргенде бірен-саранын ғана көруші еді. Оқыған, іс басындағы адамдар осылай

жүретінін біледі... Бірақ солардың қап-қатар боп тізілген үлкен тобын көргені осы ғана еді.

— Шын әйел бетті боп тұрады екен-ау, жүдә? — деп тамсанып қойып, артқа қарады... Алыстан тағы бір жаулық кіріп келеді екен... Көзіне жылы ұшырағандай болды. Ол алыстан-ақ бұған қарап жымыйып күліп келеді... Аяғында Мақпал да танып орнынан тұрды. Бұл келе жатқан өзінің сінлісі Айша. Бірімен-бірі амандаса сала:

— Сен де ударниксің бе?

— Сен де солаймысың? — деп күлісіп ап қатар отырысты. Жөн сұраса бастады...

— Әне жерде көкем де отыр, көрдің бе? — деп Мақпал оң жақтағы бір қатарға қолын нұсқады. Айша бұрылып еңкейіп қарап, өздерінің әкесін көрді.

Жасы алпысқа тақап, бурыл тартып қалған Қожық екі қызына қарап, ақсыйып күліп қойды... Айша «Қайрат» колхозынан кепті...

— Екі қой, бір сыйыр, отыз қояным бар... Бір қызыл қой деген қойым бар еді, күтіп ем бақырдың өзін де. Әлгі байғұс қар кетерде бір қоздап, егін пісер алдында тағы қашып, осы күзде екінші қоздады...

Мақпал сүйсініп, тамсанып қап еді.

— Енді өсеріне көрініп жүр ме деймін, наяты... — деп Айша күлді... — Сол осы жақында тағы қашты...

— Жыл айналғанша үш қоздайын деген ғой... Байғұстың ырымы қалай жақсы ет... Шын ударник сен екенсің, — деп екеуі бірігіп күлісіп алды...

— Шал өз колхозынан келген ғой? — деп Айша әкесінің жөнін сұрады. Оны бұл әлі көрген жоқ еді.

— Е, өз колхозы «Кеңбұлақтан». Қолхоздың атын жаюшы еді. Бір құлыны елменті!.. Бір жылқысын не қасқыр жеп, не ұры алмапты... Аттары күйлі дейді. Соған көре оны да ударник депті колхоз! — деп Мақпал сінлісіне әкелерінің жайын айтып баян етіп келе жатыр еді, сырт жағынан біреу: — жеңгей, сіз, — дей берді. Мақпал сөзін бөліп бұрылғанда тағы да сақал-мұрты қырылған бала бетті көрді.

— Сіз «Екпін» колхозынансыз ғой?

— Ия!

— Әкеніздің аты кім? — деп кішкене книжкасына қарындашын үңілтіп тұр.

— Өз әкем бе, күйеу жағым ба?

— Күйеуіңіз, иә фамилияңыз...

— Күйеуімің әкесі...— деп келіп Мақпал бөгелендеп қалды да, сонысына қысыла, күліп жіберді. Ажарлы ашық қызыл жүзін қазір бір қою қызыл басып кетті.

Сөйткенше болмай «жұрт күлер ме екен?» — дегендей боп алдына қараса, ауылкеңес пен колхоз бастығы бұған қарап ыржыйысып отыр екен... Мақпал тезінен жөнделіп, ішінен намыстанып қалып:

— Күйеуімің әкесі келмейт, — деді... Жігіт жазып ала, қызыл стол жаққа жөнелді.

— Осы жұрттың бәрі осындай колхоз ішінде мақталғандар ғой шылай?!— деп Айша Мақпалға сұрақ қойды. Баяғы апалы-сіңлілі боп жүрген үйдегі кездерінде, Айша осылай жөн-жосықты Мақпалдан сұрап, сүйене жүретін. Енді кездескен жерден-ақ сол бұрынғы қалыптарын табысып, қайта жанасты.

— Бәрі де мал күткендер ғой. Ана қатындар да сол емсі не дейсің?..

— Бұл өзі жарыс қой, кім озар екен? Кімді мақтар екен ауданда? — дегенде Мақпал күліп: — қайдам? Бұл жерде не деп жарысамыз. Оздырса қадірсай-әм үйдегі ісіміз, малымыз білет те... Сен әлде менмен жарыспақпысың? — деп Айшаға қарады. Айша қысылған жоқ.

— Олай демегін. Сен болсаң сенімен де жарысам, несі бар?

— Жарысады, жарысады. Әтейі соған келмедік пе? — деп Мақпал күле оғырып, Айшаның иығынан ырғап қойды.

Дәл осы кезде қызыл стол жағынан қоңырау шылдырады. Бұл күнге шенін екіден, үштен бастары түйісіп, айқыш-ұйқыш әңгімемен боп жатқан колхозшылар тына қалды.

Слет ашылды... Шам жанған кез еді. Бағанағы Мақпалдың атын қағазға түртіп алып кеткен жігіт сыяқты бір жас жігіт тізім оқыды. Ішінде оқылған аттар, Мақпал мен Айшаны елең еткізді. Әсіресе бір аттың жөнін ұға алмады бұлар. Ол аталған «Қелімбет келіні» деген ат. Бұл, Мақпал болу керек. Тізім бітті, жұрт қабыл алды. Енді қызыл стол басына әр жерден шыққан адамдар тұрып барып жатыр. Мақпал әлі де ұғына алмай, ешкімнен ретін тауып сұрай да алмай, отыра берді.

Стол басына 5—6 кісі құралды... Орын алып отырысып жатыр. Араларында әлдекімді жоқтағандай боп зал

жаққа қараса береді. Сол уақытта ауылкөресі Мақпалға қарап:

— Е, Мақпал, неге отырсың? Ана жыйылыс басқармасына сені де сайладық қой. Тұр, бар ана жерге!.. — деп ентелете бастады. Мақпалға жаңа түсінікті болды. Бұрын колхоз жыйылыстарында да мұндайды ол көрген. Тек жаңағы тізім оқушының кімді, не жаймен атағаны бұған түсініксіз боп қалған еді.

Ақыры басқарма ортасына, залды үлкен ақ жаулығымен қақ жарып Мақпал да барып кірді. Бұған бұрын отырып қалғандар тезбе-тез орын берді.

«Ана қатындардан мен озайын дегенім ғой түрі» деп Мақпал өз-өзіне енді ғана сенімдірек қарай бастады. Осыдан әрі көп кешікпей-ақ үлкен баяндама басталды. Арық, сұр жүзді қараша жігіт сөз сөйледі. Саспай, салмақтап айтқан сөзі де, топқа қадалған өткір көзі де, бір орынға қатып тұрып қалған өзі де, тегісінен шегедей шаншылады. Атқару комитет председателі баяндамасының түпнұсқа сөзін сағылап, тереңдеп батып барады. Мал, мал, мал!.. Кеңес құрылысы үшін де ... белсенді колхозшы, өзің үшін де... мал, мал, мал!..

III

Таза қылып сыланған ауызүйлі, төрүйлі кішкене ықшам пәтерде комсомол Жақып, кемпір шешесі Несібелді және избашка — Настя отыр. Кемпір баласына жаңа бір үлкен қара сандықты әкеп берген еді. Оның ішінде Жақыптың кітаптары. Қазір үшеуі сол сандықтың айналасында отырып, ішінен кітап, қағаздар алып жатыр.

Жақып кітаптарды екі жаққа кезек тастайды. Біреуі керек деген тобы, екіншісін шешесіне: — мә, мынау саған! — деп сол жаққа тастай береді. Жасы алпыстан асып қалған болса да Несібелді әлі қайратты да тың. Өзі әрдайым көңілді күлегеш те. Қалың етті, қызыл жүзі көп қатпар жасап жыйырылып, көзінен жасы аққанша күлетін кездері жиі-жиі болады. Бүгінгі күнде өмірде оның қабағы солайша жадырап ашылған сыяқты. Сондықтан әсіресе Настя мен екеуінің арасы құрбыдай. Көп күлкі екеуі қатар жүрген жерден шығады. Баласы Жақып та шешесінің қазіргі күйін қостап, онымен көп мәжілістеседі. Бірақ көбінесе қалжақтап күлкі шығара сөйлейді.

Бұл күндерде үйлеріне жан-жақтан қонақтар келіп

жатқан. Дәл қазіргі сағатта ол қонақтары слетте. Әлі қайтқан жоқ. Жақып орындықта отырған бойымен еңкейіп, сандық ішінен бір топ кітапты алды да, реттеп отырып, кемпір жаққа әуе кемесінің мүшелік книжкасын тастай берді. Ескірген книжка. Бірақ сырты әлі жаңа екен. Кемпір колхоздағы кемпірлердің біріне берейін деген ниетпен, қалтасына сала беріп еді, Жақып түсін өтірік томсартып:

— Қой, не қыласың, біреу көріп қойса «комсомол екенсің» деп шатақ қыла береді! — деді. Настя қысылып аузын басып кемпірге қарады. Несібелді қалтасынан книжкелі жұлып алып, — не дейт... Ал ендеше! — деп Жақыптың өзіне лақтырып тастады. Сол кезде слеттен қонақтар қайтып кіріп жатыр еді. Шал Қожық, Мақпал, қастарында Айша да бар. Кемпірдің өңшең бәйгелі туыстары. Ішінде «кәрі шор аяқ» шалы да жүр. Ол жаз бойы «Кеңбұлақ» колхозында келінінің қолында тұрып, жылқышылық қып, қолхозынан алғыс алып, осы слетке келген. Настя бұларды көңілді жүзбен қарсы алып, Мақпалға қарап:

— Апаныкі қыз кандай! Басқа қатындар залда отыр. А, ол президиумда...

— Төрге шықты ма менің балам? — деп Несібелді Мақпалға сүйсіне қарады.

— Ия, төр. Төрдің төбесінде, несін айтасын. Басы бар табақты соларға тартады! — деп Жақып өзгелермен бірге күліп:

— Президиум десе бұл баяғысынша «төр» дейді! — деп Мақпалға қарап: — атаңның фамилиясын айттың ба? Мен со жерде сен шатақ шығарасың ба деп ем... — деп тағы күлді.

— Айттым, несі бар?

— Қойшы, не дейт... Ұяттан кешіп! — деп Несібелді шынымен жаратпай қап ед.

— Е, өзің қайтуші ең? Мына атайым көзінше енді сырыңды ашайып бәлем! — деп Жақып күле қарады.

— Е, мен қашан айтып ем?

— Айтпасаң менің поегімді алғанда не дедің?

Несібелді күліп жіберіп:

— Пәлімін не? — деп болмайт... Жақып пен Настя күліп жатыр. Кемпір өзі де күле отырып:

— Молымқан десем ұқлайт әлгі піркәншігі құрғыр...

— Бәсе, не деген меніреу десеңші. Толымқан деген

атасының атын атауға келінінің тілі оралмай тұрғанын ұқпас болар ма, ол оры! — деп Жақып мысқыл етеді.

— Сонда да айтпадым. Соған соң тілеуің бергір, Әбіштің қатыны тұр екен, со айттып жібергені.

— Әйтпесе поексіз қайтуға бар, біздің кемпөшке... Мақпал да съезде сол сен сыяқтанып, жетісер еді... «Сыпайы екен бұл кісі» дер ет, шіркін съезд басқарушылар...

— Мақпал несіне именсін енді одаң. Баяғы бір ғұрып деген ғой. Бәрін де тастап атқамыз жоқ па, түге...— деп шал үлкендік даналықпен үн қосты...

— Вот малды баққандыкі қандай жақсы, Мақпал... Ә, сендердікі қатындар «көктемде үкімет тегін ап қоят» деп шатақ кіган,— деді Настя.

— Е, айтсам бомайсың, осы емес пе менің айтқаным! — деп Жақып та, Мақпал да қарады.

— «Бақ, бақ, малыңды» деп көктемде осының бәріне бақаша бақылдап ең. Сенің еңбегің осының бәрінің бәйге алып жүргені, түге!— деп Несібелді Жақыбының барлығын қуаныш қыла, Мақпалдарға қарап қойды...

— Сөзіңнің керегі жоқ. Айтуды өзге де айтқан. Істеген еңбек өзіміздікі. Жалғыз балаңды мақтағаныңа неге болайық!— деп Мақпал Айшаға қарап күліп қойды.

— «Бір аштың, бір тоқтығы бар» деген осы. Қарағым, Жақыптың боғандығы неге жәрдем бомасын... Масадай сенделіп қамап па ек, жүдә былтыр... Айтқанын ұғынып колхоздарыңа осылай еңбек ете беріңдер, түге!— деп шал өсиетін айтады.

— Енді малыңның құр басы барлығын мақтан етпе... Жақсы қошқар, жақсы бұқаға апарып сапасын арттыр, екеуің! — деп Жақып, Айша мен Мақпалға кеңесін береді.

— Е, мал босыншы. Басы боса, берейін десе, құдай осымен кем қылмайт, жүдә!— деп, кемпір жетекке ермей, тартыншақтай береді...

— Е, сен ғой, жүдә... Сенің бес ешкі, бір сыйырың болғанда «құдай, құдай» деп жүргеніңді білеміз!— деп күліп, Жақып сандығының ішінен бір кішкентай жат түсті ескі кітапты алып оқып жөнелді.

Ескі хатпен, қауырсын қаламмен жазылған, көп жері қара сыялы, кейде қызыл жолдар кездесетін, кішкене шыймай беттер не дейді?..

— «Қойны баққанда ия мәләк десун, қайтарғанда, ия

саттар десун... Киіз басарда ия ғапур, ия шукур десун; суға тоғытарда ия самит десун; қойға тұз бергенде ия һашнан, ия манһан десун!..» — Жақып жөткіріп ап кеткен үнмен:

— Мә-ә! — деді.

— Расла-расла... екен ғой! — десті.

Бұл кішкене кітапты оқып бастағашнан-ақ кемпір мен шал:

— Расла-расла... екен ғой — десті.

— Со ғой бәсе. Бұның онда несі бар екен?— деп Мақпал ақсыя күліп, бауырына қарап: «не дер екен?» — дегендей қып тыңдап отыр...

— Шылдың қылат та!— деп Айша да Жақып мінезін шеше алмады. Жақып шешесіне қарап:

— Сенің құдайдан соңғы бір сұрағаның осы емес пе еді? Тақуалығы қандай еді бұл кемпірдің!.. Міне сол агрономның айтқаны! — деп кішкене кітапшаның тағы бірнеше парақтарын аударып, тоқтай қап:

— «Рауайылар андағы рауаят қылулар кім, һазірет адамден Мұһамед Мұстафа салли аллаһы ғалияһи уа сәлләмғаша мың иеті юз пір кәміл қаһир бістә, мина бісте уа саһиб шүкур етіпләр. Анден төрт пір тиуашылық қылып тұрлар...»—деп аяғын соза оқып кеп:— па, шіркін!.. Түйе бақ деп жатқанын көрмейсің бе! — деп екі-үш қағазлы аударып жіберіп: «Шөкіргәнде ия алла, ия раһман димек кирәк!» Сенің әлі көп түйелі боп жүргенің осының айтқанын қығаннан ба!— деп шешесіне қарап күліп қойды. Несібелді әлі іргесін бермейді. Ол томсарып қана тыңдап отыр.

Мақпал бағанағы қалпынан жымыйып отырып, енді Жақыпқа:

— Сен мұны неге сақтап жүрсін, жүдә? — дегенде Жақып іле жөнелді:

— «Тиюшіндік қылған кісі бұл рисәланы білмәсә, оқытып ештімәсә, ия өзі тұтмаса, тиуашылықтен һәр не тапқан малы доңғызының күшиден һарамдұр. Хиямәт күні көрден тұрса юзи қара болғай!» Көресің бе міне! — деп Жақып Мақпалға қарап, — былай дегесін ұстамасқа бола ма? — деп кемпірден өзгесі тегіс қосылып күлісіп алды. Жақып әлі үндемей отырған шешесі жаққа қарап көзін қысып қояды...

— Апам екеуің олай болса, ол дүниенің қамын, сауа-

бын сандыққа мықтап сап ап, сақтап жүр екесің ғой,— деп Мақпал Айшаны түртіп қойды.

— Е, әйтпесе не? — деп Жақып тағы бір-екі қағазды аударды:

— «Һәр кіши рисәләні өзі бірлә сақласа құдайтағала тиуашылыққа мың бәрәкәт бергәй»,— деп кітаптың жолына саусағын қадап тұрып, сыйпай қамшылағандай қып, ақырын көлгір ғана жүзбен кемпірге қарап:

— Сіздің түйеңіздің саны неше соқыр боған ет осы, бәйбіше!?— деп қойғанда Несібелдінің өзі де жарылып күліп жіберді. Екі қызы әсіресе мәз болады. Жақып шұғылынан тағы салдырлата жөнелді...

— «Мың бәрәкәт бергәй, шол бәндәнің юзи он төрт күнлік айдік болғай, шол бәндәнің ваһтині юзныс курып, әһли ғырәсәт һәйран қалып айтқай, бұл қайсы пайғамбар, уа қайсы жаһит, уә ғайыс ғазитұрур дигәй, би кәләм, уә би зәбин, уә би депдандан нидә килгәй... Бұл ол дүниядә менің әмірімді тұтып бу рирәсәлла мүбәрәк сақлап ерді шол сәбәптән шу мәртәбәгә иткендур»... Міне біз, апам екеуміз неге сақтаймыз, білдіңіздер ме? — деп Жақып кітапты жаба бере...

— Мына бір жерінде «бір қой садақа бергәй» — деп қойыпты... Өзің жазған қазақтың қу молдасы! — деп кітапты жауып тастады.

— Керек, бұдан керек не болсын! — деп қойды.

— Қазақ... қазақ молдасы. Осындай қып жоқты-барды шатып кеп, бұл алмай қоймайтын да, жүдә! — деп шал Жақыптың басқа кітаптарын қарай бастады. Бағанадан үндемей отырған Несібелді, енді бұл кітаптан гөрі де таңырақ бір нәрсені есіне алып:

— «Шорай ислам», «ақтаяқ» дегенді кәйтесің. О қандай тіксінтіп ет, жүдә! — деді.

— Онда ғой маған да намаз оқыттың! Жасым сонда 13-те, ораза тұтқызып қандай зарлатты апам!.. — деп Жақып «ақтаяқ» заманының өз басына түскен ауыртпалығын еске алады.

— Со құрғыр осы беріде бомап па еді... Кенес уағында қайдан шығып жүрді екен?.. Ораза тұтпағанды дарға асады, намаз білмегеннің тілін кеседі» — деп наяты қандай шошытты, жүдә? — деп Мақпал да еске алды...

Бағанадан бір кітапты оқып отырған Настя жаңа ғана басын көтеріп:

— Орыстыкі поп, казактыкі молда, ол бәрібір один черт! — дегенде Несібелді күліп жіберді де:

— Е, сен сөйле, қызым, маған ұдайым осындай ақыл айтат бұ! — деді.

Настя толықтау денелі жас қыз. Қызметінің көбін қазақ ортасында. әсіресе қазақ әйелімен араласа істемекті мақсат қылады. Сондықтан ол ауданды, аудан ішіндегі жақсы, жаман колхоздарды тегіс біледі. Осы Жақыптың үйінде ұдайы тұрады. Өйткені өз туғандары Қырғызстанда — Қаракөл жағында боса керек.

Бұның кемпірге оңашада айтқан жайының кейбірін, кейде Несібелді көпке де мәлім етіп қояды.

— Байғұстың әке-шешесі өмір бойы кедей болып, малайлықта өткен екен. «Алты баласы бар едік. Біз хәм тегіс малайлықта болдық» дейді. Өзі «казаксың» деп бойын аулақ салуды білмейт, жүдә. Кейде түнде кайтып кеп шешінеді де, қойшыма кіріп кетеді... Дәл баламдай... Өсиетті де көп айтат маған...— дейті.

Қазір Настя үш әйелге қарап, шындаған, салқын пішінмен сөз сөйлейді. Үні кесек. Ұртына тас салып тұрып сөйлеген кісінің үнідей салдырлап:

— Кепес келгенде олар өлеміз ойлаған. А вот сонан соң олар «ақтаяк» тағы сондай чепухаларды шығарып сендерді коркытқан» — дегенде Несібелді:

— Қоркытқан...— деп тілін тамашалап кеңкілдеп күліп қояды.

— Жақсы айтат, мақұл айтат...

— Жүдә, дұрыс айтат! — десіп Қожық пен Мақпал бек қош тыңдайды... Несібелдінің бәйгелері съездегі осыған ұксаған сөздер болсын, бұнда Жақып пен Настя айтқан әңгімелер болсын — барлығын ден қоя тыңдайды... Барлық қалыптарында осындай бір саңлауға сусағандық бар. Соған анталап бас қоюға әрдайым әзір сыяқты. Етіп келген еңбектерінен туған сана сыяқты. Тыңдағанға бұлар сөзінің қақ жартысы «ылғый» колхоз, «колхозда» дегенмен келеді.

Әр колхозда жүріп, бастары ойда жоқтан бүгін ғана қосылып отырса да бұлар іштей: «білекке-білек, тілекке-тілек қосқандар». Қазіргі әңгімелерде бұлардың үшеуі де, Настя, Жақып пен өздерін «тізелес, қолтықтас» деп сезеді.

Кемпір Несібелді де, осылар арқылы баяғысының үлкен, ауыр жүгін еңсеріп келеді. Барлық «ақтаяқ», «шо-

рай ислам», ырсалалар дүниесі енді қара дүниедей артқа серпуге айналған... Ауыз үйге шыға бере ол, алты жасар немересі Елубайды көрді. Сыртқы есікті ашып тастап, Елубай қорада жүрген ақ қоразды мазактайды. Соның үніне салып, бақырып келе жатты да әжесін көріп, қораздың әнін тастай беріп: — әже, менің өлеңімді тындағын,— деп алып әндетіп:

...Ленин біздің атамыз
Саясында жатамыз.
Жаулар қарсы келгенде
Қақ жүректен атамыз...—

деп сұқ қолын мылтық қып оқтап ап, әжесіне тап береді! Несібелді «сүйт, карағым» деп, одан да Жақып үнін естігендей болды. Сондықтан әңгімелерінің соңында шай жасап жүріп:

— Көзді бояй беріпті ғой, жүдә, құдай ұрып... Анқау елге арамза молда!..— дейді. Бұл енді оның да ішінде қайнай бастаған қортындысы... Ескілік, бұлар денесінде «өлі жүн» есепті. Жаңа тарих көктемі оларды түлеткен... Сонда азғана түбіт, азғана «өлі жүн» сүйретіле барып қалмаушы ма еді? Бұрынғы дін, ру дегендердің бәрі бұлар санасында сол тамырдан, қан-сөлден айрылып, енді үзіліп түсуін күтіп жүрген бірер жабағы, түбіт өлі жүн есепті... Бәрі тегіс шайға отырғанда кемпір төңкермені турап, әркімнің алдына тастап отырып, тақ ортаға Мақпал әкелген майды қойып, Настяға қарап:

— Бүгін ойын болат дедің бе?

— Болат, бәріміз барамыз. Алаңыкі да баратын керек... Мыналар делегат... Олар өзі де болады,— деді...

— Е, мен әм барам. Үй ішіміз боп тегіс барайық... — деп Несібелді көңілдене түсіп, бұрынғы бір ойынды есіне алып күліп:

— «Сүйдім, тидім» — деп Байжұманның қатыны қандай ойнады энеукүні,— дейді. Настя бұнымен қоса күледі.

— Өзің, жүдә, ойынға әм барғыш бопсың ғой! — деп шалы әзіл етеді.

— О қазақ ойны. Артынан бір орыс ойнына әм апардым! — деп Жақып шалқая күліп: — тап алдына апарып отырғызып «кәйтер екен» деп өзім арт жағынан отырдым. Басында адамша қарап отыр еді. Бір мезгілде қарасам қасына Жұмаштың шешесін отырғызып ап, ауылдың әңгімесін с-о-ғып отыр! — дегенде Мақпал, Настяға қосылып Несібелдінің өзі де мәз болып күледі.

— Пьесаның со жерінде бір мылтық атылатын ет. Этейі айтпай «соға бер бәлем!» — деп аңдып отырмын. Бір мезгілде «тарс» ете түсіп ет! — деп көзінен жас аққанша күліп Жақып:

— Құдай көрсетпесін, екі жағына бірдей қыйсаң-қыйсаң етіп, тап оқ өзіне тигендей боп қолымен басын қоршай берет!..

Кемпір пияласын жерге қойып, бар денесімен селкілдеп, үні өше күліп:

— Қайдам... Әне бірісі битіп қап! Мына жақтан бір орыс жүгіріп шығып битіп қап!.. — деп денесімен өрескел қозғалыстар жасап қойып: — Қарасам бір маржа серендеп жатыр! — деп тағы күледі. Мақпал шешесі мен бауырының екі арасындағы құрбыдай халге сүйсіне күліп:

— Содан әрі не бопты? — дейді. Кемпір күліп жауап бермейді.

— Айтсаңшы не болғанын? — деп Жақып тақымдаса да ол басын шайқап айтпайды.

— Одан арғы қызығы — «жүр қайтайық, жүрші... жүр» деп мазамды алмасын ба! — деп Жақып тағы күледі.

IV

Кешкі мәжіліс біткен соң ойын көрер алдында Мақпал, Айша, Қожық және Жақып бар — бәрі «Шай ішіп қайтамыз» деп үйге келді.

Бұлар келгенде кішілеу лампылардың қызғылт оттары бөлмені де жарық қып тұр еді. Кемпір ауыз үйдің оң жағындағы ағаш төсегінің қасында бір нәрсеге айналып күйбендеп жүр.

Настя ешқайда жоқ екен. Мақпал мен Айша шешелері жаққа айналғанда, Жақып пен әкесі төргі үйге қарай басты. Сол кезде артқы есік ашылғандай болып еді, Жақып өзінің арт жағынан шұғылынан шыққан тұтас, қатты күлкіні естіп жалт қарады. Шешесі, Мақпал, Айша бәрі де сақылдап есікке қарап тұр. Дәл есіктің алдында қазақтың үлкен жаулығы мен қазақы көйлек, бешпет киген бір аппақ домалақ келіншек тұр. Бұл танып болғанша, келіншек салдырлаған кесек, таныс үнмен күліп жіберді... Кемпір күле тұрып:

— Тәжім ет, қарағым! — деп еді, келіншек өзбектерше екі қолын төбесіне қойып, иіліп:

— Бісмилла рақмет! — деп еді, жұрт ду күлді. Несібелді өзі де күле тұра «режиссерлық міндетін» сонда да ұмытпай:

— Ұл тап! — дегенде Настя даусы тағы салдыр етіп, бар шынымен:

— Табам! — деп уәде берді...

Осы сурет кеш бойы Несібелдінің есінен кеткен жоқ... Ол қайта-қайта «бісмилла рақмет!» деп қойып көзінен жас аққаша күледі. Настя ісінің екінші қатты әсер еткен кісісі Айша болады. Мақпалдай емес ол ене қолына келін боп барған. Және сондай үйдің ішінде кішіліктің қағажуын көбірек көрген. Сол себепті тегі үндемейтін бұйығы еді. Колхоз бәйгесінен озып, туған үйіне кеп отырса да, ол аз сөйлеуші еді... Мына Настя мен шешесінің ойыны оны да өте көп күлдіріп ашып жіберді... Көп үлкен себеп болмаса да, бұлардың бәрінің де күлкісі мол. Қабақтары ашық, түстері жарқып... Өмірлерінің ішкі қызуы мен өскен үміт-тілегі, көтерілген талайы бар. Солары күлдіреді.

Бәрі бұрынғы ескіліктерін арттағы күнге тастаған. Енді бұрын болмаған, болжамаған қызықты жаңалық көз алдарына кеп қапты. Соны ұстағалы сыйпалап жүр. Жақып... құйрығын шалып жүр. Соның жақындығы бұлардың екпінін молайтады... Сеніміне қос қанат бітіреді. Бойларын қытықтайды. Күлкісін молайтады...

Ертеңгі түсте, аудандық слет бітіп, облысқа баратын екпінділер клуб жанында үлкен автомобильге мініп жатты. Ішінде, тап ортаға отырған Мақпал. Бұған екі жақтан: Настя, Несібелді, Айша, Қожық бәрі де күлісіп, қош айтысып оң сапар тілесіп жатыр еді. Бір уақытта Жақып келіп:

— Тоғыз кісісіңдер. Бұл баратындарың облыс. Бес кісі Алматыға барады. Сол бесеудің бірі тағы сенсін...

— Дұрыс, мақұл барам! — деп Мақпал қызарынқырап күлді...

— Кешегі осында сөйлегеніндей қып ол жерде де сөйле!.. — деп апасының қолын алып күліп:

— Ал енді «ұл тап!» дегенде Мақпал қатты күліп:

— Табам! — деді.

Автомобиль тартып берді.

«ТҮРКСТАН» СОЛАЙ ТУҒАН¹

(Директор туралы очерк)

ЖОЛСЫЗДА ЖҮРГЕН ВАГОН

Бүгін таң атқалы үшінші тәулік те толды. Үздіксіз ауыр, шабан, мыймырт жүріс әлі аяқталған жоқ. Тек тасбақадай тырбанып бірқалыпты шақыр-шұқыр, тарсыл-күрсілін салып, айдалала жалғыз әлектенген «ДТ-54» тракторын көресін. Айнала құлан елсіз, мүлде меңіреу. Трактор тына қалса, теңіз түбіндей үнсіздік әлемі басады, ол мелшиген жым-жырт.

Өткен тәуліктер ішінде бұл трактор көрмеген азап қалған жоқ. Қалың қатпар Қаратау, қала берді аяғы жоқ, басы жоқ бүгіле, созыла жатқан ұзақ қатар Ақтау таусылар да емес. Тегістеліп, оңайлар да емес. Сондай бейнетті меңіреу көшудің тағы бір қыйын өрін майталман батыр трактор жаңа ғана бар пәрменімен жеңіп шықты. Әуелі шаршы өрдің жиегіне төстабандап жабысты. Күртілдеген үніне бұрқылдаған көк түтіні үзіле-үзіле ілесіп, алыптың өзі жотаға шыққан.

Сәлден соң бұған ере артына тіркелген адам айтпас келеңсіз жүгі көріне берді. Қарауытып, қаңқыйып, абажадай үлкен қалпымен қалтылдап, қалықтап о да келіп жотаның қырына ілінді. Трактордың үш күннен бері сүйрегені, осы бір ақылға сыймас келеңсіз жүк. Ол — үлкен бір қызыл үй. Тек қана дөңгелегі жоқ, кәдімгі өз орны, өз рельсінде, өрескелі жоқ үлкен қызыл вагон.

Төменде бес рельстен шана табанындай табан жасап орнатқан қызыл вагон екен. «Үш ұйқтаса ойына кірме-

¹ Бұл очерктің бар дерегі нақтылы болмыс шындықтан алынса да, кейбір адам аттары өзгертіліп аталды. Автор.

ген» құлан елсіз жолсызда «ақ қар, көк мұзда» Жон аталған үлкен өлкенің жиегіне жаңа ғана кеп иек артты.

Трактордың қасында жаяу ғана жай басқан аласа бойлы, шүңет көк көзді, шолақ ақ тонды, ақ пималы жүргінші жүндес қолғабын жоғары созып көтерді де, төмен сілікті. Тракторшыға «тоқта» дегені. Трактор тоқтай берді, бірақ мотор өшірілген жоқ, тек әлсіреткен күйде ол діріл қағып, бүлк-бүлк, дүңк-дүңк соғып тұр. Екеуіне де мәлім қатты бір байлау бар. Не де болса қандай суық, қаншалық қатты боран қыйындық болса да, бұлар ешуақытта моторды тоқтатып, өшірмек емес. «Не глушить мотор», «только не глушить!»— дескен екеуінің өлімінен де қайтпастай, айнымастай байлауы болатын.

Тракторшы Новиковтың өңін жел қаққан, аяз сорған. Ұйқысыз жүдеген қалпында оның рені қазір қарақөк тартқан. Соның есбіне кішкене шошақтау көздерінің жасыл бояуы қоюланып, айқындай түскен. Жаңағы бұйрық бойынша тоқтаған тракторшы моторды әлсіретіп қоя салысымен жерге түсті.

— Ух, құрып кетсін бұл Джон! Ит Джон. Бұған жетеміз бе, жолдас директор, жоқ па? — дей берді.

Қажығанын мойындағысы келмеген жолдасы қысқа ғана үн қатты.

— Жонға жеттік, Жонға шықтық міне! Бірақ ол әлі қуантпайды, Новиков сені! — деп артқы қызыл вагонге қарай жүрді.

Бұлардың ендігі әңгімесі жол азығын салған қаптың қасында созыла берді. Кепкен нанды, сырты бозғыл тартқан қолбасамен қосып жеседі. Тоңазып қатқан сармайды бұлар томар-томар омырып жейді. Түн бойы ас ішпеген екеуі, таңертең елең-алаңда тамақтанбай шыққан. «Жонға ілініп жетіп алып, сәскелік асты сонда ішейік» дескен. Тоқтаған жайлары да осы еді.

Аспан ылаңы әлі айықпаған. Жақын заманда айығардай түрі де жоқ. Жұмарланған қою сұр бұлт қана қаптаған. Жотадан айналаға көз жіберсе көз тоқтарлық бірде-бір қарауытқан бұдыр жоқ. Тек қана ақ көрпесін қалың жамылған, дүңкиген қалың-қалың жоталар жатыр. Кей жақта көк жиекке шейін созылып жатқан ұшан теңіз ақсұр дала, суық дала. Жүргіншілерге әлі соншалық жат, жұмбақ дала. Бірде-бір жерде адам жайы білінбейді. Қала, село былай тұрсын, қалқыйған жалғыз-

жарым қора да жоқ. Алдыңғы күн мен кешелер сирек те болса ес болғандай мал фермалары кездесуші еді. Адамы аз жалғыз-жарым үйлері ғана бар сирек отар, қошарлар болып еді.

Екі жүргіншінің көңіліне бүгін елсіз құлазыған жапан түз жәйі әбден мәлім. Олар бұл маңнан, бүгінгі жолдан адам мекенін күтпейді де. Бірақ көз бен көңілге соншалық жат, жайын дүние аса суық тартып, орасан өгейлік аңдатады.

Екі ұртын мұздақ колбаса мен қара нанға көмейлете толтырып алған Новиков, зорға сөйлесе де, бұл жол мен Жонға қатты наразылығын айтады.

— Күншуақты Қазақстан... жақсы-ақ екен, несін айтасын!

Жолдасы қостап түсті:

— Тым құрса Қостанай мен Павлодар облысы болса біу сәрі. Февральдің аяғында Қазақстанның жылы жағында, Жамбыл облысында бұндай қалың қар, бұндай ұзақ қыс болар ма?! — деді. Новиковтан гөрі көбірек білетін де түсінетін қалпы бар. Өзімен өзі ойлана сөйлескендей боп біраз жайларды таратып айтып кетті.

— Рас, быйыл «отыз жылдан бері болмаған ауыр қыс болды» деді маған облыс қызметкерлері. Бұл жолдың қыйындығын көп айтысып еді. Бірақ сонда да дәл сен екеуміз көргендей, мұншалық қалың қар, мұндайлық меңіреу дүниені күткен емеспін. Біз қазір «Жон» деген жерге жеттік. Осы жаңағы шыққан өрден былай қарай, анау ұзаққа кетіп жатқан жота, мынау, көлбеп жатқан адырлар, тебелер бәрі енді сол біздің болашақ совхоздың жер шегіне кіреді. Бірақ не керек, әлі де Новиков екеуміз алда тататын ащы азап көп. Мынау жүк, мынау ақырын жүріс, ауыр жолсыздық жағдайында екеуміз бүгін түнге шейін алдағы кішкене пунктке жете аламыз деп сенбеймін. Одан да асай түс колбасаны! Майды және молырақ аса, болмаса өзіңнің моторың да әлсіреп жүрмесін. «Не глушить мотор!» Ол тракторға ғана айтылған емес! Қажымасқа, берілмеске, тоқтамасқа сен екеумізге де арналған ұран! — деді.

Ширақ бойы сергіп, ұсақ тістерін ақсыйтып өзгеше бір сілкінгендей боп қатты күліп алды. Шүңет қабағының ішінде терең орнаған үлкен көздері Новиковке қадала қарайды. Дем бере, жандана барлап, жылы сәуле төкті. Бұның көзі өзгеше бір қажырдың, сабырлы ақыл-

дың көреген көздері тәрізді. Көз реңі жасыл көк емес, ақшыл көк. Адамның түсіне ғана емес, ішіне де қарағыш шыншыл көзінде сирек бір саналы оттар қалушы еді.

Новиков бұның жаңағы айтқан жайларын ұғына тыңдап тұрып, өзінше бір долбар айтты.

— Осы күндерде көп совхоздар Қазақстанның ең суық жағы солтүстік облыстарға орнап жатыр ғой. Оларға бізден де қыйын шығар!

Бұған оның жолдасы екі ұдай жауап берді.

— Қыйыны да бар, бізден жеңілдірек жәйі де бар!

Ол өзі Қазақстанға жүрерден бұрын жалпы осы республиканың экономикалық, географиялық жайларынан әдейілеп оқып алған көп кітаптар мәліметін еске түсірді.

— Рас, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, тіпті Көкшетау, Ақмола облыстарының бәрі де бұл жақтардан суық. Қары қалың, бораны да көп. Бізде мынау қар, мынау ұзақ қыс сирек болатын жәй! Бірақ сонымен қатар ол жақта таулар аз. Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар, көп жерінде Көкшетау, Ақмолада тегіс далалар мол. Онда трактор, сенің тракторың көрген қорлық азалты дәл бұндай кермейді. Біз сыяқты поезд станциясынан тоқсан километр жерге орнаған және жолының бәрі тау, ой-шұңқыр, тас-қыя, жар-жыра болған совхоз жоқ деуге болады. Не деген сөз? Бір ғана вагонды болашақ совхоз орталығына жеткізу үшін екеуіміз трактормен бүгін үш күн сүйреп келеміз! Осы жолдың әрі жырақтық, әрі ой-шұңқыр, тау-тасты қыйындықтары Солтүстік Қазақстандағы совхоздарда жоқ деуге болады. Біздің жайсыз жағымыз дегенім осы! Сондықтан әлі де баса бер, Новиков, тарта бер! — деп өзінің термосындағы ыстық шайының ең соңғы кружкесін Новиковке төңкере құйып берді.

Сәл тынығып, тамақтанып, бой жылытып серги түскен қалпында ауыр жолдың жолаушылары тағы да мыймырт жүріске басты. Аяздап қалған машина шықырлай шақырлап, сықырлай күтірлеп қалың қарды жентектеген күйде екі жағына ыршыта шапшытып, лактыра отырып жонның күдір жотасымен баяулап тарта берді. Бұлыңғыр күнгірт сәуле арасында айнала айқын көрінбейді. Сұрқай аспан мен ақсұр дала ұласып, кілегей сұйық сұрғылт бір бояуға батқан.

Жон маңы жүргіншілерге тағы бір тың әлек әкеле

бастады. Бұрынғы ойда, сай-колатта келе жатқандай емес, жотаның үсті қатты ызғырық аязды жел аңқытуға айналды.

Новиков тракторды жүргізе отыра енді жиі-жиі аузы-мұрнын укалай бермесе үсінетін тәрізі бар. Жолдасы жел өтіне тоңа бастаған беті-мұрнын сақтау үшін сырт айналып, арқасымен шегіне жүріп беті-қолын укалай берді.

Жон үсті жақында жауған қарын қуғылайды. Алыс жиек қана емес, жақын жерлердің өзінде де ирек-ирек күртіктер үстінде түтіндей, құйындай бұралып шалқый түсіп, жаяу боран — ақжорға жүре бастады.

Күн анық аязды, желді борасынға айнала берді. Жонның қарының да бұрынғыдан әлдеқайда қалындай түскенін Новиков түйілген қабақпен аңыстап келеді. Айқын жол жоқ. Бұларды бастап келе жатқан бірер машинаның ескі сүрлеуі ғана. Ол кей жерлерде боран астында басылып қалады. Кей тұстарда омырылған томар-томар қар кесектерін үлкенді, кішілі қыйыршықтарын көрсетіп қояды. Кешке де, таңғы елең-алаңда да, қазіргі жаяу боранда да жат жолдағы жатырқағыш жолаушы-тракторшыны бастап келе жатқан соқыр жол осы.

Жон енді біразда кей тұстарда жақпар тастарды, қатпарлы қатар төбелерді, сирек бұталарды жиілетті. Боран каратастан да, қалтылдаған тікенді шенгелдің үсті-басынан да, бауырынан да ұйытқып өтіп жатыр.

Новиковтың көзі тек қана алда, соқыр жолда болатын. Ал жолдасы соңғы сәтте сол жақтағы бір жайға қадалып, тоқтай қарап қап еді. Оның көзіне сонау селдір аласа бұтаның түбінен көтеріліп, қалқылып тұрып, қайта құлап түскен бір жан иесі елестеді. Көрінді де құлап жоқ болып кетті. Аспанға созылған қолдар байқалған тәрізді. Әуелде жолаушы бұл көрінген тауешкі бола ма, анау мүйізі ме деп қалып еді. Кейін жыйырыла құлаған бейнені көргенде көңілінде күдік қалған жоқ. Жылдам басып трактордың қатарына омбылай жүгіріп кеп жетті де, тағы да дағдысынша қолғапты қолын жоғары көтеріп, төмен бір-ақ сілкіп «тоқта!» — деген бұйрық берді.

Новиков тоқтады да, таңдана қарады. Жолдасы сол қолымен жанағы жақты нұсқап тұрып: «Анау жерде біреу жатыр! Менінше сол адам!» — деп еді.

Новиков бұның неге тоқтағанына қайран болып:

«болса болсын!»— деп кайтадан баранкеге қолын сала берді.

— Токта, ол адам болғанда боранда үсіп жатқан адам болу керек!

— Но, несі бар, біз не істейміз?

— Не істеу керек? Түндегі боранда аласып, ұшып өлгелі жатқан адам болса, біз көмек етпейміз бе?!

— Қандай көмек?! Не айтасыз? Көмекті менің өзіме етсін, мен де ұшып өлгелі келем, жолдас директор! Бөгелмейік! — деп тракторшы жүріске қайта басты.

Директор оны нығынап какты да қайта тоқтатты. Енді даусы шаншыла ширап, катаң шығып еді.

— Мен көмек ету керек деймін, құтқару керек деймін! Ұқтың ба? Ол адам! Мүмкін өлгелі жатыр.

— Қалай көмек ет дейсіз?

— Бұр тракторды.

— Но... жолдас директор, тастаңыз ол қалжакты!

Директор өткір көзін қабақ түйе зілдене қадады.

— Бұрылып барамыз, бұрыңыз тракторды! Түсінесіз бе, адам өлгелі жатыр дегем жоқ па мен сізге?!

Новиков те тістеніп, ашулана түсті.

— Қайдан бұрам, жолдан шыксақ кайтадан таппаймыз мынау ит ізді, адасамыз. Өлген адамды айтсаңыз, алда да, біздің өзіміздің совхоздың адамы да өлгелі жатыр. Үш күн болды азықсыз! Біз болсақ жете алмай келеміз.

Директор өзінің нық байлауына енді ашумен түйілген еді. Қарды тепсіне тұрып:

— Бәрібір біз қауіпке түскен адамды тастап кете алмаймыз. Түсінесің бе, біз совет адамымыз. Бұр деймін қазір тракторды!

Новиков те ызамен қарсылыққа басты.

— Машина үшін мен жауап беремін. Алмаймын мойныма ол жауаптылықты. Жолда тағы тас, бұрыла алмаймын! — деп жағын тістеніп, тракторды қозғай берді.

Қазір тотыққан сарғыш жүзіне қып-қызыл ашу қаны ойнаған, кішкене ширақ денелі ақ тонды адам енді жүгіріп ұшып, трактордың алдына шығып тұра қалды. Новиков тақалса да ол тапжылған жоқ. Тракторшы бас шайқап, қыңыр жолдасын жасыл көзімен оқтай атып тоқтай берді. Сол кезде санқ еткен қатты үнмен қысқа ғана жалғыз бұйрық айтты директор:

— Мен бұйырамын, бұр!

Трактор жыйыны екі жүз метрдей жерде көрінген жанағы жалғыз селдір бұтаға соншалық жай жылжып, қыйналып шықырлап, байбайын сала, бар лағнет қарғысын айта зорға жетті. Тікен түбіне директор ұмтыла жүгіріп бұрын жетіп еді. Қалың қардың ойылған құдықша түбінде бүктүсіп жатқан кішкене дене көрінді. Адам... қазақ киімді. Басында шүберек, үстінде шапан. Әйел! Директор құдыққа үңіле келіп, бұны екі жағынан қаусыра құшып, жоғары көтеріп алды. Жүзіне қараса тасқа түскен таңбадай құрысып сұрланып-сұрланып түскен қалың қатпар ажымы бар арық, жүдеу, кішкене кемпір екен. Қазақ кемпірі. Қабағын сәл ғана жыйыра көтеріп, көзін болымсыз ғана ашты да: «алла!» — деді. Екі жағы қалтылдап, өнебойы дір-дір қаққан, ұшып жаурап біткен сорлы жан, адам қолы бойына тие бере, сіресіп есінен айрылып талып кетті.

Енді трактордан түскен Новиков те көмекке келген еді. Екі еркек шүйкедей кемпірді көтеріп алып, вагонге әкелді де тоңазыған есігің шақырлата ашып жіберіп төменгі аласа полқаға әкеліп жатқызды. Енді екеуі бірдей «спирт, спирт!» — десіп тезінен кемпірдің екі қолын, кеудесін, аяғын, өнбойын спиртпен ысқылай бастады.

Салқын вагон ішінде аузына да спирт тамызды. Бойы сәл қызынып, жан кіріп жылына берген кемпір аузына ащы спирт тамшылары сирек тістері арасынан өткенде барлық беті-жүзін тыжырта, ысқына «Уһ!» деді. Жарты сағаттай бұның өнбойын укалап, ысқылап жан шақыртқан екі еркек енді кемпірдің есі кіре бастағанын аңдады. Рені оңған, бозғыл қоңыр тартқан ажарлы көздерін енді анық ашып, екі орыс адамына ұғына қараған кемпір алғыс белгісіне ишарат жасап, басын шұлғый берді.

Директор енді одан орысша жөн сұрап: — Сенің атың кім? Сен кім? — деп еді, кемпір түсінбеді. Құлағы да көмескі естиді. Ол өз жанынан, көкейін тескен бір ауыз сөзін айтуға ынтығады.

— Сада... садаға... садағаң кетейін. Садаға!.. — дей береді.

Директор мен Новиков оның атын «Садаға» қойып алды.

— Садаға, сен қай колхоз? — деп сұраған директорға:

— «Ждан!».. «Жданов!» — деді.

Екі жолаушы «Жданов» деген колхоз атын естігенде қатарынан елсз етісті.

— Біздің көрші колхоз!.. Біздің база қасындағы колхоз! Жондағы Жданов атындағы колхоз? — деп кемпірге екеуі кезегімен бас шұлғыды. Қолдарымен өз кеуделерін ұрып, алға қарай Жданов атындағы колхозға қарай қол сілтеді. «Біз де сол Жданов атындағы колхозға қарай барамыз!» дегендей кемпірге түсінікті белгі жасады.

Бір тірі жанды өз қолдарымен өлімнен құтқарғанына қазір тракторшы Новиков та өзгеріп, көтеріле сергіп қалған. Ол енді бұрыштағы азық қапшығы ішінен өзінің термосын алып кеп кемпірге үлкен шыны шай ұсынды. Екі жақтап нан, май берісіп жатты.

— Садаға, іш! Сен өлмейсің, көп жасайтын кемпір Садаға! — деп енді директор мен Новиков өздері құтқарған саналы жүзді кемпірге әзіл де айта бастады.

Осы күні Жонның ұзақ, сар жотасын аса баяу жүріспен даңғаза қып зорға шыйырлаған үлкен көлік кешке шейін жүрді. Әлі де Жон деп аталғанмен бұл өлке бір тегіс емес екен. Үш-төрт рет Новиковты аса қатты қыйнаған, әуре-сарсаң еткен тік шаншылған құлаберіс те болды. Ұзақ көлбеп созылған шаршы өр де кездесті. Тоңы қатып, құлай түсіп, кемерленіп жатқан шұңет сай, тар жыралар да табанынан тартқандай боп «ДТ-54» тракторына тістесе жабысты. Сіресе қысып, жібермей жатып алған жерлер көп болды. Ең соңғы, бейнетті бір жер, бұлар баратын база болмысқа екі жарым-ақ километр жердегі терең жар еді. Дәл сол араға кеш бата кеп ілінген, мейлінше қажыған жүргіншілер төрт сағаттай кесел жардың тұтқынынан шыға алмай әлекке түсті.

Еугін күні бойы вагон ішінде үлкен тонға оралған кішкентай кемпір бүрісіп құнысты да жан шақырып жата берді. Жолдың ор, жыралары, өр қыялары вагонның іденінде оны әрлі-берлі көп домалатқан еді. Кемпір әйтеуір қалың тонға шымқана оранған күйінде сол тонымен бірге «алда, құдай!», «ойпырым», «Садағаң кетейін», «алда, жасаған!» дей түсіп жата берді, қала берді.

Тек жеттүн мейлінше болып, айнала қоңырлай кара қошқыл дүниеге әбден ауысқан шақта ғана жүргіншілер алдынан кішкентай терезелердің қызғылт сары оттары көріне берді. Жакын жердегі адам жайы бес-алты жерден көрінді. Енді бір азда үнсіз меңіреу жотаны өзінше оятып көп иттің үре жүгірген үндері естілді.

Директoр күні бойғы омбы қардағы жаяу жүрісте өнебойы ұйып, талып, шаршаған болса да енді сақылдап күліп жіберді.

— Иттер! Туғандар, сүйікті иттер! Үріндер, келіндер, тек үріндер! — дегенде суық жүзді Новиков те балаша күлді.

Адамзат мекеніне әлі дүниеден зорға құтылып жеткендері үшін бұлар сондай қуанышты еді. Жүргіншілер мақсат еткен мекеніне жете берді. Бұл арада өңшең кішкене, аласа қазақ қорасы болатын. Жыйыны оншақты қора болғанда бәрінде де кішкентай аласа терезелерде әлсіз жарық қызғылт-сары сәуле береді. Кешкі оттар сөнбеген, ауыл әлі жатпаған екен.

Күрсілдеп дүрсілдеген трактор ауылға тақай бергенде, жаңағы иттерге ілесе алдан еруілдеп шыққан адам саны да мол екен. Осы көлікті жүргіншілерді асыға тосқан адам тобы андыздап жүгірісе, дабырлап сөйлесе алдан шығып қоршалай берді.

Директорды таный бере жүгіре кеп құшақтай алған жас қыздар, еркектер дабырлап қуана қарсы алып жатыр.

— Алексей Иванович, родной!

— Директор қымбаттым!

— Туған әкем! Неге мұнша кешіктіңіз?

— Біз сізді сағынып, көксеп өлер болдық қой!

— Сіз шыққалы үш күн, үш түн. Біз біліп отырмыз.

— Боранда адасып, ұшып өлді ғой деп те қорқып едік.

— Жеткеніңіз қандай жақсы! — десіп Новиковты да, директорды да қамап қоршап алған жұрт әлі бұлардың аузын ашырмай дабырлап шуласты, таласа сөйлеп жатты.

Директор жол қиыншылығын қатты бір қарғап, қысқа атап алды да қарсы алған адамдардан өз жөндерін сұрай бастады.

— Сендер тегіс тірімісіңдер? Аштан өлген жоқсыңдар ма? — дегенде бірнеше жастар даусы ащы үнмен жарыса шықты.

— Ашпыз! Нан кеше бітті.

— Ыстық тамақ ішпегелі үшінші сутке.

— Нан әкелдіңіз бе? Азық келді ме? — дескенде барлық отыз-қырық еркек-әйел аныра анталасты.

— Келді! Нан да, ет те, май да, колбаса да, тары,

күріш — бәрі де бар... Одан өзгесі де бар. Енді өлмейсіндер! — деп Новиков те қалжындады.

Директор ашық үніне салып қатты дауыстап күле түсті де:

— Өлмейсіндер! Сендер түгіл далада үсіп өлгелі жатқан кемпір Садаға да өлген жоқ. Міне мұны көріңдер! Білдіңдер ме, біз боранда ұшып өлгелі жатқан колхозшы кемпірді де құтқардық. Осы колхоздың бір кемпірін де өлімнен айырып алып келдік! — деді.

Ол барып вагонның есігіп ашқанда кемпір тонға оранған күйінде жерде шоқшыйып отыр екен. Енді жаңағы жыйын ішінде үнсіз тұрған бес-алты қазақ әйелі, еркектер де бар екен. Солардың арасынан кемпірді шырамытып, қатты дабыстап, ұмтыла жүгірген жас әйел үні шықты.

— Апа! Апатай! Тірімісің, бармысың! — деп кемпірді бас салып құшақтай жылап, тағы бір жас әйел жабысты.

— Не дейді, апа-ау, бармысың? Қайран апа! — деп түлкі бөрік киген биік бойлы қара сақал Сәлмен деген колхозшы ұмтылды.

Енді директор мен Новиковты қарсы алған достары тегіс аңырып, үнсіз ғана тұрып қалып еді. Өйткені бұлар көрген ендігі жайлар өзгеше қызғын, оқшау хал болды. Бірі үстіне бірі ұмтылып, біреуі «апа» деп, біреуі «әже» деп, бір әйелдер «Сақа», «Сақыш апа», «ойбай тірі ме ең, біз саған жаназа оқып қойып ек?» «Шарламаған жеріміз, шапқыламаған тау-тасымыз қалды ма?»

— Сені адасып кетті деп екі күннен бері барлық осы ауыл ат үстінде сабылумен болғамыз жоқ па? — деседі.

Ендігі барлық жайларды жыласқан, қуанып күліскен қартаң әйел мен еркектер, жастау жігіт, келіншектер, мектеп жасындағы қыздар, ұлдар қалың шуға айналдырды.

Кемпірді қарасақал Сәлмен құшақтап көтеріп апты. Соның қолында тұрып кемпір өз қолын көтеріп, шулаған жұрттың үнін басты. Енді сәл бір жым-жырт халден соң бетін директор мен Новиковке бұрды. Екі қолының саусақтарын соларға қарай соза бергенде кәрі көздерінен ыстық жастары да сорағытты.

— Айналайын!. Бар алғысым мынау екі орысыма. Баламнан көрмеген, байымнан көрмеген, құдайымнан көрмеген рахым мен достықты осы екеуінен көрдім! Садағаң кетейін, мен десендер күте көріңдер. Өліп қалып

ем... Қар астында қалып ем. Иманымды айтып, үзіліп болып ем... Екеуі көрден аршып алды. Қатып қалған, мұз боп қалған өлі денеме жан берді. Мен дегенің, осындағы өрен-жараның мен үшін сендер де осыларға қарыздарсың. Садағаң кетейін, садаға! — деп екі кішкентай қолымен директордың қолын қысып алып өзіне тартты, оның қолынан сүйгісі келіп еді.

Директор сақылдап күлді де, бұл қыймылға қысылып, ұялып:

— Е, ол жарамайды, Садаға, ол керек емес!— деп күлген бойында қолын жұлып тартып алды. Сол қалпында кемпірді құшақтап, арқасынан қағып-қағып қойды.

Жолаушылар мен ауылдағы жандардың ең алғаш кездескен минуттары осындай еді. Сәлден кейін он шақты ғана қоралы ауыл үйдің бәрінде ойда жоқ тамаша бір мейірлі, көңілді жылылық, достық жайлар кетті. Он үйдің бесеуі сол сәтте, сол түнде ауысып, келесі бес үйге көшті. Бұрыннан кеп осы арада суық кенеп шатыр астында жатқан отыз-қырық адам барынша қуанды. Алғыстарын айтып Жданов атындағы колхоздың колхозшылары әдейі босатып берген бес қораға, жылы баспанаға жапырлай кірісті.

Директор жақсы біледі, осы он қорада отырған қой фермасындағы шаруа үйлері совхоздың жаңа келген жұртына барынша жақсы пейілмен, дос ажармен қараса да, әлі де суық қыс өздерін де жүдетіп тұрғандықтан көп көмек көрсете алмай отырған. Рас, олар ерте-кеш демей, өздерінде бар азығымен ыстық ас әзірлеп беріседі. Жіні-жіні самауыр қойып, әр топ адамды бөліп-бөліп, әр үйге шайға шақырысады. Алғаш келген аз топты аудан қызметкерлері кеп қарсы алғанда мұндағы колхозшылар да жамырасып, жылы шыраймен тосып алған. Бірақ, сонда да үй-жайдан жәрдем ете алмай тұрысқан.

Енді Сақыш кемпір келісімен өз жайын айта бергенде бұл ауылдың бар үй адамдары совхоздың директорына соншалық мейірленіп қатты сүйсіне дос көріскен. Ал, Сақыш болса осы он қораның екеуінде оның балалары тұратын. Біреуінде ертеде ұзатылған қызы, тағы екі қорада қадірлес қайындары және бір үш қорада өзінің бауыры, төркіндері болатын. Қысқасы бұл осы колхоздың ырысты бір анасындай тегіс қадірлі кемпір еді. Ол

«Ақтоғайдағы» кәрі абысыны шақырып барған да, сол «Ақтоғайдың» бір жас әйелімен, атшанамен жолға шыққан еді. Жолшыбай боран басталғанда бұлар жолдан адасқан. Кейін шана бір оқапқа соққанда келіншек пен кемпір қатарынан жығылып, асаулау ат шанасын тепкілеп қашып кеткен-ді.

Содан кешегі күн таңертеңнен кемпір мен келіншек ақборан ішінде адасып қаңғып, көп кезген. Ақыры кемпір әлі бітіп, келіншектен айрылған да «осы арада өлдім» деп екі рақағат намазын оқып, сол анау бұтаның түбінде ұшып тоңып қалып қойған-ды.

Енді кемпір ғана жылы жайға жеткен жоқ. Осы күн түн жарымына шейін бес қораның он шақты жылы тамдарына, қырық шамалы совхоз адамдары мез-майрам боп жайғасып жатты. Бұлардың да жылы жайға бойы қуанып, мейірленгені сонша, әкелген тамақты да ұзақ уақыт асып, ыстық ішіп, оған бір қуанысады. Өздері үйінен шығып, мекендерін босатып берген «Жданов» колхозшыларына кең сарайға кіргізгеннен бетер алғыстарын айтысады. Олай ететін орны да бар...

Осыдан бес күн бұрын директор бастаған алғашқы үш машина, бораннан бұрын осы адамдарды мынау суық панасыз жат жотаға әкеліп тастаған еді.

Бұл арада мынау ақ қар, ақ боранда ең алдымен адамдарын сақтау ең үлкен міндет екенін біліп, директор сол күні қайта шапқан-ды. Ол неқылса әуелі қызыл вагон, вагондар жеткізіп алмақ еді. Сонымен бірінші қызыл вагонды бірінші «ДТ-54» тракторымен сүйреп келген болатын. Әрі азық, әрі алғашқы баспана алып жеткені осы. Оны бұнда тосқан адамдары да болашақ совхоздың ең басты, ең қажет қымбат жандары. Бұнда осы директордың қарамағына, жауаптылығына өздерінің еңбегін, болашағын, ендігі өмірін, тірлік тағдырын да тапсырған бас агроном, жай агрономдар, бас инженер, партия ұйымының секретары, комсомол қызметкерлері, механизатор, тракторшы, комбайншы еңшең еркек-әйел қымбат жандар, асыл мамандар болатын.

Бүгінгі кеште жылы жайға бойлары сүйсінген, іштеріне ыстық, дәмді ас түскен осы топ әр қора, әр бөлмеде, ас жанында, төсек-орын үстінде отырысып айтысқандары Алексей Иванович жайы.— «Қажырлы, төзімді құрыш мығым директор Строгов» жайы ұзақ еске алынған-ды.

Жамбыл облысы, Сарысу ауданында Жон дейтін елсіз, ессіз құладүзге орнай бастаған «Түркстан» атты (үлкен атты) болашақ совхоздың директоры — күндізгі біздің танысымыз директор Алексей Иванович Строгов сол болатын.

БАС УАЙЫМ — БАСПАНА

Келер күн тағы да айнымаған жүдеу сұр аспан қабағы ашылған жоқ. Желдеткен аязы бар айналада әлі де ақжорға жүріп жатыр. Жақсы тынығып, ерте тұрған Строгов қасына партия ұйымының секретары қазақ жігіті Тұрсынов дейтін қызғылт сары серігін ертіп алып, қазақ қораларын аралай бастады. Бұлар жүре бере көңілді бір жайға таң қалысты.

Бірнеше күннен бері жұмыссыз, амалсыз құста боп, айласыз тұсаулы отырған әр сала істің адамдары қазір Строговтан да бұрын тұрып, жаппай іске кірісіпті. Тұрсынов та Строговтан бұрын таң қылаңдай бере тұрып, бұл жайлардың шет-жағасын көріп, кейбір жолдастарға әлдебір қора, әлдебір баспана жайларды көрсетіскен болатын. Енді өздеріне тиген бес қора-жайға талай түрлі тіршілік іргесі орнап жатыр. Бір қораға почта — байланыс орнатып, соған ілес бір бөлмесіне дәрігерлік пунктін кіргізіпті. Тағы бір қораға рабкооп өзінің лавкасын жайғастырып жатыр. Бұл араға, әсіресе осы келген жұртқа өзгеше қажет болған асхана орнап жатыр.

Тұрсынов өзі белгілеп, бір кішкене үйдің екі бөлмесін совхоз дирекциясы қызмет етуге жарайтын баспанаға айналдырыпты. Бұнда директор, бас агроном, бас инженер, партия ұйымы, комсомол, кәсіподақ орындарының ырымдары өздерінің ең алғашқы ұя үйшігін құрып жатыр. Әзірге соншалық тар жерге талай сала тірліктің басы сығылыса, жайғаса бастауы өздеріне қызық та, бірақ сонша қымбат та көрінеді. Тар қабықтың ішіне талай дүние амалсыз тоқайласып, бастарын түйістіріп тұр.

Осы бес қораның қатарына бұрынырақ келген палаткалар да қайта келіп қанат жайып, орналаса берді. Кейбірінің сырты боз, тағы бір сұрғылт және біреулері көк түсті палаткалар орналасқанда солардың тап ортасына түнде жеткен қызыл вагон да жайғасты. Қазір оның темір пешінің мұржасынан будақ-будақ түтіні шығып, ең алғашқы мәдениет елшісі өзіне бөлек жылы мекен боп жұртты «кел мұндалап» шақырып тұрғандай.

Құнтыған тыянадай бойы мен жаңа қызыл бояуы, ұқыпты терезелері, кіре беріс басқышы — бәрі де бұл вагон үйді өзгеше жаңа тірліктің ең алғашқы кесек ұры-ғы, қызық бір ұйтқысы сыяқты көрсетеді.

Жаңа тірлік ұйыстыруға бар ынта-бейілдерімен кіріскен мамандар, басшы қызметкерлер, ер-әйелдер, үй қызметіндегі әйелдер болсын бәрі де бес қораның төбесі жабық, пана лыпасы болса, соның бәрін толтыра керней пайдаланып жатыр. Сол ретте сыйыр қора, шошала, тар далан, етхана болсын бәрі де адам жайына айналып, ауызүй түгел кернеп толып қапты. Тіршілік қазаны жақсы, сау, қызу бір ырғаққа түсіп, әр жерде жаңа өмір, жаңа дүниенің жан тамырлары қызған қазандай шымыр-шымыр қайпайды.

Бұдан бұрынғы, Строгов келер алдындағы күндердің ең үлкен қиыншылығы отын еді. Қораларын босатқан колхозшылар үйген қыйларын, сақтаған жапаларын, шеңгел, томарларын да келген қонақтарына ырзалық, дос мырзалықпен бөліп берісіп жатыр.

Осы жайлардың бәрін әр жерге бас сұғып, шолақ қана тілге келіп, аңғарып, шолып алған Строгов енді Тұрсыновқа бар жұрты атынан колхозшыларға алғыс айтуды тапсырды.

Тұрсынов Сәлмен бастаған қарасақал, бисақалдың, әр жастағы әйелдердің жыйырма шақты кісілік тобын жыйнап алып, өз жанынан да қазақша бапты достық, сыйластық сөздер айтты. Строговтың көп атынан білдірген ырзалығы мен алғысын жеткізді. Осыдан кейін қалған жайды Тұрсынов пен басқа көмекші жолдастарына тапсырып, Строгов қазір тезінен қайтадан кешегі жолмен, тоқсан километр жердегі сснау Шолақтауға және асыға жөнелетін болды. Ол жерде болашақ совхоздың алғашқы базасы. Темір жолдың үзілген жері болғандықтан сонда соңғы он күннің ішінде осы совхозға арналып келіп жатқан дүние мүлік көп екен. Сонымен қатар Жамбылдан және Ташкенттен осы совхозды құрушы қалдың топ, көп маман ер-әйел қайраткерлер ағылып келе бастаған. Олар келе орнайтын баспана қажет. Сол үшін енді Строговтың және Новиковтей мықты тракторшылардың жақын үш тәулік ішінде бар істейтіні бір-ақ шаруа. Ол — мынау алғашқы келген қызыл вагон жолымен дәл сондай он-он бес вагон және талай палаткалар жеткізу.

Шолақтауға келген «ДТ-54», «С-80» тракторларын кешегі бірінші вагонды әкелген ретпен, сол тәжірибе бойынша Строгов өзі енді бірі артынан бірін үздіксіз жөнелтпек. Бұл жерден қайта трактор айдамайды. Ол жерге келіп тоқтағанның бәрін кешегі Новиковше, соның тракторынша жолға салады, іске қосады. Осы жайды бас инженер, бас агроном және Тұрсынов үшеуіне байлау етіп айтты да, Строгов қазір қызыл вагон алдына кеп тоқтаған өз машинасы «Газ-69» ға қарай бет қойды.

Бұл тоқтағанда машинадан агроном әйел Нина Петровна секіріп түсті де, шофердің қасына кеп, оның иығына өзінің екі қолын салды да, бетін басып жылап жіберді. Шофердің де кесек жүзінде, жүдеу қабағында қатты кейіс бар. Бір еркек, бір әйел бұның екеуі де қайғылы жылаулар екен.

Строгов өзі отыратын жақтан шофердің қасына лып етіп секіріп, шапшаң отыра қалды да, жаңағы екі мұңлы жанға бар еңсесімен бұрылды. Бір қолымен шоферді құшақтап, екінші қолымен әйелді басынан, бетінен сыйпады. Оның ыстық, толық жүзіне салқын алақанымен майда қағып, жұбату айтты.

— Нина Петровна, алтыным, жыламаңыз! Тек жыламаңыз, мықты болыңыз. Ал Васяға айтатыныңды мен қазір айтамын. Одан да кішкене қызыңызға, ана Надяға шапшаң барыңыз. Соны сақтаңыз!

Нина Петровна қалың, жасы мөлтілдеп сорғалаған ып-ыстық, қып-қызыл жүзін Васяның иығынан көтеріп ала берді. Бұл шақта шофер Вася да танауын қос-қос-тап тартып, үлкен кара көздерінен кесек-кесек ыстық тамшыларын ірікпестен ағызып отыр еді.

Нина Петровна бұдан үзіле бере, Строговке жасты жүзін тура қаратты да, соңғы ғана сөздерін айтты.

— Мен мына Васяға үйде отырма дедім. Қазір Алексей Ивановичке ер де, өз руліңе отыр да жүріп кет, тез кет дедім. Мен соны бұйырдым! Болмаса, бұл менің қасымда отырса Алешаны ойлап тек жылай беретін, қайғыра беретін. Тура отқа түскендей жана беретін болды. Барсын! Енді Алеша жоқ, бізге ол қайтпайды. Бар, Вася, милый... Мен туралы уайымдама! Барыңдар, жүріп кетіңдер! — деп, сөзінің аяғында, — біз бұл жерге уайым төгеміз деп келгеміз жоқ. Шыдау үшін, дегенімізге же-

ту үшін келдік! Бар, Вася, милый, ұмытпа осынымды! — деп қала берді.

«ГАЗ-69» ойнақы батыр машина, кешегі трактор келген ізбен жүйткі тартып жөнелді. Машинаның артқы орнында, бұл жердегі тракторшыдан Строгов таңдап, әдейі ертіп алған комсомол тракторшы Ткаченко деген жігіт бар еді. Артқы орында ол үнсіз жалғыз отырды.

Базадан үзіліп шыға бере Алексей Иванович шофердің арқасынан құшқан қолын әлі де алмай, оны арқаға қағып отырып, аса бір жақын жан, жанашыр дос үнімен сөйледі.

— Вася, Василий Захарович, мен Нина Петровнаға жаңағы сөздері үшін... сені бүгін осылай жүргізгені үшін соншалық ырзамын да қайранмын! Мен ол үшін қуанып қайран қалдым. Қандай қайратты жан, жақсы жан! Ал ол сенің сондай жақсы әйелің. Ана да ол! Алеша жақсы бала еді. Кім ойлаған бұндай болады деп. Ол кеше ғана өліп, сендер бірің әке, бірің шеше, сондай жақсы балаңды мынадай бөтен шетте, суық жат далаға, суық жердің бауырына кеше ғана бергендерің аса ауыр. Мені де сондай қыйнайтын қаза. Бірақ Нина Петровна саған да, бәрімізге де барды айтты. Сенің мынау қазіргі шығысың, Вася, сенің өзіңнің де азаматтық қасиетің, батылдығың. Мен сені осындай шақта, дәл осындай батылдыққа, қайратқа табылатын жас дәйтұғым. Ал сен екеуіміз көп жылдық жолдаспыз, білесің ғой. Талай қыйыншылықтардан да өткен едік қой. Қайғына мен ортақпын. Менің достығым мен көмегім әрқашан сенің жолыңнан табылады. Енді шыда... Қайратқа бас!

Вася үндемей ғана Алексей Ивановичтің қолын қатты қысып сілікті де:

— Рахмет, Алексей Иванович, түсіндім. Болды, бәрі болды! — деп кеудесі дірілдеп, демі де қатты бір өксікпен шығып, ащы ауыр бір күрсініп алды. Сөйтті де үндеместен алдағы жолды бағып, машинасын алпыс километрлік шапшаңдыққа мезгеп алып, тістене түсіп тарта берді.

Жаңағы Строговтың: «көп жыл жолдас болған едік», «сынасқан едік» дегені шын болатын. Осыдан бес жыл бұрын, Москва түбіндегі Чехов атындағы МТС-те Строгов директор болып тұрған шақ еді. Бір күні оның кабинетіне, күтпеген шығыс адамы, жақсы киінген, биік бойлы, жалпақ қалың бетті бір жігіт кеп кірген еді. Үс-

тінде қаракөк велюр пальтосы бар, басында сұр велюр шляпа, қолында жұқа сафьян перчатка. Ол келіп кіргенде Строгов орнынап тұрып, қабылдап отырғызып, жөн сұрардан бұрын, ең әуелі, Совет Одағына шеттен келген қонақ екен деп ойлаған. Кореядан ба, Қытайдан ба, не-кылса Россияның шығыс жақтағы дос көршілерінен келген қонақ деп білген. Бірақ сөйлесе келе жаңағы шығыс жүзді жас, орысша ағып тұр. Қасына ерген нөкері, көмекшісі де жоқ. Содан әрі сөйлесе бере ол Строговты мүлде таң қылған. Соғыстан қайтқан, Совет Армиясының қатарынан шофер-механик боп қайтқан өзіміздің Совет Отанының азаматы екен. Аты Василий Захарович болғанмен фамилиясы Матайбаев. Шығыс адамы екендігін фамилиясы айтты.

— Сіз қай ұлтсыз дегенде, жас жігіт өзін: «қазақ-пын» — деді.

Сол Матайбаев Вася жеті жасар бала шағында 1931 жылы Семей облысында Ново-Шульба ауданында әке-шешесінен бірдей айрылып детдомға түскен екен. Оның осыдан кейінгі бар өмірі армияға барғанша детдомда, совет мектебінде, әралуан интернатта өткен. Соғыстан ол әрі механик, әрі бірінші категория шофер боп келген соң Москваың түбінде тірлік бастаған. Сол шақта агрономдық оқуды бітіргелі жүрген жас орыс қызы Нинаға үйленген.

Строгов басқарған МТС-ке Матайбаев өзі жақсы шофер, әйелі жақсы агроном боп, екі бірдей қымбат маман боп кіріскен. Содан бергі бес жыл ішінде бұлардан Аляша деген ұл туған. Қазір үш жасқа келген Надя деген қыз да туған-ды. Бірін-бірі сонша жақсы көріскен екі жас аса бір сау, таза, мәдениетті және үлгілі өмір құрды. Олардың өздеріне меншікті Москва түбінде, Чехов МТС-інің жерінде, кішкене көл қасында қарағайлы тоғай арасында төрт бөлмелі жақсы дачасы да бар еді. Бұлар білімге де ынтық, тәжірибесі де таза, өздері аса тату мінезді бір семья болып алған. Сол себепті Строгов үй ішімен, Матайбаевтармен жақын туыстай, ежелгі достай қатты табысып, араласып кеткен болатын.

Өткен қыстың басында Москва облыстық партия комитетінің басшы адамының бірі Строговты шақырып алып, Москва партия ұйымының атынан тыңға аттану тапсырмасын білдірген. Бұл тапсырма қандайлық жауапты, қадірлі, бірақ сонымен қатар қаншалық қажыр

қайратты, төзім бейпетті керек қылатын сын сапар, зор тапсырма екенін басшы жолдас Строговқа аз сөзбен қатты түйдірген.

Ойда жоқта үстіне құлағандай үлкен өзгеріс басталғалы тұрғанын көпке шейін үндемей, жауап қатпай, шапшаң ойлап шыққан Строгов, сол кабинеттен шықпай-ақ қысқа ғана сөзбен ырзалығын, баруға бекінгенін айтқан.

Рас, үйіне келіп әйеліне білдіргенде көздің жасы да болды. Алғаш бұрқырап шыққан наразылық та айтылды. Строговтың мінезін қабылдамау, сынау, кіналау да болмай қалған жоқ. Бірақ Строгов тез жыйналып сапарға аттануға да беттеді. Сол күнде өзге адам емес, МТС-тің бар қызметкерлері арасынан тек Вася Матайбаевқа ғана ол сөз қатқан.

— Мен Қазақстанға барамын. Сенің туған жеріңе, туған еліңе барамын. Суық жақ, тұрмысқа аса қолайсыз дейді. Алғашқы айлар өсіресе, неше түрлі жабайылық жағдайға да шыдауды керек етер. Бірақ мен барамын. Шынымды айтайын партия тапсырды: «ол жақ та сенің Отаның! Жақсы болсаң, сүйікті мекенің де бола алады!» деп тапсырды. Мен бұл жаққа қайтамын деп бармаймын, бәлкі шын-ақ ендігі бақытымды сол жақтан іздермін. Маған тек сенімді, қайратты жолдас қана серік бола алады. Ешкімді үгіттемек, ертпек емеспін. Әйелімді, үйімді де осында қалдырамын. Олар сол мен тұрған жерге өздері қызығып, қуанып баратын болғанша мен тіпті шақырмаймын да. Бірақ түбінде солар барады деп сеніп кетемін. Білім бар, еңбек етуге қол төзімді, жарамды! Қалғанның бәрін мезгіл көрсетеді. Ере-сің бе? Жалғыз сені ғана шақырмаққа бекініп ем!..

Сонда Вася Матайбаев салған жерден өз басы қызынып, сүйсіне көнген болатын. Ол да Москва түбіндегі өздерінің қазіргі рахат ұясынан қиын қыяға кететінін жақсы түсініп отырып-ақ, Строговқа еруге құлшына түскен. Жалғыз-ақ оның салған жерден ауызға алғаны, шарт қып сөйлегені Нина Петровна болатын.

— Әрине, мен сіздей айтпаймын. Нина Петровнаны наразы күйінде қалдырып кете алмаймын. Оған менің батылым бармайды. Біз екеуіміз өмірде ешнәрсені біреуіміздің қарсылығымызға қарамай істеуге баспаймыз, деп ант-серт беріскеміз. Сондықтан, әрине, Алексей Иванович. ол қарсы болса мен бармаймын. Бірақ ойлаймын,

ол өзі агроном, жақсы агроном, өзіңіз білесіз. Баратын жағы менің туған жағым, оның білім, көмегін тілеп стырған Отанымыз. Және тіпті, ең соңғы, менің балаларымның да жартылай отаны ғой. Инна Петровна барды деп ойлаймын. Мен сізбен бірге ала кетем деп ойлаймын!

Мінезді, ойлы дос, жас ана, өнерлі агроном, кешкі шай басында Васяның аузынан жаңағы айтқан жайларды үнсіз тыңдап шықты. Сөйтті де біраз ойланып кіріпшығып жүріп кеп Васяны мойнынан құшақтағанда қасына жабыса отырып кеп:

— Вася, қымбаттым, мен бекіндім, мен көндім. Әйде, ереміз Алексей Ивановичке. Барамыз сенің туған өлкеңе, күншуақты Қазақстанға! — деген болатын.

Сондағы Инна Петровна жаңа Васяны жылап жөнелтіп салған қайғылы ана. Сондағы Василий Захарыч Матайбаев міне қазір үнсіз күйде қалың қабағын түйе түсіп «ГАЗ-69» машинасын күн ұзын алпыс километрлік шапшаңдықтан жазбай айдап Жошпан өткен, «Ақтоғай» шегінен асқан, қазір міне Хрущев атындағы колхоздың үстін басып өтіп, түс ауа берген кезде межелі Шолақтау станциясына тақап келген өнерлі шофер болатын.

Осы бетте Шолақтаудағы базасына жету-ақ мұң екен, асыға, қауырт істейтін істер басталды. Мезгіл де тығыз-таяң болатын. Февраль аяқтап келеді. Ал бұл жақтағы жылдағы мерзім бойынша марттың басынан жер айдауға кірісуі керек. Сонымен бір жақтап осы Шолақтауға соңғы күндерде жаңа совхозға арналған аспап, машина, зат-бұйым және әсіресе Жамбыл мен Ташкенттен екі жақтап тыңдағы іске кірісуге беттеген көп адамдар лек-легімен ағылып келіп жатқан.

Әйтеуір Строговтың бір ғана жұбаныш етер тірегі сол болды — келген адамдардың арасында әзір тұрған: шофер, тракторшы, комбайыншы, әралуан механизаторлар табыла-табыла кетті. Бұлар жүргізіп әкететін әртүрлі жүк машиналар, самосвалдар, тракторлар тағы да жап-жаңа қалпымен үрдіс келіп, Түркстан совхозына жөнелтуге әзір еді. Осы қатарда базадағы адамдармен жаңа баратын жандарға әсіресе азықтап, тұрмыс-жайдан қатты тығыз қам жасау қажет болатын. Сол себепті Строгов базаға қарай ертеңді-кеш, сәт сайын, күн-түн сайын төрт тәулік бойында тыным алмастан машина, мүлік, саналуан жүк заттарын жөнелтумен болды.

Адам атаулысына азықтап басқа отып қамын да, жарық жайын да, жататын төсек-орын, жатын жай, көрпе-жастық, простыняға шейін бас-басына санап, арнап, тыянадай етіп түгел қамдап жөнелтуді ұдайы өзі бақылады. Бұл жөнде қасына ере келген Матайбаев, шофер Ткаченко екеуі де үздіксіз көмегінде болып еді.

Осы төрт күн ішінде өзі мен Матайбаев екеуі Жоңға қарай созылған, салқар-салқар көштей болған автомашиналарды, тракторларды ұзатып салып, базаға екі рет келіп қайтысты. Соңғы төртінші күнде қайтадан базаға тағы бір айналып келе жатқан жолда Строговтың көзі Вася Матайбаевтың қырын отырған өңіне тоқтап еді. Ол бұл күндерде өзгеше қарайып апты. Онсыз да кесек мұрны зорайып, сорап түсіпті. Жақтары солып, соншалық шұғыл жүдеп өзгеріп кеткен екен. Бұл халде жас жігіттің ұйқысыз, тынымсыз, ашпажалап күйсіз, тынымсыз өткен күн-түндері де белгі берген болу керек. Бірақ сонымен қатар жаңадан ғана өз қолынан суық қара жерде жапан түз, жат жақта, жалғыз ғана томпыйған мола боп қалған Алешадай бес жасар ұлының қайғысы да қатты зардабын батырған тәрізді.

Ол уайым орны, бітпес жарадай. Ең алғаш бұл татқан ащы удай. Оның аты — эсте ұмытылмас аталық уайым! Сол жара сырттан жасырынып, қазір бұның ішіне жалғыз өзінің ғана өзегіне түсіпті. Өзге дүниеден ұрланған құпия сыры өз ішіне аса терседеп батып алған. Неғұрлым солай болған сайын, іші-бауырға жайылған удай болып, ауырлап қыйындап алған. Бірақ сол қалпында осы жас сырттай, құрыш темірдей шынығып апты. Суыуы жеткен асылдай қатайып, шымырып та алған.

Аз ұйқтайтын Строгов бүгін «Ақтоғай» колхозына тақай бергенде Матайбаевтың жаңа анық байқалған қатты өзгеріс, ерекше жүдеулігін аңдады.

— Вася, сен бірнеше күннен бері жөнді ұйқтаған жоқсың. Кел, осы «Ақтоғайда» тоқтап, бір үш сағат ұйқтап алайық, не дейсің? — деп еді.

Мезгіл кешке тақап келе жатқан. Вася бұл ұсыныстың әдейі осы Васяның халін аяғаннан айтылған ұсыныс екенін сезді де, директордың айтқанына мойындағысы келмеді.

— Жоқ, Алексей Иванович, оныңыз не, керек емес! Мен!.. Мен бе? Ұйқы түк емес. Одан да жұрт жатқанша базаға жетеміз! — деді. Тағы да сілкінгендей бойына

қайрат жыйып алды да, түнге қарай шығрай түсіп, тарта берді.

Кешкі ауа тағы да қатты ызғырықтап аяз қатайып келеді. Әнеугі Жонда Сақыш кемпірді тауып алған жотаға бұлар кеп ілінгенде дәл сондағы көріністей боп тағы бір қызыл вагонды және бір алып батыр «ДТ-54» тартып барады екен. Ақырын басып жылжыса да жазбай талмай ілгері басып барады. Шолақтаудан шыққалы жүрдек машиналы бұлар жолдағы алдыңғы күндерде өздері жөнелткен көп тракторларды кейбір жүк машиналарын әлсін-әлсін басып озып келе жатқан. Өз әдеті бойынша әсіресе вагондарды әкеле жатқан тракторлардың тұстарына жеткенде Строгов машинадан түсіп, әрбір тракторшымен амандасып, сөйлесіп, жай-күйін жете сұрап тракторлардың бабын, майын, моторын анықтап, тексере біліп алады. Әсіресе ұзақ сағаттар, күндер бойы шоферлардың, тракторшылардың азық-жайларың, киім-бұйымың, тоңған-тоңбағаның үнемі сұрастырады. Әр адамның аты-жөнін іс үстінде жақсы біліп келе жатқан. Ал адам атына зейіні сондай алғыр екен. Әзір өзінің тракторшылары, болашақ шоферлері кімдер екенін, қандай жандар екенін де аңыстайды. Іс үстінде жақсы танысумен барлап, аңдап келеді.

Бұлар Жонның жотасына жаңа бір ілінген кезінде базаға қарай бара жатқан қызыл вагондардың орта тұстағы біреуін қуып жетті. Строговтың мөлшері бойынша осы бара жатқан бесінші вагон болу керек. Оны тартқан тракторды жүргізуші әнеукүні базадан өзі алып келген, жас тракторшы Ткаченко болуға тиіс.

«ГАЗ-69» омбы қарды осып отырып гүрсілдетіп кел қызыл вагоннан өтіп, трактордың қатарына жеткенде Строгов машинадан секіріп түсті. Қараса Ткаченко дегені анық екен. Ол зорға дегенде езу тартып таныс директорына амандасты да, сәл тоқтай берді. Беті, иегі ісінгендей, көгере қызарып, барбыйып алған Ткаченко Строгов көзіне соншалық қатты тоңған адам тәрізденді. Киіміне де жаңа көз салып еді. Мынау аязды желдің өтінде күнұзақ жүріп келе жатқан жастың адам сыяқты киімі де жоқ екен. Строгов оның бойына қарап шошып кетті. Жаны ашып, сескену сондай күшті еді. Ткаченконың үстіне кигені жалғыз ғана фуфайка. Строговтың даусы қатты, шапшаң шықты.

— Ткаченко, сен мүлде мұздағансың ғой. Киімің қан-

дай жұқа, неге айтпадың? — дей сала өзінің тонының сыртынан мойны, жағын орай салған кең қалың шарфтысын өз бойынан лезде жұлып алып, Ткаченконың нығына жаба берді.

Ткаченко осы кезде Строгов пен Васяны қайран қалдырып, сақылдап қуанғандай күлді де, кесек ажарлы үнімен:

— Ничево, товарищ директор, все в порядке! — деді. Сондай шыйрақ жүзбен басып сілкіте қайратты ажар көрсетті. Қажыйтын түрі жоқ, мойымас отты жастың қызы көрінді.

Вася сүйсінгеннен күліп жіберді:

— Бұл әруақытта осылай. Алдыңғы күні кетерінде мен «Киімің жұқа» дегенімде және де осы сөзді айтқан. «Ничево, товарищ шофер, все в порядке» деп!

Ол Ткаченконың мінезінен, қайсарлығынан өзі де қайрат алғандай қуана күлді. Адам үшін... қайратты, қажымас жас қуаты үшін, жан жігері үшін қуанып, сүйсіну бар еді. Бұл жайларды Строгов та жақсы аңғарды.

Мынау қасында тұрған екі жас, екі комсомол бір сәтке бұның өзінің мықты талмас қанаттарындай аңғарылып қалды. Екеуі де өзінің вахтасында сақ тұрған, сергек тұрған қажымас та, қырағы да сақшылар тәрізді. Бұндай адамдармен істесуге болады. «Тек осындайларым көбірек болса екен» деп қалған еді. Күле түсті де көп сөйлемей Ткаченкоға үнсіз ғана бас шұлғып, жымыя тұрып қоштасып Строгов машинаға қайта мінді.

Сол күні таңға жақын базаға қызыл вагонын сүйреген күйде Ткаченко да жеткен. Келесі күн сәл күншуақ шақ, түс ауған кезде адамды, дүниені сәл қуантқандай болды. Аз сәтке жарқырай қалған еді. Көруші көз енді аңдаса, Жонда ең алғашқы өзгеше бір алуан кішкене көше пайда болған тәрізді. Жыйыны он шақты қызыл вагон қатарласа, қарсыласа тұрып қапты. Бәрі де жіңішке, аласа темір мұржаларын түгіндетіп тұр. Іштерінде ұядай-ұядай жылы мекен-жайлар туып жатқаны аңғарылады.

Сол вагондарға жалғас біреуі көкшіл, біреулері сарғыш, сұрқыл, біреулері аппақ шатырлар жалғаса тігіліп қалыпты. Бұл шатырдың бәрінің де сырты брезент, астары қалың шұға және үшінші қабат боп ақ мата ұсталған. Осындай үш қабат жамылғысы бар палаткалардың жылуы мен жайлылығы суық күнде соншалық көңілде-

гідей болмағанмен, бұның да аты қыйын күннің қолдан келген баспанасы болатын. Сол бар палатканың ішіне жағалай, тыянадай, таза койкалар тұрып қалған. Бәрінде жатып-орын, төсек-жәйі, бұйым-жабдығы жап-жаңа да, тап-таза.

Осылайша елсіз, жөңсіз қу дала Жон жотада бұрын әлсіз орнаған оншақты жұпыны қоралардың жандарына жаңаша тіршілік ұйтқысы орнай бастады. Әзір о да әлсіз. Уақытша жеңіл орнап жатқан болашағы үлкен, мол тіршіліктің алғашқы уыз қабыршағы есепті.

Строгов бастаған тың өмірдің ең алғашқы шақтары, таң сәрісі есепті тұңғыш сәттері осылай болатын.

ТУ ДАЛАДА ТҰҢҒЫШ БОРОЗДА

Март айының алғашқы күндері жетсе де Жон әлі қыстан арылған жоқ. Күн болар-болмас қана жылынғандықтан қар өте баяу, сылбыр ғана еріп жатыр. Бұл кезде базада болашақ совхозға жұмысқа жыйналған жұрт саны жүзге тартып еді. Совхозға керек адам саны үш жүз шамалы болғанда, соның үштен бірі жетті де, қалған екі жүз шамалы адамды Строгов асыға күтетін. Ол селектор арқылы Шолақтауға да «келген бар ма?» деп ертеңді-кеш көп сұрау салады. Атаған адамдарды жеткізбей жатқан облыстық совхоз трест басшылығына да маза бермей дігір салады. Қысылған бір кезінде облыстық басшылыққа да наразы болды. Күйген, асыққан сөздерін айтып, қысталаң жайларын білдірді.

Егісті, совхоздық жоспарлы істі сан салада асыға бастау шарт. Облыс және совхоз министрлігі уәдені орындамай, дегенін бере алмай тұр. Онсыз да аса ауыр, жайсыз көктемде басталатын қалың еңбек, қауырт істердің кедергісі өздері болып барады. Обкоммен сөйлескен бір кезінде Строговтың аузынан шапшаң, күйгелек сөздер шықты. Ол Москвадағы ең үлкен бір адамның атын да атады. Сол кісі аузымен тапсырма беріп, өз бұйрығымен тыңға жіберген қайраткерлерінің біреуі осы Строгов еді. Сонда қажет көмекті өзі бермек боп серт еткен-ді. Күйіне сөйлесіп отырып, Строгов шыдай алмай жаңағы үлкен кісіні ауызға алған.

— Сіздер көмекті керекті шақта бермейтін болсаңыздар мен ана кісінің өзіне тура арнап мұң шағатын болармын!— дегенге шейін барған еді.

Қысылғашан, күйгеннен айтқан. Сол айтқанына кейін өзі «жеңілдік, ұшқарылық болды-ау» деп өкінген де болатын. Ал іс жөнінде облыстық партия басшылығына қатты қынжылып айтқан сөзінің әсері болмай қалған жоқ. Облыс бойынша беретін адамдарын табыс етіп болған облыс басшылығы осы «Түркстан» совхозына керек болған адам күштері қайдан келетінін, қашан жететінін барынша жіті іздестіріп, деректер алды. Кеше түнде облыстық Совхозтрест Строговке хабар етті. Бұның совхозына беттеген қосымша адамдар Кавказдан, Ереваннан — жалпы Армениядан жіберілген екен. Жақында сол топтың келуін тосып, Строгов қолында бар жүз шақты адамымен әр сала шаруасын бастай беру шарт дескен.

Осы хабар бүгін таңертең құлақтарына тиді ме, болмаса бірталай күннен бері жетер Жонға келіп алып, тек қарлы далаға қыймылсыз қарап отырудан қажыды ма? Таңертеңгі астан кейін бір топ тракторшы Строгов отырған қызыл вагонге кеп кірді. Бұлардың алдында келе жатқандар — Новиков, Ткаченко болатын. Соларға ілес амаңдаса дабырлай кірген, әскер қатарында танкист болып Ташкент жағынан келген комсомол мүшелері: Целигородцев, Қокарев, Попов бар. Олар сөздерін баптап, созып бастамай-ақ, салған жерден келген мақсаттарын айтты. Екеу-үшеуі дабырлап қатар да сөйледі. Алғаш бастаған Новиков пен Ткаченко болатын.

— Жолдас директор, Алексей Иванович, жолдас Строгов, келіңіз бастайық! Егісті! Болды! Қашанғы қуыс аспанға қараймыз да отырамыз. Рұқсат етіңіз! Тракторшыларымыз даяр, жырта бастаймыз! — десті.

Строгов бұл кезде екінші бөлмеде отырған бас агроном Трегубовты үнсіз ғана белгі етіп қасына шақырып ап еді. Сол бөлмеде отырған Вася Матайбаев пен Нина екеуін де бірге шақырды. Тракторшылар аз емес. Бір жақсысы әзірге жыйылған жұрттың ішінде трактордың санына жететін тракторшылар мол еді. Бұлардан өткен күндерде төрт бригаданың алғашқы топтары құралған. Енді зерігу ғана емес, бойларына қайрат-қажыр жыйған, алдағы еңбекке қызыға, қызына кіріскісі кеп тұрған анық ынталы жастардың ажары аңғарылды.

Строгов, Трегубов пен Нинаға тракторшылардың талабын теріс көрмеген ажармен, ақыл сала сөйлесті.

— Қалай көресіздер, мотор, маман күштеріміз міне

келіп, сіз бен біздің есігімізді дүсірлетіп тұр. Бастаймыз ба, жоқ па?

— Әлі қар қалың ғой,— деп бас агроном байлау айта алмай күдіктене берді.

Нина да құптай қоймады.

— Бұл жердің жылдағы мерзімді сырын білу керек, жергілікті адамдармен ақылдасқан жөн.

Бұл сөзді Трегубов аса мақұл көрді.

— Қар қалай кетеді, лайсаң батпақ ұзақ жата ма? Біз жонды да, жалпы Қазақстанның бұл жағын да әлі аз білеміз. Ақылдасқан теріс емес!— деген.

Строгов тракторшыларды аз бөгеді де Васяға: «ендеше осы ауылдың үлкендерін шақырып кел!» — деді. Ана тілін Вася ұмытқан жоқ еді. Рас, ол тілі қазақша, әсіресе кексе адамға келеңсіздеу, күлкілеу болғанмен Вася орысша ойлаған ойларын қазақша жақсы жеткізе алатын. Ол көңілденіп:

— Жақсы. Мен сіздерге қазір ақсақалский совет жыйып әкеп берем!

Оның «ақсақалский» деген сөзін түсінбей қалғандар көп еді. Нина Петровна «шалдардың советі» деп жұртты күлдіре түсіндіріп берді. Арада біраз уақыт өткенде Вася бір топ колхозшы ертіп келді. Енді вагон тарлық ететін болған соң қазақ колхозшыларды, тракторшыларды ертіп директор далаға шықты.

Келген колхозшылардың аттары Строговқа өлең сыяқты естілді. Олар: ағайынды Әлмен, Бәрмен, Сәлмен болатын. Бұлардың Сәлмені Сақыш кемпірдің баласы. Бұрыл сақалды Әлмен, Бәрмен Сақыштың қайындары. Ал екі шал Досан, Есен — Сақыштың төркіні, бауырлары. Қазір де қунақ, сөзшең, ширақ кемпір Сақыштың өзі де қасына қара кемпір Әселді ерте кепті. Строгов осы қарттар тобын жағалай қол алысып, күле сөйлеп, жақсы қабыл алды. Анық «ақсақалский совет» деп жаңағы Васяның қалжың сөзін өзіне үйреншікті сөз етті. «Ақсақалский совет, оның председателі Садаға! — деп Сақыш кемпірдің қолын көп ұзақ сілікті. Сақыш та бас изеп, бұған үлкен дос мейірмен қарай түсіп, «садаға, садаға» — деді.

Жердің, көктемнің жөнін сұрасқанда Досан қарт, Әлмен, Сәлмен үшеуі ойлана, біріне-бірі ақыл қоса сөйлесті. Артынан олардың байлауын екі кемпір де, Есен мен

Бәрмен де қостады. Вася орысшаға аударғанда олардың ақылы бір жерде шыққан. Ең әуелі бұлардың айтуынша осы аралың жері, топырағы қар кетісімен аса тез құрғайды екен. Сондықтан бұлар өздері білуінше жылда неғұрлым жерді ерте айдаса сол жақсы десуші еді. Тіпті қармен аралас іле-шала жыртып тастаса содан әбзелі болмас еді. Осыны өздері жылда айтса да маңындағы колхоздар шабаң-шардақ болып, әр жылда кеш қыймылдап, кеш салады екен. Және бір айтқан жайлары: бұл арада жерге су онша терең сіңбейді. Нанбасаңдар осы бір метрдей жерді қазып көріңдерші. Тереңге батқан суды көрмейсің. Ал жер бетіне жақын дым бұл аралың күні көктем шыға, қатты қыза жөнелгенде тез құрғап кетеді! — десті.

Строгов мынау сөздерде үлкен тәжірибе және ақылды байқағыштық бар екенін қатты еске алып қалды. Тағы да әзілдеп: «Садаға» деп кемпір Сақышты иыққа қақты да: — Садаға, сен қалай дейсің, егінді бүгін егуге бата бересің бе? — деді.

Сақыш күліп түсінді де:

— Ал, ек бүгін! Жақсылап ек, дихан баба жәрдемшің болсың, бісмылда алдауақпар! — деп жұртты ду күлдірді.

Жергілікті колхозшылардың сөзін өзінше жеке ойымен мықтап ескеріп ішке түйген Строгов, қазір сол естігенін анықтамақ болды да Ткаченконы бір тракторге мінгізіп, әзір плугті тіркеп, андау үшін әралуан тереңдікпен жерді айырта бастады. Бар тракторшылар мен агрономдар қасына ерген күйде, Строгов трактордың, плугтің ізімен жүріп отырып, қолдағы метрмен жерді өлшеді. Кейін тракторды тоқтатып бір-екі жерді әдейі тереңдете қазғызып көріп еді, жаңағы карттардың айтқаны рас боп шықты.

Топырақтың дымдануы 35—40 сантиметрден ары емес. Ал 60—70 сантиметрге барған тереңдікте топырақ мүлде құп-құрғақ, әсте сыз өтпегендей. Бұл байқау Строговке де, екі агрономға да анық бір байлауға келерлік тәжірибе көрсетті. Осы сағатта әр жерде қадау-қадау барысып, жаңағыдай шұңқырлар қазып, жердің дымын өлшеп, сызын алдап шығысты да, бағанадан тракторшыларға бермеген жауабын Строгов енді келіп нық байлап, бір-ақ айтты.

— Россияның кей қырларындағы крестьяндар айта-

тын бір мақал бар еді. «Сей в грязь, будешь князь»— деген. Мен «ақсақалский советтің» теріс айтпағанын аңдап тұрмын. Жолдас тракторшылар, сіздер дұрыс қозғалған екенсіңдер бүгін. Рахмет оларыңа! Ал ендеше қазір-ақ бірінші борозданы Малец бригадасы атынан Целигородцев, сіз бастаңыз. «ДТ-54» тракторы сіздікі ғой!..

— Менікі. Ол әзір түр!— деп Целигородцев рапорт бергендей сақ етіп ажарлы жауап айтты.

Бұрын төрт бригаданың ішінде Малец бригадасы осы базаның жақын маңайын алған болатын. Базадағы бүгінгі жыйыны жүзге тартқан жұртшылық енді біраз минуттың ішінде көңілдене дабырлап, сергек қозғалып бір араға топтала берді. «Жданов» фермасының кәрі-жасы, бала-шағасына шейін және жүгірісе, жыйналып ентелей келісті. Осы топтың алдында «Түркстан» атты есіз Жонға келіп ірге тебе бастаған совхоздың тынды айырған бірінші бороздасы тартыла жөнелді. «Уралаған» көңілді топтың алдында қары аралас қара жерді қарыс айыра жөнелген бұрынғы жақсы танкист, бүгінгі сенімді тракторшы комсомолец Целигородцевтің «ДТ-54» тракторы.

Келесі күні қатардағы бірінші бригадада бірінші борозданы Воробик тартып жөнелді. Үшінші, төртінші бригадалар да бұдан бірнеше күн бұрын үлескен өлкелеріне барып орнап алған. Дәл осы күні бір сағатта бастамаса да, біреуі елең-алаң ертеде, біреуі сәскеде, тағы бірі түске тақау кіріссе де, бар бригада алғашқы бороздаларын сыдырта тартып бастаған-ды.

Строгов қасына Трегубовты, Нина Петровна ертіп алып күн бойы «ГАЗ-69» машинасымен жорытты. Васяның тынымсыз жүрісіне түсіп, алғашқы егіс күнін өз көздерімен атқаруда бастауда болатын. Сонымен алғашқы екі-үш күн ішінде барлық, пәлен мың гектар болатын көктемдік егіс, Жонның совхозға тиген бар шегіне жайыла тарап, айқын іздермен сызыла, созыла бастады. Жонның жотасы мен қобысын, беткейі мен белесін, жазығы мен қойын-қолтығын, үлкен-үлкен, бөлек-бөлек квадраттарға өлшеп кесіп бөліп тастасып еді. Құлше қоңыр топырақтың кей жерде қар аралас қатпарын аудара, саралай тіліп, күйлі машиналар тынымсыз ырғақты күйге басты.

Осымен үш күн ұдайынан көсілген еңбек күндері алғашқы жемісті өнімді цифрларға сайды. Бұл күндерде

біреуіне біреуі тіркес келе жатқан көп тракторшылардың алдына ұзап түскен, бірінші борозданы тартқан Целигородцев. Ол үш күн ұдайымен күндік норманы үш жүз проценттен асырып ада қылды.

Төрт бригадада норманы екі жүз проценттен түсірмей істеп келгендер бар. Бірде-бір тракторшы норманы жүз елу проценттен кем бастаған жоқ. Бұл күнде аттары Строговтың, агрономдардың аузынан жиі естілетін тракторшылар: Новиков, Ткаченко, Воробик, Пекшин, Леонтьев сияқтылар.

Целигородцевтің үшінші күн кеш бата жұмыс тоқтатып қайтар шағында Строговтар қасына келіп еді. Бригадир Малец те осы араға келді. Оның қасында жаңа құрылған комсомол ұйымының секретары механик Геннадий Безродный ұзып бойымен кең адымдап, ажарлы ширақ жүріп келе жатқан.

Целигородцевке тақай бере машинасынан түсіп келіп Строгов жақын күндердегі бір жайды есіне алды.

— Мен басында күдіктеніп ем. Егіске ерте шығар деп ем. Сендердің істегі өнімдерің бар күдікті жоққа сайды. Жонның қысын Целигородцевтің тракторы мықтап қуды. Күннің жылына бастағаның, бүгін қардың көп ерігенін байқадыңдар ма?— дегенде Целигородцев қатқыл жуан даусымен қысқа ғана сөз қайырды:

— Земля подсказывает. Тракторшылар соны сезген болар!

Нина Петровна өзінің агрономдық тәжірибесіне мынау еңбек адамының мағналы бір шындықты айтып қосқанына сүйсіне күлді.

Безродный үмітшіл, сенімді жүзімен жаңағы сөзді қатты күліп қостады да, қысқа бір жақсы байлауын айтты.

— Кім батыл болса, сол жеңеді. Ол біздің дәстүріміз. Инженер, агрономдар сол батылдықты бастамай тұр еді. Олардан тракторшының қолы батыр болды!— деп агрономдарға әзілмен соқтыға сөйлеген.

Трегубов агроном, әуелде тартынған өздері емес, инженер Богданов екенін ескертті. Бұған Строгов өзі ара түсіп еді.

— Богданов жас инженер! Мүмкін бұрынғы ескі традицияларды аз білер. Бірақ сол күні ол барлық күрделі плугтер түгел іске қосылады деп сене алмады. Сондықтан ғана тартынған. Жас болсын бірақ, бұрынғы традиция-

ны білмесе де оқа емес! Богданов пен біз, сіздер боп, бәріміз өз традициямызды, жаңа традициямызды жасаймыз!— деді. Ширақ үнмен көтеріле, жұдырығын түйе, қолын сілкіп сөйледі.

Осы күні кешке кішкене базаның көше болмыс алаңында жатын үйлер бойларында лек-легімен жүрген еңбек ерлері мол көрінді. Олар — тракторшылар, механиктер, шоферлар, әлі саны аз болса да біріндеп келе бастаған құрылысшылар, су, электр мамандары болатын.

Осы кеште алғашқы күндер тәжірибесін ақылдаса аңдап алу үшін Строгов пен агрономдар, бас инженер Богданов, партия ұйымының секретары Тұрсынов асхананың алдында, ашық аспан астында, аяққа басып тұрған күйде алғашқы бір шолақ жыйын жасады.

Строгов еңбек күндерінің әуелгі жақсы дерегін тракторшылар мен мамандарға, бригада бастықтарына тез айтып білдірді де, енді бұдан былайғы күндерде үдей түсетін бір шаруа шарасын атады. Тракторлар күндіз ғана емес, қар кетіп болғанды тоспай-ақ, соңғы күндердегі күндізгі тәжірибені еске алып, түнде де істейтін болу керек. Соған әр тракторға, жеткенінше қолда бар тракторшыларды қос-қостан атап бөліп берісу керек! Бригадирлерге осы арада, осы кеште сол іс нақтылы шешілуі тапсырылады. Бірақ дәл осымен жалғас әлі адам саны қатты жеткіліксіз боп жатқаны, әсіресе тракторшылар жетпей аз боп жатқаны көп аталды. Қысқа-қысқа сөзбен Малец те, агрономдар да, инженер Богданов та адам жетпей жатқанын үлкен олқылық есебінде, сәл наразылықпен де атап өтісті.

Бірақ бұлар білуші еді, кейінгі көп топтың келмеуіне, бөгелуіне бұндағы жұрттың бірде-бірі жазықты емес. Әсіресе директор Строгов бұл жөнде жауапты емес. Сондықтан бұлар өз наразылығын сыртқа арнай айтысқан. Бірақ осы минуттерде бір бұл жай емес, енді Строговты қысатын басқа халді бүгін өзін сүйсіндірген жақсы тракторшылар да айтып жіберді.

«Ең әуелі асхана мезгілімен тамақтандыра алмайды. Жатын орын суық. Күндіз ыстық ас іше алмайды. Түнде ұйқы шала. Бар астың өзі де мезгілімен ауызға тимейді. Мынау кішкентай лашықта ас деп кезек күтіп тұрса, жұмысқа бару емес, тек қанша шіретте күнелту керек. Әлі талай күн осы араға орнай бастаса да, дәрігерлік

орын көмекке жарамай тұр. Керек десе ішетін су да, қара судың өзі де ылай және сол да, үнемі бола бермейді».

Біреулер темекі жоқтығын да үлкен наразылықпен айтып қалды. Бұл наразылықтардың бәрінің орны бар. Әлі рабкооп дүкенін құра алмай ұйлығып жатыр. Орналасып алмай құр қаптардың ішінен қол-қолға сатуға да орай жоқ. Асхана күн жылына ма деген үмітпен Сәлмен қорасына орнады. Тамдары ғана емес, бұрынғы шошаласы, сыйыр қорасына шейін тақтай жайып кеңігенсіп еді. Бірақ жүзден аса адамды шын-ақ мезгілімен тамақтандыра алмай тұр. Әрбір еңбекке жегілген жақсы азаматтар аузынан жаңағы естілген наразылықтар Строговты қатты ширықтырып күйінап тұр. Ол ешкіммен де дауласқан жоқ. Өзі де ақталмады. Асхананың, жатын орынның, рабкооптың кемшіліктерін жаңа тракторшылардан да бетер сынап, өз жанынан қосып айта түсті де, енді барынша сол күйді түзеу үшін істеліп жатқан әрекеттерді айтып берді. Жұрттан өтінгені, бірнеше күнге сенім, төзімнен түгел айрылмауды ғана сұрайды.

Өзі қазір-ақ бөгелместен Шолақтауға жөнелмекші. Бұндағы әралуап қыйыншылық пен жоқшылықты түзеуге жөнелмекші. Дегеніндей, Нина мен Васяның қасында отырып, шала-шарпы тамақтанып алған Строгов және де қасына Васяны ертіп жеттүінде Шолақтауға тартты. Жамбасына мұз батқандай, «астынан су шыққандай» дейтін тынымсыз күндер мен түндер үздіксіз қарбалас қам-қарекет үстінде өтті. Шолақтауға жеткен соң Вася түн бойы ұйқтамаған себепті, Строгов оны тынығуға қалдырып, өзі жалғыз кеткен.

Түнде машинада мызғыған еді. Бүгін таңертең кеңселерде қызмет басталар шақта Строгов жұмысқа кірісті. Тың тұяқ, тіпті күйлі тәрізді. Оқыған бұрынғы мамандығы механикация, электрофикация факультеті болғандықтан Строгов тегінде бұл жүрген механизмдердің көптен көбін үйреншікті атай білетін. Чехов МТС-інде бес жыл бойы басшылық қызметте болғанмен, ол кейін шыққан машиналарды да үнемі өзі жүргізіп, талдап ізерлеп, оқып танып, біліп ала жүретін. Сонысы қазір көп кезде бұның бүгінгі еңбегінде ұдайғы керегіне қатты жарап жүр. Өздері түсіп жүретін кішілеу пәтердің жалғыз төсегіне Васяны жатқызып, ол «Газ-69-»ға өзі келіп отырып, өздігімен жүргізіп кеткен.

Строгов бүгінгі аспанға қарай бере, көңілденіп жөнелді. Күн ашық, жылы. Аса бір жайлы, ерте көктем шағын танытып тұр екен. Ішінен «тек Жонда да осындай ашық күн болса екен. Тракторшылар тымқұрса жылы, ашық аспан астында сәл сүйеніш, қуат алғандай болар еді» деп қалды.

Шынында бүгін Жонда да күнұзып тамаша бір мау-жыраған күншуақты ұзақ шақ болды. Барлық Жонның бойына шапжау-шапжау тарап түсіп, өз квадраттарын көмкере кертіп жүрген тракторшылар бүгін бұл жат жақтың тамаша бір жайларын, молынан көрісіп жүр.

Түпсіз кең, мөлдір көк аспанда шырқау бір биікте салқар-салқар топтарымен ақ қанаттары күнге шағылыса соншалық мол аққулар өтіп жатты. Сұңқыл-сыңғыр әдемі бір үндері кейде тына қалып, тындаған жанға ақ қанаттардың сытырлаған үндерімен ілесе жетеді. Егіс даласында жүрген Нина Петровнаға мынау аққулардың қатарлары ғажайып боп сезілді. Әсіресе олардың сұңқыл үндері — жоғарғы октавамен анық, әсем естіледі. «Аққу әні деген осы ма екен?», «Өмірде алғаш көрген, аспанда жүзген топ аққуларым осы еді», «Қандай ғажайып?» деп өзімен өзі сөйлескендей. Аққулар бір сәтке, бұның қызыққан көңліне жер мен аспан арасының өзінше ортақ елшісі тәрізденді. Бүгін таң сәскеден бері сымпылдап асыға ұшқан, үшкіл қатарлы ұшқыр үйректер де жоғары-төмен самғап кетіп жатты.

Тракторшылардың көбі білмеуші еді, Жонның терістікке қараған еңіс денгейінде үлкен шалқар Тұщы көл болатын. Оның айналасы, аралдары қазіргі көктем күндерінде сыңсыған үйрек, қаз, аққу, аққұтан тәрізді үлкен құстарға сыймайтұғын. Кейде аққулардың ізімен, асықпай баяулап тағы бір топтар маңады. Олар үйіріліп ойнағандай құбыла құйқылжыйды. Бұл көп оралып, аса қатты қыйқулап, құраулап ұшқан тырналар. Бұндай топтар бұлтша ауып жәйлап кетіп жатыр.

Тағы бір тракторшылардың үстінен салмақты, сұлу қатармен, байыпты үн салып, қоңыр қаз тобы кетті. Ауа жөнкіле созылып, жаңағы көл жаққа қарай өтиседі.

Машиналарында жүрген шоферлар, тракторшылар, әралуан мамандар, агрономдар бүгінгі мейірлі күншуақ шаққа көп сүйсінеді. Аспан әлеміне жан бере кестелеп әралуан әсем сәнімен өтіп жатқан жыл құстарын тың айырушылар қуана тамашалайды. Ткаченко, Воробик, Но-

виковтер жыл құстарын жаз нышанын әкеле жатқан жақсы келгіндердей қарсы алды.

Тағы біразда қардан мүлде арылған бозғыл көделі күнес қыран да, кей беткейде қыр құстары да көріне бастады. Жажап қызық мінезі бар көкшіл сарғыш дәу дуадақтар кезікті. Шұрылдап ұшатын кара бауыр бұлдырық та келді. Әсіресе қызық құстар: безгелдек пен ұзын сирақ, бадырақ көз тарғақтар. Осы құстардың көп тракторшыларға бұрын мүлде мәлім болмаған мінез-дағдылары ерекше көрінеді. Ең әуелі бұл құстардың бәрі де машинадан қорықпайды, қашпайды. Трактордың сартылдағаны, түгіндетіп, тасырлатып жүргені оларға бейшебір әсіре қызық, тамашадай. Адам техникасын, Жонның бұл құстары аса бір аңырған, тамашалаған халде қарсы алғандай. Олар кетпей отырып алысады. Жерден жем де алмайды. Бар ынтасымен машиналы қозғалысқа қызыққан жәндіктей көрінеді.

Тарғақ безгелдек сыяқтылар өздері де тың айырушыларға аса бір қызық, жұмбақ құс тәрізденеді. Олар жерде отырғанда, жорғалап жүргенде жер қылаң, бозғыл, қоңырқай болып бір көрініс береді. Ал ұша жөнелсе болды, тарғақтар қарала боп, жаркылдап ұшады. Қоңыр-сұр безгелдек атаулы ұша жөнелгенде әлдеқандай сыйқырдай, ертегілік құбылысқа ауысады. Бейнебір цирктегі фокусшінің аймалы құбылысындай жапағы коп-қоңыр құс көз алдыңнан дырылдап ұшып, аспандай бергенде өңшең аппақ құсқа айналып кетеді.

Әрі суық, әрі жансыз жат көрінген Жон атаулы жотаның бүгін тағы да бір қызық түрде жанданғаны байқалды. Оны Жоннан терістікке қарай ұзап барғанда, көлденең кезігетін мол күм бар. Сол күм көп жай жануарлардың қысқы-жазғы мекені. Әсіресе ол күмдарда соңғы жылдарда мүлде мыңғырып өсіп кеткен бөкен қалың болатын. Жонның өзінің де кейбір қыя шаттарында және жақындағы Қаратау, Ақтау сілемдерінде арқар, таутеке бар-ды. Бұлар Жонның байырғы аңдары.

Ал осы өткен қыста Жамбыл облысына қалың түскен ақ көрпе қыс аяғын ұзартты. Қалың қар күмға да түсті. Суық одан да өрен қатты болды. Сонымен барлық Сарысу, Талас аталған ауданның елі, бұрын өздері көрмеген ауғын бөкен топтарын көретін. Әсіресе февраль ортасынан бері қарай малда жүрген, жолға шыққан жүргінші малшылар мен жон-жотаға шыққан аңшылар: «быйыл

бөкен ауып келді» деп көп әңгіме етісетін. Кейбіреулер тобымен жүрген мол сапын көреді. Тағы біреулер кем қойғанда 15—15 тең жүрген шашыранды топтарын таныйды. Бүгінгі ашық күнде, айнала дүние айқын көрінген шақта, тракторшылар жаңа қызық көре бастады.

Бір бригада емес, төрт бригаданың бар тракторшылары байқаса бұрынғы елсіз жым-жырт боз дала бүгін қызық бір қозғалыс қыймылдарға ауысыпты. Қыбырлап жайылып ешкілер кетіп бара жатады. Жақыннан үрке қашып, трактордың дағырынан орғып секіріп, безіп жөнелген асау тағылар ойнақ сап кетеді. Кейбір шақта әлденеше рет трактордың алдарын көлденең кесіп, ағыза жортып, ақтаңлақ арқар тобы жосып өтеді. Бастарындағы дағарадай иір мүйіздері соншалық жарастықты. Бөлек сәнді бас киім, бекзадалық сән киімін сақтай безген тәрізденеді.

Ақтаңлақ топтарымен жүйіткіп жосылған бөкендердің бауырларында жаңа ғана туған иі аяқ лақтары да қалыспайды. Ұшқан құстай ағындайды.

Аспаны мен даласы, жер-көгі осындай неше алуан әрі күшті, әрі сұлу жан несіне толы Жон бүгін тыңды меңгеруге келген жаңа жұртқа әлдеқайда жақын, жылы көрінді. Жылы шақ әсем күншуақ ұдайы үш күнге созылды. Сол үш күнде тыңды айырған тракторлардың еңбек өнімдері алғаш күндерден және де үдеп, аса түсті.

Өз машинасының соңынан ерген әлденеше жүк машиналарын азық-түлік пен бұйым аспаптарға сықап алған Строгов, суткеге жетпей қайта оралды. Соңғы қарды қатты кетірген жылы күндерді ол мол пайдаланды. Арада төрт-бес күн өткенде енді бір бригаданың өзіндік «дала қостары» орнады. Азық-ас айналасындағы, база басындағы таршылық сейіле түсті. Әр қостың жатын жайларың, асқазаның да өзді өзі аймағына апарып шапшаң орнаттырған еді.

Істің дамуы, тіршіліктің орныға бастағаны бір жаңалыққа тың жаңалық қоса берді. Жаңа совхоздың жан-жақты жанды тіршілігі Строговтың бастап нұсқап, қозғау салуы арқылы өз арнасына түсе бастады.

«Түркстан» атты қабырға газетінің Безродный басылығымен шығып қалғанын жұрт көрді. Кейбір трактор бригадасы орнаған қостарда «жауынгерлік листоктар» ең алғашқы қадамын бастады. Көпшілік қайратты қызмет атқарған орындарда, әр тұста, көрсеткіш такта-

лар ұйымдастырылды. Тұрсынов пен Безродный, Строговтың өзіндей тынымсыз, дамылсыз әрекетке ертелі-кеш демей ауысқан. Енді Жонның ұзақ бойына сан километрге созылып түскен қостар атаулының бәрінде демалыста дауыстап газет оқылатын болды. Кішкене базаның бір қорасына жаңа келіп қатарын түзеп орнай бастаған кітапхана аса бір қомағайлықпен оқыйтын оқушыларын таба бастады.

Қар кетіп бола бере электрші Селестин, Китаевтар аз ғана базаға тұңғыш жарығын беріп, суық жайларды жылы жарықпен қуанта, жайната бастады. Инженер Гольдин маңайдағы өзенсымақ, болымсыз бұлақ-бастау атаулыны есепке алды... Қар суынан туып, жар-жыраны толтыра сарқырап ағып жатқан «күркілдек», «сарқырама-ларды» үнемі өлшеп, көктем күнінің су режимін тынымсыз зерттеумен жүрді. Строговты дәл осы тұста қатты қызықтыратын азын-аулақ жер шегі бар. Ол үш судың арасы. Осы база орнаған аз ғана ауқым болатын.

Құрғақ қырат, биік жонға келе бере Строговтың қатты ойлағаны су, су, су ғана. Сонда осы өңірдегі тәуір су аталатын үш бұлақ-бастау дәл осы база тұрған жерге жан-жақтан жамырай ағып, тақау келуші еді. Олар Жамансары, Үшбас, Ақбұлақ деп аталатын кішкене өзен, ұзын бұлақ, көзді бастаулар еді.

Қазір су маманы инженер Гольдин осы суларды тегіс өлшеп, ізерлеп танып болып қалған. Қай тұстан бұлақты бөгеп көл жасайды. Совхоз орталығына қай арадан арық тартады. Ауызсу, суарғыш су, кейін жайлы пәтер, жақсы үйлерге кіретін су тартқыштар суы қайдан алынады. Сол жөнінде оның Строговқа ақылдаса, мәлім ете бастаған жайлары Строговтың көңлін қатты жұбатқандай.

Жамансары деген ұзынша бұлақтың аяғын, Гольдин бұл өңірде өмір-бақыї егіліп көрмеген: картоп, овощь, бау-бақша дақылдарын суаруға арнайды. Быйылғы жылдың өзі үшін он гектардай бөлекше жер меншіктеп алыпты.

Қарды кетіріп, көктемді жылытқан бес-алты күн алғаш түйілген қабақты, жүдеу жүздерді де мейірлендірген. Кейбір көңілді жылытып, жұбата бастаған. Еңбек те, тірлік те тың өлкеде күйлі трактордың жүрісіндей өз ырғағына түсіп, жылжып аға бастады.

Егістің көктемдік жоспары үшін күндіз-түн істейтін

егіншілер бұл міндетті орталап кеп еді. Дәл осы шақта Шолақтаудан кішкене базаға қарай тартылған Жота жолдарды бұрқыратып, шаңдатып көп жүк машиналары ағылды. Саны 200 ге тарта тың адам ақтарыла келе берді.

Строговтың көптен күткен топтары. Бірақ көп қыындық олардың қатарында, қостарында ілесе келмек. Себебі, олар мұнда соншалық тығыз керек болумен қатар бұндағы тұрмыс: азық бабы, баспана, мекен жайы әлі де әзір емес. Әлі де таршылық та қысталаң. Бұндағы таршылықты, тек соңғы күндердің жылылығын пайдаланып, қосқостарға бөле таратып, сәл сейілтіп келе жатыр еді. Енді қалың топ үзіле-созыла келмей, барлық ауыр селімен, бар салмағымен ақтарыла құлады.

Бұл келгендер Кавказдай жылы жақтан жыйналған жандар. Осылар келе бере бір Строгов емес, оның серіктері — агроном Трегубов, бас инженер Богданов, партия ұйымының секретары Тұрсынов, комсомол ұйымының секретары Безродный және рабкооп бастығы, әсіресе, алғашқы ауыр салмақ оның нығына түсетін Мендияров ұзақ сағаттарға тынымнан, тыныштықтан айрылды.

ҚАТ-ҚАБАТ

Көптен күтілсе де шұғыл ошарыла, қауырт келген топ, өзімен бірге күн райының жайсыздығын да ала келгендей болды. Кеп бата күн ызғырықтап суық жел шықты. Күндізгі ашық, жылы күн беймаза суық кешке ауыса берді. Бұл жай, орналаса алмай жатқан көпшіліктің күйін әсіресе кетіре түсті. Ашығу, тоңу, қажып талу — бәрі араласа келген соң көпшіліктің арасынан наразылық сөздер, қатаң үндер, тіпті суық салқын тұрпайы мінездер таныла бастады. Бұрынғы жүз кісіге көп шірет жасап, сақал, мұрты өскен, жүдеу жүзді адамдарға толып кетті.

Шаң-шұң, ұрыс-қағыс сөздер естіліп жатыр. Строгов қазір қасына рабочком Березинді және Васяны ертіп алған еді. Келген адамдармен бір жерде агроном Трегубов, бір топта инженер Богданов, тағы біреулермен Безродный, Тұрсынов айналысып, жайғастыру қамына кірісіп жүр. Соңғы күндерде сақтықпен қатарлап тіккізген палаткалар бар еді. Соларға апарып ең алдымен жатынтұрғын жайларын көрсету, бірінші кезек іс болды.

Бұл ретте палаткалар екі жүз кісіге лық толған еді.

Содан кейінгі бір кезек ас-азық жөнінде болғандықтан, жаңағы сәл жайғасқан топтар онсыз да тар, аласа ас үйлерді керлеп алған. Келген топтың тракторшысын, механизаторын, комбайншыларын, шоферлерін және құрылысшыларын өз тізімдері бойынша бөлек-бөлек жіктеп алысты. Мамандық ыңғайларына қарай бригадаларға, тиісті топтарға бөліп жатты. Төрт бригадаға бөлініп тарайтын жаңа тракторшылар, шоферлер, механизаторлар қазір ең алдымен өзді-өз бригадаларын, бригадирлерін біліп алысты. Бұндайда салғаннан салмақты мінезбен өз жайын түсініп, тез ұғына кеткен адамдар аз болған жоқ.

Тракторшы Погасян, Геворкян, шофер Қазарян, комбайншы механизатор Старовойтов, Агаян, сыяқты талай адамдар салғаннан-ақ екшеліп, бұнда қарсы алған жұртқа жылы жүзбен бой тарта береді... Еңбек жөнінен, жатын-жай жағынан да атап берген қалыпта даусыз қабыл алысты.

Бірақ Строговта тыным жоқ. Ол палаткадан палаткаға, асханаға, рабкоопқа жүре түсіп, тығыз істер тапсырып, рет түзеп жүрген шақта, келген адамдардың арасынан бір шоғыр адам бұның артынан қалмай, ұдайы наразылық сөздер тастап, үнемі шұбырып оралып жүр. Қараңғыда жүздері де айқын көрінбейді. Қара көз адамдардың сақал-мұрттары өскен калпында, ашулы сөздері мен аппақ тістері жарқ-жарқ ашылады. Жан-жақтан қатар жарыса саңғырлап, қатты айтқан сөздері өте шапшаң. Аласа бойлы, ұсақтау денелі Строговқа олар бүгінгі кештің қара суық желіндей, қаптай соғады. Наразылық сөздер, ауыр айыптар да тасталып жатыр.

— Мынадай суық, мынау қыста бәрімізді тек шүберектің астына малша қамамақсыз?!

— Сіз тыңды жыртуға көмек күткен директор емесіз. «Келгені ауыра берсін, мұздап қата берсін» деген адамсыз!..

— Осындай қыйыншылықта, мұншалық адамға жаны ашымас бюрократ қана сіздей болады!

Ашулы бес-алты кісінің сырт жағында осындай шолақ-шолақ наразылық сөздер айтылып жатыр.

— Қызыл вагондарға өздері кіріп алған!

— Жылы қоралардың бәрін өзіне сүйіктілеріне берген бұлар.

— Мына палаткаларда қандай аязды жел аңырып тұр, кіріп көрші!..

— Күні бойы ашығып келдік, тоңып келдік, тымқурса ыстық су да әзірлемегенсіз?!

— Бұл келген адам ба, жоқ мал ма?

— Біз жылы жақтап келдік. Киімдеріміз жұқа. Палаткада бір түнде тегіс ауырып шығамыз!..

— Бәріміздің жауаптылығымыз ертең сенің мойнына түседі! — дегендей ұрысқақ, ызалы шатынаған сөздер Строговтың аузын да аштырмайды. Бағанадан бір сағат бойында қас қарайғанша Строгов, Березин, Васяның соңынан жауар бұлттай үнсіз түйіліп жүрген қалың бір шоғыр бар. Жаңағыдай тұтас қамап, қаптаған әділетсіз, ызалы сөздер осы топтан шықты.

Строгов ең әуелі бұлардың кімдер екенін білмек болды. Кейбір қатты сөзді айғайлап айтқан бір-екі ұзын бойлы, ашаң жүзді адамдардан:

— Сіз кімсіз? Сіздің фамилияңыз кім? — деп жөн сұрап еді. Жаңағылар айтпады. Оларды жақынан қоршалай тұрған, бас киім киісі өте сүйкімсіз көрінген бір тығыз топ, жөн айтпай қаптай шулап қоя берді.

— Фамилиямыз неге керек?

— Кейін кіналап, жазаламақ боласыз ба?

— Біз бәріміз тең адамбыз. Айтылмайды фамилиямыз!

— Бәріміз де путевкамен келген, тыңда еңбек етуге келген совет адамымыз

— Сол біздің атымыз!

— Жайғастырыңыз бізді!

— Анау жылы қоралар тұр, сонда жайғастырыңыз! — десіп тағы да қамап алды.

Өршелене сөйлеген бір-екі адамның аты-жөнін ақырындап білмек боп, Вася мен Березин өздеріне тақау тұрған кісілерден сұрап еді. Олар да айтпады.

Осы кезде дәл осы бір араға түйіліп үйіріліп қалған топтың дәл сыртынан, бар жұрттың дабырын баса, салқын, салмақты үнмен сөз қатқан көлденең бір адамның даусы шықты.

— Жолдастар, тоқтаңдар! Жылы жай ма? Қазір соның жөнін біз шешіп көрейік. Қәне, былай тұра тұрыңыздар! Жол беріңіз! — деді де, биік кесек бойлы, батыл жүзді, қазақ пішінді бір жігіт ортаға кеп кірді.

Строгов, Березин, Матайбаев сыяқты бұндағы таныстармен қолды қатты қысып амандаса берді.

— Жолдас Сандыбаев, қашан келдіңіз? Жолдас Сан-

дыбаев, міне мезгілімен келдіңіз! — деп Строгов жаңа келген адамға айнала жұртты мезгел, алақанын дөңгеленте созып, көрсете берді.

Сандыбаев орысша жақсы сөйлейді екен. Мынау тұрған бар жыйынға анық естіртіп, пық байлаудай сөз қатты. Бар өрекупді басқандай жайлар айтты.

— Мен бағанадан естіп тұрмын. Әңгіме жылы мекен жөні ғой? Бұл жолдастар алыстап келді, күнұзын тоңып келді. Қазір суық түн болып келе жатқаны және рас. Жайларын қатты ұғынамыз. Бұлар Шолақтаудан шықты дегенді ести сала Сарысудап, Байқадамдағы райкомнан әдейі келдім. Мәлім етейін, жолдастар, бұл арада сіздерден жасырып аяп тұрған жайлар жоқ екенін, ақылдарын бар, жақсы түсінесіңдер! Бірақ жаңа мен ең соңғы шараны істеп келдім. Мынау жерде бұрын бес қорасын совхозға беріп, бес қораға ауысып таршылықта қысылып отырған қазақ қолхозшылары — «Жданов» колхозының мүшелері бар еді. Мен жаңа солармен тегіс сөйлесіп келдім... Бүгін түн ғана шыдам, сабыр етулеріңді өтінеміз. Таңертең сол колхозшылардың он семьясы түгелінен өздерінің жазғы киіз үйіне шықпақшы да, бар қораларын, тамдарын сендерге босатып бермекші! Алыстан келген киімі жұқа, науқастау адамдар болса, қазір тізімге ал да, таң атып, күн шығысымен там, қораларға жайғастырындар, Строгов, Березин! — деген еді.

Осы сөздің соңына ілестіре қалтасынан электр фонарын алды да жаңа Строговқа жөнін айтпай тұрған адамдардың жүздерін жағалай жарық етіп өзі де таныды, жолдастарына да танытты.

— Рахмет бұл көмегіңе, жолдас секретарь, дұрыс айтасыз,— деді де, Строгов алдындағы топқа қайта бұрылды.

— Ал кәне жаңа «ауырамыз, нашармыз, киімдеріміз жоқ» деген сіздер, сіздер, сіздер едіңіздер ғой! — деп жаңа өшіге қамалаған адамдардың бәрін қолымен нұсқап тұрып:— жүріңіздер, сіздердің тізіміңізді жасайық! Өздеріңізбен бірге жасайық! — деді. Топты енді өзі шақырып. Сандыбаев, Березин үшеуі жарығы бар вагонға қарай тартты.

Бірақ бұл бұрыла бергенде, жаңа ол нұсқап көрсеткен жеті-сегіз суық жүзді адамдар әдейі іркіле берді. Топқа араласып, кейіндеп тарап-тарап, бой тасалап кетісті. Өздері оқшауланып бөліне бере Строгов Сандыбаевтың білегін қатты қысты.

— Мезгілімен келгенің қандай жақсы болды. Қолхозшылар оңай көнді ме? Өздеріне қыйын емес пе! Балалары да бар. Кемпір-шалдары да аз емес. Мыналар болса шетінен ірі, сау, мықты еркектер ғой! — деп еді.

Сандыбаев оны тыныштаңдыра сөйледі.

— Қазақ колхозшылары сені жақсы көріп, жақын тұтып апты. Олар қонақшыл халық. Бірақ мынау келгендерге бермейді, саған береді! Өздері ертең киіз үйлеріне суық та болса шығады. Оларды қалай көндіргенімді мен саған кейін айтам. Ал осының орайына «Жданов» қа сен туған әкеңнен бетер қарыздарсың! Соны дәл осы кеште әдейі есіңе саламын, Строгов!

Строгов көңілдене күліп, көне берді.

— Оны сен маған айтпай-ақ қой! Мен әнеүкүні айтып ем ғой саған. Атаусыз, шартсыз-ақ мен «Жданов»қа шефтік етем. Есіңде болсын, ол менің еркектік сертім. Ал совхоз тек аяққа басып аясын, сонан соң «Жданов» колхозы емес, осы арадағы «Үшбас», «Жданов», «Ақбұлақ» колхозының бәрі де менен сондай, ойларыңда жоқ көмек алғанын көрерсің. Осыны істемесем мен Строгов болмайын. Ал мынау лағнет суық түнде сондайлық жылы достық жәрдем еткен «ақсақалский советке» мен өзімді баласындай қарыздармын деп білемін. Осыны сен біліп қой, Сандыбаев! — деді.

Екеуі, бірі райкомның бірінші секретары, біреуі жаңа совхоздың директоры боп, айтып жатқан жаңағы сөздерінде, ниет, бағыттары бір болғанмен, өзді-өз жұртшылығының қамы үшін де үздіксіз ойлайтындарын тұспалмен айтысып қалды. Және сол жайларын аңғарыса бере, қарқылдап күлісіп алды.

Сандыбаев «Шолақтаудан екі жүз кісі Жонға бір-ақ аттанды» деген хабарды өзінің кеңсесінде отырып, Жамбылдың обкомынан соққан телефон хабарынан біліп еді. Ауданның Шолақтауда тұратын өкілі арқылы тіпті анықтап, келер сағатына шейін білген. Солардың жетуімен жалғас туатын ең алғашқы қыйыншылықты ол алдын ала жақсы аңдаған. Строговқа ол: «қысылған шақтарыңда райисполком бастығы Алпысбаев екеуміз үнемі қасыңнап табыламыз» деп қалжың аралас серт беретін. Жолаушылар тобы келерден бір сағат бұрын ол Сәлмен, Бәрмен сыяқты анау бес қорадағы колхозшылардың ортасына келген. Солардың кемпір-шалын, жас-кәрісін жы-

йып отырып, мейлінше мол сөйлесіп, нақтылап келісіп шыққан-ды.

Райком секретары тыңға орнаған совхоздың қасындағы қазақ колхозшыларымен осы кездесуде жай ғана емес, мәнді-жөнді қажет сөз сөйлескен. Келелі кеңес құрған-ды.

Сандыбаев бұл әңгімені Бәрмен қарттың үйінде жасаған. Жалғыз бұл жер емес, аудан орталығында, әр жылылыста, көп колхоздарда, осы қыс ішінде өзі айтып жүретін бір жайды бұнда колхозшыға ұғымды етіп баптап айтты.

— Сендерге мың да бір рахмет. Ақ қар, көк мұзда қысылып келген, толып жатқан жаңа жұртқа өз мекенжайларыңды бердің. Өздерің қысыла, қымтырыла отыруға шыдадыңдар. Неге солай істедіңдер? Аудан сіздерден соны неге өтінді? Онымыз, осы совхоздың өзгеден бұрын дәл осы кешеге шейін тек көшпелі болып, тек қана мал баққан елге ерекше пайдасы тиеді, үлгісі ауысады дескеміз. Өздерің айтшы, осы совхоз күн санап өз тірлігін, еңбегін бастағалы бұрын бұл өңірде болмаған өнеге, үлгі барып байқамайсыңдар ма? Қәне сондайды аңдадыңдар ма? — деп сұрап бір тоқтап еді.

Үй иесі Бәрмен сөзге шапшаң араласып, секретарьдың сөзін қостай жөнелді.

— Бәрекелді, көріп отырмыз! Ең әуелі елдің ендігі берекелі тірлігі, машиналы аспаптың құдіретінде екенін көріп тұрмыз! — дегенде, Сәлмен де күнде өзі тамаша етіп жүрген бір жайын айтты.

— Шіркін, мынау өнерлі қолмен жерге еңбек еткенде осылай етсін! Біз айырсақ жердің шымы мен топырағы қойтас-қойтас боп томарланып қала беретін. Мыналар топырақты күлдей етіп, ұнтақтай майдалайды екен ғой. Қарашы, жыртқан жерлері ұндай, ұлпадай боп жатыр ғой!

Досан, Есен, Әлмен, Бәрмен де қатарынан таңдай қағып, бастарын шұлғып, аса сүйсінген ажар танытты.

Сандыбаев бұлардың әрқайсысының жүзін барлап, қадала қарап отырып, шын сүйсінген күйлерін таныды. Қатар сөйлеген жұрт бірінен бірі үдетіп, совхоз еңбегін мадақтап жатыр.

— Ұлтарақғай ала қалдырмайтынын қайтерсің?

— Егістің қызығы майдалау екен ғой!

— Жерді қандай терең айырады!..

— Бұларға қарасаң біздің жыртқанымыз жыртқан емес?!

— Біз тек жердің бетін ғана тырналап жүріппіз!

— Ой, тағы бір қасиетін көрдің бе? Осы маңдағы су атаулының бір шелегін шетке жібермей, тағы есепке алып, керекке жаратқалы жатыр ғой!

— Екпейтін дәні болмаса керек. Неқыса Жонның қызығын бұлар өзі де көргелі жатыр, елге де игілігін берер-ақ.

— Тек қана жыл жақсы боп, дегені оңғарылсын. Жон ғана емес, бұл атырапта бұрын жан көрмеген жақсылық әкеле ме деп тұрмын! — деген соңғы сөзді Сәлмен түйгенде, Бәрмен Сандыбаевқа бас изеп қадала отырып, байлау сөзін айтты.

— Міне, Мардан жолдас! Бұлардан жақсылықты осылай күтіп отырған еліңіз біз!

Қолхозшыларды осылайша біраз сөйлетіп алған соң, Сандыбаев және бір көптің есінде қалар сөзді айтты.

— Бұл орнап жатқан жұрт тек егіншілік қана емес, біздің аудан колхозшыларына әлі талай өнеге көрсетеді. Тек таный біл де, үйрене біл. Бұлар әлі үйді қалай салғанды, баланы қалай баққанды, ауруды қалай емдеуді көрсетеді. Дәл осы үйіндегі жарығың, отың-суың, жатын-жайың — бәріне де өнерлі жұрттың үлгісін әкеп қосады, — дегенде колхозшылар, өздері ішінара білісіп жүрген бір жайларын айта бастады.

— Строгов айтып жүр, — деп, Сәлмен директордың өзіне оңаша бір айтқан уәдесін сөйледі. — Мынау алған үйлерің үшін кең сарайдай үйлер салып береміз! — дейді.

Бәрмен мен Әлмен қостай жөнелді.

— Балаларың оқыйтын мектепті келістіреміз! Клуб, кино, аурухана, монша атаулыны да жақсылап салуға көмектесеміз, — дейді.

Осы кезде Сақыш та Строговтың бір сөздерін еске алды.

— Отырған үй-іштерің, бұйымдарың, жатын-жайларың әзір бәрі де ескі, жақсы емес. Қолхоз бұндай болмау керек, колхозшы жақсы тұру керек! — деп өзіме кездескен сайын: «жақында болады, бәрі басқа болады» дейді. Мені ылғый сөзбен семіртіп жүреді, жолың болғыр, — деп күліп қойды.

Осылайша өрбіген әңгіме аяғында Сандыбаев бүгін

әдейі келген шаруасын бұл жұрттың кеңесіне салған. Совхозға бүгін тағы толып жатқан адамның қауырт кеп қалғаны, олардың сендей соғылып, айдалада жатқаны үлкен қысымшылық боп отырғанын айтты. Сонымен быйыл сәл ертерек болса да, жылда осы үйлердің киіз үйге шығып, жақын судың бойына қонып отыратын әдетін ескертті. Сөйтіп мынау қалған бес қораны да ертеңнен бастап босатып, дос көмекті, Строговқа дос көмегін жасауды келеске салып еді. Бұл жайдағы сөз біраз созылғанмен, ақыры колхозшылар тегіс көнді де, байлау жасасты.

— Жұыз шықты ғой, күн жылынған деген осы да! Бұрын да осы кезде киіз үйге шыға беретінбіз.

— Бес қораға он үй боп қысылып-қымтырылып отырғанша, байлау осы болсын.

— Әр үй аузы-мұрнынан шығып, бала-шағасымен, ыдыс-аяғымен, жатын-жайларымен қысылып-қымтырылып отырғанша, келіндер, киіз үйге шығып алайық! — дескен-ді.

Осы байлау көптің аузымен, көп атынап жасалған байлау болған соң Сандыбаев елдің ықласына ырзалық айтты. Және Строговтың атынан бұл жұртқа берік уәде сыяқты жақсы бір жорамал білдірді. Онысы, совхоз күзге шейін осылай көшірген колхозшыларға «Жданов» орталығынан үлгілі орын-жай жасап беретінін ауызға алды. Осы істің орындалуын райком өзі үнемі ескермек. Мынау қарттарға сол сөзін анық түсіндірді. Бұл колхозшылар көрсеткен меймандостық, тілектестік жәрдемді барлық ауданға үлгі етіп жеткізетінін Сандыбаев тағы да айтқан.

Колхозшылармен осындай байлауды жасап алған соң ғана жаңағы қысталаң шақта, Строговқа райком секретары мезгілді көмегін жеткізген. Осының орайына енді Строгов, Березин, Тұрсынов сыяқты кісілерді оңаша алып отырып, бүгінгі келгендер туралы жауапты бір байлаулар жасасқан.

Бұл кеңес бойынша олар ертең жарық шақта бірнеше жыйналыстар өткізбек. Комсомолдар, кәсіподақ мүшелерінің жыйналыстары болмақшы. Келген жұртты анық аңыстап, алғаш күннен танып алмақшы.

Облыстың басқа аудандарына да келіп жатқан қалың топтардың арасында көп жақсылардың ішінде, әлдеқалай жаман жаңдар бірге сұғынып кетіп жүргені бұларға мейлінше мәлім.

Луговой ауданының совхозында бір-екі бұзық сотталып та кетті. Жыртқыштық, бұзарлық әрекеттері жұртшылық алдында мойындарына қойылды. Шыққан жайлары бұлдыр, алаяқтар, бұзақы бұзықтар да осындай қалың жұрт арасына сүнгіп кірмек болады. Сол жайды қысқа ғана тұспалдап атаған Строгов, Сандыбаев екеуі бір ойларын анықтай түсті.

«Жаңа әралуан сөз тастап, аты-жөндерін әдейі айтпай, жалтарып кеткен адамдардың, тегі аңқау көпті алғашқы қиыншылық сәтінде адастырып кетуі қиын емес. Бәрі де путевкамен келгені рас. Бірақ сол путевкалар кейбір қалалық ұйымдарда көп талғаусыз, асығыс беріліп кеткені де бар».

Сондықтан да, үлкен игі істің бойына ілесіп жүре түсетін ошағандар болады, болып та жүр. Оқшау жатқан шет ауданға бұл совхоз тек астық өндіру үшін ғана келгенін, әрбір жауапты адам өте жауапты түрде аңғару шарт. Бұл совхоз коллективі барлық ісімен, бар коллективтік мінезімен, жеке адамдарының үлгісі, отаншылдығы, бас қасиеттерімен де анық социалистік шаруаның, социалистік мәдениеттің, советтік мінез-қасиеттердің де үлгісі болсын. Сол үшін де бүгінгідей шын қиыншылықты пайдаланып, жат сөз, жаман мінез байқатушыларды әсте елеусіз қалдырмау керек. Дер кезінде, сағатында анықтап, әйгілеп танып та, танытып та отыру шарт екенін айтысқан.

Бұл кеңестің соңынан қараңғы жердегі жатын орнына жалғыз келіп суық төсегіне киімшен жантайған Строговтың ойында көп жайдың қам-қарекеті бар еді. Солар бірі үстіне бірі қат-қабаттап, көпке шейін тыным алдырмады. Әзіргі шақтың бәрі, дәл бүгінгі осы Жондағы күн мен түн тәрізді. Тамаша боп маужыраған көңіл ашар, жарқын күннің кеші қара суық. Түні қатал. Аңқыған аязды жел. Айнала наразылық және бой көрсетеді. Көңіл жұбатар алдағы үлкен үміт бұлттан шыққан айдай, кейде ол қуантып, дем беріп, қанат бітіріп қалғандай болады. Қысқасы өз жайы дәл осы шақтарда отқа бір түсіп, суға бір шомып, сол ыстық пен суық арасында амалсыз, алма-кезек күйіп, тоңу қалпында екенін ойлады. Бірақ дағдылы кең мінезі, ашық ойы қайтадан өз арнасына келіп, өз халіне өзі езу тартып күле түсті де: «шыдай түс, ширай түс!»— деді.

Көзі ұйқыға бара жатқан соңғы бір секундтар шағын-

да, жаңағы қараңғы кеште өзін қамап алып, әділетсіз қатал кіналар ақтарған үш-төрт суық жандардың жылтылдаған көздерін, жарқырап ақсыйған тістерін көз алдына келтіре-келтіре барып ұйқыға кетті. Ауыр ұйқыға батты.

ЕТЕККЕ ОРАЛҒАН ОШАҒАН

Таң атысымен, деген жерінен шығып, бес қораны бо-сатқан колхозшылар он шақты киіз үйлерін тігіп алды.

Строгов сол сәтте бес қораның бар қуысын түгелімен ақтатып, жыртық есік-терезе, тесік жабыншы болса, соның бәрін бітеп, бүтіндеп шапшаң әзірлетті. Енді қыс аяғы таусыла бастаған шақта пеші жоқ болса да мал қора, далан, шошала тәрізді қуыс атаулының бәріне тақтай жайғызды. Нар жасатып асығыс әрекетпен көп адам жайларын әзірлетіп алды. Сонымен осы күні кешке «шатырда тұрмаймыз, палатка суық» деп кешеден наразылық айтып жүргендердің көбін жаңа жайларға әкелді. Төсек-орындарын бас-басына таза күйде арнап беріп, ойда жоқтан, өзі күтпеген халде жап-жақсы орналастырды.

Осы қоралардың бір үлкен мал қорасын жақсылап ақтап, төбесін клеенкамен ұқыпты етіп қаптатып жіберіп, ұзын тақтайлардан стол, орындықтар жасатып, жаңа келгендердің ас үйін де бөліп жайлап алды. Бір отырғанда 50—60 кісі сыярлық ас үй, баспана бұдан да шықты. Осылайша ас үйі, жатын жайы тегіс ретке келіп алған соң, кеше ойлаған жыйылыстың бір молын Березин басқарып, рабочком жыйылысы ашылды.

Өткен түн мен бүгінгі күнұзын Тұрсынов партия мүшелерін жыйып, кең сөйлесіп алған. Безродный комсомол мүшелерімен көп жайдан мол әңгімелесіп, қажет бір мәжіліс өткізген. Қалай да күні бойы Строгов, Тұрсынов, Безродный, Березиндер келген адамдардың бәрін де әр сала мамандық істеріне жіктеп, топтап бөліп-бөліп алған-ды.

Агроном Трегубов, Нина Петровна Матайбаева көп адаммен өз беттерімен танысып, анықтап білген деректерін, әр адамға аталған тапсырмаларын Строговқа мәлімдеп отырды.

Бүгін ерте келген төрт бригада бастықтары өздеріне тиетін шоферді, тракторшыны, механизатор, комбайншыларды бөлісіп, танысып өз топтарына орайлап алды. Шоферлердің біразымен Вася Матайбаев та кезек-кезек сөй-

лесті. Қайдан келгенін, кім болғандарын жақсы біліп, біразының аттарын да жадында сақтап қалды.

Тракторшы Новиков, Целингородцев, Воробик, Ткаченколар да өз мамандық ретіндегі серіктерімен көп сөйлесіп, білісіп қалғанды. Бұл шақ тегінде көктемдік егіс жоспарын совхоздың орталап, орындап қалған кезі еді. Енді қалған 50 проценттік көктемгі егіс жоспарын, алдыңғы істелген кезден жітірек, азырақ уақыт ішінде, тіпті аз күн ішінде аяқтау керек.

Келкі жыйылыста осы жөнде Березин мен Строгов өздері алдын ала сөйледі. Бұрынғылар мен жаңа келгендердің тұтас міндетін айтып шыққан соң, жаңа келген адамдар арасынан бірнеше кісі жазыла сөйледі.

Тракторшылардан Петросян, Қазарян, Дафтян, механизатор Старовойтов енді өздеріне қадірлі міндет алғандарын бұл жақта бар ықласпен, бар қажыр-қуатпен саналы еңбек ететіндерін айтып өтті.

Петросян мен Старовойтов өз сөздерінде, осы совхозға бір жолғы егіске ғана емес, мүлде осы Жонды, Қазақстанды ұзақ тұрғын мекені етпекке келгендерін айтты. Петросян, бар жыйынды өзгеше жылы көңілмен тұтас сүйсіңдірген бір сырын да ашты. Ол өзін советтік Қазақстанға күншуақты Армениядан әдейілеп жіберілген өкілі деп түсінеді. Соны айта келе, жыйынға өте мейірлене қараған ажарлы, сұлу қара көзін жиі қағып қалып, аса қымбат жайды айтты.

— Мен туысқан Армения республикасынан, туған Ереван қаласынан туысқан Қазақстан сахрасына айрықша белгі әкелдім. Күншуақты Ереван ана топырағы ғасырлар бойында өсіріп келген жақсы сорт үзімнің бір топ лозасын, туған Қазақстанның бұрын жеміс өсірмеген Жон деген даласына туғандық белгісі есебінде әкеліп, өз қолыммен орнатпақпын. Сол лозадан үзім өсірмекпін! Бұрын капуста өсіріп көрмеген Жоннан Ереван үзіміне жаңа, жақсы рахат, мекен жасамақпын! — дегенде, барлық жыйын соншалық үлкен қызулы достық ынтымақпен дұлатып соғып қолшапалақтады.

Келген көпшілік пен бұрынғы тұңғыш азшылық совет азаматтары дағдылы мерзімді жолмен таныса табысты. Мәжліс жамырасып қосылған жақындардың жыйынындай боп басталып еді. Бірақ сол жыйында бір үш адам жайсыз сөздерге басты.

Вася шетірек тұрып кеше түнде түстерін нобайтап

қалған адамдар осылар сыяқты. Кешегі іңір қараңғылығында Строговты қысып қыйнап, қатты қатал үндер қатқан тонның ішінде осы үшеуі анық бар тәрізді. Бүгін солар бірі артынан бірі сөйледі. Жайнаң көз, ұзын тіс Шарафьянов пен қоңыр қасты, қызыл шырай, сарғыш көзді, сирек тісті Агабеков және анық сотқар көзін, шолақ мұрынды, балуан денелі, зор басты Мотов. Бұлардың үшеуі де түндегі бетпен: «Бұл совхоз, келетін адамдарға мүлде көңіл бөлмеген. Тұқым мен машина, аспаптан басқа түкті ойламаған. Біз оңтүстіктің — жыты жақтың адамымыз. Бұнда түндерде Сибирьдің аязы. Ал бізді апарып, әлдеқайда сыйыр қораға, құс қуыстарына, шошқа тұрмайтын түкпірлерге тықты. Оны «камкорлығым, мезгілімен еткен әрекетім» дейді. «Қолхозшыларда бізге деген жанаңу болмаса, олар еркімен сол жаман паналарын бермесе не болар едік? Әлі біз тамаққа да қанағаттанбағанымыз жоқ. Үш күннен бері ашпыз! Енді бәрімізді бөліп-бөліп тағы да қарлы суық далаға, палаткаларға айдамақ. Біз директордан жауап талап етеміз! Барлық келген екі жүз кісі атынан айтамыз! Қайда әкелдіңіз бізді? Біз адам ба, мал ма?.. Совет адамдары үшін жауап беріңіз. Біз барлық келген жұрттың тапсыруы бойынша сөйлеп тұрмыз. Өзіміз ғана емес, көптің атынан сөйлеп тұрмыз!»— деп үшеуі «е» дескендей қайта-қайта баса сөйледі.

Шарафьянов алғаш пәле сөзді өзі бастап айтып өтіп, енді Агабеков, Мотов қостаған соң орнынан атқып тұрып биік бойымен біресе шалқыйып, біресе құлашын жая, сіңірлі саусақтарын Строговтарға қарай лақтыра, нұсқай сөйлеп, кезек күтпей лапыра берді. Мотовтың сөзінің аяғында ол тағы да көпке анық кесір жұқтыра айғайлады.

— Өткен түн бойы екі жүз кісі жалаңқабат суық шатыр астында бүрісіп отырдық. Таң атқанда талай жұрт жөтеліп, суық тиіп ауырып та шықты. Осы үшін жауап бересіз, жолдас директор. Қазір жауап тілейміз көп атынан!— деп тепсіне түскен.

Бұның бүлік айғайы өзгені емес, ең алдымен өздерімен келген Ереванның қалың көпшілігін қатты ыза қылды. Сол көптің ішінен үш-төрт адамын еріксіз сөйлетті. Олар бірі артынан бірі шықты. Ең алдымен бұлар, жаңағы үшеуді «көпшілік білмейді» дегенді айтты. Және «оларға көп атынан осындай сөзді сөйле деп ешкім тап-

сырған емес. Көптің атын бұлай пайдалануға оларға право берілген жоқ». Біз білеміз, бұл жерге тыңға келдік. Тың деген сөз — барды баян етеді, әзір тұрған нәрсе жоқ, барды қолмен өзіміз тұрғызамыз» — десті.

«Шарафьяновтар бұл жақтан курорт, санаторий, сән сарайлар іздеп келсе, адасып келген. Бұлардың тегі баратын адресі, әсте Қазақстан, Жамбыл облысы, осы Жон болмау керек!»— деген сөзді қатты мысқыл ажарымен Геворкянн айтқанда, зал тағы да ду күліп, бар жыйын қол соқты. Жаңағы арзан айғайшыларды кіналап, сынап өткендей болды.

Бірақ осымен қатар аңғарылған тағы бір жай бар. Шарафьянов жалғыз емес көрінеді. Залдың әр жерінде Строговтың байқауынша әдейі тарап отырған он шақты кісі бар сыяқты. Олар әралуан айғай үн қатып, жаңағы үшеуін ақтап қостап қойысады. Қалың ду ішінде Строгов сол қарсы сөйлегендерді ұға түскісі келіп еді. Үлкен, сергек ойлы көздерін үзік-үзік сөз тастап тұрған айғайшыларға кезек-кезек тастап өтті. Олар: «Шарафьянов дұрыс айтады», «бәріміз үшін сөйледі», «сыйыр қораға қуанып жалған айтасыңдар ма?»— деп Геворкянға бет бұрып, кекесін сөздер айтып жатыр. Бірақ бұлар долы, сотқар көрінгенмен, саны аз ғана. Көпшілік алдыңғы Петросян, кейінгі Погасяннар бетінен бұлжымай, ойдағыдай шықты.

Строгов бұл жайында Тұрсынов пен Березиндер сөйлеген соң жыйылыстың жабылуын мәслихат етті. Өзі әдейі сөйлеген жоқ. Көптің талабын әлі келгенше аз күн ішінде, барынша орындамақ ниеті барын айтты. Сол жолда ешнәрсесін аямай, қам-қарекет ететінін қысқа ғана, нақтылы ғана білдірді де, әдейі сол аз сөзбен тоқтады. Іс адамының, қам-қарекет, үздіксіз қыймыл үстіндегі еңбек адамының, көпке тез байқалатын ажары мен дағдысын танытты.

Осыдан кейін жаңа келген топ та жұмысқа басты. Енді бір-екі күн өткенде мамандығы жоқ екені анықталған Шарафьянов, айғайшы Ағабеков, Мотов, Дивов, Пыжов деген тәрізді кісілер қалың топтан бар жайлары бөтендеу боп көрінді. Олар шофер да емес, тракторшы да емес, механизатор да емес, ешбір білім мамандық алған да адамдар емес боп шықты. Шын мамандықтарын жасырса да ғажап емес. Енді осылар «біз де келдік» деген боп, «біз де әдейі тың айырысуға келдік» дескен сөз-

дерді сағат сайын айта жүрді. Сөйтіп орайын тауып осы базаның басындағы жұмыста қалды.

Біреулері құрылыс жұмысына, тағы бірі электр монтерлігіне және бірі киномеханиктің қасына, енді бірі бухгалтерия маңына орналасты. Жақын жерден үнемі бақылай, аңдый жүру үшін бұлардың бригадаларға бармай орталықта қалғанын Строгов бір есептен теріс те көрген жоқ. Бірақ олардың әрқайсысымен кейде өзі сөйлеседі. Бірде сырттай жөндерін сұрастырады. Тағы бірде ойдағыларын айтқызады. Неқылса өзге топтан бөлек көріп, осыларды қатты ескере бағып жүрді.

Шарафьянов болса өз тобымен енді тез ғана өзгерген, ақылы кірген кісілердің қалпын көрсетіп жүрді. Орналасқан жұмыстарында үш-төрт күннен соң олар тегіс ширап, қужыңдап аса үлкен бейіл бере лыпыл қақты. Бірақ осы күйде төрт-бес күн өте сала Шарафьяновтың тұртуімен Мотов, Пыжов екеуі және Афабеков қосылып үшеу болып, Строговтан подъемный сұрай бастады. Сөздері сондай орынды, қонымды-ақ. Ол жақта біреулерінің кәрі шешесі қалыпты. Енді біреуінің жас балалы әйелі қалыпты. Олар онда жалаңаш, ас-азық қоры жоқ. Бұлардың өздерінің де үстінде лыпасы, аяқта шарығы жоқ дегендей. Шынында өздерінің көптен бөлек жерден шыққан белгісі есепті жыртық-жамау киімдерін Строговқа көлденеңдетіп көрсете берісті.

Тағы бір сәтте бұлардың өтінішіне Шарафьяновтың өтініші де сондай қосылды. Кейде олар Строговқа жұмыс кезінде, мезгілсіз жайларда, тіпті далада да мазасыздықпен орала берді. Бұларды басқарып істетіп жүрген дұрыс адамдардан Строгов әрқайсысының еңбек жөнін сұрайтын. Сұраған сайын бәрінің жұмыс жайға, еңбек әрекетке соншалық ынталы, пысық, ширақ екенін есітеді.

Строгов ең әуелі осылардың бәрін де өзінің бір еркіне көндірді. Онысы көшеде, кез келген жерде орала беріп, өз бастарының жұмысымен Строговты алаң ете бергендеріне тыйым салды.

— Мен тындамаймын! Кеңседен тыс жерде өздерің жұмыстарыңды тастап, мені ісімнен бөгеп, бұлай орала беруді мүлде тоқтатыңдар! Айтпақ жайларыңды мен отырған ана кішкене орын бар, қызыл вагон іші, соған келіп отырып сөйлесіңдер. Болмаса сендер үш жүз адамсыңдар, ойлаңдар, сол үш жүзің мені жұмыс уақытында

бір-бір минуттан бөгесендер де менің еңбек күнімнің бес сағаты соған кету керек. Жұмыс участогі үлкен, білесіңдер! Осы, соңғы сөз болсын! Енді маған далада оралмаңдар!— деп Шарафьяновты бастық етіп, бес кісілік топтарына нық, салқын бір ажар таңытқан.

Осыдан кейін тағы үш күн өтті. Жаңағы адамдар түзелген ажар байқатып, Строговтың мазасын да алмады. Ол сұрастырса жұмыстың да қара қыртысын айналдырып, жұлқына істеп жүрген боп шығады. Осы тәрізді өзгерістерін, мінез өзгерістерін көрсеткен осы жүдеу топқа Строгов бір күн амалсыз жалынды. Олар тағы кепті. Шарафьянов көзіне жас алып, жыламсырап жалына сұраған соң директор сенді де дегендерін берді. Ол топ осыдан соң да үнсіз, мінсіз, қатардағы қайрат адамдары болып ап, адал, түзу еңбекке басты.

Осы шақта апрельдің бесі де жеткен еді. Көктемгі егіс жоспары пәлен мың гектарға барды. Жоң деген үлкен өңірдің қалың сауырын бұл күнде ұшан-теңіз қоңыр барқыт жабыншы жапқандай. Игі еңбектің ізімен толды.

Атаған саннан әлдеқайда артық боп орындалған егіс жоспары өлі Жоңның жотасына жаңа, басқаша тірлік дәнін көмді.

Тұңғыш жоспарды осылайша мезгілімен және мөлшерден асыра аяқтауы, жаңадан орнап жатқан совхоздың өктеп жеткен жеңісі боп табылды. Елсізге, қыян алысқа, тау сыртына ақ қар, көк мұз аралас барып орнаған жұрт, тек алған ірге тебу ғана емес, дегеніне жетіп, мойындарына жүктелген Отан міндетін ада қып, үдеп шықты. Облыс басшылығы мен аудан жұртшылығы бұл жайды шынымен қуаныш етті. Сол көпшілік орындардың тілектес көңлін білдіріп, Сарысудың аудандық комсомол комитеті достық әрекет жасады. Көктемдік егіс жоспары біткен күні аудан орталығы Байқадамнан аттандырған комсомолдар тобы, базаға келіп құттықтап, қуанысқан сөздер мен сый белгі де әкеліп тартты.

Келген жолдастар база басындағы қызмет адамдарын жыйып алып, жарқын жүз бен жақсы талаптар да, тілектер де айтысты. Бұларға жауап берген сөзінде Безродный, совхоз жұртшылығы атынап анық жас жалынның, жаңа қауым үмітін, өршіл, әсем сөздермен айтып шықты. «Шөлді — көлге, далаңы — дөңге толтырамыз, базаны гүлге ораймыз. Ауырды — жеңілге, шалшықты —

айдыңға айналдырамыз» — деген сөздері сенімді топтың ұраны есепті еді.

Ауданнан келген жастар атынан сөйлеген жас оқытушы комсомолка Жанаева, осы сөзді айтқызатындай өзгеше бір талап та қойған.

— Біздің аудан сыяқты шеткері жатқан, бұрын көпшілігі болған аудан совхоздан көп жаңалық пен жақсылық күтеді. Сіздер тек қана астықты аймақ емес, советтік социалистік мәдениетті аймақ жасасуға мол жаңалық қосатын топсыздар. Көп совхоздан бөлекше, ерекше осындай, тарихтық қадірлі міндеттерің де бар қауымсыздар! — деген.

Бұл екі жастың осылайша алма-кезек айтысқан тілек, талаптарын Строгов аса бір сүйсінген ажармен тыңдаған. Аудан жастарының сыйын да бұндағы жыйын үлкен алғыс ажарымен қабыл алды. Қол соғып тұрған көпшілікке көрсете түсіп, Жанаева өз сыйларының алды етіп «Родина» атты радиоқабылдағынын көтеріп шықты. Бұған ерген жеті-сегіз ер-әйел жолдастары да қолдарына бір-бір сый бұйымдарын әкеп ұсынды. Онда патефон, сағат, шахмат, домино тәрізді көпшілікке керек бұйым, сыйлар бар еді. Осыларын өткізе сала Жанаева бар совхоз жұртшылығына аудан халқы атынан жіберілген ең үлкен, ең қадірлі сыйды жақсы серпіп, жалт еткізіп желпінте көтерді. Ол — Қазақстан республикасының Қызыл Туы болатын. Осы тұды жастар атынан қабылдап алып тұрған Безродный тың бір серт айтты. «Енді 20-ыншы майға дейін бір жарым ай ішінде алдағы үлкен міндет — пар айдау жоспарын жоғары сапада орындап шығамыз!» — деді. Барлық совхоз жұртшылығы атынан кең үнмен, үлкен сеніммен сол уәдені паш қылды да, серт етті.

Енді күн жылынып, көпшілік тіршілігі арнаға түскендей боп өз ырғағын тапты. Сау механизм қалпында күн санап дамып берді. Атаған мезгілде сол жоспар мол жоспар да орындалды. Нелер ұзақ далалар ойдағыдай жыртылды да, мыңдаған тракторлар совхоз жеңісінің, табысының кең іргесін нық орнатты.

Енді егіс үстіндегі еңбекпен қатар, құрылыс ісі де күн санап көп үйлер іргесін қалап келеді. Және бір сала — қызық келешегі бар еңбекті инженер мелиораторлар бастаған. Бірнеше ай бұрын алыс қана қыялдай көрінген бір жоспар, іс болуға тақап келеді. Тері совхоз қаласының ең үлкен арманы да, ауыртпалығы да судың

жайы екені Строговқа былтыр осы араға қыс басында келген шағынан өте мәлім болатын. Сол күннен бастап ол болашақ база, қала жанында су қоймасы ретінде көл жасап алуды шарт еткен. Сонымен қазір, Жамансары дейтін кішкене бастаудан, қала қасында көл жасау ісі қолға алынды. Бірақ көлдің көлемін, табанын қай жерден қалай етіп алу әңгімесі Гольдин мен Строгов арасындағы көп кеңеске айналған.

Қазір Гольдин белгіленген жерде Строгов өз көңілін нық бекіту үшін Вася Матайбаевты өз машинасымен Сәлмендерге жіберді.

— Менің бес-алты досым «ақсақал советін» жыйып әкел, Вася! Ақыл-көмектері, дос кеңестері қатты керек болды, соны айт!— деген.

Сол шалдар келіп көлге өлшенген жерлерді жағалай көріп шығып Гольдин мен Строговқа өздерінің кеңесіп қорытқан байлауын айтты. Олардың ойлары бойынша инженердің көлге белгіленген жері қолайсыз. Жамансарының бастауын бұлар жақсы біледі. Ол, жолшыбай қосылып отыратын үлкенді-кішілі көз-көз, көп бұлақтан құралады. Осы жердің топырағынан ба, тасынан ба, кей бұлақтар, сол көзбұлақтар кей жылдарда бітеліп қалады. Жамансарыға, ортақ арнаға су бермей қалатын кездер болады. Ондайда Жамансары осы совхоз орталығы тұрған жерге де үзіле-үзіле зорға жетіп жығылатын.

Ал көлді Гольдин сондай екі бұлақ үстінен салмақ бопты. Көлдің табанының астына бұлақтың көзі түскен соң, ол үнемі бітелмей тұрса жақсы, ал кей жылдардай өздігінен бітеліп қалатын болса, кезей алмайсын! Көліңе түсетін судан тапшы боласың! Одан да ақсақалдар ақын алатын болса, көлдің табанын әлі де екі километрдей төмен түсірсін. Бұлақтар бітеліп қалған шақта кезеп отыру оңай. Олардың кеудесі ашық тұрсын. Ал көлің қалаңа жақындай түседі.

Өздерінің туған жерін жақсы пайдаланбаса да бар жағдайы жағынан жақсы білетін қарттар Строговқа бұл жолғы кеңесімен де қатты қажет ақым қосты. Ол ақсақал кеңесінің байлауын нық жақтады да, жас инженер жолдасына «ақсақалский советтің» айтқанын істел!»— деп қатты бұйырған.

Сол кеңеспен істеле бастаған көл де аяқтауға тақап келеді. Көл біте салысымен болашақ қаланың бар көшелеріне арық жүргізу, ол арықтар жағасына тек қана же-

міс ағаштарынан бақшалар, көк қатарлар орнату жоспары да жасалып жатты.

Строгов бұл жайға өзінің тағы бір алысқа өрлеп, үдей түскен қыялын қосады. Суды айтса, болашақ жеміс бақтарын, көк өсімдік қатарын атай бастаса, «алыс бір қыялым сол — өзіміздің жердің ұзақ айналасына, көлденеңі 50 метрлік қоршау тоған орнатсам. Совхоз жөніндегі ең бір ыстық қыялым сол» дейтұғын.

Бұнысы да жас совхоздың қиын кешегісі мен жылы күндегі бүгінінен туған қыял. Әсіресе тамаша келешекті аңдаған жігерлі ойдың көрікті өрісі. Өзгеше бір күлім қағып, бұлын беріп, қуанта тартып тұрған болашағы.

Осындай әртарапты мол тірлікті, әр таралтан келіп туыса табысқан еңбек елі күн санап алға бастыра бастады. Еңбек, тілек жанды тірлік игілігінің бәрін қосып ізденген жақсы топтың тұтас тірлігі күн санап дамып келе жатты. Бірақ сонымен қатар осы табыстардың бәріне бір сәт іштерімен шындап жалынбаған, деп қоймаған кейбір кесір жандар да, әр кезек, әртүрлі сұмқай мінездер көрсетіп қап жүрді.

Олардың ортасынан бұл күнде оқшауланып шыққан Шарафьянов. Ол өзі сөзшең-ақ. Ілінісетін, кесір шығаратын кездерді жақсы біледі. Тәсілқой да айлакер. Подъемныйын алып, онысы бойға сіңіп болған соң енді Ағабеков, Мотов, Пыжов, Дивов сыяқты адамдарын өзіне мүлде еліктегіш етіп алғап. Әрқайсысы өздері жүрген ортада қайдағы бір қиын, қысталаң шақта, ауыздары көпіріп көріне қалады.

Әлі совхозда арылмаған қиыншылық, жеңілмей жатқан ауыртпалық сондайлық көп. Қазір де таршылық пен тапшылық мол-ақ. Адам басы жеңіл палаткаларды амалсыз паналап, жайғасқан тәрізді болса да, әлі де мәдениет орындарына, көпшілік мекемелері мен әр бөлек кеңсеге, ұйымға жай жеткіліксіз. Шолақтау сыяқты азық-түлік, пұл-зат, аспап-мүлік беретін ең жақын орталық болса 90 километр жерде, қыян ұзақ алыста жатыр. Сондықтан да күн санап, бірде азық жетпей, бірде жағармай, зат-бұйым болмай қалады. Аса ділгір қажет аспап-сайман тапшылықтары да күн санап, кейде сәт санап кезектеп қысып, қыйнап отырады. Сондықтан да Строговтың өзі, жақын көмекшілері әлі біртұтас күн қыспақсыз, қыйналусыз толық тыным алып көрген емес.

Ал Шарафьяновтар болса бойы үйренген сайын ай-

лакер, таспақойлықпен Строговка өшігіп алған кісідей әралуан кесір-кеселдер жасап қойысады. Әрдайым совхоз коллективінің белсендісі көрінбек боп, шағын жыйындарда сөйлеуік, сигнал бергіш кісі болады.

Бұлардан үзілді-кесілді арылып алауық десе, өздеріне көп нұл-қаражат беріліп қалған. Және жүре түзселеді, жөнге келеді деген үмітпен Строговтың совет адамына сенгіш көңілі арылмай да жүрді. Енді тағы бір кезектерде Шарафьяновтың араласпайтын сөзі, кіріспейтін жері болмауға айналды. Ол рабкоопқа да сын айтады. Рабочкомға да белсенді сөйтейді. Мәдениет кешіне ырза болмай, іріткі жасайды. Кейде дирекцияның жауапты адамдарының басшылық ісіне де сұғанақ тұмсығын сұға кіріп, іздегені әрдайым әлек пен бүлік бола беруге айналды. Сирек те болса кей шақта ол ішіп те алады. Ондайда сотқар, содыр, бір кісіге әлі жететін төбелескіш те. Осы мінездерін әркімге әйгілі, сүйкімсіз адам есебінде таныта жүрсе де, ол өз жайыны анық, қаталға, сынға ұшырата-тын кезендерге соқпай жүр. Тек бір күні ғана рабкооптың лавкесінен қашт-шай ала келген бір колхозшыны сыртынан кеп желкесінен алып, сүйреп жөнелген еді.

Лавкеде тұрған Мерқадіровты айғаймен әшкерелеген кісі боп айыптап, балағаттап та сөйледі. Бұл сөзінде қазақ сатушы, қазақ алушыға ғана жасырын сататын дүниелік бар, дейді. Бізге көрсетпейді, совхоздың өз жұмысшыларына жоқ деген нәрсені колхозшыға неге сатады? Қазақ Мерқадіров қазаққа ғана неге сатады?— дегендей ұлт арасының да суық сөзін айғайлап айтып, әлек бастады. Ол желкесінен тартқан колхозшы Сәлменнің жиені Жақып дейтін мықты жігіт болатын. Өзін сүйрелеп, тілге келмей маскаралаған Шарафьяновты ол топшысымен бір-ақ қағып ұшырып жіберді. Анау боқтық жұмсап, қайта ұмтылайын дегенде Жақып ызалы, оқты көзін сүзе қарап «келіп көр!»— деп қолындағы дырау қамшысының өрімін қыса білеп тұрып алды.

Шарафьянов айғай мен пәле сөзді айтып, көп бажылдаса да төбелеске бата алмай, тайқый берді.

Строгов біліп, бағып, тізіп жүрген Шарафьяновтар мінезінің соңғы бірі осы еді. Бұл жөннен оны рабочком әдейі соңғы жасаған сотқарлығы үшін көп алдында талқыға салатын болды. Сол жыйылыс ертеңге белгіленген сыбысын алдын ала біліп алған Шарафьянов кешке Строговтың үстіне сұраусыз кіріп, бес жолдасын ерте

келді. Қолында жеті кісі қол қойған арыз бар. Сөзі, бүліктен таймас кесірдің сөзі. «Сендер, бұл жердегі басшылық-дирекция тыңға келген, өзі тілегін келген жұртты ренжітін отырсыңдар. Мынау жеті кісілік қалың тобымыз наразымыз. Сендер өзара сиыды айтушының аузын басып, өшіруге дағдыланғаныңдар. Сондықтан айыптысыңдар және директор Строгов өз басын көпшілікті алдадың! Келген шақтан осы күнге шейін екі жарым ай өткенше саналы совет адамдарының отаншыл галабын жоққа сайдыңдар! Ылғый алдаумен келесің. Сол алдау мен қорқыту сенің, директор Строговтың жалғыз қолданатын құралың мен әдісің. Осы себепті біз кегеміз, жол қаражатымызды бер. Біз Ереванға қайтамыз! — деп суық түспен сөйлеген әлек сөзін аяқтады.

Строгов сол арада Березинді және орынбасарларын шақырып алды да, жаңағы Шарафьянов ұсынған арызды ғана оқып беріп:

— Міне жай осындай! Ертеңге арналған жыйынды екі сағаттан соң екінші палаткаға бүгін шақырайық. Мынау жолдастардың талабына, топталып берген арызына жауап берейік. Ол міндетіміз. Түсінікті ғой! — деді де бұндайдағы қайратты тапқыр мінезі бойынша, қысқа ғана сөйлеп, өзге сөзді тыйып доғарып қойды.

— Сіздерді тыңдап болдық. Сөзді екі сағаттан соң сөйлесеміз, жауапты сонда естисіз! — деді де Шарафьяновтарға өткір көзін қадалта, тік қарады. Сызды, салқын қараған бойымен ұзатып салды.

Жыйында сөз ұзаққа барған жоқ-ты. Строгов өз сөзінің кезегінде бір-ақ нәрсені айтты. Қысқа ғана, тұжырымды үкімдей басып айтты.

— Сендер Ереваннан келдік, Ереванға қайтамыз! — дедіңдер ғой. Ал мен айтайың, осы арызға қол қойған Шарафьянов, Ағабеков, Дивов, Могов, Пыжов, сіздер Ереванға қайтпайсыздар. Рас, тың жерден кетесіздер, бірақ сіздердің баратын жерлеріңіз Ереван емес. Біз білеміз, біліп болдық, сіздер Ереваннан келген жоқсыздар! Сіздер ешбір тұрақты мекен-жайдан шыққан кісілер емессіздер. Бәріңіз де бар жерде жүретін, бірақ бір жерге де орнықпайтын, біздің қауымнан түгелімен арылып бітпеген, соңғы бір сүйкімсіз «қалдық» аталған жандарсыз. Бірақ қайда барсаңдар да мынау тізім сіздердің сондарыңыздан ере жүретін тізім! Ереванның жақсы жұртшылығын, қасиетті совет халқын біз сендерге былғатпаймыз.

Ол қаланың қауымы атына жала жаптырмас үшін мен мына тізімді сақтаймын. Сендердің шындарыңды шынымен әйгілеп отыру үшін сақтаймын. Және естерінде болсын, осындай күндерде мынау тыныш, адал совет жұртының азаматтық асыл еңбегінің үстінде жасаған әр әлектерің үшін, бұл күнге дейін істеген еңбектен, сан есе артық еңбек етуге сендер мәжбүр боласыңдар! Бүгін мынадай арыз жазып, жасаған айыптарыңды, айлар бойына түзеймін деп ойламаңдар. Дәл осындай бір ғана оңбағандық, іріткілік сұм мінездің өзі үшін кем қойса бір жыл, әйтпесе жылдар бойы тек кешірімнің ғана, айыптың ғана еңбегін істейтін боласың шеттеріңнен!

Осы сөздер Строговтың өзінің ғана арлы, намысты, ызалы жүрегі атқан жиреніш сөз емес, адал еңбекке енді шынымен қызығып, қуана берілген үш жүз кісілік қалың жыйын, қасиетті қауымның сөзі мен сезімі еді. Бар жыйын бірнеше адамның аузымен, көптің шынайы қосылған ызалы, әділ ашу демімен де бүліктерді таңбалап, әйгілеп шықты!

Строгов сол арқылы ашудың сөзін үлкен бір шешендікпен сөйлеген. Тәжірибелі іскер адам болу үстіне бұл білімді, өнерлі, ойлы адам қалпында кейде осындай жыйындарда қалың топтан қара үзіп, шоқтығы асып шығып кете алатын. Ол тілге, ойлы сынға шеберлігін осындайда өз коллективіне таныта жүретін.

Жұрт бұның саналы да ызалы сөзін құптап, өзін қосап шықты. Бірақ жыйылыс соңында өзінің қараңғы, тар ғана жатып жайына келгенде Строговтың көңлінде әлі айтылып болмаған және бір ызалы наразылық бар еді. Жыйында оны айтуға болмайды. Бірақ сол Шарафьянов, Ағабеков, Мотов сыяқты алаяқ сұм адамдарды осы жаққа жіберген адамдарды кіналады. Осыларды топқа қосып жіберген кейбір ұйымдардың өкілдерін Строгов бүгінгі сәтте жалғыз жеке ойында қатты айыптап отыр. Сол адамдардың бірде бірін жүз көрсе, дәл кездесе Строгов нелер қатал сын айтып, ар сотына тартар еді. «Тыңға... осындай өзгеше даңқ алған тыңға, ел, отан жорығына кім болса соны жіберуге қайтып батылы барған?! Әлде салғырт, үстірт жауапсыз оймен: «тіленіп жүр, бара берсін» десті ме? Немесе «неміз кетеді, ол жерде түзеп алар, құтылайық» деп әркімді жете тексермей, кім екенін білмей-ақ жібере салу болды ма?

Бір мұнда, «Түркстан» совхозында ғана емес, Строгов

былтырғы, быйылғы көңілсіз тәжірибелерді жақсы біледі. Әр облыста, әр совхозда бірен-саран сұмдар болып отырған, бүгін де болып отыр. Сотталғандары, аласталып қуылғандары да бар. Сырлары мен шындары ашылуға тақағанда бірен-саран қашып кетіп жүргендері де белгілі. Солардың көбі бұрынғы ұры, хулиган, жалқау тәрізді әлдекімдер.

Оларды тыңға қарай жібере салғандар Строгов көзінде Отан алдындағы жауапсыздығы үшін айыпты адамдар болып көрінеді. Осындай шыншыл ойы әділ ызамен улана түскен Строгов, бүгін түн ортасына шейін көп аушақшып ұйқтай алмай, тыным таба алмай жатты.

Сол жыйын соңынан үш-төрт күн өткенде Ағабеков, Мотов, Дивов үшеуі совхоздан қашып та кетті. Бұлар подъемный ақшаларын ақтамай, үкімет сыбағасын жеп қашқан қылмысты жандар еді. Солар кетісімен Шарафьянов шұғыл өзгерді. Ол жаңағы кеткендер мінезін қатты сынап, ұдайы ұрсып, балағаттаумен болды. «Теріс айтқан едік, кетеміз дегенді тек директорға юнай әсер етеміз деп айтқан ек. Болмаса шынымен кетеміз деу менің өз ойымда болған емес-ті. Мен әнеугі жыйын соңынан ұялғам да, тоқтағам! Мыналар иттер екен! Білмедім, олар жөнінде адасыппын. Жауларды, жауыздарды Совет адамы екен деп адасып, танымай қаппын!»— деген сөздерді тындаушы жыйын таппаса да, базадағы бірнеше жүз адамның жарымынан көбіне сусылдап, тыным таппай шешен қып, ащы өкініш етіп айтып жүр.

Ал өз басы осыдан соң көпке дейін бұрынғы бүлік мінез, бәле сөздерін тоқтатып, тапсырған жұмыстарға лыпыл қағып жүретін көнбіс те, елгезек адам боп алды.

САЛҚЫН БЕЛДЕ САРЫ АЛТЫН

Жонға келіп орнағанына бес-алты ай болған, адал еңбек сауған совхоз жұртшылығы, жаз ортасынан аса берді. Бұл шақта игі еңбек өзінің мол жемісін бере бастап еді. Самал тау, салқын бел Жон деген өлке ұшан-теңіз алқапты басқан сары алтындай астық даласына айналды. Бұрын адам еңбегі қыртысына қол тигізбеген өлі өлке, қан қазына өңірі боп жаңара, жаңғыра берді.

Қазір ендігі шақта Строговтың өз көңлінше соншалық баяу басса да, совхоз қаласының құрылысы да көрнекке шығып, дамып келеді. Кішкене қала туып өсіп жатыр. Бірнеше үлкен үйлерін Строгов өзі өтініш етіп тас-

тап да салғызған. Алты пәтерлі үйлердің тас іргесін, сыртын, көл табанып қазғанда сындырып шығарған тастардан әдейі салғызды.

Болашақ қаланың көшелері бірнеше қатар болып қаланған төрт пәтерлі, жалғыз қабат стандарт ағаш үйлерден тізіле бастады. Рас, бұл үйлердің алдағы үміттей қызықтырып тұрған болашағы жақын, жақсы көрінсе де, әлі анық біткен бірде бір үй жоқ. Тұратын үй былай тұрсын, әлі кеңсеге, мәдениет орындарына, көпшілік мекемелеріне де арналып салынып жатқан жайлар аяқталған жоқ. Бұл совхоздың құрылысын өз міндетіне, шефтік ретінде серттесіп алған Түркстан әскерлік округі еді. Оның әскер тәртібімен, өз палаткаларымен, машина, күш-көлік аспаптарымен, мамандарымен келген топтары жаз шыға іске кіріскен-ді. Басталып, істеліп жатқан үйлері, мекен-жайлары көп-ақ. Бірақ Строговтың ішін қызық қайнататыны олардың темпісінің шабандығы.

Өз қолына берілген совхоз міндеттерін егіс ретінде, басқа құрылыс жөнінде өзінің ырқына көндіріп, әрі жіті, әрі ширақ шапшаң істеуге тырысқан Строгов, мынау құрылыс жөніне келгенде шарасыз. Сол амалсыздық іштей көп толқытып, қыйнап жүр. Жігерлі, шапшаң, іскер адам қаншалық тынымсыз тыпырласа да құдіреті жетпейді.

Барлық совхоз болмысының осы бір үлкен саласындағы шабандық, Строговтың ендігі дерті десе болғандай. Қазір соның үстіне тағы бір үлкен алаң, беймазалық қосылды.

Астық орылып жатыр, бірақ жабық қырмандары жоқ. Ал тазаланып әзір тұрған астығы тау болып үйіліп келеді. Міне бүгінгі күн бір қырмананың өзінде тап 12 мың центнер бидайы қызыл тау боп үйіліп жабусыз, қоршаусыз тұр. Облыстық совхоз треске бұның бәрі мәлім. «Союзтранс» машиналарын жіберуге әлдеқашан серт етсе де, міндетін орындамайды, кешігіп отыр. Жауын жауса не болмақ. Тек быйылғы жаз ортасынан бергі құрғақшылық қана көңілге демеу болады. Бірақ сондай күйде, шарасыздық күйде отыру, соған көну де Строговтың жаратылысына, барлық іскер дағдысына қарсы, ерсі жайлар.

Осы күй бүгін мұны қатты қыйнаған себепті, ол облыстағы жаңағы екі үлкен жауапты орынмен қатты айғайласып, ұрысып та қалды. Көп күннен бері айықпай

жүрген және бір ауыр уайым тағы бар. Совхоздың қолына тиген бар комбайны мінсіз, ақаусыз бар сапымен түгел қызмет етіп жүр. Астық науқаны алдында, Строгов өзіндегі маман атаулысын түгел жаз бойы жұмылдырып, комбайндары мен тракторларын барынша түп-түгел жақсы әзірлеп алған. Бұл жөнде өзінің де білімі механизация, электрофикация факультетін бітірген сенімді мамандық болатын. Әсіресе бүгінгі орны мен міндетіне бұл табылып қойылған басшы. Алғыр, білгір командир болатын.

Бұның күрделі комбайндары мен өзі жүретін комбайндары және сабан үйгіш тіркеуі, қысқасы бар агрегаттары егіске өте бапты боп, сай күйде түгел араласқан. Бірақ сонда да күйлі комбайндардың толық ісі әзір ұдайы арылмаған бөгеттерге тіреліп жүр.

Әрбір үлкен егін даласының саржайқын беткейінде, не мол жазығында, не қырат жотасында әлсін-әлсін боздап тұрған комбайндар үні естілгенде Строговтың шекесіне шық еткендей тиеді. Не жоқ, комбайнның бункері дөнге толады да, сол дөнді алатын самосвалды шақырып тұрып алады. Ал самосвал болса жеткіліксіз, аз ғана. Оны облыстан сан сұрап, тағы да жетерлік қып ала алмай жатыр. Бұл жөнде болып жатқан хал, Строгов шындап қыйналып ойлаған шақта қылмысқа барабар көрінеді.

Не деген сөз? Комбайндар күйлі тұр, күні-түні істеуге егіні де бар, әзір тұр. Ал өнімсіз, қыбырсыз тоқтауға сәт сайын ұшырауда. Барды, оңайды, асылды аламын десе, қол жетпей тұрған дәрменсіздік қыйнайды.

Осы соңғы халдің барлық ащы күйін Строгов бүгін Сарысу ауданының секретары Сандыбаевқа түгел санап айтып отыр.

— Облысқа барарда маған соғып, жайымды біліп кет те, обком мен облисполкомға әдейілеп айта бар!— деп Строгов Сандыбаевқа өтініш айтқан.

Сандыбаев кешкі жұмыс аяқтай берген кезде совхозға келген де, еркінірек сөйлесіп алу үшін Строговты жақындағы «Жданов» колхозына ертіп әкеткен. «Ждановқа» келгенде Строгов Сәлмен үйінің сыртына тоқтаған машинасынан секіре түсіп, киіз үйдің сыртынан еркін дауыстап, үйреншікті әзілмен дабыс берді.

— Қайда! Меники Садаға қайда?

Үйден Сақыш қатты күліп, қарсы жүре бастап:

— Е-е, келе бер, Садаға!— деді.

— Садаға, қалай, қол-аяқ сау ма?

— Айналайын Садаға, қол-аяқ сау, өзіңнің де дені-қарның сау ма?— десіп екеуінің амандасуы Васяны, Сәлменді және әсіресе Саидыбаев пен оның шофері Әбішті қатты күлдірді.

Жаңағыдай жақсы шыраймен шұрқырасып амандаса бастағандары болмаса Строгов қазақшаны осыдан ары білмейді. Сақыш болса орысшаны мүлде білген емес. Сонымен екеуінің жақсы бейімдері амалсыз тілсіз тоқырап қалатын. Қазір секретарь мен директор Сәлменнің, Садаға кемпірдің үйінде. Дәмді шайды ұзақ іше отырып, екеуі совхоз әңгімесін қастарындағы Вася мен Әбіш шоферден жасырмай-ақ айтысып алған. Орысша тілді шала білетін Сәлмен мен Садаға-Сақыш бұлардың әңгімесіне мүлде бөгет болған жоқ.

Жасырып айтатын да жайлар емес. Жаңағы қыйыншылықтарды Строгов Васяға әбден миландырғаны сонша, Вася өзі де әрбір комбайн боздаған сайын қабағын шытып Строговтан бетер қынжылып, қыйнала түсетін.

Енді біразда совхоздың бүгінгі қыйыншылығын әңгімелеуді аяқтасқан еді. Строгов осыдан әрі қазақ колхоздарына және де өзінің сыншыл достық талаптарын қадалта, қатты қып айтып отырды. Ол Васяны тілмаш қып Сәлменмен қызық әңгімелеседі.

«Колхоздарында орнатқан бірде бір жеміс бақшасы жоқ. Үйлерің нашар салынған. Қора жайларың да бұрынғы көшпелі қазақтан озған жоқ. Қызыл отау дегенің тоқ басындағы жыртық үйі. Жауын да жауады, жел де соғады, алтындай асыл қазына, жақсы кітаптарды оқушыдан бұрын солар тоздырып жыртып жатыр! Клубтар жоқ, мектеп те бұзау қамайтын үйшіктен артық емес, бүйтіп тұруға болмайды. Ертең қастарыңда совхоздың үйлері тегіс салынып, қаласы тұрғанда миллионер колхозсындар, өз тұрмыстарың үшін ұялатын боласындар!»— деген. Бұл сөзді Сәлмен мен оның шешесіне «солай, Садаға!» деп қойып, «айтқаным рас емес пе, Садаға?— деп Сақышқа мақұлдатып, сақылдап күліп, әзіл етіп айтады.

Оның атаған, әділ айтқан сындары мен мінездері бір ғана «Жданов» колхозы емес, Сарысу ауданындағы талай колхоздарға түгел жетіп жатқан әділ талап, қажет сын еді.

Сандыбаев бұл тәрізді қамқор азамат талабына мойындағанынан басқа дау айтқан жоқ, айтпақ та емес. «Жданов» колхозы ғана емес, көршілес «Үшбас», «Ақтоғай» колхоздарына да Строговтың досжар атағы мол жайылған. Бұл күндерде, ол өздері қыста Жошпан көшірген 10—11 семьяға бұрын бұл өңірдің колхозшылары салып көрмеген жақсы-жақсы үйлер салғызған-ды. Сәлмен мен Сақыштың, Бәрмен, Әлменнің тағы басқалардың да көңілдері дән ырза. Олар күн санап колхоз ортасындағы еңсесі биік, өзі жарық, өзі кең екі бөлмелі, үш бөлмелі үйлеріне кіргелі отырған.

Строгов бұл колхозшылармен көп айлар бойында жиі араласа жүріп, қазақ тіршілігін жақсы біліп алған. Осы үйлерге келе қалса мынау ыстық шақта Васямен екеуі ғана Сақыштың бір самауыр шайын түгел ішіп кете беріседі. Ол қымызды қазақша ішеді. Түстік, кештік асты да қатты сүйсініп, мақтай отырып жейтін.

Осы кештегі әңгімеде Строгов және де Сандыбаев пен Сәлменге қаратып, бұл өлке халқының шөлге жақын отырса да су қадірін аз білетінін сынға салды. Кішкентай ғана өзенше «Үшбастың» совхоз қасынан ағатын болымсыз бойын совхоздың әйелдер бригадасы бақшаға айналдырған еді. Қазір міне 12 гектар сол бақшада мынау Матайбаевтың әйелі Нина Петровна бастап көрсетіп берген агрономдық үлгі бойынша жас әйелдер бригадасы тамаша бау-бақша өсіріп алыпты.

Алдағы қысқа совхоздың барлық жандары картоп, капуста, қыяр, помидор, сәбіз сыяқты өсімдіктерге мейлінше қамтамасыз етілген. «Қазір діңкіп өскен қауын мен қарбыздар қандай көз тартады, көңіл ашады! Бұндай істі «Жданов» колхозы қолға алмаған!»— дей отырып, Строгов бұрын өзі істеген Чехов атындағы МТС-ті де сынап сөйледі:

— Енді ғана ойыма келеді, өзім де өкінем! Соншалық мол су, көл, өзен, бұлақ атаулының ортасында отырып, керек десе бір шелек суды не бақшаға, не жеміс бағына жақсылап пайдалану бірде бір жанның ойына келгені емес.

Жон жайына, совхоз келешегіне қайта ауысқанда ол быйыл алған егіске толық ырза еместігін айтты: — Рас, быйыл жауыны аз, шөлге бейім ауыр жаз болды. Бірақ сонда да еккен егін шықпай қалған бірде бір гектар жер болған жоқ. Себебі бұл жақтың күні ұдайы салқын бол-

ғандықтан, күндіз қандай ыстық, шөл болса да, сол түн салқыны егінді ұдайы демеп отырады екен. Бұдан соң келесі жылдарда мен гектар басына быйылдан екі есе артық астық алып отыруды партия мен үкіметке алдын ала серт етем! Оған осы быйылдың өзінде жасаған Трегубов, Матайбаева үшеуіміздің бір тәжірибеміз әбден көзімізді жеткізді! — дей отырып, ол соңғы бір қызық сырын ашты.

— Мен мына Сәлменнің бір сөзінен көп тәжірибе түйіп едім. Ол Васяға: «керегі не, біз ойдағыдай жыртпаймыз. Бұл арада жер қыртысы тез кеуіп кетеді. Егіске адал еңбек сіңірем деген кісі неғұрлым терең жыртса, сол жетіседі» деген екен. Біз сол сөзден агротехникалық түйін түйдік. Сонымен алпыс гектар жерді әдейі байқау ретінде терең жыртқызып ек. Сол гектарлар қазір өзге барлық жерлерімізден екі есе артық өнім беріп отыр. Алдағы жылдардың міндеті не болатынын біздің совхоз быйыл барлап алды деп отырмын! — деді. Осыны мәлімдей кеп жақсы бір қыялға сайды.

— Жон деген өлке мені отқа бір, суға бір салып қыйнап жүрсе де, мен бұны сонша жақсы көріп алдым. Ендігәрі бұдан ешқайда кетпес тұрғыны етуге айналды. Мен мұның тастарында ортқып жүрген арқарларын да сүйемін. Совхоздың жақын заманда жарқырап гүлденетін болашағын да аңсаймын. Және сол совхоз тапқан, жеткен жақсылықтың бәріне, бар үлгісіне, дәстүріне осы «Жданов», «Үшбас», «Ақтоғай» колхоздарын да жеткізуді арман етемін. Сол үшін бір жылдан соң, мен Садағамен Вася арқылы емес, өздігімнен сөйлесетін боп, оның тіліне де үйренермін! — деді.

Строговтың бүгін бар қыйыншылығын сәл сәтке сілкіп тастап, осылайша дүр сілкінгендей қалпына Сандыбаев сүйсіне қарады.

Шабан шаруалы ауданына, қалың колхоз жұртшылығына Строгов өз совхозымен әдейі бір келген игіліктей. Бірақ солай сүйсіне тұра ол Строговқа әзіл айтты:

— Сен осында алғаш келгенде жуан, балғын, қалың сыяқты едің. Қазір жұқарып, қатайып, кішірейіп кетіпсің. Осындай тынымсыз ойдан жұқардың-ау? Бойдағы артық жүктен арылып, тек алға қарай қанат қағуға әзірленіп, өзінді-өзің ширатып алған тәріздісің. Жақсы да болса жанағайдай мазасыз ойды ойлай жүре артық салмақты тастап үлгердің-ау, солай ма? — деп еді.

Строгов сақылдап күліп жіберіп, Сандыбаевтың ойлы әзіліне сүйсінді де, оның көзіне өзінің шыншыл, анық көреген көзімен қадала қарады. Сандыбаевтың әзілін Строгов құп көргендей белгі етіп өзінің жұқарып жүдеген жүзін сыйпап, кеуде, қарын тұсын да қолымен нұсқады.

Тынымсыз күндер, жұмалар, айлар Строговтың қайратын жанып, ой мен бой қуатын өткірлеп, шынықтыра түссе де ет дене көп қажыған, жүдеген еді. Жағы солып, үлкен көздері шүңірейіп, терең қабақ астына бата түскен. Ол сол халін шаққан жоқ. Бірақ бұрын да әсте семіз емес денесінің ауыр салмақтар себебінен арыған, жадағанын айтты.

— Білесің бе, мен беймаза, сол жаңағы өзің айтқан себептермен қазір он алты килограмма салмағымды кеміттім!— деген еді.

Сандыбаевтың көңіліне бұл жайлар бүгінгі әңгіме соңында аса бір жақсы ой салды. «Түркстан» совхозының бұл өлкеге әкелген партиялық, советтік, социалистік бүгінгі, жарқын келешегі дегенді жыйнап айтса, соның бір қымбат жыйын тұлғасы осы Строговтың өз бойынан да көрінгендей.

Партияның әдейілеп жіберген өкілі — бұл директор, үлкен сенімді анық ақтай алатын үлгілі азаматтың өзі.

Бұлар ас ішіп болғанда жарық айлы түн өте жайлы, салқын самалымен «Жданов» колхозының ұйқылы өлкесін желпіп тұр еді. Жайлы ұйқының кезегін жым-жырт бағып тұрғандай. Бірақ алдарында асығыс міндеттері тыным бермес екі азамат, самаладай жарық түнде аз голастап ап және де асықтыра шақырған еңбекке қарай гарта берді.

Ұйқы тыныштық орнына Строгов пен Сандыбаев тысқа шығып, екі машина аралығында қатты ғана кол қысысып, дос бейілмен қоштасты. Машиналарына міністі де, екеуі екі жаққа қарай, түн тыныштығын бұзып, үрген иттер мен будақтаған шандарын сондарынан ілестіріп, шұбатып алдағы күнге қарай тарта берді...

1955 ж.

ЦЬЕСАЛАР

ЕҢЛІК, КЕБЕК

4 актылы, 5-суретті трагедия.
(*Жаңадан түзелген түрі*)

Қатысушы адамдар:

Кебек — жас батыр.

Енлік — сүйген қызы.

Есен — батыр.

Нысан Абыз — кәрі ойшыл, ақылкөй ақын дана.

Кенгірбай — Қабекен (би).

Қараменде — би.

Көбей — о да.

Еспембет — } Найман билері.

Жомарт — }

Жапал — қойшы бала.

Кембай — Тобықты кісісі.

Жәуетей — }

Қалдашбай — } Тобықты жігіттері.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Абыз мекені. Қоныр күнгірт үйде күнгірт сәуле. Ауыр мұңға батып
Абыз отыр. Қолында қобызы. Жаңа ғана күй толғап тоқтаған.

Абыз. «Көкей кесті!» «Көкей кесті» күй не дейсің?
Уа не қыл дейсің? Тынбаған көңіл, талмаған көкей (*жымыйып*) күшік!.. (*Қобызына жағын сүйеп, ырғала толғанып.*) Паки пәруәрдігәр!.. Бе-еу! (*Біңыранып, Асаңқайғының күйіне үн қосып*)

Кұйрығы жоқ, жалы жоқ
Кұлан қайтып күн көрер!
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтып күн көрер!

Ащы зарлы Асан сен ең, алыстан сарын қосқан Нысан
мен ем...

Тұнығым ылай болды,
Уа, тұнығым ылай болды
Қуғыншым құмай болды.
Құтылар қайран жоқ
Сор қамар сынап болды.

(*Асанша толғап*)

Алданар жоқ, арман көп
Кәрің қайтып күн көрер!
Жарастық жоқ, жалын жоқ
Жарым қайтып күн көрер!

Барары жоқ, байлау жоқ
Ерім қайтып күн көрер!
Бәрінің де нәрің жоқ
Елім қайтып күн көрер?!

Кәрі көңіл о бір зәр. Күні еңкейіп көлеңке басқан бейуак-
тай. Самал желді мұздай, көк майсалы сыздай етті. Ыз-
ғар сезген бойым бар. Панасыз ел баладай... Аспанда
қара бұлт ақ бұлтпен шарпысып, телегей ойнап дауылда-
тып ол келеді. Соны білмей бұл бала тас ошақтың басын-
да от шашып ойнайды, от шашып ойнайды. Қамыққан
қамқор қаны... Бек буынған бағлан батыр қаны.

Қайта сарындап, кобызды күнірентіп кетеді. Көбей кіріп, үндемей
отырады, қасында үнсіз жолдастары — ол Кембай, Матақ, Абыз
сарнап отыр.

Құйрығы жоқ, жалы жоқ
Құлан қайтып күн көрер
Аяғы жоқ, қолы жоқ
Жылан қайтып күн көрер!

Ынранып, бір ырғақты сөзсіз мінгірлеп айтып кеп, аяғында

Елім қайтып күн көрер! *(деп тоқтайды)*.

Көбеймісін жарқыным? Аз ауым Тобықтың не күйде?
Елің, ерің аман ба, ұлдарым?

Көбей. Ел тыныш, ер аман, баба!

Кембай. Күйің қалай, жақсы аға?

Абыз. Күйдің несін айтайын. Тобына ере алмай жы-
рылып калып бір қуыс шатты мекен еткен кәрі бұғы кай-
тушы еді? Тек өздерің бар бол!

Көбей. Көптен келіп алдыңнан да өтпедік. Оң жүрміз
бе, теріс боламыз ба!? Анда-санда бір өсиетің тездей бо-
лушы еді, қарт баба!

Абыз. Барыстарың қалай шет пе еді, ел іші ме?

Көбей. Ел ішінің бір сөзі болып, би шақыртқан
екен, соған барамыз.

Абыз. Ел ішінің не сөзі бар, сөйлеп кет.

Көбей. Дәл бүгінгі белесте соны айтайын дерлік дау-
рық жоқ, баба!

Абыз. Ұлым, маған сөздің кешегі, бүгінгі дейтін сү-
рі, жасының паркы жоқ қой... Табанды би, майталман

шығарма, еліне қайрым қылар ма? Текпілі батыр бәйшөгел шықты ма, бетінен жау ықты ма?

М а т а қ. Еліне еңбегі асқан ұлы кім, соны білмек қой.

К ө б е й. Айтайық, айтайық, баба, оларың бар бүгін де, жоқ емес...

А б ы з. Әлі береке десе кер кетіп, пәле десе жұлынған, тоқсан сусар тон берсең де, тоқсан қара нар берсең де бітпеймін деп басқа шауып, төске өрлеген Матай бауырыңмен бітім таптың ба, табыстың ба, түге?

К ө б е й. Таптық, тындық қой, баба.

А б ы з. Қай ер қандай қамқор қайрат етті. Қайтып тыным таптырды? Ұзаққа табыстың ба, жоқ алданыш аялма? Еміреніп ел табысты ма?

К ө б е й. Баба, Матай сөзінің басы таудай болып келсе де, аяғы сыйыр құйымшақтап келіп, қылдай болып кетті.

А б ы з. Не дейсің... Есе бермедім, еңсеріп ұттым дейсің бе?

К ө б е й. Басында бұрқ-сарқ етіп келген бетінде ашуы құйып тұрған нөсерге өшпес алау атып тұрған өрт еді. Бірақ біздің бидің айбыны мен айласы сол ашуын басты ғой.

А б ы з. Сол қара шал жақсы дер ем, тек жау таппай, бауыр таптырса екен еліне?

К ө б е й (*күліп*). Батыр болсаң бопсаға шыда дегендей... Ерліктің, ептің үлкені бопсаға шыдау екеніне көзіміз жетті. Жүрек қобалжымай, табан таймай, қасқайып тұрып салысуға шыдастық. Би солай сілтеді. Содан Матай шырайлана бастады емес пе?

К е м б а й. Жарықтық біздің би сырттан ғой... Тобықтының асқар белі емес пе?

А б ы з. Бұ да бір анда-санда кезігер, өткел сындай жер еді. Таптың, таппадың ба, болжау қыйын. Есебім озды деймісің? Есесі қалды десеңші. Ауылдастың тайыозып тұр ма әлде! Алдың тыныш дей алмадым-ау... Қасың қазақ! Қазақ халқың... Құрсауын бүгін көрсемші... Шоғырың ғана бүгін-ау... Батырың қане, ол не дейді? Бар ма бағлан?

К ө б е й. Бар ғой, баба, ер тумаса ел бола ма?

А б ы з. Аташы атын.

К ө б е й. Аты Кебек.

М а т а қ. Кебек деген ерек боп тұр.

Абыз. А-а, анау бір естігенім болар ма, Тоқтамыстың інісі ме?

Көбей. Сол, баба!

Абыз. О кімді алды? Алыс па еді, жақын ба еді сілтегені семсерін?

Көбей. Тағы сол Матай ғой. *(Абыз солғын қарайды)*.

Матақ. Алысқан соң алыс, жақын деп тұрсын ба?

Кембай. Е, күш атасын тыңдар ма! Бұл өңірдің бұдан асқан ері жоқ.

Матақ. Бак берсін бақырға, тайталасар тұрғысы жоқ...

Көбей *(көтеріліп)*. Матайдың алғашқы екпінін су сепкендей басқан да сол Кебектің бір өзінің қайраты ғой. *(Абызға.)* Матай қолын бастап келе жатқан өңшең ырай мен сығай, көкжал бөрі дәл жортуыл басы он бес батырға жалғыз өзі майдан берген. Қандай қып берген десеңші! Қыйын шатта жапа-жалғыз соқтығып, жетеуін бірдей бірінің үстіне бірін ұмар-жұмар түсіріп, сегізін түре қуып кеткен... Сонда қалың қол бассыз қап, боранды түнде қасқыр шапқан жылқыдай ықпаып ба? Кебек жаңағы қашқан сегізін бірдей тағы түсірген. Бар батырын бір батырға байлатқан қол енді қайтып ес жыйсын? Кебек қырық қана жігітпен бар Матайды бидайықтай бүрген кеп. Сонымен жерден қумақ, қор қылмақ боп келе жатқан Матай еріксіз кеп біздің бимен бітім, байлау сөйлесіп, жолға түсіп, жөнге көшетін болғаны емес пе! *(Күледі)*. Таяқ батқан соң есі кіріп қапты...

Матақ. «Құштарым бөрекең бе еді, ерекең тұр ғой қайтейін» деп, Матайдың өз ішінен де сылтың айтып кеткендер бопты.

Кембай. Сылтың айтар, бірақ шер айтқан да болыпты ғой... Кебекке орай ер шығармасам ел болмайын десіпті. Кебектен осы кегімді әперер ер шықты деген күні өлсем арманым жоқ депті бір батыры.

Матақ. Анау он бестің бірі Көшен батыр екен... Сол еліне барып, кек дегеннің табынан сары ауру боп жатып, құстадан өліпті деседі.

Көбей. Рас, солай деседі, баба, Кебек ұлыңның туы солай шалқып тұр, бүгін аз ауыл Тобықтыңның үстінде.

Абыз *(өз өзінен шөккендей, сырт айналғандай мұңға кеткен. Қобызына таянып қапты)*.

Барары жоқ, байлау жоқ
Ерім қайтып күн көрер!
Бәрінің де нәрің жоқ
Елім қайтып күн көрер...

дейді. Көбейлер бір-біріне қарасады да, иіліп кош-кош айтып шығып кетіседі.

Әреке деген көк ауру, сені тыяр талқы жоқ
Ішті жеген жегінің, жерге кірер қалпы жоқ.
Барар бетің батпақ сор, күн түзелер тарпы жоқ.

(Құлақ күйіне басып)

Бәрінің де нәрің жоқ,
Елім қайтып күн көрер...

Есен кіреді.

Абыз. О, қай ұлсың?

Есен. Уа, баба, арғы атам Найман, бергі атам Сыбан, өз атым Есен, елім қосқан атым, батыр Есен.

Абыз. Мерейің ассын, ұлым!

Есен. Алдияр, дегенің кесін.

Абыз. Ұлым, не жаймен жүрсің?

Есен. Алдымда бәсеке деген екі тосқауыл кезең тұр. Бірінен өту үшін түгі шыққан жүрек, балуан білек керек. Енді бірінен өту үшін тәңір үстем қып жаратқан талап керек. Тыйтығымды сол құртады... Осы екеуіне де өзіңнен бата алайын деп келдім...

Абыз (*аз кідіріп*). Ұлым, екеуіне де кеудесі қуыс бенде қосар күш болар ма. Ұрынамысың, ұрынтармысың, бір өзіңнен көрер ме екенсің... Айтып көрші мән-жөнін...

Есен. Баба, жылқы ішінде аладай, аз Тобықтының ағасы емессің... Елімнің Абызы деп келдім. Алғаш айтқан кезеңім алапаты асқардай батырмен күш сынаспақпын. Кездескелі ізденіп жүргенім өзіңнің іні батырын Кебек! Өшім бар сол Тобықтыда. Ағам Қөшен жан кемітер ер ме еді! Кебектен көрген күйіктен, құстадан өлді. Кемімес кегім бар деп өлерде өсиет қып кетті. Аямастық антым бар... Бірақ қапыда алмаймын... Қасиетімді жоймаймын, сертім осы. Себің тигіз, бата бер! Содан қалған бір кезең жастық, албыттық кезеңім. Матай қызы жесірім інімді менсілбей кетем дейді. Ерден кетсе де елден кетірет мен бе едім? Бірақ қыз, қырқылжың түлкідей бол-

ғанда мен шынымды айтайын, айласызбын... Су бүркігі сасқалақ сарыдаймын, ілінбей жүр, ілгізбей жүр тау тағысы көк шулан... Шеңгеліме сол түссін... Бейілің бер, бата бер.

А б ы з. Батыр десем... белге шықпай ойда ойнақшыр бейпіл ме ең. Азамат десем, ауыл үйдің тептегі ме ең? Мақтамаймын Кебекті, құптамаймын сені де. Кегім десем — зықымды алған зұңғарды айтсам не етуші ед? Ашуды айтсам ақтабан шұбырынды ма еді ұмытарым, тастарым. Елдігім қайда сондағы?.. Қусам соны қусамшы. Кесескенім Кебек болса ертсемші сол жолға, салыс-самшы, жарыссамшы сол жауға қарсы сілтеген қайқы кара жолында... Елің үшін ермесе сонда алсаңшы бар есеңді. Төңірегінді торыған жатты көрмей, жағаласар жауың жақының бопты... Жарқыным, мен емес ертер серігің!..

Е сен. Болды, баба!.. Тоқта, баба, толас бер. Жеңілдім, жеңдің сен мені... Тек осы кебің Кебекке жетпей жүрмесін... Жеңілдім, жеңдің... жеңдің, бай-бай сен мені! (Деп атқып жүріп кетеді).

А б ы з.

Әрекетте алқын зор,
Береке мұнша неге қор?
Кеселді іске керме жоқ
Қаусырмалап қалың тор
Қалқым қайтып күн көрер!
Күн кейпінде тағы сор
Алдым тағы қара нор
Жаркын жүзді жақсы жоқ
Асылымның бәрі бор
Қалқым қайтып күн көрер!

Кебек келеді. Ол батыр пішінді емес, сұлу сәнді бозбала. Сыпайы түрде иіліп тағым етеді. Абыз таңырқап, қызыға қарайды. күтпеген оқшау жан тұр.

Мерейің биік шоқыдай
Келіс көркің тотыдай
Қызықтырған қай ұлсың?

Ке б е к. Армысын, өз аға! Асыл аға!

А б ы з. Бар бол, немен жүрсін, жарқыным?

Ке б е к. Ойдағымның бірін ірікпей, барың айтсам болар ма екен, өз аға?

А б ы з. Айтарсын, ұлым, айтарсын. Жат айтпассын,

жақсы айтарсын. Ажарыңнан аңғарам... Жауың бар ма, соны айтшы?

К е б е к. Бірде бірге өшім менен қасым жоқ... Жауым жоқ менің!

А б ы з. Бәрекелде баламсың! Досың бар ма?

К е б е к. Өз көңлімді барласам дүниенің бәрі дос. Жарқыраған күн де дос, тұнжыраған түн де дос. Бәріне де жаным шат! Бірақ, баба, бір деп бекем ұстаған анық досым өзі жоқ... Айып қылма, әз аға... Сүйерім мен сүйсінерім мүлде көп. Сауық құрам, ән сүйем, саят құрам — аң сүйем, жалын ұрам — жар сүйем. Қазір де міні сүйгендеймін, ынтығам. Бірақ қайда сол, кім сол өзі, кезікпедім, таппадым. Тек алдымда нәркес қана қара көз: «ізде мені, тап мені!» — деп, тұнжырап қана бір қарап, наз тастап қана бір кетеді! Кезігермін бе, табармын ба мен соны? Көрмес бұрын сүйген ем, көрермін бе сол ғана бір көз нұрын!?

А б ы з (*күлімсіреп ұққандай*). Қайтсын-ау, сыңқыл-сылтың... сылтың-сыңқыл тілейді-ау жас бейбақ! Көктемнің көркін-ай... Мамырдың бір нұр шуағы дермісін! Жасты көрсем осылай көрсемші!.. Бақ талайы баршындай! Кебегім болармысың осы сен?

К е б е к. Сол балаңның өзі едім, баба.

А б ы з. Қас демейсің, дос көксейсің... Сүйсінемін бұныңа. Қас іздесең алыстан ізде... Алысқа қара қырандай.

К е б е к. Алдияр ата, ақылыңды құп тұттым!

А б ы з. Тілегенім менің де сол жолдағы талайың болсын... Бірақ жана нені айттың? Алдында бұлдыр сағым ішінде бұлындаған бір кезең боп сол тұр ғой! Сокпай өтер дей алмаймын. Не табарсың, не көрерсің сол белде?.. Ұшырарсың, ұшыратарсың сен оны! Ұшырамас түрің жоқ. Тек ұрынып, ұрынып қаласың-ау, балам, жан балам! Толастар күн, тоқтатар күш тағы жоқ. Кімге кезігерсің? Тым болмаса қылымсыған қырмызыдан сақтаншы! Тым болмаса, ең болмаса быйыл ұрынбашы, бұл түрінде таппашы... Албыт көңіл тақат қоймай апкетердей түрің бар... Содан, содан қорыққан мұңым бар... Апкетер-ау еңсеңді...

К е б е к. Бағымды ашсын, батанды бер, әз аға... (*Қойнынан құндыз алып Абыздың алдына салып*). Ақбас құндыз алдымды ашсын, бата бер.

А б ы з.

Адалдан бер, ақтан бер!

Бәлекетін жатқа бер

Ер маңдайын баққа бер!
Аброй асар жаққа бер!
Қара түндей қазаны
Қас ойлаған жатқа бер!
Сөнбес күндей шат көңіл
Жазығы жоқ жасқа бер!
Адал жолды аққа бер
Мерейі асқан өренім
Кебек сынды таққа бер!

Ш ы м ы л д ы к

Е к і н ш і с у р е т

Тау іші, жартас. Әндетіп Жапал шығады, қойда жүр... Айналаға көз салады, тастан тасқа шыға жүріп әндетеді. Қойшы әні.

Ж а п а л.

Шек-шек, шек-шек, шегенек!
Мал ішінде көбелек
Тасты көрсең телмендеп!
Жүгіресін жебелеп!
Тынымы жоқ, тыныштық жоқ
Құртты құйрық кебенек!
(Құшырланып қайырады.)
Шек-шек, шек-шек, шегенек!
Қош-қош, қош-қош, қошақан
Майлы құйрық момақан
Бөрі көрсе бор кемік
Бар буыны босаған
Тауда тарлау, ойда өлең
Тапса бойы жасаған
Қош-қош, қош-қош, қошақан!

(Биік тас басына шығады. Айналаға көз салып.)

Шыңғыс! Қара қойтас қан Шыңғыс! Онда Шыңғыс, солда Шыңғыс... Анда Шыңғыс! *(Жан-жағына қол созып.)* Анда Шыңғыс... Анда Шың... Шың? Тоқта, бұл не? Жұлындай жерден жіптіктей түтін емес, шаң бұрқ етті!.. Тағы, тағы! Бұрқ-бұрқ... О-о, будақ-будақ шаң шықты. Төбелес, барымта... қуғын... Тағы және шабуыл да сабуыл... Қайран Шыңғыс, күнде осындай жойқан төбе! Жортуылшы. Тентек батыр, жентектесті тағы да! Пайпай! Шіркін, батырда да арман бар ма екен? *(Басын шай-*

қан.) Әй, бірақ осындай қойшыдан батыр шығушы ма еді? Жо... шығады. *(Қыялға кетіп.)* Астымда мейіздей қатқан ақ бедеу, қолымда мейіздей қатқан қара шоқпар. Ай тастай қаранғы... Жау қатты. Күндіз әлгібір жаман қойшы бала қызыл тасқа бесінде кеп бекінген Тобықтының түстері суық, өңшең көк темірге құрсанған ығай мен сығайы... қалың жауын көріпті! Я, ауыл шошынып тұр. Жылқышының бірі қорқып пысып жүр... Бірталайы: «Е, қайтушы еді, Жапал бар... Жапал ағам бар... Жойқын Жапал батыр бар!» деп ағанды арқа тұтып жанасалап жүр. Үркер көтерілетін кез болды. Тап түн ортасы... Жылқыны қомақтап жусатқалы келе жатыр ек... ағаң қалың жылқының тең ортасында келе жатыр еді. Ақ бедеудің құлағы қайшыланып елең ете түсті... Сол-ақ екен «кеу-кеу-кеу, ке-еу!» — деп қалың жау қаптап қоя берді! *(Тастан секіре бере.)* Уай, немене сонда ағаң кеп ақ бедеуді жамбасқа салып-салып жіберіп тапақ берді-ау!.. *(Өзін өзі қамшылап, тасты бауырлап жүгіре беріп, қызып айғайлап.)* Қайт-қайт-қайт! *(деп тап бергенде дәл бүйірдегі тастан аса бере Еңлік бұның өзіне дүрсе қоя береді).*

Еңлік. Ұрып таста! Ұрып таста! *(Деп жүгіреді).*

Жапал *(оқыс шошынып қап, жалт беріп, жата кетіп).* Ойбай, олда! Ағатай! *(Деп қырылдап қалады, даусы да шықпайды).*

Еңлік *(күліп мазақтап).* Ойбу бетім, батыр шөгілім-ай! Барың сол-ақ па? *(Күледі).*

Жапал *(есін жыйнап).* Е-е, қорықты ғой деймісің, тапқан екенсің... қорқағынды.

Еңлік *(күліп мазақтап).* Е, мына тасты құшақтап жатқаның не тасбақадай тарбыйып? *(Күледі).*

Жапал. Бәрекелде, мынаң қара! Төбелес тәсілінен түк білмейтін қызды қара... Масқара!..

Еңлік *(күліп).* Масқара... Төбелесіп қырып жатырсын ғой тегі.

Жапал. Ой, бәлі... Айбалта, сойыл тимесін деп ат жалына еңкейіп, жабыса шапқаны емес пе?.. *(Тұрады)*

Еңлік. Ай, батырым-ай, қоянның бойын көріп қалжасынан түңіл дегендей осы сен екеуміз батыр болмай-ақ қойсақ не етер еді?

Жапал. Неге? Батырлық жаман ба?

Еңлік. Неге жаман болсын.

Жапал. Батыр жаман ба әлде?

Еңлік. Жоқ, о да жақсы...

Ж а п а л. Ендеше дәл осы өзің батыр болар ең-ау, Еңлік апа. Бірақ керегі не, мал берген жетеді де! Кетерде...
(*Еңлік боп ойнап жылап*).

Ақ көйлектің етегі төкпелі-ай
Мен әкеме өкпелі-ай... (*Еңлік күледі*)
Өкпелемей қайтейін
Бір-екі ай маған көп пе еді-ай!..

Қайран апа, кете барасың-ау жаманға...

Еңлік. Қыймаймысын сондайға?

Ж а п а л. Жаманға қыймаймын... Тек батырға ғана қыяр ем... Не өзің батыр бол... Садақты қандай тартасың, жүрегің де сескенбейді. Ерсін... Не болмаса батырға, таңдап жүріп ең елден асқан батырға ти. Соған серік бол дер ем...

Еңлік. Жаным-ау, оны маған кім береді?

Ж а п а л. Е, жоқ па сондай... Бар ғой осы өңірде.

Еңлік (*кіналай қарап*). Немене тағы, Есенді айтайын деп пе ең?

Ж а п а л. Жоқ, ол емес...

Еңлік. Енді кім?

Ж а п а л. Бар дейді ғой талай батыр! Кебек деген елден асқан бар дейді, естімеп пе ең атағын?

Еңлік. Естіп ем, көп естіп ем. Көп мақтайды. Бірақ көріп білген емен.

Ж а п а л. Атағына ақылы мен көркі де сай дейді. Бөлек дейді ғой, Еңлік апа!..

Еңлік. Тірі болсын азамат, асыл ер!

Ж а п а л. Бірақ тілеуін көп тілемей-ақ қой, пайда жоқ.

Еңлік. Е, неге айныдың?

Ж а п а л. Ол бізге жат, бөтен ғой... Тобықты емес пе?

Еңлік. Ә, солай ма еді?

Солғын оймен шет кете береді. Ән айтып бара жатады. Қетеді.

Жапал сол әнге алыстан қосылып калады.

Ата-ана әлпештеген баласымын
Көзінің ағы менен қарасымын
Аға жоқ, бауыр да жоқ жалғыз басым
Кәрілер сүйеу көрген дарасымын... (*Кеткен*).

Ж а п а л (*тастан қарап*). Мынау кім? Тағы келеді екен. Тауда Еңлік әні естілсе болды, қоянды қуған қасқырдай салаң ете түседі... Токтай тұр!..

Ақырын баспалап карап жанагы әнді айтып, тасты айнала береді. Еңлік үніне салып айтады. Аздан соң Есен көрінеді. О да басла кып келеді. Бірақ жүрісі сәлекет.

Есен (*тастан айналып келе жатып*). Еңлік! Аспанда қалқып келе жатқан қас қыран... Тастан қылп етіп асқан ал қызылдың жонын шалып қалғаны. Еңлік, көрінші енді көзіме!.. (*Айналып кетеді. Жапал әндетіп баспалап қашып жүріп, көрінбей айтады*).

Жапал. Еңсесі кетіпті... Әукесі түсіп жүр! (*Кетеді*).

Есен (*ізден келеді*). Еңлік! Ойнама, Еңлік. Қашпа, жаным... Көрін менің көзіме. Бұ қайда мүлдем! Еңлік! Еңлікжан, уа мен!.. (*Ән алдында кетеді. Жапал әндетіп тағы айналып шығады*).

Жапал. Қоян қуған құтаяқтай! Барлыққанша көр-мессің. (*Кетеді. Есен тағы айналып шығады*).

Есен. Уай, Еңлік деймін, қашпа менен, қашпа, жаным, қыйнама... Қайда ғана батып жүр, тоба! Әй, бәлем тұратұр... Ойнайсын ғой. Еңдеше тәңір бергені. (*Қайта бұрылады, Жапал да қайта айналады. Ән. Есен ыза бола бастайды.*) Уа, болды... болды. Еңлікжан! Көрін... көрін, ойбай, көзіме! Уау, ойбай... Қайдасын, Еңлік...

Арлы-берлі сарп ұрады. Киімін жұлып тастап ұмтылады. Жапал әндетіп шығып, киімін алып кетеді. Есен тағы шыққан, мүлде талған.

Сыйқыр ма бұл әй тоба! Жын ба, сайтан ба?.. Уа Еңлік, ойбай (*Тап береді де тастан айнала берген Жапалды құшақтай алып*). Айдалайын, бал тәттім! Бал тәттім! (*Жапал аңыра қарайды*) Әй, әрмән! Сілемді әбден қатырдың ғой түбің түскір! Сен сүмелек неге жүрсің?

Жапал. Е, койда жүрмін!

Есен. А-а, қой, койда... Рас, койда жүрсің! Жапал, е-е қой, койда! (*Күліседі*). Әй, жаман бала, уа бер ке... Жә, ал айт!

Жапал. Нені?

Есен. Қызды айт деймін.

Жапал. Қай қыз?

Есен. Ой, түбің түскір, Еңлікті айт деймін!

Жапал. Еңлік?

Есен. Жә, ал! Өзі немене... былай? Немене... жақсы ма?

Жапал. Жақсы.

Есен. Мінезді ме былай?

Жапал. Мінезді.

Есен. Ақылды ма өзі былай?

Жапал. Ақылды.

Есен. Ал, ал, сонсон, ақсақ қой айдағандай немене өзің? Айт, айтсаңшы енді...

Жапал. Нені?

Есен. Ой, түбің түскір, айтсаңшы былай... өзі неме, мінезді ме?

Жапал. Білмейім...

Есен. Жаманаты жоқ па былай?

Жапал. Білмейім...

Есен. Уа, жігіті жоқ па былай?

Жапал. Білмейім...

Есен. Ой, түбің түскір. Біл ендеше соны! Анды. Ұқтың ба?.. Анды... Үндемей бар жүрісін анди бер былай!

Жапал. Рас па? *(Оқыс ойнақшып)*. Ал Еңлік келеді. *(Есен қолбақтап сасып қалады)*.

Есен. Ой, жаман бала, сен түбің түскір, айтпа әлгіні ол қызға... *(Еңлік келеді. Есен қызығады)*. Еңлікжан, айдалайың, Еңлікжан! Қызығам... Қызығам-ау қайтейін.

Еңлік. Алда, батыр-ай, солай ма едің? *(Күледі)*.

Есен. Солай... солай емей қайтейін... Тақатым қаны, Еңлікжан!

Еңлік *(күліп)*. Батыр, батыр, бұ қалай... Неге мұнша бүлініп тұрсың? Бұның нені?

Есен. Еңлікжан, сынама... сынама тек... Бейілің бер, шырай бер.

Еңлік *(салқындап)*. Не дейсің, Есен?

Есен. Еңлікжан, сөйле... Сөйлеші маған! *(Еңлік салқын, үндемейді)*. Неге үндемейсің... *(Түңіле бастап)*. Сөйле деймін.

Еңлік. Саған айтпақ сөзім бар ма еді, не айт дейсің?

Есен *(қатайып)*. Ерке қыз, бұл кемсіту ме, мазақ па? Найманның неше ұлын алдамақ ең. Бірақ мені алдау құр кетпейді... Мен батырмын.

Еңлік. Батырлығыңды қайтейін, аңғалсын. Алдайын деген кісіге кез келсең елдің алдымен сені алдар.

Есен. Уа, не қыл дейсің, жөніңді айтшы осы маған.

Еңлік. Менің затым әйел, қайратыңмен жұмсатам деме, ебіңмен кел... Жөніңді өзің айт, аңғал батыр.

Есен *(тағы жұмсап)*. Еңлікжан, сенің ісің құрулы садақ, құрсаулы жаудан қыйын болды-ау осы маған. Ерден кетсең де елден кетпе. Аталы рудың келінісің. Аруақ-

ты қорлама. Інімді менсінбесең өзіме ти. Мен саған құштармын дедім. Не дедің сен осыныма?

Еңлік. Ата намысын қуған ұл болсаң өз құлқыныңды қоя тұрар ең-ау!.. Тегі көрде жатқан аруактың басын ауыртпай-ақ қойсаңшы. Одан да інінің намысы қайда! Ол сенің мойныңа қарыз емес пе? Мен әлі ініне бармаймын деген сөзді айтқаным жоқ қой... *(Күліп.)* Аздырып алмақпысың, осы өзің қалайсың?

Есен. Уа, доғар, доғар, сайқал қыз.

Еңлік. Е, ендеше сөйтіп жөнге кел...

Есен. Атама, атама мүлдем. Ата-анаң атастырған ініме тием десең дауым жоқ. Онда үнімнің өшкені. Ал тек бірақ көңлің оған тұрақтамаса... тынбаса... баска жанның ортағы жоқ, сен өз Еңлігім боласың, менікісін.

Еңлік. Ондағы күнді көзің көрер. *(Күліп.)* Бірақ бүгінгі күнде әдетті бол, қайнаға, қайнағалық жолыңды біл... Мен ұйреткенім мақұл болмас, рас емес пе? *(Күледі, Жапал бірге күледі).*

Есен. Токта... Токтат, қыз, тіліңді... *(Жапалға.)* Ой, жаман бала, жоғал! *(Еңлікке.)* Сенің жаран онсыз да маған жеткен, шанышпа, шанышпа қыз, тағы да. Бірақ бұл жолы сен жеңдің. Амалым жоқ, артын тосам бұл сөзіңнің.

Еңлік. Бәсе, ер болсаң сабырлы бол сөйтіп.

Есен. Сабырлы бол! Алдымен сен сабырлы бол! Сен азған күні менен сабыр сұрама. Мен енді күндегі ізінді аңдймын. Алдасаң кегім бітпейді... Осыны тоқы жадына. *(Жапал Есенді мазақтап, үніне салып дабыстап қалады).*

Жапал. Еңлікжан! Айдалайын, Еңлікжан, уау, Еңлікжан! *(Еңлік күліп жібереді. Есен сезіп қалып атып тұрады.)* Сөйле, сөйлеші. Мал кетті ғой, Еңлікжан!

Есен. Ой, түбің түскір, жаман бала!

Жапал. Еңлік апа, осы кісі ылғи түбің түскір дейді. Мені күбі шелек дейме, немене?

Есен. Ой, әрмән, жаман бала! Ал, Еңлік, мен кеттім, қош тұр! Ұмытпай тұр кебімді. *(Кетеді).*

Еңлік. Қош, ұмытпаспын кебінді... Бірақ қорқып қатын да болмаспын мен саған!

Жапал. Немене... Еңлік апа, мынау өзі алам дейме, не дейді?

Еңлік. Сен немене, менің сырласым болайын деп пе ең?

Ж а п а л. Жоға, тек Матай, Сыбанда осыдан артық батырдың өзі де жоқ дегенім ғой.

Еңлік. Телин деп пе ең осыған? Батыр сұрадым ба мен сенен. Құтылуға ынтықпысың әлде? (Күледі).

Ж а п а л. Жоқ, апатай, кетпе! Бірақ қартайғанша өзін де отырмайсың ғой. Кәрі қызда қадір де жоқ деседі ғой.

Еңлік. Жаманға бар деймісің?

Ж а п а л. Ойбай, оны да айтпаймын, апатай. Ел құрығандай ер шықпай-ақ қойды ғой әйтеуір. Өзі батыр, өзі көркем... Өзі думан, өзі сері, келсеңі тек біреуі...

Еңлік (сүйсініп барып, жүдеңден).

Мекенім, жерім, тауым көп...

Тауы толы тағы көп...

Көңілімде арман көп...

Айығатын шағы жоқ.

Басыбайлы Еңлікті

Арашалар бағы жоқ.

Осы кезде сахна сыртынан қатты сарын естіледі. Дабылдатып аң қуған ба, тасырлатып жау қуған ба, сондай бір үлкен сарын. Еңлік пен Жапал елең етіседі.

Тоқта, бұ не?

Ж а п а л. Жау ма тағы? Бұл неткен шабуыл (Жүгіріп таска шығысады.) Қодыға. Аңшы екен! Әне! Ана кетті!..

Еңлік (садағын жұлып аң, тас басына жүгіре шыға табан тіреп тұра қап). Тимелі оғы. Былай атсашы оны! Мә!.. (Атып жібереді. Алыстан «атпа!» деген үн шығады).

Ж а п а л. Жығылды!.. Омақата жығылды... Әй, апатай... Өзіңнен асқан кімі бар? (Жігіт жүгіре шығады, ол Кебек).

Кебек. Кімің аттың? (Еркекше киінген Еңлікті танымай.) Сенбісің, бала, атып жыққан? Неге аттың?

Еңлік. Екі ататын сен емеспін, мырза, қодыған болса тағы көрсет! (Күледі).

Кебек. Кап, не ледің сен бала? (Қызық көріп жақындап, ойнай сөйлейді.) Атып бер деп қашан айттым? Қуып атып келе жатқан өзім ем. Қызығын өзім көрмек ем.

Еңлік. Қызғанғаның қодыға болса ол алысқа кеткен жоқ кой, жігітім... Жапал, алып келіп қодығасын байлап бер мына мырзаның жанына. (Күледі. Жапал жүгіріп кетеді).

Кебек. Мен қызылына қызықпаймын, бала... Қуғаным қызығы еді. Атқан өзің, өзің ал.

Еңлік. Неге? Қуған сен. Еңбек те, жол да өзіндік. Біздікі әншейін еріккеннен сілтей салған бір шығасы оқ емес пе еді? (*Жапал қодығаны алып келеді*).

Кебек (*Еңлікке қайран боп қаран*). Менің алар жөнім жоқ, бала мырза... Мергендігіңе сүйсіндім, со да менің олжам болсын, өзің ал! Және арқар да өз жерінің аңы еді. Өзінде қалсын!

Жапал. Тобықты екен ғой өзі!

Еңлік. Мырза, жүгірген аң жер иесінікі емес, жеткендікі болады да. Және біз атқа мініп найза ұстаған аға азамат емеспіз. Жалғыз түп көде мен ұрттам суға тала-сып Матай, Тобықты боп шабысатын солар ғой, сіздер ғой...

Кебек (*қасына таңырқап жетіп кеп*). Япыр-ау, жаным, сен кімсің осы? Сөзің қалай ұрымтал еді! Жөн-жосығың кім дейін, ә?

Жапал. Өзі кім екен, өзін сұрашы!

Еңлік. Жөн-жосық әуелі жүргіншіден болмайтын ба еді?

Кебек. Оның тағы тұра... Алды-артымды орап қамап болдың-ау, жарқыным... Ендеше мен Тобықты жуан таяқ ем... Атым Кебек.

Жапал. Кебек? Батыр Кебек қой. Еңлік?

Кебек. Еңлік? Атыңа қанық ем, құрбым...

Еңлік. Мен сізді көрмесем де білуші ем...

Кебек. Бәсе, еркек десем ептисін... бала десем бидейсін. Айтып сояр ақ малымнан адал екен Еңлікке кеп көзестірген қодыға неткен құтты еді!.. (*Жапал қолынан алып Еңліктің алдына әкеп салып*). Көргенге де көңлім өсті. айып етпе, жақсы құрбым!

Еңлік. Көргеніме мен де ырзамын, батырым! Бірақ тағыларша тауда табысып тараспайық. Қадірмен күтер қонағым бол... Үйіме жүр! Мына қодығаның да дәмін сонда көрерміз... Ас иесімен тәтті болсын.

Кебек. Сен бастасаң ермес жерім болмас менің, Еңлікжан. Ұмытпаспын бұл сәтті мен...

Еңлік. Батыр (*күліп*) сырда сабыр болсын да... Есіз тауда ойда жоқта оқыс кездескен қыз құрбы алабұртар көңілді. Бірақ алдын айтқызған сөздің арты өкініш еді ғой!

Кебек. Әр лебізін алтындай... Теріс айтасың деп тайталасар дәрмен жоқ. Тек айтарым: ойдағымды, мұндағымды іркерлік те жайым жоқ. Қиналама... теріс көрсен

де айтқызып ал, Еңлікжан? Дәл осы сәт, осы кезге сүлдерім ғана жеткен десем не дерсін аңсағанға!!

Еңлік. Тағы да сабыр тілеймін батырдан... Жаман да, жат та демеймін әзірше. Бірақ үйіме жүр, қадірмен қонағым бол. *(Екеуі қозғала береді)*. Анық Кебек сен болсаң өзім де айтар жайым бар... Жүр, батыр! *(Кете беріседі. Жапал әндетіп қалады. Аздан соң Кебек, Еңлік тасты айналып қайта шығады. Сыр үстінде.)* Аз сөзіме көңіл бөл. Көрінгенге көз сүзген әлдеқандай деме, Кебек. Шынымды айтсам түсінер деп келем.

Кебек. Әлі күнге менің көңліме жаман ой кіргізетін сөз сөйлеген жоқсың, Еңлікжан!

Еңлік. Олай болса менің арызымның, мұңымның ең үлкені өз басым. *(Тасты айналып кетіседі. Тым-тырыс. Жапал әндетеді. Еңлік пен Кебек тағы айналып шығады)*.

Кебек. Шын ба, Еңлікжан? Есенмен күш сынасып бір кездесіп едім. Енді бақ сынасып тағы кездесем екен. Ол менімен таласқанда мен онымен таласпай ма екем? Сені барлап сөйлеп ем бағанадан... Көрген жерде ауған көңлім ай, күнін таптым деген жоқ па еді? Жаным, Еңлікжан, жолыңда шықсын шыбын жан.

Еңлік. Батырым! *(Кеш бола бастаған. Жарқырап жалғыз жарық жұлдыз тұады.)* Дүниеден жасырған жалғыз көңіл жарасын атқан таң, батқан күнмен, айықпас мұндай косып ем... Осы бір ғана үнсіз меңіреу тасқа шер шағушы ем... Жарқырап бағым туғандай жалғыз жарық жұлдыз туыпты... Айғағым бопсын ақ сәуле!.. Аз өмірде шақ тілегім бар елі. Бакытым, басшым да өзің бола гөр, жалғыз жұлдыз, жарығым.

Кебек. Бақ жұлдызы бола гөр бейуақтағы қоңыр аспан әсем көркі! Бакытым саған, жүр енді, жүр, Еңлікжан, үйіңе! *(Кетіседі)*.

Жапал. Тілсіз тасқа күнде айтатын мұң бар еді. *(Тасқа.)* Есіттің бе әлде сен? Сен берерсін бе арман еткен арысын! Маған да... маған да бер, берсеңші енді маған да, қыйғаш қасты, қолаң шашты, қыйғаш қасты, қолан шашты... *(Кетеді)*.

ШЫМЫЛДЫҚ

ЕКІНШІ АҚТ

Үшінші сурет

Сол жартас. Алыста биік тау. Алыстан ән келеді.

Еңлік:

Жар көрсе сүйінеді сағынған жас.
Толқытпай ауған көңіл ерікке қоймас.
Сұраймын уәдені ұстап келді ме деп,
Баурыңа, жан батырым, айтшы жартас!
Батырдың бүгін еді келмек күні
Тәңірдің өтпеп еді күн мен түні.
Сағынып көрмегелі апта болды
Естілші тым болмаса жалғыз үні!

Асыға ма алып ұшқан үмітім... Бар тілекпен бір сапарға бет қойдым... Жазғырармысың бұлдыр күн? Жазығым бар ма?.. Жазығым бар ма, кіналімін бе әлде мен? Атам, анам, туған үйім, кеш мені. Баурыңда өскен балапан бағын тілеп ұшам деді қыяға. Кіналімін бе, кәрі тас!? Ойласаң менің мұңымды, ұқсаң керек барымды! (*Орамалын тасқа әлем қып байлайды*). Төкпеген жас, шешпеген шер бар ма еді бауырында. Игілік пен сәт сәскеде келтір жалғыз арман жанымды... жалғыз тірек жарымды!.. (*Есен оқыс шығып қалады. Еңлік үлкен сұмдық көргендей, үріккен жүзбен өзіне.*) О, жасаған, бұл емес-ті тілегенім, жаратқан! Тіксінеді, сескенеді-ау жүрегім. Қалай жаман жора болды бұл келісі!? (*Есен жерде тұрып ән салады*).

Есен:

Ерке қыз, есіз тауда не қып тұрсың?
Құрбысыз жалғыз көрген көзім құрсын
Шыңғыстың шыңында өскен тағы болып
Таста ойнап ор қояндай не қып жүрсің?
Қадалған қара көзің мөлдіресін
Үнінді досың естіп елжіресін
Сырнай мен жау тартатын сыбызғыдай
Белгіні кімге беріп келтіресін?

Еңлік:

Беретін бұл сөзіңе жауабым жоқ.
Андысар сеніменен көңілім жоқ

Сақ жігіт ізді қуған сен бола ғой
Әзілдеп жала жабар дәрменім жоқ...

Е сен (*жақындап*). Еңлік, жетті енді алдауын. Аңқау, нанғыш болғандағы сенен көрген сыйым осы ма? Не ойың бар, жөнінді айт?

Еңлік. Не айтқызбақшысың маған? Білгенінді өзін айт әуелі!

Е сен. Бикеш, күлгірсіме. Мен сенің артыңнан бақпай жүрген шығармын. Аптасында осы жерге бір келесін, кімді тосып жүрсін? Айт осыны.

Еңлік (*күлімсіреп*). Батыр, сөзіңе сенем. Андытының рас, ол мінезің маған белгілі. Мен аптасында емес, күніне бір келемін. Көргенінді айтшы сондағы.

Е сен. Мен өзім бағып жүргенім жоқ.

Еңлік. Оның да бір тәуір екен, олай болса бағып жүрген кісіннен көргенін сұрап кел.

Е сен. Бұлтарма, шыныңды айт, қасыңа келгенді көрген. Оны қайда тығасын.

Еңлік. Көрсін, тасқа талай кісі келеді, талай кісі кетеді. Оны айтсаң батырсың ғой, Шыңғыстың тауынан кісі жүргізбе! Далада жүргенде аң қуған ақшыны, жау қуған батырды, жоқ қуған жоқшыны көрдім. Қыз қуған бозбала сені де көрдім. Андыған кісің бәрін тізсін ендеше.

Е сен (*наныңқырап*). Өтірік айтасын, сенің іздеген кісің бар. (*Еңлік күледі, тым-тырыс. Қолын созып.*) Еңлікжан, шыныңды айтшы. Қыйнамашы, көңліңе алған кісің болса білдірші маған, мен жайыма жүре берейін.

Еңлік (*Есеннің тымағын алып, күліп*). Батыр, сабырсыз болма. Мен әйелмін ғой, сыр білдіріп кішірейме.

Е сен (*қуанып*). Еңлікжан, ақылын асқар таудай емес пе. Айтшы осындай сөзіңді, мен сенен жеңілейін, сеніп кетейін жалғыз-ақ.

Еңлік. Батыр, көңліңді орнықтыр, күдікті кетір. Үш күннен соң осы араға кел. Байлаулы жауабымды естіртемін. Әзірше қайт. Андыған кісің тағы да таңар өсекке.

Е сен. Енді өсектің керегі жоқ. Жұрт сөзіне нанбаймын, өзіңе нандым, болады. (*Жүруге ыңғайланады. Түсін суытып*). Еңлік, менің көңлім бір саған әбден ауған, мазағыңды көтермейді, соны ұмытпа жалғыз-ақ! (*Кете бергенде Кебек шығады*).

Е сен (*Кебекке қарап, Еңлікке*), Мұның кім, Еңлік?

Кебек. Бү кім, Еңлік?

Еңлік. Әуелі жатқа жақынымды таныстырайын, мынау менің қайнағам батыр Есен.

Кебек. Есен?!

Еңлік. Мына жігітті аң қуып жүргенде бір көріп ем, ұмытпасам аты Кебек.

Есен. Кебек? Кебек?!

Кебек. Есен?

Еңлік. Неге аңырып тұрсындар? Лайығы жоқ болса да жол мен жөнді мен айтайын ба? Жауласқан елдің ұлдары болсаң да біріңе бірің амандықты қыймайсындар ма?

Кебек. Бикеш, сөзің дұрыс. Аңнан басқа жан жоқ деп келе жатқанда ойда жоқта алдымда бір қыз, бір жігіт тұрған соң мен өңім бе, түсім бе деп таңырқап қалып ем. Біріңе бірің бөтен кісі емес екенсің. Қайда кездессендер де оқасы жоқ екен!

Еңлік. Батыр, сен не айтасың? Бү кісі бізді көргеніне таңырқапты ғой!

Есен. Жұрт жаласынан жасқанбаймын! Көлденең келген көк аттыға сынататын жайым жоқ. Құдай қосқан жесірімсің, сенде не жаласы бар? Менде не ақысы бар!

Кебек. Батырлықтың бір міні тасырлық деуші еді. Өзге өнерінді білмеймін, тасырлығың бар көрінеді-ау!

Есен. Сен де тіл-жағыңа сүйеніп ұрынба бос. Қыз сынына толам десең өзің биязы бола бер. Еңлік мені сынап болған.

Кебек (*Еңлікке қарап*). Рас айтасын! Дөң астында кездесетін келін қайнағасының сырын білетін болар. Қайнағасына да келінінің сыры мәлім болар. Бірақ өткен-кеткенге, дос-дұспанға әйгілеткенің не? Әлде келініне ол да жаға ма екен?

Есен (*ашуланып*). Доғар енді сөзіңді, қалай-қалай тигізесің тіліңді. Ізденіп тұрған жаумысың?

Кебек (*саспай, қатты*). Іздегенде не қыласың, өтпес жарлық, бойға қорлық! Айбынды батыр сен болып, қашып кететін қатын мен боппын ба? Көрсетші тағы ашуыңның артын.

Есен. Қысқарт! Көрейін мен соқтығатын сойынды! Сен іздесең мен де сені көп тосқам. Шық, жекпе-жекке!

Кебек. А-а... кел-кел. Бәсе, ер егесі еңісте! Сырлас келінінің алдында мақтанайын деген шығарсың (*екеуі ыңғайланады*). Шық, былай!

Е сен. Мен емес шыдар мазаққа. (*Еңлік тастың үстінде*).

Еңлік. Әй, жігіттер, батыр болсаңдар тоқтандар. (*Екеуі қарайды.*) Екеуіңнің ортаңа әйел басыммен мен төрелік айтпасам басқа кісі жоқ.

Кебек (*ашуланып*). Бикеш, сен де мұның кісісің, төрелігіңді алмаймын. Екеуімізге тең кісі болсаң айт қазір.

Еңлік (*Кебекке*). Батыр, шараңнан аспа, сен адасыптың іс болған жоқ. (*Есенге сыбырлап.*) Жел сөзге шалынысып ұрысқаныңа ренжимін, ол табалаушы дұспан. Жұртқа жаман атым жайылады. Қызғаншақтығыңды мен-ақ білейін, тоқтат ашуыңды.

Кебек. Бикеш, оңашалап айтқан бітіміңе ырза емеспін! Айтатын болсаң екеуімізге бірдей қылып ашып айт.

Еңлік. Мен айтсам екеуің де тентексің. Алдымен жақынымның тентектігін айтайын (*Есенге.*) Сен менің басымды қорғамақ кісі болсаң олақтық қылып тұрсың.

Кебек. Бәсе, ақылы дұрыс қыз болсаң, өз намысыңды өзің қорғасаңшы сөйтіп.

Еңлік (*Есенге*). Қорғамағың мен болсам ырза емеспін бұныға. Батыр жаққан күйесінен ақтамайсың бұнымен.

Е сен. Олай болса әзілің жарасқан батырың екен ғой, жағынам деп жаның бер. Өзінді өзің ақтай бер. Тентегің мен бе екем сонда?

Еңлік. Жалғыз сен тентек емессің. (*Кебекке.*) Қонақ батыр, сен де тентексің. Батырлықтың жөні бар, бір жақтағы Матай қызының намысын жыртып, жөн-жосығын білмейтін жат біреумен арандасудың саған да орны жоқ.

Кебек. Ара түскен айыбым болса ақылыңа көнейін, амалсыз-ақ көнейін мен, мақпал қыз!

Еңлік. Енді екеуіңе айтарым: қастарыңнан мен кетем. Тек аңғарыңдар, батырлар, мал үшін, жер үшін талассаң да мен үшін таласпаңдар. Әрекет жетер онсыз да, менсіз де сылтау аз емес қой, табылар! Екеуің де жөніңді тап, жайларыңмен жүре бер! (*Екеуі де бақылап, аңдып қалады. Еңлік кетіп бара жатып ән салады.*)

Еңлік:

Шын батыр уәдесінде ұдай тұрар,
Кездесіп қыйра кезік тұрған шығар.
Бой беріп сабыры мен ақылына
Уәделі сәтті тосып әлі шыдар.

Есен (*теріс қарап*). Маған айтқан жұмбағы ғой. Уәделі үш күніне шыдармын.

Кебек. Маған айтты! Кетіп қалма, тос дегені.

Есен (*Кебекке*). Кебек, сенімен мұндай жерде кездесем деп ойламап ем, бірақ ниетім, қай жерде кездесем де шайқаспап едім. Қыздың сөзі тоқтатып кетті.

Кебек. Ізденіп жүрсең несі бар? Тоқтамаймын десең әлі де ерік өзінде. Батырдың кегін қыз билеуші ме еді?

Есен. Жоқ, мен қыздың сөзін мақұл көрдім.

Кебек. Олай болса бағанадан несіне тер болдың, әуелі қыздан ақыл сұрап алмай!?

Есен. Ендігі сөзім мынау. Бұл қыздың турасынан бұдан былай кездеспейік. Кездесек сол жерде оң-терісімізді найзаның ұшы, білектің күші айырсын. (*Кетуге ыңғайланады*).

Кебек. Мақұл, мен кездесуді тіледім ендеше. (*Екеуі екі жаққа кетеді. Тым-тырыс. Тасты жағалап қойшы Жапал ән салып шығады*).

Жапал. Қап, қап, қапы болды-ау осы жол! Кезігіп қалды-ау кер азу Есен. Өкпелейді-ау енді Еңлік... Бұны аңды деп Есен маған тапсырғалы дәл алты ай болып еді. Содан бері аңдығаным Еңлік емес, сол Есеннің өзі боп еді... Кебектің жотасын бірде-бір шалдырмай, Еңлік сырын алдырмай келіп ем... Мұрнын тескен тайлақтай қып Есенді былай келе жатса былай бұрып салып, қаңғытып қоя беруші ем ылғи... Еңлік көңлі өзімде деп қаңқыып сала беруші еді Есен бойына сенген түйедей боп!.. Тоқта, Кебек келеді екен, ашулы ма немене, жалтара тұрайын бетінен... (*Кетеді. Кебек шығады*).

Кебек. Тас қыяға жолым жетті. Тартынам деп жеткем жоқ... Қыйын белге мен бассам, сыналар жерде жұртым да тұр... Бұзарың мен сотқарың емес ем. Ала көңіл, арамдығым жоқ еді. Арамза десең не дермін, ағайын... Ешбіріне қасым жоқ... (*Ойда*.) Қайта кездесек қанжар айтпақ кесікті... Жазығым жар сүйгенім болса, бердім барды Еңлігімнің жолына. (*Еңлік шығады*). Келші, жаным, күпті қылмай, сертіңменен келдің бе?

Еңлік. Келдім, батыр, бар тілегім жолында. Оң сапар бер. Ақ тілекпен аттанам деп кеп тұрмын. Жасырын бітіп, жарыңмын деп жарыққа шыға кеп тұрмын.

Кебек. Алдым қабыл! Ақ тілеуің басшы болсын алдымда... Кіналама, жазықсызбыз. Адал жолым куәсі бол кең дүние! (*Айналаға қоштасқандай*.) Жүр, жаным!

Еңлік (айналаға қарап). Кең дүние... Тар ғана бір жол тарттым, қызғаныш етпе, кең дүние... Мұндасым да сырласым ең, туған жер... Еркелеп, еркін болып кетермін деп ем... Қашқындай жасырынып барамын сенен... Әкешем қолынан аттандырып, құтты жеріне қондыратын баласы ем. Олардың оң батасын алмай барам. Туған ел, өскен жермен қоштасып бір-екі ауыз үн қатайын сендерге.

(Әнмен)

Ата-анам, ақ батаңды аттап кеттім,
Тентек ел талқысына тастап кеттім.
Болсамда шұбар жылан іштен шыққан
Қарғамас, деген сенім сақтап кеттім.
Туған ел, амандасам жас-кәріне
Бірге өскен құрбы-құрдас дос бәріңе
Жарасқан әзіл-сауық, аға-жеңге
Аласын мені не деп естеріңе!
Аман бол найза шоқы тоғайлы өзен.
Өрістеп қой асатын тұмсық кезең
Бөрлі мен батыр шыққан Қарауылым
Ең дала көркі болып жалғыз безен.
Білмеймін қандай асу жолда жатыр,
Құз ба екен, қыя ма екен таңдай татыр
Сыйынып аруақ пен бір құдайға
Ұстадым етегіңнен баста, батыр!

(Екеуі жөнеле береді. Жапал жүгіре шығады).

Жапал. Еңлік апатай! Қайда кеттің? Жай жарастық, қызығынды бағып қорғап жүрмін деп ем... Не деп барасын... Бетіңді суыққа салып па ең?

Еңлік (тоқтап). Менің жолым осы болды, Жапал! Бұлай болмас жөн бар ма еді?..

Жапал. Ұқтым, апа... Арманыңды бірге арман етуші ем... Осыған келер-ау деп өзім де топшылаушы ем... Бірақ айтып кетсең негуші еді?

Еңлік. Қыймағаннан, қысылғаннан еді. Өзің білдің, жаным Жапал! Жалғыз... жалғыз күңіренген екі кәрім қап барады қолында. Баласы бол, қасында бол!.. (Жылап көріседі).

Жапал. (бірге жылап). Қайтып қыям, апатай, іздеп барам, бауырым жоқ деме... Жолыма жанын қыяр бауырым Жапал бар деп кет...

Еңлік. Қайда жүрсем біліп жүр, ұмытпай жүр Еңлігінді. Жақсы күнде, жарқын жүзбен көрістірсін жасаған. Қош, Жапал бауырым!.. *(Кетеді. Жапал жылап қалады).*

Ш ы м ы л д ы к

ҮШІНШІ АКТ

Төртінші сурет

Кеңгірбай бидің үлкен ақ үйі — кең ордасы.

Би *(жалғыз)*. Жағаласу жетпеді ме?.. Тәңірдің әлде болса олқысы бар дегені ме? Енді қандай сыбаға тартар екен. Найманды даңды судай тасқызып, бұрқ-сарқ еткізіп, мұнда әкеле жатқан Кеңгірбайдың соры ма? Әлде алалы жылқы, ақтылы қойдың тері ме? Найман бұл жолы келсе ашынып келеді. Білемін, Матайдың талайдан Тобықтыда жүрген есесі бар. О да Найманды шүйлемей қоймас. *(Ойланып.)* Тағы да тебінгіден тер, қабырғадан қан жаудырам ба? Жоқ, қылша мойын талша деп бас ием бе? *(Ойланып)*. Бірақ Найман кегі оңай емес. *(Басын шайқап тоқтайды. Көбей, Кембай келеді. Амандасады).*

Би *(Көбейге)*. Жарқыным, аз ауыл Тобықтың аман ба? Ер азамат не күйде?

Көбей. Ел тыныш, ер аман, Найман кісісі ел шетіне келсе керек. Бүгін осында келіп түспек дейді. Шамасы жүз қаралы кісі болса керек.

Би *(түнеріп)*. Сөз ұстап келе жатқан басшысы кім екен?

Көбей. Басшысы қыйсық Еспембет. Онан соңғы Жомарт дейді. Тағы, Кебек алып қашқан қыздың әмеңгері Есен деген Найманның батыры дейді. Ішінде қатты өршеленіп келе жатқан сол болса керек.

Би. Бітімі жоқ, безбүйрек Еспембетті салғаны ма? Найманның аужайын түйдім ғой. Артындағы елі қол жыйып отыр екен ғой. Одан алған хабарларың бар ма?

Көбей. Хабар келіп отыр. Айтқаныңыз рас, Найманның еркек кіндікті азаматы қалмасын деп жар салып шоқтай жыйып, Қартпай би тарқатпай тосып отыр дейді.

Б и. Ендеше белді бекем бұғаннан басқа не қалды? Елге жар салдыңдар ма?

Қ ө б е й. Кеше сол хабарды естіген соң ел-елдің басты-басты адамдарына кісі шаптырып жібердім. Құлама бесін кезінде олар да келіп қалар.

Б и. Елге көп сөзді даңқтырмандар. Не істесек те Найманның бетін көріп істерміз. Ел жый дегенім — қандай заман болса да құлағы түріңкі отырсын.

Қ ө б е й. Мақұл ғой. Көп ел жыйылса өз құлағымен естіп кетер, қапысыз болармыз.

Б и. Кебек ел ішінде емес қой?

Қ ө б е й. Ел ішінде емес.

Б и. Бұл екі елдің сөзінде көлденең ағайынның көз-құлағы болса мақұл болар еді. Арғынның өзге елінен келетін жап бар ма екен?

Қ ө б е й. Кебек Арғын ішінде сүйеу қылған бір бам едің деп Қараменде биге сөз салдырған екен. Мен де сәлем айтып жіберіп едім. Бүгін келеді деп отырмыз. Елінен шықты деген хабар келді.

Б и. Ағайынның аужайын байқайтын бір кезеңге келіп тұрмыз ғой, не болсада... Найман келетін болса тосып аларсыңдар. Мен атқа мінейін.

Қ ө б е й. Мақұл, мінсеңіз мініңіз. *(Тым-тырыс.)* Тек біздің ұстайтын сөзіміздің нұсқасы не болады, би?

Б и. Тобықты соры ашылмаған ел ғой, қай қыяға соғарын болжай алмаймын. Мына жотасы көрінген екі сөздің екеуі де біздің елге жайсыз. *(Тоқтап).* Бірін ұстасам елдің сағы сынады. Бірін ұстасам зықысы шығады. Амал не аралық қандай бітім болса, соған тоқтарсыңдар.

Қ ө б е й. Мақұл, не болса да бетіне қарай іс қылатып болдық қой, кәне, енді жүресіз бе?

Б и. Жүрейін. *(Кембай, Көбей кісесін буындырады).*

Қ ө б е й. Біздің осы бітімшілерге тіккізген үйіміз дайын болды ма? Үй жетпей қалып жүрмесін. Ондай ел сыныққа сылтау таба алмай, түймені түйедей қылатын, «Елемедін, ескермедін» деп.

К е м б а й. Жүз кісінің мөлшері деген соң он кісіге бір үйден, он үй тіккіздім. Құтушілерін де, сойыстарын да қамдаттым. Ол жағынан мін таба алмас.

1-жігіт *(алыстан айғайлап).* Қырамысыңдар, өздерің шетімізден! Не жазығымыз бар саған, келмей жатып басқа, көзге төпелеп. *(Билер аңырып қарайды).* Қай

басынғаны бұл! Қоя берші, анау отырған биге барамын.

Көбей. Бұл немене шаң-шұң? Кімнің даусы?

Кембай. Осы жаңа ас басшылыққа қойған Қалдашпай ғой деймін. Наймандар келіп қалды ма? (Тағы шаң-шұң).

Көбей. Білші барып!

Кембай. Мына біреу келе жатыр ғой, осында.

1-дауыс. Ал, ұра ғой тағы, кәне ұршы енді, көрейін! Тіпті қалай-қалай асқақтайсың өзін? Ісініп келіпсің ғой, түге. Биге барамын.

II-дауыс. Бара ғой биіңе. Сенің биің болса мұндағы елдің зәресі ұшар деп пең?

Кембай баруға ыңғайланады, Қалдашпай жұлқынып кіреді, беті қан, Кембай қақтығып қалады.

Көбей. Не болды саған? Немене жұлқынып жүргенің?

Кембай. Шаң-шұң не? Не қып жүрсің, түге, Найман келді ме?

Қалдашпай (қатты). Келіп, қырып бара жатқан жоқ па солар? Алдынан тосып алып, аттарын байлап, үйді-үйіне кіргізіп жүр едім. Әнебір ісінген біреуі: қыпқызыл жосадай қылып отырғаны мынау. Бұ не қорлық осы?

Көбей. Жә, өректімей-ақ қой. Бас жарылса бөрік ішінде, шегің шықпас. Айтқандарын істеп, дауласпай, төбелеріңнен тік тұрып күтіңдер.

Қалдашпай. Жоқ-ау, төбелесейін деген пенде болса бұйырмасып.

Кембай. Жә, болды деді ғой енді.

Көбей. Кембай, бұл не қылғаның?!

Кембай. Бұл уақытта келеді деп ойламадық қой!

Көбей. Ей, бар болсын келмей жатыр шаң-шұң шығартып.

Кембай. Өзім барайын, барайын енді әлде болса да... (Шығады).

Көбей (жалғыз). Бидің айтқаны рас қой! Терісіне сыймай келгендерін естіп отырмын. Еспембеттің қылығы ғой бұл.

Басын шайқайды. Қараменде биді екі жағынан екі жігіт сүйеп алып кіреді. Қасында Қосдәулет, Матак.

Е, қарт бабам да жеткен екен ғой. Ассалаумәлікөм, баба! *(Бір жағынан сүйемелдеп қарсы алады).*

Қ а р а м е н д е *(турып)*. Аз ауыл Тобықтының баласы болып қыйыр жайлап, шет қонып, жалғыз жүріп запы болған ел едің. Тосқауылдың тар кезеңінде кездесіп отырмыз ғой, ала көңіл артта қалсын. Құшағыңа құшағымды қосайын, қарағым, келші, Көбей! *(Көбей екеуі көріседі, бәрі де отырады.)* Ел-жұртың аман ба, жарқыным.

Көбей. Ел әзір аман, баба! *(Тым-тырыс).*

Қ а р а м е н д е. Істің қазіргі-ұсқынына қарағанда береке бітіммен тынатын беті жоқ. Менің де дәнекерлігім аз болар. *(Тоқтап.)* Қебек тентектің екі ауыз сәлемі үшін келдім. Арғында бел қылған бір бабам тірі ғой деп бір тентектік қылып сдім деген екен. *(Тым-тырыс. Найман кісілері шығады).*

Көбей *(сәлемдесіп)*. Жолдарың болсын.

Жо м а р т. Айтсын.

Көбей *(Кембайға)*. Мына кісілерді сусындатып ас камдатыңдар! Жолдан қажып келген шығар.

Еспембет. Жол қажытама, жоқ қылығың асып, қырыс Тобықтың, сен қажытамысың? Қайсысы екенін қайдан білейін, әйтеуір Найманның қажығаны айқын.

Көбей *(күліп)*. Қажыдым дегенің сөздің кезегіне айта салған бір қырыс ғой, әйтпесе, Еспембет, сен қажыйтын күн болған жоқ.

Еспембет. Тобықты, құрыш қара болат емеспісің екі жүзді алмас кеспейтұғын. Сенің қаттылығыңа Найман қайтып шыдасып, қайтып қала берет те.

Көбей. Сол Тобықтыға төтеп берем деп келіп отырсың ғой, сен де жалғыз өзің! Ет-бауырың елжіреп бара жатса көреміз ғой!..

Еспембет. Білмеймін, көңіл шіркін күдікті болып қалыпты. Тобықтының биі күйірігін сыртқа саларда майталманым деп бетіне сені ұстайды деуші еді. Сенің қаншалыққа жұмсағаныңды біз де көрерміз, түбінде көмейдегі көмескіні болжайтын табаны бұдырлы би сенсің, біз үлгіні сенен аламыз ғой.

Көбей *(Еспембетке)*. Сен шырға тартасың ғой солай, бірақ түбірлі сөздің түйіні сенде көрінеді ғой. Қай жаққа тартсаң да ерік өзінде. Қаттылық деген қалпын болушы еді. Әлде машығым деп соныңа тартпасаң.

Еспембет. Сенің еліңнің сынына толып қызын алайын деп жүргенім жоқ, Тобықтының шешені мен діл-

марынан алған мақтан мен Найманның арылған етін се-
міртпiл, аш бүйiрiн тойғызам ба? Құдай ежелден жүргiз-
ген бетiме көшiрсiн.

Жомарт. Бұ би қайда, бiр жаққа жолаушылап кет-
кен бе?

Көбей. Жолаушылап ұзаққа кете қойған жоқ. Бiр
ағайын арасының сөзi болып, соған шақыртып кетiп едi
бүгiн.

Жомарт. Қашан қайтады?

Көбей. Осы бүгiн де қайтып қалар. Сiздердiң ха-
барларыңызды естiсе көп бөгеле қоймас. *(Тым-тырыс).*

Жомарт *(Еспембетке)*. Жә... онда да тамам елдi
иiрiп кеттiк. Мұнда да масайрап жатар күн емес! Келе-
лi сөзге көшiңдер, билер!

Көбей. Мақұл, би Жомарт, көшейiк! *(Тым-тырыс.
Еспембет қамшы тастайды.)*

Жомарт. Еспембет, сөйле!

Еспембет *(ызғарланып)*. Уай, Тобықтының ба-
ласы, Матай Тобықты болып тұрған күнiнде атыстың,
шабыстың, бұл iсiң алты алашқа әйгiлi болған. Тобық-
ты шаялығыңды қылдың ба, бiлгi жуандығыңды қыл-
дың ба? Алалы жылқы, ақтылы қойын жосылтып алдың.
Ата қонысынан iргесiн аудардың. Ел-жұртты шұбырт-
тың. Айрандай алтап, күбiдей пiсiп жүргенiңде ай дер
ажа, қой дер қожа болған жоқ. Ендi мiне шарпуынды
Матайдан асырып Найманға тигiзiп отырсың. Жетiп
отырған жесiрiмдi бiр тентегiң ат сауырына салып әке-
тiп отыр. Ағайын ұзында өштi, қысқада кектi емессiң.
Бiтiм сұрап кiсi салсам бақайыңнан келтiрмейсiң. Мына
Найманда алынбай жүрген кегiң, тимей жүрген есең бол-
са оныңды айт. Әйтпесе мен Тобықтының қоңсысы емес-
пiн, мынауыңа кесiгiңдi айт! *(Көбей қамшы тастайды.)*

Жомарт. Сөйле, Көбей.

Көбей. Еспембет, сөзiң шын. Ұзында өштi, қысқа-
да кектi ағайын емеспiн. Найманның елдiгiне iстеп отыр-
ған жаулығым болса, аруақ, құдайға Тобықты шет бо-
латыны шын. Матай мен Тобықтының бүлiгiне бұл ел-
дiң қайсысы себеп болды? Мен оны қазбаймын; даудың
қарасын көбейтем деп құлындағы сақау, құнандағы тi-
сеудi осы сөздiң үстiне әкелiп үйгенiң лайықсыз. Матай
қой аузынан шөп алмайтын момын ел болып отырғанда
бұл сөзiң сыяды. Тентектiк ылғи Тобықтдан шығады
дерсiң. Бiрақ сол Матай мен қалған Найман неге жау-

ласады? Бүгінгі Найманмен шиеленістіріп отырған сылтауды алсам, ол ел таразысын андамаған албыт жастардың шалалығы. Рас, тентек болса Тобықтының тентегі иесіз демеймін. Ағайын жолымен бітисейік, билікті маған бергенің шын болса мен айтайын. Жалғыз-ақ түбір сөзді түйінді сөз қылғанымыздың лайығы жоқ.

Ж о м а р т. Сөйле, Еспембет.

Е сп е м б е т. Көбей, мен билікті саған айтқызсам, өз ойдағымнан асырып түсіреді деп айтқызам. Егер есі-дертің менің дауымды жасытпақ болсаң, жаідақтап жадағайлатпақ болсаң мен билікті айтқызбаймын. *(Қатты.)* Мен тұшсы егіме ащы таяқ тиді деп отырмын. Шолақ байталдың құйрығындай Тобықты, өктемдігің асты деймін. Тасқын судай кемеріңнен асып отырсың сен. *(Көбейге сөз береді).*

К ө б е й. Еспембет, кеден кеден болды, кедергі неден болды деп отырсың, мен саған бұл дауың орайсыз деп отырғаным жоқ. Екі елдің сөзін екеуміз ұстап кездескен соң дәнекер болатын жағын қарастырайық дейім. Болмаса қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақсы сақа қой. Жақпаса билігіңді өзің айт. Сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын болсаң мен билік айтпаймын. Тағы айтарым Тобықтының азды-көптігін сарапқа салар жер емес бұл. Көп болғанда кімнің басы кімнің қанжығасында жүр еді? Тобықтының Найманға істеген өрлік өктемін көргенім жоқ. Керіс неге керек? *(Тым-тырыс).*

Е сп е м б е т. Олай болса сенің қырмызыдай талдап шығарған сөзіңе мен ере алмадым, менің билігіме Тобықты баласы тоқтайтын болсаң өз тентегің ана Кебек, қыз атамның аруағына қастық қылған менің тентегім, екеуін шығарып бер былай! Мойнына арқан таққызып өз қолымнан өлтіртемін. *(Тым-тырыс)* Қазір етем осыны. Әкпел, ұстат қолыма!..

Ж о м а р т. Сөйле, Көбей!

К ө б е й. Еспембет, Тобықты да рулы ел, «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар» сенің мына айтып отырғаның береке бітім емес. Найман мен Тобықтының арасына ердің құны, нардың бұлының дауын саламын деу. Мұның арты атадан ұрпаққа кететін үзілмес қан кегі болғалы отыр, ер қанын мойнына жүктеймін деме. Бітім іздесең дүниеге тоқтасайық. Бауыр елдің арасына бұндай сұмдық сөз тастағанша би атанбай, жерге тықсамшы бұл жасымды.

Жомарт. Сөйле, Еспембет.

Еспембет. Жоқ, мен ондай емексіткен сөзге еліге алмаймын. Менің кесер сөзім әлгі. Бір емес, екі таңдау тастадым. Ляғашым содағы. Токтасып бауыр болам десең көнесің айтқаным. Көпбейтін болсаң арам алыс алашпын. Оразанын түбіне мақсым жетер, азған елдің түбіне тақсыр жетер! (Қатты.) Тобықты, сені аялағаным жеткен. Бұдан артық менен бітім іздеме! Бұл айтқаным көпбейтін болсаң екінші сөзім — тағы бір берер таңдауым — тура тұрысатын жерінді айт, менің қолым жасанып дайын отыр. Тобықтының жығасы жығылмайды екен ғой бұл... көрдім, күттім, ал міне, жауабымды қазір бер! (Тым-тырыс. Көбей үндемейді).

Жомарт (жан-жағына қарап). Ағайынды екі рулы елдің баласы, сөздерінде әлі күнге бітім жотасы көрінбейді. Тағы сөйлейтінің бар ма? Жоқ па? (Тым-тырыс. Тобықтылар күбірлеседі).

І-дауыс (Тобықтылар өз кісілеріне). Күн бұрын еңсесі түсіп неғып кетті?

Жомарт. Сөйлеуші бар ма? (Тым-тырыс).

І-дауыс. Енді бір айтқан соң сөз бітеді ғой. Еспембеттің соңғы сөйлеген сөзі сөз болады ғой.

ІІ-дауыс. Бұларға не болып кетті.

Жомарт. Жә... сөйлеуші болғаны ма? (Қараменде ақырын қозғала түсіп қамшысын тастайды, тым-тырыс).

Жомарт. Сөйле, қарт би!

Қараменде (аз отырып). Сөз ем болудан кетіп, ауыздан шыққан жел есебінде болған заман ғой. Сондықтан сөйлер, сөйлемесімді білмей көп отырдым... Бәрің де замандарыңа қарай туған ұл екенсің. Туысында қапы жоқ. Бірақ бізге жат дүние екен. Содан байқағанымды айтайын: азған заманның белді бні бойлауық жылқы секілді бой бермейтін қыйсық болады екен. Не еп іздеген ысқаяқ келеді екен. Ағайын ел, араздыққа сылтау таба алмай түймедейді түйедей қылып, өсек, жыбыр әрекеге белшесінен батқан екен. Жас ұлғайып, сақал, шаш ағарған күнде бір тобына кездескен екем, туысқан, ажарыннан түңілдім. Көрмесем деген заманым еді, бұған жазалы мынау құп-қу болған сақал мен шаш та!

І-дауыс (жанындағыларға). Жарықтық, алты арыстың қамқоры емес пе, күйініп отыр ғой, қайтсын.

ІІ-дауыс. Не десін... күймей қайтсын...

Қараменде. Араңа кедергі болып отырған сөзге келсем: о бір заманда бұл түс шайысатын іс емес еді. Қатынды не ел шауып, егер қылып жатқан аларсың, не ағанды өлтіріп жеңгенді аларсың деген аталарыңның кешегі айтқан сөзі еді. Ер жігіттің жесіріп өзіндей жігіт алса, еркек болып туған ұл өз кегін өзі алушы еді. Ұрулы ел болып тайлы таяғын қалдырмай шұбырып жүріп жас жігітке қатын әперген жоқ еді. Бұ да жаңа заманның жаңа бір түрі екен. *(Есен ашуланып күбірлейді)*.

Дауыстар *(Наймандарға)*. Тобықтыға бұрып отыр! Дәл солай! Көрерміз!

Жомарт. Найманның баласы, тақат қыл!

Қараменде. Ағайын, көзіңе қан толып, түгінді сыртыңа теуіп бүгінгі сөзге осынша түйіліп отырсың. Осының артынан ертеңгі сөзге, ертеңгі бәлеге көзіңді салдың ба? Айтып отырған сөзіңнің жеңілі білегінің күші бар, жүрегінің түгі бар, осы отырған аламанның маңдай алды бір туысқан бауырыңның қанын төгем дейсің, немесе екі ру елдің еңкейген кәрі, еңбектеген баласының қанын төгіп, жасын ағызамын дейсің. Ел шырқын бұзамын дейсің. Қай сөзінде мақұлдық бар? Қай сөзінде қасиет бар? Ненді қадір тұтайын! Қайран халқым, азғаның ба әрекемен осындай! *(Жым-жырт. Аздан соң)*. Арадан жол тап, тыныштық ойла. Артындағы етегіңнен ұстаған еліңнің мойнына артқан қарызын ойла. Бізді апарып арандат, жана жерден жау тауып әкел деп ешқайсыңның елің де тапсырған жоқ.

Жомарт *(аздан соң)*. Қазаққа камқа болған Қараменде деп аталып едің! Ұғушы құлақ болса, айтылмай қалған сөз жоқ! Батагөй қарттың сөзін сенің аузыңнан естіп отырмыз. *(Наймандар ыза болған пішін білдіреді. Тым-тырыс)*. Жә, бидің сөзінен соң сөйлейтіндерің бар ма? Жоқ... сөз тоқталды деп санаймыз ба? *(Тым-тырыс)*.

Дауыс. Бабамнан соң кім сөйлейді.

Есен *(ашулы, Еспембетке)*. Найманның түгел сөзінің түбін ұстаған белді деген бидің бірі сен едің! Сөйлемісің, Еспембет, жоқ па?

Еспембет. Алдыма Жомарт туысканың кедергі салып қойды. Не сөйлеуші едім? Менің де би деген атым бар. Ылғи кер тартып, кесір шығара беретін қарғыс аты мен-ақ ала берем бе?

Есен. Би сөзінің құйрығы маған соқты ғой. Ендеше маған рет бер.

Жомарт. Сөйле, олай болса, батыр Есен! (*Бәрі Есенге қарайды*).

Есен. Айтты ғой сонау би, шын батыр өз кегін өзі іздеп алушы еді деп. Мен арысы Найман, берісі өз кегімді қуған батырмын. Менің басыма сөз қалса, осы жолда кездесем Кебекті ең алдымен жекпе-жекке шақырам. Өз қолыммен өлтіремін. Онан соң елде жыйылып отырған Найман да, мұнда келіп отырған жыйын да менің намысымды жыртып келіп отырған жоқ. Ел намысын қуып кеп отыр. Бекер ме еді, айтшы кәне? (*Наймандарға қарап*.) Іркілетін жерім жоқ. Найманның алғашқы айтқан екі сөзі сөз. Мұнда келген билердің табанында бұдыр жоқ болып тайғанаса өзі қатын болсын. Бірақ мен ұстадым ел кегін. Мына Найман ерлері бірге ұстайды менімен.

Дауыстар. Рас айтады! Сөз осы!... сол! Сол-ақ! Солай-ақ!

Есен. Өне, болды біздің сөз. Тобықты билерімен сөйлесіп жауабын берсін. Не Кебек пен қызды бер! Болмаса тұрысатын жерінді айт! Қайдасын осы сөзге еретін Найман, тарт менің соңымнан. (*Барлық Найман түрегеледі. Есен билерге айналып Наймандарға*) Жә... тарт, не тұрыс бар! Найманның ішінде де шіріген жұмыртқа бар дегендер шықпасын... Көрермін мен оны да! (*Шығады, Жомарт, Еспембет іркіліп барып шығып кетеді*).

Қараменде (*Наймандар кеткен соң*). Жә... сөз бітті... Екінің бірі... екінің бірі...

Көбей (*назаланып*). Қайтесін енді. Қолыңмен істегенді мөйныңмен көтересін деген осы. Бастан атқуылдап отырғаннан-ақ сезіп едім.

Кембай. Жә... біз бұған не айтамыз! Биге де үлкен дерт болды ғой, бұл.

Көбей. Кімге дерт болмай отыр... Ел намысының тапталғаны ма! (*Би шығады. Көбей басын көтеріп өзгелерге*.) Сендер шыға тұрындар! (*Көп Тобықты кетеді. Қараменде, би, Кембай, Матақ, Көбей, Қосдәулет қалады*).

Көбей. Еспембет құлаш ұрып шарықтап тұр, шағулы жерге келетін емес, би!

Би. Айтшы кәне: қайтсең тыным табам дейді?

Көбей. Матай мен Тобықты сендердің аранда қан-

дай жаулық болса да, мен қатнасқаным жоқ. Мынау ұста Найманнан туғаным шын болса бұл қорлықты көріп отыра алмаймын. Не Кебек пен қызды шығарып бер! Болмаса қолым дайын тұр, тура тұрысатын жерінді айт дейді. Амау, жер түбінен ұстатып жіберген сөзі осы көрінеді.

Би. Не сұмдық? Қандай қорлық күн жеттің? Қуарған қатал өлім күн! Не еріңнің қанын бер... не мынау келіп төніп тұрған қараша-қауыс үстінде, ақ қар, көк мұз алдында жөңкіліп босқан жұртыңның көз жасын төк... Зарын бер! Осы ма еді, осындай ма ең мені тосқан қу ажал!?

Көбей. Екі сөзімнің қайсысына болса да байлауын би айтсын деді. Жауапты өзіңнен естігісі келеді.

Би. Найман көп! Көптің ісі кеудемен келмей неғылсын. Табандасып шыдайын десем, көлденеңнің көзіне әшкере болған ісім бар. Тентектік менде!.. Алмас қылыш жүзіне табан басқан қылығым бар. *(Тым-тырыс. Даладан дабырлаған дауыстар)*.

Дауыс *(далада)*. Сен бар, сен бар, айтып кел.

Жігіт. Баба... тыста тұрған ел-жұртың, ер-азаматың жіберді мені. Кебек арғыннан асқан ардагеріміз емес пе еді. Одан артық ұл туып па еді Тобықтыдан? Кім етіп еді оның еткен еңбегін! Қолымыздан оққа байлап бергенше, қырылсақшы ел болмай! Жағасы жақыт кіреуке жібісі жетіп жүп болғанша шыдастық. Найманың не пәлесі болса да көтердік. Кебекті бермесін дейді!..

Би *(қатты)*. Мен Тобықтының намысын сатып ағарттым ба, сақал, шашты. Билігіме ара түсем деген қай бассыздық! Шық!

Көбей. Бар, орынсыз жерге килікпе!

Жігіт шығады. Бірақ тыстағы сәл даурық бөгетті бұзып кимелей екпіндей басып Абыз кіріп келеді. Қолында ұзын ақ таяқ, үстінде өзге қазақтан бөлек ұзын ақ кебентай... Басында ақ бөрік. Кіре бере екі биге қатты қадала, қатып қарап қалыпты.

Абыз. Е-е-й, өңкей би! Жас кірмесе мен кірем!.. Жұрт есітпесе мен есітем кесігінді!.. Баса кірдім үстіңе... Келдім қаралы қуыс шатымнан жаралы бауырымды сүйретіп!.. *(Адымдап төрге шыға береді)*.

Би *(жақтырмай, Көбейге)*. Кім еді бұған атой берген, түге!..

Абыз. Өзім... өзім. Тарт, жаланды жазықсыздан... Айта бер айтпақ нарқынды!..

(Екі би Абызға қарасады да, амалсыз көнген ажар байқатады.)

Б и. Неге келдің жел аударған қаңбақтай?!

А б ы з. Шер ыршытты шабақтай. Сездім, Кеңгірбай, сездім сұмдық салқынын.

Қ а р а м е н д е. Ер, азаматтың әлгібір сөзінде жалын тұр ғой, елдік тұр. Тобықты сағы сынғалы отыр. Кебекті қолыңнан өлтіріп қойып бәрібір тыныш отыра алмайсың. Сені мен маған да қыйын кезең болмас осындай? Дадаңның баласы да Кеңгірбайға өкпелі едім деп отырып қалмас. Шексіз шыдам жоқ. Бермеу керек Кебекті!

Б и. Уай, Қобей... Осы мына бабаңның өзінен басқа келген бар ма елінен?

К е м б а й. Әзір келген кісі жоқ. Бидің өзі ғой...

Б и. Қолсыз сайраған тілді қайтейін. Қызыл тіл мен қу жақтан бұндағы Тобықты да кенде емес қой. Өз артыңа қарамасаң басқа шығар жол жоқ.

Қ а р а м е н д е. Өзің болсаң өзіңе сен! Бәрібір шық Найманның қарсысына!

Б и. Қыздырманың қызыл тілі ғой!..

Қ а р а м е н д е (*ашуланып*). Қасқырша өз күшіңді өзің жейің делің бе?

Б и. Дадаңның ұлы тілін ауру денеме тағы да сұқтың ба кезің аңдып? Бауырлығыңды бұлан бұрын да сынағамын. Елжіреген жүректі көргем жоқ-ты.

К ө б е й. Билер, бұларың не? Ескі жараны білтелемей, мына сергелдең болған елге жол табатын жөндеріңді айтсаңдаршы!

А б ы з (*Қарамендеге*). Уа, Қараменде, сені жұрт баба десе, мен сенен де гөрі кәрімін! Қостамаймын Кеңгірбайды, құптамаймын сені де! Елің... елің жоқ па еді Дадаңдай! Елің болса, қолың кәне?! Тіпті тобың болмасын, тобырың кәне?! Не тұрысың... мұтылып қу томардай?! Жапа-жалғыз қу сояудай... Не көмекке, қай керекке келдім дедің?.. Ер сәлемі әкелсе ерте келмес болар ма, ер-азамат тұрғысын!.. Сылдыр сөзбен шығарып сап, сынайын деп кепсің ғой... Көлгір сөзбен көлденең болғың кепті ғой... Алданбаймын... алдамаймын!..

Қ а р а м е н д е. Жетті... жетті тілің сүйегіме!.. Тоқтат, Абыз!..

А б ы з. Өзің айт... барынды жыйын да, тек баурынды сүйіп айт, Кеңгірбай...

Би. Бауыр... бауыр!.. Менің атам Әнет бабам емес пе еді?..

Абыз. Не дейсің!.. Не деп келесің сен?.. Әнет бабан, Әнет бабан серік пе саған... бұ шақта!.. О-о-о!.. Сонау... сонау ма?.. Қалқаман-Мамыр етпек пе ең? Сұмдық! Ерінің жаны, бөрінің аузына түскен сұмдық заман! Сұм заман!..

Би (*ақырып*). Доғар тілінді! Жоғал!

Абыз. Сездім, Кеңгірбай, кетермін! Кетермін, сұмдық салқынын сезгеннен кетермін! Жақын елдерді екі жарып алып, жарғылап тұр тағы да! Жетісерсін сонымен би мен бек! Үздім күдер сендерден, елімнен, сонау Найман елімнен сұрап алам жас жанын! Араша тілей соған барам! Соған сенем, сенем де!

Би. Жоғал бәрің көзімнен! (*Көбейге.*) Шығар... Шығар мынау екі қаңбақ шалынды!.. Бар... бар, есіттім үндерінді!.. (*Көбей, Кембай.. Қараменде мен Абызға ойысып күңкілдейді. Анау екеуі қатар тұрып екі бөлек шыға береді. Қосдәулетке.*) Шақыр. Шақырып бер маған Еспембетті!.. Еспембетті шақыр қасыма!.. (*Қосдәулет шыға жөнеледі.*)

Көбей }
Кембай | (*екі шалды шығарып*). Еспембет! Еспембет!

Бұларды кетіріп қасына алары кім? Еспембет пе?

Би. Керек еттім жау биді... Ия, ия! Арыламын өзінен!.. Өз құлағыммен өз аузынан есітем!.. (*Сыртта «Еспембет! Еспембет, Еспембет!» деседі. Би Көбейлерге.*) Сендер де барыңдар, оңаша... оңаша бер маған Еспембетті!..

Дауыстар: «Еспембет! Еспембет!» деседі. Көбейлер шыға беріп, есік шалқасынан ашылады. «Еспембет! Еспембет!» дескен дауыстармен қатар, қатты алымдап Еспембет кіріп келеді. Екі би үнсіз қарсы қарасып қалған.

Ш ы м ы л д ы к

ТӨРТІНШІ АКТ

Бесінші сурет

Тау арасы. Тоғай. Аласа қос. Есігі ашық. Ішінде Еңлік ұйқтап жатыр. Жанында құндақтаулы баласы. Кебек қостың жанына келеді.

Кебек (*есіктен қарап*). Тыным алшы, аз да болса тыныштық тапшы сөйтіп Еңлігім. Әлінің аздығына қарамай, азғантай көзім ілініп кетсе басымда ғана отырады.

Қыймасым-ай, қанатым-ай, талдың-ау, талдырды-ау сенген жұртым! Аң болып, адам көзінен тығылып, қашып көрген өмір құрсын. Жалғыз болсам бір сәрі еді ғой. Тартар едім таймас жолға, табар едім, қаза болса ер қазасын. Еңліктің өз басы болса да бір сәрі еді... Қалар ма еді жанымнан, қалысар ма еді қайрат та? Екеумізге бірдей жұбаныш та өзі боп, ауыр жүк те өзі боп кішкентай бір қошақаным, балапаным жатыр мінеки. Бағың ашылатын күн болар ма — әлде сорға туған сорлымысын, бишара. Япырм-ай, елі болса да, жауы болса да келетін уақыт болып еді, әліде бір елс жок! Не деп келер? Не десер! Екіннің бірі: я ұл атанып ел табам, я қанішер қайқы болатың қайратын сарапқа салып өлтіремін! Өлісем!..

Еңлік. Батырым не деп тұрсың? Сөзің қалай жат еді.

Кебек. Еңлікжан, мен не айттым? Жай бір өлен емес пе?

Еңлік (*сыртқа*) Ойын менен жасырады. Жасытпайын, үрейін ұшырмайын дейді ғой. (*Кебекке.*) Ендеше менің құлағым қақас естіген ғой. Кейде шырт ұйқыда жатсам да, оя жүрсем де құлағым әлдеқандай жаман сөздер санқ етіп естіліп қалғандай болады.

Кебек. Өзің де бір уақыт тыным алып, тыныш ұйқы ұйқтамайсың. Соның өзі-ақ талдырмай ма! Тастаны осы, сен ғана тасташы күдікті... Маған қалдыршы соның бәрін... Жадырасыншы жүдеу, кейіс қабағын... Долы дүние, тулап жатсын айнала... Кетсін мұнар, кетсін тозақ толықсып туған айымнан! Қосыл! Қосылшы, жаным, әніме! (*Ән салады, екеуі құшақтасып отыр.*)

Бір мен деп ата-анадан безген, сәулем
Қорқынымш жас жүрегін езген, сәулем.
Мықты ұстап етегімнен басын байлап
Қауіпті жапан түзді кезген, сәулем.
Қан жауған қамалдарды бұзған күндер,
Қандырған білек құршын ұзақ түндер.
Бәрі де жан жарыма жеткен емес,
Құрайды қызығыңа бойда сұлдер.

Еңлік. Өзге тілек тілемейін, осы құшағым жазылмай кетсін... Айырмасын арам қол. Қуанышым, өтінетін бір-ақ қана тілегім бар... Осы күн, осы кезбеден мені қажыйды-ау, әлсірейді-ау дей көрмеші.

Кебек. Неге айттың оны, Еңлігім... Неге үйдейсің?

Еңлік. Не сергелдең болса да серігің болдым деп аттанып ем... Артымда аяр нем қап еді... Баурында, панада кешкен жалғыз күндік тірлігіме бұрынғы барлық ұзақ жылдарымды теңемеуші ме ем... Тек мынау бір аз күн... Әлсіздік, аналық шақ...

Кебек. Айтпа... айтпа, атама оны. Бұл шағында әлсіз деуге аузым барса азғаным болар...

Еңлік. Болды ендеше. Азғантай бір түйткілік ғана сол еді. Жұып-шайдың, жоқ еттің ғой бәрің, батырым. Қуанттың ғой.

Кебек. Соның шын болса ән салып бер.

Еңлік әдемі, мұңды ән айтады. Жәуетей шығып қарап, ән тыңдап тұр.

Жәуетей. Екеуі ғана... Екеуден-екеу-ақ... Сонда да рулы елдей. Сүйеніскен егіз марал!.. Әттең екі бейбақ...

Кебек (*селк етіп*). Жәуетей, аман ба, жаным.

Еңлік. Е, мынау... ел-жұртың аман ба, жаным?

Жәуетей. Ел аман, өздерің де есен-сау жатырсыңдар ма?

Кебек. Біз есен-сау болмай не болушы едік. Кәне, не болды, жұрт не деп жатыр. Айтшы тез!

Жәуетей. Жұрты құрсын, елдігі кеткен ел емес пе біздің Тобықты.

Кебек. Не болып қалды?

Еңлік. Жарқыным, сөз аяғы бұзылды ма?

Жәуетей. Енді бізге бұл жерде тұруға болмайды, қаптайды жауыздар. Тез бұл жерден кету керек.

Еңлік. Бәсе, жүрегі құрғыр осыны сезген екен ғой.

Кебек. Айтшы, не болды!? Неге тоқтады? Ұстап бермек болды ма?

Жәуетей. Ұстап бермек емес, бірақ қорғамайтын болды. Өзің ұстап ал да, өз дегенінді ет деді! Найман қаптап іздеп келеді.

Еңлік. Жасаған-ай... Не деген тасбауырлық!..

Кебек. Бұл билікті кім айтты, Найман ба, Кеңгірбай ма?

Жәуетей. Бәрің айтып тұруға болмайды. Қаптайды ғой жауыздар! Жүріңдерші жөнелейік!

Кебек. Жәуетей, билікті кім айтты дейім? Тобықты оңай көнді ме? Айт бәрің. Әлде бізге қашу да керек емес шығар?

Жәуетей. Олай деме, досым!

Кебек. Дос болсаң жасырмай бәрін айт, жасқанбай-ақ. Мен осыны естімей ешқайда қашпаймын.

Жәуетей. Билікті әуелі Еспембет айтты. Тобықты көпке шейін көнбеп еді. Найман ішінде Есен деген батыр бар екен, бәле басы сол болды. Қараменде де көп таласты. Сол бидің сөзінен кейін Найман тоқтағандай да болып еді бір кезек. Бірақ жаңағы Есен сөйлеп, бар Найманды артынан ертіп алды. Кернеп кетті... Сонан соң би... Кеңгірбай би жаңағы жауапты айтыпты... Айтқаны құрсын жалғыз-ақ, қара бауыр қатал би! Өз көңлімде күдік көп... сенбеймін! Еспембетпен оңаша сөйлесіп ап кесті. Қандай айла шешті? Қаншалық саудаға түсті сенің басың? Есіл жасым!.. Тас қараңғы сыр қалды... Бірақ не дермін, дегені болды, дегені болды ғой Еспембет пен Есенін!

Еңлік. Есен! Әлі де бұл соңымда ма еді?

Кебек. Ел кісілері қара көңіл биге — Кеңгірбайға ерген соң, ер-азамат соларға берген соң, аржағында не қалды, айтыңдаршы? Күні-түні қашып-пысып аң болып, тағы болып жүргенде көңілдегі медеуім не болды, кім болды, айтыңдаршы?

(Есен кіреді).

Есен. Кебек! *(Кебек екеуі тап беріседі)*. Бір-екі ауыз сөзімді айтқыз әуелі!..

Кебек. Семсер жүзінде айтылған сертті ұмытқам жоқ, шық!

Есен. Кебек, батыр болсаң дегбірің кашпасын, үрейленбе!

Кебек. Шық!

Есен. Кебек, сен мені іздеп тауып тұрған жоқсың. Мен сені іздеп кеп тұрмын. Найман тобымен бірге келсем олар мені жекпе-жекте алыстырмас деп ұрланып әдейі кеп тұрмын. Менің мәнімді осыдан біл. Бар айтпағым осы ғана. Енді келсең келе бер!

Кебек. Олай болса ер екенсің, кел. Арғын, Найман берекесі екеумізге қарамай-ақ қойсын!

Есен. Сенімен, туғанда жұлдызым қарсы боп туған, ағам Көшен кегі де қарыз мойнымда. Сені өлтірмей тынбақ емес көңлім! Қел бермен! *(Екеуі қатты алысып, қанжарласып жүреді. Кебек жеңіп құлатады)*.

Еңлік. Жасаған, жарлығына ырзамын. Жарығым, жаның аман қалды ма?

Кебек. Кеудемді жеген бір құрттан құтылайыншы тым құрса! Өліс депті ғой. Ала өлмей неге кетем?!

Жәуетей. Ал енді кетелік, болшы, жандарым!

Кебек. Жәуетей, несіне жабыса бересін сөйлеп? Кебектің дәурені кеткен, оның елге керегі жоқ. Оның орныне қуыс қурай. Қашпаймы мен, осы жерде тосып алам Найманды! Дұрыс айтып тұрғам жоқ па, Еңлікжан?

Еңлік. Батырым, сені мен менің ғана басым болса бір сәрі, (*жөргектегі баласын көрсетіп*) мына сорлыны қайтеміз! Соры ашылмаған сорлы бейбақ осы болмай ма? Осының қарызы үшін кетейік, жаным!

Кебек. Шын айтасың ба, сен де тілейсің бе, қалқам?

Еңлік. Жалынамын, жаным, қайтемін!

Кебек. Олай болса дайындалындар. Мен атты әкелейін. Ал енді біз қашқынбыз! Өмір бойы қашқын боламыз. Қоян жүрек қорқақ боламыз! Көрінген адам баласынан тығылып, бұғып қашатын тау тағысы боламыз? Ал біз қаштық.

Жәуетей мен Еңлік дайындалады. Тас арасынан Найман қолы кернеп, жыйнала бастайды.

Дауыс. Жау мұнда! Қапта, қапта!

Еспембет. Тоқта! Мынау Есен ғой, өлтіріп кеткен екен ғой.

Дауыс. Ойбай, бауырым...

Жомарт. Қанішер Тобықты, қанқұйлы Тобықты, қылған екен ғой...

Еспембет. Доғар... Есен бұл күнге дейін Найманның батыры болса, қазірде Тобықтының жығылған жығасын қайта тұрғызған Найманның бір шіріген жұмыртқасы. Жекпе-жекке шыққанда тапқаны ғой. Жылаған көзжасымның садағасы. Бір ауыз сөз айтпастан өлексесін былай апкет. Мұны жайлап қашқан ғой Кебек.

Дауыс. Мына қатын біледі ғой, айтқызу керек осыған!

Дауыстар. Айт жаныңның барында.

Еңлік. Мені ұстағаннан кейін оны да ұстадыңдар ғой!

Еспембет. Бұл күлгірсіп тұр. Ол қашса да ұзаған жоқ. Мына шатқалды аралап шық шапшаң!

Кебек шыға келеді.

Дауыс. Ә, батыр, келдің бе ажал айдап?

Кебек. Келдім. Мем Енлігім өлген жерде өлем деген уәдем бар, сол үшін келдім. Тағы да жастығымды ала жатайын ба. Ажалсыз қай Найман барсың, көрінші менің көзіме! (*Садағын кезене береді*).

Еспембет. Ат, мына мен бар. Найман құрып қалса көрермін.

Еңлік. Сәулем, атпа! Тілеймін! Арғын, Найманның қалған елі қарғамасын. Өлсек те жазықсыз өлейік.

Кебек (*садағын кезеп тұрып*). Ей, сотқар би, ұлып-ұлып табысыпсыңдар ғой бөрідей, табысарда сойған көк қасқан елдің ұлы-қызы біз болдық қой! Көк бөрі демей не дейін, қан сорпамды ішпесең көңілдерің көншімес. Лағнет босын сендерге. Бірақ сені қарғасам да қарғамаймын сорлы елімді! Ер қадірін білер сол ел, елден шыққан не білер! Сонда менің қанымды қарғыс етіп басар сенің мандайыңа! Мә, білгеніңді істей бер! (*Садағын тастайды*).

Еспембет. Ол сөздің керегі жоқ! Байла!

Еңлік. Ей, азаматтар! Өлтірерде үш тілек бар емес пе? Үш-ақ түрлі тілек айтам.

Дауыстар. Керегі жоқ, тыңдамаймыз.

Еспембет. Тоқта! Айт, не тілегің бар?

Еңлік. Кебекпен арыздасайын. Екінші, өлтірген соң бір жерге көміндер. Үшінші, соңғы тілегім: бізде жазық болса да мына бишара сорлыда жазық жоқ қой. Ата-анамда ұрпақ жоқ, зарлап өтіп еді, енді мен екеш мен де жоқпын, соларға табыс етіңдер. Жетім қозы бұл зарлық, зарласа солар баурында зарласын. Бар айтарым осы еді...

Еспембет. Жарайды, босатыңдар. Қоштаса ғой жарыңмен.

Матақ. Кебек, ел болып, Көбей болып мені саған жіберді, еркек тоқты құрбандық деген еді. Елге, биге айтар сөзің болса айт.

Кебек. Тобықтының баласына менің сөзім жоқ. Ендігі сөзім жетіп олардың жүйесін босатпай-ақ қойсын. Тобықты осы қаталдығынан таймасын, менің арызым, Еспембет, сенде.

Еспембет. Айт, менде болса.

Кебек. Мойныма арқан тағып өлтірме! Қорламай өлтір!

Еспембет. Босат олай болса, қыз бен екеуінің қолын!

Қебек. Еңлікжан, қыймасым, құштарым, кеш маған...

Еңлік. Жалғызым, өзің де кеш!..

Құшақтары айқасады. Еспембет садақпен атады... Екі жастың құшақтары жазылмай денелері айқасып түседі. Жұрт жым-жырт. Қаралы сұмдық іс бітті, енді бет-бетімен жым-жырт тарап барады. Құндақтағы балапы ешкім алмайды... Жапа-жалғыз қала береді... Сол кезде Жапал шығады... Еңліктерге үнсіз қарап үніліп тұр. Екі нығы дірілдеп, үнсіз жас төгіп тұрғаны білінеді... Жай жылжып балаға келеді. Бір жақтан Абыз шыққан, ақ шапанды, ақ сақалды. Өзгеше тіксініп, тұлабойын өрт шалғандай боп келеді. Бұған дейінгі қанды уақығаның эпипогі түрінде кетеді.

Жапал (*Абызды көрмейді... Құндақтағы баланы көтеріп, бауырына алып*). Сорлы қозым! Қошақаным! Жетпей қалған, жетім қалған, бауырым... Алдым сені баурыма... Тастап кеткен... Елсіз, есіз далаға тастап кеткен, тас бауырлар, бөрілер!

Абыз. (*Бір қабат ақ шапанын шешіп, өліктердің үстіне айқара жауып*). Аһ, заман! Құшақтарың айқасып кеткен шерменделер!

Жапал (*айналып көріп, баланы көрсетіп*). Көрші, көрші міне, қам көңіл ата! Мынаны өлсін деп аш бөріге тастаған... Осы ма еді ел деген? Көріп пе едің аямасты, атағай!?

Абыз. Ата!.. Атамын мен аңраған! Мен ата, сен немере! Баурындағы шаранасы кеппестен шырқырап қалған шөбере! Бауырым өрт, үнім зар!.. Бауыры өрт, бетім жас... Ата, немере, шебереміз үш зарлық! Ол олар емес ел, бізбіз, ұлым, жан балам! Қара тастай қатал күндер ішінде туар, келер біздей толқын-толқын ата, бала, немере... алып кетсін жазықсыздар аттарын, сақтап өтсін... ақтап өтсін арыстарым арманын... Жадында тұт, жасыма!.. «Жадында тұт, жасыма» де ес кіргенде (*баланы нұсқан*) баурына... Бүгін мен өсиет еткендей, өсиет ет сен оған, шағың жетіп өлерде! Жадында тұт, жасыма дөсін арғыларға, ұрпаққа. Жадында тұт, жасыма, ұлым, елім, шермендем!..

Шымалдық

Соңы

АЙМАН, ШОЛШАН

4 актылы, 5 суретті күйлі
пьеса

(ЕКІНШІ ВАРИАНТЫ)

Қатысушы адамдар:

А й м а н — } апалы-сіңлілі қос қыз.
Ш о л п а н — }
М а м а н — екеуінің әкесі.
Қ ө т і б а р — Шекті руының жуаны.
Т е н г е — тоқалы.
А р ы с т а н — інісі.
Ә л і б е к — бай жігіт — Жетіру.
Ж а р а с — Шөмекей. Көпке бірдей күлдіргі.
Ш а л — Қөтібардың қосалқысы.
Ж а н т ы қ — Жетіру ақыны.
Б а л п ы қ — Шекті ақыны.
Ө з б е к жігіті — керуен басының баласы.

Өзбек саудагерлер, той қылған ауылдың адамдары. Қыз, келін-шек және шабындыға аттанған қол.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Көп ауылдың арасындағы көк алаң. Бұлақ бойы ақ қайың, жас қайың. Алыста жасыл бел, көк төбелер. Биік төскейлерде түтіні бұдақтаған ауылдар. Және шұбартып шашырай жайылған жылқының суреттері. Бұлақ бойында әр жерде тас, томарлар.

1-көрініс

Үкілі домбырасын бұлғай шырқап келе жатқан әнші ақын, жаңында сәнді жігіттер тобы. Топ ортасында Әлібек.

Ж а н т ы қ

Жайлауында Жетіру
Желіге шыққан желдірмем,
Құйрық атып, төс керген
Шандоз аттай ойнайды.
Ақмартудай мырзам бар,
Асқақ қыздың талайын
Тілесе тегін қоймайды.
Қыз көреміз, біз келдік
Қайда қызы Маманның?
Келмей ерін кезертіп
Кім деп сірә ойлайды?..

Н ө к е р ж і г і т

Бәсе, біз, неге мұнда сарыламыз?
Не көріп, не күн туып жалынамыз?

Әлібек

Шақыршы анау Жарас тіл-хат басын...
Күзегпей қу даланы арыламыз.

Нөкер жігіт

Әй, Жарас! Жарас, мұнда мойнынды бұр,
Жөніңді айт, қашанғы біз сабыламыз?..

2-көрініс

Жарас

Қыз қашпас, ойын ойнай келмек еді,
Осы сай сан қызықтың ермегі еді.
Ойында ерелгі жоқ жөн сұрайық,
Жігітің бұл қызға не демек еді?

Әлібек

Көреміз Маман байдың қызын бүгін!

Жантық

(Жарасқа). Ұнаса сен аласын көрімдігін!

Жарас

Дағдым жоқ алуменен ауызданғаз,
Қорыйтын мүлкім емес — егіндігім
Қай ауыз жетсе соның жемі шығар
Одан да ниетіңді айт тегін бүгіз...

Әлібек

Айттырам бұл байыңның қызы ұнаса
Адақтал мен озғамын елден аса,
Теңімін, терезем сай, тұғыр әтем
Түлкісін тояттаймын белден баса...

Жарас

Сол ма еді көңіл шіркін жабысқаны?
Тіленіп құйқалымен табысқалы.
Жалғыз-ақ алдында бір кедергі тұр,
Шектінің көре кепті Арыстаны...

Әлібек

Кедергің не, не дейсің?
Жетеді пұлым, мен салам...
Ол алмайды, мен алам
Шектіден неге кем қалам?

Жарас

Әрине, сөзің жөн шығар,
Жеген ауыз жейді де,
Менің тегі жоқ жалам...

Әлібек

Ендеше көрсет, мақұл ма?

Жарас

Келер ойнап жақында...
Әлібектер кетеді.

3-көрініс

Арыстандар шығады.

Арыстан

Қу дала, қу медиен күзеттердің
Сабымды қыз келед деп түзеп тұрдым.
Қайда әлгің, енді қашан көрінеді?
Асырып қыз мерейін үдеттірдің...

Жарас

Білмеймін кім көрерін бұл қызынды,
Мен өзім дел-салдамын, жүдеп тұрмын.

Балпық

Көмейің қалай жаман, жарқын Жарас
Не дейсің, бұ не деген кебің еді?..

Жарас

Білмеймін килігіпті бай Әлібек
Көрем деп сол қызды о да келіп еді...

Арыстан

Сөйлеме, қашан ондай теңім еді?
Қай жерде тай-таласта жеңіп еді?
Бет берсем, ниет қылсам ойып түсем,
Қайтады ол, мен келген соң шегінеді...

Жарас

Алмағың қай қызы еді бұл Маманның?

Арыстан

Аламын ең жақсысын сөзім сол-ақ.
Таңдамай, талғап алмай, әлде бірін
Алуға келгенім жоқ көп жаманның?..

Жарас

Қыз мүлкі дейді мынды айдағанның
Әлібек бірі бопты таңдағанқын.
Қалғанды қолы жетсе сенікі етпек,
Орны жоқ, жамап-жасқап жайлағанның...

Арыстан

Ендеше күшке мен салам,
Ол алмайды мен алам,
Егесіп көрсін есалам
Қалғанын да тигізбей,
Салайын бүлік топалаң...

4-көрініс

Әлібек тобы шығады.

Әлібек

Е, батыр мырза, жол болсын!..

Арыстан

Жол қылмақ сенен болсын.

Әлібек

(Күліп). Мен де өзіңдей жолаушы
Жол қылар мұнда нем болсын...

Арыстан

Тас қыя, тар көпірде кездесіппіз,
Бір түйіп, бір тілекті мезгесіппіз,
Текедей тіресудің жөні болмас...

Әлібек

Бәрекелде, нетеміз егесіп біз?..

Арыстан

Үстіме баса кепсің оның қалай?
Кем бе еді менде сенен бақ пен талай?

Әлібек

Қайтесін күшінді айтып билік айтсын
Одан да мына тұрған көп жағалай.

Балпық

Ендеше Жарас айтсын ара ағайын.

Әлібек

Мақұл-ақ мен де өзгені қаламайын...

Жарас

Жок, жаным, жай-жапсарың маған мәлім
Өтпес жарлық билікке жарамайым...

Дауыстар

Жок, Жарас, сен айтқаның мақұл, Жарас
Ақтарып айырып бер аламайын...

Жарас

Ендеше қыз да адамның баласы ғой
Өзі айтсын екеуінен қалағанын....

Арыстан

(өзіне). Қыз айтса бай деп оған жамбастайды
(көпке). Қызды өрлетіп бағыма бәйге етпеймін.

Әлібек

(өзіне). Батыр деп бұған қарай қыйғаштайды,
(көпке). Тең етіп қызды биге баламайым!

Арыстан

Түсетін шабындықтан о бір байтал,
Нарқынан неге асырып бағалайын?

Әлібек

Қыздың байы жылқы еді ежелгіден,
Би етіп табынуды қаламайым!

Арыстан

Ендеше арамызды жол шешеді,
Қандай жан жолдан шығып егеседі.
Алдымен бұрын келген жол менікі
Жөн білген бұны теріс демес еді..

Әлібек

Жетіру менің елім, жол менікі
Қыйсыны болар жөн жоқ, ол сенікі.
Қызынды, қырқынынды Шекті ішінде
Қашан да дегенім бар мен менікі.

Арыстан

Қыяс дау қыйсыны жоқ егескен дау,
Ең жақсысын мен алам болсаң да жау..

Әлібек

Ең жақсысын мен алам, жол бермеймін,
Сірә тұрса кеудемде бұл басым сау..

5-көрініс

Айман, Шолпан топтары шулап, күліп, ойнай-билей келеді.

Айман

Жарасқан топ, көп жігіт, сіздер кімсіз?
Білмедік айып бізден жөн сұрайық.

Ш о л п а н

Болмаса жөнді несін қазысамыз,
Ойынға араласып бас құрайық...

Ж а р а с

Үйткенмен жөнін білген мақұл болар
Көре сауда қылатын ырымы ғой,
Ұнаса ниеттер бар жақын болар.

Х о р

Ендеше жайды баян етші, Жарас
Тең сөйле бәріне де бірдей қарас.
Қыз көру болғанменен ел жорасы
Екі топ бірдей кепті, бар ма талас?..

Ж а р а с

Екі топ бәсе бірдей келіп отыр,
Таласын көзің міне көріп отыр.
Мына топ Әлібектей байдың тобы,
Бай алмай кім алад деп сеніп отыр!

Ш о л п а н

Маманның малға толған кең даласы,
Боламыз өзіміз де бай баласы.

А р ы с т а н

Қарағым, құлдық ұрдым бұл сөзіңе
Ендеше мойныңды бұр, бер қарашы.
(Қыздар Арыстанға қарайды).

Ж а р а с

Арыстан, мына тұрған Шекті батыр,
Інісі Көгібардың текті батыр.
Аузыммен құс тістеймін асқақ ермін
Құтылып көрсін қызың деп тұр батыр...

Ш о л п а н

Әй, тәйрі-ай, өтпеп пе еді батыр күні,
Бір оқпен өшпеп пе еді шоқлар үні?

А й м а н

Бір кезде дабырайса даңқы шығып
Бұл күнде жабы болған көптің бірі...

Ә л і б е к

Ендеше қайтпаған шақ, өрлеген бақ,
Бүгінгі үлкен дүбір, бай дүбірі...

А й м а н, Ш о л п а н

Ерлердің сол-ақ па екен айтар сөзі
Ұшырап қалыппыз біз келіп кезі.
Жігітті қыз көретін біз көрейік
Бар сөздің ең абзалы көзбе-көзі...

Бұларға хор қосылады
Жігітті қыз көретін біз көрейік
Көп сөздің қала тұрсын өзгелері...
Қыз көретін жігітті біз көрейік
Бар ма екен бойларында өзге өнері

Б а л п ы қ

(шырқап). Ендеше жас дәупері
Арыстаным,
Жебедей жерге тыққан алысқанын.
Қайраты, сымбатымен, тегі де бай
Үлкен сый біле білсең танысқаның!..

А й м а н

Таңдаудың жетіп болмас ақырына,
Қайтеді мен қызықсам батырына?

Ж а н т ы қ

Болыпты кімнен төмен Әлібегім
Әрі бай, әрі бағлан, әрі бегім.
Қыядан жемін танып, қырдан ұшты.
Ойлама әлдекім деп әлім-берім...

Ш о л п а н

Теңгемен дүниенің құны-пұлын
Өлшеп өскен алсам ба байдың ұлын?

Б а л ы қ

Майданда батыр жеңген қағысқанын
Егессе алмай қоймас жабысқанын,
Одан да тілегіне тілегің қос
Жемейсің сірә опық, табысқанын.

Ш о л п а н

Батырын олай болса алсам ба екен,
Сол байдан қол үзіп-ақ қалсам ба екен?

Ж а н т ы қ

Ен дүние қыруар мүлік бәрі тегін
Жетіру әлпештеген Әлібегін.
Өз ұяң, өз өрісің жатың емес,
Ел күткен құтты бегім Әлібегім.

А й м а н

Батырдан әлде көңіл бұрайын ба?
Бай деп-ақ неде болса тұрайын ба?
(Көпке.) Кәнеки, қайсысымыз кімге жақтық
(Әлібекке). Сізден де енді жөнді сұрайын да
(Арыстанға.) Сіз дағы тіл қатыңыз, батыр
мырза

Көзіңіз кімнің түсті шырайына.

А р ы с т а н

(өзіне). Әттең, дүние жалған-ай,
Екеуін бірдей алар ма ем,
Қалмас еді арман-ай?

Ә л і б е к

Не керек, лайық емес жасырғаным,
Бір емес, екеу болды бас ұрғаным.
Жақсысың екеуің де, нені айтайын,
Жоқ боп тұр кеміткенім, асырғаным...

Ш о л п а н

(күліп). Күреп алып үйренген машығы ғой,
Бұл жігіт шынын айтты енді қайтсын?

А й м а н

Олқы түспес оныңнан қолшыл жігіт,
Таңдайық батыр мырза жөнін айтсын!

Ж а р а с

Ер көңіл дегенінен жаңылмаған
Ол дағы екеу демей нені қайтсын!

А р ы с т а н

Бәрекелде, не дейін солай демей,
Көп асауға үйренген біздің көмей.
Екеуіңе қызықтым бірден құлай,
Мін таптым деп айтамын неменедей?

А й м а н

(күліп). Қарқ қылған бұндай дәурен көрген барма?
Бір күйеу екі қызға келген бар ма?
Таңдамай тізіп қана алып кетпек
Бұндайға көңіл-бейіл берген бар ма?
Жігіттер, ел ақтаған ер екесіз,
Сонда да сөз айтасыз берекесіз.
Таңдау жол сіздерде емес енді бізде.
Дей қалсақ сонда қалай дер екесіз?

А р ы с т а н

Қап-қап, қылды-ау мына ку,
Жер қылды-ау, ойбай Жетіру!

Ә л і б е к

Көрдім-ау, пай-пай Шектіден,
Құлқынын қыз кептірген.

А й м а н, Ш о л п а н

(оларға хор қосылады). Ауырмай өледі екен
андамаған

Демей-ақ біз қояйық өлде маған
Тойында Шөмекейдің шын сөзіміз
Айтылсын бүгін мұнда қамдамаған...
Қыз көретін жігітті
Көре қыздар шығыпты.
Көрісімен түңіліп
Қайта беттеп ығыпты.
Жауабына орай жоқ,
Көңіл жүдеп бұғыпты,
Мақтай алмай кетті қыз
Қыз көретін жігітті... жігітті

Қүлкі, билеп, ойнап кетіп қалысады.

Жарас

(дал боп қалған Арыстанға).

Ал мырза, қай шыңына баттың ойдың?
Мынаны айт, қай қызына көңіл қойдың?...

Арыстан

(атып тұрып). Әуелі анауыңа айтқыз жөнін,
Боларын сезіп едім осы тойдың...

Әлібек

Әуелі тандағанын анау айтсын,
Өрескел мінезіңнен мен де тойдым...

Жарас

Жігіттер, қыз жетпей ме, бұларың не?
Кірбеңі кетпей тұр ма бөтен ойдың,
Қыз қырғын деген осы-ау екпіндерің
Басында тәуір еді не қып жойдың?..

Арыстан

(Әлібекке). Жөніңді айт, олай болса кімді
аласың?

Әлібек

Сен айтшы, ниет еттің қай баласын!

Арыстан

Жоқ, сен айт, аңысыңды байқап көрем...

Әлібек

Жоқ, сен айт, бұның тағы қай таласың?!

Арыстан

Сен айтпасаң айтпаймын олда оңбайын,
Тас болып осы сөзде мен қаламын.

Әлібек

(өзгеріп). Солай ма, онда рақмет жол беріпсін
Айман ед тілегенім соны аламын.

(Арыстан дал болып қалады).

Арыстан

Жолын не, жол бергем жоқ өз талабың.

Жарас

Жарайды, жолды Әлібек алмақ бопты,
Асыл қызы сол еді жарған топты.
Үлкені, кемелі де дәл өзі еді
Қаратқан бір өзіне дүйім көпті...

Арыстан

Тәйт, арман кет, жолым бермен
Жорға тілге сірә да ермен,
Жамаушысың керегің жоқ,
Айманды берерім жоқ.

Әлібек

Жоқ, Айманды мен де бермен
Тартынбаспын келген керден.

Арыстан

Алмай қойман Айманды мен
Асырмайсың айланды сен.

Жарас

Ал енді Шолпан қыз да осал емес,
Мал дүние билігі онда босаң емес.
Ұлсыз бай соны алғанға мүлкін беред
Етіндер бұл жайын да қоса кеңес...

Әлібек

Ал ендеше, Арыстан,
Келіпсің сен алыстан
Айманды сен ала-ақ қой,
Ерегісіп қарыспан.
Қалғанына қанағат
Шолпан-ақ болсын қайтейін
Тілегенім, табысқан...

Арыстан

Жоқ, ендеше таластым
Басында мен де адастым,

Саудасы күсет боп тұр, танылмай-ақ
Маманның аспанға ұшты қос пырағы.
Айманның оң жағында Шолпан болар.
Шолпанның оң жағында Айман дағы...

Ә л і б е к

Не дейді, нені айтады қай-қайдағы!

А р ы с т а н

Пай-пай, дүние жалған-ай,
Екеуін бірден құшарма ем
Қалмас еді арман-ай!

Ж а р ш ы

Уа, жарандар, құлақ сал
Шөмекейдің тойы бар!
Қызықта кімнің ойы бар
Мынау белдің астында
Ұзын өлке бойы бар
Сол өлкені жағалай
Тігулі тұрған үйі бар.
Үй басына сойылған
Қонаққа деген қойы бар,
Жақсының онда сойы бар
Арнаулы жақсы тобына,
Ту бие де сойылар.
Қызық та қырғын думан бар,
Қызықты қандай қуған бар,
Той десе қубас домалар,
Қыз-бозбала қужандар
Іркіліп шетте қалмандар
Бәрің де солай дуландар...

Д а у ы с т а р

Той... Той... Той...
Шап, ендеше солай шап,
Қызық думан сонда тап, сонда тап...

Тойға бара жатқан қалың, шұбар топтың ойын-биі. Жөнеліседі.

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ АҚТ

Екінші сурет

Сахнада орда сыяқты етіп тіккен оюлы үй.

I-көрініс

Той иесі бір топ Шөмекей шығады. Арттарында Жарас.

I-Шөмекей

Бәтір-ау, бұл пәлені қайттік енді?

II-Шөмекей

Сабыр жоқ, тақат та жоқ, азды-кемді.

III-Шөмекей

Екеуі екі жақтан қысып жатыр,
Таласқан құзғындай боп көрген жемді.

I-Шөмекей

Жалғыз үй қайсысына жетер мұның,
Жоқтағандай егеседі ердің құнын.

III-Шөмекей

Бір Маман, бір Кәтібар қос қызыл көз
Бірі бұлдар шоқпарын, бірі пұлын.

II-Шөмекей

Жалғыз жақсы үй егеске себеп болад
Тікпейік деп айтпап па ем бұл құрғырын.

I-Шөмекей, II-Шөмекей

(қоса). Ойбай-ау, есебін айт, қыйсының тап
Қыйсының тап, ойбай-ау, есебін айғ.
Пәледен құтылсаңшы күні бұрын...

Нөкерімен Кәтібар шығып қалады.

2-көрініс

Көтібар

Көп қарға шуылдаған, Шөмекейім!
Мына үйдің мен ұнаттым әшекейін.
Түсем деп хабарымды салмап па едім
Жауап жоқ, кімге бұрды көмекейің?

I-Шөмекей

Жарас-ау, ақыл табар жерің бар ма?

II-Шөмекей

Бір жауап бұл пәлеге дерің бар ма?

III-Шөмекей

Қысылған көп Шөмекей сенің елің
Құтқарар басымызды емің бар ма?

Жарас

(Көтібарға). Көтеке, егескенді жеңгенім
сен

Қашқанның, қуғанның да сенгені сен,
Басқа ұрсаң Шөмекейің өлді деп біл
Көтеке, ұрсаң құлақ қақпай көнгені сен.
Арналған үй иесі өзің едің,
Таңдатса Шөмекейдің бермегі сен.
Жалғыз-ақ Маман деген зәбі шықты
Бермеске ерегісіп көрмегі сен.

Көтібар

Тәйт, жоғал, Маманыңды жолымнан ал
Жылжымай жалтақтамай сертіңде қал.
Бәйгеге ат жөнелтіп қайтып келем
Мыжымай қамдана бер көрпенді сал...

Кетеді. Маман шығады. Қасында тобы.

3-көрініс

Маман

(ашулы). Құртармын қызыл бұзау
көзімменен,
Талайды молда қылам тезімменен

Түсем деп осы үйіне кісі салдым
Жауап жоқ қалай қалад сөзім неден?

I-Шөмекей

Айтам ғой, осы пәле болар деп ем,

II-Шөмекей

Екі оттың ортасында қалды денем.

III-Шөмекей

Жарас-ау, неде болса айласын тап
Пәледен машайық та қашты деген...

Жарас

(Маманға). Байеке-ау, немене бар сенен аяр,
Арналып мына үй түр ед саған даяр,
Жалғыз-ақ мән түсем деп Көтібар тұр,
Бермесең пәлесі бар көпке жаяр.

Шөмекейлер қосылады

Мың пәле бір пәледен туғызып ап
Аяғы көз жетпейді неге саяр
Ойнатып әңгір таяқ ол үйренген,
Шабам деп найза шоқпар, тағы таяр...

Маман

Бермеймін, өзім түсем, неге ығамын?
Ұстасса қарсысына тең шығамын.
Ондайлық өзімнен де жын табылад,
Келемін, құп алудың істе қамын.

Кетеді.

4-көрініс

I-Шөмекей

Енді қайттік, ойбай-ай!

III-Шөмекей

Қорлығында қойғаны-ай.

Жарас

Екі дәу қағысарлық етінде екен
Не қылса күш сынаспақ нетінде екен.
Шақыр да саудагерді, соны отырғыз
Шөмекей сонша жалтақ жетім бе екен?

II-Шөмекей

Дұп-дұрыс шақырайық саудагерді!
Саудагерлер шығып қалады. Үйге жарай беттейді.

III-Шөмекей

Мінекей, бәрекелді өзі келді...
Мамандар қыздарымен арттан шығады, олар да сол үйге кіреді.

Б-көрініс

I-Шөмекей

Бәрібір енді бізден ерік кетті.

Жарас

Сөзді қой, бар нөкері еріп кепті.

II-Шөмекей

Пәле келсе қайтеміз, өле көрдік
Жегіру енді бізге серік бопты...

Бір топ катын киіз сәукеле киген бір құданы алып шығады.

Б-көрініс

Шолпан

(сақылдап күліп.) Жарас-ау, мына сәнді көрмейсің бе?
Сыбаға сәукелеге бермейсің бе?

Құдалар биі. Екі құда билейді. Күлкі, би. Ескі ырым-жырымның
сырын ашатын, соны мысқыл ететін биі.

Жарас

*(Келіншектер хорға қосылады. Ойнақыланып шыр-
қап құдаға қарап)*

Уау, мынау салың не дейді вара-ра-ра! Вара-рара
ра! Вара-рарара!

Құдаға кел жамағат көз салайық,
Жарасқан сән-тұрмашын біз самайық
Маржаны-құмалақтан құрым — желек,
Қамшыны жібек бауға шамалайық. (Күлкі).
Ат-жөнін бұл құдапың сұрамайық,
Сый екен әлдекімге баламайық,
Бұлтыйған әне бірдей сақалына
Деп қана тоқтатайық «болды ылайық».

Бетіне құрт жағылған құда шығады.

Уау, жазған, жаңа келді сауырлы бай,
Құртты бай, құйрықты бай, бауырлы ба-ай...
Шыныңды айт, қатындардың тізесі өтіп.
Қыр арқаң келемежден жаудырды ма-ай...
Енесін сол арқаның ұрасын ба
Тойғысыз ит жаласын бет-аузың май...

Әлібек тобы шығады. Араларында Жантық ақын. Сәлем беріп Ма-
мандарға иіледі.

7-көрініс

Ж а н т ы қ

Желсөздің енді келсін бас иесі,
Сөзімнің қайда қалмас несиесі.
Өзі алған ойды-қырды байым Маман,
Шалқып тұр шартарапқа несібесі.
Алдыңа мырзам келді Әлібектей,
Қан базар мол сауданың жас иесі.
Бақты алған батырдан да, бағланнан да
Мол бақтың жастай алған мас иесі..

Ж а р а с

Жарықтығым, мас болсаң да шарқынды біл
Не дейсің батыр келіп, «бар биліктің
Мен болам байың емес десе иесі»..

Ә л і б е к

(Қыздар қасына келіп отырып),
Батыр, би деп бір қоймайды
Сірә бізге қалған бар ма?

А й м а н

Неге олайша дедіңіз
Әлде сізде арман бар ма?

Ә л і б е к

Бәсекеде арман көп
Арылатын дәрмен бар ма?

Ш о л п а н

Апырым-ау, солай ма?
Бір мінезін қыр депті,
Бір жүрісін жыр депті,
Сіз келмепсіз осында
Тіпті әлденендей сыр кепті-ау!

Ә л і б е к

Батыр деп сіре жол бермен
Қаза беріп қайтейін
Айта берсек сөз көпті.

Ж а р а с

Солай ма еді, қап болмас,
Бәсекесіз бай болмас
Малдың күші оңай ма
Мақтандырмай ол қоймас.
Көтібар да күшті ғой,
Егеске о да тоймас,
Шектінің аты Шекті де
Ұранын сіре жоймас.

Ә л і б е к

Шекті болса қайтейін
Жетіру қашан бос қалды?

М а м а н

Көрсетсінші Көтібар,
Сән-салтанат қызығын
Болмаса Шекті бос мақтап
Жүрген дағы бұзығын.
Әлем байлап ағашқа

Әулие деп табынған
Шектідей емес қызығым...

Дауыс

Уа, бір сәнді топ келед

II-дауыс

Уау, Арыстан екен ғой
Өзі батыр інісі
Батыр да ғой бұнысы.

Әлібек

(Шолпанға қарап).

Көрмегі тағы Айман да.

Шолпан

Керсе біз де көрейік
Көруден көз тойған ба?

(Жарасқа көзін қысып).

Айман деп ап бұ жігіт,
Шолпанға ден қойған да...

(Күледі).

Тобымен Арыстан шығады.

8-көрініс

I-Шөмекей

Уа, кел, қарағым Арыстан.

Арыстан

Аманбысың, қария?
Құтты болсын тойыңа
Айта келдім алыстан.

I-Шөмекей

Бәрекелде, ырзамын...
Құрметіңнен қалыспан.

Арыстан

Дос елім ең Шөмекей
Ертеде атам табысқан.

I-Шөмекей

Досынды дос деп бек тұтып
Жауынды да шабысқам.

Айман

(*Арыстанға*). Ал мырза, орын
міне, қош келіпсің!

Шолпан

Жалғыз-ақ (*өзінің кеудесін түртіп күліп.*)
Айман десең бос келіпсің.

Айман

Апаңнан әлдеқандай қауіп бар ма
Ұмытпай ол жағын да ескеріпсің.

Арыстан

Рас сөз, іздегенім сұлу Айман
Көрем деп талпынып ем мен талайдан,
Қыйғаш сөз, шығып қалды лебізіңнен
Кедергі шығып па еді әлдеқайдан?
Сен едің даңқың асқан кішкентайдан
Дәмелі мен емес пе ем құлаш жайған
Тарқаған жәрмеңкенің базары ма?

(*Шолпанға*)

Айманжан өзің толға болған жайдан.

Айман

Тартыс жоқ бұл арада керіс майдан

Шолпан

Жастық бар, шалқып ойнап, салған сайран
Әртүрлі әр жотадан сөз тастайсыз,

Наз жайын түсіне алмай тұрмыз қайран...
Айтпайық біз де сөзді салып епке
Орын жоқ айтысарлық налық өкпе
Мезгіл жай сізге де бір, көпке де бір,
Сол көптің бірі болар Әлібек те...

Ә л і б е к

(қалжыңшыл, асқақ).

Ендеше мен де айтайын мезгіл жайын,
Бұл дәурен шалқып жатқан айдындайын.
Жалғыз қу сол айдынның ақ еркесі
Балатқан бір өзіне күн мен айын.
Шұбыртқан бұл өлкенің бағлан байын
Сөзімде қате болса көпке дайын,
Толқынып пісетұғын кезі жетіп
Іздепті-ау сонда жалғыз теңді-сайын

(Күліп, желігін)

Несіне бұдан әрі пернелейін
Бәрібір дәурен өтер деп демейін
Шұғыла боп сол қуға біз құштырыппыз
Батыр ем, бағлан ем деп мен не дейін?

Ш о л п а н

(күліп). Жаным-ау, іздегенім әуре ме еді,
Арманым адам емей сәуле ме еді?

А й м а н

(күліп). Бұл жігіт шапшаң сауда
жылпос екен!
Әлде сор, әлде бағы әуреледі.

А р ы с т а н

(Шолпанға). Қарағым, саған шақтым
мен мұңымды
Сызы өткен мынау неткен деурен еді?

Ш о л п а н

(қыздар хорымен). Кезеген аяқ болсаң да
Ілінер жөргем мен емен.

Арыстан

Биіміз болсаң не етеді
Әділдікпен теңеген.

Шолпан

Машайығың мен емес
Сүрінгенді демеген.

Айман

(күліп). Жарар ма екен соншалық,
Сый құрбыны шенеген!

Шолпан

Бола алмадым аруақ,
Жалынғанды жебеген...

Арыстан

Ойпыр-ай, неткен асау ең
Тістегіш те тебеген...

(Өзіне)

Айман десе Айман-ау
Жақсы еді мынау не деген?
Эттең дүние біреуін
Алар күнім болар ма
Бере гөр, тәңрім, береген!

Әлібек

(Жантыққа). Жаным-ау, неге отырсың
тізгін тежеп,
Айтсайшы тілегімді естісін де.

Жантық

Уа, Жетіру, Шөмекей мен Шектісі де,
Бай, батыр, мырза, сері тектесі де.
Ұсынса қолы жетпей қалып жатыр
Айманжан шыдай алмай тепкісіне.

Арыстан

(Баллыққа)

Айтсаңшы Арыстанды теңеме деп
Әншейін келді-кетті көп кісіге...

Ж а н т ы қ

Бөтенге Әлібектен бұйырмаймын
Теңі жоқ бұдан өзге шет кісиде.
Талай жан жалын жұтып тас шайнаған
Жүлде алған Әлібекке кекті ішінде.
Құдалық сұрай келіп сауға берген
Өңім бе бұл көргенім деп түсім бе?
Бәйге алған, ту құлатқан желді аяғым
Қара көк қыйрата озған тестісінде.

Б а л п ы қ

Кез болдым сен екесің, ақын Жантық
Сыйыңды құшақтай бер қысып қамтып
Бөз беріп, сөзін сатып алып жатыр
Жантықта не қып қалсын енді тамтық?!
Мақтаншақ саудагерлер қайтушеді
Сөйлеме бойға өлшемей сөзін тантық.
Әкендей Арыстаным міне келді
Жетіру, көп көпірме енді танып...

Ә л і б е к

(Ж а н т ы қ қ а)

Солай да, жуан сөзге бұл басыпты
Ендеше сал шеңгелді батырына
Алынбай қарын шашы тегі асыпты.

А р ы с т а н

Өй, мырза, айтыста жоқ мұндай ырым
Не дейсің, қайдан таптың бұл кәсіпті?..

Ә л і б е к

Деген боп «батыр», «батыр» қан көтеріп
Қажытты құлағымды сол сасытты.

А р ы с т а н

(а т ы п т ұ р ы п).

Қарай гөр бөз құтыртқан көк жасықты
Еліріп тентек судай бұл тасыпты
Бар, Жарас, хабарын айт, батырға онда—
Қашанда егескеннен ол қашыпты.

Жарас кегеді.

Ж а н т ы қ

Шектіге бір кесел бар ерте қонған
Ол кесел бірде толып, бірде солған.

(Әлібек хоры қосылады)

Еліріп құр шоқпармен шонтай қағып
Арам тер әлін білмей әлек болған.
Сол іспен адамның жоқ сірә де оңған
Көргені кезуіл ме құрдым жолдан
Тыныштық та, байлық та мол Жетіруда
Қай Шекті қазына көрді уыс толған!
Батыр деп айдар тағып елірткенің
Жем іздеп, күндіз-түні маңын шолған.

Б а л п ы қ

(Арыстан хорымен іле жөнеледі).

Жетіру сөз шығардың бойыңа ерсі
Құтыртқан мына бөздің буын көрші.
Түлен түртіп бара ма қайда кеттің?
Кәніки білгенінді тағы терші:
Болмаса шыдамасаң жайыңа ерші
Базарға қойынды айдап байыңа ерші.
Сонда да қатулансам шұбыртармын.
Ер болсаң осы сертке қолың берші.

Жарас келеді.

9-к ө р і н і с

Ж а р а с

Уа, Маман бай, сіздерге
Көтібар батыр жіберді,
Мен сонымен кеп тұрмын
«Уа, Жетіру емен Шектімін,
Осал емен тектімін.
Маманменен кептімін
Жөнге келсе ептімін
Жөніне жөн деп көшпесе
Ойыса алман кектімін.
Тойға келсем қойыпты
Шөмекейдің шеткі үйін

Лайығым менің ол емес
Түсуіме аламын
Өзгені емес ордасын
«Маман байдың деп тұрмын...» дейді.

М а м а н

Уа, не деп тұрсын, жексұрын?

Ж а р а с

Мен қалыспын тек тұрмын.
Көріп келдім айтайын.
Ұнатпадым бет түрін...

М а м а н

Тимей-ақ қойсын септігің
Өзім-ақ басам әптігін.

А р ы с т а н

Шығар бар ма жамау боп
Сөзін айтар ептінің?
Қойса қайтед тиюін
Қытығына Шектінің!

Ә л і б е к

Тау жығатын селдей боп
Қарашы бұның екпінін.

Ж а р а с

Пай-пай-пай, екі нар
Қағысқан соң не амал бар?
Арада қайтып өлмесін
Енді сорлы шыбындар.
Тағы да айтпай болмайды-ау
Ызғары жатыр сөзінің
«Құтыртқаны буы ғой
Деп айтады бөзінің».
Жасырмай-ақ қояйың
Сыртына теуіп алыпты
Түк біткенін өзінің
Мойнына мініп апты дейд

Шөмекей мен Жетіру
Құлақ қақпас өзінің.

М а м а н

Олай десе қазір міне айта бар
Ойда ұлық, қырда қыруар малым бар
Ерегiссe шығып көрсін қарсыма
Қырық кессе де қу кедейлік әлім бар.
Уау, Орынпар, Қатірімпар, Шытырмпар
Жағалай сонау шәрлер бар
Лықылдаған ұлық бар,
Өреқпуін қоймаса
Тауандаған шолаққа
Кісенді қара құлып бар!
*(Жарас жөнеле береді де Шөмекейлер-
мен көпке оралып)*

Ж а р а с

Ал іздегенің сен болсаң
Сұрағаның жетсін тез.
(Ойнақыланып)
Олай болса мінеки
Ұр тоқпағым тоқ-тоқ!
Олар болса шоқ-шоқ
Бір бай мен бір батыр
Бір ісек, бір қошқар
Бір теке, бір серке.
Жекпе-жек, жекпе-жек!
Түрт сайтан, түрт
Үрит соқ-соқ...
Үрит соқ-соқ!...

(Кетеді).

М а м а н

Көтеріңдер желікті
Көрсетіңдер ойынды
Қандай пәле болса да
Көтеріп алдым мінеки
Баста қызу тойынды.

Өзбек жігіті билеп шығады, айнала тұрған көп көкпар қара жорға биің үлкен қызулы той түріне айналдыра билейді. Өзбек жігіті қа-

лың топтан серкені әкетіп жүрген жалғыз озғын жүйріктің қарекетін көрсетеді. Ақырында бұл жалғыз билеп жүреді: жеңудің, асқындаудың мақтан биі сыяқты. Осы бидің аяғында Қөтібар шыға келеді.

10-көрініс

Қөтібар

Тәйт найсап, жоғал әрі сен көзімнен!

(Би тоқтап қалады).

Әкелген үлгің со ғой сұм бөзіңмен.

(Жантыққа).

Қәнеки судан шыққан Судыр-ақмет,
тұсайтын келші мені қу сөзіңмен... .

Маман

(Жантыққа).

Айта ғой олай болса тілегенін,

Жарас

(Шөмекейлерге)

Көресің енді шатақ үдегенін!

Әлібек

Терезем тең, тең жауап айта аламын
Қамшыны көтермеймін білегенін.

Жантық

(құлшынып).

Ендеше біз егесіп көрген едік,
Шектіге орай жауап берген едік,
Мақтаны қара шоқпар ұр да жық деп
Батырын сіздей-сіздей терген едік.
Соңына саудалы бай ерген едік
Жетіру біз өңге елден сергек едік
Туласын шамданбаса тентектері
«Ә» десе «мә» деп сыйын бермек едік.

К ө т і б а р

Қет әрі, енді менен қамшы жерсін
Үргізген анау байың тыйым берсін

(Маманға)

Бетімнен алдырушы сен ғой, Маман,
Тұра тұр бұл бәйгеден атым келсін.
Келгенін күрең аттың жұртым көрсін
Көрерсің не көрсең де қылығыңнан,
Қиналы бөтен емес, өзім дерсін.

Ж а р а с

Батыр-ау, бұл арада бір түйін бар
Арыстан ниетіне жол қыйындар
Маманның қызын көрмек керіспенен
Таласа келіп отыр бұл жыйындар.

К ө т і б а р

Не дейсің, Арыстанмен кім таласты
Сөзімен Жетірудың кім санасты?

(Арыстанға).

Алмағың қайсысы еді бұнысының
Сен бе едің сөзі қалар аяқ асты?

Ж а р а с

Ниеті Арыстанның Айман еді,
Алсам деп оған құлаш жайған еді.
Әлібек жолды алам деп қарсы шығып
Сөз арты ерегіске сайған еді.

К ө т і б а р

(Айманға).

Жаркыным, таңдау сенің қолыңда екен
Тілектің бәрі сенің жолыңда екен,
Қайсысын қабылдап ең мыналардың
Оның мен екі жігіт солында екен.

А й м а н

Ойлап ем бұндай сөзден сізді алыс деп
Ұят-ау жауаптассақ біз шалыс кеп

Қызыққан, тандаған да жігітім жоқ
Не деймін көрмей жатып көз таныс боп?

К ө т і б а р
(қыздарға).

Ендеше жымнан шыққан жолбарыс бар,
Шындаса бойда күшін сол қарыштар,
Шулаған шүйе бөрі үнін басып
Ақырып «мен бармын» деп ол дабыстар.

А й м а н
(күліп).

Мекені жолбарыстың сар қамыстар
Ішінде талай жәндік бар қамыстар
Жолбарыс жымыңда ойнап көкше қоян,
Күштіні күлкі етер бар сол қамыстан.

К ө т і б а р

Уай, құбылған сайқал дүние-ай
Көркейіп тұрған күйін-ай,
Уылжыған тәтті жас
Әкетер ме ем үйіме-ай...

(Арыстанға).

Жарықтығым, жаратқанға жазғанбысың,
Өзіңе өзің пәле қазғанбысың?
Біреуін мыналардың таңдап алмай
Бойкүйез мең-зең болған азбанбысың?

Ә л і б е к

Ол ерік Арыстанда емес шығар,
Таласта ініңізге мен де сыңар.

К ө т і б а р

Ендеше өлсең дағы сол Айманды ал
Тартыстан Шекті ме еді бұғып ығар.

М а м а н
(ашуланyp).

Кім салды балларымды бұл саудаға,
Жайым жоқ қорлығына енді шыдар.

К ө т і б а р

Тілесем алғызамып таңдағанын
Қушімді ойың бар ма сенің сынар?

А й м а н, Ш о л п а н

(Орындарынан тұрып Маманға).

Алдияр қадірлі ата, еркін білсін
Егескен ершігешке балаң күлсін
Садаға ажарыңнан кетірейік.
Өртеніп өкінгеннен шашын жұлсын.

М а м а н

(қосылады).

Қарашы құтыруын қу шокпардың
Кеселің асқақ неме өзінді ұрсын.

К ө т і б а р

Солай ма, олай болса сертімді есті
Жетіру, құл етермін құлақ кесті.
Қатын жоқ бұл қыздардан Әлібекке
Қолыма ап, мал бермеспін жалғыз бесті.

М а м а н

Оңбайын шолақ кедей сені үдетсем
Шектіге бала беріп мен жүдетсем.

К ө т і б а р

Ендеше мен шабамын, шаптым, ойбай
Аяман қоңыз теріп босып кетсең.
Қатын қып қос қызыңды қолмен алып
Құтыңды қопарайын астан-кестен.

*(Маманды ұрмаққа ұмтылады. Жұрт
екеуін де жібермейді. Жанжал, шу).*

Ш ы м ы л д ы қ

ҮШІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Түн. Сахна қотаның ортасы сыяқты. Сахнаның айналасында жағалай тұрған ақ үйлердің сырттары. Ортада ең үлкен үй Маман үйі. Екі жақ жағында отаулар. Екі отау да оюлы, кестелі. Бұлардың екі жақтарында жай орташа бозғыл үйлер.

I-көрініс

Ауыл азан-қазан. Шабуылдың қалың шуы. «Аттан, аттан, ойбай, аттан! Ойбай, аттан! Қапта, қапта! Қапта!» дескен ұрандар. Сахнада әрлі-берлі қарбаласып, есі шығып босып жүрген қыз-қатын, кәрі-жас. Бұдыраған шаштар, үстінде жөнді лыпа жоқ, жалаңаштар да бар.

Шабуылшылар дауыстары

(Жақындап келеді).

Ал қапта, қапта, қапта!..

Тапта Маман аулын.

Тапта, қапта, қайта тапта.

Ауыл кісілерінің дауыстары.

Қайт-қайт-қайт!

(Найза, сойылмен қағысып жүргендер).

Уай, шіркін-ай,

Уай, кәпір-ай,

Тәйт жоғал, тәйт!

(Төбелес үстінде).

Бас көзінді, бас!

Түс, түс, түс!

Уай, шикін-ай!

Қайт, шапшаң қайт;

Жат, жөніңмен жат.

Келгендер жеңіп, сүріп, айдап қырғын қып бара жатқан сыяқты. Осы шабуыл суреті түгелімен бимен беріледі. Шокпар, сойыл, айбалталы би. Қағысқан, шабысқан, айла асырысқан, атүсті қырғын жойқын соғыстың суреті. Акырында Көтібар қолы жеңіп, жапырып үдеп бара жатқан хал білінеді.

2-көрініс

Айман, Шолпан, Жарас пен өзбек жігіті шығады. Өзбек жігіті мен Жараста көйлек жоқ. Жалаңаш етке шапан, шекпен киіскен, жалаңаяқ.

А й м а н

Жарас-ау, бұл сұмдыққа бар ма шара?

Ш о л п а н

(жерді тепкілеп).

Жұтпайды неге мені дәл осы ара!

А й м а н

Байдан да, бағланнан да қылығы асқан
Шын құзғын мынау ма еді жеке дара?..

Ж а р а с

Айтпап па ем Көтібардан сақтансын деп!
Не дейміз енді бүгін шапқасын кеп.

А й м а н

Құрып қалғыр одан дағы жол тапсаңшы
Келдім бе оны маған мақтасын деп!

Ш о л п а н

Бүлдірді тойың құрғыр қу Шөмекей,
Тыныштықта бай ауылы жатпасын деп.

Ж а р а с

Қайтесін құтыртқан соң тәнірім солай
Жалғанды жалпағынаң таптасын деп.

А й м а н

Айтсаңшы құтқарарлық ақылыңды,

Ө з б е к ж і г і т і

Құдай-ау, бізге медат берермісін
Қерсеңші биғам болған, қапылымды.

А й м а н

Тентек пен тексердім бе мақұлыңды.

Ж а р а с (Айманға).

Ендеше Жарас деп біл жақыныңды
Мен білген аямайын ақылымды
Бұдан соң не көрсем де бір көрейін
Қайтейін күн туған соң сапырыңды!
(Айман мен Шолпанды шеткі үйлерге қарай жөнелтіп жібереді)

3-көрініс

Ө з б е к ж і г і т і

Я ханнан мен қайтейін, Жарас аға
Маған да ақылыңнан қарас, аға.

Ж а р а с

Ал енді қарай жүр, сорлы бала
Екеуміз келіншек боп киінейік
Демейік келісе ме, жараса ма?

(Жетектеп алып жөнеледі).

4-көрініс

Маман ауылын қорғаған соңғы топ, селдір топ жеңкіліп қашып шығады

I-қ а т ы н

(қашып, ұрысқан боп).

Ойбай-ау, мынау әлгі батыры ғой!

II-қ а т ы н

Бегіне жан шыдатпас кәпірі ғой.

I-ж і г і т

Қаш, ойбай, жаның барда
жөніңді тап.

І-қ а т ы н

Батыры, беті жаман кәпірі ғой.

Көтібар шығады. Соңғы бір жігітті пайзалап қуып келеді.

К ө т і б а р

Қонраулы найза қолға алып
Қоңыр салқын төске алып
Алысқаннан есті алып
Ерте алыссам кешке алып!

*(Жығып салып, кеудесіне найза
түйреп, аяғымен басып тұрып).*

Жықпай қойман жығанды
Олда құдай өлдім деп
Оқый бер қу дұғанды...

(қолдарына).

Әкпел енді қалғанды
Жалпағынан жалпыйта
Басып өткем жалғанды.

(Маманды байлап әкеледі).

Бір сен емес талайдың
Басына әлек салғамды
Егесетін немеге
Танытайын тәңрісін
Батыра ұрып балғамды

М а м а н

Қу Көтібар, асарсың
Асарсың да тасарсың
Осыған орай жалғыз-ақ
Көерерсін сен қорлықты
Басыңа ұлық салған-ды

К ө т і б а р

*(Маманға тап беріп сақалынан алып
тұрып, пышағын жарқ еткізіп).*
Ендеше шағымыңа қоса тіркет
Жағадан кеңірдектеп алып тұрып
Сақалды қырқа кесіп мен алған-ды.

Арсалаңдап Арыстан шығады да, арашашы боп Көтібардың қолына
жабысады.

Арыстан

Қой-қой, батыр, ойбай-ау, бұны қойшы
Сорлыны қор етерсің шын арман-ды.

Маман

Шындасаң сақалды алма, ку басымды ал
Өлімге онсыз дағы тақалғам-ды.

Көтібар басын шайқап қоя береді. Маманды алып кетіседі.

Көтібар

(Арыстанға).

Ендеше сақалы олжа, қызы қайда?

(Жігіттер іздей жөнеледі).

Болмады, қызы бардан тапты пайда...

Арыстан

Батыр-ау, ат көтіне саламыз ба
Тимей-ақ қойсақ қайтед осындайда?

Көтібар

Қор неме, өзін-ақ бол жорға майда,
Сол демей неге келдің осы жайға?
Іздегем күн-түн қатып әсем қызды
Қыз қайда деймін, ойбай, қос қыз қайда?

Айман мен Шолпанды ұстап әкеліседі.

5-көрініс

Көтібар

(Арыстанға).

Бәрекелде, келіпті қос қыз сағай,
Не дейсің өкпең бар ма енді маған?

Арыстан

Ендеше Шолпан қызды әпкетелік
Айманы қала-ақ қойсын біз алмаған.

Көтібар

Ойбай-ау, жаман шартық, не деп тұрсын
Қалдырсам Әлібекке құдай ұрсын.
Бесеуін алмас па едім сендей болсам
Қос қатын ала алмасаң не қып жүрсің?
Бай табам, алып кетем, о да жүрсін.

Арыстан

Әкетіп қайсынымыз оны аламыз?
Құр зорлық сыяр ма екен қара дүрсін?

Көтібар

Құрып па иесі Шекті бай табылмай
Болмаса жатпас па едім бос сабылмай,
(Қол жігіттеріне).

Егестім екісі емес, қырық қызын да
Жыйындар, неге қоям олжа қылмай?
Қор неме, қорлығынды өткіздің-ау
Тимес-ау саған қатын ел шабылмай!
*(Жігіттер бірнеше қыздарды әкеп тізе
береді. Әйелдер жылауда).*

Айман

Көтеке, рұқсат қыл, ес жыяйын
Жыламан көзімнен де жас тыяйын.
Қайран ел, сайрандатқан, қайран әкем
Не қылып есім барда мен қыяйын.
Жалғыз-ақ бір сәлемім қалсын кейін
Жауымнан айырған жан алсын дейін,
Әлібек жаны болса іле құсын
Токталмай атқа тоқым салсын дейім.

Шолпан

Жалмауыз жау көзіңше бас имеймін.
Қу нокта шабындымен мен кимеймін.

Арыстан

(Шолпанға жақындап).

Шолпанжан, көп тартынба түбі қайыр,
Батырдың ашуына мен күймеймін.

Ш о л п а н

(кекетіп).

Әрине, бар жазғаның ел шапқаның
Жалғыз-ақ өлсем дағы мен тимеймін.

(Ауыл тонаған бір топ жігіт жетіп келеді
Бастығы шал).

Ш а л

(Көтібарға). Маманның дақ түссін деп
дасына да

Керуеннің қол қойғыздым қосына да!

Малына киінген екі әйел кашып шығады. Бастарында шапандары.
Ол Жарас пен өзбек жігіті.

6-көрініс

Ж а р а с

Қайтеміз ауыл толған сыпыра жау
Бір үйдің тап болмадық босына да.
(Жасанған жігіттерден жағалай жасқанып жүріп Көтібарға соқтығып қалыс-
ды).

К ө т і б а р

(бұл екеуін ұстай ап).

Қозғалма, үн шығарма, бас көзінді
Кімдердің қатыны едің, айт сөзінді...

Ө з б е к ж і г і т і

Ма-ма-а-а-н ха-хатыным...

К ө т і б а р

(екіншісіне тап беріп).

Не дейді, маңырайды мынау мылқау
Қайтеді алып кетсем тап өзінді?

Ж а р а с

Ма-а-а-маман, ха-хатыным.

Ш а л

Шықпаса шыққыр көзім танып тұрмын
Толайым саудагердің қатыны осы.

К ө т і б а р

Ендеше бірге жүрсін сал түйеге
Айманға тіркеу болсын қатын досы.

(Қолға айғайлап).

Қайтадан тарт ал енді
Келістіре жер кылдым
Егесетін бәлемді...

(Найзасын білеп).

Осылай болар қайратым
Тітіреткен әлемді.

Қ ы з, қ а т ы н

*((кетіп бара жатып қоштаса жылап үн
салады. Сыңсу үні)).*

Алдың-ау, тәңір, ерікті
Күзғынға жем қып беріпті
Көреміз бе біз елді.

А й м а н

Сұм дәурен, қайда кеттін сайрандаған,
Қызықты күнім қайда жайрандаған
Жағаға толқын ұрып, демім құрып
Ақ шабақ болғаным ба қайрандаған
Іште дерт мыс қазандай жай қайнаған
Жолы боп, жаудың жүзі жайнандаған
Толас жоқ әлі есітем әкем даусын
Артымда күңіреніп Аймандаған.

Ш о л п а н

(Қосылады).

Баласы ек Маман байдың мыңды айдаған
Қызыл көл дүниені ен жайлаған.
Сұр жорға, қара жорға теңселдіріп
Тұрманға меруерт маржан зер байлаған.

А й м а н

Қызықпен отырғам жоқ, көңлім тасып
Қайғыны қуам деймін өзім басып...

Ж а р а с

Айналдым ақылыңнан, Айманжаным
Ендеше айла-шарғы болсын кәсіп.

Ө з б е к ж і г і т і

Бәрекелде, бұларын, жүдә, жақсы
Мен дағы отыр едім құтым қашып
Шал шығады.

2-көрініс

Ж а р а с

(Айман мен Шолпанға).

Осы шал бізді торып көп жүреді,
Сұраңдар нені сезіп, не біледі?

А й м а н

(шалға).

Қария, айтар сөзің бар ма бізге,
Қамалтқан мынау қандай сұм күн еді.

Ш а л

Жіберді жайын біл деп ер Көтекен
Халі бар сен жыласан қоса жүдер,
Сен күлсең мәз боп бірге ол күледі.

Ш о л п а н

Ендеше жоғал аулақ манайымнан
Дейсің бе қуанышпен бір түледі.
*(Шал кетеді. Өзбек жігіті ысқырып жер
шертеді).*

А й м а н

Не айтады екен бұл байғұс
Үні қалай шерлі еді?

Ш о л п а н

Қу Көтібар зарлатқан
Бұ да біздей сорлы еді.

А й м а н

Басқа бір дерті бар шығар
Болмаса бұл сапарға
Күйіндім, біттім дер ме еді!

Ш о л п а н

Сапар ғана дейсің-ау,
Көрем деген кер ме еді?
Әттен ұл боп тумадым,
Кеудемді құса кернеді,
Өлер-ақ ем бүйткенше
Тілекті құдай бермеді.

А й м а н

Қойшы сонша тарылмай
Егіз де туған бауырым
Күйігін мені тербеді!

Ж а р а с

Қыйналдым-ау мен дағы
Мұңдарыңды есітіп
Шын маңдайым терледі.

(Өзбек жігітіне)

Уай жігітім, бері кел
Бастайықшы бір ойын
Демеуші ме еді көші-қон
Оразаның ермегі.

Ө з б е к ж і г і т і

(Айманға).

Уай, уай, апажан.
Нендей хайла болады.
Шығарлық бұл қападан

А й м а н

(орнынан тұрып).

Тұтқын боппыз біз мұнда,
Қол-аяғын матаған.
Сонда да мойын сұнбаймын,
Кел сауыққа басындар
Кейіс кетсін садағам.

Ж а р а с

Бәрекелде, Айманым,
Жақсы болды мінеки
Ойынға бәрін сайғаның,
Мен де бірге қостайын
Қозады бүгін қайдағым.

Қоса желігеді. Өзбек жігіті бастаған өзге топ би билеп жөнеледі. Алып күш, аюдай қолбаң қаққан қара күш, кәрі күш пен майысқан епті жастық күшінің алысуын көрсететін би. Қыялай майыса қашқан жастық, кәріге ұстатпай бұлтақтап күлкі етеді. Тұсаулы, шыр-маулы тұтқын жастың азаттықты көкसेген серпіні жалынын көрсететін би. Осы бидің орта кезінде қасындағы екі-үш жігіт жолдасы мен бір жас сұлу жігіт шыға қалып, қарап тұрады. Ол ерекше киініп келген Теңге.

3-көрініс

Т е ण г е

(би біте бергенде).

Кетті деп сеніп жүрсем жауды шаба
Шырмалып қалыпты ғой қызды таба
Жасанған жау дегені жайнаған қыз
Қызғанбай қайтіп тұрам құдай тоба?..

Ж а р а с

(Айманға Теңгені көрсетіп).

Дәл осы, сезіп тұрмын, тегін емес,
Тамаша сауық, сайран құршы кеңес
Шапқа түрт, сырды бермей тулатып көр
Тұтқын емен тоқалмын дей бер, егес...

А й м а н

(ойнақыланып, хормен).

Сергелдең бар, құрбылар, сейіл де бар,
Батырда бізге деген бейіл де бар
Қызықтың бәрі тамам болды деме
Бұрынғы көрген дәурен кейін де бар.

Т ең г е

Немене, келемісің қызық іздей?
Сөйлейсің жаңа түскен жеңгеміздей!

А й м а н

Несі бар, батыр басын кемітем бе,
Тоқал боп тигендер де болар біздей!

Т ең г е

Қарашы, бұл өнерді кім көріпті,
Қу шалға мұнда көрдім шын жерікті.
Теңгедей үйінде бар аю тоқал
Берер деп ойлаймысың ол ерікті?

А й м а н

Еркімен көнді дейсің қай көрікті?
Тандауды біздің қолға кім беріпті!
Байлауы батырда ғой мен не дейін
Бұл күнде тоқалынан ол жеріпті.

Т ең г е

Сөзіңнің жаңа ұғындым дәл іргесін
Ердің ғой осы жайды, сен білгесін
Оны да айт қайтер едің қарсы шықса,
Сенімен тайталасып жау күндесің?

А й м а н

Олай болса қайтемін
Сыбағасын берермін.
Қалдырмай жіп сіргесін
Батырға бұйрық етермін
Нақсүйер қып өзімді
Теңгені күнге тіркесін

Суыммен кіріп, күліммен
Шыға жүріп, сор қайнап
Агызар бастан сіркесін.

Т е н г е

Солай, сөйтіп құртам де
Жауласқанның жүйкесін...

(Жөнеледі).

Ж а р а с

(Айманға).

Жылы ізін суытпай осы шудың
Жіберме етегінен ұста қуды!
(Айман мен барлық жұрт Теңгенің арты-
нан салады, Жарас жалғыз).

Сүйер де, қызғанар да дәнемем жоқ
Тым құрса тоқал болмай неге тудым?

(Кетеді).

4-к ө р і н і с

Көтібар, Арыстан, шал және екі-үш нөкер жігіт шығады

К ө т і б а р

Деурен-ай, дәурен-ай,
Басыма түскен әурені-ай!
Кезек іскеп жатар ма ем
Екі бірдей сәулені-ай...
Болмады, пай-пай, болмады.
Қызды құшпай, па дүние
Көңілдің дерті солмады.
Қоныраулы найза қолға алып,
Қоныр салқын төске алып,
Қырымнан қыран болжады...
Келтірші шапшаң қыздарды
Үлеске салам олжаны!..

Әйелдерді алып шығады. Төрт әйел. Бәрі де бастарына жібек ша-
пан жамылған. Ақырын басып, сыпайы жүріп кеп батырдан төмен
тізіле отырысады.

5-көрініс

Көтібар

(әйелдер келе жатқанда).

Дәурен-ай, дәурен-ай,
Келе жатқан сәулені-ай!..

Арыстан

(өздігінен).

Әттең дүние, жалған-ай
Екеуін бірдей алар ма ем
Болмас еді арман-ай.

Көтібар

(қасына жақын отырған әйелге).

Түнеріпті түсіміз
Түн ұйқыны бөлгендей,
Беуі қабағымыз қатыпты
Күдері бел, күпшек сан
Үдете жортып желгендей
Уа беуі, көңілге күйік батыпты...

(Қасындағы қыздың бетін ашақ боп).

Уа, ақша бет Айман

Уа, дүние жалған...
Ақ жүзінді көрсетші
Мен де сен деп бет алғам!..

(Көтібар болмастан отырып қасындағы әйелдің бетін аша береді)

Ақша маңдай қасын-ай,
Түймедей болған басын-ай,
Қырлы мұрын көрінді
Әдемі нәркес көзін-ай. *(Мұрты ашылады).*
Мұрты бар ғой, сұмдық-ай! *(Өзбек жігіті).*

Арыстан

(Көтібарға қосыла)

Мұрты бар ғой, сұмдық-ай!

Ш а л

(қосыла).

Мұрты бар ғой, сұмдық-ай!

К ө т і б а р

(ақырып).

Кеселді сен кім едің, ой, қуарған?

(Шапанын жұлып алып, көйлегін басына
түріп жатып, шалбарын көріп)

Неге сен қатын емей еркек болдың?..

(Ұрып айдап жібереді, бірінші әйелге).

Жарықтығым, Айманжаным, қайтшы
райдан,

Жаратқан айналайын бір құдайдан!

(Бетін ашпақ болады).

Тап қылған сені маған тәңрім шығар,
Сескенбе кездесті деп әлдеқайдан?

(Бетін ашады, ол Жарас.)

Сақалы, сақалын-ай, мынау сұмның!

А р ы с т а н, ш а л

(тағы да қоса үңіліп).

Сақалы, сақалын-ай, мынау сұмның!

К ө т і б а р

Мазағы болыппыз-ау мына жынның!

(Бас салып ұрмақ болып).

Жарайын осы арада ит жемі қып,
Кім сұрап алар екен құнын бұнын...

Ж а р а с

Көтеке-ау, менде тіпті жазық бар ма?
Қатын деп алғыздың ғой барғандарға!

(Жөнеле береді).

Көтібар

Қыз емес қыз дегенім бәрі де азбан!
(Үшінші әйелдің желегін тарта жұлып
алады. Ол Айман).

Ку құдай, жерім бар ма саған жазған?

Айман

Батыр-ау, менің қанша жазығым бар?
Алдың ба иба қылып келуімнен,
Басқаша не қылып ем жолдан азған?

(Тұрып жөнеліп кетеді).

Көтібар

Қап, болмас, орайы бар ашуының
Себепкер өзім болдым қашуының!

Жарас пен Тенге шығып тұрады. Тенге батыр киімінде.

Міне біреу кім екен
Қайдан жүрген ұл ма екен?

Жарас

Көк атты көлденең ұл менмін дейді,
Олжалы көрі батыр көрдім дейді.
Бұл батыр сұрап отыр сыбағаны
Сауғаға қыз алғалы келдім дейді.

Көтібар

(атып тұрып).

Мен бе екем, өзім алмай қыз беретін,
Не дейді, қай күшіне сендім дейді?

Тенге

Дегені рас Жарастың
Жолым үшін таластым
Берсін батыр қыздарды
Адаспасын бұл жерде
Бұрынғының жолынан

Бермес болса жолымен
Тартып та алам қолынан

Кетіп қалады.

Қ ө т і б а р

Ха-х-а-ха-ха!
Көрсенші бұл неменің әуселесін,
Жол деген сылтау қыпты бірнемесін
Маманның матап алдым қызын өзім
Саған жоқ алты аласым, бес бересім.

Кетеді.

6-көрініс

Жарас Айман, Шолпан, өзбек жігітін шақырып алады.

Ж а р а с

Көрдін бе шауқар шалдың қу ниетін?
Алдында азап от бар шын күйетін.

А й м а н

Ендеше ақылын айт қайтпек керек
Не дейміз болар болса шын тиетін?

Ж а р а с

Қуғыннан болмай жатыр әлі дерек
Ойлашы, бала едің ғой ойың зерек.
Шолпанда Арыстанның дәмесі бар,
Айламен соны өзің қып алмақ керек!

А й м а н

Бұнысы тапқан ақыл Шолпан көнсе
Болмаса қайғы отына мен күйем де.

Ш о л п а н

Не болды өзін теліп, жарқыным-ау
Жауымнан қорыққанымнан мен тием бе?

А й м а н

Тимейсін, тіл емізіп күнелтесін
Ойлашы қайда отырсын осы күнде
Үйдегі еркелікке көп сүйсібе!..

Арыстан шығады.

7-көрініс

А р ы с т а н

Шұғыласы қандай күшті еді
Түн ұйқыны бермеді!

Ш о л п а н

(мұңайған боп, өтірік байқамағансып).
Жетер деп ем Әлібек
О да қуып келмеді.

А р ы с т а н

Көзіне бір ілмейсін
Мен де Арыстан батырмын.
Бір ерден басым кем бе еді?

Ш о л п а н

Не қылайын құр күшті
Сіз сілтеген бір таяқ
Еркіңіз батыр қолында
Оңға да солға сермеді.

А р ы с т а н

Намысым қайда жаным-ау!
Шабындыдан түскен қыз
Қалай-қалай жерледі?

Ж а р а с

(Шолпанға).

Сейіл-сейіл болғанда
Сергелден де сейілді
Арыстан құрбын келіпті
Достыққа беріп бейілді.

Ш о л п а н

Қайтейік құр бейілді
Қандырмаған мейірді.

А р ы с т а н

Қайтсем жібір тас көңіл
Үнемі маған зейілді.

А й м а н

Құбылған жас көңіл ғой
Ілгерілі-кейінді
Түбінде Шолпан түсінер
Бауырым-ды зейінді.

Ж а р а с

(барлығына).

Ал енді бәрінен де батыр қыйын
Тас түйін бірігейік осы жыйын
Егессе тас-талқан қып шырқ бұзад
Ебіңе бірігіп ап енді сыйын.

*(Барлығы мақұлдағандай
болады. Көтібар шығып келе
жатады.)*

8-к ө р і н і с

К ө т і б а р

Уай, дәурен-ай, дәурен-ай
Басыма түскен әурені-ай.
Кезек иіскеп жағар ма ем
Екі бірдей сәулені-ай!

(Мыналардың тобын көріп).

Пай-пай, мынау не, түге,
Ойыны әлі қанбаған
Не қылған ішің толғыр ед?

Әйелдер кетіп қалады.

(Арыстанға).

Жат жөніңе, Арыстан,
Жау жөнекей немеңе
Қыз-қырқынмен табысқан?

Арыстан

Жау болғанда қайтейін
Мен де бірге шабысқам.

Көтібар

Алатының қайсысы
Жөніңді айтшы, жарықтығым
Көп керісіп салыспан.

Арыстан

Таңдауын әлі шешкем жоқ
Несіне енді асығам
Жау қалды ғой алысқан.

Көтібар

Болмасаң әлі таңдап, жол менікі!

(Арыстан сөйлейін дегенде).

Кесігім естіртетін, дау емес бұл
Тимейін қалғанына сол сенікі!

(Арыстан кетеді. Көтібар Жарасты шақырады).

Уай, шірік, бері кел де маған қарас!

Жарас келеді.

9-көрініс.

Көтібар

Білдің бе қысымдым-ау беу-беу, Жарас,
Мінеки екі бірдей күн-түн өтті,
Ішті шер кернеп барад, қайттім, Жарас?

Жарас

Не дейді, бұзылған ғой асқазаны,

Көтібар

Сандалма, кісіні де қоя алам жеп!

Жарас

Ендеше немене алды бұл мазаны?..

Көтібар

Қуарғыр-құса болдым сұлу қыз деп...

Жарас

Ойбай, сорлы басым-ай, мынау ма еді?
Бұл енді шыны қыйын, қыйын еді?

Көтібар

Адыра қал, сөзімнен садағы кет!

Жарас

Тіпті қыйын бұл енді, қыйын еді!..

Көтібар

Уай, қысқарт, тас төбеңнен құдай ұрғыр!

Жарас

Не жаздым, ойбай, батыр, не дедің күр?..

Көтібар

Қыйынын айт дедім бе, қыйсынын тап
Тілқат бол тілегімді айт, бар енді тұр...

Жарас кетеді.

10-көрініс

Шал шығады.

Көтібар

Ал шалым, сен безей бер тіл-жағыңды
Жауап айт қызға салам, сен жағымды.

Шал

Қайтесін, батыр-еке, мені қыйнап
Аяшы тым болмаса мына ағымды!

(Сақалын ұстайды).

Көтібар

Тартынсаң жаны тәтті неме екенсің
Ұйлап күзеп алайын сор бағынды.

Жарас пен бір әйел шатырға келеді.
Жарас Көтібарға жақындайды.

II-көрініс

Жарас

Көтеке, маған жауап бермеді ғой
Батырдың өзін алып кел деді ғой...

Көтібар

(тұра келіп).

Бәлки жақсы лепес, жарым ырыс
Ендеше қызды қолға бергені ғой.

Жарас екеуі шатырға келеді.

12-көрініс

Көтібар

Уау, ақшабет, жан Айман
Айдалайын бір сені
Жаратқан сонау құдайдан.
Қолқам үлкен тегінде!

Тенге шығып қарап тұрады.

Қайтар болсаң райдан.

Жарас

(Айман атынан сөйлеп).

Бұл кісі жауап күтіп отыр сізден,
Не тілек тілейді екен дейді бізден?
Ала ма, жоқ, болмаса жай жастық па
Жауабын білсем дейді жүзбе-жүзден!..

Көтібар

Ат мініп неге асындым жарағымды
Бастаған таудай тілек талабымды

Болғанда жақсы лепес ай сұлудан
Тұрам ба жатқа беріп қарағымды.

Т ең г е
(тепсініп кеп).

Сап батыр, қыздан бұрын мені жайла
Елмісің, жауымбысың сөзді байла.
Олжаға бұл қыздарды мен аламын
Көнбесең көріп қалам күшің сайла.

К ө т і б а р

Қарай гөр жер астынан жік шыққанын,
Естіп пе ең Көтібардың сірә ыққанын?
Тұр былай, олжа десең жаның олжа
Сендейдің мыңын мегдеп шыныққамын.

Т ең г е

Шекіспей бекіспеиді жол деседі,
Ендеше, сөз шешпейді күш шешеді.

К ө т і б а р

Мұрдар-ау, қайдан шыққан сұм немесін
Кім деп тұр, осы кіммен егеседі?

Ж а р а с

Күшіне, жолына да сенген ер ғой,
Болмаса сірә бұлай демес еді.

К ө т і б а р

Бұл ер боп, жер боп қалар мен бе сонда?
(Теңгеге).

Қайтпек ең тие қалса қыздар қолға?

Т ең г е

Алам ба, қайтарам ба ерік өзімде
Аржағын өзім шешем алаң болма.

К ө т і б а р

Жә, жетті, тентіремей жайыңа кет,

Теңге

Ендеші мені жеңсең қызды аласың
Алыспен ашылады ендігі бет.

Көтібар

Не дейсін, қашқан қатын мен болам ба?

Теңге

(сапысын жарқ еткізіп).

Олай болса алыстым, кел жекпе-жек.

Көтібар

(сапысын суырып ап).

Кәнеки келген керді мен көрейін
Шыға ғой сыбағанды шын берейін.

Теңге

(атқып алдына кеп, бетіндегі салпыншағын аша беріп).

Не дедің, мен бе тоқал алғызатын
Асырып көрші кәне қыз мерейін.

Көтібар

Теңге ме ең, ойбай, қу Теңге!

Жарас

Теңге ме еді, жаным-ау! *(Күліп).*

Аймаң

Бәрекелде сапарын
Құтты болсын, жас жеңге! *(Күлкі).*

Теңге бұрқырап Көтібарға қаптайды.

Көтібар

(Тұра беріп сасқалақтап қайта жығылып бақыра ашуланып қамшымен екі жақты бірдей сабайды).

Бұзамын, ойбай, қамалын
Әлекті мүлде саламын,
Құтылып көрсін қыз менен.

*(Тұра беріп қайтадан артымен жер түйіп
отыра беріп).*

Аламын, ойбай, аламын!..
(Қамшысымен жер сабайды).

Ш ы м ы л д ы қ

ТӨРҮНШІ АҚТ Бесінші сурет

Аймандар тұратын отаудың бір шеті көрінеді. Сахнаның екінші жағы көк төбе. Көтібар қолына үкілі домбыра алып, қасына шалын ертіп әндетіп келе жатады. Екі шал ойнақ салғандай шалжандап дуэтше жырлайды.

К ө т і б а р

Маманның қолымда отыр балдырғаны
Тал бойын талайлардың талдырғаны.
Отыз күн енді бүгін өтіп барад
Қамырығын қам көңілдің қандырғалы.

Ш а л

(қостап іле жөнеліп).

Қыркылжың бұған дейін алдырмады,
Құйрығын қызыл тағы шалдырмады.
Зар күйі енді соғып кері қыран
Тепсініп тегеуріні салдырлады.

К ө т і б а р

Уа, сорлы үнім енді ғана саңғырлады.

Ш а л

Қыранның аш дабылы даңғырлады.

К ө т і б а р

Тоятқа айдай Айман ілемін деп
Көңілде арман сірә қалдырмады.

Ш а л

Жаман жаяу жаяулаған жалбырлады.

К ө т і б а р

Тоқал да ту шолағын шандырлады,

Ш а л

Бөгеттің бәрін бүгін үйіп-төгіп,

К ө т і б а р

Еңбегін кәрің келед жандырғалы.

(Төбе басына жақындап қалысқан шал бұрынырақ шыға беріп, аржағынан жауды көріп).

Ш а л

(күн салып қарап тұрып).

Тұра қалшы, батыр-ай,
Қаптаған мынау неткен қол,

К ө т і б а р

Не дейсің, ой, бұның кім?

Ш а л

Алып тұр-ау үрейді.

К ө т і б а р

Шақыршы, білсін біреуді.

Ш а л

Ойбай, батыр, камың қыл
Қуғын келген сүренді!

К ө т і б а р

(қалбақтап).

Тартшы ендеше тезірек
Белдеуде тұрған күренді.

Екеуі де жөнеліседі.

2-көрініс

Айман, Шолпан, Теңге, Жарас шығады.

А й м а н

Жеткен екен Әлібек
Берерсің тәңір тілеуді.

Арыстан шығады. Артында қолы әзір, қарулы топ ере шығады.
Арыстан қару асынған.

3-көрініс

А р ы с т а н

Көрдің бе мына жауды келе жатқан
Жоқ екен шоқпарымның дәмін татқан.
Кигізем қызыл тақия ершігешке,
Ұстандар Әлібекті, аттан, аттан!
(Қолымен жөнелмек болғанда Айман тоқ-
татады).

А й м а н

Тоқташы, осылай ма ед, батыр, сертің?
Тұтқында жетпеп пе еді менің дертім
Қағыспай, ұрыспай-ақ бітім тапшы
Бүлдіру, түзеу дағы сенің еркің...

Ш о л п а н

Қалайша мен есіңе алынбаймын?
Көп сөйлеп арам тер боп сабылмаймын,
Соғыссаң сен деп қалар мұнда қыз жоқ,
Құтыр да, бақсы боп кет жалынбаймын...

А р ы с т а н

Ойпыр-ау, мынау қандай тұсау еді!
Қалайша ат ойнатып жау келеді!

Т е ң г е

Жаным-ау, бәрің бірдей бақсы ма едің?
Ағаңның жындылығы тапшы ма еді?
Ел шауып бір қора қып қызын алдың
Көргені Жетірудың жақсы ма еді?

Ж а р а с

Не десін, бәрекелде, сөз-ақ тағы
Бәрінен тентек Тенге өзін зорсын.
Мынауың қалай дұрыс жақсы үн еді?..

Т е н г е

Ендеше батыр атын мен тыққыздым!
(Мылтықты жерден алып көрсетіп)
Әдейі мылтығын да ап шыққыздым.

(Өзбек жігітіне ұсынып)

Тығындар, ал тығайық бұл немесін
Дей берсін кәрі баксы «шырық бұздын»!

Ө з б е к ж і г і т і

(мылтықты алмай қашып).

Ойбай, мен бұл пәлені қолға алмаймын
Тағы да жаңа сорға жол салмаймын.

Т е н г е

(Жарасқа).

Ендеше сен тыға ғой бір араға.

Ж а р а с

Қой, жаным, мен онсыз да сормандаймын..

А й м а н

Ендеше бері әпкелші қайтушеді?
(Мылтықты алып далаға шөп арасына тастап).

Тығайын, жаласында мен қалмаймын..

А р ы с т а н

(Шолпанға жанасқысы келеді, анау сызданып сырт қараңқырап тұрады).

Жауды мен етсем деп ем жентек-жентек
Қолымды ұстап қалдын Шолпан тентек.

Соғыспай бітім табам, уәденді бер,
Тиім де бұрынғыша қақпай селтекі

Шыпан сырт айнала береді. Үн жоқ. Арыстан қаруына шап етіп
жабысып қайта бұрыла береді. Сонда Аймақ араға түседі.

А й м а н

Күдікті көңілдегі таста, Арыстан,
Біз бе едік сенін жауын қасқарысқан?
Алып кеп Әлібекті жауабын ал
Өзің бол ендігі істі басқарысқан!

Осы кезде дөң басына қуғыншылар шығып бері келе жаталы. Арыс-
тан мен соның қолы ғана қалады да, өзгелер үйге қарай кетеді.
Келе жатқан елдің алдында Әлібек.

4-көрініс

Екі қол біріне бірі қарсы келеді.

А р ы с т а н

(Әлібекке).

Бейнебір тасқынындай аққан селдің,
Мұнша елді жыйып алып неге келдің?

Ә л і б е к

Келемін жесір іздеп, қорқайын ба?
Мен дағы баласымын іргелі елдің.

А р ы с т а н

Қай қызда ниетін бар сенің алмақ?

Ә л і б е к

Қайсысын қалдырып ең жөнді айтсаншы,
Тандауды болмақ па едің маған салмақ?..

А р ы с т а н

(кекетіп).

Дәніккен дегенім ғой мыңнан талғап,

Әлібек

Серт тұрмас кылыш үстінде қысталанда,
Кең болсаң орнатар ма ең құба қалмақ.

Айман, Шолпан, Теңгелер шығады.

Арыстан

(бұларды елемей).

Ер болсаң онда күшің көрсетерсің
Бопсың ғой қыя сөзбен мені шалмақ.

5-көрініс

Әлібек

(Шолпанға қарап).

Ай-күнім, Айманжаным, денің сау ма?
Шырмалған ақ шабақ ең қыйн ауға
Артыңнан алас ұрып келдім жетіп
Болсын деп бұл шыбын-жан саған сауға.
Кешіктім көп отырдың тас қамауда,
Қапамен дәурен өтіп күн санауда
Жеткенім осы-ақ болды кешермісін,
Салсам мен тои тонауды қан талауға?..

Шолпан, Айман

Көп күндер болғаны рас кеткеніме
Қыйын жол көзің жетер шеккеніме.
Қырсығып, мал құтыртып өршеленіп
Оралдым өнкей жынның еккеніне!
Бәрі бір болып болмай өкпелі не?
Ырзамын іздеушінің жеткеніне.
Мұндағы борыштарым Теңге, Арыстан
Шүкірлік солар жәрдем еткеніне.

Теңге

(Әлібек пен Арыстанға).

Ал енді келісіндер есебін тап
Болмаса батыр жатыр әлегін сап.
Бейбіт ел арандасып қырылады.
Кеткен сон ол құтырып қару жұмсап.

А й м а н

(Әлібек пен Арыстанның қаруын өз қолымен алып).

Ендеше сен екеуің табысты деп
Қояйық қолдарыңнан қаруынды ап.

Ә л і б е к

(Айманға).

Шолпантай, сені дағы ойға алғамын.

А й м а н

Мен дағы сені күтіп көп талғамын.

А р ы с т а н

Екі қыз бір түйінге себеп болдың
Қыйынын өтіп алғам тентек жолдың
Екеуін сірә бірдей кете алмайсын
Егесте сыры мәлім біздің қолдың.

Ә л і б е к

Екі қыз қатарымен сенде қалмас
Осы сөз кесер сөзім мен де болдым.

Екеуі тағы шекісе жаздап жақындаса береді. Сол кезде Жарас жүгіріп шығады.

6-көрініс

Ж а р а с

Ойбай-ау, бүліндіндер енді есті жый.
Таласқан анау-мынау керісті тый.
Бөгеп ем болмай қойды қатты ашумен
Баксы боп батыр келед берем деп сый.

Т е н г е, А й м а н

(Әлібек пен Арыстанға).

Ал енді олай болса көз қояйық,
Болған боп тегіс тату ден қояйық.

Ж а р а с

(жұртты тегіс желіктіріп).

Бәрекелде ендеше мәре-сәре
Бола қап у-шу, ду-ду ойын бастап,
Жау дерлік суық түсті ал жойайық.

Сонда сахнада тұрған барлық қолдар лап беріп ойнай, билей жөнеледі Жарас өзі бастап жүрген кісі сыяқтанады. Би: болымсыз бірдемеге галасып үдірейіп, үрпийсіп жүрген топтарды көрсетеді. Олар галасып кеп артынан сол нәрсені біреу мазақ ете ала қашқанда, соны жосыла қуады да алданады... Не қыларын білмегеннен біресе құтырынып аспанға атқып, біресе бүгіле домалап жың қаққандай, қым-қуыт болған топ. Соңғы кезде барлық адам тобы, құйып үйірген құмдай құтырады. Баксы ойнағы боп кетеді. Билеушілер жылтыр жүз, жуан қарын, кара сақал, көк сақалдар. Бұлар кейде қарындарымен қағысып калып та жүреді. Мазмұны — рубасы, атқамінерлер билеген күннің ылаңын, жесір дауын баян етеді, мысқылмен баян ететін би болады. Көтібар жұлынып бұрк-сарқ етіп шыға келеді.

7-көрініс

Көтібар

Көрсетші, мені қуып келетін кім?
Әлекті, әбігерді салатын кім?
Аулыма ат ойнатып селдей басып
Қолымнан қызды тартып алатын кім?

Аймаң

Батыр-ау, сізден тартып кісі ала ма?
Алыскан асын жөндеп іше ала ма?
Алушы өкіл күйеу болар сізге
Жазғанын біз көрерміз пышанаға.

Көтібар

Не дейсің, сол-ақ па еді қарқ қылғаның?
Несіне мен жеңдім деп шарқ ұрғамын!
(Әлібекке).

Қулықпен құлдыратып алдамақсын
Көерсің сен немені шаптырғаным...

Әлібек

Ұсынса басты қылыш кеспес деген
Емес ем бет алдыңнан кес-кестеген.

Шапсаң да ерік өзінде, күйеу болам
Бой сұнған бұл тілегім кетпес дегем...

Т е н г е, Ж а р а с,

(Көтібар сөйлейін дегенде киіп кетіп, қолдарын жайып).

Пысмылда, я аруак ата-бабам!
Сасқанда сендер демей кімді табам?
Тындандар оң құлақпен тілектерін
Күйеуге осы болсын менің батам!
(Көппен бірге қайта-қайта бата қылып).

Алла акпар, шырақтар,
Осы біздің жұбаптар.
Батадан аттап кайтеді
Батыр да бұған тұрақтар.

Жұрт бата қылып жатқанда Көтібар аласұрып, әрқайсысын тоқ-
ватпақ болады. Өзі де бір жағынан амалсыздан бетін сыйпайды.
Жұрт шуылдап сүйсіне бастайды.

Ж ұ р т д а у с ы

Бәрекелде, батырға
Бата берді ақырда
Өкіл күйеу — өз күйеу
Татыйды ғой жақынға.

К ө т і б а р.

(Шуды басып Теңге мен Жарасқа).

Бата қып менен бұрын, жынды көкек,
Екі сұм бұл пәлені кім үйретті?

Ж а р а с

Батаны бала етсе де байлау дейді,
Біз емес бұрынғылар дәл сүйдепті..

Т е н г е

Батаның жөні келді бермей кайтем, *(өті-
рік көлгірсін.)* Нең шығып, сенің оған
нең күйрепті?

Көтібар

(Теңгеге тепсініп).

Қуарған, қатын емес, құр сүйреткі, (жер
тепкілеп).

Сығыр-ай, құр қалдым ба шыныменен
Жаусың сен, жауабымды кім билетті?

Теңге

Сап-сап-сап!

Көтібар

Жап, аузынды, жап!

Теңге

Шыдай тұр, шыдай.

Көтібар

Уа, тәйт, сұмырай!

Теңге

Ал қызынды ұзатасың
Өзін өкіл атасын,
Сұрай келген мінекей
Берді қауым батасын.
Уа, мен өкіл анамын.
Құдай деп қана қасымда
Енді теп-тек жатасын.

Көтібар

Тоба, тоба, тоба! (Қайта құтырынып)

Тұра тұр бәлем әлі ме
Жайынды мықтап табармын.

Келістіре тағы да
Тік көтере шабармын.

Әлі де талай пәлені
Басына, түге, жабармын.

Шабармын, сірә, шабармын!
(Арыстанға қарай тап беріп).

Алдың ба тым құрмаса сен таңдауды!
Қойдың ба асқақтатып әлде жауды?

Арыстан

Дегенім деген жерден шықсын менің,
(*Шолпанды көрсетіп*).
Аламын, мынау қызға денім ауды.

Шолпан

Катын боп шабындыдан саған түскен
Тимеспін құлатсан да басқа тауды.

Әлібек

Сөзіңе құлдық ұрдым, Айман айым
Солай деп жөнге салшы бас асауды.

Көтібар

(*естіп қап қайта қаптап*).
Не дейді мына мұндар бата бұзды!
Жібермен олда оңбайын бұл қос қызды.
(*Арыстанға*)

Бересін жолды неге Әлібекке?

(*Ұмтылып*)

Коя бер енді шындап қаным қызды.
(*Талқан боп мылтығын жерден тауып ап*).
Ендеше қырық жыл қырғын салайын мен!
Алғамын сендей қыздың талайын мен!
Аулымнан мен тіріде қыз кетпейді
Қуғынды қырка матап қамайын мен
Мін ойға, мін атыңа, аттан, аттан!
Көп жендет Көтібарлап жабайын мен.
(*Жұрт шуылдап шошып, қолдар қыймылға әзірленгендей болады*).

Жарас

Уа жұрт-ау, жеткен жоқ па бұл селебе?
Кайтеді істі берсек жол келеге.
Маманның өз аулынан өз қолынан
Алмастай не кесір бар неменеде?
Күйеу боп екеуің де жасап алсаң
Жаным-ау, тақыяңа тар келе ме?

Әлібек

Құлдық, ойбай, өйдесең мен көнейін,

Арыстан

Жарайды, мен де тіпті үндемейін,

Тенге

Жол осы, бәрекелде, өзгені қой,
Колынан құда болып қыз алуға
Қасыма жолдас алып мен ерейін.

Көтібар

Көнбеймін, қызды тартып әкете ме
Оттама, асырмаймын жау мерейін.

Жарас

Аспасын жау мерейі, батыр, сабыр
Әлібек жылы ізімен қайтсын қазір.
Там сүзіп қараңғыда жүрген жігіт
Маманның ауылында кен байтақта
Тілеген, таңдағанын сонда таныр.

Тенге, Арыстан

Дәл байлау осы болсын әзір таңға,
Кылғаны аз емес бай Маманға
Батыр да осы сөзге тоқтай білсін
Жетті ғой тыныштық берсін топты жанға!

Хор

(қосылып).

Мақұл-ақ, билік осы болғаны ғой,
Бар есеп осыменен толғаны ғой.
Қос қызды аулына ұзатайық
Токтады, батыр жөнді болжады ғой.
Ал енді жолың болсын, Айман, Шолпан,
Қайтатын күнің туды қырсық жолдан,
Қасында Тенге, Арыстан, Жарас, жастар
Апарып тапсырады үйге қолдан.

Ж а р а с
(Әлібекке).

Байғұс-ау, неге тұрсын жөніңді тап
Сен кетпей шал ашуы басылмайды.
Тез жөнел бөгелместен бар қолыңды ап.

Ә л і б е к

Тиеме осы қыздан таңдағаным
Қалмайын қара жерді мүлде сыйпап.

Ж а р а с

Көресін не көрсен де ауылыңда
Сөйлеме бұл арада аузыңды жап.

Ә л і б е к

(қолын қайта әкетуге қамдап, Шолпанға қарап).

Айманым, мен қайтайын өз жолыммен
Қасыма ере келген бар қолыммен.
Жалғыз-ақ ата-анаңның өз қолына
Алмасам ауыр болар өлгенімнен.
(Жөнеледі).

Ж а р а с

Келісті не қыласың осы қолқан
Айман деп жабысқаның әлі Шолпан.

А й м а н

(Жарасқа).

Жарас-ай, өзін болдың анық ағам
Асты ғой бәрінен де сенің баған.

Ш о л п а н

(қосылады).

Болғанға басым аман қарыздармын
Айтшы бір көңіліңді немен табам?

Ж а р а с

Үндеме, акы алмайды жаман аған
Әуелі аман-есен үйге қайтшы.
Енбегім осы жылғы шын садаған!

(Теңгеге)

Ал Теңге, камданайық не қып тұрмыз,
Құдағый, баста жолды—құтты кадам!

Т е н г е

Ендеше еретіндер екшеле бер,
Арыстан, айып анжы ескере бер
Құда боп бал жаласып біз қайтайық
Десенші бұл сапарға дес бере гөр...

Ж а р а с б а с т а ғ а н х о р

Құтты болсын, бұл сапар, құтты
болсын!

Қуанышқа жастардың қойны толсын!
Бұлт айығып, күн шығып, күле жайнап
Қас ойлаған кара күш енді солсын.
Мен де барам бұл тойға
Мен де барам сол тойға.
Мен де қалман барамын
Той ұлассын шын тойға
Біз барамыз шын тойға.

Ш а л

(Көтібардың қасынан тұрып).

Қалкатайым Теңгежан,
Бұнда маған неме бар?
Әйтеуір амал құрыды
Қасыңа ерем мені де ал!

К ө т і б а р

Тәйт, шығарма үніңді,
Қара, мұны қортық шал!

Ш а л

(алақтап, елігіп).

Жо, жо, батыр алдияр.

Калар болсан өзін кал! *(Теңгеге қарай қашады)*.

К ө т і б а р

Тастадың ба қуарған?

Ш а л

Жаспен болам не болса, *(қутыңдап)*
Шалда не бар суалған!

К ө т і б а р

*(бір тұрып, бір отырып зығыры қайнай-
сы, жастар жылжый береді)*.

Уай, тоба, тоба, тоба!

Уа, тарт былай, тоқта, түге! *(Жұрт
тоқтайды)*.

Ж а р а с

Ал. батыр, ашу алды, ақыл соны
Бар істін ашылды ғой оны, солы
Касыннан шал екеші о да кетті.
Қайтеді сол сапарға ере барып
Екеуміз бата берсек осы жолы?

К ө т і б а р

Адыра қал өзінмен,
Құрыттын ғой, қу Жарас,
Жоғал арман көзімнен.

Ж а р а с

Сабыр, батыр, сабыр қыл!
Бар көргенің өзіннен.

К ө т і б а р

(жұлқынып).

Уай, сұм-сұрқия дәурен-ай,
Басыма түскен әурені-ай.
Жіберші, уа, жібер былай
Сорлататын неме екен.
Сірә мені сол құдай!

Уа, қайдасын, сен құдай!
Шұнак құдай. құдай. құдай!

(Аспанға мылтығын атып жіберіп жөнеледі. Арттағы жастар тобы шулап күліп қалады).

Ш ы м ы л д ы к

С о ң ы.

БЕС ДОС

Ұлы Отан соғысының геройы
ТӨЛЕГЕН ТОҚТАРОВКА
арналған 4 актылы, 6 суретті
опера либреттосы

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Сахна үлкен келісті бөлме. Бұл дивизияның уақытша штабы. Соғысып келе жатқан дивизия уақытша бір үлкен завод корпустарын мекендеген. Терезеден биік корпустар, трубалар, вышкалар көрінеді. Сыртта әскер өтіп жатыр. Әскер хоры.

Әскер әні

(Жамбыл өлеңімен).

Ер сүйікті еліне
Ел намысын жықпаған,
Қару байлап беліне
Кегін алған дұшпаннан!

Қасиетті халыққа
Отанымның жорасы
Жаудан тайқып ықпаған,
Тұтқыйылдан саспаған.

Ойы терең теңізден
Бойы биік асқардан,
Айдыны зор отанның
Есітсе жау жасқанған!

(Үйде, генерал терезеге қарап тұрған, енді бұрылады. Тосып тұрған ад'ютантқа).

Генерал

Бар ма, мұнда шақырғандар?!

Адъютант

Шалқар полк командирі,
Дивизия комиссары
Сізді тосад, генерал!
(Генерал белгі етеді. Екі офи-
цер кіреді, амандасады).

Генерал

(полк командиріне).

Жарлық тығыз, полковник,
Таптыңыз ба айтыңыз
Мен сұраған адамды?

Полковник

Комиссар мен екеуміз
Полк ішінен таңдап ап
Ерді әкелдік жарамды!..

Генерал

Келтіріңіз өзін мұнда!

Адъютант Жадайды ертіп кіреді. Генерал орнынан қозғалып барып
Жадаймен амандасады.

Жадай

Лейтенант Жадай
Әміріңізге әзірмін,
Жолдас генерал!

Генерал

Тыңдаңыз, жолдас лейтенант!
Бұл сапарда бәріміз
Бас штабтан.
Бас команда
Әмір алған қалдеміз!
Жан аямас жолдамыз...
Сегіз күндей дивизия
Қалың сазбен, жолсызбен
Тоқталмастан осы арадан
Жау сыртынан шыққанда

Найза болмақ қадаған
Соқпақ жақын қаладан!
Ол Трашково қаласы
Қалың жаудың панасы,
Жалғыз-ақ түн ішінде
Сол қаланы алмақпыз
Әзір сәтте осы түнде
Сіз баршыға бармақсыз.
Штабы бар, склад бар
Станция мен көпірлер бар
Бәріне әлек салмақсыз!
Ондағы жау штабта
Маша дейтін әйел бар
Сол сіздермен жалғассын!
Міндет осы, лейтенант
Енді айтыңыз, көмекке
Қанша кісі алмақсыз?!

Ж а д а й

Маған салса бұл сапар
Бесеу жетер керекке!

Г е н е р а л

Бар ма, сондай сіз білетін
Ер жігіттер ерекше?!

Ж а д а й

Рұқсат болса, генерал
Әкелейін алдыңызға,
Төрт жауынгер серік бар ед
Сынасып ек талай тайғақ белесте...

Генерал рұқсат етеді. Жадайдың белгісімен Төлеген, Саттар, Бай-
мат, Зариф кіреді.

Г е н е р а л

*(алғаш кірген Төлегенге қарайды, бәрі-
мені амандаса тұрып, Төлегеннен жөн сұ-
райды).*

Қай жерденсіз, жауынгер?!

Т ө л е г е н

Қазақстан, Алтайдан ем.

Генерал
Фамилияң қалай ед?

Төлеген
Мен Тоқтаров ем.

Генерал
Тоқтаров па? Мен білемін.
Есімде, Руза бойында,
Автоматпен жойғаныңыз
Жаудың түгел ілегін...
Енді мына сапарда
Тағы да ер атағын...
Бес дос болып қосыла
Таппағыңыз тілегім!

(Кейін бәріне арнап сөйлейді).

Жолдарың болсын, жолдастар!
Ер сапарды абыроймен
Сондарыңнан қол қостар...
Серт сол болсын бұл кеште
Осы түнде тыным алмай алысып!
Таңсәрімен табысайық
Трашковта жауды жойып егесте!

Ж а д а й
Отан үшін айқасуға әзірміз!

Генерал жігіттердің қолдарын қысып қоштасады. Жадайлдар әскери тәртіппен жөнеле береді.

Ш ы м ы л д ы қ

БІРІНШІ АКТ Екінші сурет

Айналаның бәрі сарғайып, қызарып сан бояуға малынып тұрған күз көрінісі. Қалың дүм тоғайдың шеті. Қалғыған қарт алыптай боп, мызғымай тұрған бірі сары, бірі қызыл екі ағаш бар. Осы ағаштарды бетке ұстап, алдын барлап совет әскерлері шығады. Ол баршылардың үлкені Жадай. Айналаны аныстап алып, артына қол бұлғайды, кейіннен төрт баршылар шығады. Олар да алдын бағып, аңдумен келе жатқандар.

Ж а д а й

Тоқта, достар!..
Жай басындар, берігендер.
(Жадай қасына жолдастары
топтанады).
Халді айтайын сендерге
Ер серіктер, мергендер...
(Алдын нұсқап көрсетіп)
Бұл арада бес қала бар...
Бергі мынау Трашково
Оқшау жатқан қалың күшпен
Кең жайғасқан баспана бар.
Осыны алып дивизия
Біздің үлкен шабуылға
Жолды салып сермесін.
Сондай талап алдында,
Біз баршыға келгесін
Қапылыстар болмасын.
Трашковта бар күштің
Белгісізі қалмасын,
Склад бар, арсенал бар
Үлкендерін жоюды
Дәл осы топ қолға алсын...
Табысармыз Ақкөпірде,
Барды жайпап болғасын.

Т ө л е г е н

Бұйрық ет,
Тапсырманды тосамыз!

З а р и ф

Міндет тапсыр, командир!..

Б а й м а т

Қайсысымыз қай жұмысқа
барамыз?!.

Ж а д а й

Трашково ең үлкені,
Жау бекінген бес қаланың

Ғ а й н и

Мен де сондай хабаршы,
Санитарка және дағы бола алам...

Т ө л е г е н

Қандай жақсы келгенің!

Ғ а й н и

Өзінменен осында,
Бір болғанға қуанам...

Ж а д а й

Мәлім болсын, достарым,
Аңдап, ойлап алыңдар
Үлкен міндет аз уақытқа бергенін...
*(Сәлден соң Маша туралы
ариясы басталады).*
Достар біз сын сапарға берік жанбыз,
Бұл жолда ерлік қана серік жалғыз.
Онан соң алдымызда тағы дос бар
Маша деп аталады анық сол қыз...
Бас байлап тәуекелмен жау штабта
Өткізіп әр сағатын жан қыспақта,
Дәл хабар біздің жаққа жеткізеді
Ерлікке еркін құлаш қарыштап та...
Билеген бес қаланы бір штаб бар
Аямай айналаның елін таптар.
Сол топта өзі болып істеп жүріп
Маша кеп сыр ағытар неше қатпар.
Бәрің де өз жолыңда сол Машаны,
Кез болсаң, ебін тавып оңашаны.
Білер ең әттең оны табу қиың,
Осы кеш бізге керек тамашаны!..
Сол Машаға кездесуге
Бір хабаршы бізге керек.

Т ө л е г е н

Қім барады, әкелуге,
Бәрімізге қымбат дерек?!

Ж а д а й

Менің өзім барсам да
Жетерліктей мол себеп...

З а р и ф

Сен баруға болмайды.

Б а й м а т

Ортамызға командир,
Басшылық керек қарсаңда...

Ғ а й н и

Мен барайын бұл сапарға
Әйелмін ғой танылмаспын,
Аз киімді ауысып,
Өң өзгертіп алсам да...

Ж а д а й

Мақұл екен, қас қарайсын,
Сонда бәрің тарайсын!
Тек Рахман қайта берсін
Сағат төртке деген кезге,
Ақкөпірге қол келсін!..

Рахман кетеді. Достар Ғайниді жөнелтпек боп сырт киімдерін
ауыстырып жатады.

Ашылсын сақтаған сыр серіктерім,
Талай жол бірге кешкен беріктерім.
Алыстан аңсағаным айнымастан
Анау тұр, жау қолында туған жерім.
Анау су жағасында ойнап-өстім
Екі жыл айрылуда күндер кештім.
Марфадай анам қалған, жарым Люба
Любаша жастан сүйген жандай достым!
Баурында жаңа туған Гаврик қалған,
Ойласам от боп жанад жүректе арман.
Қан шеңгел халық анаға батқан шақта
Бар ма екен аман қалған жан солардан!?

Қарағай анау тұрған бұдағы айғақ,
«Саша, Люба, май» деген жазу сайрап
Мына тұр, алғаш асыл сыр ашқан жер,
Тақат жоқ, көңілімде кегім қайнап.

Т ө л е г е н

(*Ғайни дуэты*).

Жадай дос, ашқан сырың жетті жанға
Бермекке антым берік барды Отанға.
Ғайнидей қазақ қызы жан серігім
Аттанса мен аялдап түн тосам ба!
Туған жер шеті мұнда шегі Алтайда
Алтайдан мені әкелген қарыз қайда,
Анаң мен жарың, балаң қорғанымыз,
Бар қайрат атар шағым осындайда.

Ғ а й н и

Мен Ғайни алыс өлке елден келгем,
Отан деп өздеріңдей ерлерге ергем.
Ана мен балаларға бар қуатым,
Арнауға ерте күннен сертім бергем.
Төлеген, бауырым да досым едің,
Мен дағы сын сағатты тосып едім,
Бауырлар жолы болсын бұл жорықтың
Бәріңмен бар тілекті қосып едім.
Төлеген, Ғайни кете береді, олар сахна шетінде.

Т ө л е г е н

Аязда көк аспанда табысқандай
Биікте күнге қанат шағысқандай,
Ер де өзін, ару да өзін, асыл досым
Күн санап көңлім сен деп қабысқандай.

Ғ а й н и

Өзіңмен бірге ойлаймын қалыс қалмай,
Бастаған екеумізді намыс талмай.
От іші, аяз үсті сүйген шағым
Тыныштықта сүймес те едім алыс болмай.

Т ө л е г е н

Сақ бол, жаным, оң сапарың тілеймін!

Ғ а й н и

Қасымда сен, қай қыйынға жүдеймін?

(*Кетіседі.*)

Б а й м а т

Жіберген мені мұнда елім қырғыз,
«Жолында ана, бала — жан» деп жүрміз.
Сол ана өз анамдай алдымда тұр
Тілек пен жүрек барда бір бауырмыз.

З а р и ф

Ақ-Еділ, Самар сулар сәнім бар-ды,
Бесіктен анам айтқан әнім бар-ды.
Ұл мен қыз ана қойны қарыз деген,
Өсиет тастамаспын арым бар-ды.

С а т т а р

Алатау, Шелек бойы менің өлкем,
Амалсыз қоштасарда менің еркем
Азамат намысымен ел қорға деп
Аузымнан сертімді алған кеште көркем...

К в а р т е т

Алатау, алыс Нарын жерім елі,
Ел-жұртым аманында белім елі.
Қаптаған қанішерге қарсы бар деп,
Отаным ақ бұйрығын беріп еді.
Жадай дос ашқан сырын қалмайды бос
Сабырмен сау көрісер сағатты тос.
Болғанда анаң — анам, балаң — балам,
Өзіндей жан аямас досыңа қос.
Сан ана, сансыз жарлар кекті тосад
Көңілде бар тілекті сол зар басад,
«Кешікпе күн-түн деме асыға гөр»
Дегендей «қанды азаптан шапшаң босат»!
Ал достар, арман үшін алыс керек
Жау қайда, қолымызда біздің дерек,
Серт болсын осы түннің бар бейнетін
Ерлерше атқарайық елден ерек...

Осы кезде Төлеген немістің бір кукушкасын сүйретіп әкеледі.

Т ө л е г е н

(жаралы неміске).

Көп пе солдат Трацковта?

Айт! Айт! (*Немісті аунатып*).
Айт жапыңның барында..

Неміс

Трашков... майор... Канцель...
(*Жұдырығын Төлегенге зорға түйіп*).
Трашков... русь... капут!.. (*Өліп кетеді*)

Төлеген

Русьтан бұрын өзің капут!
Солай келмек сенің бабың..

Квартет

(*Бес дос әнімен*).

Біз достар, бес дос серік қатар атар,
Бес достан жаулар жусар қатар-қатар.
Автомат тына білмес, қыра білер,
Тон тозар аял қылмас, ат арытар...
Біз бес дос,
Біз бес дос
Қелмеспіз кеш,
Атпаспыз бос!
Біз достар жатқа кәрлі жаза берер
Біз емес жау штабқа маза берер,
Бөгесе бөгеп көрсін ажал тартқан
Қалт етпей, қырдан аспай қаза көрер.
Біз бес дос, біз бес дос,
Қелмеспіз кеш, атпаспыз бос! (*Кетіседі*).

Шымылдық

ЕКІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Трашково кыстағынын бір көрінісі. Сахна төрінде жау склады, оның маңында жырақта жүрген күзет аңғарылады. Түн. Жым-жырт. Сахнаға Люба шығады. Конвоймен өтіп бара жатқан топ адам бұған қарайды да, қарғыс атқандай үн салады. Люба (Маша) қыйнала тұрып амалсыз тыңдайды.

Х о р

Қарғыс атсын азғанды!
Жақынына қас болып,
Досына көр қазғанды!
Маша бопты Любадан
Көріңдер анау жазғанды!
Жау тепкісі батса да,
Көрмес халық қызынан
Бұндай ары тозғанды.
Келер дәурен, жетер шақ
Азбай соны тосамыз,
Сазайын беріп жазалар
Жауларға қол созғанды.
Жұрт күңіренген кекті ажармен өте береді.

Л ю б а

(Маша. Қыйналып толқыған күйде).
«Азғын» дейді, «азғын» дейді өз елім,
Алсын мені сондай болсам тез өлім.
Қарғыс атқан мен болмаспын, қайран ел,
Сен адаспа, не десең де төземін!
Ант еткен аянбасқа мен жалғыз жан
Санамды, кегім деген, бастайды заң,
Қара түн қараңғысы қаламда тұр
Атсын деп алысамын ағарып таң.

Өсірген азат отан баласымын
Бақ тосқан жазықсыз ұл анасымын,
Қор өмір, қорлық күнге көнерім жоқ
Серт сонда, арманы сол таласымның.

Сол жолда, сенің әкең алысып жүр,
Сол жолда, көнбеске анаң қарысып жүр.
Сол жолда, балапаным, айып етпе,
Азап пен тозақпен де табысып жүр.

Люба ақырын барып, склад манын аныстап өтіп кетеді. Осы кезде тағы бір әйел жағалап шығады. Ол Ғайни. Мұны бағып екі неміс жүр.

Не м і с

Сізге не бар, не керек?
Не қып жүрсіз бұл арада?

Ғайни

Сіз тергемек пе едіңіз,
Кімдер барын бұл қалада?

Неміс

Жөнінді айтып жауап бер,
Айт жөніңді!.. *(Мылтығын суырады)*.
Болман десең ажалыңа себепкер...

Ғайниді екі неміс қоршап алады. Тұтқынға алысады).

Неміс

(Ғайниге)

Тарт ілгері, жүр былай!

Алып кетеді. Төлеген шығады. Складты барлап келе жатады. Сонда жанағы Ғайниді ұстаған екі немістің бірі мұны сыртынан аңдып шығады. Екінші жақтан Люба шыққан. Ол аңыстап тұр. Төлегенге неміс ұмтылады.

Тағы бірі табылды! Тоқта!
(Ұмтылады).

Төлеген

Мә, даурықпа, сыр сақта!

Немісті қанжармен өлтіреді. Оттай шапшаң Люба бері шығады. Ол Төлегенге жау тәрізді емес... Барлай қарайды.

Люба

Қапы болмас дос екен,
Жақын болар біздің қол,
Анық белгі осы екен...
(Төлегенге сенімдірек, батылырақ қарайды).
Нені керек егесіз
Кімді іздейсіз бұл тұстан?

Төлеген

Рас еді іздегенім
Хабаршы бір қарлығашты...
Маша!...

Люба

Сақ болыңыз қолға түсті
Жолдасыңыз жаңа келген
Жақсы болды өлмесе...

Төлеген

Қандай хабар айттыңыз!
Есіл Ғайни, кеттің бе?
Тез бекініс жерлерін айт
Аял қылмай, ес жыйғызбай
Соқтығатын жеті түнде...

Люба

(әр тұсты, алыс-жақынды нұсқап көрсетіп тұрып сөйлейді).

Мынау тұрған склад
Алдыменен жоятын,
Станция бар мынау шетте,
Жау штаб бар сонау үйде
Тегіс құртып қоятын.

Төлеген

Соқтығармыз сол жерлерден
Жауды ұйқыдан оятып!
Жөнін айтшы енді, Маша!
Амал бар ма боларлық
Қапыда кеткен Ғайнидің
Ажалына араша?..

Люба

Мен бағайын оның жайын
Қай штабқа әкетті екен?
(Жөнеледі).

Төлеген

Тап болдым достың асыл тазасына
Сәт болғай жау тартатын сазасына
Талай жан ажал тапқан осы жерде
Ғайни де жетті ме екен қазасына?
Қыз Ғайни асыл ару арманды өттің

Қалдырып қатарыңнан неге кеттің?
Бірге өлмей асылзатым жаным қыйып
Артыңнан айрылудың зарын шектім.
Жолыңда жауға арналған әділ кектің
Барымды бойымдағы құрбан еттім
Бір көрмей, бірге шықпай кетерім жоқ
Айқастым жалынымен жанған оттың...

Бес достың қалғандары келеді. Ортада Жадай.

Ж а д а й

Төлеген, қандай хабар білгенің бар?

Т ө л е г е н

Ғайни тұтқын бір хабар...

Б а р л ы қ д о с т а р

Ғайни тұтқын?!!

Қандай жаман хабар ед?

Т ө л е г е н

Үмітке бір жалғыз ұшқын,
Қасымызда Маша бар ед.

Ж а д а й

Таптың ба, сен Машаны?
Біле ме екен жау қорғанын
Қандай сырлар ашады?

Т ө л е г е н

*(бұ да көрсетіп, көзеп
сөйлейді).*

Атап берді соғар жерді
Бірі — мынау склад!
Бірі — станция анау мұржа!..
Тағы бірі — сонау үйде жау
штабы!..

Ж а д а й

Болды, достар, кірісейік,
Мезгіл жетті, сертті ұстап.

Саттар, Зариф,
Табысамыз сағат үште
Ақкөпірдің жанынан!..
Ал тарандар, жалғыз-жалғыз
Қатер жердің маңынан.

Жөнеліседі. Жалғыз қалған Төлегенге Люба келеді.

Т ө л е г е н

Қайда әкетті Ғайниді,
Маша, қандай білгенің бар?

Л ю б а

Әкетті Қанцель кесел штабына
Салмаққа қанішерлер қыспағына,
Аяр деп ойламаймын есіл жанды
Текке оны келмей жатып ұстады ма!
Ол штаб қанды қасқыр жың ойнағы
Азабы қандай болса бар ойдағы
Бәрін де біздің жандар сонда тартқан
Қатерлі осы түнде сау қоймағы
Барды сап мен бағайын айналасын
Тексермей тым құрмаса жайламасын
Ақылдас достарыңмен кешікпесін
Қояр деп ертеңге аман ойламасын!
(Төлеген, Люба дуэт айтады).

Т ө л е г е н

Қосымғанда қос тілек
Жәрдем тосса дос тілеп.
Тартынарма ажалдан
Намысы бар жас түлек.
Аянбасқа ант етем
Аялдамай тез жетем,
Жауға жара, жар азат
Болмас болса, бір кетем!..

Л ю б а

Ара түспей болмайды,
Менсіз кімдер қорғайды?
Азабын сап аш аю
Сыр айтқызбай қоймайды.

Бір баршы емес, бар талап
Жойылардай сәт-санап..
Қарыспасам болмайды,
Аз күшімді көп балап!..
(*Екеуі кетісе береді*).

Ш ы м ы л д ы к

Е Қ І Н Ш І А К Т

Т ө р т і н ш і с у р е т

Трашковадағы әскер штабы. Майор Канцель мен екі-үш неміс офицері әбігерде. Шымылдық ашыла бергенде алыстан жарылған взрывтын үні естіледі.
Сахнаның алыс түкпірінде лау етіп, аспан атып жанған өрт белгісі байқалады.

К а н ц е л ь

Шапшаң, шапшаң, хабар ал!
Не қылған кім салған?..

І-о ф и ц е р

Жай өрт емес, қас қыймыл.

ІІ-офицер

Жау қолынан жанған өрт!

К а н ц е л ь

Тағы да қас! Тағы жау?!
Бар амалы аямау!
Жүрген шығар және де
Партизандар кеп таяу!..

Тағы взрыв, енді шам өшеді, сахна алақөленке.

Тағы өрт, неткен өрт!
Қыру керек бұл елді!.. (*Телефонда*).

І-о ф и ц е р

Аямастан бұйрық ет!

И-о-ф-и-ц-е-р

Әлде тақап қол келді?

К а н ц е л ь

(телефонда ақырады).

Станцияны бұзған ба?!
Жоямын мен, күл қыламын,
Шыдап көрсін ызғарға!..

(I-офицерге)

Бар да орында, жар қыламын,
Бұл қаланы жау қала деп,

(II-офицерге)

Күйретемін бар планын
Қоса өртендер көп үйлерді
Айтып көрсін бос жала дей!

(Офицерлер жөнелді. Канцель күзетіне бұйрық етеді).
Келтір мұнда партизанды!

Ғайниді әкеліседі.

Айт, партизан жатағын айт!
Айт, саны мен қаруын айт!

(Қыйнайды. Ғайни үнсіз, жа-
залайды).

Айт, партизан жайын айт!

(Жаза. Ғайни үнсіз).

Тағы жаза, қорлық жаза керек пе?!

Ұмтылып атуға бейімделеді. Люба кіреді.

Л ю б а

Канцель мырза, атпаңыз!..

К а н ц е л ь

Тоқта, сөйлем! (Ғайниді ұрып).
Жауап бермей, үн қатпай
Мазак еттім демек пе?! (Атады).

Люба

Канцель мырза, тоқтаныз
Азға сабыр сақтаңыз... *(Ара түсіп)*.
Мен алайын жауапты,
Жасық, жаман тіл білмес,
Маған өзін тастаңыз...
(Канцель тастап жөнеледі).

Файни

Қайда жүрмін,
Қайда келдім
Тағы қандай жазасы бар?!

Люба

(сыртты барлап, сақтана сөйлеп).
Қорқасың ба?
Әлде жаза ауырласа
Дегеніңнен қайтасың ба?
Сақтаған сыр айтасың ба?

Файни

Орыс қызы өзі жау?... *(Өзіне)*.
Өтірік пе, шыны ма
Көрінісі осынау?

Люба

Жауап тосам сөзіме!

Файни

Өлшейсің бе өзіңе?..
Азғындай боп көрінем бе
Кесел баққан көзіңе?.

Люба

Жасырмасаң жаның қалад
Ерегіссең отқа салад
Ойлайсың ба жеткенінді кезіңе!

Ғ а й н и

Бір от емес, жүз от болсын,
Азар болсам атым өшсін!

Л ю б а

Шының ба осы?
Сертің берші,
Советтік ер жауынгердің!

Ғ а й н и

*(таңдана тұрып, Любаны
барлап).*

Ол жасырар сыр емес
Бұтарласа кескілеп,
Өртесе де шыдармын
Серт қана емес, ант бердім!..

Л ю б а

Олай болса мен дағы
Антыңа орай айтамын
Тергеу емес барлап едім
Берік жансын байқадым.
Өзің деп біл мені де
Көріп пе ең бұл тамашаны!

Ғ а й н и

Тапқаным да ендеше,
Мен іздеген Машаны!?

Л ю б а

Сені мұнда жау қолында
Қалдыруға болмайды
Аяр залым, алар жанын
Оңайлықпен алмайды. *(Терезені ашып).*

Терезені ашамын
Мені шапшаң жық тағы,
Аялдамай қаша бер!..

Ғайнидің қолын тез босатып жіберіп, өзі жығылады. Наганы ұшып кеткен болады. Ғайни терезеге ұмтыла береді, сол сәтте Канцель атқып кеп Ғайниді ұстап, Любаның жөнін біледі. Енді халдер шұғыл өзгерген.

К а н ц е л ь

*(Любаны айуандай ашумен
байлай береді, сабап жазалайды).*
Осылай ма? Солай ма?
Жау үлкені сен бе едің?
Өл! Өлесін!
Тез өлесін қолымнан. Тез! Тез!
Әзірлесін!.. Әзірлетем жаза жайын!

Жөпеледі.

Л ю б а

(зорға ес жыйып, Ғайниге).

Шыда, жаным, қайрат ет
Не көрсек те енді біз
Шыдамасқа болмайды...

Ғ а й н и

Мен Ғайни, алыс өлке елден келгем,
Еркіммен жауға аттанған ерлерге ергем
Қан кешу дивизия өткен шакта
Төлеген жаным деген досты көргем.
Тапқам мен өз ойыма алғанымды
Отанға арнағамын жан, қанымды
Жайымды айт Төлегенге көрер болсаң
Қапыда жау қолында қалғанымды.
Барлауға бір топ адам келген едік,
Тұтқында шыдап өлем жаза шегіп
Қол жөнін айтпақ түгіл ауыз ашпан
Жолында бұл жорықтың қаным төгіп...
(Ғайни, Люба дуэт айтады).

Ғ а й н и

Менің сырым аз-ақ еді,
Өлерімде өз елімнен
Жалғыз жанның жүзін көріп
Кездесем деп ем еліммен.
Жау қатал деп жеңілмен,
Қайсар қызы Отанның,
Бақылдасам өзіңмен,
Досым деген көңілмен!

Л ю б а

Оқпен атпай отпен атсын
Талай жалын жанға батсын
Ер шыдайды өзіңдей,
Нелер удың зәрін татсын.
Менің де азап басымда
Ажалдасым соң сапарда
Ар қарызы бізді қосқан
Бауырымсың қасымда!.. (Пауза):
Неге бұндай толасы бар?
Көптен осы болар деп
Ажалға да қарсы басқам
Енді тағы қандай жалын
Өлерімде алдым тосқан?
Арманым тек, балам қалды
Жанымдағы жалғыз жара,
Есітіп ал өлер достан! ..

Ғ а й н и

Мен ажалға арналған жан,
Құтылмаспын бұл қамалдан,
Өкінемін сен үшін
Сұмдық болды сен қамалған!
Аз-ақ сәтке көріссек те
Жүз жыл қосқан жақындайсың
Сен бақыл бол асыл дос
Қаным бірге жанымдайсың...

Канцель келіп Любаны ұрып, екі әйелді де атуға әзірлейді.

К а н ц е л ь

Алдадың ба, сен мені,
Аман қалам дедің бе?
Балаң, анаң құтылмайды қолымнан
Жансын отта жас балаң! (Ұрады).

Л ю б а

Жоғал, жауыз, жолымнан!..

Канцель екі әйелдің қолдарын қысып байлатып, енді далаға алып шықпак, атуға әзірленеді. Тағы тепсініп наған төсеп такай береді. Осы кезде үйге терезеден атқып кеп Төлеген кіреді.

Т ө л е г е н

(Канцельдің сыртынан қанжар салады).
Жаза ма? Олай емес, былай жаза,
Ит өлімін ит алсын тартып саза...

Л ю б а

О, дос!..

Ғ а й н и

Жаным Төлеген!.. Сақтан!..

Л ю б а

Сақтан!

Төлегенге екінші бөлмеден жүгіре шыққан екі офицер жабыла береді.

Т ө л е г е н

(екеуін кезек лақтырып).
Жайратамын қас дұспан!

Офицерлер екеулеп Төлегенді қоршап, қысып барады. Тағы бір офицер шығып ұмтылады. Әйелдер қолы байлаулы. Төлеген енді бір офицерді лақтырып ұшырады.

О ф и ц е р л е р

Өлім, өлім саған!

Қысады. Төлеген катерде. Осы кезде үш дос — Зариф, Баймат, Саттар терезеден ырғып түсіп тап береді.

Д о с т а р .

Төлеген! Бізге бер,
Жеке жібер... өзіме бер!..

(Шапшаң ұйпап, үш офицерді жайратысады).

Л ю б а

Ал шапшаң жөнелейік
Айналада жау мығым...

Т ө л е г е н

Қайда, қалай тартамыз?

Л ю б а

Қала сырты Ақкөпірдің қасында
Балаган бар огородтың басында
Сонда болар мені тосқан
Жалғыз-жарым досым да...
Ал кетіндер тез-тездеп!

Ш ы м ы л д ы к

Ү Ш І Н Ш І А Қ Т

Б е с і н ш і с у р е т

Айнала күзгі әсем өсіп тұрған огород. Сонда үлкен балаган. Достар осында біртіндеп келіседі. Төлеген жаңа жетеді, оны Баймат қарсы алады. Трио айтысады.

Б а й м а т

Алтай ері Төлеген
Жауға жаза берген
Лайық па екен осылай
Бір болайық дегенен!?

С а т т а р

Таймаса да алыстан
Достарын тастап бір өзі
Бір штабпен алысқан
Асығыстық не деген?

З а р и ф

Төрт досының көмегін
Есіне алмай керегін,
Асыға түзеп бермек пе
Шабан штаб дерегін!

Т ө л е г е н

Қарыздармын, достарым,
Асыққаным ақталды
Ара түсіп ажалдан
Өздерің кеп ап қалдың.
Ғайни, Маша екеуін
Құтқарушы сендерсің!

Л ю б а

Бауырлар, бар алғысым,
Бар тілегім жолдарыңда.

Ғ а й н и

Рас па, жаным достарым,
Түс емес пе көргенім?
Қандай жауды жойдыңдар
Осы ғой деп ем өлгенім!..

С а т т а р

Ғайнижан, Ғайнижан,
Қадірің артық қарыңдас!

Б а й м а т

Бірге аттанған бауырлас
Құшағында ажалдың,
Қалды деп ем қайрылмас.

З а р и ф

Маша, Ғайни, қадірлейміз
Аман шыққан сапарды (*достар*).
Тек Сашадан бұйрық бар
Тосып қалған хабарды...
Бар міндетті бітірсек
Енді шапшаң жету қажет
Тез жөнелсек жарарды!

(Квартет) Төлеген

Жолымен жалынды ерлер барармын мен
Жауымнан аяусыз кек алармын мен!
Атағын сегізінші әлемге ақтап
Ұранын Қлочковтың салармын мен!

Б а й м а т

Намыстан басқа тілек тілерім жоқ
Жасқанар бүгін жаудан жүрегім жоқ,
Табысқан қалың бауыр қатарында
Аянар сау тұрғанда білегім жоқ.

З а р и ф

Бар тілек тоғысқаны осы майдан!
Талаптың бастағаны осы майдан
Жау қашып, дос қуанар іс етпесем
Наразы болсын маған осы майдан!

С а т т а р

Осы түн, сынға салар кезім болсын,
Осы түн, не көрсем де төзім болсын
Адал ер атағына дақ салғызбай,
Осы түн асыл сертте сөзім болсын!

Ғ а й н и

Таптым мен ойға көптен алғанымды
Ар көрем бас амандап қалмағымды.
Төлеген, асыл досым, аңдармысын
Мойныма қандай қарыз салғаныңды!

Л ю б а

Көнген ем жаудың оғы атқанына
Қуанам елім ерін тапқанымна
Осы түн арманым сол ойымды алған:
Шаттансам, шаттыққа жұрт батқанына!

Өзгелер кетіседі, біртіндеп тарасады. Төлеген, Ғайни артта қалған,
екеуі дуэт айтады.

(Дуэт) Төлеген

Қыз Ғайни қасымдағы асыл серік
Ер сапар тілегіне басың беріп,

Ергелі қадірің асты қатарына
Ғайни қыз, серт жолына досың берік.
Шыққанда алыс елден қасыма еріп
Өзгеше қадір тұтқам досым көріп
Жүрек пен тілек қосқан қыймасымсың
Қыйналсаң ара түсем басым беріп.

Ғ а й н и

Ғайни қыз менің атым, қазақ затым
Жар тұтам Отанның ер-азаматын.
Ғайни қыз бұрын әнді айтар болса
Ерлікпен ақтамақпын қыздың атын!
Төлеген, дос серіктің бәрі жақын
Бәрінен азаматтың ары жақын
Досың да, серігің де, сүйгенің де,
Ғайнидің сен дегенде жаны жақын!..

Люба бастап балағанға көп аналар, әйелдер кіреді. Қартаң еркектер — огородшылар да бар. Бәрінің қоршағаны Люба.

Ш а л

Люба, қызым, Любаша!
Сен азапта қала ма деп
Дос ата-ана келіпті
Хабарласа, таласа..

Л ю б а

Алғыс айтам өзгеше,
Талай жандар қалада
Мені жауға санаса
Жүрегіме жұбаныш
Өздеріндей ата-ана
Өз қызына баласа.

Қ а р т а н а

Отпен ойнап алысқан
Аналардың асылы,
Балалардың басымы
Тілеулеспіз алыстан!..

Халық хоры, бар достар да
қосылады.

Жалғыз-ақ жанда тілек кек алынса
Жетпекпіз сол арманға көп алыса,
Амандық барлықпенен бар асылды
Құрбандық еттік түгел деп алысад!
Жауынгер бәрің қымбат жалындайсың
Жау жеңбейд, біз бас иіп жалынбаймыз.
Өлтірсе, өртесе де көндіре алмас
Отымен талас өсіп қабындаймыз.
Тек қана жауды жайпар күн жетсе екен
Келем деп айбынды әскер белгі етсе екен
Тосамыз кек сағатын азу басып
Соғамыз желкесінен ерше бекем.
Тез, тез! Тез жетсін, сол сағат!

(Ерлер қоштасып кете береді).

Шымылдық

ТӨРТІНШІ АКТ

Алтыншы сурет

Трашково қыстағының шегі. Үлкен өзен үстіне сөзылған Ақкөпір,
алыста қалың тоғай. Жақын жерде өртенген үйлер қалдығы бай-
қалады. Осы маңға Жадай келеді.

Ж а д а й

(Өртенген үйлерді көріп келеді).
Өртеніпті жаңа ғана,
Қаза шеккен қалайша,
Бір үй емес, бар қала?!
(Өз үйін көреді, ол да өртенген).

(Ария)

Жас қайың өзім еккен ер жегіпті...
Панасыз, бұл маңайдан ел кетіпті...
Өртенген орын қалған момын жайдың
Күл-көмір өткен шақтан белгі етіпті!..
Қайдасын, анам, балам, жарым менің?!
Сендер деп жанушы еді жалын демім!
Не болған, аман қалған бар ма, бірің?

Қайтермін, жұмбақ бопты халім менің?
Жарайды, не көрсем де шыдағамын
Отан деп өз бағымды сынағамын.
Қатал жау өрт үшін де өсірерсің
Салмағын бізден алар сыбағанның!

Әйелдер тобы келеді, жай басып өте береді. Артында конвой. Бұлар — жау тұтқынындағы совет адамдары.

Ә й е л х о р ы

Қарғыс атсын қатал жау!
Ойлағаны өзгеше
Аздыруға амалдау,
Қыйнамақшы көргеше!
Қарысармыз өлерміз
Азғын болып шатылмай
Жазаға да көнерміз
Параңа да сатылмай!..
Саған әсте бас ұрмай,
Тосармыз таң атқанын,
Танытармыз жасырмай
Жанда жалын жатқанын!..

Ж а д а й

(шеткі бір әйелден жөн сұрайды).

Білесіз бе, туғандар!..
Кімдер еді, қайда екен
Мынау үйде тұрғандар?..

Ә й е л

Оның жайын сұрама!..

Ж а д а й

Неге олайша деп айттың?..

Ә й е л

Бұнда Люба деген болған
Жау боп кетіп жұртына
Омырауы шенге толған
Сал болып жүр сыртына!..

Қо н в о й

Шығарма сөз, сөйлеме!
(Ақырып әйелдерді айдап кетеді).

Ж а д а й

Қандай сұмдық сөз есіттім?!
Көрмегенім жөн болған ба?
Босағасын бұл есіктің
Азғындықпен тозғанда!..
(Зариф келеді).

З а р и ф

Жадай, мәлім етейін
Орындалды бар мұрат!..

Ж а д а й

Оған алғыс, тек асығыс
Алу керек бас құрап...
Бесеу-ақпыз алдымызда
Ауыр кешу жол тұрад!

З а р и ф

Бесеу емес, Ғайни бар
Маша дағы қол сұнад;
Анық ердің сыйпаты бар
Кенелесін жөн сұрап!

(Ария)

Орыста талай жақсы жан көріп ем
Көргенге сеніспекке ден беріп ем
Машадай асыл әйел білген емен
Әдейі ауыр кешу жолға еріп ем.
Қасиет болса лайық оның аты
Хауіптің оны үркітпес қат-қабаты
Өз бойы өскендей боп қуанамын
Маша сол ел мақтанар асыл заты.

Төлеген, Ғайни, Саттар келеді.

Ж а д а й
(*Ғайниге*).

Жолың болсын, аман кепсің!

Ғ а й н и

Алғыс айтам тобына,
Барлық мақсат осылай
Ойлағандай шаққа жетсін!..

Ж а д а й

Баймат қайда, тағы кім бар?
Соңғы асу бар барлық топ
Сны алмаққа серт етсін!..

Т ө л е г е н

Баймат қазір жетеді,
Машаменен екеуі!
Анық ердің жаңа көрдік
Маша сынды екенін.

Ғ а й н и

Мені ажалдан құтқарған,
Бар қайратын көзбен көрдім,
Жорықтағы бар әйелге
Машаны үлгі етемін.

Ж а д а й

Жә, жолдастар, әзір бол!
Артта жау мол, алда қол.
Арасында солардың,
Қатты қайрат атарлық
Ауыр кезең келді сол...
Қазір біздер тараймыз
Бекінеміз әр тұстан,
Орай келсе автоматты
Зеңбірекке санаймыз!
Қажет болса өзімізге
Жаудың оғын аударып
Жалғызды да жеке қолға балаймыз!..
Жетіп қалды сағат төрт!
Бекініңдер, бауырлар,
Шыға қалса бекінісі

Жеткізбестен көпірге,
Деп біліңдер өзіміз
Бөгеуге де жараймыз!

Осы кезде Байматты ертіп Люба келеді.

Төлеген

Көрмесең де көп есіттің
Міне Маша, таныс бол!

Ж а д а й

Люба?! Сен бе Маша?

Л ю б а

Жадай?! Саша! Саша!

Ж а д а й

Люба жаман, жақсы Маша
Бұл не қылған тамаша?..

Л ю б а

Жаным Жадай, жайым солай
Жұрт қарайды маған қырын
Артқы қолдан есітерсің
Анық адал Маша сырын.

Ж а д а й

Люба, Любаша!
Қуанамын сен үшін,
Маша жайын естігемін
Бұндағы дос көптен бұрын. *(Екеуі сүйіседі).*

Ж а д а й

Бауырлар, осы сағат естен кетпес.

(Дуэт)

Өмірде бұдан озған мезгіл өтпес.
Бар жайды жаңа ғана таныдым ғой
Жасырсам ендігіні арым кешпес!
Отанда жарық жұлдыз мәңгіге өшпес!

Жорықта батыр жолын жаулық кеспес
Қайтадан жар досымды тауып тұрмын
Қарсы алар әні қайда біздің «Бес дос?»

Л ю б а

Сағынып көп сарғайтқан ерім келді.

(Дуэт)

Жыламан, бұрын зармен егілгемді
Сенемін алтын шапақ алдымда тұр
Дейтін күн: «Отан жауы жеңілгенді».
Амандық анаң менен балаң айтад,
Демейді «үйге қайтып өзің жай тап,
Ер болып, елдің жауын жайлаған соң»
Деседі «содан кейін бізге қайтаді!..»

Енді «Бес дос» әнін бар достар майдан алдында тұтас айтады.

Б ә р і

Біз достар, бес дос серік қатар атар
Бес достан жаулар жусар қатар-қатар.
Автомат тына білмес, қыра білер
Тон тозар аял қылмас ат арытар.

Біз бес дос
Біз бес дос
Қелмеспіз кеш,
Атпаспыз бос!

Біз достар жатқа кәрлі қаза берер,
Біз емес жау штабқа маза берер!
Бөгесе бөгей берсін ажал тартқан
Қалт етпей, қырдан аспай қаза көрер.

Біз бес дос
Біз бес дос
Қелмеспіз кеш,
Атпаспыз бос!

Ж а д а й

Ал тарандар, баршылар!
Қол жеткенше бағындар

Ойламаған бөгеттер,
Алда талай бар шығар!
Сағат төрт!.. Бекін, достар! (*Ракета атады*).
Бердім сигнал, жеткен болар,
Жақын болса, қолдың оғы
Аялдамас бізді қостар!
Тарап-тарап бекініңдер!

(Жолдастары тарайды, соғысқа әзірлік).

Сақтарымыз Ақкөпір!
Төлеген, сен осы арада
Автоматпен сал нөпір!
(Өзі кетеді. Сыртта соғыс).

Т ө л е г е н

(өз тұсына беттеген жауды көріп).

Бұл толқынды тойтармай,
Қан құстырып қайтармай,
Қалар болсам, бар жорық
Бекер болар, мезгіл жетті байқардай!

Атысады. Жау ықтайды, Ғайни жетеді. Жау жалтара береді.

Ғ а й н и

Тайқып қалды талайы
Көргеннен соң алдынан
Өжет оттың тосқанын!

Т ө л е г е н

Анау шетте жалтарып,
Көресің бе қашқанын!
Тек маған да оқ тиді,
Аяғымнан тигендей
Көрдің бе қан басқанын!

Ғайни асығып көмек бере бастайды, жараны таңады.

Ғ а й н и

Төлеген, жаным, ардақты ер
Жарым күннің ішінде

Бастан кешті талай кер.
Сондадағы азаймас
Бойындағы от, жігер.
Қадірінді ұмытпас,
Қайратынды білген ел!
Ауыр қатер алдында
Сен құтқарған,
Талай ана атынан,
Бір құшайын ерік бер!..

Төлегеннің жарасын таңып болып сүйеді.

Т ө л е г е н
(*шетке қарап*).

Тағы келед қалың сел!..
Ортасында танкі де бар! (*Шетке*).
Не де болса жалғыз өзім көрейін
Жаным Ғайни, қыймаймын
Ажалдан сен аман қал!..

(*Ғайниге*)

Менің оғым таусылыпты
Анау жатқан Жадайға бар
Жарым-жарты оғын ал!..
Баршы жылдам, ептеп бар!..

(*Ғайни жөнеледі*).

Танк келед көпірге
Ажал шашқан кәрі бар,
Қаймықпаспын сонда да
Отанымның ары бар!

(*Танкты қарсы алуға гранаттарын
топтап байлап, әзірлене береді. Ария*).

Арыстан айға шауып мерткісе де
Баласы арыстандық етпей қоймас,
Ақсұңқар аңқып ауға шырмалса да
Балапан сұңқарлығын етпей қоймас.
Жау санап ер майданға араласпас,
Алысқан мұратына жетпей қоймас!
Қаптаған қара түнек жаудың жолын

Қайнаған әділ ашу кеспей қоймас!
Отан мен партия мен елім үшін
Танк түгіл, тамұқтан да ерің таймас.
Қаптаған қалың жауға сермер семсер
Жастығын ала жатпай кекке тоймас!

Алтын Отан, сен үшін!
Асыл елім, сен үшін!

Ұмтылып барып сахнаға шыға берген танкке соқтығып, аспан атқан от. Танк тоқтап қалады, жана береді. Осы кезде көпірдің аржағынан, сахна сыртынан қалың «ура» естіледі. Арттағы қалың қол жетіп, жау қашып жатыр. Бәрі де Төлегеннің басында. Арада Рамазан. Бәрінің кеудесінен «Жас қазақ» әні туады.

Бәрі

Қан сапырған қас майдан ер талғады
Ердің бағын тілемес ел қалмады.
Жалын жұтқан жас қыран сонда келіп
Отанынан айналып оқ толғады.

Жас қазақ!
Жауға шықты уралап!

Қуә болды елінің аспан жері
Алтайдың асыр салды ашулы, ері
Қазалы оқ ажалына тап келген жау
Жер құшып, қан боп ақты қайғы шері.

Жас қазақ,
Жауға шапты уралап!

Ер арманы — арттағы қол арманы
Жау ордасын ойрандап кек алмағы
Алып талай жолында қайран қыршын
Ажал кесел шырмады жез қармағы.

Жас қазақ,
Жауға шапты уралап!

Қалың төп әскер сахнаға толған. Дивизия командирін тосады. Генерал шығады, көп қоршаған айбынды тобы бар.

Генерал

Ойдағылар орындалды
Жолы ақталды жорықтың!
Дивизия абройын
Сақтады полк, жауларына

Ойдағыдай салып ойын!
Осы арада үлкен түйін шешілді,
Алып жатқан аймақ бойын,
Қалың жаудың қыр желкесі кесілді
Жауды сайған найза болса, барлық полк!
Автоматшы қас қырандар
Алға түсті өжет боп
Болат найза жебесі боп!..
Орындалды бас команда әмірі,
Дивизия жеңіс тапты тағы ірі
Ардақты асыл отанды
Сүйген ерлер жорығы бұл
Жетсін жұртқа, жеңген батыр дабылы!

Ш ы м ы л д ы к

Сөңы. 1952 ж.

ШЕКАРАДА

3 актылы, 11 суретті пьеса

Қатысушы адамдар:

Мұрат — райком секретары.

Хадиша — әйелі, дәрігер.

Ганшин Александр Иванович — отряд начальнигі.

Сейт — райисполком председателі.

Нияз — МТС директоры, ұйғыр.

Смайыл — Нияздың орынбасары.

Омар — комсомол, аудан қызметкері.

Ажар — Жігер колхозының председателі.

Жарқын

Садық

Асан

Сәрсек

Жұматай

Сүйрік

Балтабек — колхоздың бұрынғы бастығы.

Сәт — колхозшы, акын.

Роман

Степан } — трактористер.

Жомарт — Қытайдан қашып келген жігіт.

Зипа — әйелі.

Қонай — колхоз жылқышысы.

Жауһар — Нияздың қызы.

Байназар — қулак.

Торқа — оның әйелі.

Біреу

Пограничники, колхозшылар, аудан қызметкерлері.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Шекара заставында Мұрат, Ганшин, Хадиша.

Мұрат (*бинокльмен қарап*). Тоқтай қал! Мынауың не қылған серуен?

Ганшин. Ие, арғы бетте бір оқыйға болғанға ұқсайды.

Мұрат. Өзі бір үлкен шабуыл ғой.

Хадиша (*о да қарап*). Артындағы шаңның молын байқаймысын?

Ганшин. Алдындағы қашқын, артындағылары қуғыншылар, ә?

Хадиша. Қашқын екеу ғой.

Мұрат. Қысқасы, бұл тегі сыртқы ел драмасының бір сахнасы ғой өзі.

Ганшин. Қысқасы, біздің шекараның жолдас Мұраттай жаңа келген, жаңа секретарьді қарсы алғаны осы ғой.

Мұрат. Рақмет. Тек бұл сауығың қымбатқа түсіп жүрмесін, Александр Иванович.

Хадиша. Шекара мына өзен ғой. Қашқындар тақап қалды.

Мұрат. Біздің кісілерді қара.

Хадиша. Қайдан шыға қалды? Қуғын іркілді.

Комендант (*Ганшинге рапорт беріп*). Жолдас начальник, арғы беттен бізге қарай екі нарушитель қашып шықты. Біздің жағадан атылған мылтық даусымен қуғыншылар іркіліп қап тұр.

Ганшин. Нарушительдер мұнда жіберілсін. Қосым-

ша нұсқау сол орында күтілсін. (*Комендант кетеді. Мұратқа*). Істің үлкенін әуелі Жігер колхозынан бастайын дейсіз, ә?

Мұрат. Күштің үлкенін алдымен соған саламыз.

Ганшин. Дәл шекарадағы ең мол колхоз. Бірақ ауыр колхоз.

Мұрат. Ие?

Ганшин. Тегі ауданыңыздың большевиктік басшылықты күтіп тұрған істері көп.

Мұрат. Өздері және ауыр істер, солай ма?

Ганшин. Сонысын сезе, біле тұра әдейі сұранып келдім.

Хадиша. Япырай-ай, сіздер әуелі мынаның не екенін ойласаңыздаршы.

Ганшин. Е, ол шекараның күндегі белгілі кәсібі ғой (*Мұратқа*). Мұндағы бұрынғы басшылық... Я, аудан сезімтал аудан. Е, мынаның бірі әйел ме еді? (*Жомарт, Зипа, пограничник*).

Пограничник. Жолдас начальник, арғы беттен бізге қарай өткен нарушительдер, тінтуде бойларынан құрал табылған жоқ.

Ганшин. Сіздер кімсіздер?

Жомарт. А, құдай ақсарбас, я, аппақ қожам, я қожа Пәуеден жолыңды қыла гөр. Жар дегенде жалғыз сенгенім сен еді кеңестің елі. Пананды, панаңды сұраймын, тақсырларым.

Зипа. Ағатайлар, мұсылманның балалары екенсің...

Ганшин. Қай русыңдар?

Жомарт. Мынау Керей қызы еді. Үш қатын үстіне шалға берем деп елі зорлық етті.

Ганшин. Қай Керей? Қай уанның елі?

Жомарт. Жабай уанының елі.

Ганшин. Өзің қай русың?

Жомарт. Мен сол Керей ішіне сіңген аз атаның баласы едім. Түбім Қызай. Мына кісімен көңіл қосып ек, құштарым еді. Ол жақта дегенімізге жетер болмадық. Сонан соң сеніп қашқан елім сендерсің, әкетайларым.

Ганшин. Қуғыншылар кім?

Жомарт. Исі Керей боп соңымызға түсіп тұр.

Пограничник (*келіп*). Жолдас начальник, қуғыншылар кісімізді бер деп кетпей, тарамай тұр.

Жомарт (*Ганшинге*). Сауға, тақсырым, бір шыбын жаным сауға болсын.

З и п а. Пана бола гөр, ағатай.

Г а н ш и н. Хадиша, мына кісінің жарасын қараңызшы. Оқ тиіп пе еді?

Ж о м а р т. Білмеймін. Қолым садаға, жаным... Жаным қала ма, тақсырым-ау?

Х а д и ш а (қарап). Оқ емес қой.

Ж о м а р т. Сойыл тиген ғой.

К о м е н д а н т (келіп). Жолдас начальник, қуғыншылар қайтарыңдар деп жабысып тұр, не бұйырасыз?

Ж о м а р т. Тақсырларым, берер болсаң көз алдына апар да атып таста. Ақыретте тәңір алдында бір тамшы қанымызды да сенің мойныца жүктемейік, тақсырым.

Г а н ш и н (Мұратқа). Мәселе түсінікті ғой деймін.

М ұ р а т. Мәселе ашық. Бергізбе!

Г а н ш и н. Болды. (Комендантқа.) Бар да шекарадан тез тарасын, кейін барып сөйлессін де.

Х а д и ш а (Мұратқа). Сен сыртқы ел драмасы деп пе едің? Тауып айтылған екен!

Г а н ш и н. Ендеше сыртқы ел драмасының шымылдығы осымен түсе тұрсын (Комендантқа). Кісілер берілмейді деп хабар етілсін.

Жомарт. Уа, жортқанда жолың болсын, айналайын большевигім.

Ш ы м ы л д ы қ

Е к і н ш і с у р е т

Қолхоздың шеті. Жол үсті.

Сәт (жалғыз әндетіп).

Желпінген ақ селеулі ескек желім
Шалқыған кең жайқындай мұнар белім,
Көктемдей жаңа күнде көгертеді
Ен дала, еңбек елі иең сенің.

Жомарт, Зипа шығады.

С ә т

Аласа бойлы жатаған,
Қытайдан қашқан қашаған.
Кезуменен кетпек пе ең?
Мекенің қайда атаған?

Жомарт (*жорғақтан*). Айналайын тіліңнен, айналайын, ақыным. Көмек етші мына қарындасың мен екеуімізге, колхозға орналастыршы. Қайда болса да қанағат. Тіпті босағадан озбайын. Мына қарындасың, қарындасың да соны тілейді. Зипа, айтсаңшы, бақырым-ау, сен де.

Сәт. Рас па? Солай ма?

Зипа. Солай еді.

Сәт. Зипа! Зипа, шын Зипа! (*Сүйсіне қарайды, Жомарт қошаметпен күледі*).

Қызық екен осы ағам,
Зипадай шырын жеңгеме
Бермей бұрын төрімді
Неге ұсынам босағам?

Жомарт. Уа, тілің бұлбұл екен ғой, тілесен күшің дүлдүл ғой, ақыным. Ендеше мына тәтті жеңген екеуімізге назарың сал, пана бол. Тіледік сенен, ұстадық білегіңнен. Зипа?

Зипа. Ақын құрбым, қонақ қақы, шын тіледік.

Сәт.

Аласа бойлы жатаған
Қытайдан қашқан қашаған.
...Мөлтілдеген мойыл көз,
Сай-сүйегім босаған.
Лебі дем-дем тартады
Жақсы еді неткен жасаған. (*Кетіседі*).

Байназар (*Торқаға*). Бас, бас аяғынды жылдам!

Торқа. Не деді? Қалай қаш дейді?

Байназар. Шекара, шекараға тақап барындар да, қас қарайып түн бола бергенде тартып кетіндер дейді.

Торқа. Аналар ше? Сезбеп пе? Қумас па екен?

Байназар. Білсе қумақ түгіл құрытар да... Ал далдалдап тарта бер, жүр... жүр... бас...

Торқа. Шекарасы алыс па өзі? Қанша қалды?

Байназар. Уа, мынау тұр, тиіп тұр... Ұш жаның барында, ұш деймін енді жылдам... жүр.

Жаркын жүгіре шығады.

Жаркын. Тоқта! Ә, Байназар бай, Торқа бәйбіше, тоқта, тоқта... Қайда барасың, түге?

Б а й н а з а р. Шырағым, мен жазамды тартып болдым ғой.

Т о р қ а. Ел аралап күн көрейік те.

Ж а р қ ы н. Ел десең мына жақта... Мына бетің ел емес, шет қой!

Б а й н а з а р. Шетің не, Жарқын-ау, жарықтығым-ау!

Ж а р қ ы н. Жоқ, бұл шекара, бұнда бөгде кісі оқшау жүрмес болар. Мына жерде шекаралық отряд, Ганшин бар... Жүр, жүріндер, сонда барамыз. Беттерің өзі де солай екен. Жүріңдер, өзім таныс қылайын.

Б а й н а з а р. Әй, Жарқын, бармаймын отрядқа, апарма онда... Онда мен жазамды өтеген кісімін, не ақысы бар менде отрядтың?

Т о р қ а. Бармаймын! Ауданға жібер. Апарма отрядқа. Қайда, қайда! Әлгі өзге колхозшы, уа Балтабек, Садық, Асан, қайдасын, түге.

Ж а р қ ы н. Жоқ, алдымен отрядқа мәлімденесін. Жүр, жүр былай.

Б а л т а б е к (*Жұматайды ерте шығып*). Әй, мынау ана бишараларды тағы отрядқа әкеткелі жатыр ғой.

Ж а р қ ы н. Жүр, жүріндер отрядқа!

Б а й н а з а р. Ал, жарайды, қайтейін енді.

Б а л т а б е к (*Жұматайға*). Әлгі Садық, Асан қайда, жүрші соларға білдірейік... Мынау Жарқынның ісін солар да көрсін, өз көзімен көрсін... (*кетіседі.*) Садық, Ай, Асан!

Ж а р қ ы н (*Балтабектерге айналып*). Ай, батрағым, сенікі не? Айдалып кеткен байға сенің қыймаң неге қышыды?

Б а й н а з а р. Отрядқа апарса өзім де біттім, өзгенің де сырын ашқаным ғой. Ерікке қоя ма. Қой, қой, бүйткенше мен кетсем де сыр ашылмасын...

Ж а р қ ы н. Жүр, жүріндер.

Б а й н а з а р. Қазір, тоқташы... Тым болмаса нәрсеменді жыйнап алайыншы... (*Сахнадан шыға береді, өзіне пышақ салады*).

Ж а р қ ы н. Әй-әй, мынау қайтеді!.. Әй, мынау бауыздалып қалды ғой.

Торқа, Садық, Жарқын, Сәт.

Т о р қ а. Ойбай-ай, сұмдық-ай; құдай-ай, ку құдай, тағы не күйге ұшырадым.

С а д ы қ. Түсірші арбадан, түсірші деймін.

Сәт. Не боп қалды шұнақ-ау?

Садық. Бауыздап жіберді өзін өзі.

Сәт. Е, қайта басқан қарт бураның шөккен жері осы де.

Жарқын. Е, өзін өзі бауыздағаны несі мұның?

Торқа. Жоғал әрі көзімнен, қыршыныңнан қыйылғыр. Ақыретте екі қолы жағанда, Жарқын.

Асан. Шошытып, отрядқа ала жөнеліп...

Ажар. Одан неге шошыйды?

Жарқын. Шошыса түбі шикі болғаны.

Жомарт (Сәтке). Бәсе десенші, осы шын азамат, шын сабаз дәл осы Жарқын ба деп тұрмын!

Жұматай. Тағы тергелем, тағы айдалам деп шошыды ғой.

Балтабек. Бұның обалы сенде, сенің мойныңда, Жарқын!

Асан. Түбі шикі.

Ажар. Сандалма, түге, әй білдің бе?

Асан. Сен де қалжырай берме, қатын, білдің бе?

Ажар. Әй, Асан! Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі. Баяғыда мына Торқаның борсыған сорпасы мен быршыған іркітіне табынған күнде итаршы болуымыз жеткен, сандалма!

Жомарт. Әй, жолың болсын, тіпті сөз-ақ емес пе?

Балтабек. Ал, мынаның өлімін қайтесін?

Жарқын. Ажар, мыналардың мына жұмысын мен тура партияның алдына саламын.

Балтабек. Ия, сөйтп кісі өлімі үстінде тағы аброй, олжа табамын де.

Ажар. Ой, бастық, колхоз бастық сен неғыл деп қоса қыңыратқып тұрсың осы.

Балтабек. Тәйт әрі, осындағы барып тұрған жікшіл осы Ажар, Жарқын сендерсің, тіпті. (Сеит шығады.)

Жарқын. Адыра қал! Қара мұны шетінен шолақ итше діңкілдеп.

Асан. Әй сенен келген керді көріп алайын, келші осы. (Жарқынмен жағаласады).

Ажар. Тәйт әрі, Асан. Тоқта былай, тарт қолыңды.

Асан. Жоғал арман (ұмтылады).

Садық. Ұр итті, жатқыз. (Қоса ұмтылады). Ұста, жіберме, (Омар, Сәрсек шығады).

Сеит. Тоқта! Қысқарт! (Келе жатқан машина даусы).

Садық. Әй, мынау кім? Анау Ганшиннің машинасы ғой! Әй, Асан, тоқта! Александр ғой. (Мұрат, Ганшин, Хадиша).

Ганшин. Ия, бұл немене?

Мұрат. Хадиша, мынау адам қанға боялып жатыр ғой, қарапшы сен! Ия, бұл не хал?

Жарқын. Кеше кешке ауданнан келе жатсам колхозға қарай ана Байназар мен қатыны келеді. Мына Торқа айдалып кеткен болатын. Содан бұл шекараға келіп жүрген жүрісін де сезікті көріп, жай-жапсарын погранотряд айырсын деп және солай алып жүрмекші ем. Сол екі арада Байназар, жанында пышағы бар екен, жалмажан өзін өзі орып жібергені. Ал, содан бері мыналар біржолата құтырып, мені бауыздарман болды, мінекей.

Садық. Болдың ба? Сен айтқан соң бәрін неге айтпайсың!

Ганшин. Өзің айтшы ендеше?

Садық. Колхоз Қытай емес...

Ажар. Әй, жүзің күйгір, байдың құйыршығы боп.

Асан. Әй, енді жетті сенікі, тарт тілінді.

Жарқын. Уау, мөй-ау!

Мұрат. Ей, жігіттер, қызбандар, сендердің аттарың кім осы? (Садыққа.) Сенің атың кім?

Садық. Садық.

Мұрат. Е, Садық сен бе едің? (Жарқынға.) Сенің атын кім?

Жарқын. Жарқын. Мынау Асан, анау соның үй жолдасы Ажар.

Мұрат. Ия, Жігер колхозы, сендер әмісе осылай жігерліміңдер? Жоқ, жігер жұмсайтын орын таба алмай, осыған ұрынып жүрміңдер? Керіс пен шатаққа ұжымдарың қалай берік еді?

Сәт.

Көп күттірген, Мұратым.
Тусып тұр колхоз даласы,
Басшылыққа құштармыз
Еңбекшінің баласы,
Жалғыз-ақ шикі, дүмбілез
Бұл жыйынның арасы
Бірліктен безіп кер кетіп

Біріне бірі сайлаған
Шашынан көп жаласы
Ұят та болса айтайын.
Пай-ғай, шырықты бұзды ғой
Белсендінің баласы.

Жұматай. Уай, қой, қойсаңшы әрмен.
А жар. Е, несі бар, айтсын, айт бәсе.
Мұрат. Уай, ақын аға, басып айтпай ашып айттың-
ау деймін. Түйін тастадың ғой. Шынды айттың-ау.
Сәрсек. Сөйлей-сөйлей шешен боларсың.
Жұматай. Әлде көпке кесел боларсың.
Сәт. Айтарсың, тоғай араласаң үйші боларсың.
А жар. Ел қыдырсаң сыншы боларсың.
Сәрсек. Ей, шырағым, ерінбесең етікші боларсың.
Жұматай. Ұялмасаң өлеңші боларсың дегенді де
ескер. (*Балтабектер күледі.*)

Сәт

Өлеңім өзек жарған шыным еді
Басшыма сақтап жүрген сырым еді.
Егіннің жоспарынан жалтағы бар —
Жұматай сол себептен қырын еді.

(*Жарқындар күледі.*)

Ерінбеген етікшілік мін бе екен?
Өрлей шапса өлеңшілік сын ба екен?
Жанары жоқ, жатып ішер сорлыны айт
Өнер алды өршілде емей кім де екен?

Мұрат. Ә, бәле бәрекелде. Е, мынау өнерлі ел ғой.
Тепсе темір үзейін деп тұрған колхоз ғой.

А жар. Тепсе үзер еді-ау, жалғыз-ақ тепкісі келмей
тұрғаны болмаса.

Мұрат. Не дейді? О не деген дүдәмал? Сеит, Омар,
не бітірдіндер? Жоспар жайын білдіріп пе едіңдер?

Сеит. Білдіріп ек, соның біраз түйткілі болып тұр.

Омар. Анау Сәттің тұспалдап тұрғаны сол ғой!

Мұрат. Е, ендеше несі бар екен, айтсын. (*Халыққа.*)
Әй, жолдастар, мына бірінші апрель егіске шығатын күн.
Сын күн. Соған жаппай әзірлік керек. Сендер анау Бал-
қыбектің бес жүз гектар тыңын айырасындар. Не әзірлі-
гің бар, не айтасын? (*Үн жоқ.*) Ия, неге үндемейсіңдер?

(Үн жоқ.) Қарсымысыңдар әлде? (Үн жоқ.) Қарсы болсаңдар ойларыңды айт.

А жар. Уа, көрмей тұрмысын, жолдақ Мұрат-ау.

Мұрат. Кім қарсы?

А жар. Осы тұрған ақсақал, қарасақалдың бәрі қарысып тұрған жоқ па?

Жұматай. Уай, Ажар, басқа шауып, төске өрлемей, қой арман әрі.

Мұрат. Ия, сонымен сіз қарсымысыз?

Жұматай. Ия, қарсымын.

Сәт. Анау қадірлі Сәрсек те қарсы.

Мұрат. Рас па? Ә, Сәрсекен сіз бе едіңіз, ия, сөйтіп сіз қарсымысыз?

Сәрсек. Қарсымын, шырағым Мұрат. Қарсы боп тұрмын.

Сәт. Міне, өстіп қыңыратып тұр шетінен. Ырық бермейді, тіпті.

Балтабек. Шекара деп сыйпай-сылай әбден құтырып алған бұл ел өзі.

Мұрат (Ниязға). Ал, Нияз, МТС бастығы сенің де арылып болғаның осы ма?

Нияз. Сенбейді. МТС көмек етеді дегенге тіпті сенбейді.

Сәрсек. Сенбеймін, алдымен сол МТС-қа сенбейміз. Қарсылығымызда дәлел бар. Соны айтпақпын.

Мұрат. Ә, ендеше шынға келіседі екеміз. Айт. Толып тұрған трактор бар. Соған көмекке жасалған МТС не жазығы бар.

Сәрсек. Бәсе, осы МТС құрылғалы үш жыл болды. Тіреліп тұрған тракторы бар, тұнып тұрған өлке бар. Бірақ төстіктей жер жыртып берді ме екен, айтсыншы кәне?

Жұматай. Балқыбектің тыңына, егінші етем деп екі жылдай салып келеді, аудан.

Асан. Басында МТС көмек етеді деп жоспарды береді-береді де, егіс үстінде тракторы бүлінеді, бастығы былығады...

Сәрсек. Жоспарды құшақтап біз қаламыз, атаған көмегін бермей МТС кетеді.

Жұматай. Тыңды айыртпай таңды айыртатын болды мүлдем. Малды колхоз ек, көліктен де жұрдай болдық.

Асан. Еккен егін, су тегін, шығымы жоқ қып-қызыл шығын.

Садық. Біресе шықпай қалады, біресе піспей қалады.

Жұматай. Тіпті болмаса үсіп кетеді.

Асан. Тұқымның бабын таппай ол құртты.

Садық. Қазір екі жүз үйдің қақ жартысында сауын да жоқ.

Сәрсек. Ал, міне, Мұрат шырағым, жұмыс істемейік деп пе едік? Балқыбекті баурамайық деп пе едік? Бірақ асырмайтын қырсық асу боп құртқан жоқ па Балқыбек бізді. Бай колхоз, бар колхоз едік, осы соңғы жылдар шөмитіп тұр бізді.

Мұрат. Жә, колхоз бастығы, сен не айтасың? Бұл елдің бұнысы шыны ма?

Балтабек. Не дейін, жолдас Мұрат, көптің асып та айтатын, басып та айтатын жері бар ғой!

Мұрат. Е, солай де. Ажар, Жарқын, сендер не дейсіңдер?

Ажар. Елдің бұнысы шыны. Бірақ қажымайық, қайрат табайық деймін.

Жарқын. Енбегінде еңбек жоқ, егестен жеміс дөметкен ел боп тұрмыз да.

Мұрат. Жә, Сеит, Омар, сендер не дейсіңдер?

Омар. Босаңсымау керек қой.

Балтабек. Ырқына да жібере бермеңіз-ау!

Сеит. Өзіне салса тұқырта беретін де әдет қой.

Мұрат. (көпке). Егін ексе шықпайды. Мал өсірсе індет шырмайды. Адамын ауру иектейді. Аузында асы, қолында сауыны жоқ. Тракторы, машинасы тілде бар да, істе жоқ. Не жазығы бар бұл елдің?

Сәрсек. Бәсе, осы жасықты жанып-жанып тасқа салатын, болаттың суын табатын партия қайда?

Жарқын. Осы өзің тапшы, жаным, есебін.

Балтабек. Е, сен керісті қоярсың сонда, Жарқын.

Мұрат. Ия, бастық келесі келіспесе, керіс жеңбей қайтушы еді? Жоқ, әлде жаны ашымастың қасында басым ауырмасынның кебі ме? Сен өзің, бастық бола-бола қажығанбысың деймін?

Сеит. Ол ұсынысыңа құп дегеннен басқамыз жоқ.

Дауыстар. Өй, мынау Смайыл ғой.

Ал, Смайыл келеді.

Келіпті ғой... мал әкеп пе екен?
Әкепті, айдап келеді дейді.

Смайыл келеді.

С е и т. Жә, әкелдің бе?

М ұ р а т. Қанша сыйыр әкелдіңіз?

С м а й ы л. Қыйталаса жүріп екі жүз сыйыр алдым
ғой әйтеуір.

М ұ р а т. Жә, қаншасы сауулы сыйыр?

С м а й ы л. Жолдас Мұрат, Мұратсыз ғой? Екі жүзі
де сауулы. Әдейі барды салғаным сол ғой, мына егіс нау-
қанының алдында.

М ұ р а т (*Сеитпен ақылдасып алып, көпке*). Жә,
ендеше осы сыйырдың дәл қақ жартысын, жүз сауулы
сыйырын, Жігер колхозы, саған берейік. Сауынсыз үйің
болмасын. Мақұл ғой, ә? (*Жұрт ырза болады*).

С м а й ы л. Е, тәйір, оның мақұл болмасы бар ма
Жігерге.

М ұ р а т. Ал, онан соң анау Балқыбекті қордалы бай-
лық Балқыбегі етеміз. Тауда түлігің, егісте егінің шай-
қалып тұрған ел етеміз. Бірінші апрель ойын емес, шыны-
мен сын күн. Ең алдымен МТС-қа, мына МТС директо-
ры, Нияз, саған сын. Бар тракторыңның ремонту бітіп,
барлық күшіңмен осы колхоздарға көмекке шығуға мін-
деттісің. Ол бір, екінші сол, бұл күн саған да сын Жігер
колхозы және сын болғанда қандай сын, мәймөкелейтін
түгі жоқ. Сол жаңағы барлық үлкен егіс, үлкен тауды
аударатын, меңгеретін срогің 15-ақ күн.

Д а у ы с т а р. Не дейді? Ойбай-ау, қайтіп, қалайша?

М ұ р а т. Сол, солайша. 15 күннің ішінде барлық егіс
тамам боп біту керек, бұл өлке, бұл аудан бүгінге шейін
бүйтіп егіп көрген жоқсың ғой, солай ма?

Д а у ы с т а р. Көрген де, естіген де емеспіз.

М ұ р а т. Міне, партияның ауданға, МТС-қа, колхозға
беріп отырған нұсқауы осы. Осыны дәл осы тұрған бәрі-
міз бұлжытпай ада қыламыз, орындаймыз. Қәне, жүрің-
дер енді, жарыса-жарыса болдық. Сол әзірлікті кеңесеміз.
Қәне бері тартыңдар.

Д а у ы с т а р. Мейлі енді.

Болсын енді.

Көреміз енді. (*Кетіседі.*)

С ә р с е к (*Жұматайға*). Жайнап тұрған отты жас
екен. Тек жолы болса игі еді бақырымның.

Жұм а т а й. Сәрсек, бұл Ажар деген ақтарына бер-
сін. Әйтеуір кенесіп, шындап алмай оңай көнбе.

Сәрсек. Есте болсын. Бірақ Балтабекке сен де
ырық бере берме. *(Кетіседі.)*

Торқа *(жылап шығады)*. Құрыдым ғой! Тентіреп
кеттім ғой! *(Жомарт, Зипа)*.

Жомарт. Немене, бишара, байың қайтыс болды ма?

Торқа. Тілеуім құрыды ғой! Қолымда нәр де жоқ.

Жомарт. Мә, бақыр, мынаны талшық қыл. Құдай
есіркесін. *(Ақша береді)*.

Зипа. Жомарт-ау, бұл кім еді, жаным-ау?

Жомарт. Ешкім де емес. Білмеймін де. Бұл да біз-
дей бақыр ғой. Садақа әшейін.

Торқа. Жолың болсын, қарағым. Сен кім едің? Тым
құрмаса атыңды білсейінші.

Жомарт. Білмей-ақ қой! Баяғыда байыңнан бір
жақсылық көрген адам едім.

Торқа. Айналдым айналайын, садағаң кетейін.

Жомарт. Саған қылған Жарқын ғой?

Торқа. Сол қуарған. Құдай орайын келтірер, қо-
лында өлермін. Жағасына жармасып өлермін, бәлем.

Жомарт. Тиме Жарқынға. Тілімді ал. Сүйей жү-
рермін бақырым, жаным ашып айтамын. *(Айналып қа-
рап.)* Зипа, сүйемелдеп былай жөнелтіп жіберші мүсә-
пірді.

Зипа мен Торқа кетеді.

Біреу *(шығып)*. Байназар не болды?

Жомарт. Өліміне киліктім.

Біреу. Қатыны ше?

Жомарт. Мұнда қалады.

Біреу. Ә, дұрыс, ендеше бұйрық сол, соны керекке
жарат.

Жомарт. Мақұл, тағы не бұйырасын.

Біреу. Смайыл жәйі. Қолынан іс келетін, өндіріп
кететін кісі екен. Ірі де, жырынды екен. Сыр алдырмай
кетті. Шаруаны өрлетіп, аброй-атақ алып кететін сыяқ-
ты. Әрісіне жіберме. Көз айырмай бақ, болмай бара жат-
са қыбын табасын.

Жомарт. Жоқ, Смайыл қайта өрісіне жетсін. Сол
қажет. Оны маған билетсең қайтеді?

Біреу. Ойланамын. Байлауымды кейін айтам. Ал,
өзге қыймылдарың немене?

Жомарт. Бір қыймыл... Белсендіні ақсату.

Біреу. Кәр тіккенің кім?

Жомарт. Ең әуелі Жарқын мен Ажар. Ебін тауып, екеуінің де топшыларын үзіп-үзіп тастау қажет көрінеді.

Біреу. Дұрыс, қостаймын. Орында осыны.

Жомарт. Істей көремін, сол!

Біреу. Бар. *(Анау кете береді, Зипа шығады)*.

Зипа. Мынау кім, Жомарт-ау?

Біреу. Құдай қайыр! Ей, ағалар! Ей, апалар! *(Кетеді)*.

Жомарт. Е, бір қайыршы ма, мүсәпір. Мынау ел мен жолдың жөнін сұрап тұрмын. *(Кетеді. Балтабек, Қонай)*.

Балтабек. Мені орнымнан алатын болды.

Қонай. Кімді бастық қояды екен колхозға?

Балтабек. Ажар деседі. Жаксы күнде аға ең. Жаман күн туса қырын кетпе демекпін. Балтабек, Қонай бір әке, бір шешенің баласы ек.

Қонай. Өзің неменен жорамалдап тұрсын, түге?

Балтабек. Тоқта. Мына Мұрат енді үш жерге күш салғалы жатыр. Бірі осы Жігер колхозы, екіншісі МТС. О, да бұрын қырсыққан ит қыңыр жүгіретіннің кербін киген жер еді ғой?

Қонай. Үшіншісі не екен?

Балтабек. Үшіншісі конезавод, сенің конезаводың. Ұқтың ба? Ал, колхоздан кетсем, менің барқадар табам деген жерім де сол сенің жылқы совхозың-заводың болатын. Ондағы сенетінім сен екенінді білесің ғой?

Қонай. Өй, өзің не жағалатып тұрсың, жаным осы?

Балтабек. Екеумізге сенің сол заводтың арқылы бір береке оралайын деп тұр.

Қонай. Е, бақырым, онда соныңды айтсайшы.

Балтабек. Жалғыз-ақ демің ішінде болсын. Қала берсе қатыныңа да айтпайсың.

Қонай. Е, о не сұмдығың?

Балтабек. Жасырын.

Қонай. А? Өзі жоспардың жөні ме?

Балтабек. Жоспарға қарсы?!.

Қонай. Уа, Балтабек, тілеуімізді құртайын деп пе ең, не деп тұрсын?

•Балтабек. Үндеме, түбі қайыр.

Қонай. Кімге қайыр?

Балтабек. Бұл жолмен жүрген кісі де аз емес деседі. Бұнда да көп бар.

Қонай. Балтабек, қай ботқаны былғайтыныңды білмедім. Бірақ күндердің күні боп бір былығып шығатын болса барма, інім екен демеймін, тап төбенді өзім оям. Қашан айтып ең деп жүрме, білдің бе?

Балтабек. Бар ендеше, мынау былық екен де, қазір айт. Құдай ұрған сарамас бар, айт деймін?

Қонай. Тоба, тоба... Шырмадым, шырмадым да былғадым десеңші онда.

Балтабек. Жоқ, түк те былғағам жоқ, шырмайтыным да жоқ. Бірақ бір дер кезі соғады. Қолыңа мол береке оралады. Сонда қашан естіп ем деп жүрме. Қалт етпей әзір бол. Одан бері де сені мен көргем жоқ, мені сен көрген жоқсың. Тас түйін. Өз ішінде жатсын да қалсын, болды.

Қонай. Ойпыр-ай, бәтір-ай...

Балтабек. Енді үн қатпа! Ұқтың, ұқтың да ішіңе тықтың. Жап енді!..

Шымылдық

Үшінші сурет

Аудан орталығында Мұрат, Сеит, Хадиша, Смайылдарға, Сәт, Жомарт, Зипа кездеседі.

Жомарт. Ассалаумағалайкүм, я алдияр ағалар!

Мұрат. Ия, шаруаңыз не еді? Ә, Сәт, есен бе?

Жомарт. Ағатай-ау, қонақ бір күн қонса ырыс, үш күн қонса жұт қой. Басқа пана, ауызға нәр боларлық бір орынға ілесек деп ек. Мына жеңгең екеуміз де соны тілеп жүрміз.

Мұрат. Менің сіздерге айтар орным жоқ. Ия, Сәт, сен ше?

Сәт. Өзім деген кісіге өзегімді беруші ем ғой, өзіміз деп келіп тұр ғой!

Мұрат (*өте беріп*). Түү, ақын-ай! Орналастырам деп өктеп тұр екенсің-ау. (*Кете береді*).

Сәт (*Сеит пен Хадишаларды тоқтатып*).

Пана қып бізді қорғалап,
Кекіліктей жорғалап,
Құралай көзді қарындас,

Тәтті бір сөзі сорғалап.
Асыла тілек етіпті.
Мен де тұрмын қолдап-ақ.

Сеит. Ә, солай ма еді? Немене, өзің бұны жете танып па ең? Күмәнсіз кісі ғой, солай ма?

Сәт

Күмән жоқ, жылаулар ғой көзбен көрдім,
Көрдім де болысам деп сертім бердім.
Қарқ болса қашып шығып құтырып па,
Қайт қылма, ел деп келген бетін ердің.

Сеит. Ал әне ақын да салыпты ғой, сендер не дейсіңдер, Хадиша, Смайыл?

Зипа. Смайыл? Смайыл дей ме ой мына кісіні? Япыр-ай, ә?

Хадиша. Ия, Смайыл болса қайтушы еді? Неге таң қалдыңыз?

Жомарт. Жеңеше-ау, бұндағы азаматтың атына қанық қой ол жақ.

Хадиша. Оны кім деп естіп едіңіз?

Сәт. Е, тәңірі естиді де. Ана Ганшин, Сеит, Нияз бәріне де қанық екен ғой, тіпті.

Хадиша. А, солай ма, болар.

Сеит. Рас-ау, Хадиша! Тіпті осы кісі сенің қолың.

Хадиша. Маған бір көмекші әйел керек еді.

Сеит. Ендеше мен маслихат етем, алшы осыны.

Сәт. Менің де қолқам сол болсын, Хадиша, алыңызшы.

Смайыл. Е, өзін Сәт сәтімен әкелген ендеше.

Хадиша. Ал, сізді мен алсам не дер едіңіз?

Зипа. Апатай, неде болса панаңа алсаң екен. (*Кетіседі*).

(Мұрат бір топ қолхозшы арасында.)

Мұрат. Алған сыйырың сүтті болды ма? Қалай екен, Сәрсек?

Сәрсек. Е, шүкір, сүт бар.

Мұрат. Сүйрік, сенің сыйырың бұзаулаған сыйырма еді?

Жұматай. Бұзаулаған ғой. Осы күнде біз де жаман емеспіз.

С ү й р і к. Көрген сайын жәй-күйімізді сұрап тұрады өзі. Біртүрлі.

М ұ р а т. Жақсы. Бүгін бірінші апрель! Ал мына егіске Жігердің әзірлігі жаман емес... Ажар!

А ж а р. Әнім жаңа түзелейін деді ғой, жолдас Мұрат-ау.

М ұ р а т. Бәсе, әнеугі әндерің жаман еді-ау, Жұматай, ә?

Н и я з. *(шетке қарап қолын бұлғап)*. Ал, жолдастар, ертең Балқыбектің тыңына мынау әнге басып отырып шығамыз.

М ұ р а т. Ал, көріндер бірінші апрельге МТС әзірлігі де жаман емес.

Н и я з. Төстабандар түсетін шын әншінің, зор әншінің әнін тыңдап көр әне! *(Трактор үні шығады)*.

Д а у ы с т а р. Ойбай, әннің төресі шыны мұнда екен ғой.

Ой, жанбауыр шөгелің!

Ой, жануар, мынау неткен дүлдүл еді.

С ү й р і к. Әне, бір тобы тағы шықты.

Ж ұ м а т а й. Ол совхоз жерін жыртатын тракторлар!

К о л х о з ш ы. Жарқын, сенің бригадаң ба өзі?

Ж а р қ ы н. Біздің тракторлар... Анау алдыңғы топ Жігердікі, соған көмекке барады.

Ж о м а р т *(Торқаға)*. Жарқыныңды көрдің бе, жарқырап тұрғанын!

Т о р қ а *(жындылау)*. И-і-і-и, жіберші, жібер.

Ж о м а р т *(сүйреп, оңашалап)*. Қой тиме! *(Жарқының қатыны баласын арқалап жүреді, соны көрсетіп)*. Әне! Бүкіл Байсалдан қалған жалғыз Байназар еді. Ғайып болды. Исі Байсал құрыды ғой. Олар жоқ. Енді мына Жарқын көгереді, әне ұрпағы. *(Алып жерге ұр деген ишарат жасайды. Торқа байпаңдап, құттырынып, Жарқынның қатынының артынан кетеді.)*

Д а у ы с т а р. Мынау Роман, біздің Садық бригадасына баратын трактор.

Нешеу болды өзі, жаным-ау?

Бәлем енді шыдап көрсінші Балқыбек!

С ә р с е к. Үндеме, тек жолы болсын жортарымның.

С ә т *(әндетіп)*.

Уа, тас қыяға сермеген,

Асқар асқан елді көр,

Таспадай тыңы тілінген,

Топырағы торқа белді көр,
Құт қонады колхозым
Қуанышты енді көр!

Дауыстар. Уа, дегенің болсын, ақыным.

Әй, тілің бұлбұл, Сәтім-ай!

Зипа. Ақын құрбым, қуанышың қандай еді, қайырлы болсын.

Сәт. Қайырлы болса, сенің оң шырайыңмен бірге болсын, Зипатай.

Зипа. Япырм-ай соны аңдып тұр ма едіңіз.

Сәт. Мен тойға ұласса екен деп айтамын.

Қонай (оқшауырақ). Аңғал арап ақ айғыр, ақал теке торы айғыр, қазақы қоңыр қара айғыр... Әй, жоқ, күйім жоқ. Бір жағы міне, бірінші апрель асқар ас дейді. Тағы бір жағы асқар асарда белден бас дейді. Мен қайдамын? Әй, Балтабек-ай, екі ұдай қып құрттың-ау!

Смайыл. Уай, колхозшы! Өздерің осы мынау алдыңғы трактордың үстіндегі кім екенін аңғардыңдар ма?

Дауыстар. Әй, мынау кім осы?

Бәсе, осы кім? Қазақ қой?

Степан (мастау). Вот ду... чудақ казак, дейсін, Асан десеші. Мына Ажардыкі Асан. Үйреткен, ал ол, ол десеші...

Дауыстар. Уай, ел болдың деген осы да.

Ойбай, жаратқан-ай. Асан мынаған мінген соң егінші болмаған неміз қалды?

Бәсе, өзіміздей-ақ талтыйған таз емес пе еді, осы да, ә? (Тарс еткен дауыс естіледі.)

Дауыстар. Ойбай, сұмдық. Өртеніп барады ғой, өрт, өрт! Әй, анау анау. Асан не болды өзі?

Роман. Бұра алмады. Әлде тормозы бұзылған ба? Бензин алам деп анау май құйған бакке кеп соқты. Әне енді, барлық трактордың майы рәсуа болды. Атылып кетті.

Степан. Қап, егіске арналған барлық май кетті-ау, енді қайттік?

Роман. Неге отырғыздың сен Асанды, үйретіп болмай!

Степан. Апыр-ай, бұған не болды, көрсетіп-ақ ем ғой.

Роман. Көрсетіп ем... Он күнде үйретеді... Өтірік айтасын деп айтпап па ем, өтірікші демагог.

Степан. Роман, қалжырама! Сен шовинист, шови-

ниссың, осындайды пайдаланып қазақ колхозшысын тракторге жолатпайын дейсің ғой, білем сені.

Роман. Бүлдірдің, демагог Степан, бүлдірдің сен.

Степан. Мен емес, ерте үйреттірмей бүлдірткен сен. Бүгінгі күн тракторге мінгіз Асанды деп жұрттың бәрі тапсырғаны қайда, райисполком тапсырғаны қайда?

Нияз. *(Мұратпен бірге шығып)*. Степан, Роман, жүгірші, мынау не шатақ?

Мұрат. Нияз, Смайым, бұ не қылған ойындарың?

Смайыл. Ойпыр-ай, жаңа ғана бір қабағым ашыла ма деп ем!

Нияз. Колхозшыға жақсы көрініс болсын деп әдейі...

Мұрат. Ой, көріністерін бар болсын, түге. *(Кетіседі)*.

Балтабек. Е, Ажар бір жарға ұрындырады демеп пе ем Асанды сорлы-ай, сорлы. *(Кетеді)*.

Смайыл *(ашулы Сеитке)*. Іші қостамап еді Нияздың. Сондықтан шала үйретіп, шығара салғаны ғой Асанды.

Сеит *(ашулы)*. Қайда әлгі Нияз? Шақыр! Келтір мұнда. Әй Нияз! *(Нияз шығады, қасында Жауһар.)* Бұ не? Мынауың не қырсық! Не пәлең?

Нияз. Жолдас председатель.

Сеит. Керегі жоқ сөзіңнің.

Нияз. Мінгіз, білгіз деген өздерін емес пе ең?

Сеит. Бәсе, мінгіз, білдір демеп пе ек, бүлдір деп пе ек! Мынау халықтың қалың талабының үстінде сен не бүлдіріп тұрсың, сен МТС-тің директоры!

Роман. Міне бұл нағыз барып тұрған зыянкестік.

Сеит. Бәсе, зыянкестік. Бүлдірдің, әдейі істедіңдер.

Нияз. Жолдас председатель, сіз не деп барасыз осы? Ойлап айтыңыз, Нияз ондай кісі емес.

Сеит. Жоқ. Жауаптылық сенде. Мен сені жауапқа тартам!

Нияз. Ендеше аямаңыз, көріп алармын.

Сеит. Не дейсің, не деп егесесің? *(Мұрат шығады)*.

Жауһар. Не дейді мына кісі саған, әке? Сен бе едің сондай кісі! Жоқ, жолдас, бекер айтасың, менің әкем ондай емес.

Сеит. Қой, шырағым! Нияз, сен жауаптысың, құтылмайсың!

Нияз. Ашқанамыз мақұл, тартыңыз жауапқа.

Жауһар. Жоқ, менің әкем жауапты емес.

Н и я з. Жок, тарт, тартсын жауабына.

С е и т. Ендеше тартыласың. Қабырғанды қаусатып тұрып жауап алғанды көрерсің ендеше.

М ұ р а т. Қой, Сеит. Ашуды қой да, артық сөзді доғар.

С е и т. Немене, не қалды енді? Бар жақсы әзірлік қайда кетті.

М ұ р а т. Ешқайда кеткен жоқ. Үркітпе жұртты.

С е и т. Үркітпеймін, жауапқа тартқызамын.

М ұ р а т. Нияз жауапқа тартылмайды. Нияз ойыншық емес, адам. Біздің адам, оп-оңай жау таппайсың! Қап-тама.

С е и т. Алғыз, ал арестке ендеше ана Асанды. Алдымен ұсталатын сол, ал арестоваты! *(Жөнеледі.)*

Б а л т а б е к. *(Ажар, Жарқынға).* Ал, Ажар, сенің екпінің Асанға тепкі болды ма?

А ж а р. Не дейсің? Немене, табашымысың?

Б а л т а б е к. Уай, көз алдымда боп тұр ғой, көрме деп пе ең?

Ж а р қ ы н. Ендеше ондайына жасыйтын кісі Ажар емес.

Б а л т а б е к. Әрине бұның зор болғаны, оған сор болғанында кімнің жұмысы бар?

А ж а р. Не дейді мынау? Асайның күйігін жырлап тұрған жоқ, мені шырмап тұр ғой! Ер болсаң ішінді ақтара түсі, кәнекей?

Б а л т а б е к. Әдияғал, тапқан екенсің дұшпаныңды... Тракторды тырайтқан сендер емес, мен ғой, тегі. *(Кетеді.)*

А ж а р. Жарқын, не қылды, не бүлдірді, қалай бүлдірді бұ құрғыр, жүр, жүрші Мұратқа!

Ж а р қ ы н. Бәсе, осы Сеиттікі ашу мен күйік үстіндегі ұшқарылық болмаса игі еді?

(Кетіседі, екінші жақтан бір шу шығады, қатындар шуы.)

Д а у ы с т а р. Ойбай, жалғызым, не болдым, ұста, ұста куды! Өлтірді, кісі өлтірді. Жарқын, ойбай сорлы Жарқын, балаңды өлтірді, балаң өлді, Жарқын.

(Қатындар жүгіріп кетеді. Жомарт Торқаны қуып келеді. Жарқынның қатыны бірге келеді.)

Ж о м а р т *(Торқаны алып соғып).* Қуарған-ай, қуарған! Кулақ қатын!

Т о р қ а. Ой, ой, Жо-жо... Жом...

Жомарт (*буындырып*). Өлтір, өлтір, өзін!

Тізерлеп буындырып жатып өз пышағын Торқаға салып жіберіп, артынан Жарқынның қатынына пышақты ұстатып.

Сал, сал мына пышақты өкпесіне. Неге тұрсың, не деп тұрсың, бақыты күйген сорлы, сал, сал, е-е, жат бәлем, жауыз.

Тұрады, кемпір өліп қалған, жұрт шығады.

Жарқын. Не дейді, не дейсіндер?

Бірақатын. Жаңа емшектегі балаңды аркалап қатының келе жатыр еді. Мына Торқа, Байназардың жынды қатыны Торқа, баланы қатыныңның арқасынан жұлып алып, тасқа басымен бір қойып өлтіріп кетті. Тілеуің келді ғой, ойбай!

Сеит (*шығып*). Әй, мынау не сұмдық, не пәле тағы да? Ұсталды ма, қайда өзі, ол қатын.

Дауыстар. Ұсталды ғой міне.

Ой, бұ неғып қан болып жатыр?

Ойбай, бұ да өлген ғой.

Бұ, қалайша, бұны кім өлтірді?

Жомарт. Ойбай, өзіне өзі пышақ салып жіберді ғой құзғын. Міне мына кісі екеуіміздің көзімізше пышақ салды ғой өзіне. (*Мұраттар шығады*).

Сәрсек. Ойпыр-ай, мынау неткен сұмдық еді, жаным, Мұрат-ай, пәле ғой. Бұл бір қырсық қой.

Жарқын (*баласын құшақтап*). Жалғызым-ай, түбің күйгір, дұшпан-ай! Қас дұшпан-ай.

Садык, Ажар, Хадиша, Омарлар шулап шығады.

Мұрат. Жә, тоқтат Жарқын, берші, мына Хадишаға берші баланы.

Жарқын. Несін береді? Міне мыйын көрсеңші, бітім ғой!

Хадиша (*алып қарап*). Қап, не дейін, не істейін, жаным-ай, кішкентай қошақаным-ай!

Жарқын. Ойпыр-ай, Мұрат ағатайым-ай, мынау кемпір құртты ғой. Тап жауының құртқаны ғой мені.

Мұрат. Сабыр қыл, Жарқын. Жау бұл кемпір ғана болмас. Тегін болмас, түбіне шейін қазармыз, жетерміз түбіне. Мен әрдайым жаныңдамын. Барлық күшім сенің осы қазанның жолында, ұқтың ба? Бұл сенің ғана күйігің емес, партияның, табыңның да күйігі деп біл.

Садық. Жаным, Жарқын-ай, дау еместі дау біліп, іс еместі істеп біліп қаңғығанның бірі мен едім. Мынау кішкентай қозының өлімі қабырғамды қаусатты да, көзімді ашты ғой. Қайғыда серігің, қайратта сыңарың болайық. Мына жолдас Мұрат барды айтты ғой, бір жолдан шығайықшы, бауырым!

Ажар. Осыны мына нәрестенің өлімі үстінде серт етейікші!

Жарқын. Ендеше осы жаулықтың түп тамырын ашпасам ба, дүниеде тірі жүрмейін. Міне менің партияға берген сертім. (Мұратқа). Менің қынаптағы қылышым деп біл, партия! Жау жасытам дейтін шығар, адыра қал!

Шымылдық

ЕКІНШІ АКТ

Төртінші сурет

Хатшы газет оқып отыр, Омар кіреді.

Омар. Мұрат осында ма?

Хатшы. Ия, Ганшин

Нияз, Ажар, Жарқын, Садық кіреді.

Жарқын. Мұрат босап па екен?

Хатшы. Жоқ, босаған жоқ.

Омар. Әлі Ганшин бе?

Нияз. Кіммен сөйлесіп отыр?

Омар. Ганшинмен.

Жарқын. Ұзақ сөз ғой.

Ажар. Оңаша сөз ғой.

Омар. Ия, аяғын тосқан мақұл болар.

Сеит кіреді.

Сеит. Е, жыйылдыңдар ма? Ал Мұрат ше, ол қайда?

Хатшы. Мұнда. Сөйлесіп отыр.

Сеит. Кіммен?

Хатшы. Ганшинмен.

Сеит. Ә, Ганшин бе? (Барып есікті аша береді.)

Ганшин (көріп, түрегеліп, бері шыға бере). Ал, мен жүрейін, Мұрат.

Мұрат. Құп, Александр, сол!

Ганшин. Бұдан былай көбінше қайдан табыласың?

Мұрат. Мені Жарқын бригадасы мен Жігердің бірінен табасын.

Сеит (Ганшин кеткен соң). Немене бұл? Қазір міне

түн ортасы, сағат үш (күліп). Жеті түнде неғып бөрліктіріп жүрсің?

М ұ р а т. Ә? Сен немене, ұйқының жоқшысымысың? Ұйқы, тыныштық, тыныштық, ұйқы. Осы эншейінде шекара дейміз де, керек жерде, дер кезде сол шекарада ұйқтаймызда жатамыз-ау, жолдастар, ә? Бұ тау арқасындағы ел осы, ұйқымыз қалың болса керек, біздің. Бөрідей бөксерге тиіп жатқан жаулық, қастық та бар. Оған да мызғымаймыз-ау! Жә, осы шекара ма, жоқ па?

С е и т (күліп). Ойбай, сен тереңге кетейін деген екенсің, ал қойдык.

М ұ р а т. Ендеше ертең ел алғаш рет, тегіс егіске шығарды: таңертең тағы найқалып, халықты күттіріп отырамыз ба? Қазір колхоздар мен бригадалардың бәріне жетеміз де ертемен елмен бірге аяққа басамыз.

С е и т. Ал, мақұл!

М ұ р а т. Екінші, колхоз қайда жатса сонда жатып, нені ішсе соны ішеміз. Сойыс, түстік, тоқ, тыныштық бітті. Оның шырқы бұзылды. Аудан басшылығы сүт үстінде қаймақ болу жетті. (Кекетіп.) Еңбекті өзі істейді, ал біздей ерлер сере түскен, семіз серке болып күн кешеді.

С е и т. Ойпыр-ай, тұқырттың ғой мүлде. (Күледі.)

М ұ р а т. Ал. Жарқын, сен қалайсың? Көңлің қалай?

Ж а р қ ы н. Көңілді не дейін? Бірақ мынаны партия тапсырды. Осы істің үстінде партия сенімін ақтап шығам. Ал ішті, ананы сұрамай-ақ қой!

М ұ р а т. Неге сұрамаймын! Шыныңды айт, алаң емессін бе?

Ж а р қ ы н. Ол бір іште оқ өтіп кеткен жер ғой. Жүректің түкпірінде қату боп шөгіп жатты ғой. Бірақ бар қажырымды отанның тапсырған міндетіне саламын.

М ұ р а т. Болды. Дұрыс. Сен осылайша көзіңнің жасын жұтып жүріп, стан деп өзеурегенде, өзге басы аманның бәрі, мына тұрғанның бәрі тартынып, іркіліп көрсін. Садық, не дейсің?

С а д ы қ. Мұндай күй, мұндай күнге келіп туып іркіліп қалсам менің де өлгенім артық та. Сөзім сол-ақ.

Ж а р қ ы н. Ендеше менің жарам егісті емдесін. Егіс, табыс менің жарамды емдесін. Әзіргі жұмылғанамыз осы ғой.

Н и я з. Әуелі соны емдеп алып, осыдан жолымыз болсыншы.

Мұрат. Жетті, болды. Одан арғысы...

Жарқын. Бәсе, одан арғысын...

Ажар. Көрерміз.

Мұрат. Көріп алармыз.

Жарқын. Көріп алармыз.

Мұрат. Міне көрдіңдер ме, түсіндіңдер ме? Ендеше осы Жарқынның ішінде не жатқанын жадында тұт, ұмытпа.

Өзгелері кетеді. Мұрат, Ажар, Сеит қалады.

Ажар. Екеуінен бір-ақ сөз сұраймын. Анау Асан кіналі боп шықты ма, жоқ па?

Сеит. Немене, байың ғой, ара түспек пе ең?

Ажар. Арам болса, байым түгіл әкем болса да омағарсын. Ал, адал болса шықсын деймін.

Сеит. Шыққанына қуанасың ғой?

Ажар. Құр шыққанына қуанбасын, адалдығына қуанармын.

Сеит. Ол кіналі болу керек. Ел алдында қандай үлкен компанияның қадірін түсірді? Ойлаймысың, не деп тұрсың? Босамайды.

Ажар шығады.

Мұрат. Асанның босауы керек, босайды.

Сеит. Неге? Не үшін?

Мұрат. Ол үлкен іс, үлкен зыянкестік. Терең тамыры болар, онысы және ашылар. Бұндайға кіналі шабақ болмас, шортан болар.

Сеит. Көзге шабақ көрінгенмен, шортан емес екенін кім біліпті. Қырағылық қайда?

Мұрат. Жалғыз бір қараңғы колхозшыны шетке байлап, шығара қуып не барқадар табамыз? Қырағылығыңның бары сол ғана ма?

Сеит. Мұрат, осы екеуміз ұғыса жүру керек еді.

Мұрат. О не сөз, не қыл дейсің?

Сеит. Мен райисполком председателімін. Менің де авторитетімді сақтау керек болар.

Мұрат. Қой, қолқа салыспайық. Ол лайықсыз. Авторитетті қолдан жасаспаймыз, іспен жасасамыз. Сол-ақ.

Сеит. Ендеше тағы бір сөз. Сен Ажар мен Жарқынға көп сенесің. Сақтандырайын, бұлар жік дегеннен бастары босамай келген адамдар. Өзі бұл жер шекара. Сақтана сенгейсің, бұныма не дейсің?

Мұрат. Болсын, жарайды. Бірақ ол екеуін де істен сынаймын.

Сеит. Сына, бәсе, сынай жүргейсің.

Мұрат. Сеит, олар ғана емес. Сені де істен сынаймын.

Сеит. Мен сыналып болғамын. Сен жас қызметкерсің, мені орталықта да білетін кісілер аз емес.

Мұрат. Бәсе, мен жаңа, жас қызметкермін. Сондықтан өзім сынап болмай, ешкімге де алдын ала жапырылмаспын. Осыным лайық емес пе? Басқа маслихаттар бермесін, солай емес пе? Сол (*Үндеспейді, Сеит кетеді*). Ажар, Ажар, мұнда келші! (*Ажар келеді*.) Асан кінәсіз боп шықты, Асан босайды, таңертең үйінде болады. Тракторге қайта мінеді.

Шымылдық

Бесінші сурет

Көшпелі амбулатория. Хадиша, Зипа.

Хадиша. Перерыв, перерыв, ал бөгелмей тез, тез жөнелтейік.

Колхозшылар шығады.

Колхозшы. Пай-пай, жағада Жарқынның бригадасы да кірісіп жатыр-ау.

Сәт. Жұлқына кіріседі. Бірақ біз де осал емеспіз. Садық та қалыспай-ақ келеді.

Колхозшы әйел. Енді бізден бұрын тұрып, бұрын кірісуге бәсекелесіп апты.

Колхозшы. Садық бүгін соны көріп асықтырып, жарылып кете жаздамады ма?

Хадиша. Бәсе, олар кеше де, бүгін де бұрын бастады.

Колхозшы әйел. Оны қайдан көрдің, Хадиша апа-ау?

Зипа. Балі, құсұйқы екен ғой бұл кісі, мүлдем.

Колхозшылар. Жарқынның тобын Мұраттың өзі бастап жүр ғой.

Бізді Сеит пен Омар да сүйреп-ақ келеді-ау.

Социалистік жарыстың өзі базар, қызық, рақат думан екен-ау.

Бәле, райком, райисполком өздері қыза кірісіп алған жоқ па?

Шіркін, тракторларды айтсаңшы!

Роман, Жомарт.

Уа, Роман, кел, кел.

Сәрсек. Айналайын Романым, Балқыбекті балқыттың ғой сен!

Хадиша. Роман, көрдің бе, колхозшыны қалай куанттың? Жақсы.

Роман. Жолдастар, жалғыз Роман емес, мына Жомартты да айтыңдар.

Колхозшылар. Я, бұ Жомарт та тракторшы боп барады.

Жомарт. Тәңірі, Қытайдан қашқанда мен кеңестің елі де, ері де болам деп келмедім бе?

Сәрсек. Ә, бұныға тіпті, әбден ырзамын, шырағым.

Хадиша (Романға). Немене, Жомарт шынымен жақсы боп келе ме?

Роман. Шек қылмаңыз. Шын ударниктің бірі.

Хадиша. Япырм-ай, ә?

(Кетіседі, Жомарт тығылады.)

Сәт (Зипаға). Зипатай, көрдің бе әне, Жомарт та далада қалмайтын болыпты. Енді сөзіңнің ұшығына шықсам екен!

Зипа. Туу, науқан үстінде несіне алаң боласыз?

Сәт. Сен сүйдім, сендікпің десен, мен еңбек үстінде еңсем көтеріліп еселеп-еселеп самғамас па едім. Және жеңіл-желпі емес. Ұзағынан сүйіндір дедім ғой.

Зипа. Ұзақты айтасыз, Жомартты қайтесіз?

Сәт. Өз теңі табылмай ма?

(Жомарт шыға қалады.)

Жомарт. Жә, бұл сөзде мені де ортаға алсаңдар не етер еді? Ақын аға, ақын ағасы... Жаты емес, жақын ағасы екен-ау? Ал, сөйлейік, неге дағдардық? (Кұбылып.) Жә, достар, ендеше саспайық. Шығар жол іздейік, табылар. Ақын, сен Зипаны Жомарттан мүлдем алам деме. Нысапы қара жерге отырма дегенің қайда барсаң да қабыл емес. Ал, Зипа, сен дешалқайма, көңіл аула! (Зипа шошыйды. Жомарт қатал түрде.) Сөзді қой. Адам болғанымыз кімнің арқасы. Қарызы бар. Және бұдан былай да

пана болады. Екеумізге пана керек, дос керек. Сәт абройлы кісі. Жә, сол, өң шырайларыңды бересіңдер. Бірақ мені жылатып тұрсыңдар ғой. Ақын, жалғыз-ақ сол қарызыңды ұмытпа. *(Кетеді)*.

З и п а *(Хадиша шыққан)*. Ойпыр-ай, не деді? Не деген сұмдық?

С ә т. Жаным-ай, бұның кім еді? Екеумізді қосты да, ортамызға жылан тастап кеткендей болды-ау, Зипа, жөніңді айтшы, Зипа. Осы мен кімді қорғап, кімге ара түсіп жүрмін. Жөніңді айтшы, жаным!

З и п а. Сәт-ау, о не дегенің? Оның не жазығы бар? Қайтсын о байғұс, енді не десін? Құрысын, құрып қалсын, жер қып кетті-ау. Өлімнен ұят күшті деген осы екен-ау, осы ма еді?

Х а д и ш а. Осы сенің күйеуің қалай адам өзі, ә?

З и п а *(өзгеріп)*. Не қалайын сұрайсың?

Х а д и ш а. Мен саған сырлас болайық, шынды айтысалық деп едім-ау!

З и п а. Ендеше мен қолыңдамын ғой, апатай-ау!

Х а д и ш а. Іріккенің бар ғой.

З и п а. Не дейін? Апа... жоқ, жоқ *(қыйналып)*, сізден іріккен түгім жоқ.

Х а д и ш а. Осы Жомартты көптен білуші ме ең, жоқ жақында таныс па ең?

З и п а. Оның несін сұрайсыз?

Х а д и ш а. Тағы саудаласайын дедің бе? Неге қашқалақтай бересің?

З и п а. Қолқаң ол болса айтайын, апа. Дәл осылай кетерден үш-ақ күн бұрын таныдым.

Х а д и ш а. Бұған неге ойыстың?

З и п а. Шалға тимеймін деп ит пен құстың кіміне болса да тигелі жүргенімде осы оралды.

Х а д и ш а. Бұл орала салысымен осылай әкетем деді ме?

З и п а. Жоқ, еліңе, Қытайға әкетем деп еді. Солай жөнеліп те едік. Бірақ алдымыздан қуғын шықты деп естіп, осылай кеттік қой. Жомартта жазық жоқ, ол емес.

Х а д и ш а. Ә? Солай ма? *(Сәрсек, Садық, Смайыл, Сеит, Нияз, Жомарт)*.

С ә р с е к *(Садықпен бірге келе жатып)*. Кім шығарды бұл жаңа тұқым дегенді, тағы үсіп кетеді ғой!

С м а й ы л. Әй, тәйір, сендер әнеу күні Балқыбекке трактор жүрмейді деп те сәуегейлік қылғансыңдар. Бүгін

эне Балкыбектің оңы-солы, өнебойы қарс айрылып, таспадай тілініп қалғанын көрсеңші.

Сәрсек. Қап, Смайыл-ай, осы әлге сенің еткен еңбегің бар екені рас еді. Бірақ, тап осы тұста адаспай игі едің, шырағым.

Смайыл. Адаспаймын.

Сәрсек. Тым болмаса Мұратпен де бір тіл қатпадым-ау!

Смайыл (Сеитке). Сөзін қара. Райисполком емес, райкоммен ғана сөйлескісі келеді-ау.

Сеит. Әй, шал, қой енді. Одан да бөгелмей іске басындар.

Смайыл. Е, бәсе, шатақты доғарсандаршы, шалым-ау! (Жомарт Садыққа). Бар, сол тұқымды септіріңдер. (Балтабек шығады. Жомарт онымен оңашалау сөзде.)

Жомарт (Балтабекке). Немене, сенімді ме?

Балтабек. Үндеме, сенімді.

Жомарт. Неменесі сенімді?

Балтабек. Үситіні сенімді. Үндеме, караңғыда там сүзеді Ажардың колхозы, бар, себе бер.

Сәрсек. Қап, қап, болмас. Тек осының түбі қайырлы болсын. (Кетіседі. Балтабек, Жомарт.)

Жомарт. Әй, Қонайды қайттың? Ойыстырдың ба?

Балтабек. Ойыспай жүр, үркіп жүр. Өзім бағып жүрген совхоз жылқысына қайтып қастық етем дейді.

Жомарт. Шын ба? Арылып болдың ба?

Балтабек. Асылып жүрмін, болмай жүр.

Жомарт. Жақының, ағаң, бағаң зор-ақ екен ағаңа.

Балтабек. Аянғаным жоқ.

Жомарт. Жә, жетті. Ендеше жақсы болмақ, мақтана алмақ қой. Ал дәл соның өзіне қараған жылқы, дәл өз тобының ішіне ауру араласады, оны қайтеді?

Балтабек. Не дейсің? Қалайша?

Жомарт. Асыл жылқысы былғанады. Төрт-бес күн болды, МТС-тың подсобныйында екі жылқы жамандатып қалған екен. Сол орайда МТС бастығының біреуі подсобныйға барған-ды. Жалғыз-ақ жамандат жайын білмеген. Ал ол жерде жылқыны совхоз жеріне жаюға рұқсат сұралыпты. Өзге жер тозды, оты қашты депті. Сонымен рұқсатын алып ап ауруларды дәл Қонайдың анау аңғыл арап ересек жылқысының тап ортасына апарып жайып жүр. Ұқтың ба?.. Сонымен жақында Қонай қонжыяды. Жалғыз ғана емес МТС бастығы да шатқаяқтайды.

Балтабек. Ойпыр-ай, не дейсің? Ал барған бастық Смайыл ма? Бастықтың орынбасары ғой. Орай соныкі ғой?

Жомарт. Жоқ, ол емес.

Балтабек. Енді қайсы?

Жомарт. Оны басқа бір орынға сақтау керек болды. Нияз барған, міне енді Қонай жылқысынан індет шыққан күнді аңды. Сонда сасып, қысылып есі шыққанда осының бәрі өзіңнен, көнбеген кесіріңнен деп жағалат. Көнбесен бұдан да үлкен опқа түсесін де, осыны да сездір... Білдің бе, бар!

Кетіседі. Хадша, Зипа шығады, қастарында ауру Жұматай, Балтабек және бірнеше колхозшы.

Колхозшы. Шырағым, мынау перерывке дейін зорға шыдадым.

Жұматай. Осы араға өклемді әрен сүйреп келдім.

Хадша (жақындап, шықтарын қарап). Кеше екеуің де егіліп еді ғой. (Қарап.) Е-е, сол күдігім рас болды. Белгісі шығыпты ғой. Екеуіңдікі бір ауру. Ажар! Ә, Ажар, мұнда келші.

Ажар, Сүйрік, Сәрсек, Жомарт, Омар шығады.

Ажар. Мышалардың аурулары не екен?

Хадша. Осы біздің колхозшылардың қолындағы сауын малының іш тастағаны бар ма екен, білемісің?

Ажар. Жоқ болар, жоқ қой. Солай емес пе?

Сәрсек. Тастаған-тастамағанын кім білсін. Қолымыздағының бәрі әнеугі Смайыл сатып әкеп таратқан малы ғой. Қасында еріп келген бұзауы жоқ, қайдан білейік.

Хадша. Сондай ауру малдың сүті осы ауруды тұғызады, жұмыс үстінде сусыннан айыру да қыйын. Бірақ енді тез қам істеп, тез сактық етпесек мынау елдің бәрі ауру болуға мүмкін.

Жұматай. Жаным-ау, осыны шын айтамысың? Бү не дегенің?

Сүйрік. Ойбай-ай, сорыма болайын.

Балтабек. Уа, өйдегенше құрттым десеңші.

Жұматай. Сыйырымды алатын болсаң ендеше қамқорлығыңа рақмет.

Мұрат, Ганшин шығады. Сәрсек айтып жатады.

Балтабек. Е, бұл бір сылтау ғой.

Дауыстар. Уа, көнбейміз...
Бермейміз.

Ажар. Уа, қойындар әрі, немене сонша шулап, саңдырақтап.

Дауыстар. Жоғал әрі.
Күйдірме енді.
Бүлдірме елді, білдің бе!

Мұрат (*жақындап*). Әй, тоқтаңдар. Бұ немене? Не десіп тұрсыңдар өздерің? Хадиша, сен немене, не қып тулатып тұрсың мынау елді.

Хадиша. Мен ғылым жолын, медицинаның дегенін істеуге міндеттімін.

Мұрат. Е, сөйтіп жауаптылықты ада қығанын мынау ғой, аулақ жүр ендеше былай.

Ганшин. Жолдастар, сабыр. Бүйткенше шығар жолды айту керек қой. Мұрат, Хадиша, Ажар, біз ақылдасып жұртты ақтап айырмаудың жолын шешейік. Сол шешілсе өзгенің бәрі ашық мәселе ғой. (*Колхозшыларға.*) Жолдастар, сендер өз сыйырымның ғана сүтін іншем дегендейсіңдер ғой? Осы ақ болса болады емес пе?

Дауыстар. Е, соқырдың тілегені екі көзі де!
Ақ болса болады.
Тек ақтан айырмашы осы.

Мұрат. Ендеше ақтан ауыздарың арылмайды. Ал одан өзгені қалай шешуді бізге беріңдер.

Дауыстар. Е, сөйдесеңші тым құрмаса.
Е, бәсе, тіпті.

Ганшин. Міне саған сүттің бунты керек болса? Хадиша жолдас, бұ қалай, ә?

Хадиша. Япыр-ау, Александр Иванович, ойласып білсеңдерші, мына халық сорлады ғой. Улады ғой. Бұл зор зыянның бір түрі ғой тағы да.

Мұрат. Жетті енді паника.

Ганшин. А, не дейсің, Хадиша.

Хадиша. Мұрат, тоқташы, ұғысайықшы.

Мұрат. Әй, ұғысканың бар болсын. Сөйлем.

(*Хадиша кетеді. Ганшинге.*)

Мәселе ашық, не сөз бар? Зыянкестік нәтижесі көрдің бе?

Ганшин. Ия, жә, шаруа жолында ел ұғымы нығайып болды ма осы?

Мұрат. Ел жұмылды, дегеніне жетеді, бірақ ендігі пәле басқада жатыр.

Ганшин. Бәсе. Пәле адамда.

Мұрат. Қас ойлаған адамда жатыр. Ендігі біздің күш, көптің күші, барлық күш жау ініне тор салып суырып алуға арналсын.

Ганшин. Я, мезгіл жетті. Жау ұяларын табайық.

Мұрат. Жау бар, табу қажет. Барды салайық, табайық, тап соны. *(Қоштасады, Ганшин кетеді. Мұрат, Смайыл.)* Жә, сен сатып әкелген сыйырдың дерт ала келгені қалай?

Смайыл *(күліп)*. Онда әдейі дерттісін сатып алайын дегенім шығар.

Мұрат. Нәтижені қайтесің?

Смайыл. Нәтиже болса осы аудан колхозшысын тегіс мал мен аққа молықтырдық. Егіс жоспарын 125 процент орындаған күнге жеттік. Оны не дейміз?

Мұрат. Ол партия мен Советтің және қалың колхозшының тапқан нәтижесі болар, жігітім.

Смайыл. Осы сыйырлардың көрер көзге дімкәсі, нашары болды ма?

Мұрат. Көрер көзге солай, ал іші не болып шықты?

Смайыл. Ішіне мен кіріп шығыппын ба? Ішінде, сүтінде, не дерттің жатқанын қайдан білейін?

Мұрат. Тәжірибең қайда? Кебенек тиген ешкі, маңқа болған жылқыдан аудан шаруасына тиген кесірді білмеуші ме ең? Мұнда саған не болды?

Смайыл. Бұл жол асығыс болғанын қайтесің.

Мұрат. Бәрібір. Бұндайдың сен екеумізге бір зауаты болады, шырағым.

Смайыл. Жарайды, не дейін. Ал міне, мынаны көрші.

Сәрсек, Ажар бастаған колхозшылар тобы. Арасында Хадиша Омар, Садык, Жұматай, Сүйрік.

Сәрсек. Айналайын, Мұрат-ай! Әнеугіде қатты айтқанда қамымды жеп айтқан екенсің ғой. Қолыңды әкелші, қарағым. Ел болайын дедім ғой.

Садык. Бүгін 14 апрель. Егіс басталғанға 13-ақ күн болды. 125 процент.

Мұрат. Құр өзінді айтпай, мына Жарқынмен салыстыра айт.

Жарқын. О жағына батылы бармай тұр ғой, білдің бе?

Садық. Е, бес процент артық орындағаның рас. Ондай қыйсының да бар.

Сүйрік. Әй, сөзіңе болайып. Жете алмадық десеңші одан да.

Садық. Қой деймін. Тек тұр дегенім қайда, Сүйрік-ау.

Сүйрік. Ойбай, шұнағына болайын, айтам, неге айтпайым? Табысты айтумен бірге кемшілікті де айтпейді, қайтесің ал.

Сәрсек. Бәрекелде, жарқыным, сен алдымен жарқырап тұрсың, неге мақтамайын?

Мұрат (көпке). Егісті бітірулерің мақтан екені рас. Бірақ, егіс біткенмен есеп біткен жоқ, есебіміз кетіп жатқан жау бар. Жаулық бар. Осы егіске әзірлік үстінде дәл егістің өз үстінде жау жотасы аз көрінді ме?

Ертіп кетеді. Нияз, Асан, Роман шығады.

Нияз. Анау Степанды біз орнынан шығарып отырмыз. Әзірге бірінші кінәсі, біз білген кінәсі ішкіштік.

Роман. Тапсырылған міндетке жауапсыздық. Ондай адамның өзің болғаны керек емес.

Асан. Бері келіп тракторды таныған соң байқадым. Әнеуі салғырттығы тіпті шын қастыққа бергісіз ғой. Бірақ әдейі деуге аузым бармайды. Оны айтпаймын.

Роман. Асан қазір мықты тракторист боп алды.

Нияз. Степанды жоқтатпайды ғой, солай ма? Сенімді ме?

Роман. Шәк жоқ. Жігіт боп алды.

Степан шығады, мас.

Степан. А мені, мені уволить... уволить қылғансын директор. А мен қандай кісі?

Роман. Бар, бар, қандай кісі екеніңді таныта алмаған соң шығарды, қайтесін.

Степан. Таныта алмаған, жоқ... Мен қайғылы кісі, сондықтан ішетін кісі... Мен... мен, жолдас директор, өзімді Совет үкіметіне әлі танытамын, танытатын кісі. Әлі сен де таныйсың. Степан! — дейсің, дейсің әлі!

Кетіседі. Қонай, Мұрат, Смайылды ерте шығады. Ниязды тоқтатады.

Қонай. Бері келіп құлақ салыңдаршы, азаматтарым-ай, мен бір сорға ұшырадым ғой.

Смайыл. О не, Қонай?

Қонай. Тап бес күн ішінде он атым жамандат боп

шықты. Бүгін дәрігер айтып отыр. Осыдан он-ақ күн бұрын тағы бір әдейі қаратып ем, сап-сау еді. Мынау ылғый ақал теке арғымақ, бір топты жеке баққызушы ем. Келді ғой пәле!

Мұрат. Қайда баққызушы ең? Жұққан ғой? Қайдан жұғып отыр?

Қонай. Бәсе, айналайын, мінеки тауып айттың. Жайылыстан жұғып отыр. Дәрігер әкеп тексеріп шығып ем. Тап мына Нияз, Смайыл сендердің подсобниктерінде жамандат болған үш жылқы бар екен ғой. Сорым бар басым. Не көріп жүр едіңдер?

Смайыл. Не дейді бәтір-ау, онда сенің жылқыңның не ақысы бар?

Қонай. Сол жылқыларың соңғы күндері ылғый түнде біздің жерге барып жайылады екен ғой.

Мұрат. Кім жайдырып жүр ол жерге?

Смайыл. Нияз-ау, бізде жамандат бар ма еді?

Нияз. Мен білген жоқ едім.

Сейт. Ал бұлардың жеріне жай деген қайсысың? Кімге бұйрық етіп ең?

Смайыл. Мен егіске айналғалы тіпті подсобныйға барған да жоқ едім. Нияз, осы әнеукүні сен барып келмеп пе ең?

Мұрат. Нияз жаңа адам. Сен не қарап қалдың, Смайыл?

Смайыл. Мен егіс қарап қалдым. Не қараушы ем?

Нияз. Смайыл емес, менен болды ғой.

Сейт (*Хадишаға*). Смайылға тигені тіпті орынсыз ғой, Хадиша-ау, тіпті обалы керек емес пе бишараның.

Мұрат. Жалғыз сенен смес, мынадан да бар, неге айтып жібермейді саған?

Смайыл. Есектің күші адал, сүті арам десеңші өйткенше.

Мұрат. Олай деме, шырақ, біздің досымыз есек болмайды. Саналы деп дос етеміз. Ол түгіл қасымызды да күр есек қана демейміз.

Қонай. Ойпыр-ай, жолдас Мұрат-ай, бәрінен де мен күйдім ғой, мені айтсаңшы...

Мұрат (*оқшауырақ алып*). Ия, рас, саған салмақ түседі, Қонай, сенің атың Қонай ғой, сен осы конезаводтың мақтаулы жылқышысы едің-ау!

Қонай. Мақтаулысын қайтейін. Құрыдым ғой...

Мұрат. Е, сотты болдым деп қорқамысын?

Қонай. Жоқ, Мұрат, тергелем деп қорықпайым, адал еңбегім арам терге айналғанын қайтейін?

Мұрат. А? Сен шынды айттың-ау, дұрыс айттың.

Қонай. Сені іздегенім осы еді. Айтып өлейін дегенім осы ғана еді.

Мұрат. Ендеше сені оп-оңай су түбіне батыра салады деме, сен қурай емессің. Қолдан Қонай жасап ала аламыз ба, оп-оңай ма? Жасаған ағатың болса өзің түзеп көр, тағы сынайық деп айта алмайды деймісің?

Қонай. Айналайын, айналайын-ай, тіпті жаным жаңа сая табайын деді-ау мына сөзіңнен. Ендеше мен қайтейін, не істейін, өзің айтып берші, сонымды да, өзің айтшы!..

Мұрат. Олай болса мынау іс қастың ісі болар.

Қонай. Япыр-ай... Ә? Не дейсің, айналайын-ау?

Мұрат. Қастық болса және бірден совет малын торыса, екіншіден сені де, дәл осы тұрған Қонайды да қадаған қастық болмасын.

Қонай. Япыр-ай... Не дейсің, қалқам-ау... е-е...

Мұрат. Өзге жылқышының тобына қилікпей сенің жылқыңа не ғып ілігіп отыр? Осы бір жағы сені де түйреген оқ емес пе екен? Ал міне ойлан, ізден, бұл істің тамырын қазып, аршып ақтаруға бір жағынан өзінді қосайық. Дәл сен білген жерде, сені тартайын деп жүрген жылым жоқ па екен. Осыны алдымен өзің іздесіп, барлық былық болса өзің тауып көрсең қайтеді?

Қонай. Болды, Мұрат. Нар тәуекел! Жібер, мені де жіберіп көрші, айналайын...

Мұрат. Кәне ендеше, Нияз, қазір мына Қонаймен барып, бар жылқышыны тексеріп кімнен болған, неден болғанын айырып келіндер. Осы екеуің өздерің ретте, өздерің кіріс! Қолхозшылар қайда, олар не біледі екен? Жарқын! Сәрсекел!

Кетеді. Смайыл, Жомарт, Балтабек, Степан.

Смайыл. Немене, Степан, кеттің бе?

Степан (мас күйінен айыға қап). Кеткенім жоқ.

Жомарт. Советке Степанды танытпай кетпейді бұл! Ұқтың ба?

Смайыл (Жомартқа). Өзің ше? Жіті басып өндіремісің, жоқ па?

Жомарт. Үндеме, саспа! Теріп жүрміз ғой тәңірінің берген нәрің, теріп жүрміз де.

Смайыл. Е, тер, тер! Балтабек не дейді?

Балтабек. Балтабек не десін. Қонайдан қолай таппадым дейді де.

Жомарт. Шырғаға келмей шарықтап тұрма?

Смайыл. Халықты үйіріп әкетіп үгітті асырды ғой мына Мұрат.

Жомарт. Босаңсыма, түңілме, білдің бе?

Смайыл. Қонайға осы бір жамандат не етер екен?

Жомарт. Ала көкек неме ғой. Дәме қылсаң басқадан дәмеленсеңші.

Балтабек. Жылқышымен құдалық сөйлескелі жүрмін.

Смайыл (*сақтандыра*). Биттей бір ақаулы жерін болса, аман қалады екем деме. Мына Мұрат, ашпай қоятын емес қой.

Жомарт. Кісінің санында емес, нәрінде ғой. Асықпай іздет.

Смайыл. Солай деймісің? Ендеше бұл ұсынысыңды мен ойланайын. Түбінде өзің шешесің ғой. (*Балтабекке.*) Үш күннен соң, базар күні аудан басынан маған жолық. Ұқтың ба? (*Степанға.*) Ал, Степан, қатынына қадірлі күйеу боп баруға жараймысың, жоқ па?

Степан. Жараймын, тек күніңді айтшы!

Жомарт (*Смайылға*). Асықпа, шарықтасын сондай күнгі қат-қабаты дәмді де.

Смайыл (*Степанға*). Қатыныңның сағынуы шегіне жетсін дейді Жомарт білдің де.

Жомарт. Кейде запоим ішіп жібер. Сен түлкінің қалай қашатынын білемісің? Басқан ізін, құйрығын бұлаңдата, көміп кетіп отырады.

Степан. Ал, өзің, өзің ше?

Жомарт (*қатайып*). Мені сынама, білдің бе? Сөз қылма. (*Келе жатқан колхозшыларды көріп қалып.*) Бісмиллаһи, аллауакпар, я аппақожам! Кәпір, мынау біржолата ләйліп бітіпті ғой өзі. (*Степан мас бола қалады.*)

Степан. Ме... менікі кәпір ме? Кет! Кет! Қығайдікі қатын жылайды... Аяқ мынадай. Неге сондай? Значит сенікі кәпір. (*Күледі.*)

Жомарт. Ия, қожай бәуәдін сырқынды немені қарашы, мас та болса қарсылығы қалмайды я пәруәрдігер.

Мұрат шығады. Мыналар кетеді. Мұраттың қасында Ажар, Жарқын, Сәрсек, Жұматай.

Мұрат. Анау Асанның тракторы бүлініп, трактор майының өртенуі, Жарқынның баласы өлуі, жұрттың дертті сыйырдың сүтінен ауыруы, мынау жылқы дерті бар. Осының бәрі ұштасып, ұласып жатқан дерт... Ендігі күндіз-түнің, бар күшің осы жаудың жаулығын бағумен, соны ашумен болсын деймін.

Жарқын. Отан алдындағы міндет енді міне осыны талап етеді, ендігі осы да бәсе.

Жұматай. Ал, енді ізін-түсін айтшы тым болмаса сол жаудың?

Сәрсек. Бәсе, соны ғана сездіріңдерші.

Мұрат. Оны ашпақ керек. Шекаранды және өз аранды, ішінді аңдып бақыла. Жау бар, жау анық. Бірақ сол жаулар кім? Соны табуға партия мен үкіметке жәрдемдес бол. Қайда, кәнеки, қайда сол жау?

Ажар. Қайда бәсе. Жау бар, бұл анық.

Жарқын. Жау бар, ол даусыз, ұясын, ұясын ізде.

Мұрат. Бұл жаулық тегі өзіне шебер-шебер әдістер жасап алған, жымын білдірмейтін, жылан жүрісті жаулық.

Ажар. Ендеше, ендігі күшіміз, барлық отанды сүйген жігерлі күшіміз соған, соған жұмсалсын. Колхоз елі, шекара колхозының қажырлы елі, жауынды тап, тап жауынды!

Шымылдық

Алтыншы сурет

Түн. Дала. От. Колхозшылардың даладағы бір түні. Ортада Мұрат, Ганшин, Хадиша, Сәрсек, Омарлар.

Сәрсек. Еңбек ақталатын сыяқты. Үмітім зор, несін айтасың.

Мұрат (Ганшинге). Қердің бе, Александр, Жігерің қалай, сенің подшефный колхозын, осы жолы жігіт бола ма деймін?

Ганшин. Болады. Болмайтын несі бар, бәсе? Солай емес пе, Сәрсек?

Сәрсек. Ал ендеше, бүгін түн ешқайда бармай мына колхозшының бір тыныққан, демалыс түнінде екеуің де бірге болыңдар.

Мұрат. Мақұл, өзі қандай бір әдемі, рақат түн еді.

Ганшин. Ия, сұлу түн.

Мұрат. Жұлдызды аспан, қалғыған жым-жырт дала.
Желпіген қоңыр салқын.

Ганшин. Е, өзің ақынсың ғой, ну тағы, кәне қоса түсі.

Мұрат. Үндеме, күлме. Еткен еңбектің бір әдемі өте-сіні сыяқты бір әдемі түн. Сирек түн.

Сәрсек. Бәсе, көптен бері көрмегендей бір аңсап қаппыз-ау өзі. Шыны рақат.

Мұрат. Солай ма, ендеше оның рас болса, бас әніне. Әй, жолдастар, келіндер бүгінгі түнде, мынау оттың ай-наласында мынадай бір әдемі тыныс алған түнде көңіл-деніп тұрып, бір сауық-сайран жасайықшы.

Дауыстар. Уа, келіңіз.

Бәсе, осы неге отырмыз?

Уай, ән, би, гармон!

Ганшин. Ал, Жауһар, сен би билеп жібер.

Хадиша. Роман, Роман, пожалуыста баяныңмен біз-ге бір әдемі тура гопак сыяқты тасқын күйлер тартып беріңіз.

Мұрат. Ал, кел бір көңіл көтерейік. Қызық сауықты келістіре білуші еді ғой осы тұрған ел. Сәт, кәне әуелі сен басташы. (*Сәт ән айтады.*) О, жүрек толқыны. Түн сүйіспендік түні дейді (*орысша*) о, ночь любви.

Хадиша. Жақсы айтады. О ночь любви.

Омар. Бәрекелде, айтсаң солай айт. О ночь любви.

Сәрсек. Ал, Роман келеді. Уа, айналайын Романым, бас, сок. Уа, бас, сок.

Роман. Не айтайын, Сәрсек?

Сәрсек. Уа, барды тарт. Барыңды сал. Дәл мына мен екеш кәрі Сәрсек мен де ырғып түсетіндей күйлер сок.

Сәт. Бәсе, сондайды... Айтты ғой жана Хадиша.

Хадиша. Ал, Жауһар... Шық ортаға, Жауһар!

Жауһар. Хадиша апа. Давай ендеше кавалеріңізді әкеліңіз.

Хадиша. Өзің, өзің баста.

Жауһар. Мен бе? Ну, мен ендеше пожалуыста, пожалуыста кавалеріңіз шықсын, Хадиша апа, ну Мұрат аға, әйда, әйда әссә... әссә, Мұрат аға!

Соктырып Омар билеп кетеді. Күлкі, Жарқын, Сеит, Нияз, Смайыл шығады.

Жарқын. Достар-ау, мээ-майрам көрінесің, колхозыңа келген қырсықты білсеңші.

Сәрсек. Не дейсің, Жарқын-ау?

Дауыстар. Не дейді? Қырсығы не тағы да?

Жарқын. Ана Балқыбектің аяқ тұсына еккен жаңа тұқымның барлық егіні үсіп кетіпті.

Мұрат. Не дейді? Қанша гектар еді?

Садық. Ойбай, көп жер еді. Бестің бірі еді ғой, ойпыр-ай.

Жұматай. Жаным-ау, бұ неткен қырсық?

Сәрсек. Қарағым, Мұрат, Александр, осы қырағылық дегенді көп айтып едіңдер, текке айтпаған екенсіңдер ғой. Шыдай-шыдай келіп ем, көзім жетейін деді ғой. Осы тұқымды екпейік деп құдайдың зарын қылмап па ем? Тақ осы егінің жаласы кімге? Смайыл, бір шыбындай жаның бар, айтшы, айтып көрші, кәнекей.

Садық. Бәсе, осы тұрған азаматтар, айтындаршы енді, мына Сәрсекен не деп еді, сендер не деп едіңдер?

Смайыл. Рас, Сәрсек екпейік деп еді. Біз болмап ек. Кіналі біз болдық. Не сөздігі бар.

Мұрат. Бізін кім?

Смайыл. Бізін — мына райисполком председателі Сеит, МТС бастығы Нияз және агрономдар және мына мен деймін.

Сәрсек. Не десең о де. Отқа жақынның қолы күйді. Көсеу кімдікі болса қол соныкі. Менің білгенім Смайыл. Кіналайтын кісім де тақ сенсің, Смайыл.

Сеит. Бұл араға Смайыл деп, пәлен деп, салғыласудың қажеті де, пайдасы да жоқ, жолдастар, білдіңдер ме?

Мұрат. А, сен солай деймісің? Ендеше, Нияз, Омар, Сәрсек, Садық, Жарқын — бесеуің қазір барып сол үсіген егінің барлығын аралап, қай тұқымның егіні екенін анықтап акт жасап, ауданға әкеліңдер. Бүгін кешке ауданда тексереміз. Бар, тарай беріңдер. Сеит, Александр, сендер мұнда қалыңдар. *(Өзге жұрт кетеді.)* Жә, Сеит, кім кұналі бұған, жауап бер?

Сеит. Кімді кіналайын? Біреу әдейі қастық етті деймісің?

Мұрат. Қастық етпей не етті? Әлі де ақтамақпысың?

Сеит. Ендеше совещаниеге бастық болған мен, қастық етті дейтінің мен болармын?

Мұрат. Сеит, мынау қастық іс. Қаской жоқ дейтін болсаң өзін өз басынмен жауаптысын.

Сейт. Мұрат, мен де сендей партия мүшесімін.

Мұрат. Кімнің кім екені істе сыналсын дескеміз.

Сейт. Ия, сонда мені жат демекпісің, кім деп сөйлеп тұрсың?

Мұрат. Ешбір партия мүшесінің аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ. Өйтіп алшандаған еркелікті кім берді саған? Кімді өртеп, нені күйретіп, нені күйдіріп отырғаныңды көремісің.

Сейт. Мен өртеуші емес. Мен ауданды аяққа бастырушы.

Мұрат. Доғар ол сөзді.

Сейт. Болысқаның Нияз ғой.

Мұрат. Нияз жазықсыз болса неге болыспаймын?

Сейт. Сен мені Ниязға сатқан екенсің. Көріп алармыз Ниязыңды да.

Мұрат. Беталды жабыспа, текке соқтықпа Ниязға.

Сейт. Сен неге маған соқтығасың, жазығым не?

Мұрат. Менің саған істеген коммунистігім сол. Шынымды өзіңнің бетіңе айтамын. Бүгін райкомда ең алдымен сенің басыңның мәселесі қойылады.

Сейт. Мұрат, тоқтат, жетті енді.

Мұрат. Жетті? Не демек боласың? Жеткеннің әкесін енді көрерсің.

Сейт. Көзіңді ашып қара, өйте берсең мен алынбаспын, алдымен сен ұшарсың.

Мұрат. Ә, сенгенің бар ғой, соған сүйеніп шолжындап жүрсің ғой. Жоқ, жолдас, оның да шегі бар.

Сейт. Ганшин, не дейді мынау Мұрат, мынау зорлық, бұл жікшілдік, зорлық қой. *(Ганшин үндемейді.)* Оңай көнбеспін, көріп-ақ алармын ендеше сені де. *(Кетіп қалады.)*

Мұрат. Қазір райкомның мәжілісінде ең алдымен бұның партиялық мәселесі қойылады, екінші, облыс алдында бұны орнынан алу әңгімесі қойылады. Және әсіресе мынау колхоз қазасы үшін сотқа беретін, шындап тексеретін болады. Не айтар екен. Мәжіліске сен де жүр, сен де бол, көзіңмен көр, мақұл ма?

Ганшин. Бол, ендеше жүр. *(Кетіседі.)*

Шымалдық

Жетінші сурет

Қараңғы түн. Дала. Хадиша, Зипа, Жомарт жолдан адасып жүр.

Хадиша. Ойпыр-ай, уақыт өтіп барады. Мұрат телефон соққалы міне біржарым сағат болды. (*Жомартқа.*) Тап, тап деймін жолды. Сені не қара басты?

Жомарт. Құдай қара бастырды ғой бәсе, мен сорлыны. Я аруак, я құдай, демей гөр, я аппақожам!

Хадиша. Ой, сыйынғаның бар болсын, жолды тап, кешіктік қой, енді қайтем, бәтір-ау?

Жомарт. Өзі немене болыпты дейді Мұрат.

Хадиша. Доғар сөзді. Жолды тап шапшаң!

Жомарт. Ойбай, апатай, жөнелейін, іздейін, іздейін мен бақыр, мен бақырын. (*Кетеді.*)

Зипа. Апатай-ау, не қыпты дейді? Нияз өлген бе өзі немене?

Хадиша. Кім өлгені белгісіз, әйтеуір қырып кетіпті дейді.

Зипа. Құдай-ай, бұ неткен сұмдық? Қырған кім, апатай-ау?

Хадиша. Мәлім емес.

Зипа. Алда көрінде өкіргір-ай, кім екен. (*Шығып кетіседі.*)

Жомарт (*қайта оралады, бас бағып келе жатқан біреу кездеседі*). Жә, жер тығыз, қысқа айт, немене?

Біреу. Нияз қызы жарадар боп қапты, өлмепті. Егер есін жыйса кісі атын атап сырды ашып жібереді. Не қылсаң да дәрігерді — ана Хадишаны соған жеткізбей қақпалап әкетесін осы түнде.

Жомарт. Е, адасып-ақ жүрміз ғой. Кешіккенімізге бірнеше сағат болды.

Біреу. Жоқ, жеткіліксіз...

Жомарт. Енді қайт дейсің?

Біреу. Дәрігердің өзін де қамту керек.

Жомарт. О кімге керек?

Біреу. Қой, доғар бақасты. Айтқанды істе. Нияздың қызы кімге керек еді? Сол сыяқты.

Жомарт. Мақұл. Кім орындайды бірақ?

Біреу. Мен.

Жомарт. Болсын. (*Екі айрылып кетеді.*)

Хадиша. Ойпыр-ай, мынау не деген қараңғы, түсі суық түн еді? Әлгі қайда жоқ боп кетті? Зипа! Зипа! Зипа деймін.

З и п а. Сұбыханалла. Апатай, шошыма, шошымашы. Неге қорықтың, апатай-ау?

Х а д и ш а. Япыр-ай, қатты шошып қалғанымды қарашы.

З и п а. О не көрінді?

Х а д и ш а. Жә, тоқта, болды. Не көрінді ғой дейсің?

З и п а. Енді не?

Х а д и ш а. Осыдан тап 17-жыл бұрын 11 жасымда әкем, шешем, ауылдан, барлығынан жұрдай болып айрылып, үш күн, үш түн жапан түзде, жалғыз адасып, өлім аузынан қалып ем. 16-шы жыл еді. Елді әскер қырып, басы аманның бәрі босып кетіп, мен тау, тас ішінде жалғыз адасып қалған едім. Содан әке-шешеден дерексіз айрылып ем. Үш күн бірдей, осындай тастай қараңғы, ауыр дауыды түндер еді.

З и п а. Жаным-ай, не дейсің, апатай-ау?

Х а д и ш а. Әлім әбден біткен жерде бір үлкен жолдың үстіне кеп жығылыппын. Содан кейін аузыма су тамызып отырған бір жүргіншілердің ортасында көзімді аштым. Кедей орыстың үйіші, қалаға көшіп барады екен, солар апарып приютқа беріп, содан өсіп адам болып ем. Мынау түп қайдағыны еске түсіргенін көрдің бе? Жә, қайда әлгі Жомарт?

З и п а. Апатай-ай, сен әлі сондай ма едің? Сондайдан шығып жетіп пе ең? Япыр-ай, сондағы атың да Хадиша ма еді, жоқ, әлде кейін қойды ма?

Х а д и ш а. Мені шешемнің Хатша дейтіні есімде еді.

З и п а. Хатша? Не дейсіз, апатай-ау, бауырым-ау?

Х а д и ш а. Кейін мұғалім кітапша болсын деп Хадиша деп жазып, солай атандырып кетіп еді.

З и п а. Ойпыр-ау, тәңір-ау, сол ма едің? Я рас-ау, жетімді, сорлыны да ер қылғаны, ел қылғаны осы-ау!

Х а д и ш а. Жә, әлгі қайда жоқ боп кетті, бәтір-ау?

З и п а (*айғайлап*). Жомарт, Жомарт. Уа қайдасын, қуарған қу Жомарт! (*Жомарт шығады.*)

Х а д и ш а. Таптың ба?

Ж о м а р т. Басым қаңғырып, сорлы болдым ғой, сорлы басым.

З и п а (*жақындап*). Жомарт, жетті, сандалма, тапжаның барында.

Ж о м а р т. Ойбай. әзірейлімсінбеші, әрмен, түге.

Х а д и ш а. Не дейсің әй, сен! (*Жақындап, қадалып.*)
Осы сен кімсің, ә? Елмісің әлде жаумысың?

Ж о м а р т (*аяғын құшақтай ап*). Апатай, не дедің,
қысылғаның ба бұ, не дегенің, мен сорлыға!

З и п а. Осыдан таппасаң менен жақсылық көрмейсің,
білдің бе?

Ж о м а р т. Жол деген итінді аяп тұр деймісің мен
сорлы. (*Кетеді.*)

Х а д и ш а. Мынау есінен айрылған ғой өзі, тегі. Енді
қайттім, бәтір-ау? (*Біреу баспағып мылтық кезей береді.*)

З и п а. Ойбай... Бұ кім еді? (*Хадишаны өз бойымен
тасалай береді.*)

Х а д и ш а (*мылтығын суырып ата беріп*). Стой!

Ж о м а р т. Жоғал! (*Атып жібереді, біреу құлап тү-
седі.*)

З и п а. Я құдай! Апатай-ай, жаның қалды-ау. Жо-
март-ай, садаған кетейін, құтқардың-ау.

Ж о м а р т. Мен Қытайдан қашқанда кеңес үшін,
кеңес адамы үшін жанымды саламын деп қашпап па
едім.

Х а д и ш а. Жомарт. Рахмет. Ал бұ кім?
(*Дауыс естіледі*). Хадиша, уа қайдасың, Хадиша?

Ж о м а р т. Ия сәт, дауыс естіледі. (*Айқайлап.*) Мұн-
да, мұнда, мұндамыз. Бері, бері кел.

А ж а р (*даусы*). Хадиша, Хадишатайым. Хадиша-ау,
қайда жүрсің ойбай-ау? (*Шығады*). Ойбай ғана Хадиша-
ау, қайда жүрсің? Қырғынға ұшыраған Нияз жайын есті-
дің бе? Не дәтің шыдап тұр, Хадиша-ау, ә?

Х а д и ш а. Ажар-ау, адасып сандалып-сандалып тұр-
ғанымызды көрмеймісің? Баста, басташы тезірек.

А ж а р. Мынау кім өзі?

Ж о м а р т. Бір сұм, ұры, тонамақшы бопты!

А ж а р. Ой, мынау да тегін емес қой өзі, бәтір-ау?
Хадиша, жүр, жүрші жылдам.

З и п а. Қайдан ғана жеттің? Жолың болар, апатайым-
ау! Қайдан ғана жеттің?

А ж а р. Мұрат сені іздеп тауып, тез жеткіз деген жоқ
па? Содан шапқылап бармаған жерім бар ма? Қайда ға-
на кете қап ең, байғұс бала-ау, ә?

Х а д и ш а. Мынау көрші колхозда қатыным ауырып
жатыр деп, Смайыл шақырып келіп еді.

А ж а р. Ал Смайылдың өзі қайда? Ол неге бастама-
ған?

Хадиша. Оның қатыны қатты науқас деп сонда шақыртып кетті ғой.

Жомарт. Ал, Ажар, өз арбаңа миңгізіп, ал шабыңдар, шапшы жылдам. Мен де артыңнан жетейін... (Кетеді.)

Хадиша. Жүрейдік, ал Ажар, Нияздыкінде не болған?

Ажар. Әйелін өлтіріп, қызы Жауһарды да өлімші қып кетіпті. Тым құрмаса соны, соның ғана жанын алып қалшы. Жүр, жүрші тез. (Жөнеледі.)

Жомарт (қайта оралып, біреуге кеп). Тұр, түрегел. (Біреу сап-сау атып тұрады.) Шын өлдім деп пе едің?

Біреу. Тапқан екенсің?

Жомарт. Сен де қара айдаһардан мықтап оқығансың, ә?

Біреу. Үндеме! Енді тезінен конезаводқа жетемін, сонда болам, сондағы, сондағы іске араласамын. Ал, сен өз жолыңмен істе, жөнел!

Жомарт. Құп, жөнелдім.

Шымылдық

Сегізінші сурет

Нияздың үйі, ауыз бөлмесі. Зинада ақ киім, төргі бөлмеге кіріп-шығып жүреді. Нияз, Омар.

Нияз. Ей, ғазиз балам, ғарып балам. (Зинаға.) Не дейді Хадиша? Жаны қала ма? Айтсайшы!

Зина. Ағатайым-ау, біле алмадым, қарап жатыр.

Омар. Есін жыйды ма, тілге келді ме?

Зина. Жоқ, әзір бір қалыпта.

Нияз. Бір ғана өлтірушінің, жауыздың атын айтса. Көрес ем әттең...

Омар. Сабыр қылшы, Нияз.

Ажар. Мұрат барлық колхозшыларды атқа миңгізді. Ауданды тегіс дүрк тұрғызды ғой!

Омар. Ұстаймын деп құлшынды ғой барлық елін. Сенің ғана қазаң емес қой.

Нияз. Менікі емес. Бұл үлкен жаулық, үлкен кектің сарыны ғой. Мен 21 жылы Қытай шегіне барып, Кеңес үкіметіне қарай үлкен шабуыл жасауға әзірленіп отырған ақтың зор офицерін өлтіріп келгенмін. Мынау дәл соның орайы.

Омар. Не дейсіз, Нияз-ау, сол екен ғой ендеше, бәсе.

Ажар. Неге тегін болсын.

Нияз. Бірақ мына әйелім, мына Жауһарым, жалғызымның не жазығы бар еді!

Омар. Кімді аяйын деді дейсің?

Ажар. Өзіңді торымады деймісің? (*Хадиша шығады.*) Немене, Хадиша?

Нияз. Не дедің, айтшы, айтып өлтірші.

Хадиша. Қан көп кетіпті. Баска кісінің қанын құямын. Шошыма, Нияз, барымды аямаспын. Жалғыз-ақ...

Нияз. Немене? Қан ба? Ал, менің қаным, менің жалғыз шырағыма менің өз қанымды ал... Жүрек қанымды ал.

Хадиша. Жоқ, жоқ, тоқташы.

Зипа. Апатай, күйіңе күйігімді, қанына қанымды қосып табысқаным болсын, тілеймін, менің қанымды ал.

Хадиша. Болды, жас адам дұрыс, жүр.

Зипаны ертіп кетеді, Смайыл кіреді.

Смайыл. Нияз-ай, не күйге ұшырадың, жарықтығым-ау, не болды?

Ажар. Не болсын? Жайратты міне. Қатын өлген. Асыл бала Жауһар әне өлім үстінде. Сенің Хадишаны сонша бөгегенің не әлі, осы?

Смайыл. Не дейсің, жаным-ау, мен қашан бөгедім? Мұрат телефон соғысымен әл үстінде жатқан әйелімді де көрсетпей лезде жөнелтпедім бе?

Ажар. Өзің неге бірге ере шықпадың? Адасқанын, кешіккенін білдің бе?

Смайыл. Жерді біледі ғой деп әлгі Жомарт деген итпен жіберіп, өзім әйелімнің халін біліп қана шығайын деп ем.

Омар. Жомарт қайда?

Смайыл. Құдай төбеңнен ұрғыр, мүлде басы айналып адасып кетіп алғашқы шыққан жерге, сол колхозға қайта бармады ма? Соны ести сала атқа міне шауып ем, өзім бастап барайын деп, әйтеуір жетіпсіңдер. Япыр-ай, кім болды, енді бұл қаскүнем жауыз?

Нияз. Не дейін? Кім дейін?

Смайыл. Қылды ғой бұл қаскөйлер, тегін емес қой, ұясы бар ғой мына қастықтың. (*Мұрат, Ганшин кіреді.*)

Мұрат. Немене, жаны бар ма Жауһардың?

Омар. Екі талай.

Мұрат. Не шара істеп жатыр?

Ганшин. Хадиша не дейді?

Омар. Қан құйып жатыр, әлі мәлім емес.

Мұрат. Қішкентай үміт болса екен. Сол болса қазір алып жөнелеміз.

Нияз. Не дейді? Қайда, қайда алып?

Ганшин. Аэроплан әзір тұр. Облыстық қалаға ұшырамыз. Соған келдік.

Ажар. Қай аэроплан? Бар ма еді?

Ганшин. Бар. Жауһар үшін бәрі бар.

Нияз. Бәрі бар болса жау бар ма?

Ганшин. Табылды, ұсталып отыр.

Нияз. Не дейсің?

Омар. О кім екен, Александр?

Ганшин. Шекарада ұсталды.

Смайыл. Ойпыр-ай, кім екен ол жауыз?

Нияз. Кім ол? Айт, айтшы, Мұрат.

Ганшин. Кейін білесің, Нияз!

Мұрат. Япыр-ай, Хадиша жөнін айтса екен тым құрмаса.

Хадиша шығады.

Хадиша. Жолдастар, Жауһардың жаны қалады. Жазылады.

Нияз. Құлдық, жан бауырым, Хадишам, алтыным.

Мұрат. Есін жыйды ма?

Омар. Кісі атын атады ма?

Хадиша. Атады.

Дауыстар. Не деді? Кім деді?

Хадиша. Степан.

Ганшин. Степан?

Шымылдық

ҮШІНШІ АКТ

Тоғызыншы сурет

Егін басында. Сәрсек, Жұматай, Асан, Сүйрік, Смайыл, Жомарт, Омар. Бұлар ортада.

Сәрсек. Қуарған жау, осы тағы колхозшының көңлін қалдырам ба деді ғой.

Жұматай. Нияздың үйін қырып, қанатын қырқам ба деп отыр ғой.

Сәрсек. Бәлем жау көріп алармын, осы ұстағаным ұстаған партияның білегінен. Енді жігімді жазып, жолымды айырып көрші партиямнан.

Садық (Омарға). Әзірмісің дейді ғой партия, әзірмін.

Асан. Сақпысын, берікпісін дейді ғой, берікпіз.

Смайыл. Уа, ендеше жолың болсын, колхозшым.

Жұматай. Уа, дегенің болсын Смайылым.

Ажар келеді.

Ажар. Жолдастар, жаудың алды ұсталғанмен арты әлі қою жатыр екен. Тамыры терең екен. Оның қолы құтыра бастады. Бүгін түнде конезаводтан қызыл әскерге ремонтқа берілгелі отырған 400 жылқы жоқ болып отыр.

Смайыл. Не дейді сұмдық-ау, мынау бір ұйым ғой.

Жомарт. Мынауың бір обыр ғой. Сақтай гөр я, апақожа.

Ажар. Екінші, бүгін шекарада он кісі қарулы жау ұсталыпты. Түсіндің бе, түге!

Сәрсек. Түсінбей қайтемін. Нияздың үйін қыру ғана бір атой, белгі десенші онда.

Ажар. Бәсе, осы жолда бізде сыналатын жөн келді. Жаңағы он кісілік жауды отрядқа білдіріп, бірге ұстасқан Жарқын екен.

Смайыл. Уай, ерім. Не деген ер еді мына Жарқын.

Жомарт. Баласының кегін қайырыпты ғой, бәтір-ау.

Садық. Ендеше жау ұстауда, отан қорғауда әзірлікті біз де көрсетеміз.

Дауыстар. Көрсетеміз, біз де әзірміз.

Смайыл. Анау жоғалған жылқы шекарадан өткен жоқ қой. Осы маңдағы жаудың қайда тығылатынын менен артық білетін жерге жетік кісі жоқ. Ал міне мен қазір погранотрядқа, Ганшинге көмекке барамын. Таппай қоймаспын, бәлем.

Жомарт. Ағатай, мені де қасыңа ал. Қасыңа алшы осы.

Ажар (Смайылға). Солай деймісің? Жарайды, ниетіне ырзамыз. Ендеше погранотрядқа мен сенімен бірге барамын... Садық, сен де бірге жүр. Ал өзгелерің не істейтінін білдің ғой? Мұрат пен Александрдан хабар күтіндер. Кәне, жүр, Смайыл.

С м а й ы л (*бөгеліп барып*). Жүр, жүр. Жарайды жүре гоіі. Жүр, Жомарт. (*Кетіседі.*)

С ә р с е к. Ия, мен гоі, қарағым Мұрат, айналайын сенбісің? Толғанып шырығып отырмыз. Немді аяушы ем? Тапсыршы, былай бар да, былайша килік те, шыбындыды сал деші осы. Бәсе, сен бастай білуші ең де, біз қостай білуші ек қой. Партия ең колхоздың бір бас, бір тас болған қайратын бұнда жұмсамай қайда жұмсайым? Айт. Омар деймісің? Омар мұнда, мінеки ортамызда. (*Омарға береді.*)

О м а р. Құп. (*Сөйлесіп болады.*)

А с а н. Ал не деді, не бұйырды Мұрат!

Ж ұ м а т а й. Қәне, тапсырмасын айтшы Мұраттың.

С ү й р і к. Атыңнан айналайын, қарағым, Мұратым, бастасыншы тағы бір.

О м а р. Жолдастар. Ендеше бар күшіміз Отан қорғау, отан шегін қорғау ісіне, мынау шекарадағы қызыл сақшы отрядына көмекші болу ісіне жұмсалады. Біз барлық асу мен шатқал, қойнау мен өткелдің барлығынан тосқауыл жасаймыз. Айқын жау, жасырын жау барлығын сүземіз. Міне партияның дабылы. Әзірмісің, өне дейсің?

Д а у ы с т а р. Басташы ендеше, Омар.

Қыйынын айтшы сол міндеттің?

Қарасын ғана көрсетші.

С ә р с е к. Жүр ендеше, алдымен өзім ерем. Басшым, партиям, сақшың мен. Өлексесін өз отына өртейін, отанымнан отын тартпайтын өктем кім? Қорсетші көзіме. Бұл ашу менің ғана ашуым емес, ел ашуы, сел ашуы. Қарсыма шыдап көрсінші. Тарт отрядқа қарай!

Ш ы м ы л д ы к

О н ы н ш ы с у р е т

Хадиша, Зипа пәтерінде, колхозда.

Ж о м а р т (*асығыс кіріп*). Зипа, а Зипа. Бол тез. Жүреміз, әзірлен.

З и п а. Не дейсің, жаным-ау, қайда?

Ж о м а р т. Ауыр нәрсе алма. Салтатқа сыярлық, киерлік қана ал, бол!

З и п а. Айт-үйт жоқ бұл қай жол, қай жүріс?

Ж о м а р т. Сұрама, жолда айтармын.

З и п а. Хадиша апама жөнді айтпай және сенен жөнді білмей неге кетем?

Жомарт. Қысқарт. Ашпа аузыңды ешкімге. Иен мен, мен өлген жерде өлесің. Бол қазір.

Зипа. Жөніңді айтпасаң кетпеймін.

Жомарт. Жөнімді айтпай әкетем. Ермес болсаң анттымды білуші ме ең, жайратып кетем тіке. Бол. Боламысың, жоқ па? (*Хадиша, Сәт кіреді.*)

Хадиша. О не, Зипа? Не десіп тұрсыңдар?

Жомарт (*шұғыл өзгеріп*). Хадишатай, қуатым, Қытайдан соққы көріп, зығыр жеп келгенімде аузыма нәр, басыма пана болдың, алғыс айтам. Енді мына қазір Алматыға бір көлік жүргелі тұр екен, өлмес күнімізді көріп, оқуға, өнер табуға, сол Алматыға кетуге байладым.

Хадиша. Зипа сен не дейсің?

Зипа. Кетпейім деймін.

Хадиша. Неге?

Зипа. Сенбеймін.

Жомарт. Не дейсің өй, сен? Не дейсің, азғын қатын, ә?

Хадиша. Алматыға оқуға кетем деп тұр, өтірік пе онысы?

Зипа. Бұл бір құбыл. Әлде шын, әлде жын. Ермеймін. Япыр-ай құтылдым ба? Құтылсам екен, құтқарсам екен, апатай!

Жомарт. А, жетесіз жақын, некесіз қатын. жау жақын ба едің? Жайратайын ендеше. Талақ, талақсын сен! (*Мылтық суырып, тап береді.*)

Зипа. Ойбай, құтқар, апатай!

Сәт. Қысқарт, енді жетті.

Хадиша (*араға түсіп*). Тарт, қысқарт енді!

Зипа. Талақ сенсің, көк талақ. Сорыма жабысқан ку талақ! Апатай, тыңда, біл ендеше міне... Менің ең жақыным сенсің. Мен сенің бауырыңмын. (*Хадиша, Жомарт таң қалады.*) Сен жасыңда адасып айрылған ауылдың қызымын мен. Таптым сені. Сенің қасыңда өлем. Мынаны, мынау құбылды қасыңнан кетір, кетір бұны.

Жомарт. Хадиша қатынымнан айырып па едің мені? Жә, жетті, жүр, жаның барында...

Зипа. Жүрмеймін, аулақ менен.

Сәт. Зипа саған жоқ.

Жомарт. Ә, солай ма еді? Жоқ қып кетейін ендеше сені де, сендерді де. Жомартты танымай жүрсіндер ғой, мә! (*Ата береді.*)

Хадиша. Мә болса мә! (*Атып жібереді. Жомарт құ-*

лап түседі. Хадиша жақындап үстіне барады. Бұл жақындап келгенде шап беріп мылтығынан ұстап атып тұрып, жұлып алады).

Жомарт. Тұр бәрің де, табжылмаңдар! (Аналар тұрып қалады. Зипаға пышақ сала береді. Сәт тап беріп бас салады, алысады...)

Сәт. Тоқта, жетті! Ойнап жүрген шығарсың? (Хадиша телефонға ұмтылады).

Хадиша. Погранотряд! Ганшин қайда? Александр Иванович! Александр Иванович! Александр!!

Ганшин (кіріп кел). А, мен мінекей, әміріңдемін, жолдас Хадиша... А, мұнда ма еді?

Хадиша. Александр Иванович!

Ганшин. (Жомарттың мылтығын жұлып алып). Стой!

Зипа (Сәтке). Қуатым, бауырым! Ағатайларым! Менен шет жайылған күні өлесің, өлтіремін деп ант етіп еді. Міне сайқал, сырқынды сайқал, Александр, апатай! Көзін жоғалт кәпірдің, дұшпан, дұшпан!

Сәт. Алтыным, досым екенсің, өзім екенсін-ау. Ерте танысам етті, ерте құтқарсам етті мен мұндар. Өзі де адасқан, анау итті дос деп, елді де адастырған мен мұндар! (Қонай, Балтабек кіреді.)

Қонай. Александр, жеттім бе, ойбай жаным, Александр-ау, мені тыңдасаңшы енді бір.

Ганшин. Немене, Қонай, не хабар?

Қонай. Мұратқа, алдымен Мұратқа барып, барды айтып ем. Ақыл берді де, енді тезінен Александрға жет, барынды баян ет деді. Міне түнде жылқы жоғалғаннан бері қарай менің іздегенім мынау, мынау ғана болатын. Мынау Жігер колхозының бұрынғы бастығы, менімен бір әке, бір шешеден туған ұяласым, қазіргі дұшпаным, Байназар байдың құйыршығы, тап мына тұрған Балтабек. Сөйле. Ақтар ішек-қарыныңды. Жаның барында ақтар шапшаң. Болмаса өзім ақтарам қазір.

Балтабек. Жә, өрекіме. Сұраса мына Александр өзі сұрасын.

Ганшин (Қонайға). Бұны неге алып жүрсің?

Қонай. Бәсе неге алып жүрмін? Айт-ай, шапшаң.

Балтабек. Нені айтып тұрсың?

Қонай. Ой, жүзің күйгір. Жалтарайын деймісің? Жалтарып кетші кәнекей.

Балтабек. Жөніңді айтшы өзің?

Қонай. Сонау көктемде, Байназар өлгенде әлгі Жомарт бері өткеннен кейін маған не қоңырсыттың? Білемісің? Жылқы совхозын айналдырайық деп қалай шырғаладың? Әй, жүзің күйгір, қайтып қана бетіме қарап тұрсың сен менің.

Балтабек. Жә, болды олай болса, сен аузыңды жап, білдің бе? Александр, өзің тыңда. Мен бір өрмекшінің ауындай торға шырмалған итпін. Мені апарған жылан жаңа ұсталған сыяқты. Енді айттым. Тыңда, тыңдап өлтір мені, Александр.

Ганшин. Жә, болды, бастадың, кезінде айтасың, доғар.

Жарқын кіреді, әскер Балтабекті алып кетеді.

Немене, Жарқын?

Жарқын. Үш жылқышы жоқ боп шықты. Сырттан кім қосылғаны мәлім емес.

Ганшин. Мәлім. Өз кісілерің әзір ме?

Жарқын. Бәрі де әзір, ат үстінде. Мұрат, сенен бұйрық алып, бар деген тау саласына бір сағат ішінде жетіп болыңдар деді.

Ганшин. Жігер колхозы жөнелді ме?

Жарқын. Олар бұйырған орындарыңа жетіпті. Маған беретін приказыңды айт.

Ганшин. Бар күшің мобилизовать етілді ме?

Жарқын. Бар кісім, бар күшім әмірінде.

Қонай. Ия, сәт, терең тамыр, үлкен түбірді ғана бір ұстасаң екен. Бүгін не, бүгін бәлем үлкен шортан ұсталмаса аңғал арап ақ айғыр, ақал теке торы айғыр, енбекшінің адал малы, сенің терің мен сорыңда.

Жарқын. Бар жарамды емдейтін күнге жеттім ғой.

Ганшин. Ендеше жараң емделер. Үлкен шортандар ұсталғанын көрдіңдер, Жарқын, Қонай, мін атыңа. Бүгінгі түн сын түні, болыңдар!

Шымалдық

Он бірінші сурет

Ганшин кабинетінде. Ганшин, Балтабек.

Балтабек. Қор болдым ғой, су түбіне кеттім ғой мен.

Ганшин. Сенің қолыңдағы ең соңғы тұтқа осы. Ашсаң да, жапсаң да өз мейлін. Өзін үшін түсіндің бе?

Балтабек. Әкелші ендеше сол иттерді. Сөйлетші менің алдымда.

Ганшин. Жөніңді айт, сен кімсің?

Степан. Мен Степан.

Ганшин. Барың сол ма?

Степан. Тракторшымын.

Ганшин. Нияздың үйішін неге өлтірдің?

Степан. Қызметтен шығарды. Орынсыз қалдым. Ішкілікке салынып бұзылып кеттім. Кекті болдым. Содан қалай өлтіргенімді білмей де қалдым.

Ганшин. Қытайға неге қаштың?

Степан. Есімді жая алмай, шошынғаннан қаштым. *(Ганшин Балтабекке қарайды).*

Балтабек. Уа, Степан, сандалма, жөніңе көш.

Степан. *(Балтабекті танып).* Балтабек!

Балтабек. Ия, мен Балтабек, білдің ғой. Бұрын Дутовтың досы, бүгінде Құлжаның кулагі. Қатын, балаң әлі сонда. Бұл жаққа әдейі кісі өлтіру үшін, алдымен Ниязды өлтіріп қайту үшін өткенсің. Сол жұмысты бітірген күні кетпексің. Не сандырақтайсын. *(Степанда үн жоқ.)*

Ганшин. Мынаған не дейсің?

Степан. Өтірік.

Ганшин. Басқа мамандық алмай, тракторшы болып келгенің қалай?

Степан. Тракторшы ең құнды кісі.

Ганшин. Нияздың үйін ерте қырмай, бұған дейін неге создың?

Степан. Әлдеқашан бітіріп кетуші ем, жібермейді.

Ганшин. Кім?

Степан. Бұйрық.

Ганшин. Кім бұйрығы?

Степан. Бас әміршінікі.

Ганшин. Ол кім?

Степан. Кім екенін мен білмеймін.

Ганшин. Ниязды өлтірмей, қатын, баласын неге өлтірдің?

Степан. Үйінде болмады.

Ганшин. Бұйрық неге бұрын өлтірмей, кеш өлтірді?

Степан. Бір өлім емес, көп қазаны бір-ақ жабамыз. Соған мезгіл жетсін, әзірлік молайсын, кісі қосылсын. Аудан үлкен науқанға кіріссін. Сол кезде тұтас қый-

мылдың белгісі Нияздың үйін қырудан басталсын деген...

Балтабек. Сенің өзің ішкіш емессің, Ішкіш боп құр көлгірсіп жүргенсің, оныңды да айт.

Ганшин. Рас па?

Степан. Рас.

Ганшин (*қызыл әскерге*). Бара тұрсын. Ананы әкел. (*Степанды әкетіп, Жомартты кіргізеді.*) Кәне, шын атыңды айт.

Жомарт. Жомарт қой.

Ганшин. Бұл жаққа неге өттің?

Жомарт. Мына Балтабек айтқан шығар, Балтабек.

Ганшин. Өзің де айт!

Жомарт. Ендеше Байназар бай бар ғой, анау Торканың байы, соны арғы бетке алып кеткелі келіп ем.

Ганшин. Сол-ақ па?

Жомарт. Сол, барым сол!

Ганшин (*Балтабекке*). Сен айтшы, сол ғана ма еді?

Балтабек. Ол шының емес, қалғанын айт!

Жомарт. Е, білсең сен айт ендеше.

Балтабек. Олай болса, Байназар мен мені салып, Жігер колхозын бір түнде түгел көшіріп алып кетпек едің.

Ганшин. Жә, оны кім тапсырды? Сені кім жіберді?

Жомарт. Осы жақтан қашып барған байлар тапсырып, солар жіберді. Мен бір сәлем әкелуші ғана едім.

Ганшин. Барың осы ма?

Жомарт. Осы, осыдан басқа қылмысым жоқ.

Ганшин (*Балтабекке*). Бары осы ма?

Балтабек. Мен білгеннің үлкендері осы.

Жомарт. Мен бір хабаршы. Тұрған бойым осы. Одан артық не шығушы еді, тақсырларым-ау.

Ганшин. Тоқтат тақсырыңды! Енді артистік жетті, білдің бе? Жомарт ролі бітті. Қазір бар шыныңмен өзің майданға шығасың, кәне, шын атыңды айт.

Жомарт. Тақсыр-ау, мені кім деп тұрсын? Тақсыр-ау? Жомарт боп істеген жаманшылығым аз боп тұр ма? Тағы кім үшін күй дейсің, алдияр тақсырым-ау? (*Жығылып бас имекші болады.*)

Ганшин. Тұр, мынау сенің етігіңнің табанынан шыққан қағаздар. Міне, таныйсың ғой. (*Қағаздарды аударыстырып отырып.*) Бұнда біздің шекаралық үш заставаның съемкасы және мына комендатураның, одан соң

ауданның жаңа орталығының және тағы конезавод жерлерінің съемкалары. Мынау асулар. Әскери топография жолымен жасалған съемка. Шыныңды айт, сен кадет корпусында оқып па ең? Жоқ, прапорщик школында болып па ең?

Жомарт. Ойбай, сорлы басым-ай, не дедің? Нені айтып кеттің, тақсырым-ау.

Ганшин. Ақмақ көрініп құтылмақсың ғой. Айтамысың шын атыңды, жоқ мен айтайын ба?

Жомарт. Міне құдай, міне құран, шын атым Жомарт.

Ганшин (*столынан сурет алып*). Ендеше міне, Семей алашордасының Анненков, Қолчакпен қосыла құрған алаш полкі бар ма еді? Мынау соның командирі Бектемисов, ал мынау тұрған сол полковниктің жас адьютанты, он тоғызыншы жыл аяғында шетке қашып кеткен ақ офицер, бүгінгі жапон шпионы — Түсіп Тоқсарин мына тұрған сен емесісің? Бет-аузың көсе, аз ажымың болмаса, түсің тіпті өзгермеген. Солай емес пе? Енді не дейсің?

Жомарт. Олай болса, не дейтініңді өзің айт, жазанды айт.

Ганшин. Жарқынның баласын сен өлтірттің ғой?

Жомарт. Емеурін жасаған мен едім.

Ганшин. Зипаны неге әкелдің? Оны қайдан ілдің?

Жомарт. Ол бір байға бармаймын деп бұзылып жүрген кедей қызы екен. Осылай кетерден үш күн бұрын Қытайға әкетем деп үйіріп алдым да, бері алып өттім. Белет, бедел үшін керек болды.

Ганшин. Бұл арадан өз керегіңе кісі алуды сен меңгердің бе, басқа кісі биледі ме?

Жомарт. Мен қатнас жасаушымын. Ананы билеген әмірші.

Ганшин. Кісі өлтіруді кім белгілеп отырды?

Жомарт. О да әмірші.

Ганшин. Әмірші кім?

Жомарт. Оны өздерің табарсындар.

Ганшин. Сен айтпаймысың?

Жомарт. Білмеймін.

Ганшин. Білесің.

Жомарт. Білмеймін, айтарым да жоқ.

Ганшин (*белгі жасайды, біреуді кіргізеді. Жомартқа*). Мына кісі кім?

Жомарт. Мен білмейтін кісі, танымаймын.

Ганшин (*біреуге*). Сіз таныйсыз ба мына кісіні?

Біреу. Жоқ, танымаймын.

Ганшин. Көргеніңіз жоқ па?

Біреу. Көріп тұрғаным осы.

Ганшин. 1919 жылы, Семей қаласын еске түсіріп көрсеңіздер қайтеді?

Біреу. Ұзақ жылдар екен, ұмытып қаппын.

Ганшин. Әлде ұзақ жылдар ұмыттырған шығар. Сіз Токиодан бізге қарай шыққалы 4 ай 17 күн бопты ғой.

Біреу. Бұл мен түсінбейтін жұмбақ.

Ганшин. Жә, ойыңды қойяық... Мына отырған кісінің Жомарт аты біткен. Сізге мәлім адьютант штабы капитан Тоқсарин. Ал, сіз осы офицердің сол күннен бері начальнигі (*қатты.*) полковник Бектемисов! (*Суретті жарқ еткізіп.*) Полковник Бектемисов, кәне, әлде енді де білмейтін шығарсың? (*Аналарда үн жоқ, бастары төмен түседі.*)

Ганшин. Апар! (*Екеуін екі бөлек алып кетеді. Смайылды алып келеді.*) Сені қай жерде ұстады осы?

Смайыл. Тұйықтың тұсында, шекарада ұстады.

Ганшин. Кімдер ұстады?

Смайыл. Несін сұрайсың? Сенің баулыған Омарың, сенің атқа мінгізген колхозшыларың, Жігер колхозы ұстатты. Солар қамады да, мына Ганшиндер кеп ұстады.

Ганшин. Атысып түстің ғой?

Смайыл. Е, атыспай аянушы ма ем?

Ганшин. Кебенек келген ешкі, күл болған қой, маңқа жылқы және мынау бруцеллез болған сыйырларды өткіздіру сенің әрекетің бе, жоқ шеттен алған бұйрығың ба? Жалтарма. Есінде болсын, бар жайың мәлім.

Смайыл. Зыян ету бұйрығы жоғарыдан. Мына жолдарды қолданған менмін.

Ганшин. Жігер колхозына жүз гектар үсігіш бидай еккізген сенсің ғой?

Смайыл. Мен.

Ганшин. Қонезаводтың жеріне маңқа жылқыларды жайғызушы тағы сен ғой? Ашымды. Сенсің, солай емес пе?

Смайыл. Мен.

Ганшин. Соңғы алысқан талаптарың не еді?

Смайыл. Соңғы алысқанмыз жаңа секретарь, Мұраттың програмы болды. Қолхозын отырықшы, егінші, халқын большевик етпекші боп келді. Осыдан ел тауанын қайтару үшін әрбір үлкен қыймыл үстінде бір-бір үлкен оқ атып отырдық. Бірақ болмай кернеп бара жатты. Дегеніне жетуге айналды. Және бізді, әсіресе мені ашпай қоймайтың болдыңдар.

Ганшин. Сыртқа қашудағы пландарың немене еді?

Смайыл. Сезікке түскендер шетке шыға тұрып, орнына тың кісілер ауыспақ еді.

Ганшин. Жә, осы істің бәрінің шын басшысы сен емессің ғой. Басқа бастық бар ғой, шын бастық кім, соны айт?

Смайыл. Ондай жоқ.

Ганшин. Жоқ емес бар.

Смайыл. Жоқ деймін.

Ганшин. Айтпайсың ғой? *(Смайыл үндемейді.)* Бірақ сол басшыңды ұстап алып бетгестіргенде не дейсің! *(Үндемейді.)* Ә, үндемейсің? Ендеше бар, бара тұр! *(Смайылды алып кетеді.)*

Мұрат *(кіреді)*. Бүгін ашылған сұмдық-қаскөйліктер шын дұшпандықтың шеті ғана. Әлі қоюы мен зәрлісі артта жатыр десеңші. Жә, енді Алматыға жөнелтесің ғой?

Ганшин. Ия, ендігі бір саты — Алматы. *(Қолхозшылар есік ашады, алдында Жарқын.)*

Жарқын. Рұқсат па?

Мұрат. Кіріңдер. *(Барлық колхозшы, Омар, Хадисалар кіреді.)*

Әскери адам. Жолдас начальник, менің команддамағы взвод Жігер колхозының колхозшыларының жәрдемімен және әсіресе Жарқынның ерлік, ептілік көмегінің арқасында тағы бір топ нарушительді ұстады. Басшысы осында алып келінді. Шекарада жауыр асуының қыйын тасында ұсталды. Қонезаводтан жоғалған 400 жылқы да сол асудың бауырынан табылды. Жылқы қонезаводтың өзіне қайтарылды.

Ганшин. Наружитель мында келтірілсін. *(Сеитті алып кіреді.)*

Ажар мен Жарқын. Әй, жүзіқара, қанқор қорқау қасқыр, шоқ бәлем.

Мұрат *(Сеитті алып кеткен соң)*. Жарқын, жаран емделді ме енді, айтшы?

Жарқын. Жарадан арылдым ғой, қалқам Мұрат. Шын жарам, үлкен жарам, кәпір мыңа Сеит екен ғой, таптық қой.

Ажар. Ал енді бір сұрақ. Осы соңғысында кім озды. Жарқын ба, Садық па?

Ганшин. Жарқынның тобы озбаса да өзі озды. Он қашқынды ұстады, Сеитті ұстатты. Садықтың өзі озбаса да тобы озды, Смайылдан бұл өзі бір жол алданып, айрылып қалса да, Жігер колхозы қоймай ұстады.

Ажар. Сонымен?

Ганшин (күліп). Сонымен не болушы еді? Жарыс әлі аяқталған жоқ. Созыла беретін болғаны ғой.

Жарқын. Болсын. Бәрекелде, тағы да сынасамыз.

Мұрат. Ендеше осы жолда бір ұсыныс айтсақ қайтеді?

Сәрсек. Айт, қарағым, Мұрат.

Дауыстар. Айт, Мұраттың өзі айтсын!

Айтсын, Мұраттың өзі айтсын.

Мұрат. Ендеше колхоздың аты Жігер еді, сендер бұл күнде жігерден асып жал біткен, жалын жұтқан жауынгер, ер қауым болдыңдар. Егісте екпінді, егесте серпінді, елдікте саналы ел болдың және әсіресе отан қорғауда жауыңды отпен тосып алам деп әзір отырсың. Олай болса бұдан былай колхоздың аты «Қызыл сақшы», ауданның аты «Қызыл әскер» болса не етеді?

Дауыстар. Құп болады.

Болсын, болсын.

Дегеніңнен табыламыз.

Осы атыңды атаймыз, болсын.

Хадиша. Александр Иванович, сіз қалай дейсіз? Колхоз осы атты ақтады ма?

Ганшин. Мейлінше ақтады. Дегені болсын, болсын деймін.

Сәрсек (Мұратқа). Уа, ендеше сөзіңнен айналайын, Мұратым. Александр, көңлімдегіні өзің табасың, көмейімдегіні өзің айтасың. Партиям ел болдың десе ел болмаған нем қалды. Құтты болсын. Сол айтқан атың еліңе де, өзіңе де құтты болсын. (Қуанышты дауыстар.)

Шымалдық

Соңы.

Б Е К Е Т

4 актылы, 5 суретті күйлі пьеса

Қатысушы адамдар:

Бекет — батыр, 27 жаста.

Зере — қалыңдығы.

Қамар — Зеренің шешесі.

Сержан — әнші, акын. * Бекеттің досы.

Шын-Асыл — Зеренің досы, акын қыз.

Жаңғазы — қашқын, атақты акын.

Қарашор } — Бекеттің батырлары.
Олжай }

Арыстан — сұлтан-правитель.

Тәйтiк — Арыстанның туысканы.

Көкжал — пәсiр.

Шемен — жандаралдың советнигі.

Самалдық — Зеренің ағайыны, аз елдің бас адамы.

Шернияз — Шын-Асылдың күйеуі.

Осип — каторжан.

Қыздар, жігіттер, әскер, каторжандар.

Мезгіл 19 ғасырдың орта кезі.

БІРІНШІ АҚТ

Бірінші көрініс

Сахнада кестелі отаулар, керме. Үй-үйлердің арасымен жастардың сәнді топтары шығады. Ортада есігі түрлі жана отау. Ішінде торғын шымылдық желбіреді. Күйеу өз нөкерімен сол үйден шығады.

Қыздар мен жігіттер әні

Жем бойында еркін желдей,
Шалқый соқсын біздің ән.
Әннен шашу сізге, жездей
Құтты болсын сіздің сән...

Батыр жар
Бағың бар
Ақ маңдай
Жарың бар.

Қызық қайда? Осы тойда
Бақыт қайда? Осы бойда
Бас қыяға, күл де ойна,
Қақ қанатты, ойна, жайна.

Батыр жар,
Бағың бар
Ақ маңдай
Жарың бар.

(Ду, қуаныш, шашу).

Бекет

Тақты ғой әннен тана бер қарашы,
Қуанған шын тілеулес ел баласы.

Сорлы әнді мұнда айтпаған қайда айтасың
«Сыйға сый, сыраға бал» жұрт жорасы.

С е р ж а н

(халыққа).

Қош уақыт, құтты қадам, елім кепсің,
Аға, іні, құрбы-құрдас, келін-кепшін.
Айналдым аузындағы ақ тілеуден,
Батырға бақ тілепсің, өрле депсің...

Алтын тақ,
Асыл шақ
Жастық шақ
Болсын шат.

Кім іркер халық ұйғарса бойда барын,
Аталсын ең алдымен менің барым.
Шашқанда әннен шашу жақсы жыйын
Өлеңнен жыртыс жыртсын ақындарың.

Алтын тақ
Асыл шақ,
Жастық шақ
Болсын шат...

Қ а р а ш о р

Ендеше сол дегенің деген болсын,
Айта бер мына жыйын көңлі толсын!..

Х о р

Ақыннан біз тілейтін бұйымтай сол,
Өзге сый мұнымен тең қайдан болсын...

О л ж а й

Қойындар, жалғыз айтып құтырып па?
Жастар тұр қарызынан құтылып па?
Шығарсын қарсы айтарлық тең ақынды,
Болмаса мәңірей ме, күр тұлыпқа?

Қ а р а ш о р

Ақ сөйле, тап осы жол тауып айттың,

О л ж а й

Жол болсын, лағып барып сен де қайттың,
Қалайық, әділетін өзің айтшы,
Айтысты кеп қостар деп әдейі айттым...

Х о р

Сауықтан сауық асын салған сайын,
Жаңа айттың жыйын сүйер өнер жайын,
Тойда айтпай қайда айтады дәмелі жас
Ер қайда, сынға түсер болсын дайын...

Ақындар
Шалқындар
Тілектес
Халқың бар... (*Ешкім шықпайды*).

Шығып тұр ән ұраны мен мұңдалап,
Шаппас ба өнер кернеп жаңа талап,
Қалың ел қатарынан ақын таппай
Шынымен қаламыз ба жерге қарап.

Шын-Асыл,
Қайдасын
Өзің тап,
Айласын...

Д а у ы с т а р

Қайда отыр Шын-Асыл?
Зеремен бірге екен
Қысылып жыйын тұр
Келсе екен Шын-Асыл!

Зере, Шын-Асыл және бірнеше қыз нөкерлер шығады.

К ө р і н і с

I-қыз

Шын-Асыл, барлық жыйын сені күтті!

II-қыз

Ақынмен айтысар деп жұрт үмітті.

I-қыз

Сен емес әншейінде ауыз жаппас,

II-қыз

Сен емес той дегенде өлең таппас,
Тайсалма, шық та мүдірт ер жігітті.

Зере

Асыл дос, егіз өскен сынарымдай,
Ер едің ер тепсеңнің шынарындай
Кетейін кетерімде жадыма алып
Айтшы бір тарқатқандай құмарымды-ай.

Шын-Асыл

Жан құрбым, тастадың-ау ауыр салмақ,
Ән шырқап белге шығар кезім бе еді,

Самалдық

(екеуіне).

Қарағым, елім көркі, егіз еркем,
Тобынды кім бастайды сенсіз, серкем.
Сен барда ұйлыққаны осы болса,
Сен жоқта не болмақшы бұлар ертең.

Хор

Ағайын ел тілегі, ата аруағы,
Кешпейміз кезбе ақынға ірге берсең.

Сержан

(айтысты бастап жөнеліп).

Мыңнан бір, шыңнан шынар шықпай ма екен,
Жезқанат сұңқар бар деп ықтай ма екен.
Қарсы ұш деп көппен бірге тілек етсем
Мұнымды асылзада жақтай ма екен? *(Пауза).*
Сөз кеткен талайларға, талай мекен
Шынымен бір орайы болмай ма екен.
Көз тартты шұғыласы күн құшқанда
Айдынның жалғыз қуы болжай ма екен?

Ш ы н - А с ы л

(іле жөнеліп).

Әнім бар шырқағанда шарқ ұратын
Шаттықта, зарлықта да жан суатым
Өз әнім, қолқасыз-ақ өзім айтам
Жасымнан қос қанатым, әл қуатым.
Шалқыған көк жайқында аққу қандай!
Талайлар тек тұра алмас назар салмай.
Телмірген сол талай көз бос қалатын
Аққуды кім күналар жазық бардай.

С е р ж а н

Ерке өскен сұлу көрдім құрбым сіздей,
Кім білер жүрмесімді дәл сізді іздей
Десеңде көптің бірі қатал еркеш,
Өзіңді мыңға балар жыршың біздей

Ш ы н - А с ы л

Мен бұлбұл өз жырымен өзі болған,
Сәт күткен сіз жолаушы кезбе жолдан.
Гүліндей Иран бағы ғайыптамын.
Толса гүл, салса да гүл келмес қолдан...

Қ ы з д а р

Тең сөз айтты акынға,
Түйін тастап сөйлеп тұр
Алысқа да жақынға.

Ж і г і т т е р

Онай емес кыйынға,
Шарай топты жыйынға,
Шалкый сермеп шаң берді,
Ақын жігіт, қайрат қыл
Аруағыңа сыйын да.

С е р ж а н

Асыл заттан сегіз қырлы
Нұр көргендей боламын
Бағыран деп бүккен сырды
Сезіп дертке толамын.
Аққу деп ем аспандағы
Азат әні шырқаған,

Бұлбұл ма едің қапастағы
Матауы бар шырмаған...

Ш ы н - А с ы л

Қапас емес, күншуақта,
Қермаралдай ойнаймын,
Қапа еткен осы уақта
Ән кепіл деп ойлаймын.
Жақын деуге мен алыспын,
Ғайыпта деп соны айтам,
Дос емес құр жай таныспын,
Бақ, Иран деп соны айтам.

С е р ж а н

Асыл зат, олай емес қаштың шыңнан,
Тек емес тілеп ұштым мен де шыңнан.
Шыныңды айт көптің бірі сен емессің
Өсірсін жүзден жүйрік, тұлпар мыңнан.

Ш ы н - А с ы л

Өлең деп жамау-жасқау құрағандай
Мен үшін құрақ ұшып, құлағандай. *(Күліп).*
Нең бар ед, жабысарлық кімің едім
Көзақы көрінгеннен сұрағандай?

С е р ж а н

Көрінген көптің бірі сен емессің,
Жат санап, жау деп білсе өзге егесің
Әрі ақын, әрі құрбым намысым бір
Дейтұғын өлде омақап мен емеспін.
Өлкенің төбедегі жұлдісі сен
Мандайға бақ боп бітер құндызы сен,
Еліңнің таңдап қосқан теңі бар ғой
Көрсетші қандай ердің жұлдызы сен?

Ж а с т а р

Не дейді, бұл пәлені қайдан айтты?
Көрдің бе Шын-Асылдың беті қайтты,
Бетіне шіркеу болды сұмпай күйеу
Шернияз, көрінде өкір әлсең етті.
Жүйрікке томар кесір болған талай,
Қамауда әннің үні шықсын қалай,

Сұңқарды саудаға сап, наз сұлуды
Қор етіп отқа салған арам мал-ай!

С е р ж а н

Шын-Асыл, ренжідің бе, асыл құрбым,
Кеше гөр оғат кетті өлең құрғыр.

Б е к е т

Шыншыл ән тәтті айтам деп қатты айтты ғой,
Жарасы Шернияз ғой құдай ұрғыр...

З е р е

(Сержанға).

Ойын деп андамастан от тастадың,
Мазағы жетпеп пе еді жат басқаның,

(Шын-Асылға).

Асыл дос, жаным бірге, дертің ортақ,
Жалғыз-ақ неге қалдың бос жасқанып.

Ш ы н - А с ы л

Өленде менің сірә нем бар еді,
Сұм дәурен мен дегенде кем-тар еді.
Көрсетем қандай сыйқын, қай тұрпатын
Тілде тұсау, көңілім енжар еді.

Ж а с т а р

Садаға жас басынан кетсін малы,
Көкейден сірә кетпес өшкен әні.
Тоқтатқан ақын емес, өмір торы
Сол ғана көп ұйғарған шыны дәлі.

Шернияз құтырып шығады.

Ш е р н и я з

Қандай тор мені тұспал етесіңдер,
Ел емес, намысы жоқ жетесіздер,
Байы мен, мен Шернияз, не қыл дейсің,
Кәнеки кімің асып кетесіңдер?

(Жұртта үн жоқ. Көп жас теріс айналады).

А, а... Солай ма? Жек көресің, жиренесің...
Шернияз жары деуге именесің...
Білемін, білдім бәрін, зілің жатыр.
Қайын жұрт досым емес қассың ақыр,
Асқақ қыз жардан безіп жатқа қарап
Түңілген, мен болыппын оған кәпір
Бар үлгі елі үйреткен осы бопты

(Бекетке).

Және сый ұсыныпты күйеу батыр,
Кеше гөр сөзім болса құр тез катыр.
Көксеп ем мен өмірлік алтын шатыр,
Ақының мерген екен дәл көздепті
Атқан оқ маған аумай тиіп жатыр...

О л ж а й

Омақап, оқ тигені рас болса,
Болды ғой, арманың не көңілің толса
Ол емес, құбылғанда есебің бар
Дейсің ғой өзі тілеп қолға қонса...

Х о р

Еркімен кім ереді Шерниязға
Құтқар деп тілеп аққан жастар аз ба?
Қақ жарған кара өзекті қалың арман,
Дерті сол болмағанда құрғақ наз ба?

Ш е р н и я з

Қалың ел өртесең де халқым сенсің,
Тепкенде өз енесі құлын көнсін.
Секіреп біреу тойып, біреу тонып
Оданда анау елдің жасын көрсін.
Ел едің сен талайдан көрген кемшін,
Тістіге, тырнақтыға оңай жемсің,
Мекеннен қан Арыстан әне қуды
Қалың ел қан жылаумен босты дерсін.

Х о р

Не дейді, не сұмдықты ала келдің,
Айтқаның мәні-жайы қандай елдің?

Ш е р н и я з

(биікке шығып, нұсқап тұрады. Босқан ел, кәрі-жасы жылау, күңіренумен шұбырып сахнаға шыға береді. Өтіп кетіп жатқандар да бар).

Көріңдер мынау жатқан сор даласын
Арыстан қан жылатты ел баласын.
Жемді алып, жерден қуып, шөлге айдады
Көрсеңші сел боп аққан көздің жасын...

Б о с қ а н д а р

(Бекеттерге).

Кім табар бізге келген дерт айласын
Ер болса елдің қамын тез ойласын.
Қан төре қастық етті аямады,
Қайдасын, ара түсер, ер қайдасын?!
Кемпір-шал күңіренеді, бала боздай,
Бармысын, адам туған ер қайдасын...

Ж а с т а р

Ойпыр-ай, неткен сұмдық, неткен қорлық!
Жұрт көрген аз боп па еді өзге зорлық!
Адыра бұл тіршілік, берген қор қып...

Т ә й т і к

(нөкерімен елді ығыстырып, тықсыра шығады.)
Бұл не той, топалаңның тойы ма екен?
Жыламай күліп кетіп бара ма екен?

Қ ө к ж а л

(күліп).

Мекенсіз қаңбақ болып өскей ылғый,
Хан-сұлтан алар елін білген екен.

Б а р л ы ғ ы

(елге).

Бөгелме, жөнел жылдам, жөніңді тап,
Бас жылдам, құм менен шөл саған мекен!

(Елді тықсырады).

Бекет

Қап бәлем, асқақ төре, мен көрермін,
Өлмесем сыбағанды шын берермін!

Төрелер

(кетіп бара жатып).

Сол, солай, айда тегіс,
Егескенді байла тегіс... *(кетеді).*

Халық

(Бекетке).

Пана бол, азаматым, елің келді,
Шулатқан көріп тұрсын мынау селді
Езгіде еңіреумен күн кешерміз
Шынымен ел таппас па намысты ерді.

Қыздар

(Бекетке).

Пана бол, зар илеген ел анаңа,
Пана бол, жөргектегі жас балаға.
Ел зары намысы бар ердің зары
Пана бол, тентіретпе қу далаға!

Зере

(Бекетке).

Ойын-той, сауық-сайран кезі бітті,
Жас-кәрі ер қайратын сенен күтті.
Жолыңа өз басымды еттім құрбан
Пана бол, ел-жұртыңды етпе күпті.

Қарашор-Олжай

(Бекетке).

Ежелде екі өлмек жоқ, екі тумак,
Келіп тұр ақ тілеумен елің шулап.
Бер уәде, нар тәуекел, міндік атқа,
Ер болсақ бізге қарыз намыс кумақ.

Бекет

Қайран ел, алтын бесік ішінде өстім,
Танымас қадірінді мен емеспін.

(Семсерін суырып).

Жолыңа күшім құрбан, семсер кепіл
Көр міне хан-сұлтанмен кекіл кестім
Жауыңмен сені еңреткен ұзында өшпін,
Қайтпаспын етіммен де етті кессің.
Ал пайза, ерлер қайда, ер соңымнан
Теңселтер қан ордасын бізбіз көшкін!

(Тарта береді, жігіттер қаптай ереді)

Х а л ы қ

Бағын аш, батыр ердің бата бердік,
Бағын аш, ақ тілеумен соңына ердік.
Бағын аш, жас жолбарыс жорытқанда
Бағын аш, келген керді бірге көрдік.
(Артынан кете береді)

С е р ж а н

(бір шетте, екінші жақта Шын-Асыл мен зер).
Суды атқан құды атам деп аңғал мерген,
Өмірде алтын сәулең осы көрген.
Жеңілдің жеңіп тұрып, қайтқан оқтан,
Жарадар жүрегің бар сыйы берген.
Мәңгілік наз сұлуды аз өмірді,
Ұмытпан, өзге жанға көңіл бермен...

Ш ы н-А с ы л

(Зерге).

Жарың бар жарқыраған шын сүйікті,
Зынданда менің басым, сен биікте.
Жан досым, жалғыз ауыз шын тілегім,
Сақтай біл шаттықта да, зар күйікте.
Ер білер ер қадірін деген анық
Қауіпте қасында бол кетпе танып,
Ақтай көр сүйгенінді ер қайратпен,
Арман жоқ, бірге өле біл, бірге жанып.

Ш ы м ы л д ы қ

Екінші сурет

Қалың ауылдың ортасы. Төрелерге арнап, қанаттастыра тіккен үш үйдің іші көрінеді. Қілем, көрпе, жібекпен шымқап тасталған үйлер. Әр жерде биік столдарға қағаз жайған писарьлар. Ортада советник Шемен, жанында Тәйтiк. Мойындарына знак салған ұлықтар. Сумка асынған старшин, шабармандар. Елдің жерін хаттап алып жатыр. Арызшы халық келіп жатады.

Халық өкілдері

(Шеменге).

Ей төрелер, төрелер,
 Арыз айта ел келер
 Тындайды деп ол келер,
 Тындамасаң тілегін
 Жанашыр деп келгенде
 Тілгілесен жүрегін
 Қайсы сенің білгенің?
 Қан жылатып халықты,
 Қора орнынан айырған,
 Асқақ төре бір күні,
 Жерге тығар желегін.
 Алғанында малдарын
 Алдыңнан шыққан жері жоқ
 Аһ ұрғыздың шалдарын,
 Елің аш та сендер тоқ
 Жоның шықты төрелер
 Мың асқанға бір тосқын,
 Зауалы болар күн келер
 Қатуланса қалың ел,
 Хан төремең шекісер,
 Тілегенің сол болса
 Қан төгілер, ер өлер...

Шемен

Тоқтат, өшір үніңді,
 Тар қымармын күніңді.
 Бел қыласың кіміңді?
 Ұмытқансың еркіндеп
 Қарын шашың алынбай
 Құдайыңды, дініңді.

Ханы сұңқар болғанда,
Халқы бәлар тұғыры
Өтседағы зығыры
Бүлк етпестен көнесің
Көшесін тегіс қазір-ақ
Хан Арыстан бұйрығы!

Х а л ы қ

Шыныменен осынша
Кеткені ме далаға
Ежегейдей ел тозып?

Т ә й т і к

Елде қандай ақын бар,
Ел иесі хандар бар
Тауқыметі соларда,
Токтат сөзді осыдан!
Көш те босат орынды
Енді қайтып бөгелсең
Тар қылармын күніңді,
Қаздырармын өзіңе
Өзің жатар көріңді.

(Әскерге бұйырып).

Тарт шетінен шұбыртып,
Арыстан-сұлтан бұйрығы!

Босқындарды бір шетінен тықсырып жүргізеді. Әйелдер, қарттар, араларында Қамар, Зере, Шын-Асыл, Самалдық.

Б о с қ ы н д а р

Еңіреткен елімді
Ләнет болсын хан, сұлтан,
Сындырдың тағы белімді
Қарғыс алдың ел-жұрттан.
Кіндік кескен қайран жер
Жемнің бойы аман бол!
Кетейін деп кетпедік
Зар жылатқан заман сол
Есіл жерлер карашы
Өлке, жота саласы
Қадірлі ата-ананың
Құлазып қалар моласы.

Жерім менен суларым,
Бізден кеттің аман бол,
Берекелі көлдерде
Сұңқылдаған куларым
Сен де қалдың аман бол...

Ш е м е н

Шығартпа қарғыс үндерін,
Сүйретіп жүріп сұлдерін
Қарашы, бұлар не дейді
Түн етермін күндерін!..

Қ а м а р

(жылаған Зерені уатып).

Жасын төккен мен ана,
Қойнымда зарлы бір бала.
Ана мен бала зарына
Құлақ қақпас қаскүнем
Ханың қайсы жүзқара!

Т ә й т і к

Ханға тілін тигізген,
Сен не қылған қақпас ең.

(Ұмтылып).

Ит болайын осыдан
Қасқайта қылыш шаппасам...

З е р е

(төрелерге).

Оны шаппа мені шап,
Ер екенің білейін.
Қанға тойған ит құсап
Жемге тойып көмейін.
Құтырыпсың, сұм төре!
Қарсыңа сенің ер шығар,
Келер сыйға сый бере,
Тілеуін елдің тілеген
Ел қызымын мен Зере
Қылышын тасқа білеген
Ақ сұңқағдай түлеген
Жарымын ердің қорқа алман.

Жылаған, ығып көрмеген,
Халқымда бар қасиет,
Бақ қарап, қыдыр түнеген
Тарт қолыңды анамнан
Тарт қолыңды халқымнан.

Ш е м е н
(*Шерниязға*).

Кімнің қызы мына қыз?

Ш е р н и я з
Әкесі жоқ жетім қыз,
Бірақ сенген жары бар,
Бекет деген ері бар.

Ш е м е н
Елден шыққан Бекеттің
Желік берген жері екен.
Мына сөзді айтқызыған
Мұны түрткен соры екен.
Құдай емес бұлардың
Бекет екен сенгені
Ал тұтқынға бұл қызды.
(*Зере мен Қамарды ұстасады*).
Өзі қашқын, бұл тұтқын,
Осы болар Бекеттің
Қара жер боп өлгені!

С а м а л д ы қ
(*Зере мен Қамарды қорғап*).

Тарт қолыңды бұлардан!
Ерде намыс болғанда
Есі шықпай сірә да
Есіз үйге шабар ма?
Қаңратып алдың даласын,
Шулаттың міне ұлардай,
Басынан алып панасын
Сарғайтқандай санасын
Не қылып ед ел саған?
Тырнағыңа бұларды
Жем қып бермен тіріде
Қыларың болса қыл маған!

Ш е м е н

Ұста, байла ендеше!
Ер шығатын неме екен
Құтырған елдің, бір саған,
Жаптым міне жаласын!

С а м а л д ы қ

Сенің де болар боласың!

Т ә й т і к

Байла қолын, кес тілін!
(*Байлап алысады*).

Ш е м е н

Жер астынан жік шығып,
(*Шерниязға*).
Осылар неден құтырды?
Сенгені не айтшы әзір
Қоюың жетті күпті қып!

Ш е р н и я з (*Шемендерге*).

Алдияр, олай болса құлағың сал,
Бәрінің пана көрген Бекеті бар.
Ол бүгін қолын жыйып, қару қамдап,
Жатыр дейді жаңа содан алдым хабар!
Тек қалмас, соқтыққалы мұнда шабар.
Естісе мынау жәйді жанын салар.
Қарайған ханға көңіл кескекті жау,
Білемін қас дұшпан сол жайын табар...

Ш е м е н

Ендеше мен қорейін ер немені,
Байқайын жерді ханға бермегенін
Қайын ене, қалың жұртын шұбыртайын
Тұтқынға ал нөкерімен қыз Зерені!

З е р е (*Тұтқын*)

Жолыңа жаным құрбан, қайран жұртым,
Тар күнде таянышым сенсің, барым.

Садаған, шәуілдеген көп бөрі ала
Ер ұлан сен босасың елдің зарын...

Т ә й т і к

Байлат, өшір үндерін. (*Байлап жатады*).

Ш е р н и я з

(*Шеменге*).

Алдияр хан сұлтаным қолы мығым,
Арам тер жөн білместің қаны шығын.
Бір тілек мен айтайын, сауға, тақсыр
Тигізбе Шын-Асылға, қалыңдығым.

Ш е м е н

Босаттыр қалыңдығын Шернияздың!
(*Шын-Асылға*).
Өзгелер бола берсін өңшең азғын
Жарың кеп жақсы қызмет еткені үшін,
Босайсын қадірін біл Шернияздың.

Ш ы н - А с ы л

Шықпаймын, бірге болам елімменен
Аулақ бол азғын етпе кебіңменен.
Берсеңші ер өлімін қор еткенше,
Сұм жалған бұл өмірге келдім неден?

(*Тобында қалады*).

Т ө р е л е р , Б о л ы с т а р

Хан келеді, хан сұлтан,
Келіп қалды алдияр.
Келді алдияр Арыстан.
Алдияр сұлтан, алдияр!

Хан келеді, нөкерлері мол, жыйын орын береді.

А р ы с т а н

Босатпастан Жем бойын,
Әлі отырған емініп,
Айтыңдаршы ел ойын?
Жыйналып ап көп ұлық
Саудаға сап өмірді

Бұл қылығың қай қылық?
Бірқына көнсе ел азат,
Екі етілмес жарлықты
Ақ патша мен хан жазад
Көрсет қазір көзіме
Айтқанымды екі етіп,
Қарысатын қай қазақ!
(Ұлықтар да, ел де ұйлығады).

Қ а м а р

Халықты көр шулаған,
Еңіреген ел зарын,
Тиярлық ел тумаған,
Ерге қысым, елге әлек,
Күнің бар ма салмаған
Аңыраған анамын
Бас кессең де айтамып
Қан жылатқан халықты
Қарғыс тисін, хан саған!

А р ы с т а н

Алатын кім бетімнен,
Ажалына асығып (төрелерге).
Айтқыз дереу ат жөнін
Ет кесейін етінен...

Т ә й т і к

Алдияр, әміріңнен кетсін зекет,
Бұйырсаң бұл қатын да марқұм кетед
Қызымен қасындағы, қайнысымен,
Күн қылған күйеулері қашқын Бекет!

А р ы с т а н

(қайнап).

Бекет қашқын жайлаған,
Қарсылықты сайлаған.
Қастың елі бұл екен!
Кіна өзінде ендеше
Қатыныңды күң етем,
Жарық күнді түн етем
Ал қамауға бәрін де
Айдат қазір қалаға

Кепілге ұстап жақыннан
Кескілескен жауымды
Осыменен жүн етем!
(Қамарды тұтқынға алады).
Айдат қазір қалаға!

Жөнелте бергенде сау етіп Олжай, Жаңғазылар кіреді. Антарылып.

О л ж а й

Егессең егес ерменен
Нең бар, тиме оларға!

А р ы с т а н

Сен кім едің өлермен?

Ш е р н и я з

Жан жолдасы Бекеттің
Олжай деген батыры
Аусарланып елерген...

А р ы с т а н

Неге келдің, не керек?

Ш е р н и я з

Қасындағы белгілі
Жайықтан қашқан Жаңғазы.

Ш е м е н

Өңкей қашақ жыйымып,
Елді елертпек аңғары...

А р ы с т а н

Елші салып сөйлесер,
Бекет маған тең емес!
Салғыласып теңесер
Қашқын, пысқын сен емес,
Ұлықтың өші Жаңғазы
Аяп қалар мен емес!
(Олжайға).

Ең әуелі бұйрығым:
Қасындағы қашқынды

Қазір тапсыр ұлыққа!
Сопан соңғы бұйрығым,
Бекетіңе айта бар,
Қарсылықты доғарып
Алдыма келсін жуықта!..

О л ж а й

Елшіге өлім жоғын біл..
Жанымдағы Жаңғазы
Беремін деп келгем жоқ
Қан жарлығын тасыйтын
Құлақ кесті құлыңдай
Ант пен сертім бергем жоқ
Сәлемін ғана әкелдік,
Бекетімдей ерімнің:
«Бұзбасын дейді хан сұлтан
Тыныштық шырын елімнің
Қарайласа ханына
Қайтсын дейді Арыстан
Төстіктейін бермен дейд
Елім жайлар жайымның!..»

А р ы с т а н

Ал қамауға бәрін де,
Көгермін күшін көбіңнің...

(Қамауға алысады).

Ж а н ғ а з ы

Ей Арыстан, асарсын,
Асып барып бір күні
Аптығыңды басарсын,
Талай-талай күн өткен
Хан Жәңгір де алдыңда
Ұлы, қызын халықтың
Обалсынбай күң еткен,
Қалың елін күңіrentкен,
Елдің зары акыры
Ер ұлдарын тебіrentкен
Есіңде шығар Исатай?
Бүгін Бекет қарсыңда
Белін бекем буып тұр,

Ел бағына туып тұр,
Елдің кегін қуып тұр.
Есіңде болсын жалғыз-ақ
Бекет тиер бекемірек
Хан баласы әрдайым
Құғыла бермес жабылып!

Ш е м е н

Токтат, өшір үндерін,
Хан бетінен алғызып,
Қояр бізді кім дедің
Әкет тегіс айдатып,
Тілін кесіп бұлардың,
Өшіртермін үндерін...
*(Барлық елшілер мен
әйелдерді байлатып алады).*

А р ы с т а н

Ду бітіріп бұларға
Қарсыма сәлған барлығын,
Құлақ кесті құлдарға
Жетсін тегіс жарлығым.
Қашқын Бекет басына
Салармын дүние тарлығын,
Ит қосақтап қасына
Ит кешуге салармын
Тартарсың өмір зарлығын
Қашқын құлды алдыма
Тірідей алып келіндер
Әкел, осы жарлығым!

Ш ы м ы л д ы қ

Ү ш і н ш і с у р е т

Арыстан сұлтанның ордасы. Түн. Есікте жасауылдар, Тәйтiк кiредi.

А р ы с т а н

Не хабар бүлік елден,
Жансыз бар ма бiлiп келген?

Тәйтiк

Алдияр, жаман хабар бар,
Шернияз жансыз жіберген.

Арыстан

Айтшы жылдам не хабар,
Тыныштық ұйқы бұзылды
Ойы бар ма ел шабар?

Тәйтiк

Алдияр, қайрат жыйыңыз!
Өрт алғандай жайлауды...
Қақ жарылып қара аспан,
От төккендей нажағай
Құтырып күйын келеді
Алды-артына қарамай,
Ел де толқын талап тұр
Бегін бекке баламай.
Туы аспандап Бекет тұр
Келмесе игі ед қамалай.
Алдыңнан кеткен аз құлын,
Қайтып келді ордаға
Қағысуға жарамай!

Арыстан

Тапшы, қандай айла бар,
Келетін әскер қайда жүр.
Алмадың ба, хат-хабар?

Тәйтiк

Жалғыз үміт соларда,

Арыстан

Пай-пай, әттең!!

Тәйтiк

Қысылғанда хан басы
Осынша шабан болар ма?

Дауыстар

(сырттан).

Әскер келді, көп әскер!
Әскер келді, сүйінші.

Тәйтiк

(қарап).

Көк сауытын киiнген,
Көк мылтығын асымған,
Ерлер келдi дәуләшкер,
Болады жол, келдi әскер!

Арыстан

Қайда жүрсiң, Шемен-ау!
Қаптады ғой қалың жау!

Шемен

Жеткенiм осы-ақ, алдияр!

Офицер

Қаруы сай қолым бар,
Жiбердi сiзге жандарал
Ел бүлiгiн емдеймiз
Бұйырыңыз хан, сұлтан,
Бағынады бар күшiм,
Ендi өзде ықтияр!..

Арыстан

Алғыс айтам, ақ патша,
Жат жаныма оқ атса,
Менде қандай арман бар?
Шап ендеше қалың қол,
Бет қаратпа жалын қол!
Өрте өлке, ой қырын
Бекетке берiп құтырған,
Тартсын тегiс зарын мол!
Тәйтiк билер ерiңдер,
Жыйналып жатқан қорданы
Өртеп жояр ерлерге
Кездестiрiп берiңдер.
Елдi есiнен тандырып,
Бүлiк басы Бекеттiң
Бауыр сыртын керiңдер!
Асқақ басын иiлтiп,
Табанын тiлiп құл етiп,
Алдыма алып келiңдер!
Әскерлер, Тәйтiк кiредi.

Ақылыңды айт, Шемен,
Жандаралдан бұйрық
Барма тағы әкелген?

Шемен

Шакыртыңыз Қөкжалды
Келтірсін бар тұтқынды.

Арыстан

Е, Қөкжал, келсін Қөкжал!..

Қөкжал кіреді.

Қөкжал

Алдияр тақсыр сұлтаным,

Арыстан

Әзір ме бар тұтқының?

Қөкжал

Бас үстіне алдияр

Әміріне тұр даяр!

Арыстан

Алып кел!

Қөкжал кетеді.

Шемен

(Ханымен күбірлесіп).

Түссе түсті осы жол

Болмаса жалғыз айла сол...

Қөкжал тұтқындарды алып шығады: Қамар, Зере, Жаңғазы,
Самалдық.

Арыстан

Жан күйерден айрылса,

Ол үшін отқа күйгенді,

Босатам деп ержігіт,

Керек еді қайрылса,

Оны Бекет білмеді!

Кесірінен Бекеттің

Кепіл етіп сендерді

Кәріне алып закон тұр.

(Зерге).

Су түбіне сен кеттің

Сен кетерлік күн бе еді?

Ш е м е н

Ер болса сені босатып,
Өзі келсін орныңа.
(*Бір атты ұстап тұрып*).
Осы тұрған тобыңнан
Біреуінді босатам,
Айт сәлемді байыңа,
Таратсын елді жайына,
Мынау сенің хатыңмен
Жөнге көніп жуасып
Ерің келсін алдыма!
(*Зереден жауап жоқ*).

К ө к ж а л

(*хатты ұсынып тұрып*).

Самалдық алып барады
Айтып тұрып сәлемді,
Өз қолыңмен табыс ет,
Аямасаң өзгені
Аярсын мынау ананды
Қапастағы Қамарды...

З е р е

(*хатты алып, анасына бұрылып*).

Кеше гөр, анам, баланды,
Ер бұзарда қамалды
Ере алмасам нем кісі
Қасиеттен не қалды?

Қ а м а р

Сорлы балам, налыма,
Қарама менің басыма
Ақтар болсаң ақ сүтім
Қорлыққа көнбе, жасыма!

З е р е

Айналдым, анам, сөзіңнен!

(*Сұлтанға*).

Бекет емес ендеше
Ал жауапты өзімнен!
Аулақ тарт қорлық кебінді
Шенге сатсаң өзің сат

Ата-анаңды, тегінді
Ұстап берер мен емес
Бекетімдей ерімді
Жолына құрбан жас жаным
Садаға кет ізінен
Көрсете ғой керінді!
(Хатты уқалап лақтырып жібереді).

К ө к ж а л

Тоқтат, өшір үніңді...

Ш е м е н

Келтірді бұл күн жынымды
Тас қамауда шірітіп
Құрытайын дымыңды...

А р ы с т а н

(Самалдыққа хатты қайта
ұсынып).

Басына жетер бұл сөзі,
Қан жылаумен суалар
Суалғырдың бұл көзі,
Ол ақылсыз болды деп,
Сен жіберме еркіне,
Қыз тілегі осы деп,
Сен алып бар бұл хатты
Сенемін берсең сертіңе...

С а м а л д ы қ

Әкет аулақ хатыңды,
Қор етпеспін затымды
Кәріңнен қорыққан көрдің бе
Керек десе хатыңды?!
Ұсынсаң қолың жетпестей
Бәйтеректей батынды
Ұстап беріп ит болар
Мен емеспін, Арыстан
Ол сұмдықты істейтін
Хан, сұлтан болар сатыңды...

А р ы с т а н

Тоқтат!..

Ш е м е н

Доғар!

Жендеттер кіреді.

А р ы с т а н

Бер сазайын ендеше,
Тарт көзімше дарға.

Ш е м е н

Тарт, танысын тәңрісін,
Бас асауға жез нокта,
Көрсін тегіс хан күшін!
Тарт!

Әскер Самалдықты дарға аса береді. Шетте, алыста көлеңкемен силуэтпен дарға асылған адам денесі карауытып шығады.

З е р е

*(тізесін дар жаққа иіп, бата
қып қол жайып тұрып).*

Қош, ағатай, қайран ер!
Қайғың болар қалың шер,
Асыл басын ағамның
Жұтты-ау тағы қара жер,
Жерден де обыр қан-сұлтан,
Сазайыңды ел берсін,
Ел деп өскен ер берсін,
Қалың елім қан жылап,
Саған лағнет болсын дер,
Я, тәңір, жалғыз тілегім
Қор ете көрме дұшпанға
Ер боп өлер өлім бер.

А р ы с т а н

*(дардан бұрылып, Зерені
көріп).*

Әкет алып мынаны
Айдат қазір қалаға
Кепіл боп жатқан бәрі де
Алсын ұлық кәріне,
Абақтыда шірітсін
Өзім жауап беремін
Осыдан келген жалаға...
Көкжал!

Қ ө к ж а л
Алдияр!

А р ы с т а н
Тарт, айдат далаға,

Қ ө к ж а л
Бас үстіне алдияр, (*әскерге*)
Алып жүр!

Жөнелте береді. Сырттан орданың қақпасын шалқасынан ашып,
аз ғана топпен Бекет кеп кіреді.

Алдияр тақсыр, жан сақта
Жетті Бекет мынау сол...
(*Шемен қорқып тығылып кетеді*).

А р ы с т а н
Не дейді бұл, не сұмдық!
(*Қашпақ болады*).

Б е к е т
Тоқта, қаңқор Арыстан,
Ел кегімен келемін,
Аңсап ұштым алыстан,
Қасқайып ұшқан қарсыңа
Мен Бекетпін, сен сұлтан
Белдескен жаумыз алысқан
Көрсет маған көрінді!

А р ы с т а н
Бекет, ерік өзінде,
Ер болсаң жалғыз арманым
Қапыда бастың белімнен
Қелмедің сайлы кезімде.

Ж а ң ғ а з ы
(*Бекетке*).

Бекет, ерім, құлақ сал,
Атадан ұл туғандай
Ата жолын қуғандай

Ер Исатай өлгелі
Елмен бірге егіліп
Қан тамырым суалды,
Сені көріп жалғыз-ақ
Шер жүрегім дәл бүгін
Жарылғандай куанды,
Кейіс кетті қабақтан
Тұсау түсті тілімнен
Есінде болсын жалғыз-ақ,
Арбаған ханға алданып,
Қапыда кетті Исатай
Ағат боп арты бүлінген,
Содан бері ел шерін
Көтере белім бүгілген
Ел тілімін ескіден
Саған сәлем әкелген
Аяр болсаң дұшпанды
Тарқатпасаң қастамды
Жылап кеткен жаныңнан
Үн өшкенше өкініш
Сірә да кетпес жадымнан...

З е р е

Өзгені қой, көр әне,
Ер Самалдық досың да
Қаза тапты жауыңнан...

Б е к е т

(тап беріп көріп).

Самалдық, досым Самалдық?!
(Арыстанға).

Қара жүзді, хан сұлтан
Қайтып жауап айтарсың
Қара орданды қан қылсам!?
Қан жылаған ел үшін
(Самалдықты жұрт алады).

Қастан өлген ер үшін
Жанға түскен шер үшін
Санадан солып сарғайған
Ата-ананың шері үшін
Арттағы ұрпақ бағы үшін
Арналсын бойда бар күшім.

Сел күшіндей сол күшім
Салсын ханға тар қысым!
Өз дарыңның қызығын
Өзі көрсін жақсылап
Сал мойнына қарғысын!
Тарт! (*Дарға апарады*).

Ж а ң ғ а з ы

Ер бағына туыпсын,
Өркенің өссін, батырым!
Келер заман ұл, қызға
Атой бәлсын осы ерлік
Құртсын ханның ақырын.
(*Ел шулап бата қылады*).

С е р ж а н

Ақ иық аңсап ұшты алға қарай,
Ер ұлан, ере шаптық жауды қамай!
Соққандай қарсы алдыңнан таң салқыны
Күн туар, сәуле көрдік алтын орай,
Ер көрдім топқа тиген лашындай,
Әсем ән баққа жайған құлашындай
Көксеймін елімдей боп ынтызарым
Алдымда жарық жұлдыз Шын-Асылдай!..

Б е к е т

Кек бітті, бірақ майдан жаңа қызды
Құлаттық бір ордада қанды күзды .
Ай жүзді ақ балтаны қайта сілте
Алды осы, деген осы қамал бұзды..
(*Жөнеле беріседі*).

Х а л ы қ

Бағын аш, батыр ердің бата бердік,
Бағын аш, ақ тілеумен соңына ердік.
Бағын аш, жас жолбарыс жорытқанда
Бағын аш, келген керді бірге көрдік.

Тегіс кетіседі. Әр бұрыштан хан қызметшілері шығады. Шемей та-
лықсып келеді. Қасында Көкжал, Шернияз.

Ш е м е н
(Көкжалға).

Шап қалаға, ұлыққа!
Шапқыз әскер соңынан!
(Көкжал хабаршыларды жөнелтіп
жатады, Шерниязға).

Қайда қалдың қуарған,
Нені көрді жансыз боп
Сұмырай көзің суалған?!
Айт жаныңның барында!

Қ ө к ж а л

Қайда қалдын білдірмей,
Ханның құны Шернияз
Енді сенің мойнында.

Ш е м е н
(Шерниязды жағадан алып).

Кесер сөзім тындап ал,
Тірідей ұстап Бекетті
Әкелмесең осыдан
Деме үйірге қосылам.

Ш е р н и я з

Алдияр, олай болса жаным құрбан,
Бекетті мен ұстайын ханды қырған
Сен емес менің дағы қас-дұшпаным
Етейін барлық елім қызыл-қырман,
«Қарақшы ұрыны ұрған» айла табам,
Басына ұмытпастай пәле жабам
Білерсің қанды қакпан Шерниязды
Қолдай гөр, жолымды оңғар ата-бабам!

Ш ы м ы л д ы к

ҮШІНШІ АКТ

Төртінші сурет

Шернияздың ауылы. Үйде Шын-Асыл жалғыз.

Шын-Асыл

*(Қонақты тосып, үй ішін жасау,
жабдықпен әсемдеп жүріп ән салады).*

Зарға айналды айықпас,
Ашылмады ән бағы
Ұзап кетті оралмай
Өмірімнің жас шағы.
Ендігі тілек не тілек?
Неткен үміт бұл тағы?
Іште сөнген шырақтың
Болымсыз елес бержағы.
Келдің... көндің не дейін?
Зар өмірдің бейуағы...

Шернияз тындап кеп тұрған.

Шернияз

Қашан сөніп біткен ән,
Не қып бүгін оянды?

(Шын-Асылға).

Айтшы тағы көрейін
Сый бергендей баянды...

Шын-Асыл

Ән емес бір толғауым,
Менен не алсын ән бүгін,
Айтарды айтып болғанмын.

Шернияз

Білемін, сен айтпайсын,
Әлі көзің жатта ғой,
Сол санадан солғаның!..

Шын-Асыл

Қойшы тағы азапты...

Ш е р н и я з

Шын-Асыл, менде саған бір тілек бар
Мазақтан құса болып шегіп ем зар.
Тым құрса жалғыз-ақ күн жат көзінше
Шырай бер, онсыздағы дүнием тар...

Ш ы н - А с ы л

Жас дәурен жарқыраған шағым қайда?
Жаныма сая болған әнім қайда?
Ажалдай құшағыңа сен алғалы
Айрылдым, ардақтаған барым қайда?
Алдамыш жалған үміт бермес пайда
Кеткен бақ қайта оралмақ заман қайда?
(*Мұңайып шығып кетеді*).

Ш е р н и я з

Тағы сол, қатал жүзі маған бөтен,
Аяман, амандығын жаттың не етем?
Қарайған менің көңілім осындайдан
Жайратам дүниесін талақ етем...
(*Есікке ұмтылып, Көкжалды ертіп келе жатып*).

Кел, Көкжал, қайдасын сен, келші мұнда,
Ант етем, көзді жұмып, бастым шыңға.
Хан кегі, ханға қоса менің кегім,
Балаған болар мені бастан сұмға...
Шақырттым Шын-Асылдан сәлем айтып,
Бекетті мен сыйлаймын барды тартып.
Қайрат қыл қимасты тілегім сол
Айрылма, бұдан кетсе түспес қайтып...

К ө к ж а л

Сертің осы, нық ұста,
Шық уәделі сөзіңнен.
Әскер әзір ауылда
Белгі болсын өзіңнен...

Ш е р н и я з

Белгі өзімнен, жүре бер;
Қайра қайқы болатты,
Аямасты біле бер!

Көкжендеттей Көкжалым
Томағанды тұрғыдан
Тартам таймай іле көр...

К ө к ж а л

Жақтамастан хан құнын,
Аярмын ба жау жанын.
Тірі ұстасақ Бекетті
Басына кескен сомамен
Шенді шекпен әзір тұр
Сол емес пе арманым...
Көрсет жалғыз көзіме
Танырсын содан арғыны,
Шыбығын Көкжал салғанын...

Ш е р н и я з

Жолың болсын ендеше.

К ө к ж а л

Дер кезін өзің айтарсың...

Ш е р н и я з

Қабағымды андый бер,
Белгіні дәл байқарсың. (*Көкжал кетеді.*
Айналаға қарап).
Асауға ноқта болғанда
Жүйрікке де томар бар
Сенде қайрат болғанда
Шерниязда амал бар
Түз құсындай батырға
Торға түсер заман бар,
Асқақтаған аруда
Өкінерлік зауал бар.
Бақ пен атақ жолында
Барлық жауың босарлық
Жеріне жерік қамал бар! (*Қарап*).
Келе ме екен, қайда жүр?
Келіп сірә құтылса
Сорым дағы не амал бар? (*Көріп*).
Келе жатыр, келіпті,
Асылға көңіл бөліпті...

Бекеттер шығады, қонақты қоршаған қалың топ, ортада Шын-Асыл,
Шернияз қол қусырып құрметтеп.

Қадірлесім, сыйласым,
Біліп едім құрбының
Бір сәлемін қыймасын!
Түзден тоят тілеген
Ерім едің еңіреген
Жолыңа құрбан мал басым!..
(*Көріседі, қонақтар отырады*).

Бекет

(*Шын-Асылға қарап*).
Қуанамын көргенде
Асыл құрбым, Шын-Асыл
Үйі түздей жат болған
Қашқылықта құрдасың
Есімде бар Жем бойы
Күндер еді сол асыл.
Жастық дәурен ыстық шак
Әсіресе қыймасым.

(*Сержанға*).

Еске алсаңшы жақсы әнмен,
Аз да болса қанібет
Сондағы әсем әнімен
Шын-Асыл да сыйласын.

Шын-Асыл

Ол бір алыс күн еді
Онда құрбың кім еді?
Есіме алсам шерленем
Қалды бізден сорлы өлең,
Мұңым шағып айтамын
Бұрынғы құрбың бұл емес,
Жарасын ашпа шерлінің,
Менің басым бұл күнде
Тең болды ғой жерменен.

Сержан

Қалқам-ай, неге мұнша налыдың сен?
Емес пе ең кара түнде жарығым сен?

Жаныма бір көргенім демеу деп ем
Осынша қамыққандай не қылып ең?
Көрем деп ойламап ем көз жасыңды,
Көруші ем күннен нұрлы өз басыңды
Көп сақтап әкеліп ем, жаным сырын
Ірке алмас, кеміксе де ән ашыңды.

Ш ы н - А с ы л

Ұмытқан ем ән сөзін,
Емірентіп оятқан
Есіттім бе жан сөзін?..
Қапастағы қаралы
Омырауы жаралы
Естігенде бір сәтте
Азат үні аспаннан
Ұяластың назалы,
Не шыдап тұра алар?
Өзгеге бөтен жүрегі
Ән айтқанда тілегін
Кешіксе де кешіріп
Сағынар да құп алар!..

С е р ж а н

Арманым жоқ, Асылым,
Бар тілегім жолыңда
Бір өзіңе бас ұрдым.

Ш ы н - А с ы л

Өкінемін қайтейін
Жалғыз жарық көріп ем,
Несіне бұрын жасырдым. (Пауза).
Мезгіл өтті жалғыз-ақ
Осыдан әрі бұйрық жоқ
Дәурені өткен Асылдың...

Б е к е т

Жасымашы, Шын-Асыл
Естен кетпес әсем ән
Мыңға рауа бір басың
Қажымашы жалғыз-ақ

Ш ы н - А с ы л

Жарайды құлдық, ер досым,
Қуаныш үміт өзінсің
Жолыңда тегіс ел досың
Жаңа тілеу жас жүрек
Барлығыңда бір тілек
Қайта көрме жолыңнан
Дәйімі саған жол болсын.
Тілеуім сенің жолыңда
Жағаласқан дұшпаның
Жығылсын, ұдай жер болсын...

Ш е р н и я з

Айналайын аузыңнан,
Ел тілегі бұл тілек.
Батырды көріп аман, сау,
Бой жасадым бір түлеп.
Бекетжан, жалғыз хауібім
Жау ниеті түн-түнек
Сақтана жүр, батырым
Жабылсам деп жау жүред....
Ал бұл жерде хауіп жоқ
Оған кепілмін,
Ойнақ, сауық салайық
Соны тұрмыз біз тілеп!
(Бекеттің сауыт-сайманын ала береді).

Б е к е т

Бәрекелде, Шернияз
Ойын десең әзірмін
Баста, кәне құлаш жаз.
(Бекет қаруынан арылады).

Ш е р н и я з

Баста сауық сайранды!
Көрсет Бекет еріме.
Көрсет барлық өнерді...
Жыйыл, жастар, келе бер...

Дауыстар

(халық үйді кернеп алады. би, ойын.)

Жолы болсын Бекеттің

Абройы асын Бекеттің

Сал сайранды аянба!

(Қатты, қызу қалың жұрттың би,

сауықты ортаға Бекетті қоршап

алысады).

Соқ сауықты

Бас қызуға

Айда, айда!

Шернияз

(би үстінде Тәйтiк, Көкжалмен қабақ

қағысады. Ананың екеуі де өзгеріп

алған).

Сайла, сайла!

Тәйтiк

Байла, ұста!

Ұста, байла!

Билеп жүргендердің бәрі әдейі құбылып киініп келген әскер, атар-мандар, Бекетке жабыла-жабыла түседі.

Бекет

Ай, қаражүз,

Қап сені!

(Көкжалды тағы екі жігітті жұлып алып

түсіреді, бірақ байланып қалған).

Тәйтiк

Шығарма енді үніңді

Құрыттым ба дымыңды?

Шернияз

(Тәйтiкке).

Аянғам жоқ, алдияр,

Салмадым ба шыбыңды?!

Ш ы н- А с ы л

Қаражүзді қас дұшпан
Сатып па едің дінінді?!

(Ұмтылып).

Босат былай!
(Бұны Шернияз жұлып түсіреді).
Қайдасын құдай, ал мені!

Б е к е т

Қерегі жоқ жоқшының
Тегіс білдім сыныңды...

(Шерниязға)

Қор ғып қойған тірліктен
Ер өлімін бер дегем...
Ар-намыс жоқ қаражүзі!
Берседағы алмаспын
Сендей сұмды наз қылған
Итшілеген күніңді...

Т ә й т і к

Жүр, алып жүр, тезірек,
Арыстандай хан үшін
Қағармын барлық жыныңды?..

Бекетті алып кетеді. Үйде байлаулы Сержан қалады.
Есі ауып сүлесі қалған Шын-Асыл.

Ш ы н-А с ы л

Қандай сұмдық іс көрдім,
Бір өлмедім екі өлдім...
Қуарған дүние ненді алдым?
Бар қорлыққа мен көндім...
Арым еді ардақтым
Былғадың міне кір жақтың...
Кімге керек тірлігі
Шын-Асылдай бейбақтың?

Бірнеше жігіттерімен ерекше киінген, қару асынған
Зері шыға келеді.

З е р е

Қас боп шыққан елімнен
Садаға кеткір ерімнен
Итке турап тастайын
Құтылып көрсін ол менен
Ұстатқан кім? (*Шын-Асылға*).
Айт жөнін?

Ш ы н - А с ы л

(*Ақырын, әлсіз*).
Зережан, мен садағаң!

З е р е

(*қылышын ұстай алып*).
Құлақ салман үніңе,
Қайтып қана қарарсың
Жерге кірмей жүзіме?

Ш ы н - А с ы л

(*әлсіз, тізе бүгіп, жалына
жабысып, Зеренің аяғын
құшақтап*).

Аяма мені, Зережан,
Жүзім қара, қолым қан.
Аяма, барым адыра
Күнімді көрге санағам!
Бар тілеуім Бекетте
Жолыңа жаным садағаң!

(*Зеренің қылышын алып өз
жүрегіне салып жібереді,
құлап түседі*)

З е р е

(*шошып*).

Шын-Асыл?!

С е р ж а н

Асылым-ай, не болдың?
Шыққыр көзім не көрдің?
Майысқан гүл шын солдың?

Не болдым, ай-хай, не болдым...
(*Бұлқынады, жынданады*).

Ш ы н - А с ы л

(*әлсіреп*).

Зережан, жалғыз арызым,
Достықпен ақта ер болып
Махаббаттың қарызын.
(*Өледі*).

З е р е

Ант етемін асыл жар,
Бекетім сенің жоқшың бар
Ант етемін артыңнан
Босқа қалман шегіп зар.
Сенсіз маған дүние тар,
Барды берем жолыңа
Антым анық тартыңдар!
(*Лаулап кетіседі*).

С е р ж а н

(*жынданған*).

Құрсау батты денеме.
(*Шын-Асылға ұмтылып*).
Ай-қай... бұ не! Жаным ба?
Өзімді іздеп келе ме?
Ай-хай, ай-хай
Не болдым
Не болдым
Ай-хай — таптым,
(*Құшақтап құлап түседі*).
Таптым!..

Ш ы м ы л д ы к

ТӨРТІНШІ АКТ

Бесінші сурет

Қыс. Қалың қар. Күн ылайсан. Каторгі. Темір бұғаулары шылдырап ақырын басып, жүдеу каторжандар тобы өтіп жатыр, бір шеттен жүгіре басып Зере шығады. Тұтқындарға алыстан телміре қарап тұрып қалады.

К а т о р ж а н д а р

Өмір өгей анадай
Ашулы зәрін аямай
Тас қабағын түйіп тұр
Арман айтар адам жоқ
Айнала меңіреу қарағай
Күні боран, киім сұр...
Шылдыр, шылдыр қу шынжыр...
Тас қапаста ашылмас
Жан жанады шырақтай
Қыстың зәрі қайту жоқ
Барынды алмай басылмас
Қиял ғана пырақтай
Жалғыз жары тұтқынның
Ұйқысын бөліп оятса
Бірқалыпты тас қамау
Шылдыр, шылдыр қу шынжыр.

З е р е

Суық жақта жұмақтай
Жат сыры бар сұм дүние!
Ерім қайда, не күйде,
Жанның бәрі аруақтай,
Аңсап келдім алыстан
Асыл жарым, бармысың,
Тылмыс дүние жауап қат
Сұм сырыңа кім ие?..
Жарым, жаным, Бекетім
Жолыңа барым зекетің
Қайдасын, жарым, бармысың?.

Тұтқындарды қарап өтіп кетеді. Каторжандардың екінші тобы шығады. Ортасында ақ сақалды Осип.

О с и п

Өшпес ашу ойнаған
Сөнбес шырақ бір жанған,
Алда майдан ту бұлғап,
Шақырарда ер ұлан
Өлім болар құр қалған.
Жолың болсын, жет соған!

*(Ортаға жас каторжанды
алып, Осипке қосылып, әлгі
жасты қоршап).*

К а т о р ж а н д а р

Жолың болсын аман қайт!
Елге, жерге біздерден
Жалындаған сәлем айт!
Өкінгендер жоқ деп айт!
Қандай қысым болса да
Қарсы қайрат көп деп айт.

О с и п

Айттым жолдың төтесін,
Алдында ауыр бейнет бар.
Оны жалғыз жеңгізер
Жауға деген ішінде
Нәсерге сөнбес кекесін
Достарға аман жетіп бақ,
Қамдан қазір кетесін...

Ж а с к а т о р ж а н

Амандық іздеп кетпеймін,
Қорлықты қорек етпеймін.
Қараңғы меңіреу түндерде
Маңдайды қойып жұлдызға
Зор мұратқа беттеймін...

Сүйісе береді. Сол кезде Бекетті бұлар тобының ішінен іздеп Зере шығады. Бекетті таппағанға талғандай.

З е р е

Қайдасын, жарым, жалғызым!
Алысты жақын еткізген

Ауырды жеңіл еткізген
Сен емес пе ең жолдасым!
Қайда, жарым, бармысын?!

О с и п

(жолдастарын тоқтатып).
Қім едің сен, шырағым?
Жоқтағаның кім еді?

З е р е

Жоқтағаным жарым ед,
Жаралы болған өмірде
Бірде болса барым ед...

О с и п

Жөнін айтшы жарыңның
Қай қылмыспен кетіп ед?

І-к а т о р ж а н

Әлде ұрлық-қарлығы
Түбіне бұлай жетіп пе ед?

З е р е

(Осипке).

Ата, тыңда шерімді
Ерім ердің сойы еді
Қатарға қосар елімді
Сахраны сарғайған
Сан қайғыдан арылтар
Шалқып соққан желімді
Жау қолына жас түсіп
Елмен бірге менің де
Сындырып тұр белімді.
Ерім ердің сойы еді
Жоқтағаны ананың
Бесігіне сүйеніп,
Жалғыз ері сол еді,
Сахрада, кешкі тілеуде
Барлық ата, әженің
Тілінде жалғыз сол еді.
Сахрада, елімде,

Барлық әнші ақынның
Сыбызғы мен қобызы
Жоқтағаны сол еді...
Ел тілеуін ес қылып
Жарымды іздеп кездім көп,
Жөнін айтшы, ататай,
Сенемін де, табамын:
Ондай елдің қыраны
Қапаста, өлмек мезгіл жоқ...

О с и п.

Қызым, кебің келісті,
Ел тілегін толғайды,
Ендеше ерің іздеген
Біздің Бекет болғай-ды...

З е р е

(қуанып, Осипке жабысып).

Айналайын, ататай!
Не қып тұрсың сол атты
Сүйіншілеп атамай?

О с и п

(жолдасына).

Шақырып кел Бекетті...

(Кісі кетеді, Зереге).

Көрген жерде қыйын жол
Өкінбестен өттің бе?
Ойыңда қандай ниет бар
Құр көрмекке жеттің бе?

З е р е

Бейнет көрген өзінсің,
Білесің ғой, ататай,
Беттеген тілеу ақ болса
Қыйын оңай көрінед...
Шын ниетім зор ниет.
Қандай көмек берер ең,
Босатам деген ерімді?

Осип ойланып, кәрі жолдастарымен ақылдасып қалады. Бекет шығады. Екеуі ұмтылысып табысады. Зере құшағына кіріп босаңсыды.

Бекет

(Зерені уатады).

Зережан, бойынды жый көп ойланба.
Артымда аңырап қалған ел аман ба?
Елімнен ере шыққан ер аман ба?
Қайрап ап қайта салсам нар кесетін
Елімнің кекпен аққан селі аман ба?
Басына бұландатып ту тігетін
Қайыспас қалың сауыр бел аман ба?

Зере

Бел аман, белге шығар елің де аман
Жалғыз-ақ ер басында қара заман.
Сондада сыйынғаның сенің долың,
Артыңнан қалар жан жоқ барсаң аман...
Халқыңның жыры да сен, сыры да сен,
Кеп тұрмын еліңе еріп әкетем деп
Бәрінен осы арада қалсаң жаман...

Бекет

(Осипке).

Ал, досым, танып тұрсын ел тілегін,
Есітіп ел сарынын шын тіледім
Саламын тағы барып, тағы ойнақы
Бас құрбан, алысқа әзір қос білегім...

Осип

(каторжандармен тегіс Бекеттерге келіп).

Айында бір айналып
Келгенінде бір тұтқын,
Басарлықтай күн юсы.

1-каторжан

Қашсын деп ек тұтқынның
Ішіндегі бір жасы...

Жас каторжан

Алғыс айтам, достарым
Маған ерік беріп ең,
Есітіп бірақ дастаным
Сахрада сарғайған

Ерін күткен шерлі елдің
Өзіме тиген ерікті
Еркімменен қыямын
Бекетке мен жол бердім...

О с и п

Жақсы айтады, байлау сол,
Жолы болсын Бекеттің
Кес шынжырын, жылдам бол..
(Жас тұтқын өзі келіп Бекеттің шынжы-
рын кесе бастайды).

К а т о р ж а н д а р

(Бекетті қоршап тұрып)

Алып бар бізден сәлем кең далаға
Ерікті қыял еткен ел данаға.
Ұшқындай үміт қыял каторгіден
Алып бар келер ұрпақ жас балаға.
Ерік деп басы кеткен жау-жалаға
Қош айтам әке-бауыр баспанаға,
Тілейміз таң атсын деп ел басына
Алып бар сол сәлемді кең далаңа.

Б е к е т

Ұмытпан, достық көрдім естен кетпес,
Жауымды таныттыңдар сірә кешпес.
Ер өлер, егер болар қандар ағар
Сонда да ер ұланның аттары өшпес.
Ұмытпан кек жолына көзімді аштың
Сендермен тілеуім бір қарындаспын.
Халық үшін қара үңгірде сендер қалсаң
Барымды бара сілтеп араластым.

З е р е

Жат деп ем, жанды қыйған достық
таптым,
Жақсы ата, үлкен туды сен ұстаттың.
Еліме ерлер жайын баян етіп
Өлгенше осынынды ұмытпаспын...

Қоштасып кете беріседі. Қарауылды каторжандар бөгеп қалады,
алғашқы каторжандар қайта өтеді. Барлық тұтқындар бірге әнде-
теді.

Х о р

Шылдыр, шылдыр қу шынжыр...
Тас қапаста ашылмас,
Жан жанады шырақтай
Қыстың зәрі қайту жоқ,
Барынды алмай басылмас!
Қиял ғана шарықтай
Жалғыз жары тұтқынның
Ұйқысын бөліп оятса
Бір қалыпта тас қамау
Шылдыр, шылдыр қу шынжыр...
Өте беріседі. Қоңырау.

Ш ы м ы л д ы к

Соңы

К. ТРЕНЕВ

ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ

Бес перделі пьеса
Аударған Мұхтар Әуезов

Қатысушы адамдар:

Любовь Яровая — оқытушы.
Михаил Яровой — оның күйеуі, офицер.
Павла Петровна Панова — машинистка.
Роман Кошкин — комиссар.
Швандя — матрос.
Хрущ
Грозной | — Кошкиннің орынбасарлары.
Мазухин |
Максим Горностаев — профессор.
Елена Горностаева — оның әйелі.
Малинин | — полковниктер.
Кутов |
Аркадий Елисатов — бейбітшілік ері.
Иван Колосов — электр технигі.
Дунька — қутуші әйел, кейін спекулянт.
Махора — қыз.
Марья — шаруа әйелі.
Григорий — астыртын күресші. | — Марьяның ұлдары.
Семен — вахмистр
Пикалов — мобилизациямен алынған әскер.
Фольгин — либерал адам.
Барон.
Баронесса.
Чир — күзетші.
Би басқарушы.
Закатов — дінбасы (протоиерей).
Абыстай — Закатовтың әйелі.
Костюмов — каптенармус.
I-комсомолка.
II-комсомолка.
Генерал.
I-конвой.
II-конвой.
Помещиктер депутаты.
Өндірісшілер депутаты.
Газет сатушы.
Папирос сатушы еркек.
Папирос сатушы әйел.
Байдың әйелі.
Етік тазалаушы.
I-мырза.
II-мырза.
III-мырза.
Гүл сатушы әйел.
Татьяна.
Писарь.

Жұмысшылар, қызыләскерлер, офицерлер, солдаттар, гимназисткалар, жай адамдар.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші сурет

Бұрынғы бір байдың дербес үйіне қазір ревком мен баска да мекемелер орналасқан. Өмір өршелене түскен. Комутатор, телефондар. Телефонистка телефон қабылдап алып жатыр.

Телефонистка (*телефонға кеп*). Я, жолдас Хрущ па? Қазір! (*Жүріп кетеді*). Жолдас Хрущ! Жолдас Хрущ! Сізді бірінші дивизия шақырады!

Хрущ (*аппаратқа кеп*). Я, я, я... Солай. Құп! Бір сарлар ма? Жақсы! Орындалады.

Кошкин бөлмесінен бірінші комсомолка шығады.

I-комсомолка. Жолдас Хрущ, асығыс телефонограмма бар. Жолдас Кошкин, Мазухин мен сізге тез табыс ет деді.

Хрущ (*оқып*). Мазухин қайда. Қарындасым, Мазухинді шақыра қойшы.

II-комсомолка. Жолдас Мазухин! Жолдас Хрущ шақырады.

Мазухин кіреді.

Мазухин. Не қылған экспресс?

Хрущ. Мінеки, оқы!

Мазухин оқыйды. Телефон шылдыры.

II-комсомолка. Я! Жолдас Кошкин бе? Қазір!

Кошкин кабинетіне кетеді. Кабинеттен комиссар Вихорь жүгіре шығады.

Мазухин. Е-е!

Хрущ. Жолдас Вихорь, оқы!

Вихорь. А-а! Я, я! (Оқыйды. Қуанышын сездіртпеуге тырысады).

Мазухин. Білдің бе? Жеглов көпірін... Ақтар алып қойыпты?

Вихорь. Я... жаман!

Хрущ. Кішкене көпірлерді талқандау керек.

Вихорь. Сонда кеттім! (*Тез кетеді*).

Хрущ пен Мазухин сөйлесіп кете барады. II-комсомолка келеді.

II-комсомолка (*аппаратқа кеп*). Бес минуттан соң өзі шақырады. (*Панова мен Швандя кіреді. Панова қолындағы қағаздарымен машинка жанына отырады*).

Панова. Сіз де сонда болдыңыз ба, жолдас Швандя?

Швандя. Әбден болдым. Мына, мына мен ғой біздер, қызылдар, жағада едік, а сіз мысалы, тап матросқа толған, француз кемесі. Ап-айқын көрініп естіліп тұр. Сол сәтте біреуі ортаға шыға қап басты-ау кеп! (*Телефон шылдыры*). Я... тап, бастырмататып: «Жолдастар деп боржуй мен ақпесерге қарсы қапта» деп (*телефон шылдыры*) «жетті енді бізге бұлар үшін!» деп...

Панова. Барсаңызшы ана телефонға.

Швандя (*трубкины алып*). Ал, ревком... Не кым дейсің. Ал, я! Жоғал тап, сайтап! Сенсіз де мен мұнда бұтты-сатты боп басым айналып, мұрын сіңбіруге тап мұршам жоқ. Менің мұнда докладым боп жатса қайтесін. Былшылықпен екпінді істеп бөгеме дейім. (*Трубкины іліп, отбой беріп*). «Жетті енді бұлар үшін кан...»— деп содан кетті, кетті дейім кеп ағып...

Панова. Французша ма?

Швандя. Французша! Мүлтік жоқ!

Панова. Тоқтаңыз, жолдас Швандя! Сіз французша түк білмейсіз ғой.

Швандя. Е, оның не білмейтіні бар? Буржуй, қанішер кімге айтсаң да біледі. Содан арман көріп тұрмыз, катераға мініп өзі келеді. Сақал дегеніңіз бе? Шаш дегенің — о да... сақ етпес пе?

Панова. Ол, өзі әлгіңіз кім?

Швандя. Ой Маркс! Кім болушы еді?

Панова. Ой, енді бұныңыз өзі... Жолдас Швандя, сіз тіпті аса көп көріп жіберген екенсіз.

Швандя. Е, аз деп пе ең?

Панова. Маркс баяғыда өлген!

Швандя. Өлген? Қой-ой, сізше дүние пролетариатына команда беріп отырған кім?

Грозной кіреді. Швандя кетеді.

Грозной. Жолдас Панова, мынау асығыс қағазды көшіруіңізді сұраймын.

Панова. Әп-сәтте ме?

Грозной. Әлбестте. Қолымның өзі өте шапшаң болғандықтан ауызша өзім оқыйын.

Панова. Жоқ... таниймын. *(Қағазын алып көшіре бастайды. Грозной бұдан көзін алмайды)*. Маған несіне қарайсыз? Бетіме жазылған ешнәрсе жоқ.

Грозной. Сіз өзіңіз де суреттей сұлусыз ғой!

Панова. Ой, жолдас Грозной, мені үнемі ұялтасыз.

Грозной *(күбылып)*. Қалайша?

Панова. Сөзіңізбен, әрине.

Грозной. А, сіз мені көзіңізбен ұялту ғана емес, терлетіп те жібересіз.

Панова. Ол қауіп екен!

Грозной. Сізге мен қауіпті емеспін. Ал ана өзге жыландарды ма, көзімнің өзімен есінеп тандырам.

Панова. Қойыңызшы.

Грозной. Жаңа бір доктор кеп еді. Бойы төбеге тіреледі. Сақалы күйектей, көзәйнек... Мен соған, былайша қарап қана қалып ем. Бітті, халас! Бикештей боп ағарып, қалтырай жөнелді.

Панова. Я, көзіңіз көз-ак! *(Грозной папиросын алып, ұсынады. Былғары пальтосының етегі ашылып, офицер шалбары көрінеді)*. Мына костюм қалай жарасқан?

Грозной. Дәл ме?

Панова. Тамаша. Алтын оқа... Контрреволюция шалбарын неге киесіз?

Грозной *(қысылғаннан қымтанып)*. Әдейі күлкі үшін... Сізге бір көрінейін деп... А міне, қолыңызды беріңізші.

Панова. Неге?

Грозной. Көресіз ғой. *(Қалтасынан білезік, сақыйналар алып.)* Зыянсыз нәрселер ғой!

Панова. Жоқ, жоқ, жолдас Грозной, бұл қажет емес.

Грозной. Неге?

Панова. Ненің ақысы?

Грозной. Е енді, сөйтіп татыйтын болғаныңыз ғой!

Панова. Жұрт не ойлайды?

Грозной. Ойлап көрсін!

Панова. А, жолдас комиссар көрсе қайтеді?

Грозной. Е, білезікті жең ішінде, сағатты төсіңізде сақтаңыз.

Панова. Жоқ, жолдас Грозной, өзіңізде қалсын.

Грозной. Ну, жақсы. Бірақ есіңізде болсын, зауқыңыз қашан соқса сонда аласыз. Мен жанымда сақтаймын. *(Төсқалтасына тығады).*

Әйелін ертіп профессор Горностаев шығады.

Горностаев *(дел-салдау, қозғалыстары шошып оянған кісідей)*. Кімге сөйлесем екен!

Панова. Мінеки жолдас Грозной.

Грозной. А, саған не керек?

Горностаев. Сізбісіз. Я, я! Жұмысым, винтовкалы адамдар кеп менің кітапханамды печаттап кетті.

Горностаева. Ал біздің пәтерімізге кіріп алған, шолақ қол комиссар Вихорь, барлық үй сайманымызды алып қойды. Бар мүлікті ыластап отыр. Айтқаны, боқтық. Үш тауығымызды сойып, солардың қанымен әр жерге: «бауызда буржуйды» деп жазып қойыпты.

Грозной. Хо-хо-хо! Вихорь азамат. Тапқанын қарасаңшы. Әй шаян! Тауықтан революция жасайды.

Горностаева. Сақтап жүрген тауығым...

Горностаев. Мәселе тауықта емес...

Грозной. Сен өзің кімсің осы?

Горностаев. Мен профессор Горностаевпын.

Грозной. Борсыған сорпа профессоры ғой! Ха-ха-ха! Саған не керек дейсін. Кітаптарыңды біз оқу үйіне аламыз.

Горностаев. Міне, ен лайықсызы сол болады.

Грозной. Но, сен бізге нұсқама! Сенің бір басында ғой мындаған кітап бар! Ал халықтың мыңына бір кітап жоқ болса қайтесің. Тәртіп пе осы?

Горностаева. Япырау, бұған жұмысын істеу керек қой!

Грозной. Бұ, қандай жұмыс істейді.

Горностаева. Кітап жазады.

Грозной. «Жұмыс!» Біз әлі сенің онда не жазып жатқаныңды көреміз. Әлде контрреволюцияңы үгіттеп жатқан шығарсың.

Горностаева. Ия, ия!

Грозной. Немене «ия»?

Горностаев. Досым, сенің көзінде қорқыныш тұрғаны несі деймін?

Грозной. Менің бе? Қорқыныш. Ну, мен сені бірақ қорқытайын. Швандя, мына контрды маған алып кел! (*Кетеді*).

Горностаева. Макс, Макс... Бұ не бұл?

Горностаев. Е, тегі тауық үшін де біреу жаза шегетін болғаны ғой!

Швандя (*профессорға жақындап*). Ал, шу! (*Байқап қарап, ұялып шегініп*). Кой, болмас, мен мүлдем саналы кісі... (*Пановаға*.) Кутым кашты ғой, қалай ұқсас...

Панова. Кімге ұқсас?

Швандя. Портреті де, фамилиясы да дәл өзі.

Грозной келеді.

Грозной. Швандя! Неге әкелмейсің тұтқынды!

Швандя. Өй әрман әрі! Істің түрін көрдің бе, Кошкинсіз қыйналмай-ақ қой!

Елисатов келеді.

Елисатов. Амансыздар ма, жолдастар. Максим Иванович. Елена Ивановна! Не қып жүрсіздер?

Горностаева. Мінеки... тауықтарымызды сойып, кітапхананы печаттап қойды. комиссар Вихорь.

Елисатов. Бір минут. Жолдас Грозной, бұл қалай?

Грозной. Әй, ей контр! Және тіпті тіл тигізеді.

Елисатов. Бұл профессор Горностаев. Европаға мәлім кісі.

Грозной. Бізге де мәлім болсын. Я, міне бастықтың өзі де келді.

Кошкин келеді.

Кошкин. Аман ба, жолдастар! Жолдас Панова, жыйылыстың күн тәртібін жазыңыз. (*Айтады*.) «Оқытушылар съезі мен курстар туралы, яғни, оқытушыларды қайтадан оқыту үшін. Қалада қырық шамалы клуб ашу туралы. Көк төбеге бар буржуйды айлап барып окоп қаздыру туралы. Жалпы халықтың жаппай оқуы туралы. Көшу, қондыру, ауғастыру және артығын алу туралы... Екпінді түрде электрлендіру туралы». Жолдас Елисатов, тағы қандай мәселе бар?

Елисатов. Бір мәжіліске осы да жетер білем.

Кошкин. Жарайды! Және өткерме мәселелер, яғни контрреволюция туралы.

Елисатов. Жолдас Роман! Сізге мына профессор Горностаевтың өтініші бар.

Кошкин. Шын ба?

Горностаев. Я, я! Кітаптарымды алып қойды.

Горностаева. Тауығымызды сойып тастады.

Елисатов. Профессор Горностаев орыс ғылымының мақтаны мен абройы болған адам.

Кошкин (*Горностаевтың қолын қысып*). Мархамат қылыңыз, отырыңыз, жолдас! Әлдсқапан кірісуіміз керек еді. (*Швандяға*.) Жолдас профессордың кітабы лезде қайрылсын және (*Елисатовқа*) тиюге рұқсат жоқ деп мандат берілсін. Халық ағарту жөнінде сіз бізге қажетсіз, профессор. Мен айтсам, бір жағынан уақытша, өзіме халық ағарту комиссарының міндетін де алып ем. Алысымен жалпыға оқу деген жоспар жайын қаттай бастап едім. (*Горностаевқа қағаз береді*).

Горностаев (*оқып*). «Еңбекшілерді ағарту жұмысын... Жаппай фуксиндеу туралы» жолдас ағарту комиссары, сіз сауатсыз екенсіз ғой.

Кошкин. Неліктен сауатсыз? Өзім жазып отырғам жоқ па. Оқыған жарық, оқымаған қараңғы екенін білесіз бе?

Горностаев. Білем, естігем.

Кошкин. Жоқ, жолдас профессор, сіз жете білмейсіз. Мен көбірек білем. Сіз оқыған жарық, дегенді ғана білесіз. Оны анық көресіз. Ал оқымағанның қараңғылық екенін, сіз алыстан, көлденеңнен ғана көрдіңіз. А, мен бар азабын өз басымнан кештім. Сіздің көзіңізге білім сәулесі түсіп тұрса, менікін қараңғылық қаптады, сондықтан бұл қараңғылыққа сізден де мен қатты өшпін, өле-өлгенше алысамын. Ал маған болыспай, қайта саботаж жасайтын кісі болса, ол менен жарық пен қараңғыны бір-ақ алады.

Горностаев. Ия, ия! Көзінде сенім оты бар. Анау маған келгендерде ол жоқ еді. Олар құр нағанды ғана төсейді.

Кошкин. Нағансыз... жолдас профессор, революция жасай алмайсыз.

Елисатов. Дұрыс!

Кошкин. Жолдас Горностаев, бір сағаттан соң мына Елисатов жолдаспен бірге маған рахым етіңіз. Бұл кісі

маған көп көмек етеді, іс істейміз. *(Пановаға.)* Повестка әзірленсін! *(Жүреді).*

Елисатов. Әлбетте! Бар күшімізді халыққа береміз. Ғылым бұрын капиталдың ақ құлы еді. Қазір ол пролетариаттың қызыл жолдасы болды. Солай емес пе, жолдас Горностаев.

Горностаев. А. Я, я!..

Телефонистка. Жолдас Кошкин, телефонға! Фронт шақырады! *(Кошкин кетеді).*

Елисатов. Максим Иванович, сіз бен біз бұрын да кездесіп едік-ау. Одесса есіңізде ме?

Горностаев. Я, я, есімде, сіз осы тіс дәрігері ме едіңіз?

Елисатов. Жоқ! О не дегеніңіз! Мен қоғам қызметкерімін, және газетшімін.

Горностаев. Я, я. Осыған ұқсас бірдеме деп тұрғаным сол ғой!

Елисатов пен Горностаевтар кетеді. Чир келе жатады.

Панова. Чир, мына пакетті профессор Горностаевқа апарыңыз.

Чир *(алып оқыйды)*. Өте жақсы. *(Байқатпай есіктің артына тастай салады)*.

Панова. Чир, бүгін тағы кімді көрсеттің?

Чир. Бай, жарлыға бірдей үкім етуші тәнір иеге тәслим... кітабында айтқандұр: ұйқыдан намаз қапырлы... *(Кетеді. Елисатов келеді)*.

Елисатов *(Пановаға)*. Қазір ғана хабар келді. Біздің кісілер Жеглов көпірінің бержағына өтіпті. Екі күннен соң келмек.

Панова. Ағатай-ау, рас па?

Елисатов. Шәк жоқ. Қазір дүркірейді. *(Швандя кіреді, қолында қағаз. Елисатов кетеді)*.

Швандя. Кешіріңіз!

Панова. Күп, жолдас Швандя! Қандай әдемісіз.

Швандя. Кім, мен бе?

Панова. Я, я, рас, дәл періштедейсіз.

Швандя. Неге олай қысап қыласыз... *(Дунька кіреді)*. Жолдас Дуня Фоминишна, есенсіз бе? Нағыз періптенін төресі осы десеңші.

Панова. Япырай, көйлегіңіз қандай тамаша!

Швандя. Өзіңіз дәл бір гүл... гүл орнатқан шөкпедейсіз ғой! Қолғапшасын-ай...

Дунька. А, сен жармаспа!

Швандя. Мен саусағыммен ғана түрттім ғой! Әлгі би дегенде Дунька Фоминишна, осы барыңызбен күп бересіз бе?

Дунька. Ә? Онда сіздің жауабыңыз жоқ!

Швандя. Жоға сіз де біздей тап барынша саналысыз ғой.

Дунька. Маған жолдас комиссар керек.

Швандя. Е, ол уайым емес! Не қылмақ едіңіз?

Дунька. Онда сіздің жауабыңыз жоқ, сөзім сол-ақ. *(Кабинетке кіргісі келеді).*

Швандя. Жок, жауабым бар. Шегінуіңізді сұраймын *(Қағаз алып Кошкин келеді).*

Кошкин *(Пановаға).* Басыңыз!

Дунька. Жолдас Кошкин, сізге келдім!

Кошкин. Немене.

Дунька. Маған екі бөлме керек. Мен де жақсы жолдастармен ашнамын. А, ол маған жалғыз ғана жатын бөлмесін беріп, өзінен әлгі солқылдақ отырғышын да алып кетті, анау мейман жайын да берсін де! Оныкінен менің қонағым он есе көп. Ертең комиссар Вихорь кофе ішуге келеді. О қайда отырады? Е...

Кошкин. Жолдас, сіз кім едіңіз?

Дунька. Әрине, күтуші әйелмін.

Кошкин. Ендеше сіз союзға кіріп, өз правоңызды көппен бірге қорғауыңыз керек.

Дунька. Ол маған дәрігер емес. Өзім-ақ қорғандаймын.

Кошкин кабинетіне кетеді. Мария шығады.

Мария. Қайда әлгілер.

Швандя. Гражданочка, сен кімге келдің?

Мария. Сыбаны біле ме сендерді, кімің комиссар ең, сенбісін?

Швандя. Жо, жете қойғам жоқ.

Мария. Қайдам, тұмсығың дәл өзі. Деревнядан келгеніме үш күн, комиссарыңды тапсамшы. Қайда барсам мына бір бояулы көбелекті көрем. *(Дунькаға.)* Сен көк түйнек, неге кісі киімін киесін. Саған тігіліп пе еді. Еңбеңмен алдың ба?

Дунька. Алғамын, қайтесін, енді бар дүние халықтікі.

Мария. Қайдан халықтікі, бәрін шеңгелдеп ап... Шеш, қу байтал!

Дунька. Аулак, шеше!

Мария. Шеш дейім, сұмырай! Былғама киімді.
(Қофтасын сыпырып алады).

Дунька (жанжалдасып). Неге жабысасын, контр революция.

Мария. Мен саған көрсетейін революцияны.

Швандя. Сен немене, құшнашпысын. (Дунька қашады. Швандя Марияны кейін сүйреп алады).

Мария. Қандай асыл киімді ластады, өлексе!
(Жылайды).

Швандя. Түу, тентек кемпір.

Мария. Қайдағы кемпір. Бар жасым елуде-ақ, талай өмірім алдымда. Ұлдарым да жоғалды. Азапта жалғызбын.

Швандя Ұлдарың қайда?

Мария. Қайдан білейін. Біреуі, әкесімен сонау соғыста жоқ болды. Екеуі мына соғыста жоғалып отыр. Міне соқыр басыммен тұртініп жүрмін.

Швандя. Өздері қай жерде соғысқан екен?

Мария. Әуелі өзді-өзі үйде соғысты. Содан айрылысты да, шеше қош деді. Қош, иттің балалары, кеткеннен қайтпа дедім. Шын қайтпады. Қайда дейім.

Швандя. Өздері кім үшін соғысқан?

Мария. Қайдан білейін.

Швандя. Білу оп-оңай. Қандай сөздер айтушы еді.

Мария. Гриша Семкаға ұдайы: «сен пәленсің, бандитсің» дейтін.

Швандя. Дүп-дұрыс! Ендеше Семка ақ болды.

Мария. Ал Семка Гришаға: «сен ел талағышсың», деп ақыратын...

Швандя. О, онда ақ Гришка болды. Ал Семка қайда екен бұл?

Мария. Әлде мына қағаз-пағазынан мәлім шығар!?

Швандя. Тоқта, тұра тұршы, қағазсыз нетер ме екен. Шаруалары қандай еді?

Мария. Ей, Гришкада шаруа не қылсын. Кісі есігінде жүретін... А, Семка құдайға шүкір мығым еді. Бидайдың өзінен әлденеше пұт. Боқырауға шейін екі малай жалдаушы еді.

Швандя. Ой, ендеше бұйым емес! Семканы ақтан ізде, а Гришка осында болу керек. Жүр көрші, үйге барайық, айтып береді. Шеше, революция айтып береді.

Швандя мен Мария кетеді. Любовь Яровая кіреді.

Панова. Әсем келдіңіз, жолдас Яровая!

Любовь. Жаяу келдім. Немене, жолдас Қошкин жоқ па?

Панова. Бос емес. Тағы отыз шақырымнан жаяу келдіңіз бе?

Любовь. Мен үйреншіктімін, экспресс пен автомобильге дәндеген емеспін. *(Елисатов кіреді)*.

Елисатов. А, жолдас Яровая! Саушылығыңыз қалай? Жазылған шығарсыз. Сүзектен кейін деревня тамаша ғой! Мектеп оқуы әлі тез басталмайды ғой. Тұратұрсаңыз етті.

Любовь. Деревняны кеше ақтар снарядпен өртеп жіберді.

Елисатов. Ақтар. Қайда жүр?

Любовь. Кеше жеті шақырым жерде болды.

Елисатов. Солай ма еді?

Любовь. Қазір деревняға кірген де шығар.

Елисатов. Болмас, біздің әскер бар жерден түріп қуып жүр ғой! *(Кетеді)*.

Панова. Снаряд шошыта ма екен?

Любовь. Жоқ, рақат.

Панова. Жолдас Яровая, неліктен маған бұлайсыз?

Любовь. Мен сізге жолдас та емеспін, ешбір бұлайым да жоқ... Жолдас Қошкин тез келуші ме еді.

Панова. Келеді. Тоса тұрыңыз. Біз екеуміз де солдаттың тұл қатынымыз. Өз еңбегімізбен күн кешеміз. Жолдас болғанда екі есе жолдас тәріздіміз ғой!

Любовь. Тегі, тұл қатынның бәрі бірдей жолдас болмағаны ғой.

Панова. Сіздің еріңіз өлгелі екі жыл болса, менікі өлгелі екі ай.

Любовь. Ал онда не болғаны?

Панова. Бәлки менің жарам жаңарақ та шығар.

Любовь. Болар.

Панова. Папирос тартасыз ба? Дәрігер темекісі.

Любовь. Жоқ, маған оқытушыныкі де болады. *(Өз папиросын тартады)*.

Панова. Жолдас оқытушы, сіз өзіңіз оқып па едіңіз?

Любовь. Өте азғана оқыдым.

Панова. Ол көрініп те тұр.

Любовь. Е, сіздер өздеріңіз тәуір көру үшін біздің көзімізді әдейі көр қылмап пе едіңіз.

Панова. Ия, мен көпті көрдім. Жаңа ғасырлар өсірген бұйымдарды былғаныш етікпен бір сәтте талқан қылғанды да көріп отырмын.

Любовь. Өйтіп оп-оңай талқан боп қалса ол ғасырлардың істегені татымсыз болғаны да.

Панова. Жоқ, ол сын емес! Сіз бен біздің ерлеріміз жақсы адамдар еді. Менің байым әсем архитектор болатын. Сарайлар, шеркеулер салушы еді. Бір ғана биттің шағуынан өлді. Бүгін ол шебер жоқ. Және сарай мен шеркеу салмайды. Оларды бит жеп қойды.

Любовь. Басқалар салады.

Панова. Россияда салмас, шырағым. Бұндағы патша бит, сол барды жер.

Любовь. Біз оны сығып бітіреміз. Биттен жамаң паразиттер бар. Менің байымды бала күнінде шағып, қазір жеп қойған солар. Сіздің байыңыз сарай салып жүргенде менікі абақтыда отырды. Сіздер өздеріңізге сарай салып бізге зындан салдыңыздар. Мен бір қызметті тауып орналаса бастасам лезде айдаушы еді: хауіпті дейтін. Бай болса абақтыда. А, сіздің байыңыз герман соғысында болды ма?

Панова. Жоқ.

Любовь. Дұрыс. Отанды жау мен құнсыздарға қорғатып, отан ұлдарының өзі сол жауларының артына тығылып отырған. Менің байым кетерінде: Люба, таза жүр, фронттан жаңа дәурен әкелемін. Өткен үшін есеп айырмайыз, деп еді. Мен қазір соның атынан есеп айырмақпын.

Панова. Байыңыз үшін бе?

Любовь. Жоқ, сіздерге сарай салушы барлық құнсыздар үшін.

Панова. Мен өзім де бардың барымен өтеп отырмын.

Любовь. Ендеше, квит шығады.

Панова. Жо-оқ! Менің де үлкен есем бар. Мен де есеп айырмақпын.

Любовь. Еркіңіз. Мен өз есебімді шешемнің сүтімен емгенмін. Біреулер сайрандау үшін туса, біреулер содан жирену үшін туады.

Колосов келеді.

Колосов. Туар мейрам құтты болсын! Люба, амансыз ба? Есенсіз бе, Павла Петровна! Маған Елисатов келді деп еді. Жай соған... келдім.

Панова. Жай емес, жүгіріп келдіңіз ғой. Тыныс алыңыз. Су жұтыңыз. Емшіңіз міне. Тығыз жәрдем етеді.

Колосов. Ашықтыңыздар ма? (*Нан мен конфет алып екеуіне ұсынады*).

Любовь. Жоқ, рақмет!

Колосов. Ал, қалайсыз!

Любовь. Жай, қайтып келдім. Деревняны ақтар өртеп жіберді.

Колосов. Туар мейрам... ой, уақа емес. Жаңадан саламыз.

Любовь. Сіз қалайсыз, Ваня!

Колосов. Ертең барып қайтсам ба деп қыял етіп ем. Бүгін міне, өзіңіз кепсіз.

Панова. Бақытты екенсіз-ау. Өміріңіз қыялыңыздан озыпты ғой.

Колосов. Менде үнемі солай. Біреудің мейрамын құттықтайын дегенімше өз мейрамым туа қалады. (*Любага.*) Сіздің көз ажарыңыз жақсы емес қой!

Любовь. Ия... жоқ, шаршағандыкі ғой. Және бір нәрсе көрдім. Гажап, жүріңізші!

Кетіседі. Кабинеттен Кошкин, Елисагов, Швандя тағы басқалар шығады.

Панова. Жолдас Кошкин, телефонға!

Кошкин (*келе жатып*). Фронт жақындаған себепті бүгінгі жыналдыс бір сағат ертерек басталсын. Соған шейін тез митингтер өткізілсін. Швандя, Елисагов, қағаздарды жәшікке сала беріңіздер.

Швандя. Құп!

Кошкин (*телефонда*). Ия, ия! Охо... Бар буржуй тезінен окопқа айдалсын. Сақтық үшін, кеңселер жыйнала берсін.

Панова. Жолдас Кошкин, қол қойыңыз.

Кошкин (*телефонды тыңдай тұрып қол қояды*). Ия, ия, мынау ескі әріппен жазып жүрген кім?

Елисагов. Қазына бөлімінің хатшысы ғой. Әлі жаттыға алмай жүр.

Кошкин. Бір суткеге подвалға жабылсын. (*Телефонға.*) Барлық көлік мобилизовать етілсін. Граждандардың тілегені көше берсін. (*Кетеді*).

Колосов пен Любовь келеді.

Қолосов. Бұйрық бойынша ішектер ағытылады. Музыка тамам! Көмектесіндер! (*Проводты жыйнап жатады. Любовь болысады*).

Любовь. Азғана ғана уақытқа... Бәрібір күні санаулы.

Қолосов. Горностаеваның терезесінен не көрдім дейсіз.

Любовь. Беторамал. Дәл сондайды Мишаға жолға беріп ем.

Қолосов. Жер жүзінде біріне-бірі ұқсас орамал аз дейсіз бе?

Любовь. Кестесі, айнымаған өзім шеккен кесте.

Қолосов. Екі жыл өтті, ұмытсаңызшы.

Любовь. Ия, өмір шапшан.

Қолосов. Өмір шеккен анау әшекейді көрсеңізші. Дала жақсы ма?

Любовь. Ия, жап-жасыл.

Қолосов. Сол жасыл далаға адам деген өз туысқанының қанымен қызыл кесте шегіп жатыр.

Любовь. Жаңа өмірді шегіп жатыр. Жаңа дүниені қан құнымен алып жатыр.

Қолосов. Кісі қаны, арзан төлеу ғой.

Любовь. Кісінікі дейсіз бе. Мен ең қымбат қанмен өтедім. Қажет болса өзімдікін де жұмсаймын. Оның қанына татымаспын. Қараңғы, қорқақ мещанкамын. Ол төңкеріс жолында отқа өртеніп жүргенде мен қорқып қалтырап: «Қойсаңшы, ашық жұмыспен де пайда келтіресің ғой» деп қыңқылдап жүрдім. (*Бетін басып.*) Еске алсам ұяттан қыйналамын. Ол тірі болса қатарында жүріп отына бірге өртенер ем... Сүзек боп шатасып жатқанымда, көз алдымда ылғи, соңғы айрылардағы түрін көріп жаттым. Жайқалған егіндік бойлап кетіп барады.

Қолосов. Люба, мен болмай басқа бір, мықты адам болсам, барлық өміріммен сіздің көз жасыңызды құрғатар ем.

Любовь. Сіз, сіз болмасаңыз әрине басқа кісі болар едіңіз, дұрыс айтасыз. Е-ей, уайымшыл.

Қолосов. Жоқ, менің де алға қарағанымда қуанғаннан бойым қалтырап кетеді.

Любовь. Ол алға қарағандықтан емес, маған қарағандықтан.

Қолосов. Ия, әрине, о да бар. (*Зеңбірек даусы*).

Любовь. Әне! Есіткініз бе? Мынау ма «қуаныш бол-

мысы. Бүгін олардың мейрамы болсын-ақ, бірақ ең соңғы мейрамы болар. *(Панова келеді).*

Панова. Есіттіңіз бе?

Любовь. Рақат па?

Панова. Жоқ «қорқыныш»! *(Жүгіре жөнеледі).*

Любовь. Қорықпаңыз. Ол тез басылады. *(Кошкин келеді).*

Кошкин. Жолдас Яровая, амансыз ба?

Любовь. Есенсіз бе? Қеше ақтар Чугуновканы өртеп жіберді.

Кошкин. Білемін. Сізге сүзектен жазылуға да мұрша бермеді-ау, сайтандар!

Любовь. Жазылуды қойыңызшы.

Кошкин. Уақа емес. Уақытша эвакуация. Соғысыз кетеміз. Көп күттірмей ораламыз.

Любовь. Жолдас Кошкин, тоғай ішінде, тас қазанда деревня халқы қазір сізді күтіп отыр...

Кошкин. Көп кісі ме?

Любовь. Әзірше азырақ. Солардан келдім. Егер маған сене алсаңыз...

Кошкин. Жолдас Яровая, өткен жолы ақтар келгенде мен сізге өзімнің де, өзге жолдастарымның да өмірін сеніп тапсырғамын...

Любовь. О-ой, тәйір-ай!

Кошкин. Сізге барымша сенемін. *(Ақырын.)* Енді, анада бізді тыққан клетке басқа бір нәрсе тығуға тура келер. Маған жарты сағаттан кейін оралыңызшы. *(Кетеді. Панова келеді).*

Панова. Жолдас Роман, телефонға!

Беторамал ұстап Горностаева келеді, алысырақта Колосов көрінеді.

Горностаева. Бұ не бұл... ақтық тауығымды сойып тастады сұмырай. Бір дюжна беторамалымды алып орнына қалдырғаны міне бір лас немесі!

Любовь. О кім?

Горностаева. Әлгі сол, үйімде тұрған бандит, Вихорь!

Любовь *(орамалды қарап тұрып бозарып кетеді).* Мүмкін емес... Өзі, дәл өзі! Әріптерін қара. Өз қолыммен...

Горностаева. Сізге не болды?

Любовь. Мен бұны байыма, жолға берген едім... Мынау қайдан алып жүр. Өзім сөйлесем.

Горностаева. Уа, бүгін таң сәріден біздікінен кетіп қалған!

Любовь. Мынаны маған, маған беріңізші!

Горностаева. Ала қойыңыз. Бірақ маған төлеуін беріңіз. Орамал егіп жүргем жоқ қой.

Любовь орамалды алады. Бетін басып еңірейді. Кетуге айналады. Қолосов пен Горностаева артынан ереді. Кабинеттен Кошкин, Хрущ, Вихорь тағы басқалар шығады.

Кошкин. Сонымен, тығыз міндет — бүгін түнде Жеглов көпірін талқандау саған тапсырылады, Миша.

Вихорь. Жеглов көпірінің стратегиялық зор мәні бар...

Кошкин. Сен немене лекция оқымақсың ба?

Вихорь. Ондай зор жауапты операцияны біз сенің өзіңнің ғана басқаруыңмен істеуге міндеттіміз.

Кошкин. Қазір барлық операция менің басқаруыммен жүріп жатыр — партия бұйрығы. Енді сенің басқаруыңмен көпір талқандалады — менің бұйрығым.

Вихорь. Ендеше маған, ең сенімді жолдас бер: Хрущ, Мазухин, Швандя ерсін.

Кошкин. Хрущ пен Мазухинді аласың, Швандя менің жанымда қалады.

Вихорь. Мақұл.

Кошкин. Аталған орындарға тегіс тараңдар. Бір сағаттан соң осында жыйналасыңдар. (*Кошкин мен Пановадан басқалар кетеді*). Ну, жолдас Панова, сіз қайтесіз. Бізге ересіз бе, ақтармен қаласыз ба?

Панова. Мен ақтарды сүймеймін.

Кошкин. Қызылды ше?

Панова. Қызылды сүйем.

Кошкин. Е... қызылды несіне сүйесіз. Тегіңіз бізден басқа емес пе!

Панова. Рас, бәрін емес, кейбірін ғана сүйем.

Кошкин. Қімін, мәселен!..

Панова. О, ол соғыс сырындай құпия.

Кошкин. Бірақ мәлім ғой!

Панова. Қім ғой дейсіз.

Кошкин. Нысанаға алып-ақ жүр ғой.

Панова. Жо, саудаға салып-ақ жүр ғой деңіз. Қалтасы толған алтын. Бәрін маған ұсынады.

Кошкин (*қағаздан басын көтерін*). Қайдағы алтын?

Панова. Жүзік, білезік, сағат. Өз жариялауы бойынша қашан тілесем, сонда алмақпын.

Кошкин. Ой, сіз... гражданка Панова... байқаңыз!

Панова. Байқадым, гражданин Кошкин.

Кошкин. Ойшамаңыз!

Панова. Ойшамаймын.

Кошкин. Грозной, менің қаным бір бауырым!

Бір біріне үндемей қарап тұрысады. Кошкин кетеді. Грозной. Кейінен Дунька шығады.

Дунька. Жолдас Грозной, менің грузовигім неге алынады.

Грозной. Қай грузовик?

Дунька. Жаңа ғана машинаға отырып ем ол ақырып: «тойтарыл» дейді. Уа, мен тіпті түү-түү алдыңғы жылдан большевикпін. Автомобильден мен не деп тойтарылам.

Грозной. Жоғал қалжырамай.

Дунька. Ой, сен өйтіп оқыранба. Мен өзім де шабына білемін.

Грозной. Кет әрі! (*Қырсыз.*) Жолдас Панова, қағаздарды жолға әзірлеңіз.

Дунька. Өйте берсе мен сонау жолдас Совнаркомға да салып барам. (*Колосов келеді.*)

Колосов. Туар мейрам құтты болсын, жолдас Грозной.

Грозной. Қай мейрам. А, түсіндім... Ертең сендердің мейрамың екен ғой.

Панова. Жолдас Грозной, ол оның сөйтіп амандасатын машығы.

Грозной. Сен өзің аққа қарсымысың, бізге қарсымысың?

Колосов. Дәл сізге қарсы, жолдас Грозной.

Колосов кетеді, Кошкин келеді.

Кошкин. Ну Грозной, сөйтіп ертеңнен қалмай кетеміз. Темекінді әпкелші? (*Пановаға.*) Басыңыз: «Әдіс ретімен аз уақыт қаладан кете тұрып, граждандарды толық тыныштық сақтауы...»

Грозной. Ех, Рома, буржуйлармен ойынымды қандырмай әкеттіңдер ғой.

Панова. Жолдас Грозной, сіз не деген қаталсыз.

Грозной. Жолдас Панова, революционердің жүрегі болат, төсі темір болуға керек.

Кошкин. Рас, Грозной! *(Ананың кеудесін сыйлап.)*
Әй, сенің төсің өзі... алтын ба қалай? *(Тағы қағады.)*
Шылдырайды ғой.

Грозной. Әрине!

Кошкин. Ә, кәне көрсетші!

Грозной. Ну, көрмеге түсем ғой...

Кошкин. Ей Грозной, көрсет, аш омырауыңды!

Грозной. Қой, Рома, қылжақты!

Кошкин. Ой, бол, бұлданба! Өзіміз ғой.

Грозной. Ой, кетші. Тапқан екенсің.

Кошкин *(кәрленіп)*. Жолдас Грозной, аш омырауыңды! Ну.

Грозной. Ия, түкірдім...

Кошкин. Жолдас Грозной, шығар лезде! *(Грознойға наған төсейді)*.

Грозной *(тапаншасын суырып ап)*. Ну. Бұ не қылжақ!..

Кошкин. Революцияның атынан! Сал тапаншаны столға! *(Грозной тапаншаны салады)* Қалтаңда не бар, сал столға! *(Грозной қалтасындағы алтындарды салады)*.
Әй, бандит! Махно! Марш коидорға!

Грознойды коридорға алып шығады. Грознойдың өкірген даусы:
«Рома, кеш!» Кошкиннің командасы: «Грозной, тұр дуалға! Тез тұр!.. Бір! Екі!» Мылтық тарс етеді. Кошкин келеді.

Кошкин *(айта беріп)*. Баса беріңіз... «Қаланы барлық революциялық тәртібінде қалдырып...»

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Б і р і н ш і с у р е т

Көше. Эвакуация аяқталып келеді. Қала сыртында зеңбірек даусы енді мылтық, пулемет даусына ауысады. Пұшпақта Совет кеңселері орнаған үйде барлық есік, терезе ашық. Алысырақта, шеткі үй жанында Дунька, өз жүктерін арбаға тиеп алған. Кетушілер мен калушылар топтары.

Дунька. Тұратұр деймін, албасты! Мынаған әлі отырғышты тығуға да болады. Айнаны үстінен сал. Чемоданды бүйірден қақшыыт. Ал, жүр шапшаң! Я, күдай-ау!

Кетеді. Чир келеді.

Чир. «Ғаси фәндә күдіреттің қаһарынан кашты де».

Кетеді. Кошкин мен Елисатов келеді.

Кошкин. Жолдас Елисатов автомобильмен жүріңіз деймін.

Елисатов. Жоқ Роман, өзіңіз отырыңыз, болыңыз!

Кошкин. Мен ең соңынан кетем.

Елисатов. Жоқ, мен сөйтеін. Сіз революцияға аса керек адамсыз. Эвакуация жұмысын ең ақырына шейін мен басқарамын.

Елисатов кетеді. Швандя келеді.

Швандя. Жолдас Роман, бұл қалай. Соғыс қаланың ішіне тақап қалды. Жеглов көпірі талқандалмағаны ма сөйтіп.

Кошкин. Сөйткені.

Швандя. Біздің жігіттер мен Вихорь да қайтқан жоқ қой.

Кошкин. Қайтқан жоқ.

Швандя. А, бұл... қалай болды.

Кошкин. Неде болса болғаны. Қағазды тиеттің бе?

Швандя. Мейлінше.

Кошкин. Жәшіктерді тасыттындар ма?

Швандя. Қазір бітеді.

Кошкин. Сылбырсындар. Байқандар. Партия бұйрығы бойынша: мен, сен, Хрущ, Мазухин, Вихорь бар осында астыртын жұмыста қаламыз. Зор міндетті. Жеглов көпірін талқандау және жау желкесіне партизан шабуымын жасай беру.

Швандя. Құп!

Кошкин. Қарудың жарымы тоғайда, жарымы мектептің артындағы кілетте. Қатнасымыз Яровая арқылы болады. Бітір де жыраға түсіп ап тас қазғанға тарт.

Швандя. Құп. *(Кетеді. Любовь Яровая жүгіріп келеді)*.

Любовь. Неге тұрсыз, жолдас Кошкин! Шығар жолдың бәрін алып қойды ғой.

Кошкин. Білемін. Жасыл боп кетеміз. Кілеттегі, ана отын астындағы қаруға мығым болыңыз.

Любовь. Саспаңыз.

Кошкин. Жолдас Яровая, мен ешуақытта саспаймын. Көрісіп тұратын жер, алаңдағы селдір тоғай. Ал, тез көрісейік.

Любовь. Кош! Жөнелініз!

Кошкин кетеді. Любовь шығарып салады. Дунька жүгіріп келеді.

Дунька. Ойбай, құдай-ау! Ойбай, әкем-ау! (*Елисагов келеді*).

Елисагов. Неге қайттыңыз, жолдас Дунька.

Дунька. Ойбай, құдайым-ау, жолдас комиссар қайда деймін. Анда жібермей жатыр. Жолды ақтар алып қойыпты. Өткелге беттеу керек. (*Кетеді*).

Елисагов. Сөйт, бетте. Әйтпесе айнаңа зақым келер.

Кетеді. Алыс шеттен Яровой жүгіріп өтіп, жасырынады. Горностаева мен Яровая келеді.

Горностаева (*Яровая жаққа*). А, шырақ-ай! Қалай: «буржуйды тауықтай бауызда», солай ма?

Любовь (*алыстан Яровойды көріп*). Ойпыр-ау, кім бұл өзі, бұ кім?

Горностаева. Е, әлгі дәл менде тұрған Вихорь, талап-талап алса да, кашканда құр қол ғой!

Любовь. Мүмкін емес! Елес қой... (*Кетеді*).

Есіктен екі-үш қызыләскер көрінеді, жүк әкеле жатыр. Жақындап келе жатқан Махораны көріп шегініседі. Швандя шығады.

Швандя. Ал, неге тұрдыңдар.

Қызыләскер. Әне бір албасты келеді.

Швандя. Но, ол бұйым емес! (*Махораға тап беріп, құшақтап.*) Ну, кош бол Анюточка!

Махора. Анюточка. А мен Махорамын ғой!

Швандя. Уа, қойшы! Не деген исі әдемі ат! Ну кош тұрыңыз, ұайымдамаңыз!

Махора. Да, мен сізді көріп тұрғаным осы ғой!

Швандя. Бәсе. Көрісіп болмай айрылысуға тұра келгенін қайтейін. Ну енді жыламаңыз. (*Швандя қайта оралады.*)

Қызыләскерлер Махораға көрсетпей жәшікті алып өтті. Швандя кетеді. Граждандар өтіп жатыр. Солардың арасында Дунька, кейін Мария шығады.

Дунька. Ой, құдайым-ай, құдайым-ай! Бастық қайда десеңші. Құрылы-ау жасауым!

Мария. Аналардың ішінде жоқ, енді мыналарын қарайын. (*Дунькаға.*) А, сен тағы түрленгенбісің! А? Басындағы шөмелесін көрсеңші. Бәлем осы! (*Тап береді.*)

Дунька қашады. Алдынан каптенармус — Костюмов шығады.

К о с т ю м о в. Сізге не болды, бикеш.

Д у н ь к а. Эне, эне бір құтырған қатын!

К о с т ю м о в. Не қыл дейді?

Д у н ь к а. Әшейін. Күнәкерсіз! Болысар жан жоқ.

К о с т ю м о в. Ой, тәңір-ай! Рұқсат етіңіз. Аты-жөні-
ңіз қалай?

Д у н ь к а. Авдотья Фоминишна Кулишова. Өзіңіз ше?

К о с т ю м о в. Екінші разряд каптенармус Кузьма

Ильич Костюмов. Лайығына орай бөлме керек еді.

Д у н ь к а. Ендеше рақым етіңіз! Мен жапа-жалғыз-
бын ғой!

Кетіседі. Марня жүгіріп өтіп бара жатыр.

М а р и я. Мүлдем жоқ. Әй, өлген ғой иттің балалары!

Музыка. Алыста ақтар. Асығып, қысылып Швандя шығады. Аярлы
қаранып, бұрыш айналады. Алдынан солдат Пикалов шығады.

Ш в а н д я. Жаныңды жалп етіп басты ма. Сен жол-
даспысың, жоқ жерлеспісің, қалайсың?

П и к а л о в. Жолдас боп та жүрдім, жолдасқа қарсы
боп та жүрдім.

Ш в а н д я. Біздікпісің, олардікімісің?

П и к а л о в. Сендік. Боқыраудан бері тұтқындамын.
Бүгін олар, ертең бұлар...

Ш в а н д я. Темекің бар ма?

П и к а л о в. Бұйырмасын.

Ш в а н д я. Табамыз.

Қатар отырып темекі тартсады. Дауыстар естіледі. Музыка.

Жерің алыс па еді?

П и к а л о в. Тульский. Сен ше?

Ш в а н д я. Курский. Митровка селосы. Швандя бо-
ламын, естіп пе ең? Ну, сендерде қалай?

П и к а л о в. Е сол, болымсыз. Басында өйткенмен
тым онша емес. Сендерде қалай?

Ш в а н д я. Бізде басқа. Саналымысын?

П и к а л о в. Кім?

Ш в а н д я. Сен.

П и к а л о в. Жоғ Хатталмадым. Сен ше?

Ш в а н д я. Мен бе? Мейлінше. Тәрдің төрінде. Әлгі
Маркспен өзің мен өзімдеймін.

П и к а л о в. Өзі қалай?

Ш в а н д я. Шал мығым.

П и к а л о в. Үйге тез қайтарам дейме?

Ш в а н д я. Тіке дейді, бар капиталды құртқанша тоқтамаймын дейді.

П и к а л о в. Ой, тоба!

Ш в а н д я. Әуелі Ресей капиталын ұшырам да, содан кейін шетелдікіні бөксерем дейді.

П и к а л о в. Ой, қу шыбын жан. Пішенді тағы да қатып өзі шапты десеңші.

Отрядымен офицер өтеді.

О ф и ц е р. Кімсіңдер.

Ш в а н д я. Біз ғой... Тұтқын әшейін...

Гимназистка жүгіріп шығады.

Г и м н а з и с т к а. Ванечка!

О ф и ц е р. Мурка. Міне рақат!

Г и м н а з и с т к а. Тірімісің?

О ф и ц е р. Қөрмеймісің! (*Швандяға.*) Апар контр-разведкаға. Отырғаны несі жалпыйып! (*Швандя мен Пикалов бір-біріне аңыра қарасады.*)

П и к а л о в. Тұтқып қайсымыз.

Ш в а н д я. Сен боларсың.

П и к а л о в. Е, мен алынғалы қашап. Саған қадал-масын.

Ш в а н д я. Ендеше, алып жүр!

П и к а л о в. Қайда алып жүрем. Өзі жат қала...

Ш в а н д я. Тұратұр, байқайын. Тегі, былай болар.

Пұшпак айналады. Екеуі де айнала карап, бірін бірі көре алмай екі жаққа жөнеледі. Швандяның алдынан Чир шығады.

Ата-ау, енді қайттік. Ремиз! Тесік атаулы кептелген.

Ч и р. Әй, әй, құдайдың құлы! Не қып шыға алмап ең?

Ш в а н д я. Жұмыс бөгеді ғой.

Ч и р. Қандай жұмыс?

Ш в а н д я. Әлемнің әкесіндей.

Ч и р. Ой, жүре ғой, құдайдың құлы Федор, шығарайын. «Маған ерсең жәннәтқа барарсың» деген ғой!

Ш в а н д я. Десе болғаны-ақ.

Келе жатысады. Патруль шығады.

Ч и р. Ей,туған, бер тарт. Міне мынау нағыз қызыл пері!

Патруль Швандяны ұстай алады.

Ш в а н д я. Ой, бәлем тұратұр, көк соққан азғын. Тозақ отына түссем де сені бір кеп табармын.

Ч и р. А, сен өлер сағатында иманыңды, иманыңды айт. Жәлпеп дарда тұрып та тәубе қылған. Федордың аруағына тие берсін, аллаһу ақпар!

Кетеді. Шеркеу қоңыраулары қағылып, поп бастаған буржуйлар ақтың отрядын қарсы алады.

Е л и с а т о в. Ваше превосходительство, ең қыйыны, сұмдардан мәдениет белгілерін сақтау болды. Талай рет өлімге де басты байладық.

Г е н е р а л. Мырзалар! Россия патшалығының тәңір берген иесі, сіздердің бірде-бір қазаңызды өтеусіз тастамайды! Мезгіл жетсін деңіз!

Е л и с а т о в. Міне, мына жарнаманы оқысаңыз негер екен!

Пұшпақтан Любовь көріпеді: Яровой көріп калып ақырып тұрып, аздан соң қуанып ұмтылады.

Я р о в о й. Люба!

Л ю б о в ь (*көріп тоқтап қан*). Бұл қалай?

Я р о в о й. Люба... Сенбісің?

Любовь аз уақыт дуалға сүйеніп қап, кейін еңіреп байының құшағына құлайды.

Таптым, таптым ғой! Қуанышым! Любушка!

Л ю б о в ь. Тоқта! Тоқташы! Осы сенбісің. Түс емес пе? Тірі, тірімісің?

Я р о в о й. Тірімін.

Л ю б о в ь. Мишенька! Мишенька! Екі жылдай жоқтап ем. Қәне көріп алайыншы. Аурумысың. Қолың кем ғой! (*Жылаған бойында байының беті мен қолын сүйеді*).

Я р о в о й. Түк емес. Соғыс қой! Өзің қалайсың?

Көп ішінде Горностаева келе жатады.

Г о р н о с т а е в а. Шырақтарым-ау! Оңбағандар дарға асымыпты. Дворян көшесінде фонарь бас сайын бір большевик асулы тұр. Міне үкімет! Жеттік-ау! Жеттік пе, я құдай, тәубе!

Л ю б о в ь. Миша, кетейік, кетейікші тезірек.

Г о р н о с т а е в а (*Яровойды көріп қан*). А, сен мұндамысың, шырақайым. Қетпедің бе?

Любовь. Неге қалдың?

Яровой. Амансыз ба, Елена Ивановна!

Горностаева. Мырзалар, офицерлер! Арестке алыңдар мына жауызды! Комиссар Вихорь!

Генерал. О немене, поручик Яровой?

Яровой. Ия, міне, адамның астамшылығын қараңыз. Профессор әйелі, мүлкімді жақсы сақтамадың деп ұрсып тұр. Менің, өмірімді оққа байлап жүргенімді қайдан білсін.

Генерал. Ия, біз сізге бата оқыйтын боп қойып ек.

Горностаева. Сөйтіп сіз... біздік... біздік пе едіңіз?

Қуанып қолын құшақтайды. Мықты конвоймен Хрущ, Мазухин бастаған жегловшыларды әкеледі.

Яровой (*генералға рапорт беріп*). Жеглов көпірін бүлдірмек болған бұзақылар!

Любовь. Миша! Сен... Жалған!.. (*Құлайды*).

Шымылдык

Екінші сурет

Түн. Қала сыртындағы жардың елсіз жері. Үн жоқ. Аздан соң Швандя жақындап келе жатады. Оны екі конвой әкеле жатыр. Тоқтасады.

І-конвой. Қай жерде, батыр-ау, бұл иттің қаласы. Аспан жап-жарық. Ал жерде түк көрінбейді Тоқта. Тынығамыз.

(*Отырысады*).

Швандя (*әндетіп*). Неткен сұмырай қыз еді-ай. Неге алдаумен өтесін...

І-конвой. Сені сол жерде-ақ асуға болатын еді. Осында жыйырма шақырымға айдатқанын сайтан біле ме?

Швандя (*темекі тартып*). А, ол жер маған мүлде жақпаған шығар.

І-конвой. А, мен сен бандитті осы арада-ақ квит қып жоқ қылайын деп отырмын. Бәрібір үкімің айтылған.

Швандя. Е, әрине, ұқыптылығыңа рақмәт. Бірақ әуелі мені түрмеге жеткіз.

І-конвой. Оған жеткенше таң атып кетеді де, сені аса алмай қаламыз ғой.

Ш в а н д я. Е, менің оншалық асығысым жоқ. (Әнде-теді).

Неткен сұмырай кыз еді-ай,
Неге алдаумен өтесіп...

I-к о н в о й. Қой. Итше ұлымашы өзің.

Ш в а н д я. Өлім алдында тамақты кенеп алған жақ-сы болады... (Әндетеді).

Демеп пе едің сүйемін мен
Байға кеткен неткенің.

I-к о н в о й. Ән салма дейім өлім алдында!

Ш в а н д я. А, өлім артынан үн жетпей қалады ғой.
Ән өлімге түйткіл емес.

I-к о н в о й. Бәсе, өлімді қолмен қаға алмайсың. Дү-ниедегінің бәрі пәни жалған. Мына сен ғой большевик,
неміске сатылдың да, капитал алдың, о дүниеге бәрібір
әкете алмайсың.

Ш в а н д я. Қайда! Жеткізе алмайсың ғой!

I-к о н в о й. Қамтығаның көп-ау, ә?

Ш в а н д я. Шүкірлік.

II-к о н в о й. Қанша алдың? Әйтеуір өлесің ғой, дінді
айтып тәубе қымсаңшы!

I-к о н в о й. Әлде, құдай, аз да болса күнәнді кемітер.

Ш в а н д я. Е, тәубе деген оңай ғой, бірақ поп болса
десеңші!

I-к о н в о й. Сен шоқыншыдан поп не алсын. Мен-ақ
жараймын. Мен шеркеу старостасымын.

Ш в а н д я. А, ну о да болады:

I-к о н в о й. Ал кәне, имандай шыныңды айт: дін мен
отанды сатқаның үшін қанша соқтың?

Ш в а н д я. Е, құдайға шүкір, құр тастаған жоқ. Дін
үшін ер басына жүз гульд алдық. Ал отан үшін тік көтере
сауда қып стервинг төледі.

I-к о н в о й. Оның патша ақшасына шаққанда не бо-
лады?

Ш в а н д я. Жаңылмасам, бір қырық мың болар.

II-к о н в о й. Ә-эй, шайтан буржуй!

I-к о н в о й. Ол пұлың қайда?

Ш в а н д я. Әрине, өз бойымда, мен капиталымды кісі-
ге сенбеймін.

I-к о н в о й. Кәне, көрсетші.

Ш в а н д я. Көрсен алып қоясың ғой!

II-конвой. Әрине! Ату керек паразитті.

I-конвой. Сөйтіп, о дүниеге әкетпексің ғой.

Швандя. Неге! Осы дүниеде дұға қып отырарлық бір тәуір қолға тапсырсам болар еді.

I-конвой. Бері әпкел. Мен сенімді адаммын.

Швандя. Жо, мен одан да мынаған берем, осы сенімдірек.

I-конвой. Әй, ол батрак! Менде мұндайыңа қора толады.

II-конвой (*I-шіге*). Қара жалмауызды!

I-конвой. Кәне, қолыңнан бер. А, мен саған тәбаракті оқып шығам.

Швандя. Тәбарак аз ғой, ағатай-ау!

I-конвой. Әпкел деймін! Әкел, әйтпесе осы қазір жатқызамын. Көтер қолыңды, бандит! (*Швандя қолын көтереді*). Қай жерінде. (*Тінгіп, қалталарын сыр айналдырып шығады*). Ой, айт деймін!

Швандя. Қалтамда еді. Әлде астарды аралап кеткен болар.

II-конвой. Ой, оның тесік қой!

Швандя. Онда тап, түсіп қалған болар!

I-конвой. Ой, сен сұмырайға мазақ керек пе. Айт, пұлың қайда?

Швандя. Пұл сенде ғой, бай. А мендегі барым осы сыйқым мен битім ғой.

I-конвой. Өгірік айтасың! Немістің ақшасы болмаса сен ел талап, кісі өлтірер ме ең?

Швандя. Осы, мен емес сен өлтіргелі келе жатқан жоқпысың мені. Соның үшін және неміс ақшасымен ақы алғың келеді емес пе. Сатымсақ оңбаған сен емеспісің?

I-конвой. Оттапсың! Мен неміс ақшасы емес, өз жерім үшін соғысамын.

Швандя. Е, мен де сол үшін...

I-конвой. Не үшін?

Швандя. Сенің жерің үшін деймін! Тап сенен алып мынаған, жолдасыңа беру үшін соғысамын...

I-конвой (*долданып мылтығын шапшаң көтерін*). Қорқытпақпысың, бандит! Қылжақ керек! Кәне, тұр былай! Әрі қара деймін, әй, өлексе!

Швандя. Әй, бұнына машығым жоқ.

I-конвой (*II-ге*). Әй, ал нысанаға! Не қып тұрсың?

II-конвой. А, сен тиме!

І-к о н в о й. Не дейсің! Ат деймін, әйтпесе өзінді иттей...

ІІ-к о н в о й (*жалт беріп мылтығын оқталып*). Әй бәлем, доңыз кулак, сен бе, тез...

Ш в а н д я (*І-ші конвойды қолынан ұстай алып*). Жолдас, тоқта! Оғынды шығын қылма. Елді үркітпейік!

І-к о н в о й. Қара...

Ш в а н д я (*аузын басып*). Сүйре былай мына жарға.

Екеуі І-конвойды қараңғыға әкетеді. Тез оралады.

ІІ-к о н в о й. Енді қайда бардық?

Ш в а н д я. Жер таныс, жол жатық. Бері тарт, жолдас.

Кетіседі.

Ш ы м ы л д ы қ

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Кеш батып барады. Бірінші пердедегі бөлме. Ала тулар. Плакат, афишалар би жайын мәлімдейді: «Ресейдің оңтүстігіндегі әскерлерге көмек үшін» деген жазулар. Алысырақта Панова отыр. Колосов провод жүргізіп жүр. Есікте Любовь Яровая көрінеді.

Л ю б о в ь. Не білдініз?

К о л о с о в. Түк білмедім. Бәрінің айтатыны: жегловшылар атылады дейді. Үкімді бекіткен пакетті тосып отырса керек.

Л ю б о в ь. Білеміз, кешірім жоқ. Қашан орындар екен. Жаңа Швандя кеп кетті, Роман жіберіпті. Жолдас-тарды атуға апара жатқанда жолда тартып алмақшы. Жалғыз-ақ қашан, қай жерде атуын білу керек.

К о л о с о в. Үкімді бекіте салысымен атады.

Л ю б о в ь. Ал сол бекітуі қашан келеді екен?

К о л о с о в. Әлде келген де шығар.

Л ю б о в ь. Бәсе! Бәрін білетін Панова!

Би басқарғыш жас жігіт жүгіріп келеді.

Б и ш і. Мырзалар, бүгін таң атқанша билейміз.

Л ю б о в ь. Немене?

Б и ш і. Немене. Би мен үкілі почта. Биді өзім басқарам.

Афишаны түзеп жүгіріп кетеді.

Любовь. Михаилға көріспес үшін мен кетемін.
Колосов. Анадан соң көріскен жоқпысыз?
Любовь. Жоқ. Сөйлестік те... бітті.

Кетеді. Панова келеді.

Панова. Қалтаңызда бір нәрсе бар-ау?
Колосов. Бек мүмкін. *(Екі алманы суырып ап.)*
Екі нәрсе *(Сыйлайды)*.

Панова. Кеше, ана бөлмелерде жарық болмады.
Колосов. Патша ағзамның күйшілері, сіздердің шектеріңіз үзіле береді екен!

Кетеді. Кутов пен Елисагов келеді.

Елисагов. Кош келіпсіз, полковник. Қайтқаныңызға көп болды ма?

Кутов. Жаңа ғана. Дәл фронттан. Амансыз ба, Павла Петровна. Его превосходительствоға доклад етіп, Селезневка тұсында тағы да әдемілеп жеңгенімізді баян еттім. Олжаны білдіңіз бе?

Елисагов. Бәлі. Жетпіс тұтқын, төрт пулемет қой.

Кутов. Қате. Жүз жетпіс тұтқын.

Елисагов. Телеграммада...

Кутов. Түзетіңіз. Он төрт пулемет және де тоғыз зеңбірек.

Елисагов. Басылып қойған еді. Бірақ «қосымша хабарлар бойынша» дейміз ғой.

Кутов. Және армияның көңілі қатты көтеріңкі деп басыңыз. Халық тегіс ерікті әскер қатарына жазылып жатыр деңіз.

Елисагов. Жау қалай дейміз?

Кутов. Әбден іріген Үштен бірі дезертир, қалғанын штык, пулеметпен айдап салып жүр. Революция айдаһары өлуге айналды. Енді барлық орыс халқының ұлы Россия үшін жанын салып, «я құдай, жарылға...» деп шығатын күніне аз-ақ қалды.

Панова кетеді.

Елисагов. Ештеме әкелдің бе?

Кутов. Кант.

Елисагов. Көп пе?

Кутов. Жеті пұт.

Елисагов. Барасы ше?

К у т о в. Жеті жүз мың.

Е л и с а т о в. Полковник, арапыңызды ашпаңыз.

К у т о в. Алты жүз. Одан әрі бір тыйын шегермеймін.

Е л и с а т о в. Алдым.

К у т о в. Акшаны қазір түсіріңіз.

Е л и с а т о в. Ертең.

К у т о в. Жо, бір сағаттан бір минут ары кетпесін.

Панова келеді.

Е л и с а т о в. Полковник, осы сөздеріңізді газетке ба-
суға рұқсат па?

К у т о в. Пожалуйста. Құрметті, Павла Петровна,
сіздің анау сыртқы дос деген сұмдарыңыздың не жаңа-
лығы бар?

П а н о в а. Жаңалығы — жаңа моды. Жаңа билер.
Бар Париждің толғағы сол.

К у т о в. Ну, оқа емес, ренжімеңіз, қымбаттым. Қа-
руларын алсақ, модасын да алармыз. Аркадий Петрович,
сіз білдіңіз бе, жақында его превосходительство келеді.

Е л и с а т о в. Әрине білемін.

К у т о в. Айтпақшы, өткен жолы его превосходи-
тельство келгенде көшеде қала халқынан ешкім болмады.
Оны его превосходительство байқап қалды.

Е л и с а т о в. Қойыңызшы? Қандай қырағы...

К у т о в. Бұл жолы шара қолдануыңызды сұрайды.

Е л и с а т о в. Қала халқын көбірек жыюды сұрай ма.
Ол шараны кім істейді?

К у т о в. Е, шама келгенше әрине өзіміз істейміз...

Е л и с а т о в. Павла Петровна, ұқтыңыз ба!? Бұ да
салық. Бірақ сондай үлкен тапсырманы орындауға уақыт
аз деп ойламайсыз ба, подполковник. Және біздің техни-
ка қандай...

К у т о в. Сіз әзіл көресіз бе?

Протоиерей Закатов келеді.

Мына әкей протоиерейде уағыз насихат сенімен жәр-
демші болар...

Е л и с а т о в. Е, сіз бір сәрі ғой...

З а к а т о в. Яқшы ғафиятасыз ба, мырзалар. Его
превосходительство келді ме? Тәңірім дұшпанды тағы бір
жеңгізді деген ақпар тұғры ма?

К у т о в. Әбден тура. Уағыз сөз сізге парыз боп
қалды.

З а к а т о в. Иншалла. Әлбетте шатлық зор. Жаңа полковник Малининді көрдім, карательный экспедициядан қайтқан екен. Бүкіл деревнялар ғайып гүнаһарлары үшін тәубеге кепті. Менің пайғамбарлық сөздерім жадыңызда ма, мырзалар. Қырық күннен соң Москва шеркеулерінің ғажайып қоңырауларын тыңдаймыз демеп пе ем?

Яровой мен Малинин келеді.

Міне, өзі де келді.

М а л и н и н. Амансыздар ма, мырзалар. Әкей протоиерей, патихаңызды өтінем. (*Қолын созып бата сұрайды*).

З а к а т о в (*шоқындырып*). Илаһи амин, оралған сапарың мүбәрәк болсын.

М а л и н и н (*Закаатовтың қолын сүйіп, артынан Панованың екі қолын да сүйеді*). Әуелі әулие қолдың бірін, содан періште қолдың екісін.

З а к а т о в. Тағзымың жақсы, сөзің дәр-гүмән!

П а н о в а. Фи, иісті майыңыздың аты қандай осы? Шабуыл майы ма? Мына полковник Қутовтың маған фронттан әкелгенін көріңізші, ғажап!

Қ у т о в. Полковник, табысыңыз құтты болсын.

М а л и н и н. Сіздікі де құтты болсын.

Е л и с а т о в. Нобайын да айта алмайсыз ба?

М а л и н и н. Ә, нобайы десеңіз...

Е л и с а т о в. Ол деревнялардың помещик егінін орып ап, үйлерін талқандауына не себеп болған екен?

М а л и н и н. Тура большевик үгіті!

Е л и с а т о в. Үгітшілері ұсталды ма екен?

М а л и н и н. Мейлінше, бірі қалған жоқ.

Е л и с а т о в. Тыныштық орнату шаралары қандай болды?

М а л и н и н. Деревняны өртеу, кісісіне дүре соғу сыяқты берік, тығыз шаралар. Айтпақшы бұл баспаға баратын сөз емес. Баспаға жібер дейтінім: сол екі жұмалық сапар бойында бар отряды, командирі мен солдатты тегіс, деген жерден шықты. Барлығы да дін үшін — дарға, патша үшін — найзаға, Отан үшін — отқа түсуге де әзір болды. А, мынандай қол үшін (*Панованың қолын сүйіп*) — от пен суына қабат түсе аламыз.

П а н о в а. Ия, сіздерді онда дар мен отқа салушылар кімдер екен? Қатындар ма?

Қ у т о в. Рас-ау, бейбіт ел ішінде найза деген бар ма екен, әуелі...

М а л и н и н. Қымбаттым, құлақ салыңыз, ең әуелі большевиктің бейбіт ел арасындағы қауіп соғыстағы найзадан анағұрлым күшті. Екінші, біз онда найзаны жидтің құс төсегі мен ханымдарға арналған иісті майлар үшін жұмсағамыз жоқ, кейбір осындағы күлегештерше...

Қ у т о в. Үшінші, бейбіт елге барып орыс қатынын жоқ қылғанша, майданда жидті жоқ қылу абзалырақ шығар деймін, әкей протоиерей, ә?

З а к а т о в. Бір жағынан солай-ақ, тіпті екінші, үшінші жағынан әсіресе солай...

Я р о в о й. Мырзалар, бұл дауды шешу үшін ең әуелі кабинетке барсақ, екінші, әкей Закаатовты бұндайдан аулақ етсек жарар еді.

М а л и н и н. Кабинетке рақым етіңіздер, мырзалар.

Барлық офицер көрші бөлмеге кетеді.

З а к а т о в. Ал, Аркадий Петрович, дача жайы қалай. Алайып деп ем.

Е л и с а т о в. Бар, батюшка, сізге өте лайықтары бар. Бұйырыңыз.

Кетіседі.

Қ у т о в. Қатындармен алысып жүрсіз, ал иегіңіздің астында жегловшылар көпірді тағы талқан ете жаздады.

М а л и н и н. Талқан ете алмады. Мазухин мен Хрущті ұстаған мен.

Қ у т о в. Сіз бе едіңіз. Оның бәрін істеген поручик Яровой. Сіз өзіңізге босқа таңасыз...

Я р о в о й. Мырзалар, бұл дауды койсаңыздар екен. Қазіргі уақыт оңай емес. Роман Кошкин қолға түспей, желке жақтың қауіп жойылмайды.

М а л и н и н. Қолға түсіреміз. Орехов қарағайына кіріпті деген хабар жаңа ғана алынды. Ал эне бір, дарға асылар жерде конвойды тұншықтырып кеткен кім еді?

Қ у т о в. Швандя ма?

М а л и н и н. Ия, ия, Швандя касқыр сайда дейді. Қазір ғана екі жаққа отряд жіберу керек.

Я р о в о й. Менше, қателесесіз. Сіз отрядыңызбен қарағайды, мен сайды кезіп жүргенде, бұл жақта көпір мен складтар аспанға ұшып жүрмесін.

М а л и н и н. Осы тұста шошыта қыймылдау қажет. Ана Жеглов шайкасын Жегловкада аспай, тақ осында бақшаға асу керек.

Қ у т о в. А, ол әсерлі болар еді.

Малинин. Мен қазір его превосходительствоның рұқсат етуін өтінейінші. *(Телефон трубкасын алады)*.

Яровой. Мен солай істемеуді талап етемін.

Кутов. Жо, бұның әсері күшті болар еді ғой...

Яровой. Мен өзім де ол сыяқты құтырған құлдарды жалғыз бақша емес, тіпті Москваға баратын жолдың бойына асып-ақ қояр ем. Бірақ қазіргі сағатта одан шығатын әсер — дәл түрменің аузында сол Кошкиннің өзі айырып әкетеді.

Малинин. Ну, оған жеткенше Кошкиннің қолымызға да түсер. Ал таңертең жұрт жаңағыдай асулы тұрған өлікті көрсе, ол барлық үгіттен әсерлі болар еді. Ескі тажрибеге илансаңдар екен.

Кутов. Біз батыл емеспіз, екі ұдайымыз. Болмаса катал жазаны әшкереледің бе, ендеше іске асыр.

Малинин. Шала большевикке де қаттырақ тиісу керек. Жарымын фронтқа жіберіп, жарымын қамау керек.

Яровой. Сонда бар қолға ұстап қалатыныңыз Елисагов па?

Малинин. А, сіз тегі шала большевик болмақсыз ба?

Яровой. Большевикпен алысқанда менің буыным қалтырамайтынын білсеңіз керек еді ғой. Менің ойымша...

Малинин *(зекіп тоқтатып)*. Поручик мырза, кесер сөзім сол, өз ойыңыз өз ішіңізде тұрсын. Алдымен его превосходительствоның бұйрығын бұлжытпай орындаңыз.

Яровой *(ашуын тежеп)*. Мен сіз туралы ойымды өз ішімде қалдыруым керек.

Автомобиль даусы.

Кутов *(терезеге қарап)*. Его превосходительство.

Барлығы генерал кабинетіне беттейді. Кутов есікті серпіп ашып қап Колосовты көреді.

Кутов. Сен кімсің? Не істеп жүрсің есік сыртында?

Колосов. Мастермін, телефон түзеп жүрмін.

Кутов. Кейін кел.

Жәшік көтерген Горностаева, оның артынан Закатов келеді.

Горностаева. Бұ не болды, мырзалар-ау. Поручик Яровой, Максты тағы отырғызып қойды! Үшінші рет.

Яровой. Қашан?

Горностаева. Жаңа ғана. Көшеде. Мына жәшікті маған беріп, байымды контрразведкаға алып кетті.

Яровой (*Малининге*). Тегі сіздің кісілер Горностаевты тағы Қошқин деп қалған ғой.

Малинин. Жақсы. Қазір телефонмен білейін.

Горностаева мен Закаатовтан басқалар кетеді.

Горностаева. Үшінші рет! Өзі ауру адам! Бірде-бір жазығы болсашы!

Закаатов. Гүнәсіз кісіңе гүнәһар да солай дейтін әдет қой, ханым. Бірақ әкім адам момын қойды сүзеген текеден айырар.

Горностаева. Күнәсі не? Біресе, большевиктермен неге бірлестің деп еді, ал енді кеп: неге сахарин мен лимонды қыдыртып сатасың, неге спекуляция жасайсың дейді.

Закаатов. Сүйіктім, қыйналмаңыз. Жұртыңыз халал болса, абырой ала шығады.

Горностаева. Ия, абырой алса екі шыққаны аз болды ма! Сол абырой сіздің өз басыңызға келсе екен.

Закаатов. Несі бар. Ғайса мен әулиелер аштықты да, ғазап қорлықты да көрген. Жұртыңыз ғайыпсыз болса бұл көргені сауап қана болады, тек күпірлік келтірмеңіз. Бұнда большевик жоқ.

Горностаева. Отырса, сол бүліктер отырса етті. Мынау өз үкіметіміз еді ғой. Тоса-тоса тапқанмыз ба! Бар зыялы — абақтыда.

Закаатов. Ханым, зыялылар өздерінің өмір, бақыт бүліктігі үшін қаза шегеді. А, көріп отырғаныңыз солардың ісі. Нені ексең соны орасың. Міне сіздің жұбайыңыз профессор — сол өзінің биік мінбесінен нені уағыз етті дейсіз. Жас буынға нені үйретті. Патша мен дінді қорғау үшін үн шығарды ма?

Горностаева. Сіздің маған қадалғаныңыз не, батюшка-ау. Профессор келген соң нені үйреткенін өзінен сұраңыз. А, мен өзіңізден сұрайын, сіз нені үйреттіңіз. Уағазыңызды тыңдаған халқыңыз қайда. Профессорлар азғантай-ақ, оларды және аузын басып, менің Максiмдей қуғын-сүргінге салушы еді. А, сіздің басыңызға алтын тақ кигізіп, бар халықты шәкірт қып бермеп пе еді. Сіздің үйреткеніңіз қайсы?

Закаатов. Сабыр етіңіз...

Горностаева. Сізге құдай патшаны сақтауды тап-

сырып еді. Біз сіздерге сеніп ек. Сақтадыңыз ба. Тіпті өзіңізді айдап шыққан жоқ па?

З а к а т о в. Сізге бес түрлі дағуа айтуға рұқсат етіңіз!

Г о р н о с т а е в а. Сізді бар дағуаңызбен бірге қуып жатыр.

З а к а т о в. Ендеше, дәл сол бесінші дағуадан бастайын. Сіздің жұбайыңыз қызылдар тұсында кешкі университет ашып, ақтар келгенде қыдырып сахарин сатып кеткені несі?

Малинин келеді.

М а л и н и н. Профессор босады. Қазір осында болады.

З а к а т о в. Өне көрдіңіз бе, ақыйқат қандай тез орындалды. Тек дағуа көтеріп, қасыйлық етпеу керек еді. Зы-я-лы!

Кетеді. Горностаев кіреді.

Г о р н о с т а е в а (ұмтылып). Макс, Макс. Бү не?

Г о р н о с т а е в. Бұл босанғаным шығар. (Малининге.) Кетуге бола ма?

М а л и н и н. Ия, ия, профессор. Жаңсақтық үшін ғапу етіңіз. Е, сіз бен біз ескі таныспыз ғой. Есіңізде ме?

Г о р н о с т а е в. Ия, ия! Мен сіздің көзіңізді де бір жерде... А, жо, Дуньканың...

М а л и н и н. Не дейсіз?

Г о р н о с т а е в а. Е, ол бұның бір аңқаулығы емес пе, солай!

Г о р н а с т а е в. А, ия, жаңа есіме түсті. (Анықтап қарап.) Бәле, бәле, жандарм ротмистрі Малинин. Үйімде тінту жасап, кейін мені Вяткеге...

М а л и н и н. Міне, міне. А, бүгін енді босатуға тура кеп тұр. Жаңа достан ескі.

Г о р н о с т а е в. Я, я, дәл өзі. Құдыққа түкірме!

Г о р н о с т а е в а. Жұр, жұрші, құдай үшін.

Бұлар мен офицерлер кетеді. Панова көшірілген қағаздарды кабинетке апара жатады. Көрші бөлмеден Қолосов шығады. Токтатады.

Қ о л о с о в. Павла Петровна, бұл келген қандай қағаз?

П а н о в а. Аулақ жүріңіз.

Қ о л о с о в. Жегловшылар туралы ма. Құдай үшін айтсаңызшы?

П а н о в а. Сіздің не ақыңыз бар?

Колосов. Екі-ақ сөз: басқа ма, сол ма, жері қайсы екен?

Панова. Сізге білу қажет пе?

Колосов. Я. Олардың өмірі сіздің қолыңызда.

Панова. О, қалайша?

Колосов. Қалайша екенін айта алмаймын, бірақ солай!..

Панова. Кетіңіз дереу.

Колосов. Қарағым, абзалым! Сіз аямайды дегенге сенбеймін.

Панова. Аяғанда сізді солармен бірге аспайтынын аяймын. Осы арадан қазір жоғалмасаңыз, аянышым кетеді де, сізді де асады. Мен соны істеймін.

Колосов. Істеңіз, бірақ үкімді бекіткен қағаз келді ме, соны ғана айтыңызшы?

Панова. Чир! (*Чир кіреді*). Монтёр жұмысын бітіріпті. Завхоздың кабинетіне апарыңыз!

Чир Колосовты ертіп кетеді. Қараңғы терезеден Кошкин көрінеді, крестьянша киінген, қолында ыдысы бар.

Кошкин. Жолдас Панова!

Панова. Бұ кім, Роман... Сізге не керек?

Кошкин. Тоғайдың жемісін ала келдім. (*Ыдысын береді*).

Панова. Батыр-ау, сіз жындысыз ба?.. Ұсталасыз ғой қазір!

Кошкин. Қағаз келді ме? Қашан, қай жерде асады?

Панова. Кімді?

Кошкин. Ой, бол!

Панова. Білмеймін!

Кошкин. Білесіз!

Панова. Жөнеліңіз!

Кошкин (*тапанша төсеп*). Ну, сіз мені білесіз ғой. Жегловшы жолдастарымның өмірі маған өз өмірімнен қымбат!

Есік сыртында аяқ дыбысы.

Панова. Кетіңіз. Осында келеді.

Кошкин. Мен бұл нәрсемен ойнамаймын. Тостым! (*Кетеді*).

Чир келеді. «Патшалық құр атақ тап» деп әндетеді.

Панова. Сізге не керек, Чир?

Чир. Шақырмадыңыз ба?

Панова. Жок.

Чир. Кәрі кісі кейде қақас есітеді ғой.

Панова. Ендеше шоқына жүріңіз!

Чир (шоқынып). Жемістің исін-ай, өзі тоғайдікі ғой.

Халық деген тереді. Жасылдардан да қорықпайды.

Яровой кіреді.

Яровой. Чир, не дейсің?

Чир. Жемістің исі әдемі екен дейім, тоғайдыкі ғой.

Яровой. Бұны сізге кім ұсынды?

Панова. Табынған жігітім ше!

Чир. Табыну тәңірге ғана ылайық...

Яровой. Шық шапшаң. (Чир кетеді). Сізге табынушы кім екенін білуге бола ма?

Панова. Болмайды.

Яровой. Жемісті жасылдау жерінен әкелді ғой. Ер ғой?

Панова. Қорқақ емес.

Яровой. Тегі мұнда бір сүйіспендік романы бар ғой.

Панова. Я, азғана.

Яровой. А, сол кіші романыңыз — өзі үлкен әріппен жазылмай ма? (Бір-бірінің көздеріне қадалысады).

Панова. А сіз басқаның сүйіспендік романын оқығышсыз ба?

Яровай. Мен қызғаншақпын.

Есікте Кутов көрінеді, аз тыңдап, көрінбей кетеді.

Панова. Сіз өз әйеліңізді қызғаныңыз.

Яровой. Кімнен?

Панова. Мен шағымкой емес ем... айып етпеңіз?

Яровой. Ал, бірақ сіздің үстіңізден шағым етілсе — сіз де айып етпеңіз.

Панова. Ғажап. Сіз мені өз әйеліңізбен шатастырып тұрсыз ба деймін.

Яровой. Жок, мен сізді шатастырып тұрғам жок. Ол штабта қызмет жасамайды және жасылдармен жалғасы үшін басымен жауап бермейді.

Кетеді. Кутов келеді.

Кутов (өзін өзі ұстап). Павла Петровна, мен де қызғаншақпын. Мені осы мырзалардың қайсысына сатып жүрсіз, айтсаңызшы бір?

Панова. Шынында танымай және өзіңізді сауда пұлы деп түсінгеніңіз қолайсыз-ақ екен.

К у т о в. Павла Петровна, қыйнамаңыз. Тағы айтайын, мен сіздің табаныңыздың астына... арымды да, басқа барымды да тастауға әзірмін.

П а н о в а. Сізде абыройдан өзге тағы бірдеңе бар ма еді...

К у т о в. Абыройдан басқа... Лондон банкесінде қырық мың долларым бар. Соның бәрі сенікі, сенікі.

П а н о в а. Полковник мырза, мен төменгі чин адамы емеспін, сіз деп сөйлеуіңізді өтінемін. Екінші, қызметтен бөгемесеңіз екен. Отан қорғаны... сізсіз-ау?

Есікте Елисатов.

Е л и с а т о в. Бөгет жасадым ба?

К у т о в (*ашулы*). Жасаған жоқсыз! (*Кетеді*).

Е л и с а т о в. Сыртқы дос бекзалалардың тағы не қызығы бар екен? (*Оқып.*) А, Монто-Карло... Білесін бе, көгершінім, мен кеше тағы да жүз доллар ұтып алдым. А, капитан Кульков жүзігіне шейін ұтқызып, атылып өлем деп еді. Мен фронтқа кетуге көндірдім. Онда не оққа ұшады, не доллар табады.

П а н о в а. Сізге неліктен қол шыға береді?

Е л и с а т о в. Өйткені мен ең сенімді жерге бәс қоям ғой. Кульковтей мырзалар аққа ғана қояды — бөлшексіз, бірдің өзін ғана алғысы келеді.

П а н о в а. А, сіз қайсысына қоясыз?

Е л и с а т о в. Мен түс талғамаймын. Бірі болмаса бірін қайткенде де аламын ғой.

П а н о в а. Яғни.

Е л и с а т о в. Яғни не Ресейді, не сізді алам.

П а н о в а. Не дейсіз?

Е л и с а т о в. Не Москва барып Ресейді алам, немесе Париж кетіп бөлшексіз, бір ғана сізді алам.

П а н о в а. Сіздің Москва мен Парижда не алатыныңызды білмеймін. А, бұл жерде жағыңызға тиген шапалақты аларсыз және бір ғана емес, бірнешеуін аларсыз деймін.

Е л и с а т о в. Көзіңіз найзағай, найзағайдай жайнайды-ау! Күн шатырлап кетпесе еді.

Панова кетеді. Дунька кіреді.

Сау-сәлеметсіз бе, Авдотья Фоминишна. Не жақсылық айтасыз?

Д у н ь к а. А, ана фронтқа пропуск керек.

Е л и с а т о в. Біздің қаһарман әскерлерге не апармақ едіңіз?

Д у н ь к а. Жәй әшейін ұсак-түйек.

Е л и с а т о в. Әбзел жұмыс, әбзел.

Д у н ь к а. Е, әрине. Осы дін мен отан үшін бәріміз қан сорпа болуымыз керек қой.

Е л и с а т о в. Керек. А, менің сізге деген жеті пұт қантым бар.

Д у н ь к а. Неден сатасыз?

Е л и с а т о в. Миллион екі жүзден.

Д у н ь к а. Түү, мен кеше ғана жеті жүз мыңнан алдым ғой.

Е л и с а т о в. Бәсе, кеше ғана. А, бүгін... Сіз фронтқа барам дейсіз бе? Сол мүмкін болар ма екен?

Д у н ь к а. Құрып қалса да барасын. Өз пұлынмен жақсылық ет те және азап кеш.

Е л и с а т о в. Үлкен қыймылдар болмақшы, бөгде кісіні жібермейді.

Д у н ь к а. Е, мен өзім де әскердің сыңарымын ғой. Медалім қадаулы, бай хронтта...

Е л и с а т о в. Байыңды қойшы. Өз байлауын не десең де бейбітшілік жағына бейім ғой.

Д у н ь к а. Жә, миллион болсын!

Е л и с а т о в. Бір ғана сіздің жұбайыңыздың соғыстағы қайратын құрметтегендіктен және сіздің бұндағы ізгілігіңізді сыйлағандықтан беремін.

Д у н ь к а. Бәсе десеңші! Ол онда арпалысады, мен мұнда тыпырлаймын. Соны тіпті есіне алған жан болсашы?

Е л и с а т о в. Жалғыз мен ғой. Әлгі сіздің үлкен айнаңызды сындырғанын білесіз бе?

Д у н ь к а. Ойбай, әлгі өзімнің каптенармусым Кузьма Ильич жүрегімді жұмсаппағанда...

Е л и с а т о в. Е, онікі кейін ғой. Ал ең алдымен мен: революцияның қорғансыз құрсауы, дауыл қуған көгершін деген мен ғой...

Д у н ь к а. Әй тіпті өтірік айтсаңыз да, білімпаздық сөздерге қарсы шыдар дәтім болмайды... Құмарлығы құрғыр бір осал жерім.

Е л и с а т о в. Ол мына жуандығыңыздан ғой. Ал қант, ақша пропуск қазір әзір болады.

Д у н ь к а. Жарым пұлын екі күннен соң алуға сенесіз бе?

Елисатов. Ой, сандуғашым,-ай, мен өзіме өзім де бір секундка сенбеймін.

Дунька. Тіпті ант етейін.

Елисатов. Маған өз антымнан сенімді нәрсе жоқ, бірақ мен оған да сенбеймін! (*Дунька кетеді. Елисатов есікте тұрып*). Міне капитан, біздің отанды жанымен сүйетін Авдотья Фоминишна жетсем дейді... (*Кетеді*).

Көшеде күй естіледі, дауыстар, Любовь кіре беріп тұрып қалады, кейін Панова келеді.

Панова. Бұ кім? Чир, сізбісіз?

Любовь. Жоқ, бұл мен.

Панова. А, жолдас Яровая, кімге келдіңіз?

Любовь. Сізге

Панова. Немене?

Любовь. Білейін дегенім... Қөмек етсеңіз қайтеді...

Панова. Не керек?

Любовь. Менің комсомол шәкірттерімді жауып қойыпты. Полковник Малининге айтайын деп ем, бар ма екен?

Панова. Жоқ.

Любовь. Эттеген-ай... Тосайын ендеше.

Панова. Мейліңіз.

Любовь. Павла Петровна, мен... жегловшылар жайында... Ваня айтып еді...

Панова. Тыңданызшы.

Любовь. Жоқ, сіз, сіз тыңдаңыз.

Панова. Ал тыңдайын.

Любовь. Жәрдем етіңіз. Айтыңыз, айналайын. Сіздің қолыңызда сондайлық, сондайлық адамдардың өмірі тұр ғой...

Панова. Олардың өмірі менің қолымда анық болса, әлдеқашан тұншықтырған болар ем.

Любовь. Сенбеймін...

Панова. Арыма сеніңіз. Егер де жегловшылардың орнында ақ қанішерлер болып, менің орнымда сіз болсаңыз құтқарар ма едіңіз соларды.

Любовь. Біз бір-біріміздің орнымызда ешуақытта болмаспыз. Бірақ сіз екеуміз де тұл қатынбыз, шын-ақ біздейлердің саны көбейсін деп тілейсіз бе?

Панова. О, тілеймін! Жөнеліңіз!

Чир қағаздар әкеп столға қойып кетіп қалады.

Любовь. Бұ не?

Панова. Жаңа почта.

Любовь. Ол да осында болар.

Панова. Болса болар.

Кетеді. Любовь столға жетіп кеп қағаз ақтармақ болады. Чир көрінеді, Любовь айнала қарағанда Чирді көреді.

Любовь. Полковникке келіп ем, жоқ екен.

Чир. Жоқ.

Любовь. Жұмысым бар еді.

Чир. Солай.

Любовь. Тосу керек.

Чир. Керек. *(Аз кідіріс)*.

Любовь. Маған су беріңізші.

Чир. Иманға сусаған жаныңызды сулармен шыла...

Любовь. Бермедіңіз бе? Әй азғын. *(Кетпек болады)*.

Чир *(жолын бөген)*. Азғын емес, менің кітаптағы атым Йов.

Любовь. Тұр былай!

Чир. Тоса тұрасын.

Любовь. Жақсы. А, сен осы ақ болғанбысың?

Чир. Пак болып өзгеріп еді — тоны да қардай аппак екен.

Любовь. Е, сөйтіп Ғайса боп шықтың ба?

Чир. Жоқ. Қайта ана қызыл жындар ғой, мені дажал етіп жүрген.

Малинин кіреді.

Малинин. Немене? Не керек?

Любовь. Менің... білейін дегенім...

Чир. Білейін дегені хаттар көрінеді.

Малинин. Хаттар? Сіз кімсіз?

Любовь. Мен оқытушымын. Жөнін білейін дегенім...

Малинин. Ненің жөнін?

Любовь. Менің шәкірттерім арестке алыныпты. Мынау деген ақ сүйек семьялардың тәрбиелі балалары еді... Жаңсақтық болды ма деймін.

Малинин. Я, мүмкін. Отыра тұрыңызшы.

Любовь. Сөйтіп келгенім, білмегім... босату жайы еді. *(Қағаздарды көзімен тінте бастайды)*.

Малинин *(байқап қап)*. Сіз сөйтіп өтіне келдіңіз бе? Білмекке келдіңіз бе?

Любовь. Я... өтінемін... пожалуыста.

Малинин. Фамилияңыз кім?

Любовь. Мен... Яровая.

М а л и н и н. Поручик Яровойдың жақыны емессіз бе?
Л ю б о в ь. Я... ағайынбыз. Студент күнінде біздің инициалымызда қонақ болған еді. Бірақ қызыл боп шыққан соң біз одан аулақтап едік.

М а л и н и н. Имениелеріңіз қай жерде еді?

Л ю б о в ь. Құдай-ау, бұл күнде инициалер қалды ма? Ардақты полковник, қай күні, қашан қайырып әпересіздер соларымызды.

М а л и н и н. Сабыр етіңіз, жаным, сабыр, тәңір жәрдем етсе тез қайырамыз.

Л ю б о в ь. Бар үмітіміз бір құдай, бір сіздерсіз ғой.

М а л и н и н. Мерси, мерси. Аянбаспыз. Сөйтіп, мен сіздің ісіңіз жайын білейін. Титтей тоса тұрыңыз.

Л ю б о в ь. Пожалуйста.

Малинин есікті шала жауып шығып кетеді. Любовь қағаздарға кол соза береді. Есік шалқасынан ашыла қалады. Малинин карап тұр.

М а л и н и н. Я! Сізге қандай справка керек, айтыңыз шыныңызды.

Л ю б о в ь. Мен сізге түк те айтпаймын.

М а л и н и н. Сіз поручик Яровойдың шын жақыны емессіз бе?

Любовь үндемейді. Малинин телефонды алып.

Он екі: сізде поручик Яровой бар ма? Қазір келсін! (*Трубканы іліп*). Сөйтіп жауап бермейсіз ғой?

Любовь үндемейді. Яровой кіреді.

Я р о в о й. Люба...

М а л и н и н. Сіздің жақыныңыз ғой?

Я р о в о й. Әйелім.

М а л и н и н. А, солай ма еді! Мен оны білгем жоқ.

Я р о в о й. Немене?

М а л и н и н. Сіздің әйеліңіз біздің қағазымызға қатты қызығатын сыяқты.

Я р о в о й. А, сөйтетінін біліп ем... Ғапу етіңіз, полковник, бұл бір үй ішінің кішкене драмасы. Менің әйелім аса қызғаншақ. Бұл бір сөз. Менің қағаздарымның ішінен ылғи әйел хатын іздейді. Ол хаттар кеңсе арқылы келеді деп жорамалдайды. Люба, бері жүрші.

Олар кетеді. Көшеде автомобиль даусы, гимн үні.

М а л и н и н. Его превосходительство.

Салтанатты баскомандашыны карсы алу. Құрметті қарауыл, музыка. Антанта өкілдері. Делегаттар. Біреу тұз бен нан ұсынады.

Закатов. Ваше высокопревосходительство, Селезневкеде дұшпанды жеңгендік құрметіне, сіздей Россия үстінде қалқып жүрген сайып қыран-командирімізге құтты болсын айтамыз. Ұшпу, мыңдаған тұтқындар, от шашар зеңбіректер, от төккіш пулметтер — барлық жәлпеп, мазлұмдарды отанымыздан орыс халқының бір сәтте айдап тастап, сөйтіп қайырлы сағатта, қырық жерде қырық шеркеуін күле жайнатып күңіретіп отырып, анамыз Москваның ішіне кіріп, тәңір пәрменімен падышам болған әміршімізге өзінің тәж-тақытын әпереміз деп шаунамыз.

Генерал. Рахмет.

Алпауыттар өкілі. Ваше высокопревосходительство, біз жерге байланысты қауымбыз, бар иманымызбен сенеміз... Орыс жері халық әміршіге қайтқан уақыттан бастап, сол жердің бөлшек-бөлшектері бұрынғы иелеріне және қайтады деп шаунамыз. Себебі бүтін болу үшін барлық бөлшектер өз орнында болу лазым. Кереметті Россия қайтады. Жеке меншік қайтатын құзыр деп білеміз.

Генерал. Рахмет.

Өндіріс өкілі. Ваше высокопревосходительство, біз өндіріс еңбегінің қауымымыз. Біздің де аянышымыз — бүгінде талқан болған өндірістер, ұлық әміршінің қолымен ғапа бүтінделеді деп білеміз.

Генерал. Рахмет.

Фольгин. Ваше высокопревосходительство, қызметкер зыялылар атынан бір сауал беруге рұқсат өтінем: осы тегі монархия болғанда қандайы болмақшы?

Генерал. Рах... Қім дейсіз?

Фольгин. Конституция монархиясы болса біз құттықтаймыз, ал жалғыз патша әмірі...

Генерал Фольгинге жаман көзімен қарайды. Кабинетке кетеді. Закатов және басқалары бірге кетеді.

Малинин. Фольгин мырза, не деген...

Фольгин. Бірақ менің өмір бойғы қыялым конституция ғой.

Малинин. Ал, менің өмір бойғы алысқаным сол конституция болатын.

Барлығы кетеді. Малинин кейіндеп қалып Пановаға.

Қымбаттым, сөйтіп бүгін таң атқанша билейміз бе?

Панова. Күн шыққанша билейміз.

М а л и н и н. Менің күнім — өзіңізсіз! (*Қолын сүйеді*).

Кутов кіреді.

К у т о в. Полковник мырза, бұныңыз не... Его превосходительствоны... ұмытқансыз ба? Мен сіздің даяшыңыз емеспін.

М а л и н и н. Жақсы ендеше... (*Кетеді*).

К у т о в (*ашулы*). Жарайды. Мен де есімде тұтамын. Павла Петровна! Не мен, не сіл деңіз.

П а н о в а. А? Егер сіз де, ол да емес десем қайтеді?

К у т о в. Павла Петровна! Тегі қауіпті ойынды тастаңыз.

П а н о в а. Жо, тастағанша, әртүрлі жағдайын байқап көрерміз.

К у т о в. Мәселен?

П а н о в а. Мәселен: сіз емес, ол десем?

К у т о в. Онда оны өлтірем.

П а н о в а. Егер сіз де, ол да десем?

К у т о в. Онда сізді өлтірем.

П а н о в а. О! Бүгін менің кісі өлтіргіштерім көбейіп кетпей ме?

К у т о в. Павла Петровна, дәрі көмілген жерде сағырақ болыңыз. Мен сіздің қызылдармен байланысыңыз барын білем ғой.

П а н о в а. Менің қызылдарда не үшін істегенімді жұрттың бәрі біледі.

К у т о в. Ендеше мінеки. (*Ақырын*.) Бүгін менде боласыз, әйтпесе ертең әлгі мәселені контрразведка тексереді. Сағат сегізде, ұқтыңыз ба?

П а н о в а. А! (*Тістеніп*). Жақсы...

Кутов қолынан сүйіп кетіп қалады. Любовь кіреді.

Л ю б о в ь. Мені сізге Роман жіберді... Ең соңғы келгенім...

П а н о в а. Шын соңғы ма?

Л ю б о в ь. Бұйрық келді ме?

П а н о в а. Келді.

Л ю б о в ь. Ол қайда?

П а н о в а. Полковник Кутовтың портфелінде.

Л ю б о в ь. Осы... рас па?

П а н о в а. Я, я!

Дунька жүгіріп келеді. Любовь кетеді.

Дунька. Бұнда Елисатов жоқ па, бөйжеткен?

Панова. Жоқ, бөйжеткен.

Дунька. Мен шынды айтсам, бөйжеткендіктен өткен едім.

Панова. Ал сіз шынды айтпаңыз.

Дунька. Әй, оны орамалмен бүркей алмайсың. Қап, иттің баласы, жүлік емей кім, осы Елисатов. Қантынын қақ жарымы топырақ. Жақсылығым үшін жапа шеккенімді қайтейін, сайтанның сапалағынан! Ой, тәңірім-ай! (*Жөнеледі*).

Елисатов пен Кутов келеді.

Елисатов. Біз дедім, ваше высокопревосходительство, ар мен алажақтың адамымыз, отан үшін бастың қамын құрбан етеміз дедім.

Панова. Сізге осында Дунька құштар көрінеді. Өзі сізді жулик деп және әлдекімнің баласы деп жүр.

Елисатов. Біздің бәріміз де Россия ұлымыз, Павла Петровна!

Панова. Жоқ, ол тегі сіздің ата тегіңізді басқарақ айтатын тәрізді.

Елисатов. Мен оны қазір айдап шығайын. Қай есікпен кетті өзі? (*Панова көрсетеді*). Қазір табайын! (*Басқа есікпен кетеді*).

Кутов. Жұмысты доғарыңыз. Мен үйге бара жатырмын.

Панова. Жақсы, ендеше бақшаға барып тоса тұрыңыз. Қазір барамын.

Кутов. Мерси. Тосамын!

Кетіп бара жатып есік алдында Любовьқа кездеседі. Любовь мұның артынан қарап қалады. Яровой кіреді.

Яровой. Павла Петровна, генерал сізге шет патшалықтар газетін алып келсін дейді. (*Панова кетеді*). Бұнда саған не бар? (*Любовь кетпек болады. Яровой жолын бөген.*) Тоқта!

Любовь. Арестке алмақпысың?

Яровой. Люба... Тәңірім-ау... Азабынды ғана бітірші! Көрістік те айрылыстық. Көргің келмегені ме? Ай болды, түн сайын терезенің алдында жүремін.

Любовь. Жүрмеген екі түнің де бар.

Яровой. А... Ол қашан?

Любовь. Сот мәжілісінде болған түндерің. Ертеңінде фонарьларда кісілер асулы тұрмап па еді.

Яровой. Люба... Бір шақта маған қалтқысыз сенген, Люба қайдасың осы?

Любовь. Сен қайдасың?

Яровой. Осында, қасыңдамын. Сондағы шындығыммен кеп тұрмын.

Любовь. Ол шындық менде.

Яровой. Саған оны алмастырып беріп жүр. Ал мен ант етейін, бұрынғы қалпыңдамын.

Любовь. Мен сенің атыңнан, осы бүгінгі сенің қалпыңды мәңгі жек көруге ертеде ант етіп қойғам.

Яровой. Бұл қарғысқа неліктен ұшырадық осы?

Любовь. Неліктен?

Яровой. Тындашы, баяғыңша тындашы!

Любовь. Баяғы тыңдағаным бұл адам емес-ті.

Яровой. Сен тыңдамай, басқа бір нәрсеге қобалжып тұрсың ғой.

Любовь. Сенің барлық қорлық сөздеріңді білемін: «Біз революционер атымен жүрген қарын құлымыз. Біз асылзада одақ патшаларды алдадық. Біз қарғыс тиген Қайн қанішер, бұзақы, қаражүзділерміз» дейсің ғой.

Яровой. Жоқ, одан да жаман... Ол айтқандарында тым құрса дін мен отан бар ғой. Мыналарда жалғыз бас қамы мен қарын ғана десеңші.

Любовь. Бақыл бол. *(Кетпек болады)*.

Яровой. Тоқтай тұр. Сен аз оқыған көрінесің, Люба.

Любовь. Я, а сен аз көріпсің.

Яровой. О! Аса көп десеңші! Замостье тұсынан бір шабуыл жасағалы келе жатыр ек. Бір сәтте, бір топ танбалы азғындар: «Соғыс жойылысын!» деп айғай салғаны. Біреуі арқама найза қадап, бірі қолымнан атып, кейін қашып кетісті. Немістер тауып ап жарамды жазды. Және өзіме нағыз бостандықты ертеде құрып алған халықтың бүгінде нағыз революция жасап, мәдениетті қорғап жатқан үлгі қалпын көрсетті. Ол бостандық біздің түсімізге де кірмеген екен. Бірақ сол бостандық үшін өзімді де, сені де аямағанымды білесің ғой... Ендеше осы бостандыққа түкіріп, халық қанына тоғытқан жандарды да аямаймын. Соғыс шегіне жеткенше...

Любовь. Команда жасаушы баяғы охраниктер ғой...

Яровой. Ол бір біткен топ. Дауыл ұшырған қу жапырақ қой, оларсыз-ақ күшіміз жетеді.

Любовь. Жендеттер ме?

Яровой. Жендеттер онда.

Любовь. Сендердің фонарьларыңда асулы ғой.

Яровой. Е, ол фронт. Ал сені бұл фронттың арғы бетіне жібермеймін, Люба. Жіберу үшін тапқам жоқ. Сен екеуіміздің екі айыр жолмен кетуіміз сұмдық қой. Бір-бірімізді таба салысымен екі айрылмақпыз ба?

Любовь. Жоқ, одан да жаман. Жолымыз екеу емес. Бір жолда көп қақтықтық, енді біріміз жардан ұшармыз.

Яровой. Люба, мен оған жол бермеймін.

Любовь. Құдіретің қайсы! Біз енді бұрынғы адамдар емеспіз: мен күштімін де, сен сорлысың.

Елисатов жүгіріп келеді. Көшеде шу. Халық келеді, арасында Панова.

Елисатов. Мырзалар, сұмдық! Полковник Куовты өлтіріп кетіпті.

Дауыстар. Не дейді? Қай жерде?

Елисатов. Жаңа ғана, осы пұшпақтағы бақ ішінде өлтіріпті. Тегі бір нәрсемен ұрып жықса керек.

Дауыстар. Тонап кетіп пе?

Елисатов. Жоқ, портфелін ғана алыпты.

Яровой Любовь пен Пановаға қарайды.

Ш ы м ы л д ы к

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Кешкі уақыт. Қала бағы. Сусын сататын павильон-кафе. Оркестр. Халық. Газет, папирос, тағы басқа уақ-түйек сатушылар.

Газет сатушы. Соңғы хабар, кешкі газет. Зор жеңіс!

Папирос сатушы. Жоғары сортты папирос. Мейлінше арзан папирос.

Газет сатушы. Соңғы хабар, кешкі газет. Ерікті армияның ерлігі. Большевиктер бітешек.

Папирос сатушы. Ең жоғары сортты папирос, өзі анағұрлым арзан! Он штүгі он-ақ мың!

Газет сатушы (*папирос сатушыға ақырын*). Любовьтің мектебінде, сағат бірде.

Папирос сатушы. Құп! Жоғары сортты папирос.

Етік тазалаушының қасында бай қатын әндетіп тұр.

Бай қатын. Бар жыйғаным, бар асылым барлығы да жоқ болды.

Офицер (*осы әйелдің қасында тұрып*). Жүріңізші, сәулешім. Қатты өтінемін. Жүріңізші.

Етік тазалаушыға ақша төлеп, столдар тұрған жаққа кетеді. Ол жақта мас офицерлер мен жалаңаш әйелдер лық толы.

Гүл сатушы әйел. Пожалуйста, жас жауғазын! Қош иісті бәйшешек!

Горностаева. Сахарин, сода... Ащы бұрыш, лимон қышқылы.

Газет сатушы. Соңғы хабар, кешкі газет.

Папирос сатушы әйел. Жоғары сортты папирос, өзі арзан! (*Етік тазалаушыға ақырын*). Сағат бірде, Любовьтің мектебінде...

Етік тазалаушы (*есітпеген бол*). Бек әдемі гута-лин, резинка мен жақсы бау, өздері арзан. Бек әдемі гута-лин.

Стол басында Елисатов отыр, алдында план.

Дауыстар. Елисатов мырза, пожалуйста, маған бірінші қатардан тағы бір жер беріңіз. Бұл тіпті ашқарақтай! Елисатов мырза, бірінші қатардағы жерді маған қалдырыңыз.

Елисатов. Мырзалар, болашақ курорт «Аркадияның» бос жерлері тегіс сатылып болып қалды. Енді ең соңғы жерлер ғана қалды.

І-мырза. Планды көрсетіңізші, осы менің жерім қай тұста?

Елисатов. Бұйырыңыз. Жерін көрдіңіз ғой? Тапмына тұрған курорттың үлкен залы.

І-мырза. Қазір анау алабота басқан жер ме?

Елисатов. Жоқ, алаботаның тұсында ағылшындық бақ болады. Мынау әзірше боқтық үйілген жер, шұрайлы болады.

І-мырза. Жақсы, алдым, пожалуйста задатка алыңыз.

Закатов. Мен, бірінші қатардан тағы бір жер алсам ба деп ем.

Е л и с а т о в. Амал жоқ, осы соңғысы.

М а т у ш к а. Құдай-ау, енді қайттік?

Е л и с а т о в. А, сіз екінші қатардап алыңыз, матушка! Тамаша жер мінеки. «Қыял фонтаны» деген болашақ фонтанның қақ қасы. Ал ана біріншіңізді сата қойыңыз.

З а к а т о в. Сат, апасы. Бол.

Матушка Елисатовқа ақша береді, қағаз алады. II-мырза жүгірін келеді.

II-м ы р з а. Елисатов мырза! Маған екі орын қалдырып па едіңіз?

Е л и с а т о в. Бір де орын жоқ, мырзалар. Болашақ курорт «Аркадия» маңындағы жердің бәрі сатылып қойды. *(Планын орап, ақшасын тығады.)*

II-м ы р з а. Ау, батыр-ау, мен отан үшін отқа түсіп жүргем жоқ па?

Е л и с а т о в. Бәріміз де түсіп жүрміз. Тіпті болмаса каракөл елтірісі мен күріш бар, жалғыз-ақ тік көтере аласыз.

II-м ы р з а. Барон, сонымен іс бітті. Петербурттағы сарайыңыз үшін менің Қырымдағы дачамды аласыз, үстеуіне бес қадақ қапт қостым.

Б а р о н. Тоқтаңыз, костюмше? Ал монпансье болмасын, қанттың дәл өзі!

Панова шығады, оның соңынан қызғындау Малинин шығады.

П а н о в а. Міне ай да туып келеді. Бірақ мен қыял ете алмаймын. Орыстың айы... Бұл да орыстың қазіргі жеріндей кірлеген, былғанған...

М а л и н и н. Оқа емес, біз оны тазалап тұрып, дөп-дөнгелек қып өзіңізге қайырып береміз.

П а н о в а. Тәңір жарылғасын. Сіз осы қай кезде дөп-дөнгелек ақмақсыз, мас күніңізде ме, жоқ сауыңызда ма? Ашуланбаңыз, мен бір жағынан өзімді айтам. Міне ішгім де ақмақ болдым. А, бұрын ақылды болушы ем. Бұл тегі киімімнің жамандығынан болар... Киімі жаман әйел ақылды бола алмайды ғой.

М а л и н и н. Павла Петровна, маған өмір беріңізші, мен сізді ханшадай киіндірейін.

П а н о в а. Маған өмір беріңіз, сонда өзім де Пановадай киінермін.

М а л и н и н. Тоты, тоты...

П а н о в а. Полковник, байқаңыз...

М а л и н и н. О, о... мен байқаймын... Мен өзімнің полковник, жандарм полковнигі екенімді түсімде де байқаймын.

Би басқарушы жүгіріп келеді.

Би басқарушы. Мырзалар, би басталып жатыр! Ле кавалье ангаже ле дам!

Жүгіріп кетеді. Пановаға офицер жетіп келеді.

Павла Петровна, рұқсат етіңіз (*Биге әкетеді*).

Малинин артынан өте бергенде, Яровой жетіп келеді.

Я р о в о й. Полковник Малинин!

М а л и н и н. Мен.

Я р о в о й (*ақырын*). Сауық құра беріңіз, бірақ сак болуыңызды өтінем.

М а л и н и н. А немене, өлтірушінің ізін таптыңыз ба?

Я р о в о й. Қалай десем екен...

М а л и н и н. Бірақ, соларға полковник Кутовта не бар еді?

Я р о в о й. Жұмбақ! Портфелінен бірдеме іздеген тәрізді.

М а л и н и н. Бірақ портфельді тастап кетіпті, бар қағазы да түгел ғой.

Я р о в о й. Әзірше ешнәрсені кесіп айта алмаймын.

М а л и н и н. Қалай құтырады бәтір-ау! Бүгін-ақ есебін қайыру керек. Үкімнің бекуі келді. Жегловшыларды тап сәрінен бақ ішіне асып тастау керек.

Я р о в о й. Я, Қошкиннің бар күткені сол ғана.

М а л и н и н. Қошкин алыста.

Я р о в о й. Қошкин осында.

М а л и н и н. Не дейді, қалай осында?

Я р о в о й. Осы қалада деп білем. Мына Кутов ісі соның қолы.

М а л и н и н. Солай-солай... Я, сізше жегловшыларды бөгей тұру керек қой?

Я р о в о й. Сөз жоқ. Қошкин бір нәрсе әзірлеп жүр. Бір түйін байланып келеді, бірақ ұшығын ұстау қыйын. Қазір екеуіміз бір-бірімізді сыйқыршыдай қуып жүрміз.

М а л и н и н. Я, мен де соны сезіп ем.

Я р о в о й. Сөйтіп мен сізден отрядты әзір ұстауыңызды сұраймын.

М а л и н и н. Я, я, пожалуыста.

Я р о в о й. Майдан қалай?

М а л и н и н. Күндізгі жайсыз хабардан баска ештеңе жоқ.

Я р о в о й. Солай ма... Байқаңыз, сақ болыңыз. (*Кетеді*).

Жолдағыларды қағып-соғып Мария жүгіре шығады. Малининді қағып кетеді.

М а л и н и н. Ой қақпас, кімді қағасың!

М а р и я. Жоғал! Семканы көріпті осында. (*Верандада ас ішіп жатқандардың айғайы*).

Д а у ы с. Хазірет патшамыздың ұрпағының саулығына!

М а р и я. Соларыңмен қақалып қал!

Д а у ы с т а р. Ура!

М а л и н и н. Сен қатып, не дедің осы?

М а р и я. Мен не дедім, ештеңе де дегенім жоқ.

М а л и н и н. Әй, патруль!

М а р и я. Не дедім? Жалғыз-ақ айтқаным: соны іше алмай қал дегенім бе?

М а л и н и н. «Соның» кім?

М а р и я. Мен қайдан білейін, не жеп жатқанын!

М а л и н и н. Жерсің ендеше дүрені! (*Семен тақап келгенде*.) Ал мынаны!

С е м е н. Ап... ап... апатай...

М а р и я. О... бұның кім?

С е м е н.. Бұ мен, Семен Скопцов қой. Аманбысың, апажан-ау! (*Сүйеді*).

М а р и я. Сен... Е, көзің қайда? Өй, иттің балалары. Іздеген бейнетімнен садаға, өншен. Көріңде өкіргір, өңшен...

М а л и н и н. Ну, сенің бақытыңа балаң да инвалид екен. (*Павильонға кетеді*).

М а р и я. Осындай бақ өз балаңның басына келсін. Ал Гришка қайда?

С е м е н. Өзімнің де іздегенім сол, апажан. Жерге кірсе де қоймаймын. Өшімді аламын. Зорықтырып өлтірген екі атым ше, тыққан жерімнен қазып алған жүз сегіз пұт бидайым ше. Қайтарамын орайын. Жерге кірсе де қоймаймын. Атымның өшіне бақалшағын шағамын, бидайымның өшіне шиегтей қып қанын ағызамын.

М а р и я. Е, өзі де көрде шығар.

С е м е н. Көрде болса да табамын. Дүниені шарласам да ақ малымды аламын. Мен қан сорпа боп мал жый-

ганда қайда жүрген екен ол ку бандит. Мен тырнақтап жыймап па ем! Оқын алып, купецтің арзан нанын жемеп пе еді? Сол купецтің ғой тағы өзің атты. Бірге туысқан мені де талатты. Жыйырма жылдық бейнетімді бір түнде жоқ қылды.

Мария. Әй қуарғандар! Жалғыз көзі қалғанын қарасаңшы!

Семен. Түк те емес. Мен оның екі көзін бірдей жұмдырамын.

Мария. Өй, төбеңнен ұрғыр, жүр, шелпек пісіріп берейін.

Семен. Болмайды, күзетте тұрмын.

Мария. Ендеше осында әкелем. Әй қуарған, төбеңнен жортқырлар. Қатынды қайдан табам енді сен ку соқырға!

Кетеді. Көлеңкеде Любовь пен Колосов бара жаталы.

Любовь. Енді нені тосамыз?

Колосов. Тақ осы түнде болар. Асуға әзірленіп жатқан тәрізді.

Любовь. Не дейсіз?

Колосов. Абақтыға кештен бастап отряд кірді. Ал Чир үйінде құран оқытарлық шелпек әзірлеп жатыр. Және ылғи әндетіп иман айтып жүр. Бұл дарға кісі асылар алдындағы әдеті. *(Кете береді).*

Любовь. Тез барып Романға айтыңыз. Бұйрығын мектеп сыртында тосамын.

Верандадан Фольгин мен Елисатов түседі.

Фольгин. Мырзалар! Әрдайым құтқарушы рақымды заң ғой!

Елисатов. Неге айғайлайсыз?

Фольгин. Реакцияның қараңғы күшін тоқтатушы заң ғой.

Елисатов. Қайта реакцияны тоқтату заңсыз. Ол қыймылға егескен қарсы қыймыл. Табиғат заңы тоқта деген жерде барып өзі де тоқтайды.

Фольгин. Оны халық тоқтатады.

Елисатов. Қазір халықтың өзінде де көзсіз реакция!

Лакейге пұл төлеп верандадан түседі. Алдынан тоқылдақ ұстаған Горностаев кездеседі.

Амансыз ба, профессор!
Горностаев. Есенсіз бе!
Елисатов. Бұныңыз не?
Горностаев. Не екенін аспабымнан таныңыз.
Өзіңіз ше?

Елисатов. Мен құралсызбын. Сақтар түгім жоқ:
қайыршымын!

Закатов шығады.

Закатов. Жер жастанған фақырлыққа езулік.

Елисатов. Өзгелер жастансын. Менің ісім сату
ғана. Ал, сіздің сауданыз қайда?

Горностаев. Бітті. Магазинді де, бар істі де қа-
тын өз қолына алды. Мені бір тілім нан үшін Дунькаға
күзетші қып тағайындады. Мырзалар, тіл үшін бір ғажа-
йып заман болды-ау. Тіл өзінің дүниеге келгендегі мағ-
насын қайта тапты. Магазинді қатын өз қолына алды —
дәл мағнасында алды. Мынау ше! Бір тілім нан маған
да — дәл мағнасында... Мінеки!

Фольгин. Атамаңыз, өте дұрыс. Мені бүгін көше-
ге шығарып тастады — дәл мағнада. Бөлмеме сүзекпен
ауырғандарды кіргізді. Доктор маған жүрегің жаман,
жұқса тура өлесің дейді. Ал аурулар сандырақтайды.
Өздері былғаныш, бит басқан.

Закатов. Я-я, орыс халқы үлкен дәруеш қой. Ші-
ріп, тесіліп былғанып жатса да, бүкіл әлемге таза, ар-
дақты шындықты мадақтайды. Я, Россия және ақыйқат-
ты қанды азаппен толғатып отырып табады.

Елисатов. Жо, сіздің бұныңыз дәл мағнада емес.
Алмағайып нәрсе ғой. Мүмкін, осының бәрі толғақ емес,
құр ішауру болса қайтесіз?

Горностаев. Неден ішауру болады?

Елисатов. Неден. Ал, мысалы бостандықты көп
жегеннен де болады.

Фольгин. Осындай көзқараспен Россияда тұруға...
(Кетеді).

Елисатов. Россия қайда? Көзқарас қайда?

Закатов. Көзқарас болмаса дін бар ғой. Халық
құдайшыл ғой, сол тәңрінің жолын іздейді.

Горностаев. Я-я... Елесін іздейді.

Елисатов. Соны менің үйімнен жеті рет іздеп кел-
ді. Еденіме шейін талқандап, құдай жолына барымды
алып кетті. Құдайшылдар тіпті орындығыма шейін алды.

Закатов. Тәңрі опың есесін жүз мәртебе қып қайырады.

Горностаев. Я, я... (Елисатовқа қадала қарап.)
Әлгі осы дача салушы сізсіз бе?

Елисатов. Қай жағынан айтасыз?

Горностаев. Қу... Далаңың құлдыр қуы...

Елисатов. Профессор, тегі мынауыңыз аса дәл мағнада боп жүрмесін.

Горностаев. А? Гапу етіңіз, әлде басқа ма еді?

Елисатов кетеді. Колосов келеді.

Фольгин жетіп келеді.

Ардан азғанның белгісі:

Фольгин. Ардақты профессор, маған бір кеңес қажет.

Горностаев. Кеңес?

Алыста Горностаеваның даусы: «Сахарин, ащы бұрыш, лимон қыпқылы».

Осы кімнің айғайы?

Колосов. Ол сіздің әйеліңіз ғой.

Горностаев. Даусы қандай нашар еді.

Фольгин. Профессор, менің шаруам аса үлкен деймін.

Горностаев. Я? Пожалуйста. Сіз немене? Бриллиант немесе ұн жайы ма!

Фольгин. Жоқ, мен адал адаммын. (Ренжіп.)

Осындағы жер комиссиясының мүшесі ғанамыз.

Горностаев. Не айтпақ едіңіз?

Фольгин. Айтайын дегенім, осы мәңгілік ішінде әркімнің өмір сағаты бар ғой. Сол сағаты өз цифрын айналып, мезгіл санап жүріп жатпай ма? Менің сағатымның сол сапары қазір қаралы цифрға тақап кеп тұр.

Горностаев. Қысқаша, қара сөзбен айтыңыз.

Фольгин. Мені бит шағып алды.

Горностаев. Бұл... дәл мағна ма, тұспал ма?

Фольгин. Не қылған тұспал? Жаңа ғана сықтым...

Енді қайтпек керек?

Горностаев. Орнын қасыңыз... Көйлек...

Фольгин. Сүзектің биті. Екі жұмадан соң мен жоқпын!

Горностаев. Ой, ол дәркүмән.

Фольгин. Жо, күмәнсіз... Бұл соншалық ұлы жа-

ңалық! Екі-ақ жұма тірлік, содан әрі табытпын, жоқпын. Но, бірақ екі жұма менікі. Мен енді шексіз зор әміршімін, келешектен қорқарым жоқ. Тілесем: зор қайрат та, жауыз сұмдық та істей алам. Кісі өлтіріп, жер де өртей алам. Бит шағып, енді мәңгіліктің табалдырығынан аттанған соң жаңағылардың несі бұйым. Ал енді кеңес беріңіз!

Горностаев. Сіздің бит шақпастан бұрынғы кәсібіңіз не еді?

Фольгин. Палатада қызмет еттім және құпия түрде болса да бар қыял қылғаным конституция еді.

Горностаев тоқылдағын қағып, жүріп кетеді.

Қолосов. Тоқтаңызшы, тап сізге лайық бір жұмыс бар. Зор қайрат болады.

Фольгин. Мәселен?

Қолосов. Бүгін дарға асылатын бес кісі бар, соларды құтқару.

Фольгин. Е, большевиктер ғой?

Қолосов. Я, бес адамның өмірі!

Фольгин. Бірақ мұнда екі негіз қағысып қалады екен: бірі — адам жанын құтқару, екіншісі — большевикке болысу! Ойлану керек.

Қолосов. Жоқ, ойлануға уақыт жоқ.

Фольгин. Жоқ, ойлануға әрқашан уақыт табылуы керек.

Кетіседі. Панова шығады, қарсы Любовь кездеседі, ол жұпыны киінген.

Панова. А, ардақты Люба, сіз де биге келдіңіз бе? Бірақ бүгін киім ауыстыратын бал емес еді ғой! (*Любовь кете береді*). Қайда тарттыңыз? Тоқтаңыз, сұрағандымды айып етпеңіз.

Любовь. Сізге не керек?

Панова. Осы үкім қағазы шынымен-ақ Кутов портфелінде болмай шықты ма?

Любовь. Оның анығын сіз білесіз ғой!

Панова. Жоқ, ең анығын сіз білесіз.

Любовь. Білгенім: Кутов сіздің жолыңыздағы бір кедергі екен.

Панова. Ал менің білуімше: оның жолына сіз кедергі болдыңыз. Қазір бұны тиісті жерлер білетін болады. Отан қорғаушы асылзаданы көшеде өлтіреді. Жо,

жетті енді, кәне Шорлатта өзіңнің жегловшыларыңмен бірге дарға қарай рақым ет.

Любовь (*жақындап кеп*). Ну, несі бар, бітіріңіз. Әуелден-ақ осыны кәсіп етсеңіз етті.

Панова. Ә, рас, мен білемін. Сіз өлімнен қорықпайсыз. Сондықтан мен сізге өлімнен сонауғұрлым сорақы бір нәрсе ойлап табар ем.

Любовь. Сіздер өз бастарыңызға сол нәрсені таптыңыздар ғой, көрдің бишілері. (*Кетеді*).

Панова, (*ызадан булығып*). Ендеше сені де билетемін, бәлем! (*Елисатов келеді*).

Елисатов. Павла Петровна, соңғы вальске жүріңіз! (*Панованы ертіп әкетеді*).

Любовь (*ағаш артындағы Чирге қақтығып қан*). Сен де осында ма ең, сұмырай?

Чир. Қадір алла, шын ғафур жерімді тепкен байдан және құдайдан безген кедейден жердің үстін тазарт деген.

Любовь. Е, сенен тазарт демеп пе? (*Кетеді*).

Чир (*артынан ақырын еріп*). Я, құдірет, құтырған Любовьтің, ызақор Павланың, алдамшы Аркадийдің жанын сақта...

Яровой өтіп бара жатады.

Ваше благородие!

Яровой. Я?

Чир. Тәңрім сөзін айтамын.

Яровой. Не сөз?

Чир (*бірге өтіп бара жатып сыбырлап*). Жаңа ферғауынның екі қызы портфельді бірдеме етіп бекіту жайын сөз қылды.

Горностаева (*алысырақта*). Ең әдемі, түйіртүйір сахарин!

Колосов жақындайды.

Колосов. Кәне бір бөлегін...

Горностаева сатады. Баронесса келе жатып, көз жасын сүртеді.

Баронесса. Тәңрім-ай, тәңрім!

Горностаева. Баронесса, сізге не болды?

Баронесса. Естімедіңіз бе? Петербургтағы жеке меншік үйді айырбастап қойды. Костюм мен қантқа қызықты. Қайтып шыдайын, бекзада емес пе ем!

Горностаева. Шырағым-ау, сенікі әйтеуір айырбастан бір нәрсе алыпты ғой. Әлгі менің байым ғой есу-

астай барды құртқан. Біреу сода сұраса, ол сахарин береді. Мың сомдық қағаз берсе, бес мыңдықты сдачаға береді... Бірнеше күн нан да көрмейтін болдық.

Баронесса. Біз де солай... Таң атысымен құр шай... Енді Петербургке қайтқанда гостиницаға түсеміз-ау! *(Жылайды)*.

Колосов. Рақым етсеңіздер қайтеді. *(Сумкасынан ақ нан алып ұсынады)*.

Баронесса. Бұл қалай?

Колосов. Алыңыз, қашпаңыз!

Баронесса. Бірақ мен сізді танымаймын ғой!

Колосов. Оқа емес. Өзі жаңа піскен нан.

Баронесса. Түу, ыңғайсыз-ау...

Колосов. Тұра тұрыңыз, кесіп берейін. *(Горностаеваға беріп жатып,)* Рақым етіңіз.

Горностаева. Жоқ, қайтесіз... Бірақ мен сізді көрсем керек. Ал өзіңіз ше?

Колосов. Е, мен тоқпын. Пирожный болмаса керегі жоқ.

Горностаева. Тәттіге құмар екенсіз-ау!

Баронесса. А, Елена Ивановна, сіз бранушвейгскойдің пирожныйын қалай көресіз? Түу, бір тамаша ғой.

Горностаева. Жо, жеміс салған қаттама тортты айтсаңызшы. *(Екеуі де түкірігін жұтып, шапшаң сөйлейді)*.

Баронесса. Бәле, померанцевтің қабығышы... саусағынмен шұқырайтып, ақ уыз бен май құйып... Ойпырай, ісін айтсаңызшы... Әлгі графиня...

Горностаева. Оймақтай қаттамалар, шетіне жұмыртқа жағып, ортасына жеміс салса... О-ой, қандай қып пісіруші ем, уай келіп...

Баронесса. Не дейді енді, барғанда қонақ үйім, буфет үйім бәрі кісінікі бола ма? *(Жылайды)*.

Колосов. Сабыр, сабыр етіңіз. Міне груша алыңыз.

Баронесса. Әкей Закатов: «алты жұмадан соң» дейді.

Колосов. Закатовыңыз өтірік айтады. Сабыр етіңіз.

Баронесса. Сіз не деп тұрсыз?

Горностаева. Сізше, өтірік айтпайтын кім?

Колосов. Мен.

Баронесса. Ендеше Петербургке қашан жетеміз?

Колосов. Ну, тез оолмайды.

Горностаева. Бір жылдан соң дейсіз бе?!

Колосов. Оны да айта алмаймын.

Баронесса (*айғайлап*). Сіз осындай ма едіңіз?

Горностаева. Не деген әдепсіз!

Баронесса. Мен қазір айғай сап, жаптырайын бәлем сені!

Колосов. Сіз әуелі мынаны жеңіз.

Баронесса. Мені жеммен ала алмайсыз.

Айғайға мырзалар жүгіріп келеді.

I-мырза. О, немене, баронесса?

II-мырза. Не боп қалды?

Баронесса. Е, мына большевик ашық үгіт жүргізіп тұр.

Горностаева. Әкімет-ақ екен!

II-мырза. Не дейсіз?

I-мырза. Қайсы, мынау ма! Мен қазір охранканы шақырайын.

Колосов. E-ehe! Жегенің ас болсын!

Жөнеледі.

I-мырза. Ұста, ұста! Большевик!

Қарбалас айғай. Чир мен Дунька шығады.

Чир. Ұр, туғандар, Сима, Хама, және Ахветті!

Дунька. Ой, тәңрім-ау! Енді қайттік! Ұйымдас шапшаң!

Дауыстар. Қайда большевик?

Кім большевик?

Бұ не, бәтір-ау?

Қалаға кеп қапты большевик!

Үйлердің көленкесіне халық жыйналады. Орталарында Любовь, Панава. Кузнышты сыбыр, шошынған айғаймен араласады.

Біздің кісілер келе жатыр!

Жолдастар, жегловшыларды әкелелі!

Құтқарайық, жолдастар!

Извозчик, жүр вокзалға!

Жүз мың!

Слободкеге кеп қапты...

Дауыстар. Кошкин баронессаны бауыздап кетіпті.

Барлығын бір-ақ қыру керек!

БЕСІНШІ ПЕРДЕ

Ак армия штабының қорасы. Кешкі мезгіл. Күтпеген жерден ақтар көшіп жатыр. Паровоз, автомобиль, обоз дауыстары. Офицерлер жүгірісіп жүр. Террасада Яровой қағаз ұстап тұр. Телефон шылдыры. Малинин келеді.

Малинин. Міне бұйрық, его превосходительство, жүріп бара жатып, жөнелту жұмысын маған тапсырды, қала күзетін сізге тапсырды.

Яровой. Мақұл.

Малинин. Қөмек алу үшін одақтастарға кетеміз.

Яровой. Кетесіздер, ал мұнда алысатын біз ғана...

Малинин. Біз дегеніңіз кім?

Яровой. Біз деген сіз емес.

Малинин. А? Я... Ну, несі бар, алысыңыз. Я, айтпақшы, его превосходительство, кеше ұсталған Кошкинді және жегловшыларды түрме ішінде жоқ қылуға бұйырды.

Яровой. Тегі, генерал, мен Кошкинді босатып жіберу үшін ұстады деп ойлады ма екен!

Нәрселерін алып барон мен баронесса келеді.

Барон. Баронесса, болсаңызшы!

Баронесса. Менің тағы есім ауып тұр ғой.

Барон. Полковник, құдай үшін, автомобиль беріңізші.

Малинин. Мырзалар, бере алмаймын, поезға ұмтылыңыздар.

Адъютант (Малининге). Полковник мырза... (Қағаз береді).

Баронесса. Мені онда тұншықтырады ғой!

Горностаевтар келеді.

Горностаев. Кімді тұншықтырады?

Барон. Баронессаны.

Горностаев. Оны қойшы. А, мұнда міне бірнеше адамды өлтіргелі жатыр. (Малининге жақындап). Мырзалар, болмайды...

Барон. Кімді айтады?

Горностаева. Жегловшыларды айтады. Қамын жеген кісісін көрсенізші.

Баронесса. Ал, мен әлсіз әйел болсам да, оларды өз қолыммен тұншықтырам.

Малнини. Ал, мырзалар, асығыңдар!

Кетеді. Барон мен баронесса артынан ереді.

Барон. Ал автомобиль ше?

Елисатов кіреді.

Баронесса. Елисатов мырза, келісім қағаз қайда?

Елисатов. Мен оны өзіңізге, заграницеге жіберем.

Баронесса. Жалғыз-ақ қайта келгенде мен тура именіңе түсетін болайын.

Елисатов. Қам жемеңіз. Қош болыңыз.

Штабка кетеді.

Горностаева. Макс, құдай үшін жүрейікші біз де.

Горностаев. Лея, сен білесің ғой... Мен шет елге ғылыми мақсатпен ғана барамын.

Горностаева. Ну, сол ғылыми мақсатпен кетейік. Кетіседі. Чемодандарын алып бірінші және екінші мырза келеді. Ханымдар да бар.

I-мырза. Мырзалар, мырзалар, одақтастардың ғажайып кемесі кепті. Жағада күзетте тұрған солдатты алдымен мен көрдім.

I-дама. Бір сәтте теңіз үстінде будақ-будақ түтін... Мұржалар.

II-мырза. Ал, бірақ штаб неге түк білмейді?

I-дама. Е, өйткені — ғажайып қой!

Закатов пен матушка чемодандарымен шапшаң келеді.

II-мырза. Ғажайып болса, әкей-протоиерей алдымен білген шығар.

II-дама. Әкей-протоиерей, сіз ғажайып кеме жайын естідіңіз бе?

Закатов. Қайда екен?

I-дама. Теңізде... Түтіні мен мұржасы көрініпті.

Закатов. Мүмкін, бәрі де мүмкін, балаларым.

Комендант жүгіріп бара жатады.

Комендант мырза, мына матушка екеуімізге төрт орынды автомобиль берілмек еді.

Комендант. Я-я, әзір тұр. Он үшінші номерлі.

Матушка. Ой, номері ырымға жаман екен. Тым құрмаса он төртіншіні беріңізші.

Е л и с а т о в. Москваға барасыз ғой, батюшка?

З а к а т о в. Мен сіздерді Москваға шақырып ем, сіз дінсіздер, күмән келтірдіңіздер ғой.

И - д а м а. Ғажайып кеме, батюшка.

З а к а т о в. Балаларым, тәңірінің ғажайыбына талпынып... Бірақ бастаушы ұстазыңыз болсын. Комендант мырза, менің автомобилім қайсы?

Кетеді. Дунька жүгіріп келеді, артында нәрселерін көтергендер.

Е л и с а т о в. Парижге кеттің бе, Авдотья Фоминишна!

Д у н ь к а. Е, сұмдармен бірге қашушы ма ем! (Кетеді).

Сахна сыртында автомобиль жанында дау шығады.

З а к а т о в. Балам Евдокия, бекер отырғансыз, машина біздікі.

Д у н ь к а. Тастаныз, батюшка, ондай хал-ақуалдарыңызды. Шегінетін мен емес.

М а т у ш к а. Қойыңыз! Құдай жолындағы автомобильге кептелетін сенің бөксең бе екен!

Г о р н о с т а е в (таласқандарға қарай ұмтылып). Дуньканы Европаға жіберіңіздер, жіберіңіздер.

Е л и с а т о в (штабтан шыға айқайлап). Павла Петровна, мен мұндамын. Автомобильге отырыңыз. Бір ғана қағазды реттеп алайын. Бір минутке...

Штабка кетеді. Панова шығады.

П а н о в а (Елисатовтың соңынан). Ал, тез болыңыз... (Келе жатқан Любовьқа.) Е, сәулешім, байыңыз керек пе? Әрі кенес, әрі махаббат. Неменеге келістіңіздер, Кошкинге ме?

Л ю б о в ь. Ол қалайша?

П а н о в а. Қалайша, саттыңыз ғой.

Л ю б о в ь. Сен, бетпақ, саттың.

П а н о в а. Қәте айтасың, сәулешім. Сатқанда дос сағады. Мен жауымды ұстаттым. А, сенің көмегіне рахмет.

Л ю б о в ь (тапаншасын ұстай алып). Санаулы оқты саған жұмсау да арам.

П а н о в а. Міне енді біз «сен» десіп жүзбе-жүз сөйлесейік. (Бетін тақап, ақырын, қадап сөйлейді). Сен жыланнан да жамансың. Ғасырлық көнесінен жап-жасыл боп кеткен мына көзіңізді өлердей жек көрем. Ажымды

мандайыңды, уланған бишара ойыңды. Еріндерің жылан-ның балаларындай ирендейді. Миллион басты айдаһар! Өмір бойы жиренумен өтермін.

Любовь. Сенің өміріңе қалған бар сыбаға сол ғой, тілі суырылған жылан. Жерімізден алып кет өлексеңді.

Панова. Жорғалаңдар сол жерде сүзек биттері.

Елисатов келеді.

Елисатов. Павла Петровна, мен әзірмін, автомобильге рақым етіңіз. Бір жұмадан соң екеуіміз Парижде боламыз.

Екеуі кетеді. Террасқа қағаз қараған бойында Яровой шығады.
Любовь оған жақындайды.

Яровой (*басын көтеріп*). Люба!

Любовь. Қошкин мен жегловшыларды босат.

Яровой. Люба, бұл орындалмайтын тілек.

Любовь. Бұл тілек емес, шарт.

Яровой. Кімнің шарты?

Любовь. Менікі. Мен кеше саған Қошкинді ұстап бердім, бүгін қайтар деймін.

Яровой. Сөйтіп, мәселе жалғыз Қошкин туралы ғой?

Любовь. Жақсы. Әуелі Қошкин басын босат.

Яровой. Мен оны бір күнге жалдамаға алды деп білемісің өзің?

Любовь. Қылжақ керек пе? Көзіме қара менің. Әлде ең соңғы көргенің болар. Кеше, кеше неге келдің маған?

Яровой. Люба, өзімнің саған тиісті жаныммен ант етейін, сені ғана іздеп ем. Аналар кездеседі деп ойламап ем.

Любовь. Ендеше антыңды ақта — босат мыналарды. Құтқар соларды, бұны сен істей аласың ба?

Яровой. Істей алсам, алдымен сені олардан құтқарар ем. Жетті, Люба. Бұл өлім майданы. Құлаш сілтесіп тұрмыз. Кімнің көзі тайса, соның басы ұшады. Сен маған көзің тайдыр демекпісің?

Любовь. Сен ғой кеше алдаумен менің көзімді тайдырған. Жыландай жер бауырлап кеп жүрегіме кіріп, өлтіре шаққалы кепсің ғой.

Яровой. Кездейсоқ оқыйға килікті, сен айыпты емессің.

Любовь. Айыпты емес? Сенің құшағыңа бас иіп ем, бірақ сенің аяқ астыңа қандай бастарды түсіріп отырмын.

Телефон шылдыры.

Яровой (аппаратқа барып). Я, немене? Қазір жетемін. Ну, қош бол, Люба, мені үшінші рет өлдіге сана.

Любовь. Сен... сен құтқармағаның ба?

Яровой. Бар енді.. уақыт жоқ.

Любовь (қалтасынан тапаншасын жұлып алып). Міне...

Яровой. А... Бұны сен жақсы тауыпсың. Ақылдысың. (Алдына тұра қап төсін ашады). Шындап өлтір.

Любовь. Жоқ, сенің өлім жазаң алдында!

Тапаншаны өз кеудесіне бұра береді. Яровой секіріп кеп жұлып алып жанына тығады.

Бұның азғантай ғана бөгеуіл ғой. Бәрібір Романды өлтірсең, мен өзімді өзім өлтірем.

Яровой қонырауды басады. Қарауыл солдат келеді.

Яровой. Мына әйел анау бөлмеге қамалсын. Мықтап күзетілсін.

Қарауыл Любовьті алып кетеді. Қолосов жүгіріп келеді.

Сізге не керек?

Қолосов. Мен Любовьқа келіп ем.

Яровой. Аһа... Тыңдаңыз, мен сізді білемін, сондықтан сіз азатсыз. Сіз Любаны дереу, қала ішінен аулаққа алып кете аласыз ба?

Қолосов. Жоқ.

Яровой. Неге?

Қолосов. Ол жүрмейді.

Яровой. Неге?

Қолосов. Қошкинді босатыңыз.

Яровой. Барыңыз ендеше.

Қолосов. Қандай зор іс істеген болар едіңіз...

Яровой. Барыңыз, әйтпесе Қошкин барған жерге сіз де барасыз.

Қолосов. Мен дәл соны тілеймін. Любаны харап қылмаңыз. Бұл дертті көтере алмайды. Қажет болса Қошкиннің орнына мені алыңыз.

Яровой. Сіз кімге керексіз?

Қолосов. Бәрібір мен де сіздерге зияндымын.

Яровой. Жоқ, сіз зиянсызсыз. Жөнеліңіз. Бірақ,

бір сағаттан соң қайта оралыңыз, Любаны сіздің ғана қолыңызға табыс етем.

Кетеді. Жүріп бара жатқан машинаның даусы. Колосов көшеде, алдынан офицер киімін киген Швандя шығады.

Швандя. Жолдас Қолосов?

Қолосов. Сіз кімсіз?

Швандя. Танымай тұрсыз ба?

Қолосов. Швандя!

Швандя. Тап өзі.

Қолосов. Ерте шыққансын.

Швандя. Кеш десеңізші. Жолдастарды құтқару керек.

Қолосов. Любаны жаңа арестке алды.

Швандя. Қай жерде?

Қолосов. Осында, Яровой. Қарауыл қойып, өзі кетіп қалды.

Швандя. Ендеше, шақыру керек. Бастықтан кім бар екен?

Қолосов. Ешкім жоқ, часовой ғана бар.

Швандя. Е, ендеше бұйым емес, жүр!

Қолосов. Немене сен! Тартып аламысың?

Швандя. Неге? Жақсылықпен аламыз. *(Қолосовқа айғайлап.)* Әмірімді тыңда! *(Террасаға шығып.)* Смирно! Мен сендердің большевиктік істерінді жоямын. Жемдік дейсің ғой. Өтірік айтасындар, қызыл сайтандар! Фронт қайта бекіді. Генералдар қайтып келді. Бәрі қайтып жатыр. Мінеки пакет. *(Пакет суырып.)* Қазір маған екінші провод орнат. Ну? Әй, ереуілшімісің? *(Қарауылға).* Поручик Яровой қайда?

Қарауыл. Кетіп қалды.

Швандя. Қайда кетті?

Қарауыл. Біле алмадым.

Швандя. Білу керек, айуан. Әлде сен де қызылмысың? Көрсетермін бәлем. *(Телефон трубкасын алып).* Бикеш, екі мың екі ноль номерін беріңіз. Поручик Яровой? Сөйлеуші прапорщик... князь Курносовский. Тап, өзі, сізге тығыз пакет бар. Қарауылға берем бе? Құп. Қай большевик қатын? Арестегі ме? Қазір білейін. Қарауыл, аресте әйел бар ма еді?

Қарауыл. Дәл солай.

Швандя *(трубкеге).* Дәл солай. Бар екен. Сөйтіп, оны қайтейін? Түрмеге өзің апар! Құп, жол... поручик

мырза... Мен оны қазір алайын. Шұрқ етпейіз. Мен тырп еткізбеймін. Қарауыл пакетті күзетсін дейсіз бе? Құп, сау бол. Банжур. (*Қарауылға.*) Әкел әлгі қатынды, түрмеге әкетем. Ал сен мына пакетті ұста да, онымен поручикті тос.

Қ а р а у ы л. Бұйрықсыз қалай болады?

Ш в а н д я. Не дейсін? Телефонды естімеген шығар-сын? Мен сенің мүкісіңді арылтармын. Ну бол, аш! Тұтқыш, шық былай, марш. А, сен пакетке сақ бол.

Қ а р а у ы л. Қалай айт деп бұйырасыз?

Ш в а н д я. Саңыраумысын? Подпоручик князь Курносовский бұйрығы де. Монтер, бітірдің бе? Бар. (*Қарауыл кетеді*). Ал, жолдастар, бытырайық, жөнеліңдер! (*Кетеді*).

Любовь пен Колосоч көшеде, тұйықта жұмысшылар жүр. Күбірлеген дауыстар.

Дауыстар. Толайым, бәрі жөнелген бе дейім. Соңғы эшелон кетті ғой.

Жалғыз түрме мен вокзалда қалды.

Бұл не, жолдастар-ау? Шынымен-ақ жегловшылар құрығаны ма?

Енді қайттік?

Қайтер едің?

Тағдыр ғой.

Кіріссек қайтеді?

Тағы да құр қол ма?

Япыр-ау, анда Кошкин, Хрущ, Мазухиндер бар ғой, шынымен бергеніміз бе?

Беріп қойып тұрып, бергеніміз бе дейсің-ау.

Т а т ь я н а. Беріп-беріп қойдыңдар. Беруге мастерсіндер. Хрущ сендер үшін отқа кетіп бара жатқанда «Хрущ барсың» дедіңдер. Енді Хрущтар асыларда: «Хрущ асылсын» дейсіндер ғой (*Жылайды*).

І-ә й е л. Дұрыс айтады.

ІІ-ә й е л. Дұрыс емей немене... Жақыны ма екен. (*Мазақтан.*) «Құр қол» дейді. Ендеше қолдарыңды кеп байлап, менің байымша фонарьға асқанша тосыңдар, сөйтіп... Байым фонарьда, үш балам фонарь түбінде... Саусақтарын әкесіне созады. Мен болсам міне... Тосыңдар, сөйтіп.

Дауыстар. Біздің кісілер Громовойдың бер жасына өтіпті ғой. Мұнда таңертең жетеді.

Жо, таң біліне жетеді.

Шын-ақ құтқармағанымыз ба? (*Любовь жақындайды*).

Любовь. Жолдастар! Таң ата мұнда фронттағы қырандар жетеді. Ал қазір кеш бата жаумен осы арада алысып жүрген жолдастарды дарға асады.

Жұмысшы. Біз де соны айтып тұрмыз ғой.

Любовь. Қалайша қол қусырып таңды тосып отыр-расыздар, ә? Ертең жауынгер жолдастардың жүзіне не деп қарайсыздар.

Жұмысшы. Қарамай суалып қалсын ол көзіміз.

Любовь. Немен қарсы аласыздар? Ерлердің бусанып тұрған өлігімен қарсы алмақсыздар ма? Ақтың тұзағынан ер бауырларыңды айырып алу үшін не істедіңіздер демей ме? Сонда не айтасыздар?

Дауыстар. Рас кой, жолдастар-ау!

Құтқарамыз.

Бұғып қалу масқара.

Жүр, құтқарамыз.

Любовь. Жолдастар, ендеше мектеп артындағы алаңға келіңдер, қару түгел.

Дауыстар. Ура!

Тсс... ақырын... тарай беріңдер.

Соқ телефонды заводқа.

Түрме қасындағы алаңға жыйналамыз.

Халық кете береді. Алыста қалың дүбір. Буржуйлар шошына қашып жатыр. Ақ армия да шегініп барады. Жаралы мен аурулары да бар.

І-гражданин (*II-сіне*) Не сатасыз?

II-гражданин. Түк те сатпаймын.

І-гражданин. Әлде бірдеме бар шығар? Ақшасына қарамаймын. Ботинкаңызды сатасыз ба? Қажет еді.

II-гражданин. Е, менің өзіме де қажет. (*Кетеді*).

І-гражданин (*артынан еріп*). Жүз мыңға қалайсыз? Алыңыз деймін.

III-гражданин. Ақтың ақшасы жойылады. Жаңа кассада жариялады. Өкімет-ақ екен. Енді қайттік?

IV-гражданин. А, менде құдайға шүкір, Керен мен Николайдан басқа түк жоқ. Бастан-ақ біліп едім.

Кетіседі. Яровой шығады.

Яровой. Тыныштық па?

Қарауыл. Дәл солай, господин поручик.

Яровой. Арестант әйел ше?

Қарауыл. Бұйрық бойынша подпоручик мырзаға табыс еттім.

Яровой. Не дейді? Кімге?

Қарауыл. Князь Курносовскийге, әлгі телефонмен...

Яровой (бос бөлмені қарап). Сен... мұнда не бағып тұрсың?

Қарауыл. Пакет күзетуге.

Яровой (бос пакетті жырттып-жырттып қарауылдың бетіне лақтырып). А, аттырамын сені! (Телефон шылдырайды. Ұмтылып телефонға). Я. Халық? Түрмеге? Алаңға ротаны шығарып, пулеметтер құрылсын. Бұйрық тосындар.

Семен жүгіріп кіреді.

Семен. Поручик мырза! Халық түрмеге ентелеп гүр. Тіпті тас лақтырады.

Яровой. Атындар алдыңғыларын.

Семен. Бәсе десеңші. Ал әне бір оқытушы салдакыны жатқызайық па?

Яровой. Ол кім?

Семен. Е, әлгі кешегі Кошкинді жасырған ше? Өзім-ақ жайратам.

Яровой. Тиюші болма... Бұйрық күт. Ол тірідей ұсталсын.

Семен. Ну, соғыссыз бермейді.

Яровой. Бар! Бұйрықты телефоннан тос.

Семен. Тосуға болмайды ғой.

Яровой. Бар деймін!

Семен кетеді. Яровой телефон жанында толқып жүреді. Трубканы бір алып, қайта іледі. Анық естілмейді. Телефон шылдырайды. Трубканы алады.

Білемін. Бұйрық тоссын. Қақпаға шегінсін

Малинин жүгіріп кіреді, артынан Чир.

Малинин. Поручик Яровой, сіздің істі бөгейтініңіз қалай? Неге ат деп бұйрық етпейсіз?

Яровой. Үлгіреміз.

Малинин. Қалай үлгіресіз? Бір большевик қатын солдаттардың қақ қасына барыпты. Үгіттеп жатыр дейді.

Чир. Ол әлгі сіздің қағазыңызды тінтетін қатын.

Малинин. А, сол ма еді. Енді түсіндім, поручик мырза. Дерев атуға бұйырыңыз.

Яровой. Кісі үкіміне қатыспауыңызды сұраймын.

Малинин. Мен полковникпін.

Яровой. Бұндағы барлық үкімет билігі маған берілген.

Малинин. Бұйрық етіңіз, болмаса мен сізді азғын есебінде арестке аламын.

Яровой (*тапанишасын жұлып ап*). Ну!

Малинин. Большевикке кетесіз ғой?

Яровой. Сіздер болмасаңыздар, большевиктер жоқ болар еді.

Малинин. Поручик Яровой, артымнан еріңіз.

Яровой. Полковник Малинин, чемоданыңызға барыңыз.

Малинин. Бұйрық еттіңіз бе?

Яровой. Осы бұйрықты орындаңыз.

Малинин. Біз әлі сөйлесеміз, большевик! (*Кетеді. Семен жүгіріп келеді*).

Семен. Поручик мырза! Бұ не, бәтір-ау, жегловшыларды тірідей тастағанымыз ба?

Яровой. Жегловшыларды? Осы минуттан бастап ату керек. Жөнел!

Семен. Маған оларды бермейді ғой.

Яровой. Қазір телефонмен бұйрық етемін. (*Телефон соғады*). Түрмені беріңіз! (*Телефон соға береді, бірақ жауап жоқ*). Сайтан!

(*Офицер жүгіріп кіреді*).

Не болып жатыр?

Офицер. Халық түрмені алып қойды.

Яровой. Алды? А солдаттар қайда?

Офицер. Солдаттар қарсыласпай қалаға ығысты, бір бөлегі вокзалға кетті.

Яровой. Өте жақсы... Поручик түнге шейін еркіншілік біздің қолда. Түнде карағайға кіреміз. Соғыс әлі де бар.

Офицер. Соғысатын кім?

Яровой. Одақтастардың көмегіне сүйеніп, отанның адал ұлдары соғысады.

Офицер. Ұлдары? Отан? (*Ысқырып, погондарын жұлып ап*). Жоқ, мен дәмін татқамын. (*Жөнеледі*).

Семен. Поручик мырза, большевиктер билеп барады. Бар қорадан қаптай шығып ылғи қызыл ту іліп жатыр. Қайдан алғанын да білмеймін. Жағалай арестке алып жатыр.

Яровой. Қоршап алып атыныздар.

Швандя мен бірнеше жұмысшы кетеді.

Швандя (*Яровойды нұсқап*). А, міне дәл өзі. Алыңдар, жолдастар!

Яровой (*тапанишасын жұлып алып*). Токта!

Ок атып кашады. Патруль артынан қуып кетеді. Горностаевты айдап Пикалов шығады.

Горностаев. Ардақты досым! Адам деген қанша шындық ойлап шығарды осы?

Пикалов. Естіген емен.

Горностаев (*тоқтап, Пикаловтың етегін сілкіп*). Талай мың деңіз... Ал, егер қашан мыңдаған ұсақ шындықтан бір үлкенді жасаймыз десе... ол егеу құйрықтан бір үлкен піл жасаймыз деген тәрізді болады.

Пикалов. Өй, өзің неге сілкесің мені? Мен саған алма ағашы ма едім? Тұтқын конвойды сілікпей тек жүру керек.

Горностаев. Бірақ сен екеуміз әлі жүрміз, әлі жүрміз, түк таппадық қой.

Пикалов. Е, жақсы ұлық атаулыны жын қағып кеткенге мен айыпты деймісің?

Горностаев. Мені жаманына табыс етші.

Пикалов. Жаманның әлі келмейді. Осында екеуі шарпысып, бірі: «пакетті оған апарып бер!» деп ақырады. Тағы біреуі: «мына пакетте «өте шұғыл» деп жазылған — пакетпен бірге өзін де сүйре» деп айқайлайды. Ал, шайтанның өзі қайда жоғалғанын қайдан білейін. Тауып көр кәне.

Горностаев. Соның өзі бізді тауып алғанша тоса тұрсақ қайтеді? Өйткені соның керегі бізге аз болса да, біздің соған керегіміз көбірек болар.

Пикалов. Тос, тоспа, әйтеуір, шалым, мен білсем: сені өте шұғыл пакетпен ап жүрген соң біттім деп біл. Иманыңды айта бер.

Кетіседі. Алыстан Яровой елес етеді. Патруль келе жатады, алынан Чир шығады.

Чир. Әмір етіп, пендем ауыңды салып көр, береке табасың дейді.

Патруль. Ата, сен не шатып тұрсың?

Чир. Ауыңды осы кварталға сал, жолдастар: үлкен шортан ұстайсыңдар.

Патруль. Е, сенікі не? (Кетеді).

Швандя шығады, қарсыдан чемоданын аркалаған саудагер әйелімен кездеседі.

Швандя (солардың соңынан). «Анам мені ұзатқанда, бар туғаным қаптап еді-ау!» (Махора келеді, Швандя бұған қақтығып қан). А, Махорочка, осы сіздің жүдей қалғаныңыз қалай?

Махора. Сендерді сағынып.

Швандя. Ылғи актармен сыбайлас болдыңыз ғой?

Махора. Бәле, ақты бойыма дарытатын мен бе екем?

Швандя. Е, алдыңғы күн, осы арада, дәл осы бір жеріңізді биязылап шымшып алған кім еді?

Махора. Жаным-ау, шын сіз бе едіңіз?

Швандя. Дәл өз қолым.

Махора. Бәсе, сонда-ақ біле қойып едім.

Швандя. Сөйтіп, сіз толық саналы екенсіз. (Чирге қадалып тұрып, жақындап.) А. Чир, алдияр... Әлде ганымай қалдың ба?

Чир. Я, тәубе жасаған... Асылған құлын Феодор... Мен саған тәбірәк оқып, тәңрім дәргәһіна қабыл ал деп ем...

Швандя. Ой, ол қабыл алмады ғой. «Менің көз алдыма сені кім шақырды» — дегені ғой — «Чир жіберді ғой, құдай-еке» деп ем, — «әй надан, өзін жіберші, мен оған әп-сәтте танытайын» — деді. Мен «күп, жолдас» деп қайта салдым. Сөйтіп міне тап сені шақыра келдім, марш!

Чир. Жанды алуға, Феля, періште жіберіледі.

Швандя. Мен де құдайға соны айтып ем. «Жоқ, матрос сенімдірек болады» деді ғой. Балалар, алындар мынаны!

Чир. Бұл өтірік айтады, жолдастар. Ешбір құдай деген жоқ қой.

Швандя. Ендеше мені неге жібердің?

Чир. Қызық көрсін дегем. Босатыңыздар, жолдастар. құдай жоқ, оңбайын жоқ дейім.

Швандя. Сен кітап сөзін сөйле.

Бәрі кетеді. Пикалов шығады, артында Горностаев, бұл бөріктен айрылған.

Горностаев. Біреу құдайдан қатты безіп жатыр.. Тегі жақынын таныған ғой. Ал, досым, енді қайда барамыз?

Пикалов. Шайтан біле ме, қайдам.

Горностаев. Барар жер жоқ болса, кел енді отырайық. Әлде ақыл табармыз.

Пикалов. Ақыл тұрмақ, сен бөркіңнен де айрылып қалдың ғой.

Горностаев. Саған қалай көрінеді, осы біз шындықты, сол шындық жолынан ауа жайылып іздеп жүргеніміз жоқ па? Өйткені, шындықты тығыз жолдың табанынан іздеп жүргенде ол дәл кеуденде боп шығады ғой.

Пикалов. Сорыма жабысқан пәлесің сен бір. Осы сенен қайтсем құтылам?

Горностаев. Білмеймін. Саған пара берер ем, бірақ түгім жоқ.

Пикалов. Мен ныспы пара алып көргем жоқ.

Горностаев. Өзіңе беріп пе еді?

Пикалов. Жоқ.

Горностаев. Маған да берген емес.

Пикалов. Осы сен қай тапсың?

Горностаев. Мен профессормын.

Пикалов. Циркте ойнаймысың?

Горностаев. Неге олай дейсің?

Пикалов. Е, бағана әлгі егеуқұйрық пен піл жайын қыйсындырып айттың ғой.

Горностаев (*бұған үңіле қарап*). Тындашы... Сен... жаңа өмірдің азаматысың...

Пикалов. А? Мен.

Горностаев. Осы мені әншейін расходка шығарсаң қайтеді?

Пикалов. Ой, бір көк мый екенсің... Ал мына қағазды қайтем? Қолды кім қояды?

Горностаев. Мен саған өлдім деген расписка берейін.

Пикалов. Жо... менің оған машығым жоқ.

Горностаев. Машығың не еді?

Пикалов. Не болсын? Қатын әнеки ұлтарақтай жерде жалғыз арпалысып жүр. Тегі атымыз өлген болар... Былтырғы көктемде үш пұт астықты құдамнан қарызға алып ем! Быйыл о да жоқ... Ой осы сен өзің мені алдаусыратпашы тек!

Швандя келе жатады.

Швандя. А, жолдас Маркс? Е, досым, сен де отыр ма ең? Бү немене?

Пикалов. Бұ бір қып-қызыл шатақ...

Швандя. Әй, өзін немене, әлі тұтқында жүрмісің?..

Пикалов. Тұтқын болса бір сәрі ғой... Одан да жаман. Өзім айдап жүргем жоқ па, пакеті және бар сілең қатқырдың... Енді қайттім.

Швандя. Пакеті кімге жазылыпты?

Горностаев. Тәрізі маған болу керек. Бірақ міне осыны ашатын кісі жоқ.

Швандя. Ендеше ол бұйым емес! *(Пакетті жырытып, қағазын айналдырады, жөндеп таный алмайды да Горностаевқа береді)*. Оқышы, әке, менің даусым қарлығып қапты.

Горностаев *(оқыйды)*. «Сақтау қағаз. Бұл қағаз иесі профессор Максим Горностаев Совет өкіметінің айрықша күтетін адамы... Арестке алынбасын... жан-жақты көмек берілсін...»

Швандя. Ой, мынау менің көзімше жазылғанды, бірақ жіберуге мұрша келмей қалған болатын.

Пикалов. Бәсе, сергелдең болғаным содан екен-ау!

Горностаев. Көрдің бе, досым, бар нәрсенің түбі барып мағналы себепке тірелді.

Пикалов. Енді бұны қайтеміз? Дуалға тұрғызып атамыз ба?

Швандя. Өзің бір дуалсың ғой, санасыз!

Пикалов. Е, әлі жазылғам жоқ па?

Швандя. Бұл жолдас Маркстің басы айдай әлемге әйгілі деуге болады, ә, сен дуалға тұрғызам дейсің! Жүр, Маркс әке, мен сізге қазір бәрін таныстырып берейін. Ол бізге бұйым емес.

Кетіседі. Қолының жарасын таңып Любовь келе жатады.

Колосов *(қарсы ұмтылып)*. Люба, құтқару қажет... Қамауда қалды.

Любовь. О кім?

Колосов. Кім болсын, Михаил да...

Любовь. Сөйтіп ол кетпен пе еді? Тағы да торымақ қой?

Колосов. Өзін торып жүр. Осы бір көшеде қашып жүр. Бірақ қамауда. Қайда тығам?

Любовь. Кеудеңе, жүрегіңе тық. Кеше ол мені жүрегіне басып тербетіп «көгіршін» етті ғой. Мен оны шағайын.

Колосов. Люба, өзіңізді харап етпесеңізші. Тығылыңызшы мектепке.

Любовь. Сіз жөнеліңіз, әулие.

Яровой жүгіріп келеді.

Яровой (*Любовьқа қарай жүріп*). Люба?

Любовь шұғыл теріс айналады.

Колосов (*Есікке таяй беріп Яровойға*). Бері қарай!
Яровой (*азғана кідіріп*). Ал, бәрібір.

Екеуі де есік артына кетеді. Қуып жүрген патруль кіреді. Қарсыдан кемпір шығады.

Патруль. Апай, офицер қалай қашты?
Кемпір. Жарығым, ол қашқан жоқ. Мына есікке кірді.

Патруль есікті аша береді, қарсы алдынан Колосовтың киімін киген Яровой шығады.

Патруль. Офицер Яровойды білесіз бе?

Яровой. Білмеймін. (*Өте береді*).

Колосов. (*Яровой киімінде*). Ол мен.

Патруль. Жүр.

Яровой (*Любовьтің қасынан өте беріп*). Қош бол, Люба.

Любовь. А, сен бұндай құрбандықты қабыл алушы ма ең? (*Патрульге*.) Токтандар, жолдастар, мынау Яровой емес. Маскарад жасап жүрген мына дуанағой. Яровой бұлай қашып кетті.

Патруль солай жүгіреді.

Колосов. Люба, бұл өзіңізді қайткеніңіз?

Алыста қуанышты халықтың дабыры күшейе береді. Сол халық ортасында Қошкин мен жегловшылар, бұларға жұмысшы еркек, әйел қуана ұмтылады. Әр жерде шошыған буржуйлар бүрісіп тұр.

Дауыстар. Жігіттер, мынау Қошкин мен жегловшылар! Ура!

Татьяна. А Хрущ? Менің ағам ше? Ағамды көрген бар ма?

Дауыс. Хрущ әзір көрінбейді.

Татьяна. Ендеше асқаны ма?

Кошкин бастаған халық жеметшілары мен барлығы уралаған ай-
гаймен алаңға толады. Татьяна Кошкинге ұмтылады.

Хрущ қайда? Ағам қайда? Шын-ақ асқаны ма?

Кошкин *(жымыйып)*. Асарсың оны... Көтеретін фо-
нарь табылмас. *(Топ ішінен Хрущ шығады)*. Өзінің өс-
кенін көрсеңізші! *(Татьяна Хрущтің құшағына ұмты-
лады)*.

Хрущ. Амансыз ба, жолдас Яровая! Сізді алдымен
күйдірді-ау?

Кошкин. А, біз решетка артында қол қусырып оты-
ра бердік те, құр ғана тамашалай бердік. *(Күліп.)* Бі-
рақ, жолдастар, қол қусырып отыруға ерте. Жау кезі
келсе кеңірдектен ала түсейін деп баспа кып тұр. Бәрін
де шалғыншы болындар!

Отрядымен Швандя шығады.

Швандя. Жолдас Роман! *(Ұмтылып, мойнынан
құшақтап)* Сол енді, сол... сол...

Кошкин *(аялы)*. Немене? Немене, Федя?

Швандя *(көзінен бір нәрсені сілкіп тастап)*. Ре-
мизге отырып ек, қайта айықты-ау.

Горностаев пен Пикалов келеді.

(Айғайлап). Бөркі табылды ма?

Пикалов. Табылды, бірақ пәле... өзінікі емес, кі-
сінікі.

Кошкин. Жолдас Горностаев! Амандығыңызға
қуаныштымыз. Сөйтіп қараңғылықпен алысамыз ба?!

Горностаев. Я, я. Мен дәл сол туралы: міне бөр-
кі бар досым туралы. *(Мария жүгіріп кеп Григорийге
ұмтылып)*.

Мария. Сен... А Семка ше?

Григорий. Семка маған көр қазып жүр.

Мария. Қай жерде?

Швандя. Шеше, не теңіздің аржағынан немесе осы
арада қасыңнан қазбак.

Түкпірден Яровой қашып шығады. Патруль қуып келеді. Яровой
Кошкинмен кездесіп қалады.

Кошкин. А! Комиссар Вихорь! Міне тағы кездестік,
бірақ айтысар сөз де жоқ. Сөйтіп... бақыл бол!..

Яровой. Хош бол, Люба!

Любовь *(бұдан сырт айналады. Яровойды ұстап*

әкетеді. Любовь артынан қарап, күрсініп көзін жұмып, тез түзеліп, Қошкинге). Жолдас Роман, отын астындағы қару бүгін тиісті кісілерге табыс етілді.

Қошкин (қолын қысып). Рақмет, мен әрқашан сізді адал жолдас санағам.

Любовь. Жок, мен, мен бүгіннен бастап қана адал жолдаспын.

Ш ы м ы л д ы қ

С о ң ы.

МАЗМҰНЫ

Әңгімелер

Қорғансыздың күні	7
Қасеннің құбылыстары	28
Білекке білек	69
«Түркстан» солай туған	88

Пьесалар

Еңлік, Кебек	153
Айман, Шолпан	195
Бес дос	271
Шәжарада	311
Бехет	369
Лябовь Яровая	419

М. Ауэзов
ИЗБРАННЫЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ
пьесы и рассказы
в шести томах
Том V.
(на казахском языке)
Издание Қазгослитиздата — 1956

Редактор *С. Канатова.*
Художник *Н. Гаев.*
Техн. редактор *К. Фаритденов.*
Корректор *М. Алибаева*

Сдано в производство 1/VI 1956 г. Изд. № 132
Подписано к печати 23/VIII 1956 г. УГ04755.
Формат 82×108^{1/2} — 15,5 п. л. = 25,42 усл. п. л.
(Уч.-изд. 25, 0 л.) Тираж 20000 экз.
Цена 9 руб.

Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР.
Заказ № 994

